

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

«ҒЫЛЫМ ОРДАСЫ» РМК ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА

*«Ұлы тұлғалар»
ғылыми-ғұмырнамалық сериясы*

ШЫНДЫҚ ДЕП ӨТКЕН ЖАН ЕДІ

Жазушы, дәрігер Зейін Шашкинге арналады

Алматы, 2013

УДК
ББК 84 Қаз-7
Ш 97

Ш 97 Шындық деп өткен жан еді: [Жазушы, дәрігер Зейін Шашкинге арналады] / Құраст. Қ.З. Шашкина, Ш.Е. Құнанбаева. Бас ред. Қ.З. Шашкина. Жауапты ред. Р.О. Кәрібжанова, «Ғылым ордасы» РМК бас директоры. — Алматы: «Ғылым ордасы» РМК Ғылыми кітапхана, 2013. — 480 б., сур. [«Ұлы тұлғалар» атты ғылыми-ғұмырнамалық серия].

ISBN 978-601-7254-49-0

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз-7

ISBN 978-601-7254-49-0

© «Ғылым ордасы» РМК
Ғылыми кітапхана, 2013

АЛҒЫ СӨЗ

Елуінші жылдардың орта тұсы бүкіл қоғамдық-әлеуметтік, әдеби-мәдени тіршілігімізде орасан зор өзгерістермен есте қалды.

Партияның тарихи XX съезі арқасында лениндік норма қалпына келіп, жеке адамға табынушылықтың зардаптарынан арыла бастадық. Өшкеніміз — жанды, өлгеніміз — тірілді, сауы аман-есен оралды. Партия әперген шаттыққа кенелдік, қуандық.

Бұл ұлы оқиға әдебиетіміздің тарихында ерекше бір құбылыс арна болғанын енді міне айқын көріп отырмыз. Бұл арна көркемдік даму тұрғысынан тұтас болып көрінгенмен іштей жылжытылып екіге айырылады. Бірі — дүбірлі дәуірдің жанды бейнесін сөз өрнегімен жеткізген дала дауылпазы Сәкен Сейфуллиннің жалынды жыршыларының, таудан аққан бұлақтың мөлдір суындай тасқынды Ілияс Жансүгіровтың эпикалық поэзиясының, өмір келбетін Мырқымбайлар санасының өсуімен қабыстыра отырып, өтпелі дәуірдегі советтік қазақ қауымының шежіресін жасаған Бейімбет шығармаларының өнегесі мол дәстүр жасай оралғанына шаттандық. Олардың шығармалары жеке жинақ, топтама, том-том кітап болып көбірек тараған сайын, тұңғыштарының туындыларынан шөлін қандырып, кәусар бұлақтан сусындаған сайын қазіргі мәдениетті ұрпақтың дарынды өкілдері жанды дәстүрдің озық үлгі-өнегесін өзінің бойына дарытып, қорлана түсті. Өздері қалып, өздері оралған ұлы дарындар енді өздерінің әсер-ықпалымен тарамданып, әдебиетіміздің бүгінгі даму процесіне тікелей араласты.

Осы үлкен ағынды арнаның ендігі бір саласы — қуатты дарындардың гүлін енді ғана аша бергенде суыққа соғылған, іштен тынған, қолайлы кезі келсе бар әсемдігімен,

ажарымен бірден гүлдеп кетуге тұншыға дайындалған ақын-жазушылардың аман-есен әдебиетке оралуы болды. Олар жазбағанымен көркемдік дамудың логикалық ағысынан көз жазбай, ұлы іске құштарланып қайтқандар еді. Осы жайды заманымыздың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов олардың алғашқы адымдарынан анық байқап, өмірге де, творчестволық еңбекке де қомағайлана, аңсай оралған Зейін Шашкин, Хамза Есенжанов, Мұхаметжан Қаратаевты айрықша атаған еді ғой. Бұл дарындардың аз ғана жыл ішінде не тындырып, әдебиетімізге қандай олжа салғаны әлемге аян болса да, бүгін жасы жетпіске толғанын атап отырған Зейін Жүнісбекұлы Шашкиннің қаламгерлігімен тағы пысықтап өтейік.

Алты кітаптан тұратын үш томдық «Қазақ әдебиеті тарихында» Зейін Шашкин «Қазіргі қазақ прозасының дамуына, оның биік профессионалдық шептерді алуына үлес қосқан жазушылардың бірі» деп бағаланған дарын қуаты жағынан болсын «Қазіргі дәуір тақырыбын жазу мәселесіне келгенде біз ең алдымен З. Шашкиннің есімін айтамыз. Ол совет адамдарының ішкі жан-дүниесін, оның ізгі адамгершілік асыл қасиеттерін бейнелеуде ерекше дарын иесі екендігін танытты» деген толымды ой-пікірлер Зейін Шашкинге өмірде де, тарих бетінде де соғылар үлкен ескерткіштің ең мықты негізі, алғашқы тұжырымы екеніне қуанайық жолдастар.

Жарық дүниеде небәрі елу төрт жыл жасап, оның тәттісі мен ащысын да, ауыры мен жеңілін де, қуаныш шаттығы мен қайғы қасіретін де көрген Зейін Шашкиннің творчествосын зерттеп, арнайы монография шығарған Сапар Байжановтың сөзімен айтқанда, қайтып оралғаннан кейін «әдебиетте бас-аяғы он жылға толар-толмас уақыт қана еңбек етті. Сол аз ғана уақыттың ішінде төрт роман, үш повесть, ондаған әңгіме, очерктер, пьеса, киносценарийлер беріп үлгерді, туған әдебиет тарихынан орын аларлықтай елеулі шығармалар жазды. «Заман осылай басталады», «Ақын жүрегі» пьесалары қазақ драма театрының сахнасына қойылды. Оның шығармалары негізінде «Дүбірлі таң» (Тревожное утро) атты кинофильм экранға шықты. Осының бәрі Зейін Шашкин

творчествосының соқталы мұра екендігін айғақтай түседі»... Зейін Шашкиннің өмір жолы мен өнерпаздығының қадау-қадау биігі мен мәнін айтардан бұрын бір ғана естелікке кезек берейін, өйткені қазіргі көп ойдың сол кезден өріс алғандығын аңғару үшін де керек сияқты.

«Советский Казахстан» журналының 1955 жылғы он екінші саны едәуір кешігіп, оқушылар қолына 1956 жылдың көктемінде тиді. «Утро Семиречья» атты повесть жарияланыпты. Авторы — Зейін Шашкин. Атын «Зейін» деп қазақшалауға болғанмен «Шашкин» деген фамилиясы аттың «шашасына» не насыбайдың шақшасына жақындығы бар деп ұға алмадым. Әйтеуір, өзіміздің Жетісудың таңын суреттеп жатыр ғой, шүршіт жазса да бәрібір емес пе оқи жөнелгенде, сіздерге өтірік, маған шын, бұрын-соңды оқып көрмеген, естіп-білмеген керемет дүниенің ішіне кіріп кеттім. Көлемі шағын шығарманы көзді ашып-жұмғанша жұтып қойдым. Үйге ала келіп тағы да оқып шықтым. Жетісуда болған тарихи шындыққа кенелдім, стилі жинақы, сөзі нығыз, оқиғасы қою, композициясы шымыр. Әбден иі қанған, көркемдігінде қапы жоқ туынды. Орысша жазылған шығарманы рецензиялау керек пе, жоқ па деп ойланбай, ертеңінде мақалаға кірістім. «Социалистік Қазақстан» газетінде 1956 жылдың 19 майында жарияланды. Осы мақала Зейін Шашкин еңбегіне жазылған алғашқы ұнамды пікір екенін сол күні-ақ білдім, өйткені ортадан төмен, дөңгелек жүзді, мұрнының астында үшбұрышты қақорық мұрты бар шәпеті адам мені институтқа іздеп келді. Таудай рахметін айтты. Саттар Ерубаев мұрасы жайындағы менің мақаламды оқып, онсыз да риясыз көңілін білдіруге ыңғайланып жүрген жан екенін білдіріп, баспаға дайындалып жатқан Саттар жинағына естелік жазып беруге уәделесті. Арада бірнеше күн өткеннен кейін:

*«Сен шөлдесең ішетұғын,
Достық суы — қаным бар.
Жүрегімге сен деп соғар,
Бір өзгеше тамыр бар...»*

деген өлеңнің алғашқы екі жолын Саттар маған арнаса, соңғы екі жолын мен оған арнаған болатынмын. Бұл шумақ сол кездегі достық ниетті, сүйсінген тілекті қазір де өзгертпей жеткізіп тұрған тәрізді. Ой нысанасы өзгермепті. Сол дәуірдегі өмір көз алдында сайрап, жүрек түбінде сақталған сырлар қайта жаңғырады деп үлкен мән, сыңғырлаған жастық сезіммен басталатын «Кіршіксіз таза жан» атты естелігін әкеп берді. Осы кездесулер Зейін Шашкинге деген менің ыстық ықыласымды тасытып, әрбір жазғанын қадағалап отыратын күйге жеткізді. Бұдан кейін орысша да, қазақша да жарияланып жатқан шығармаларының ішінен тек «Тоқаш Бокин» романына ғана көлемді рецензия жаздым да, өзгелері жайында кездескенде, ыңғайы келген сәттерде ой-пікірімді өзіне айтып жүрдім.

Менің бұл естелігім «күріш арқылы күрмек су ішетіннің» кебі емес, осындай аялаған жазушының өнімді еңбегіне енді міне уақыт билік айтып отыр. Зейін Шашкиннің әдебиет, мәдениет тарихында қалар маржандары қайсы, олардың көркемдік ажар-келбетінде үлгі-өнеге боларлық не бар дегенде назар аудару қажет. Өйткені — Зейін Шашкин тарих бәйгесінде жұлде алар жүйріктеріміздің бірі, қасиетті есімін әрқашан мақтана еске алар дарындарымыздың бірі.

Ең алдымен, Зейін Шашкин әдебиетке қайтып оралғанда тарихи-революциялық тақырыпты жазудың жаңа бір үлгісін, жаңа бір сыр-сипатын ұсына келді. Оған әуелінде «Утро Семиречья», «Наступило утро» қазақшалағанда «Ұядан ұшқанда» болып шыққан шығармасы нақты дәлел. Ол өзінің сүбелі тақырыбымен, кейінгі шығармаларында әкеден балаға, баладан немереге жалғасып жатқан, лирикалық шегіністері арқылы іштей байланысып жатқан қалың оқиғалы сюжеттік желімен келді. Сахна Сағатовтың өзіне серік, кейін балаларына қамқоршы болған Құрышпайдың «Теміртау» романында айрықша жарқырап көрінуінің бір сыры осыған сабақтас. Дәмеш пен Асқардың кешегі үлгілі дәстүрді бүгінгі күнмен жалғастырып жатуы осындай үлкен замыселдың тарихи дамуы болатын.

1958 жылы жарық көрген «Тоқаш Бокин» романы — Ұлы Октябрь революциясының Жетісу өлкесіндегі дауылды күндерінің шежіресі. Егер «Ұядан ұшқанда» повесіндегі 1916 жылдың оқиғасы мен оған қатынасқандар, одан кейін шет елден қайтып оралғандарды орналастыру сияқты әлеуметтік мәселелер Жүніс Сағатов, оның баласы Саха Сағатов тағдырлары, іс-әрекеттері арқылы нақты көрініс берсе, осы екі арадағы кезеңді «Тоқаш Бокин» романы толтырды. Сондықтан, бұл екі шығарманы бір-бірінен ажырата қарамай, бір тақырыптың екі деңгейде суреттелуі деп тапқанымыз абзал. Екеуі де көркем, екеуі де айрықша мәнді шығармалар. Қазақ әдебиетінің елуінші жылдардағы өркендеуінде тарихи-революциялық тақырыпты игеруде «Ботакөзден» кейін белес жасаған, келесі көркемдік ізденістерге мұрындық болып, шылбыр тастаған шығарма екенін қазір ашық айтуымыз керек.

Тарихта болған-болмаған кейіпкерлер арқылы да ұлы тақырыптың шешімін табамыз деп қан мен тер төгіп, қазалмай жүргеніміз аз емес қой. Ал тарихта шын болған, аласапыран уақытта өзінің азаматтығын танытқан, халқы үшін қасықтай қанын қиюға дайын болған ерлердің қайсыбірі сол кезде қысыр ойға, жалған жалаға кезіккендері де жоқ емес. Соның ішінде қарақан басы саудаға түсіп, үлкенді-кішілі жорамал болжамға малта тауып берген, кейінгі тағдыры бұлдырлана бастаған Тоқаш Бокиннің осы роман шыққанға дейін әрі-сәрі халде болғаны көпшілікке белгілі.

Күні кеше ғана тар жол, тайғақ кешуден оралған Зейін Шашкиннің осындай аты шулы қайраткерге көз салуының өзі ірі батылдық, ел мақтанышы болған ер-азаматтың жарқын келбетін шынайы қалпында жасауға талаптануының өзі көзсіз ерлік деп атаса да болар еді.

Мұндайда автордың таптық позициясы, партиялық табандылығы шешетінін ол айрықша түсінді, өйткені осындай сана Зейін Шашкиннің үй ішінде алған тәрбиесінен, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысқа қатысып, Сібірге айдалып келген өз әкесі — Жүнісбектің үлгі-өнегесінен, Москваның тарих,

философия және әдебиет институтында оқып, Қарағанды комсомолдарының жетекшісі болып жүрген кезде-ақ оның азаматтық тұлғасына дарыған болатын. Осымен қатар Зейін Шашкинде терең біліммен ұштасқан айбынды қаламгерлік дарын бар еді. Оны осы «Тоқаш Бокин» романын жазған тұста анық байқатты. Әлі де болса қаңқу сөзден құтыла алмай жүрген қайраткердің өмірін, ерлігін тарихи деректерден, архивтерден анықтап, документтердегі мәліметтердің шын сырын Тоқашты көрген-білген адамдардың естелігімен тағы бір тексеріп алуы қайырлы еңбектің белгісі екені даусыз.

Тоқаш жөнінде Зейін Шашкин бірқыдыру барлау жасады. Өйткені, «Ұядан ұшқанда» повесін жазған кезде пайдаланған материалдар Тоқаш Бокиндей ардагер азаматты тарих шыңынан арылтып алу қажеттігін аңғартқан болатын.

Ел-жұрт, зиялы қауым не дер екен деп 1956 жылы 16 сентябрьде «Социалистік Қазақстан» газетінің бетінде «Тоқаш Бокин» атты принципті мақаласын жариялады. Оң жолға түскендігін сезіп, тарихшы Д. Мергеншин екеуі Тоқаштың өмір жолын баяндаған бес баспа табақтық ғылыми-зерттеу еңбегін жариялады. Театр сахнасына шығармақ боп іле-шала М.Гольдблатпен бірлесіп «Таң шапағы» атты пьеса жазды. «Жұлдыз» журналына бастырды. Осы жайлардың бәрі «Тоқаш Бокин» есімі романның жазылып жатқан кезінде қатарласа, үзеңгі қағыса жүріп жатты. Демек, роман шыққанша қоғамдық ой аңғары Тоқаш пайдасына әбден бейімделген болатын.

Ерен еңбектің, адамгершілік жүректің белгісіндей болып Зейін Шашкиннің өз қолымен тарихи деректерді көшіріп алған жүз алпыс материалы қазір Қазақ ССР-ның Орталық архивінде жатыр. Архив материалдарын оқып, сырын қалай ашу жөнінде Зейін Шашкиннің талай толғанғаны да белгілі. Соны бір мақаласында принцип ретінде баяндаған да екен. Күні бүгінге дейін мәнін жоймаған құнарлы ойға құлақ салыңыздар.

«Тоқаш Бокиннің архивында шым-шытырық, қиян-кескі фактілер бар. Тоқаштың жаулары оны өлтірседе тыныш жатпайды. Тарих алдында өздері ақ болып қалғысы келеді.

Бокинді өлтірген жауларды ақтап алмақшы болады. 1919 жыл мен 1923 жылдары Бокиннің ісі екі рет қайта қаралады. Ораз Жандосов өзі қатынасып, зорға арашалап алып қалады. Сондықтан да тарихты тексергенде кез-келген фактіні алып, солай болған екен деп қағазға түсіре беруге болмайды. Әрбір фактының сырын ашып, шын мәніне түсіне білу керек. «Фактыны талдап, айта білу зерделікті керек қылады» дегенін айрықша атап айтқым келеді. Өйткені, қазір тарихи-революциялық тақырыпқа әлі келетіні де, келмейтіні де, дайындығы бары да, жоғы да қызыл көргендей жабыса кетіп, өзінше «халық қаһарманын» жасай қойғысы келетіндері осы қасиетті тақырыптың құнын сұйылтып барады, белсендіден қайраткер жасауға тырысушылар көбейіп барады. Зейін Шашкин айтқан зергерлік жетіспей барады.

Зейін Шашкиннің тарихи-революциялық тақырыпқа баруының ішкі себебі: жаңа советтік өмірдің үлкен күрес, қиян-кескі тартыс үстінде жасалғанын өз көзімен көргендігі бір болса, екінші жағынан оған жетекші, басшы болған ер-азаматтарды, еңбегі сіңген қайраткерлерді қастерлеу, кейінгі ұрпаққа үлгі етіп ұсыну мақсатын көздеген еді.

Және осыған жанаса тағы бір үлкен мәселенің шеті көрінбек. Зейін тарихи хроника жасаған жоқ, оқиғалар тізбегі мен сол дәуірде адал еңбек еткен қайраткерлер есімдерінің каталогын жасаған жоқ, шын көркем шығарма жазып, жанды бейне, толымды образдар жасады, қалың оқушыға мол мағлұмат, терең сана қосатын шындықтарды суреттей отырып, керемет эстетикалық байлықтың көзін ашты. Сондықтан да, З.Шашкин тарихи қайраткерлерді, болған оқиғаларды суреттегенде оның логикалық дамуына қарай ойдан шығарған кейіпкерлерді, яғни, шығарманың композиторлық арқауын ширатып, сюжеттік желісін өрбіте түсуге септігін тигізетін геройларды өз жанынан қосып, көркемділік нанымдылықтың ауқымына сиғызып отырды. Сонда тарихи-революциялық шындық өзінің бар ажарымен оқушыға жетіп, қуатты, әсерлі күшке айналды. Зейін Шашкиннің осы саладағы қаламгерлік тәжірибесінің сыр-сымбаты міне осындай. Бұл мәселе күні

бүгінге шейін өзінің практикалық мәнін жойған жоқ. Тарихи-революциялық тақырыпқа барған жазушылар осындай үлгі-өнегеден көз жазбаса, қазақ әдебиеті тың туындылармен молыға берері даусыз. Кезең көріністермен нақты көрінді. Дарханов өзінің мінез-құлығы, іс-әрекетімен келді. Сұм, зымиян, оңай олжаға қызыққыш жіліктің майлы басына жабысқыш, арды аттап, абырой дегенді қарақан басының рахатына ғана жұмсайтын опасыз «Мүсілімдердің» жинақы бейнесін жасауымен ғана емес, солардың көлеңкесінің өзі кесепат екендігін аңғартумен-ақ қоғамдық ойға атой салды. «Теміртаудан», «Доктор Дархановқа» ауған сюжеттік желінің бір тарамы осындайлардың әлі де болса арамызда жүргені кездесіп қалатындығы Нияз адалдығымен айыпталады. Осындайлардан сақ болыңдар деген қамқоршы он оқушыға қалтқысыз жетті. Өздерін осы қалыпта көргендер романның ықпалын азайтпақ болып айғай-шу шығарғанда жазушы өзінің көздеген мақсатының орындалғанын анық сезді. Сондықтан да, «Доктор Дарханов» романы кезеңнің көркемдік келбетін, замандастарымыздың тыныс-тіршілігін айқын танытты. Зейін Шашкин творчествосында ғана емес, бүкіл әдебиетіміздің алпысыншы жылдардағы өркендеуінде белесті шығарма болып тарихтан орын алды.

Зейін Шашкиннің соңғы романы «Сенім» өзінің проблема-сымен айрықша құнды. Әрине, Нұрлан сынды агрономның туған жердің тағдыры үшін отқа түсуге дайындығы көркемдік жайынан қуантқанымен, оңды-солды парақсыз жыртылған.

Жер бедері эрозия кесепаты әлі күнге дейін күн тәртібінен түспегенін өмір көрсетіп отыр. Зейін Шашкин тек моральдық-этикалық толғаныстармен ғана емес, келешекті әріден байқар қамқоршы көңілімен де біздің арамызда әлі күнге дейін күресіп жүргендей. Мұндай сезім тек елі, Отаны үшін аянбай еңбек еткендердің маңдайына жазылған бақыт. Сол бақыт құшағында қазір Зейін Шашкин жүр.

Зейін Шашкиннің әдебиетке мұра болып қалған туындыларын қайталап оқығанда анық байқалатын бір жай бар. Ол қазақ тілінің даму процесіне тікелей байланысты.

«Шеберлік хақында» атты мақаласында мынадай бір қызық жайға назар аударған. Кейде бір жаңадан сөйлем орамын құрамыз деп, сөйлемдегі сөз орнын ауыстырып та жіберіп жүрміз. Бұл мен де бар. Әрине, тіл деген халықтың сана-сезімінің өсуімен қабат ол да өсіп өркендеп отыруы керек. Бірақ, сол жаңалыққа осыра қарамай, ойласқан «жөн» деген ой түйді. Мұндай толымды пікірді Зейін әдейі айтты, өйткені замана дамуынан тыс қалатын ешбір құбылыс жоқ екенін ол жан-тәнімен сезе білді. Біздің әлеуметтік өмірімізде екінші ана тілімізбен күрес құралына айналып отырған ұлы орыс тілінің ықпал-әсеріне немқұрайлы қарауға болмайды. Өйткені ол күнделікті қатынас құралымыз. Өмірімізге сіңіп бара жатқан жаңалықтардың бәрі де ортақ түсінікті талап етеді. Осының алғашқы көріністері Саттар Ерубаевта ептеп байқалса, Зейін қаламгерлігінде жүйелі арнаға түсе бастады. Орысша ойлап, қазақша жазу аударма арқылы да іргесін нығайтты. Біздің қазіргі оқыған жастарымыз ғана емес, өлең-жырларын да, тұрмыстың қажетін де орыс тілі арқылы өтейтін, бірақ шығармасынан ұлттық айшығы айқын сезілетін ақын-жазушылардың күн асқан сайын көбейе түсуі тілдегі өзгерістердің молая түскенін көрсетеді. Осындай жаңалықтың алдыңғы легінде болып, өзі талай ойланып-толғаннан кейін көркемдік базарында тіл ажарына дарып жатқан жаңалықты осырынбай қабылдауды Зейін өсиет етіп кеткендей болып көрінеді маған. Ал мұндай қомақты пікір, сөз жоқ, парасатты пайымнан туады. Мәселе енді «қас түзеймін деп көз шығару» сияқты әпербақандыққа немесе «жабуды жаба тоқиық» дейтін тоғышарлық ниетке бейімделуге тиіс емес. Өйткені, өмірдің даму заңдылығынан ешкім сырт тұра алмайды, бөлек жасай алмайды. Оны түсінбеген жанның ығысып, сырылып қалары да анық.

Әрине, Зейін Шашкиннің көркем шығармада ішкі монологтың үлесі, салмағы басым болсын дейтін теориялық қисыны, сөз жоқ, психологизмді дамытып, әрбір образдың ішкі жан сырын жарқырата көрсетейік деген игі ниеттен тұрғайды. Көркемдік шеберлікке теория түрінде де, практикалық

тәжірибеде де Зейін Шашкин көп назар аударып, әдеби өркендетудің алдыңғы легінде болды.

Зейін Шашкин қиын бақыттың иесі болғандықтан ел есінен шықпайтын, уақыт өткен сайын қадірлене, құрметтене беретін мұра жасап кетті. Өзі дүние салғаннан кейін алты томдық шығармалар жинағы шықты, творчествосы кандидаттық диссертация көлемінде зерттеліп, монографияға айналды. Айтылып-жазылып жатқан естеліктер, мақалалар, ғылыми-зерттеулер де атаусыз қалмай, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп келеді. Бұған шүкіршілік айтып, қуанғанымыз орынды болмақ. Өйткені бұл жай өскен мәдениеттің бас белгісі, алайда сол мәдениеттілікті ыждаһатпен өрістете беру жағын да ойластырайық, жанашырлықты түгелдей жасайық, өйткені, Зейін Шашкиннің 30-жылдары әдебиетке келгендігін дәлелдейтін туындылары, әсіресе Саттар Ерубәев, Есмағамбет Ысмайыловпен бірлесіп жазған өткір сындары мен теориялық ізденістері, «Известия» газетінде шыққан мақаласы, 50-60 жылдары газет-журналдарда жарияланған көптеген очерктері, естеліктері, эсселері, Саттар жайындағы тамаша естелігі ескерусіз қалғандығы өкінішті-ақ.

Өлмес өмір өңіріне жетудің негізгі арнасы творчество болса, ал ол орыс тілі арқылы еселене түсетіндігін Зейін Шашкин айрықша ұққан, түсінген жазушы. Өзі де орысша жазды, өзгеге де аудартты. Негізгі шығармалары орыс тілінде қалың оқушыға кезінде жетіп жатты. Демек, баспа орындары дүниеден өткен дарындардың қазақ әдебиетіне абырой әперетін сүбелі құнды шығармаларын топтай, томдап шығарғаны ғанибет болар еді, өйткені Зейін Шашкиннің ғана емес, Қасым Аманжолов, Хамза Есенжанов, Ғабдол Сланов, Жұмағали Сайын, Мұқан Иманжановтың туындылары халықтың рухани байлығын арттырып, экономикалық жағынан да өз жәрдемін тигізетіні сөзсіз. Сонда мәдениеттілігіміздің бар пайдасын толық көрер едік.

Сонымен, өзінің дарынды қаламгерлерімен өнімді еңбек етіп, әдебиетімізге Жүніс, Саха Сағатовтарды, атақты революционер Тоқаш Бокинді, оның жан жолдасы

Құрышпайды, Асқар, Дәмеш Сағатовтарды, зерделі Қайырды, сұм Мүсілім, аяр Бикен, аңғал Айша, пәлсапашыл Нияз, ойлы күрескер Нұрланды алып-келіп, олардың образын қастерлеген Зейін Шашкиннің творчестволық ғұмыры енді басталды. Зейін Шашкин келесі ұрпақпен солар арқылы жалғасып, тарихтың жарқын бетінен тұлғаланып көріне берері хақ.

Тұрсынбек Кәкішев

*Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым
Академиясының академигі
ЗЕЙІН ШАШКИН ТУРАЛЫ СӨЗ
(Алғы сөз ретінде)*

** Тұрсынбек Кәкішев. Саңлақтар.
Шығармалары Т.1. — Алматы: Ана тілі, 2007, 253-262 б.**

ЗЕЙІН ШАШКИНГЕ КӨШЕ АТЫ БЕРІЛДІ

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 1997 жыл Жалпыұлттық татулық және қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы боп жарияланғаны белгілі. Осыған орай кезінде қуғын-сүргінге ұшырап, біраз жыл айдауда болған көрнекті қазақ жазушысы Зейін Шашкиннің есімін есте қалдыру мақсатында Алматы қаласы әкімінің биылғы жылғы 21 қазандағы шешімімен Алматыдағы Университетская көшесі Зейін Шашкин көшесі боп өзгертілді.

*Қазақ әдебиеті, 1997 жылғы
қарашаның 4-і.*

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Ғылым ордасы» РМК Ғылыми кітапханасының «Ұлы тұлғалар» атты арнайы ғылыми-ғұмырнамалық сериясы 2001 жылдан бастап өз жалғасын табуда. Мұндағы мақсаты — халқымыздың ұлттық зиялыларын оқырман қауымына, көпшілікке насихаттау және де жастарымызды патриоттыққа, елін сүйуге тәрбиелеу еді.

Әр заманның өзінің өлшемі, асуы бар. Бүгінгі біздің істерімізді тек еңбекпен ғана бағалап, кемеліне жетті деуге болмайды. Жаңа заманда өмір сүрушілер еңбек етумен қатар, мәдениеттің жоғары сатысында тұруға да міндетті.

Десек те, кез-келген адам баласы өз өмірін, өз қалауы бойынша кестеге ою салғандай етіп оя алмайды. Әйтседе, өзі үшін емес, елім деп өмір сүрген біртуар ұлылардың өмірінің екі кезеңі болатыны айдан анық. Ондай адамдардың ұзақ мәңгілік өмірі, өзі дүниеден өткеннен кейін ғана басталады. Ол халқының жадында мәңгі сақталады. Осындай, елім деп еңбектеніп, ереңсіз өткен даналарымыздың бірі — жазушы, дәрігер Зейін Шашкиннің қайталанбас ғажайып өмір жолы мен шығармаларын оқырман қауымына таныстыруды жөн деп көрдік. Сиқырлы қаламгерлік әлемімен қатар, адам жанының арашашысы, ақ халатты абзал жан болды. Осы екі ғажап сиқырлы әлемнің тетіктерін меңгеріп, зұлмат заманында арқау етіп жүріп өту екінің-бірінің қолынан келе бермес. Қыршын жасынан «Халық жауы» қара күйесі таңылып, түрме мен айдаудан, аурудан, мойымай, сұм тағдырдың кісенінен ұзақ жылдар бойы әділетсіздік, өктемдік көре тұра, жаужүрек қаламгер өмірмен арпалыса жүріп, есте қаларлықтай іс тындырады. Ерлік демей не дерсіз! Осы жерде Мұзафар Әлімбайдың:

*Зейін аға ақыл түйіп дәстүрден,
Зұлымдыққа майдан ашқан жас күннен.
Адамға да, заманға да ем іздеп,
Өтті алысып, жұлысқандай қасқырмен*

демекші кемеңгер де, танымал ұлы данамызға арналған бұл көрсеткішті құрастыру барысында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Ғылым ордасы» РМК Ғылыми кітапханасының қорлары, Қазақстан Республикасы байланыс және ақпарат министрлігі ақпарат және мұрағат комитетінің Орталық мемлекеттік мұрағаты қорлары пайдаланылды.



**ЗЕЙІН
ШАШКИННІҢ
ҒҰМЫРНАМАСЫНАН**



ЗЕЙІН ШАШКИННІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

Зейін Шашкин 1912 жылы Павлодар облысының Баянауыл ауданында Бозщакөл дейтін жерде дүниеге келген.

1930 — Павлодар қаласында орта мектепті бітіреді.

1931-1934 — Мәскеу қаласындағы редакциялық-баспа институтының студенті.

1933-1934 — Алматы қаласындағы «Лениншіл жас» газетінің партиялы-комсомолдық бөлімінің меңгерушісі.

1934-1935 — Алматы қаласындағы Журналистика институтының қазақ әдебиетінің тарихы пәнінің мұғалімі.

1935-1937 — МИФЛИ студенті.

1937-1938 — Семей қаласындағы педагогикалық институттың әдебиет және тіл кафедрасының меңгерушісі.

1938-1941 — Алматы мен Жоғарғы Орал қалаларының түрмесінде.

1941-1948 — Ташкент қаласындағы стационарлық ауруханада дәрігердің көмекшісі.

1945 — Иркутск медицина институтын бітіреді.

1948-1949 — Қарағанды қаласындағы Кировск ауданының поликлиника дәрігері.

1949-1955 — Бурабай демалыс орнындағы «Бармашино» санаторийінде фтизиолоринголог дәрігер.

1955 — «Наступило утро» («Таң атты») деген атпен орыс тілінде жарық көрген тұңғыш повесі жарияланады.

1960 — «Құрмет грамотасымен» марапатталады.

1966 — 29 наурызда ауыр науқастан қайтыс болады.

ЗЕЙІН ШАШКИННІҢ ӨМІРІ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША ОЧЕРК

Жазушы Зейін Шашкин 1912 жылы қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданында Бозщакөл дейтін жерде кедей шаруа отбасында туған. Әкесі Жүнісбек жергілікті байларға қарсы бас көтергені үшін Сібірге айдалады. Айдаудан келгеннен кейін 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне қатынасып, совет өкіметін орнату жолындағы күреске атсалысады. 1920-1930 жылдарда Зейін Павлодар қаласында орта мектеп қабырғасында тәрбиеленеді. Бұдан кейін бірер жыл Москваның тарих, философия және әдебиет институтында оқиды. Сол кезден бастап әдебиетпен әуестенеді. Алғашқы шығармалары отызыншы жылдары «Лениншіл жас», «Социалистік Қазақстан» газетінде, «Әдебиет майданы» журналында жарияланады. Өлеңдері, сын, зерттеу мақалалары, бірлі-жарым әңгімелері жарық көреді. Газет, баспа орындарында қызмет істейді, институтта сабақ береді. Әдебиет теориясы оқулығын даярлауға атсалысады. Бұл кезеңдегі әдеби еңбектердің ішінде Абай поэзиясының тілі, Асқар Тоқмағанбетов творчествосы жайлы зерттеу мақалалары назар аударарлық.

Бұдан кейін Зейін Шашкин біраз жылдар әдебиеттен қол үзуге мәжбүр болады. Дәрігерлік кәсіппен шұғылданып, медициналық қызметте тәжірибе алады. 1945 жылы Иркутск медицина институтын бітіреді. Кейіннен елуінші жылдардың орта шеніне дейін Бурабайда «Бармашы» санаторийінде бірнеше жыл бойы дәрігер болады. «Наступило утро» («Таң атты») дейтін атпен 1955 жылы орыс тілінде жарық көрген тұңғыш повесін осында, дәрігерлік қызметпен ұштастыра жүріп жазған. Осыдан кейін Зейін Шашкин Алматыға ауысып, жазушылық қызметпен біржола айналысады.

Алғашқы повесін өңдеп, «Ұядан ұшқанда» деп ат қойып, 1957 жылы қазақ тілінде бастырып шығарған. Октябрьдің 40 жылдығы қарсаңында М. Гольдблатпен бірлесіп «Заман осылай басталады» атты пьеса жазады. Бұдан кейін қалың жұртшылыққа әйгілі «Тоқаш Бокин», «Теміртау», «Доктор Дарханов», «Сенім» романдарын, «Темірқазық» атты повесі мен әңгімелерін, пьесалар мен сценарийлер, очерктер мен мақалалар жазады.

Зейін Шашкин әдебиетте бас-аяғы он жылға толар-толмас уақыт қана еңбек етті. Сол аз ғана уақыттың ішінде төрт роман, екі повесть, ондаған әңгіме, очерктер, пьеса, киносценарийлер беріп үлгерді, туған әдебиет тарихынан орын аларлықтай елеулі шығармалар жазды.

Зейін Шашкин — жаңа заманның, жаңа советтік өмірдің жыршысы, Октябрьмен құрдас, Октябрь әкелген жаңа ұрпақтың сом тұлғасын мүсіндеуші суреткер. Ол өз шығармаларында заман ағымын, уақыт ерекшелігін сипаттайтын кесек, өзекті проблемалар көтерді, жаңа қаһармандар әкелді.

Зейін Шашкин творчествосының соңғы жылдарында әңгіме жанрында да қамал тартты. Заман жайлы, замандастар жайлы көзқарасын, тебіренген ойларын әдебиеттің осынау шағын да оңтайлы жанры арқылы білдіріп отырды. Оның «Ақбота», «Қойшы серігі», «Дәрігердің қатесі», «Сүйкімді дауыс», «Әкесі» сияқты әңгімелері жазушының айнала-сындағы өмірден көрген-түйгендері. Тақырыптары әралуан болғанымен, бұл әңгімелердің барлығына ортақ бір қасиет бар — ол бүгінгі өмір шындығын, замандастар өмірін жырлау.

Зейін Шашкин советтік заманды жан-тәнімен сүйген жазушы. Жаңа заманның әр жетістігі оны шаттандырады, керісінше мүдіс-мүкіс міңдері, шалыс қадамдары қабырғасын қайыстыра толғантады. Әлі келгенше, романымен де, повесті, әңгіме, мақаласымен де, бар күшімен советтік өмірдің шуағын молайта түсуге, өсу екпінін үдете түсуге қолғабыс етуді мұрат тұтқан. Ауру бола жүріп, жатпай-тұрмай ізденген, қарманған,

толғана жүріп қиындық, кедергі атауларымен арпалыса жүріп, азабына ашына, кейде налып, кейде бөркін аспанға лақтыра қуана жүріп, сарыла еңбектенген. Мұны әр шығармасынан, мақалаларынан, достарына хаттарынан айқын аңғарамыз.

Жазушының өз өмірі, тағдыры қандай бұлтты, нөсерлі болса, творчестволық жолы да жайдақ, жадағай болмаған, қилы белеңдерді, сын-соққы нөсерлерін де бастан өткерген. Ал Зейін Шашкин қинала жүріп, құлшына түсті, қиынға ұмтыла түсті, жаңа, бұрынғыдан құнарлы, нәрлі, өміршең шығармаларымен жауап берді. Прозаның көлемді жүгін арқалай жүріп, әркім бармаған соны арналарға жол сала жүріп, ауызға аларлық шығармалар бере жүріп, драматургия, кино саласына да қол артты ол. Әдеби сын, очерк, публицистика саласында да белсенді еңбек етті.

Творчестволық жұмысты университеттегі сырттай оқумен, кең көлемді қоғамдық-саяси жұмыспен ұштастырды, бірнеше жыл Қазақстан Жазушылар одағы партия ұйымының секретары болды, Алматы қалалық Советінің депутаттығына сайланды. Қазақ совет әдебиетін дамытудағы жемісті еңбегі үшін СССР Жоғарғы Советінің Президиумы 1958 жылы жазушы Зейін Шашкинді «Құрмет белгісі» орденімен наградтады.

Зейін Шашкин творчестволық кемеліне келген шағында 1966 жылы 29 мартта ауыр науқастан кейін мезгілсіз қайтыс болды. Тікелей әдебиетте аз ғана уақыт еңбек еткенімен ол артына өшпес із, туған әдебиетінің алтын қазынасынан орын аларлықтай игі мұра қалдырды. Зейін Шашкиннің алты томдық шығармалар жинағының жарыққа шығуы жазушының жемісті еңбегінің айғағы болумен бірге, Коммунистік партия мен Совет үкіметінің, совет халқының өнер қайраткерлеріне, олардың творчествосына деген құрметі мен қамқорлығының көрінісі болып табылады.

Зейін Шашкиннің жеке шығармалары жөнінде кезінде орталық газеттер мен журналдарда да, республикалық баспасөзде де көптеген мақалалар мен рецензиялар жарық көрді.

Олардың ішінде дұрыс пікірлермен қоса, үстірт, сыңаржақ пікірлер де болуы заңды. Жазушы Зейін Шашкиннің өмірі мен творчествосын егжей-тегжейлі зерттеп, әділ бағасын беру, оның туған әдебиет тарихынан алар орнын творчестволық ерекшелігін саралау өнер туындысын мұра тұтқан ұрпақтар мойнына жүктелетін игілікті іс.

Сапар Байжанов



ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕРІ



АҚБОТА

Осы оқиғаны Гүлмизаның өзі айтқан еді маған.

Бұл әңгімені бастамай тұрып, алдымен Тың өлкесінде аңызға айналған көрікті де, ақылды Ақботаны қалай іздеп тапқанымды бір-екі ауыз сөзбен баяндай кетейін.

Редакцияның тапсырмасымен Баянауылдан Павлодарға бара жатып, жол үстінде бірінші рет Ақботаның есімін естідім.

Солөңірге аты жайылған машһүр құсбегі шал, кезінде Жаяу-Мұсадан қаршыға салуды үйренген, әйгілі «Көкмойынның» иесі менімен машинада келе жатып, Ақботаны аузының суы құри сөз қылғаны бар-ды. Қаншама азғырып, жалынып сұрасам да, кейбір шалдардай балпылдап, көсіле мақтанып, ерсілі-қарсылы еспеді, өзі туралы ләм-мим демеді, көбіне елін, елінің парасатты азаматтарын, олардың көзге түсерлік құнды істерін әңгіме қылып, соларға деген ниетін білдіріп келді шал.

Күн бұлыңғыр еді. Ертесімен жауған өткінші жауын жолды езіп, ми ғып жіберсе керек, машина екі бүйірінен демін ап лайсаңға батып, мамырлап келе жатса да, шыжыған күннің көзінен кейін салқын леп денені ширықтыра желпінтіп тастады.

Күндізгі сағат екіге таман әуперім деп «Коммунизм жолы» атты совхозға жеттік. Құсбегінің айтуы бойынша, Ақбота да осында тұрады.

«Ақкөл» жиегіне қатарлай салынған совхоз үйлері ұзыннан-ұзақ бір-ақ көше екен, бір жақ шетінен кеп ендік. Ағаштан борап салған шатырлы үйлер мен кірпіштен қаланған үйлер аралас болса да, сәнін бұзбаған, таза да ықшамды екен. Ауылдың сырт жағында ат жалын күзегенде қалдырған шоқтық сияқты, бір топ қарағай өскен.

Талтүс. Көшеде тірі жан көрінбейді. Иесіз жатқан дүние сықылды.

Шеткі үйдің жанына кеп машинаны тоқтатты да, шофер аулаға кірді. Астында текемет, қолында тасбих, иманын айтып, күбірлеп отырған кемпірден жөн сұрады, Ақботаның қайда тұратынын анықтады.

— Гүлмизаны сұрайсыздар ма, балалар? — деді ол.

— Гүлмиза емес, Ақбота керек еді! — Жаңылыс айтып отыр ма деп, түзеп қайта сұрадым.

— Сол Гүлмиза ғой айтып тұрғандарың. Өзіміздің Балтабайдың қызы, — деп кемпір сәл езу тартты. — Қазір үйінде жоқ болар.

— Гүлмиза мен Ақбота бір кісі болғаны ма?

— Ия, шырағым. — Кемпір менің таң қалғанымды елемеді, талай естіген сықылды.

— О кісі қайда?

— Түйе бағады. Тұратын үйі анау! — Қолын шошайтып, ауылдың екінші жағына қарай сілтеді ол. — Аз іркіліп сөзін жалғады. — Күйеуі үйінде болар...

Гүлмиза ауылдың екінші жақ шетінде, жаңадан салған «фин үйі» атанған, шебер қолдан ойып жасаған қобди тәріздес ағаш үйде тұрады екен. Үйінің айналасында көк сырмен сырланған қоршауы бар, жан-жағы тап-таза, бос жатқан бір зат көзге ілінбейді.

Мен баспалдақпен көтеріліп, есігін қақтым. Ешкім үндемейді. Қаттырақ соқтым. Нұқып итеріп те көрдім, есігі жабық!

Біз қағып жатқанда көршісі шығып: «Гүлмиза үйінде жоқ, күйеуі — мектептің шаруашылық жағын басқарушы еді, аудан орталығына кеткен», — деді.

Амал нешік, тостық.

Гүлмиза кешке жақын оралды. Тапалдау келген нәзік әйел екен. Бар бетіне ажар беріп тұрғанда, көзді тартып, ынтықтыра беретін де — қос жанары екен. Бізге күлімсірей қарағанда ар жағынан біреу шырақ-шамын жағып жібергендей жүзі құлпырып шыға келді — қарағым кеп құмарта бердім. Соншалық неңдей қасиетті екенін түсіне алмай әлек болдым.

Бейтаныс бізді көрген бетте сәл тартылып, қымсынып қалды да, сол сәтте күлімдеп келіп, кішірек келген күшті қолымен қысты.

— Сіздер маған кеп пе едіңіздер? — Үнемі күмістей сылдыраған таза да ашық екен. Бұл әйелдің сұлулығын енді

түсіне бастадым: жасы бірсыпыраға кеп қалса да, үнемі қара жұмыс істеп жүрсе де, көзінің айналасына шырмалып әжім жиналса да, жастықтың құпия сырын білген-ау, әйтпесе ол көрікті де сүйкімді болар ма!

Үйіне кірдік. Үш бөлмелі. Ас үйі бөлек, ықшамдау пәтер екен. Тап-таза, сәнді-ақ, кірсең шыққысыз. Әдетте қазақ үйлері толған сандық, кебеже, алаша, кілем, оюлы текемет болады ғой, бұл үйде — басы артық дүние, не орынсыз жатқан зат көрмейсің. «Ақылды әйел» деп тегін айтпаған екен. Көрдің бе, дүние жинасының өзі басқадан бөлек!» деген ойға тірелдім үй ішін көзіммен бір шолып.

Амандықтан кейін өзімнің әдейі арнап келгенімді, сонау Павлодар облысының шекарасынан бастап Гүлмизаның атына қанық, мадағына ортақ болғанымды сыпайылап айтқанымда, күлімсіреді де:

— Мен сіз айтқандай ғажайып адам емеспін, қарапайым бақташы әйелдің, бірімін! — деді.

— «Кішіпейілділік — мақтаныштың бір түрі» дей ме орыс халқы... Не десеңіз де Ақбота жайындағы аңыз ел арасына тарап кеткен, — деуім-ақ мұң екен. Гүлмиза күліп жіберді, сыңғырлаған әдемі күлкі — ұшып-қонған құстай, лезде және басыла қалды.

— Ақбота дейсіз бе? Ақбота — ол менің түйем.

— Түйесі несі? — дедім таңданып.

— Аңыз қылып жүргендері мен емеспін, Ақбота!

Гүлмизаның нұрлы көзі күлім қақты. Сөз мәнісіне қарай құбылып, өзгеріп отырған жүзі, әлденені есіне түсіргендей бұрыннан бетер жана түсті.

— Ол бір оқиға соғыс біткеннен кейін іле-шала болғанды... Мен колхозда бұзаушы едім. Бастығымыз Ерден деген қатыгез, тоңмойын, нойыс мінезді, малға да, кісіге де аяусыз қатал жан еді. Алпамсадай сом денелі сары адам. Осынша денесіне қарамай, жүргенде аяғын мысықша басатын, жарқабағы кішірек көзін жауып, көрсетпей сығырайтып тұратын да, сарғыш сирек қасы, ашуланғанда тікірейіп кететін. Сол тікірейген қасы үшін біздің әйелдер Ерденге «кірпі» депте ат қойған.

Еркек аз болатын, көбі соғыстан келмей қалды. Ерден ауыл-үйдің арасында қанатын сүйретіп, тауық қуған сотқар қораз ұқсап, әйелдерге қырындап, күн көрсетпейтін. Колхоз шаруашылығына салақ, салқын қарайтын. Бар білгені: «давай, давай» болып, бәріміздің қан-сөлімізді сығып алды да, колхозды қаңсыған бөшке сықылды саудыратып бос қалдырды. Жолын тауып колхозды түзеудің орнына, шаруасын көтерудің орнына «давай, давайдың» астына ап, қысы-жазы ешкі құсатып қуумен болды. Екеуміздің бас араздығымыз осыдан басталды...

Гүлмиза демін алып, сәл үнсіз отырып қалды.

«Аржағын айтайын ба, осы да жете ме» деген адамдай ойға шомған.

— Мен ол кісіні соғыстан бұрын білетінмін: көрші ауылдың жігіті де, қатар өстік. Мен сегізінші класта оқығанда, ол ауыл советінің хатшысы болатын. Соңымнан қалмай жүгіріп жүрсе де қарамағанмын. Павлодардан келген момын да жуас агроном жігітке сөзімді беріп, бір-ақ күнде, Ерден сезбей де қалды, апыл-құпыл той жасадық. Шамына тиген Ерден қыңыр қарап, кек алуға тырысты. Немен аяқтарын кім білсін, соғыс кейіп кетпеген күнде. Күйеуім қырық бірінші жылы соғысқа кетті де, қысты күні Москва түбінде қаза тапты.

Колхозда билікті қолына алған күннен бастап менің махаббатыма ие болғысы келіп бұғалық салды, мен көнбедім, қасақана елемедім, одан бетер қытығыма тиіп, былай қадамымды аңдып, қит етсе, жалпы жиналысқа салып талқылап алатын болды. Кейде еңбек күнімді азайтып тастап жүрді. Не қылса да тіл қатпай, сіресіп жүре бердім. Бір кезде Ерден тәсілін өзгертіп те қарады. Ашық сөйлесіп, сыр ақтарғысы да келді, біріне берілмедім, үндемей діңкесін құрттым. Бұзау бағудан шығарып, шөп шабатын бригадаға жіберді де, дәл кетерде: «Бұзау бағу сенің қолың емес, келіншек, кемпірлер өздері-ақ үлгіреді. Шөп шабатын мықты қатынсың ғой!» — деді.

Жаныма тисе де, ләм демедім. Жалынады, кешірім сұрайды немесе үйіне қонаққа шақырады деп ұйғарған болу керек,

безерген қалпымды көргенде түсі өзгеріп, ернін шайнап, күп-күрең боп отырып қалды.

Таңның атысы, күннің батысы шөп шауып, шыжыған күннің көзіне, себелеп құйған жауынға қарамай мая салдым. «Жұдырықтай болса да, біздің кірпіге берілмеуін қарашы!» деп, құрбыларымның таң қалғаны да болды. «Қайтесің, сонымен қарсыласып, бәрі бір сені бір күні екі бүктейді. Одан да өзің беріл, алақанына салып ұстайды» деп, жаны ашығандар да есімде.

Мен берілмедім, жанымды шүберекке түйіп алып жұмысымды істей бердім, істей бердім. Бәрінен де мені қажытқан — шөп тасып жүрген сары інген. «Шуу» десең болғаны, бақырып, жынын қысып жатып алады, ілбіп, аяғын басқысы келмейді, нағыз ығыр болған паяның өзі. Әрине, оны да бұл күйге жеткізген адамдардың әділетсіз, қатал мінезі жазықсыз ұрады, аштан-аш жұмысқа салады, аралықта шалдырып алып тыныс беруден олар ада. Малға да адамшылық көзқарас керек. «Міне білмеген жігіт ат бұзады» деген қариялар сөзі осыдан туған ба деймін.

Сары інген — ана ғой, ақ ботасы көзінен екі елі таса болса, боздап тұрып алады, ұрсаң шөгіп жата қалады, қайтып тұрғызу — дүниенің қияметі... Ақбота жібек мінезді, қылықты да ерке болып өсті. Мені шешесінен артық көрмесе, кем көрмейтін, сары інгенді тығыз шаруамен бір жаққа асығыс жегіп кетсе, қасымнан айналшақтап шықпайтын. Қарны ашса, жіңішке нәзік дауысымен әндете боздап, шешесін шақыратын. Даусы қандай зарлы, сай-сүйегінді сырқыратады!

Өзі Ақбота десе, Ақбота еді. Жұмсақ жүні, күмістей жылтырап, үкідей үлбіреп, қызыққаның соншама, қолмен ұстап сипағың келіп тұратын. Мұңлы қара көзі мөлт-мөлт етіп, өркеш, мойны — бәрі де қолдан жонып жасағандай, жануардың ішіндегі келістісі еді. Сол Ақботаны баламдай жақсы көріп, қадірлеп өсірдім. Күтімі асқан сайын ол да құстай түлеп, гүлдей түрленіп, сымбатын сақтай берді. Соғыс жылдары адам түгіл, мал да қиындық көрді. Күні-түні жегілген сары інген сүт бермеді, аш ботаға аузымдағы тамағымды

жырып беріп асырадым. Сонда ол — қолымды жалап, арқама сүйкеніп, рахмет айтқан сықылды ниет білдіретін.

Осындай ботаны Ерден жек көріп алды. Пішен басына келгенде, жұрттың бәріне бүйідей тиіп, ақырып, маған да қыңыр мінез көрсетіп, жоқ жерден сөз шығаратын. Ерденнің бұл қылығын түсініп, жақтырмай: «Кет! Неге келдің?» дегендей, Ақбота басымен арқасынан итермелеп, ерегесіп тұрып алатын. Ызалы Ерден қолына не түссе сонымен аяусыз ұратын.

— Әкет мынауыңды, әйтпесе, көзін желкесінен шығарамын!
— дейтін нойыс Ерден маған ызғарлана қарап.

Өстіп жүріп, бір жыл өтті. Ақбота өсіп, тайлақ болды, есі кірді, сүйтсе де менен кетпеді, балам секілді, қайда барсам да соңымнан еріп жүреді.

Бір күні Ақбота екеуміз түсте ауқат жасадық. Аузымдағы нанымнан Ақботаға үзіп беріп, шөлмектегі сүтімнен де қарайласып, шүйіркелесіп отырамыз.

Ақбота нысапты, сыпайы жануарды. Өз үлесін алғаннан кейін қайтып қолындағыға ұмтылмайтын, бергеніңді жеп, аймалап кете баратын. Дәл сол бір күні сауыншылар сүт құятын бидонды ерініп жумай, бізге әкелген сүті іріп кеткен бе, әйтеуір, бір өзгеше дәмі бар екен. Ақбота иіскеlep, тыжырынып, ішпей, сүтті танауымен үрлеп үстіме шашыратты.

Мен ашуланып:

— Тәйт, киепетсінбей! — деп дауыстап жіберіппін. Ар жағымнан күжілдеген дауыс:

— Ә, еркелетіп, жаман үйреттің бе! Байқа, келіншек, Ақботаңды етке тапсырып жіберермін, бүйте берсең, — деді. Тани кеттім — Ерден екен, кепкесін шалқайта киіп, қолындағы дырау қамшымен хром етігінің қонышын сабалап тұр. Зәрем ұшып кетті. Қолымдағы сүт құйған кесем түсіп кетіп, сүтімді төгіп алдым. Ақбота таңданып: «Тағы сен бе едің?» дегендей, басын көтеріп алып Ерденге қарады. Ол кенет дауысын өзгертіп:

— Гүлмиза, егер тілесең, Ақботаны саған біржола басымен берейін? — дегені бар ма!

— Ол менікі емей кімдікі?

— Ол қалай сенікі? — деді председатель қабағын тікірейтіп.
— Менікі не, колхоздікі не, қандай айырмасы бар? — дедім күлімсіреп.

Ерден не дерін білмеді, — нойыс адамның қысылғанын сонда көрдім, терлеп-тепшіп, басынан кепкасын жұлып алып, маңдайын сүртті.

— Гүлмиза, сен менің жанымды қинай берме...Естимісің?
— деді жұмсақ жалынышты үнмен. Мен: «Бұған не болып қалды?» дегендей таңданып бетіне үңілсем: күндегі көріп жүретін нойыс та, қатыгез бастық емес, ұялшақ, дөрекілеу еркек тұр алдымда.

— Гүлмиза, сен кішкентай болғаныңмен, мейлінше мықты екенсің. Екі бүктеп астыма саламын ба деп едім, әлім жетпеді. Енді мен не айтсаң, соны істеймін. Құлыңмын... Есіңде болсын: сенің бақытың өз қолыңда. Уысыңнан шығарма!

— Қайта берсеңізші, Ерден аға. Мені әурелегенде сізге түсері аз! — дедім мен салқын үнмен.

— Үйлен десең, үйленейін... Тілегіңді айт?

— Менің сізге деген көңілімді білмейсіз бе өзіңіз? Қайта-қайта жалынып... еркек басыңызға лайықты ма?

— Тыңдашы, Гүлмиза... — Ол ойын айтып үлгермеді, Ақбота білдірмей келіп, артына ұстап тұрған кепкасын жұлып алып, шайнай бастады.

Мен күліп жібердім. Ерден қолындағы қамшысын саптап, тұра ұмтылды.

— Тартыңыз қолыңызды! — деп, шыр етіп, ара түскенімше болмады — бастан бір рет тартып қалды. Жерде жатқан кепкасын қолына алып, айналдыра қарады да, лақтырып тастап жүріп кетті.

Ертеңінде Ерден «Ақботаны арбаға жегіп, жұмысқа салсын» деген бұйрық берді. Әрине, Ақботаның төзімді екеніне сенімім толық. Бірақ, кімнің қолына түседі? Ашулы адамның қолына түссе, жазықсыз ұрып, шешесі сияқты бұзып жіберуі сүттен ақ.

Бригадир болып істейтін ақ бас шал сол күні жетіп келді. Қайнаға дейтінмін, мақтаншақтау, алды бар, арты жоқ, жасы келсе де пысық, жеңілтек кісі.

— Гүлмиза, Ақботамен қоштаса бер, — деді ол мені көріп анадайдан. — Қызыңды күйеге береміз!

— Сізге ме? — дедім мысқылдай сөйлеп... Шалдың шамына тидім білемін, көзін жыпылықтатып, даусы қатайып:

— Өкірте мінермін-ау, айызым қанғанша! — деді. — Өзі де тығыршықтай, шып-шып еткізіп, ұра берсең — қолға жұмсақ!

— Қайнаға, маған ерегесіп, Ақботаны ұрғанда сізге не түседі. Қайта қамқор болыңыз. Жазықсыз түлік қой! — дедім жалынып.

Пішендіктің шет жағында жайылып жүрген Ақботаға қарай жақындай бергенімде, мені көріп, тайраңдап, қарсы жүгірді. Келе жұп-жұмсақ тілімен қолымды жалап, иіскелеп еркеледі де қалды. Мен мойнынан құшақтадым.

— Ақылды бол боташым!

Тап осы бір сәтте өзімнің балалық күнім есіме түсті — әкеме еріп, бірінші рет жұмысқа шыққаным, шөп тұздайтын ұра қазғаным, күректі ұстай алмай алақанымды күлдіретіп, ойып алғаным, қасымдағы серігімнің зекіп, көңілімді қалдырғаны — бәрі де кешегідей көз алдымда сайрады да тұрды...

Қайнаға Ақботаның басына ноқтаны іле салып:

— Айда, жүрдік! — деп, дікілдетіп тұра жөнелді. Әуелі бөтен адамның жетектеп бара жатқанын Ақбота сезбеді білемін, еріп жүре берді, іле — менің қалып қойғанымды байқаған соң басын кекейтіп шұлғып қалып еді, байқаусыз келе жатқан шалдың қолынан ноқтаны жұлып әкетті.

— Ойбай, ұстаңдар! — дегенше болмады, Ақбота тайраңдап ала жөнелді. Оған кім жете алсын...

— Бар, Гүлмиза, ұстап әкел! — деп, енді шал маған жабысты.

— Жете алмаймын, қайнаға, оның аяғы менің аяғымнан екі есе ұзын.

— Бармадың ба?... Онда, ұстадым бар ғой, аямаймын! — деп, шал тістене сөйледі.

— Ұрмаңыз, қайнаға. Өзі де қайрылады маған, — деп едім, ашуға мінген шал:

— Тосып отырайын, қашан қайырылады деп... Мойнына қыл арқан салып бұрап-бұрап сүйретіп әкелмесем, менің атымды өзге қой! — деп, қыр көрсетті маған.

Мақтаншақ шалдың жас күнінде атқа шауып, бәйгеге қатынасқаны, көкпар сайысына түскені бар, естігенмін. Бірақ, ол — жас кезі ғой, қазір шалда қандай қауқар бар Ақботаны тақымының астына салып үйретіп әкелетін? Әуелі өзі жетіп алсын Ақботаға...

Ақботаның жүйрік екеніне өзім сенемін.

Жарты сағат асқан соң саршолақ атына мініп, тепеңдеп, қарнына ілген құрығын сүйретіп жетіп келді шал. Мен маяның үстіне шығып, «қайтер екен?» — деп қарадым да тұрдым.

Шал мал қайырған адам болып жанамайлап Ақботаның қасынан өте берді де, құрықты сілтеп келіп қалды. Мойнына құрық түсіп көрмеген Ақбота шамданып, аспанға қарғып жұлқына тартқанда, қайнағаны құрық-мұрығымен аттан аударып тастады да, құрықты сүйрете, құба жонға қарай қашты.

Шөп шауып жүрген әйелдердің даланы басына көтеріп, рахаттана күлмесі бар ма! Мазақ болған қайнаға қап-қара болып түтігіп, колхозға қарай шауып ала жөнелді. Түс кезінде бригадирдің қасында председатель мен бухгалтер, есепші және бар, бір арба болып сау ете түсті.

Мен бөгет болмайын деп, маяның үстіне қайта шықтым.

Ерден бригадирдің сарышолағына қарғып мінді де, Ақботаның соңынан тепеңдеп қуа жөнелді. Қайдан жетсін! Ақбота келемеж еткендей артқы аяғын көтере сілтеп, айнала шауып, Ерденнің делебесін қоздырып алды да, құба жон қайдасың деп ызғытпасын ба келіп... Аздан соң шу қара құйрық, қарасы да көрінбей кетті.

Менің қуанғаным сонша, күбірлеп: «жарайсың, боташым, тарта бер құба жонға!» дей берішпін. Әдетте түйе желгенде тайралаңдап, дөрекі желеді ғой, Ақботаның шабысы сондай жатық та сүйкімді, жер бауырлай созылып кетеді, дәл тазының жүгірісіндей.

Құғыншылар менің қасыма оралды.

— Егер сен оны ұстап әкеліп, менің қолыма бермесең, атып тастаймын. Қашан аттың деме! — деді айғайлап, ашулы Ерден.

Мен ажуалап сақ-сақ күлдім.

— Сен бекерге күлесің! — деді жиналып келген «контора» кеткен соң бригадир маған: — Ерденнің мінезін білмеуші ме едің?

— Қолынан келсе аянып қалмасын! — дедім мен. Әйтсе де ойланып қалдым: атып тастайды да, ауырып өлді деп, мал дәрігеріне акты жасатады, сонансоң қайтып тірілтіп ал оны? Ерденнен бәрін күтуге болады. Қайтсем екен?

Сол күні кешке председательдің кабинетіне барып, бірінші рет оның алдында пенде болдым, Ақботаға қолқа салдым.

— Мен өзім үйретіп, өзім жегейін. Маған беріңіз, — дедім оған.

Ерден үн-түн жоқ, түнеріп, біразға дейін жауап қайтармады. «Ә, идірдім бе басыңды, тәкаппар қатын!» дегендей езуінен де мысқылдың нышанын байқадым. Бірақ, неге болса да бекініп, шыдап бақтым.

— Ал! — деді ол басын көтеріп, телміре қарап маған. — Бірақ, майлап жіберуге міндеттісің. Құрғақ қасық ауыз жыртар!

Мен оған жиіркене көз тастап, үн-түн жоқ шығып жүре бердім.

Ертеңінде Ақботаны таба алмай шарқ ұрдым — ұшты-күйлі жоқ болды. Не болып қалды? Әлде қасқыр жеп қойды ма? Сары інгенді міндім де бүкіл төңіректі кездім. Қырдан аса бере, өткен жылғы жазда енесі екеуінің жайылған сортаңы есіме түсіп, соған қарай тарттым. Бірақ болса сонда болар?

Жобам дұрысқа шықты. Сортаңда жусанды жұлып қойып, әндете боздап жалғыз жүр екен Ақбота. Әлде мені шақырып жүр ме, кім білсін. Дауысын алыстан-ақ таныдым. Кездесуіміз қандай қызық болды десеңізші! Ақбота анадайдан танып, қарсы жүгіріп келе, сары інгеннің үстінде отырған мені тұмсығымен түрткілеп, қолымды жалап, алақанын шапалақтап, алақай салып айнала жүгірген бала сияқты, тайрандап секіріп, әндете боздап, мәз-мейрам болды да қалды. Әттең тілі жоқ. Тілі болса: Жақсы болды-ау келгенің «алақай-алақай!» демек. Енесіне тіптен қарамайды да, есіл-дерті менде.

Ақботаны колхозға алып қайттым да, ертесімен шөп жинауға жектім. Қасында мен болған соң, шатақсыз ышқына

тартып жүре берді боташым. Жанына бөтен біреу келсе-ақ алая қарап, үркіп, елегізіп қалады.

Колхоздың тасып алған шөбі таусылып, малды асырау қиынға айналды. Март айында боран соғып, бір жұма түк көрінбей, ақ түнек болды да тұрды. Аш сиырлар бірін-бірі сүзіп, мөңіреп, азан-қазан болып ауылды басына көтерді.

Председатель аяғынан тік тұрар жанды кеңсесіне жинап алып:

— Даладағы шөпке кім барады? — деп түйіле қарады.

Еркектерде үн жоқ.

— Неге үндемейсіңдер-ей? — деді Ерден шықшытын бұлтыңдата, қысық көзін қадап: — Мал қырыла берсін, нелерің кетеді. Жауап беретін кісі бар, — деп кекете-мұқата сөз тастады.

— Мен барамын! — дедім шеткерірек тұрған мен.

— Ия, — деп бір тыңды Ерден. Маған қараған да жоқ, мен айтпасам да тізіміне кіргізіп қойғаны беп-белгілі. — Тағы кім?

Тым-тырыс. Бірінде үн жоқ.

— Жарайды. Ендеше мен айтайын: үйілген маяның қай жерде екенін білетін мына бригадир, мен, сен барасың! — деді председатель қолының ұшымен ақсақ қойшыны нұсқап.

Бірі қарсылық білдірмеді, түстен кейін түйе жегіп, үш шанамен шықтық. Бригадир «сен баста!» деген соң, алға Ақботаны салдық.

Боран басылмады. Аппақ ақ түнек — көзге түртсе көргісіз. Сақылдаған сары аяз түйелердің жүнін мұз қылып қатырып, көзін бітеп жүргізбеді.

Мен Ақботаның ноқтасынан ұстап жаяу келемін, босап кетсе, колхозға қарай бұрылып, жолдан шыға береді. Біз он километрдей жер жүруіміз керек еді, бірақ жете алмай-ақ қойдық, алыстап кеткен бе, немене.

Ақыры, қар басып қалған маяны тауып алып, шанаға артып, үйге қайттық. Енді алдымызға сары атанын жегіп, бригадирдің өзі түсті. Ақботадаң гөрі, тіс қаққан әккі сары атан адастырмай колхозға алып барар деген үмітте едік, ақтамады ол құрғыр. Ең ауыр бейнетті қайтуда көрдік. Сары атан адасып кетіп, түні

бойы ай далада, ақ боранда шыркөбелек айналып, бір орында жүре беріппіз.

Шананың алдында бүрісіп, тоңып отырған қайнағам, түйенің божысын сол жағына қарай сыңар езулей тартып береді екен де, иесіне бағынып үйренген жануар, солға қарай бұрыла-бұрыла түні бойы маяны айналсоқтап, бір ізден шықпай қойған.

Шанадан секіріп түсіп, Ақботаның божысын ұстап, көбік қарды омбылап, алға түстім. Қатарласа беріп, көз қиығымды тастасам, қайнағам шанада бүрісіп, қалғып отыр. Атын атап шақырсам да үн қатпайды. Менің қайнағамды шақырған даусымды естіп, ақсақ бақташы да келді. Екеулеп, шалды сілкілеп, зорға ояттық, енді болмаса үсиді екен, бет-аузын, қол-аяғын қармен қайта-қайта уқалап, тірілтіп алдық.

— Мықты болыңыз, қайнаға! — дедім құлағына айғайлап.

— Біз адастық! — деді ол даусы қалтырап. — Таң атқанша тоса тұрған жөн болар.

— Жоқ, қайнаға, таң атқанша тосу өте қауіпті! Ұйықтап қалып, бәріміз үсіп өлуіміз мүмкін. Қалайда жылжи берген мақұл.

Сонда қай жаққа қарай жүреміз? Пікір қақ жарылды, бригадир сол жаққа қарай жүрейік дегенді айтса, бақташы — оң жақты қостады, мен — тура маңдай алды жақты меңзедім. Ақыры: «Ақбота бастасын, соған сенейік! Егерде, Ақбота таппаса, онда тағдырдың жазғаны — үсідік далада!» — деп келістік те, Ақботаның көзін сүртіп, мұз болып қатқан қардан қабақ — танауын аршып, мойнын аймалап, делебені қағып қалдым.

— Айт шу, Ақбота!... — Ойсылқара атаң демеу берсін, баста ауылға. Мен ерейін соңыңнан! — дедім.

Тайлағым: «түсіндім!» дегендей басымен иығымнан түртіп қалып қарды омбылай, сол жаққа қарай тартып берді. Қайнағам сөзі расқа шыққан тәрізді, дегенмен жол таптық деу әлі ертерек. Ақбота колхозды таба алмауы да ықтимал. Тізесінен келген омбы қардан аяғын зорға суырып, арпалысып, тыңнан жол салып барады. Мен шанаға отырдым да, божыны бос ұстап, ерікті Ақботаның өзіне бердім.

Боран долданып, екілене соғады. Қар қойны-қоншыңа толып, аяз бет қаратпай, дем алудың өзі қиынға айналды. Бір кезде Ақбота күмп беріп, бір шұқырға түсті де кетті. Зәрем ұшқаны соншама, «құрыдық-ау!» деп айғайлап жіберіппін. Ақбота жанталасып, ұмтылып барып, алдыңғы тізесімен қайта шөкті. Мен шанадан секіріп түсіп, тіземнен қар кешіп, Ақботаның қасына бардым, тұрғызбай, аз дем алдырдым.

— Асықпа, боташым, сен күштісің. Білем. Қазір атып тұрасың! — деп уатарын уатсам да, жүректің ар жақ түбінен үрей де басын қылтита қойды. Ақбота ескі апанқұдыққа түсіп кетті ме, жоқ, аяғын сындырып алды ма? Жалма-жан түйенің алқымы алдындағы қарды қолыммен аршып жіберіп қарасам ұра сияқты шұңқыр.

Ақботаны ақырын ноқтасынан тартып қалып едім, атып тұрып, қайта шөкті. Бар даусыммен айғай салып, серіктерімді шақырдым:

— Қайнаға, қайдасыңдар, жетіндер тезірек!

Менің даусымды жел жеткізді ме, әлде тоқтап тұрған соң өзі түсінді ме, әйтеуір, бақташы келіп екеулеп зорға дегенде Ақботаны ұрадан шығарып алдық та, бригадирдің халін білуге, соған қарай жүрдік... Ай, мақтаншақ қайнағам-ай, сол түнгі ол кісінің әлегі... Ақбота қақпа алдына келіп тоқтағанда, тірі қалмас па едік, кім білсін...

Жаз өтті. Күз келді қара суығымен жауын-шашынын ала. Шөпті тасып үлгіре алмай қалып, суық демей, жауын демей, жұмыс істеп жүргенде суық тисе керек, буын-буыным сырқырап, денем ауырлап, бір күні жатып қалыппын. Біраз уақыт өтсе керек, қатты ұйықтап қалған екенмін, шыңғырған қызымның дауысынан ояндым.

— Мамашым, мама!..Ақботаны ұрып жатыр? — деді жүгіріп кіріп.

Жеңіл желпі көйлекшең тысқа атып шықтым. Қойманың жаны толы халық. Ерден қамшының астына алып, Ақботаны ұрып жатыр. Бас демей, көз демей былш-былш ұрады. Қайран, боташым!... Ақбота шөгіп жатып алған, мызғымайды, тек екі көзінен парлап жас қана ағады. Қамшы жанына батқан сайын адам құсап күрсініп қояды.

Жұрт алқа-қотан қоршап алған. Тістене, күйіне қарайды, бірақ айтуға дәрмен жоқ, қамшы өздеріне сілтенгендей, ұят-ар шыдамай, күбірлеп, лағнет айтып іштен тынады.

Есім шығып кетсе керек-ті, жұртты итермелеп, жара-мара Ақбота мен Ерденнің арасына келіп түстім. Шашым жалбырап, өзім көйлекшең, екі қолымды жоғары көтеріп:

— Ұр мені, соққан! — дедім ащы дауыспен.

Ерденнің қолы көтерілген қалпы тұрып қалды...

Ақботаны не үшін ұрған десеңізші?

Қойманың жанында көптеген үюлі тақтай, бөренелер жататын. Соны председатель үйінің қасына көшіріп апарып, қоршау салмақ екен. Ақботаны арбаға жегіп, үстіне үймелеп салып айдаса, түйе тарта алмайды. Оған көмек берудің орнына көптен ызалы Ерден іс-міс жоқ ұра бастайды. Шамына тиген Ақбота арындап, шөгіп жатып алады...

Ақботаның дірдектеп аққан қан-қан басын құшақтап жылап жібердім. Менімен бірге басқа әйелдер де жылады...

Сол күннен бастап Ерденмен күресуге ант бердім.

Ертеңіне Ақботаны арбаға жегіп алып, аудан орталығына бардым, кетерде бригадирге: «ауырып қалдым, дәрігерге барамын!» дедім де, алдымен аупартком секретарының кабинетіне кіріп, бірін қалдырмай, бәрін айттым: колхоздың тіршілігін, шаруашылығының оңбай кеткенін, председателдің жеткен өресін... тәптіштеп айттым. Секретарымыз ақылды адам болатын. Жақсы ықыласпен тыңдады да:

— Дәрігерге барып көрініп келіңіз. Мен қазір өшіретсіз қабылдатайын! — деді де, телефонды көтерді. — Бүгін осында, аудан орталығында болыңыз, колхозға бірге барамыз.

Айтқандай, ертеңінде, дәл жүрерде:

— Машинаға отырыңыз! — деді секретарь жанынан орын ұсынып.

Мен сыпайылық білдіріп «рахмет» айттым да, өзімнің арбама міндім. Секретарь күлімсіреп, түсінген пішінмен басын изеді де, аса ұзап кетпей, қарайлап жүріп отырды. Мен Ақботаның делебесін қағып қойып едім, жиырма километр жерді жарты сағатта-ақ жүрдік. Ауылға жақындағанда ғана

аздап қалыңқырап қойдым. Колхозға кіре бере, алыстан көзіме түскені: кеңсенің алды қаптаған халық орталарында секретарь мен Ерден.

Бұрылып кетейін деп едім, біреуі көріп қалып:

— Гүлмиза, бері келе кет! — деп дауыстады.

Жақындай беріп едім, біреуі Ақботаның ноқтасынан ұстап баспалдақта тұрған секретарьдың алдына алып барды.

— Әлгі айтқан Ақботаларың осы ма? — деді аупартком секретары көзін алмай. — Көркіне ақылы сай келген жануар осы де? Жарайсың, Ақботам!

Мен де Ақботадаң түсіп, есік алдына жақын апардым. Ақбота: «неге тамашалайсыңдар осыншама?» дегендей, жағалай тұрған жұртты көзімен бір сүзіп өтті де, әлдекімге тесіле қалды. «Бұл кімнен көз алмай тұр?» — деп Ақботаның көзін аңдысам, председателге үңіле қалыпты. Ерден де оның тесіле қараған көзіне шыдай алмай, кейін шегіне берді. Осы кезде Ақбота жынын шайнап-шайнап мойнын созып, Ерденнің бетіне түкіріп келіп жіберді.

Тұрғандар селк етіп, кейін шегінді! Председатель тағы да түкіріп масқара қыла ма дегендей бетін қолымен жауып, бүрісіп есікке қарай тығылды. Бірақ, Ақбота енді қайтып оған қараған жоқ, менсінбеген пішінде басын көкке көтерді.

Тұрған жұрт ду күлді. Аупартком хатшысы да күлді. Мен де Ақботаның мойнынан аймалап, рахаттана күлдім. Қап-қара болып түтігіп кеткен Ерден сып етіп конторға жоқ болды...

Сол күні менің бастан кешкенімді сөзбен айтып жеткізу қиын!

Аупартком секретары халықты жинап алып, жиналыс аштырды да, председателге есеп бергізді. Мен де бірінші болып сөйлеп, кешегі секретарьға айтқанымды қайталап, жұрт алдында тағы да сайрап бердім. Менен кейін басқалар әрең шыдап жүр екен, іліп әкетті. Председательдің шаруашылықты басқаруға ебі жоқтығын, немқұрайлы, атүсті қарайтынын, адамды қадірлемейтінін, сыйламайтынын айтып, бетіне басып, қатты сөкті.

Ақырында секретарьдың өзі сөйледі.

— Түйе екеш түйе де бетіне түкірген председательді енді ұстап тұруға болмас! — деді.

Ерденді орнынан алды...

Біз таң атқанша әңгіме жібін тарқата бердік.

— Ақбота қайда қазір! — дедім мен көруге ынтығып.

— Сол Ерден ұрғаннан кейін ұзақ ауырып, бір көзі шығып кеткен. Әйтсе де, еңбектен қалмады. Менің адал серігім болды... Боталап, оннан аса төлі болып, бәрі де менің тәрбиемді көрді. Өзі осыдан екі жыл бұрын, боталарын қасқырдан қорғап жүріп өлді.

Уақиғаның бәрі осы...

Мен Гүлмизамен қоштасып жүріп кеттім. Павлодарға жетер-жеткенше: «Ақботаның күмістей жылтыраған жүні, жұмсақ та жылы» — деген оның нәзік дауысы құлағымнан кетпей қойды. Сөйтіп, Ақботаға мен де ғашық болдым.

Одан бетер ақылды да, сезімтал Гүлмиза, сені, сені жақсы көрдім.

АҚТҰЯҚ

Жаз шыға Дәулет қарт Баян тауының күнбатыс жағындағы Торайғыр көлінің жиегіне колхоздың бір қотан қойын айдап барып, жайып, семіртіп, күз түсе қара суық бастала бір-ақ қайтатын-ды. Жылдағы әдеті осы. Биыл қыс қатты болса да, бір қой шығын шығармай, жер ери-ерімес жайлауына ертерек оралған.

Көкпеңбек, көк-мөддір көл, тау ішіне әкеліп қолдан орната қойған үлкен кесе тәрізді. Дөңгеленіп, суы кернеуімен бірдей шыпылдап, тұнып тұр.

Көлдің бір жақ қабығы — қия жартас, биіктен түнере төнген құзар, енді бір жақ қабағы — көлбей келген құлама; төбешіктер арасындағы тар жырамен Дәулет қойды осында айдап әкеліп тоғытып, суарып отырады.

Қотан басында үш кісі бар: күндіз қойды өрісте Дәулет бақса, түнгі күзетте сом денелі, жасамыс Асан тұрады. Асанның әйелі ас пісіріп, кір-қолдарын жуады. Киіз үйлерін көл жиегіне тақау тоғай ішіндегі алаңға тіккен еді. Қойды қас қарая сол үйлердің маңына үйіреді.

Дәулеттің қараша киіз үйінің тозығы жеткен, жауын болса, саулап тамшы ағады. Баяғыда әйелі марқұмның ұзатқанда әкелген жасауы да содан бері ескінің көзіндей көріп, сақтап келіп еді, биыл тіптен қаусап қалса керек, әрең тікті — керегесі керіліп, уығы омырылып, түндігі жиылып, біржола қадірі кетті.

Сол бір күндері көзінде көзілдірігі бар, серейген балаң журналист ер аралап жүріп, қызық-қызық сұрақтар берді.

— Тұрмыс күйіңіз қалай, ақсақал?

Дәулет ойланбай шапшаң жауап қайтарды:

— Жақсы.

Журналист мырс етіп күліп жіберді. Асан да жұбайымен масайрасып қатар күлді.

— Үйіңіз мынау — ашық-тесік. Жауын жауса паналайтын жері жоқ... дірдектеп тамшы ақпай ма?

— Ағады, ағады, — деді Дәулет немқұрайлы.

— Ақса, тұрмысым қалай жақсы дейсіз?

— Жақсы демесем, тамшы ақпай ма? — деді Дәулет сөз астарына мән бермеген аңқау адамдай, жапақтай қарап. Қожанасыр мінезіне сап мысқылдап отыр-ау осы дегендей, журналист қызараңдап қысылып қалды.

Сөзге Асан араласып: Дәулетекеннің құдай берген мінезі, бір адамнан бір сабақ жіп сұрамайды, «сұрау — телміру, бас ию» деп ұғады, бұл кісіден басқа біреу болса да әлдақашан арыз айтып жаңа үй саттырып алған болар еді деп ақырын шаптан түрте бастағанда-ақ, шал: «Мұндай іш кептіретін бос сөздің керегі қанша!» дегендей, үн-түн жоқ орнынан тұрып маң-маң басып, қой жатқан өріске қарай кете барған.

Өмір — Дәулетті маңдайынан сипап, не мейірім білдірген, не арқасынан қағып еркелеткен жоқ-ты. Ежелден қабақ түйген қаталдыққа көнген басы күтпеген жерден өмір шоқпары салып өткенде Дәулет ыңқ етпей тістене томсырайып, үнсіз жүре беретін, не құдайға, не адамға тілін тигізіп, шағым жасаған пенде емес. Ішкі күйіктің зарлы шерін жападан-жалғыз өзі ғана тарқата білетінді. Қой ішінде ғана қайғы-қасіреттің уыты бәсеңдеп, көңілін аулап, жанына бір тыныштық табатын.

Я, Дәулеттің қой баққанына көп жыл болды. Жыл қуып санағанның өзінде де — отыз бес жылдан асады, қысы-жазы, ертелі-кеш қой ішінде құладүз далада күндіз жел қағып күнге күйіп, ымырт жабыла қойды қотанға айдап әкеліп, қараша киіз үйдің көлеңкесінде уһ деп демін алып, түн де ашық шаңырақтан жұлдыз санап күн райын болжап үйренген, жел сыбдырының тілін ұғып, шөп дәмінің нәрін түсінген Дәулет. Дала сырына қанық Дәулет.

Әсіресе ол ертеңгі салқынмен қой семіретін көк барқыт өртенді, ащы жусанды іздеп, өрістеп алысқа ұзай сонау Жасыбай көлінің түбіндегі кереге тасқа дейін жайып қайтатынды. Әсіресе күн тал түсте шыжып тұрғанда көл жиегіне қойды айдап апарып суарып, тоғытып, жүндерін жылтылдатып, тұяқтарын сыртылдатып алдына салып өріске қайта айдағанда өзіне көңілі толатынды. Әсіресе, қозыларды ұстап алып уылжыған жас денесіне кіріп кеткен кенені аршып арылтып, құйрыққа бір салып мауратып, қой

соңынан жібергенде, жаны рахат табатынды. Жылан мүйіз қошқарлардың егіс-қияс соғысын көріп мәз болып: «үрит, соқ-соқ!» деп тамашалай қызығып, езу тартып күлгенін өзіне бір ғанибет қылатынды. Қой ішінде бүлік салып арық тоқтыны шаптан тіреп, шайпау тілімен шөбін тартып жейтін азбандарды ашу үстінде таяқпен қайқаңдата ұрғанда өкініп жаны тағы ашитынды. Көл жиегіне суға тойып, қарнын көтере алмай ыңқ-ыңқ етіп ыңыранып, жағалай жусап, жабыла сырт-сырт күйсегені, қоңыр көзімен Дәулетке сүйсіне қарап қойып, көсем қошқарлардың иесінен әмір күткені жүрегін тебирентетін.

Түс ауа тау бетінде қызыл тәтті жидекті, қышқыл дәмді бүлдіргенді теріп жеп, тұяқтары сыртылдап, тас арасында жайылып жүргенде, Дәулет те жантайып жатып, құстар шырқаған әнді тыңдайтын. Қай құс ән салып тұр, даусынан танып қайда шарықтап қонатынын күні бұрын біліп болжап отыратын. Тіптен ойын-сауық, жанжал-егесіне дейін айырып, әрқайсысына баға беріп, тентек тұрымтайды, күйгелек жүйкентайды, жалбаңдаған жапалақты, безілдеуік қара торғайды алыстан танып, «Әй, бүлдірген сенсің-ау осы» деп іштей кейде мақтан етіп, ерлігіне таңданып күліп те алатын.

Құс қанатының соңынан Дәулет шалдың қиял-арманы көтеріле бірге ұшатын...

Тізбектеліп күн артынан ай туады. Ай артынан жыл келеді. Көгілдір мұнар басқан Ақбет шыңының сол бір тәкаппар қалпы: «Шық менің басыма, ер болсаң!» деп екілене шақырып тұрған, тау етегінде тұнып жатқан Торайғыр көлінің де сол бір көкшіл мөлдір тұнық жайы — мені іш, орта түсір!» — деп ол да егесе сөз тастап, өзгеріссіз жыл өтсе да өзгермей-ақ тұрғаны.

Кеше ғана осы жерде лақтай секіріп, «айқайлап!» екі санын шапалақтап, жалаң бұт жүгіріп жүрген Дәулет, міне қартайып «қария» атанғаны мәлім. Қараша үйінің ішіне ауыр қайғы енген, қолақпандай екі азамат ұлы соғыстан қайтпай қалған, үлкен ұлының әйелі көрші колхоздағы комбайнерге күйеуге тиіп, кішкентай немересін сүйдірмей, бірге алып ол кеткен. Қасірет бұған кемпірі және қайтыс болған. Шал, міне, жалғыз

— қатал шындық бет-аузына осып-осып әжімнен із салып, шашын күмістей ағартқан, иығынан басып, тұқырайтқан, бірақ, атан жілік мықты шал аяғын нық басып жүре берді, бір кездегі жалпақ қызыл беті күнге күйіп қоңырқай тартып, жар қабағы түксиіп қой көзін жапқан. Қаншама қасірет шегіп, бейнет көрсе де ішкі сарайы көмескі тартпай, сол жарқыраған бұрынғы қалпында. Не бір кіршік, не бір дақ таба алмайсың көңілінен, дау-жанжалдан ат-тонын ала қашады, сөзге сараң, момын шал, қолынан келсе, жақсылығын кісіден аямайтыны тағы мәлім. Өзі сияқты шалдардың қой-қозысына ен салдырып колхоз қойымен қоса баққан, ауырса емдеп, жылда өсімімен қайырып отырған.

Колхозда Дәулетке сый-құрмет көрсетпейтін пенде бар ма, қайсысы болсын сыртынан бір ауыз «Тәңір жарылқасын!» деген жылы сөзін аямаған.

Дәулет өзінше мақтанады. Құдайға тәуба, осы жасында өзі болып бір адамнан көмек сұрап көрген емес, керек десең, осы күнге дейін колхоз председателінің кеңсесін ашып, бір ауыз тілек айтқанын ешкім естіген жоқ. Не көрсе де өз басы көріп, не ойласа да өз ішінде жатыр талай қара ит өліп. Төбе басында жантая салқындап жатқанда, қойны-қонышына кіріп, қытықтап лезде басыла қалатын шілдедегі самалдай қуаныш та жанына рахат леп әкеліп іле басылатын.

Сол күні тағы бір қуаныш лебі соғып Дәулет жан-жағына мойнын созып қарап қойып, «шәйт!» деп дыбыс білдірді. Бұл: «Мен мұнда, тек жүріңдер!» деген қойға да, қой соңында еріп жүрген Қара қасқаға да берілген әмірді.

Салпаң құлақ маңдайында дөңгеленген ақ қасқасы бар, тайыншадай қара төбеттің шалға серік болғанына біраз жыл өтті, әмірін екі қылмайды, берік те сенімді дос, әттең, қартайып қалды, кім біледі, бір күні жақсы ит өлімін көрсетпейді демекші жоғалып кетіп, Дәулетті тотитып жүрмесе...

Енді мұндай көмекшіні тауып алу да оңайға түспес! Тау қыратына жапа-тармағай өрлей жайылған қойды бақылап жантайып жатқан Дәулет көзі қия жартастағы құс сауғаған ағаш кеуегіндей, үңгір-тесікке түсті, бір кезде. «Апырмай,

бүркіттің ұясы болғаны ма?» деді іштей көзін алмай, шынтағына сүйене басып көтеріп.

Бұдан екі жыл бұрын осы жартасқа бүркіт ұя салады деп жұрт аңыз етуші еді, расқа шыққаны-ау!.. Дәулет неғып көрмеді екен бұрын?

«Әй, шалым-ай, — деді дауыстап Дәулет өзіне-өзі. — Сен ылғи жерге қарайсың, жоғары аспанға қарау керек емес пе, сонда көресің небір жақсылықты».

Дәулеттің құс «тілін» білетін — құсбегі досы болатын, марқұмның өлгеніне бір жыл болып қалды, сол кісі бүркіт бірақ жұмыртқа салып басады да, балапан темірқанаттанып, ұшуға талпынғанда қырандыққа баулиды, деуші еді.

Дәулет күн сайын қия жартасқа салған бүркіт ұясын аңдып бақылайды да жүреді. Бір күні тұяғына қысқан кішірек аңы бар бүркіт қылыш қанатымен аспанды кескілеп, су-су етіп жетіп келді де, көлді екі айналып саңқылдап, балапанын шақырып ұя жиегіне қона қалды. Имек тұмсығымен аңды жәукемдеп, заматта дал-дұлын шығарып, қызыл шақа етімен балапанын жемдеді. Дәулеттің қырағы көзі алыстан көргенін көріп, көрмегенін ойымен толықтырды. Бүркіттің жем берісіне қарағанда да балапан әлі темір қанаттанбаған, мамық жүні үлпілдеп, тебендеп, жаңа шығып келе жатқан-ау деп топшылады. Ұстайтын дер кезі. Енді бір ай өтсе, кеш қалады, балапан аспан әлемінде тіршілік құрған құстар қауымының айбынды әміршісіне айналады.

Дәулеттің жүрегі дүрсілдеп, алақаны қыза бастады. Дала қазағына біткен әуесқой мінез қоя ма, жастық қиялды қайта ерттеп мініп, ұзақ жылғы арманы оралғандай. Шіркін, аузымен құс тістеген жүйрік ат, құмайдай аққан қара құлақ алғыр тазы, саңқылдаған қыран бүркіт ержігіттің бақыты емес пе!.. Осы үшеуінің біріне ие болмаған жігіт ертең қартайғанда: «өмірде не көрдім? Қандай бақытқа ие болдым?» дей алады. Айдын далада құс жүгіртіп, ит салып жігіт атану — бесіктен туа тілек ететін арман ғой...

Дәулет ұзақ түнге, биік қиял өрінде өрмелей жатып өзіне-өзі риза болмай, бір күн болса да сал-жігіттер қатарына қосыла алмай кәрілік шалғанына өкінді.

«Балапанды ұстау керек!» деді өзіне-өзі күбірлеп, іштей бекініп. Артынан тыныштық сүйген кәрілік мазасын алып дауға шақырды: «Неменеге керек ол саған? Сыйға тартатын баяғы досың жоқ, өзің баулып өсіре аласың ба?» деген сенімсіз жігерін құм қылғандай. Бірақ, аңшының қызба қаны, «жастықтың соңы осы болар, арманыңа қол созбайсың ба?» деген итаршы ой, екеуі қосылып Дәулетке қуат берді. Жастық шақта орындай алмаған арманына ұмтылғысы келді.

Ертеңіне жинақылау киініп жолға: балапанның өткір тұяғынан сақтану үшін қысқы биялайды, балапан салатын дорбаны алды, бүркіттен қорғанып беліне таяғын және қыстыра кетті.

Күн қоңыр ала көлеңке, аспанды жайлаған қарала бұлт. Нағыз аңға шығатын кез. Бүркіт те аң аулай кеткен болар, отыра ма мұндай күні!...

Таудың артқы жапаң, құлама жағынан келіп шың басындағы ұяға қарай өрмеледі шал. Біртіндеп көтерілгендіктен бе шың басына шыққанша қиындық көрмеді, жеңіл барды, жел қағып жаңбыр жып-жылтыр қылған тастақтың аяқ ілінетін, аяқ тірейтін жері жоқ, еңбектеп, сырғанап жылжуға тура келді. Орашалақ қимыл жасаса болғаны, күмп беріп көлге құламақ. Малти білсе бір сәрі, одырақ шал су түбіне кетіп жүрмесе.

«Алжыған шал, әліңді білмей әлек болып, қартайғанда нең бар еді биікке тырмысып, қолыңды созып!.. Бүркіт ұстау сенің не теңің. Өстіп жүріп өліп кетсең, сүйегіңді таба алмай қалмай ма! Ең болмаса, Асанға айтып та кетпедің, қайдан іздейді ол сүйегіңді!..»

Дәулет біресе өзін жерлеп сөгіп, біресе келемеждеп күлсе де етпетінен жылжи берді. Ұясы жақын қалды. Енді бір жылжып қыранға қолын созса, Арқа қазағының тымағы сияқты төбесі шоп-шошақ құз басындағы ұяға тиеді. Самайынан аққан тер домалап, күзгі шықтай сақалына жабысады. Буыны босап, тізесі діріл қағып, мойны да талған сықылды. Жан-жағына қараса болды, басы айналып, құлап кете жаздайды, Қарамау керек! Қарамау керек, Дәулет! Уақытта созылып кетті. Тіптен бір орында жатып, қолын

тырбындата бере ме қалай... Өңбейді-ау, өңбейді. Аздан соң өліп-талып жеткен кезде, Дәулеттің көзі жұмылып, діңкесі құрып, сұлық түсіп жатып қалды. Қанша жатқаны белгісіз, тек арқасын күйдірген күннен есін жинағандай. Жан-жағына қарап: аспан тұтасқан қара бұлт тарап, төменде жарқыраған көк мөлдір көлдің бетінде күн сәулесі моншақ шашқанын байқады.

«Құласа ғой, шолп етіп салқын суға түсіп, көк торғын толқын денесіне оралып, тұңғиық тереңге батады да кетеді. Кім білсін, көл түбіндегі шошайып тұрған тасқа соғылып мылжа-мылжасы шыға ма, әлде су астындағы балықтың жемі бола ма!..

Қайдағы жоқ ойға үйір екен шал бишара, өстіп жатқанда ғой, бүркіт келіп қалса шаруасының біткені.

Дәулет апыл-құпыл биялайын киді де, қолын ұяға сұғып жіберді. Үрейі ұшқан балапан ысылдап, тегеурінді тұяғымен биялайды тырмалап қарсыласа бастады. Енді бір мезет өткір тұяғы алақанына кірт-кірт кіріп, сілбілеп қан аққан тәрізді. Қолдың ауырғанына қараған шал жоқ, ілінген жерінен ұстап, умаждап ұядан балапанды алып шықты да, дорбаға тыға салды.

Енді кейін қарай сырғыды. Қия жартастан төмен түсу — бір қолында дорбасы тағы бар — жоғары өрлеуден де қиынға түсті Дәулетке. Жиырма қадамдай жер жылжыған кезде, тұяғына қысқан қояны бар, күн сәулесіне оттай шашып, жарқылдап, баласын сағынып саңқылдай бүркіт оралды ұяға. «Қап, табалмайды-ау, сорлы балапанын!» деп, шал күбірлеп жаны ашып, қиналса да бүркіт кешіре ме, қалай да өз басын қорғауға тура келді.

Бүркіт те алыстан бір сұмдықтың болғанын сезгендей. Ғасыр бойы басына томаға, аяғына балақ бау тағып, әмірін жүргізіп келген адамның тегін жүрмейтіні, қайғы-қасіретке душар ететіні мәлім. Бүркіт ашуға басты. Қанатымен ұяны сипалап жанынан ағып өтіп ішінде балапан жоғын сезген соң, тұяғын жазып, жемтігін суға тастап жіберді де, шарықтап қияға көтерілді, көлдің үстін бір айналып, Дәулетке оқтай атылды.

Жан ұшырған шал «енді түсті-ау!» дегенде, таяғын сермеп қалды, бүркіт тайқып түсе алмай, екінші рет айналды. Дәулет шалқасынан аунап түсіп, таяғын көтеріп, айбат шекті. Ашулы бүркіт бұл жолы тым жақын келді. Көзінде ыза-кек, өкпе-зеку секілді.

«Жоқ, ақымақ шал, бүркіттен саған қайырым жоқ. Қорғай біл өзіңді!..».

Осы бір мезет бүркіт үстіне түсіп үлгермеді, Дәулет бар күшін жинап таяғымен салып жіберді, бүркіт аспанға қайта шарықтап, жоғары көтеріліп барып-барып қалықтап тұрып алды. Дәулет енді күжбеңдеп жерге түсуге асықты. Пәледен құтылғандай. Өз мінезіне риза болмай ренжісе де, тірі қалғанына қуанып, таудан түсісімен қутыңдап атына қарай ұмтылды.

Бүркіт әмірі жүретін аймақтан шықты, енді оның шабуыл жасамасына көзі жетті. Атына мініп алып, қосына қарай тура шапты. Дорбаның аузын ашып, балапанды алмаса, тұншығып қалуы ықтимал.

Шынында балапанның сиқы да келіссіз екен, жүнін үрпитіп, аузын ашып ысылдап, тұяғын сермеп, ұрып жібергісі келіп тап-тап береді.

«Әй-әй, білемін, мені неге жек көретініңді. Қайтейін достым, болар іске, болаттай бол! Мен мейірімсіз адам емеспін, сенің бүркіт шешеңнен де артық күтемін. Бұған әлі көзің жетеді. Дәулет саған жамандық істемейді...»

Шал ең алдымен тұғыр жасады. Құс патшасы, патшаға лайық тақта отыруы керек.

Алдымен тұғыры балапан талпынғанда құламайтындай, тұрақты болуы үшін төрт аяқты қылып орнатты, бала бүркіт отыратын жем басарын аса ұқыптылықпен жұмырлап, табанына жайлы, уысына сыйымды етіп жасады.

Баяғыда Жаяу Мұсаның ауылда: «Тұғыр жайлы болса, бүркіт шошымалы болмайды, қанат, құйрығы сынып майыспайды, құс — қанатымен ұшып, құйрығымен қонбай ма?.. Күтіп өсірген құсбегінің бүркіті алғыр болуының бір шарты осы!» дегенін өз құлағымен естігені бар.

Кеш батпай тұғырды бітіріп, бала бүркітті қондырды да, ескі көйлегінің етегін жыртып алып, үстіне жаба салды. Кім біледі, тау іші суық, мамыққа төселген ұясы жылы болар мұның.

Енді балапанды аштан өлтіріп алмай асырау керек. Еттен басқа қорегі және жоқ... Қас қарая Қарақасқа қойды қотанға айдап келісімен Дәулет қойдың ішінен өзінің ерте туған марқасын бұлжытпай тауып алды да, тік көтеріп иығына салып салақтатып үйінің қасына апарды.

Жолшыбай Асан кездесіп қалып, марқаны көріп:

— Ауырып қалғанның қай жағы? — деді таңданған пішінде.

Асан өткен жылы шеттен көшіп келіп, колхозға мүше болып түсті де, үлкен ұлын қолөнер кәсібінің училищесіне оқытты, қарны қампиған жеті жасар кенжесін колхоз өміріне үйретіп алды. Әуелгі кезде ол колхоз шаруасына шалдың өз дүниесіндей қарайтынына түсінбей, іштей ыза болып жүрді де, артынан жата-жастана ұғынған сықылды. Сондықтан да бүгін:

— Сау, ауырған жоқ. Сояйын деп әкеле жатырмын. Аяғын ұстасып жібер, — дегенде Асан не дерін білмей сасып қалды.

— Қалай соясыз?... Қозы кімдікі еді!

— Немене, колхоздікі деп пе едің?...

Асан үн қатпай соңынан ере берді де, үйге кірген соң төрде отырған бала бүркітті көріп, қозыны кімге соятынын айтпай-ақ түсінді. Дәулеттің бұл қылығы Асанға ұнамады. «Құсбегі емессіз, қайтесіз әуре болып... Бүркітті үйретіп, баулу оңайға түспейді, егер, дұрыс баулымаса, ертең бүркіт: не иесіне түсіп жарақаттап тастайды, не бір күні күтімнің жамандығынан тырапай асады. Өкініш емес пе? — деп азғырып та көрді. Бұл сөз Дәулеттің құлағына кіріп те шықпады. Мұртынан күледі. Әдеттегі самарқау қимыл, байыптылық қалпы, қутың-қутың етеді. Қой терісін лезде сыдырып жіберіп, қолынан бір кесек кесіп алып далақтап, бала бүркіттің алдына алып барады. Балапан ысылдап, сескеніп маңына жуытпады.

«Көрдің бе, таң атқалы аш, сөйтсе де қолдан жем жегісі келмейді. Паң!...»

Дәулет етті тұяғының арасына қыстырды да, өзі үйден шығып кетіп, жақтаудан сығалап бақылады да тұрды. Балапан біресе жемге, біресе жан-жағына қарап елегізіп, біраз қопақтады да, аздан соң бір шоқып, бір қойып, сенбей отырып, дәмін татқан соң құныға жеді...

Түнде бағлан қозының жас етін жей отырып, Дәулет Асанға жүректе құса болып қатқан бір шерін тарқатты.

Жас күнінде Баянауылының маңындағы қыруар елдің әйгілі сал жігіттері: Қаржастан шыққан Шорманның Садуақасы, Айболдан шыққан Серкебайдың Әбіші, Қозғаннан шыққан Жақыпбайдың Бозтайы, Күліктен шыққан Баспақтың Шайманы немесе қазақ даласына аты жайылған Жалайырдың Шорасы, Арғынның Жалбысы мен Жаяу Мұсасы сияқты құсбегілерді естігені бар-ды. Соларға еліктеп әр ауылдың өз салдары ит жүгіртіп, құс салуды мақтан көріп, Дәулеттің көзін қызықтыратын. Шіркін, мен де осылардай құсбегі болсам деп, арман етуші еді. Кешке жақын қотан күзетіп отырып, аңыз қылып айтқан құсбегілердің ерлігін жадына тоқып, бар ынта-ықыласпен аузының суы құри тыңдайтын.

...Кекіліне үкі таққан, үстіне күмістеген ер салған қаз мойынды, тоқпақ жалды арғымақ мініп, ердің оң жақ қасына байланған балдаққа бүркіт қондырған қолын тіреп, қиқу салып, ағызып ала жөнелетін. Соңынан шапқан ұзын тұмсық жатаған тазылар алдын орап, шу қара құйрық ол кететін. Үй жанында қызыға қараған қара баланың арман-қиялы солардың соңынан бірге кетіп, өкпесі өшіп, қасына қайта оралып мұңайып, көзіне жас алатын. Әттең шіркін, аяққа тұсау кедейлік-ай...

Содан бері бір күн болса да, құс салу Дәулеттің қол жетпес арманы еді.

— Түсіндің бе енді, Асан? — деп, Дәулет күлімсіреп сөзін түйді. — Қартайғанда сол арманым орындалды ма деп білемін.

... Балапан тез өсті. Бала бүркіт есейді. Көкшілдеу имек тұмсық, қызыл көз, жарқабақ, үлкендігі он екі тұтам, нағыз шөгелдің өзі болып өсті. Жылтыр да, қоңыр қанатының түбі ағарып, күннен-күнге түлей берді. Бүркіт тұяғы қатайып, іш

жағы көгілдірленіп, түп жағы ақшыл тартқандықтан, Дәулет «Ақтұяқ» деп ат қойды.

Ең қиыны, осы Ақтұяқты баулу Дәулетке күшке түсті. Баяғы құсбегі досының сөзін, Жаяу Мұсаның әңгімесін есіне түсіріп, ұмытқан жерін өзінше өзгертіп, үйрете бастады. Ақтұяқ тез үйренді.

Қосаяқ, суырға қақпан құрып ұстап алып киіз үйдің ішіне әкеліп, бүркіттің алдына қоя беріп қызықтырып көрді. Тұғырда отырған бүркіт сусылдаған ұзын қанатымен жер сабалап, керегеге соқтығып, тұра ұмтылып бас салды...

Дәулет бұған қуанып, қолына қызыл жемді ұстап, алыстан:

— Па! Па! — деп шақырып еді, керенаулап, құштар бола қоймайды. Дәулет ойлап-ойлап басқа бір әдіс тапты. Жеміне қант қосып бір-екі рет таттырып еді, Дәулет шақырғанда қолына асыға қонатын болды.

— Бүкіл Баян думанына атағы жайылған Жаяу Мұсаның әйгілі «Көкмойнынан», Шайманның «Саршалағынан» кем болмайсың. Сенің даңқың аз күнде бүкіл облыс көлеміне жайылады, достым!.. Шыда!» — деп талпынған бүркітке ақыл айтып, тоқтап салса да, алдағы күнге қам жасады.

Қойдың тамақ безін колхоздан әкелген бір торсық қымызға салып, бір жұмадай ашытып, барбитып, ісіндіріп алып бүркітке жегізді.

Бүркіттің ескі ұяң жүні түсіп, көктемдегі жерге шыққан өртеңдей көгеріп, жүні жылт-жылт етіп өзгеріп шыға келді. Бұрынғы сылбырлық, үркектік сияқты жат мінезі жоғалып, таң атса қанатын қомдап, саңқылдап майдан іздеді.

Бөтен адам үйге кірсе тап беріп, Дәулетті көрсе қуанып, шаңқылдап, қарсы алатынды шығарды.

Бір күні Дәулет бүркіт аяғына шолақ балақбау тағып, үй үстіне қондырды да атына мініп, жемге шақырды.

Ақтұяқ жем орнынан аспанға бір-ақ шырқады, қанатын құлаштай сермеп, көтеріліп барып төмен құлдилап, қотан шетінде жайылып жүрген Асанның ақсақ лағына жармаса түсті де, тұяғына іліп алып, биікке қайта шалықтады.

Дәулет аузын ашып, таңдана тамашалап, көзін алмай қадалды да қалды. Не десін тентекке?

Күйіп-пісіп тарылып қалған Асан, тыныштықты бұзып, баж етті:

— Құртты-ау, мынау бұзық!... Шақыр, ойбай, лағымды тастасын!

— Па! Па! — деп, Дәулет бар даусымен қолын қалқалап айғай салды.

Ақтұяқ иесінің даусын естіген сықылды. Ауылдың үстін бір айналып, төмендей барып, лақты тастап кете барды, Асанның әйелі сасқаннан алақанымен бетін басты. Лақ екі-үш домалап, сілкініп түрегелді. Қандай мықты.

Шал қуана күлімдеп, баяу салмақты дауыспен тағы шақырды. Бүркіт бұл жолы өзінің тентек қылығына ұялды ма, қанатты биікке сермей берді, шарықтай берді жоғары. Көкшіл аспанда емін-еркін ойнақ салып, армансыз мауқын басты.

Дәулеттің жастық шағы қайта айналғандай, ерекше жігер-қуат бітіп, бойы сергіп, ұзақ жылдар жоғалып кеткен шаттық-қуанышқа бүгін тағы ие болды. Жоқ, Дәулет кәрілікке енді мойынсұнбайды. Дәулет жас!...

Ақтұяқ киіз үйдің төбесіне қонды. Дәулет жас адамдай жүгіре басып, шұғыл қимылдап бүркіттің қасына барды. Қолына алып, бала ұқсатып, басынан сипап, бұрын аузына түспейтін сөздер тіліне оралып, күбірлеп айта берді. Бүркіт иесінің сөзіне разылық білдіргендей, біресе Дәулеттің жымырайған ақ қалпағына, біресе киіз үйге, біресе аспанға мақтана қарап: «Биікте қандай тамаша, білесің бе, шалым!» дегендей.

Осы бір күннен бастап Ақтұяқ екеуінің достығы мейлінше күшейе бастады. Күніне бір рет кешкі салқын түсе бүркітті қоя беріп, аспанға саяхат шектіріп тұратын болды. Асанның «айырылып қалмайсыз ба?» деген күдігіне:

— Қанатын жазсын, қайта кетер дейсің, — дейді бүркітіне сенімін білдіріп.

Жаз ортасы ауа қотан басында үлкен бір уақиға болды. Қарақасқа бір-ақ түнде зым-зия жоғалып кетті. «Жақсы ит қой, өлімін көрсетпеген шығар!» — деп Асан шайып-жуып маңыз бермей тырысса да, байқаусызда әйелі күйеуінің сырын

ашып қойды. Сол түні ит қатты үрген соң Асанның әйелі оянып тысқа шықса, айдалаға жүгіріп бара жатқан бір топ қасқырды көзі шалған. Сол күні Қарақасқа жоғалып шықты.

Шал енді түсінді. Қойға шапқан үйірлі қасқыр Қарақасқаны жетектеп алып кеткен де талап өлтірген. Жекпе-жек бір қасқырға әлі жететін төбет, үйірлі қасқырға шамасы келмеген.

Дәулет Асанға қатты ренжіді. Күзетте тұрып ұйықтап қалған. Дені сау, тепсе темір үзетін қарулы жігітті құдай жалқау қылып жаратқан соң амал нешік. Дәулет осы ойын оның бетіне басып, тілдегісі келіп тұрды да, шыдады. Іштен тынып кете барды. Бар айтқаны:

— Енді қасқыр шыдатпайды! — деді.

Дәулеттің сөзі расқа шықты. Ертеңінде үйірлі қасқыр қойға тағы шапты. Қойшының көзінше бір марқаны арқасына лақтыра салып, зыта жөнелді. Дәулет мылтық атып, Асан айтақтап жүгірсе де елең қылған жоқ, енді не істерін білмей ашу кернеген шал, жүгіріп үйіне барып, бүркітті алып шыққанынша қасқыр қыр асып кетті.

Сол күннен бастап Дәулет Ақтұяқты қолына қондырып, өзімен бірге қойға алып жүрді. Дәулеттің сергек те сақ екенін сезгендей бірнеше күн білінбей, жоғалып кетті қасқыр.

Бұл да қасқырдың айла-тәсілі сияқты — ұмыттырып барып, кенеттен тап бермек екен. Дәулет атын оттатып, жантайып жатқан, қасындағы Ақтұяқ ердің үстінде айналасына елегізе қарап отырған-ды. Бір кезде Ақтұяқ саңқылдап, қанатымен астындағы ерді соғып, көтеріліп барып қонды.

Дәулет ұшып тұрып, жан-жағына сүзе қараса, төбенің ық жағында, қалың шалғын арасымен жер бауырлай жорғалап бара жатқан қасқырдың арқасы жылтырайды. «Қоймысың!» деген осы-ау, ештеңеден хабары жоқ, әр шөптің басын шалып күрт-күрт шайнап, жайылып қойлар жүр.

Бүркітті қолына ұстай-мұстай Дәулет атына ұмтылды, қарғып мініп қасқырға қарай жайдақ тұра шапты. Олда аттыны көріп қалып бұрылып алып, төбені айнала қаша жөнелді.

— Па! Па! — деп, көтеріңкі де сүйсінген үнмен Дәулет қыранын ұрысқа жекпе-жек майданға шақырып алға

итермелеп, лықытып тастап жіберді. Бүркіт атылған оқтай жарқ етіп қасқырдың үстіне түсіп, жаншылап езіп, арқасы бүлк-бүлк етіп айқасты да қалды.

... Құлағын қайшылап, оқыра адыраңдаған торы атын әрең тоқтатып, секіріп түсті Дәулет. Белдемесі үзіліп кеткен қасқыр тырайып жатыр. Бүркіттің алдыңғы тұяғы бөрінің көзін ағызып жіберген де, артқы тіреу тұяғы шықшыттан қапсыра ұстап бас терісін жиырып, ырситып тастаған.

— Күшіңнен садаға кетейін! — деді Дәулет дауыстап қуанғаннан. Құсбегілердің тәсілін қолданып аяғының білезігінен қысып қалып еді, бүркіт тұяғын жазып, босатып берді. Қой сойып үйренген қасапшы Дәулет жалма-жан қойнынан пышағын суырып алып, қасқырдың бас терісін тіліп жіберіп, тізеге салып бір-ақ сыдырды. Сүйек жігінің ізімен пышағын жүргізіп отырып, басты қақ айырып, буы шығып тұрған миды алып Ақтұяққа жегізді.

Баяуда Жаяу Мұсаның айтқаны бар: «Қасқыр миын жеген бүркіттің аузынан дәмі кетпейді, татса жетті — қасқыр қыратын қыранның өзі болады» деп... Айтқандай осыдан кейін бүркіт бір айдың ішінде тағы төрт қасқыр алды. Қарақасқаны жыртқан бөріден кегін әперді.

Құлазыған жалғыздығын ұмытып, өзіне дос тапқан Дәулет жасарып, бозбала күніндегі күш-қуаты қайта оралғандай. Бүркіт емес басына бақыт құсы қонған сықылды. Бірақ, бұл бақыт ұзаққа созылмады, әдемі түстей қысқа болды. Дәулеттің ерлігін де, күшін де сынайтын күн туды.

Қоңыр күз басталды.

Дәулет қолында қыраны, ат үстінен таңғажайып айналаға көз жіберіп қыр басында тұрды бір күні.

Ақбет таудың басына жиналған қара бұлттың етегі дастархан шашағындай тарам-тарам болып тармақтана салбырағанына қарағанда жауын жауып жатқан сияқты. Асқар шыңның басына арта салған көпірдей, кемпірқосақ нелер ғажап түске боялып, алыстан көз тартады. Күзгі қайтқан күннің көзі бірде бұлт астына түсіп жасырынып, бірде шадырая үңіліп, құбыла берді.

Жел басылып, мұнар тартқан жазық далада шашырай жайылып, өрістеп бара жатқан қойға сүйсіне қарайды Дәулет.

— Ақтұяқ тұрғанда қасқыр да жолай алмас, жүрегiнiң түгi бар көкжалы болмаса! — дейдi қойшы тыныш, бейбiт өмiрiне көңiлi толып.

Дәулет ертерек мақтанған сияқты, ойын аяқтап үлгермедi, қойдың бiр шетi дүркiрей үркiп, ортаға қарай иiрiле бердi. Ақтұяқ та елегiзiп, мойнын созып, талпына бастады.

Екi қасқыр сек қойдың бiрiн алқымынан алып, ендi бiрiн құйрығынан тартып қатарласа ала қашты. Дәулеттiң қырағы көзi тiс қаққан әккi емес, балаң қасқыр екенiн анадайдан болжады. Көкжалы болса, арқасына лақтырып жiберiп зытар едi. Қолда әрең деген де тұрған Ақтұяқ оқтай атылып, ұзаққа жiбермедi, дөңнен аса бергенде жарқ етiп, екеуiне бiрдей түстi.

— Құдай ұрды-ау!

Дәулет тор атын тепкiлеп шаба жөнелдi, ердiң қасына ентелеп жатып алған да «а, құдайлап!» жеткенше асығады.

Екеуiне бiрдей әлi жетпей, зақым болмаса жарар едi...

Жасаураған көзiн жеңiмен сүртiп жiтi қараса да, анықтай алмады — қарайған бiрдеме домаланып, жеткiзбей ұзай бердi, ұзай бердi.

Дәулет торы атты тепкiлеп: «айт-шу!» деп, бiр жағы атына, бiр жағы Ақтұяққа ие бола ма дегендей айқайлап қояды. Қолына ең болмаса қамшы да ұстамаған. Қалай ұстасын, оң қолында аттың шылбыры да, сол қолында — бүркiт. Дәулет iштен колхоз председателiн тiлдеп ұрсып келедi: «Қасқа бас, сараң, оңбайды ол. Таңдап берген атының түрiн, бөксесiн көтере алмайтын мәстек!» дейдi аузы жыбырлап. Өмiрде бiреу жайында айтқан ғайбат сөзi осы болар Дәулетекенңнiң.

Төрт аяғы төрт жаққа кетiп, тыртаңдай шапса да торы ат дөңнен аса бере жеттi. Бүркiт екi қасқырды бiрдей тырайтып салып, Дәулеттi тосып отыр екен, бiрақ қыранға көзi түсiсiмен-ақ ұтылғанын сездi. Ақтұяқ әдеттегiдей мойнын созып «Мен жеңдiм!» дегендей жан-жағына асқақтай қарамайды, мойнын iшiне алып бүрiсiп қалыпты, жанары сөнген, көзiнде мөлт-

мөлт еткен жас, бір аяғымен қырылдап өлейін деп жатқан қасқырдың тамағын қысып жібермей тұр да, енді бір аяғы екінші қасқырдың көзіне кіріп кеткен, сілейіп ол жатыр. Бүркіт аяғының талтайып кеткеніне қарағанда, бұтын айырып жіберген, тек соғыскер батыл рухы, тұяғының ғаламат күші ғана тірі сақтап, иесінің келуін күтіп отырғандай.

Дәулет аттан секіріп түсіп, Ақтұяқты бассалды. Аяғының білезігінен қысып, бір аяғын босатып алып, екінші аяғына жармаса бергенде қасқыр ұшып тұрып, Дәулеттің өзіне тап беріп, бір жақ иығын киімімен ойсыратып алып түсті. Екінші рет тура Дәулеттің бетін шапты. Құр қол қойшы арандай ашылған қасқырдың аузына қолын тығып жіберді. Оның тісі кірш-кірш кіріп, біреу білегіне ыстық темір басқандай күйдіріп, шыдатпай барады. Сүйегін сындырып жібергеннің қай жағы, қасқыр тісін басқан сайын, сытыр-сытыр етеді. Дәулет бар күш-қуатын жинап, бір қолымен қасқырдың тамағын қысты. Қыса берді. Қысқан сайын қасқырдың тісі қолына бата берді. Шалдың түсі өзгеріп, қап-қара болып түтігіп кетті.

— Жоқ, даланың пасық ұрысы, сен мені жеңе алмайсың! Саған қолымды беріп, мүгедек болып тағы жүре алман. Сенің жаныңды көзіңе көрсетпесем, Дәулет атым құрысын! — деп, шал ызаланып қасқырдың тұмсығына, көзіне қайта-қайта түкіреді. Тынысы тарылып, ырс-ырс етіп демін қаттырақ алады. Кек-ыза ұйыған саусақтарына әл беріп, жігер қосқандай.

Қасқыр қырылдап тұншыққан сайын, шал да әлсірей берді. Оң жақ иығын қан жауып кетті. Дәулеттің айнала дүниеден көретіні қасқырдың қандай сілекей аққан аузы, шарасынан шығып үрейге толған көзі. Дәулет қасқырға жиіркене, ызбарлана қарайды, бірде кіжіне көз тастаса, енді бірде Дәулетке жалынып, рақым сұраған тәрізді.

— Саған осы керек, оңбаған пасық. Бұдан былай қойға шаппайтын боласың, — деп, Дәулет тістене зекіп, күре тамырын езе берді. — Аямаймын. Менен аяушылық күтпе!

Шалым күшінді сынайтын кезең осы. Жекпе-жек күреске түстің ежелгі ата жауыңмен. Енді берілме, мықты бол. Қалайда сенің жеңуің керек!

— Мә саған! Мә саған! Бүркіт үшін. Әлгідегі жеген саулық үшін! — деп, шал салмағын салып қыса түседі. Қасқыр да берілмей Дәулетті сүйрелеп, төрт табандап кейін қарай шегінеді. Қозғалған сайын қолы сырқырап ауырып, жанын көзіне көрсетеді.

Бір кезде шал қасқырмен бірге жерге құлап түсті.

Тырысып бақ, енді бір қимылдасаң жеңдің, шалым! Дәулет қасқыр мойнын тізесімен езгілеп, қолын босатып алғысы келді. Бірақ қарысып қалған саусақтары оңай жазыла ма! Сол жақ қолын қасқырдың аузынан суырып аламын деп тартқылап көріп еді, ауырғаны сонша, миына дейін сырқырап, басы айналып, көзі қарауытып, есінен танып кетті. «Дәулет, сен адам емессің бе! Хайуанмен қалай қатар жатып өлмексің? Жина есінді, мықты емес пе едің...» Ақыры қасқыр тұяқ серіппестен жан тәсілім берді. Дәулет саусақтарын жазып, қолын босатып алды да орнынан тұрып бүркітке қарай жүрді.

Арқаның самал желі жайылып жатқан көш құлаш әдемі бүркіт қанатының мамық жүнін желпіп, аймалап аяныш білдіргендей. Дәулеттен басқа жанға иілмей кеткен Ақтұяқтың тәкаппар да, сүйкімді кішкене басы былқылдап бос қалыпты. Қарулы да өткір тұяғы өлсе де жыртқыштың алқымынан қысып жібермей жатыр. Дәулет ардағын жерден көтеріп алып, баурына қысып, еңіреп қоя берді. Ол өзінің жаралы екенін, өзінің әлсіреп бара жатқанында ойы жоқ, батыл досының мезгілсіз құрбан болғанына күйінеді.

Торы аты қайда жүр екен. Иесін тастап опасыздың кетіп қалуын қарашы!

Дәулет айналасына көз салды. Торы ат алысқа ұзап кетпепті, анадай жерде құйрығымен, шыбын қағып, пысқырып, өз бетімен жайылып жүр. Ақтұяқ екеуі қан-жоса болып жатса, болысудың орнына өз құлқынын ойлаған. Қазақтар: Астыңдағы атыңа сенбе! — деп тегін айтпаған-ау.

Қапаланған Дәулет бір-екі қадам ілгері басты да, етпеттей құлады, әлі құрып, талықсып кетті. Қанша жатқаны белгісіз, есі кіргенде, ойына алғаны: тезірек қосқа жетіп, емделу болды. Әйтпеген күнде қансырап қалуы да ықтимал... Екі қолымен

жер тіреп, зорға көтерілді де, бір-екі қадам алға басты. Тізесі діріл қағып, аяғы тәлтіректтей берді. Отырып атын шақырды.

— Құрау! Құрау!

Айғай салса да, өз даусын өзі ести алмайды. Енді қайтті? Торы атқа қалай жетеді, атқа кім мінгізеді? Қосқа жетіп Ақтұяқты жерлемей ме! Қойды да қотанға айдап бару керек, бұрынғыдай сенетін Қарақасқа жоқ. Тірі жүрген соң қам жемей, тіршілік құрмай тағы болмайды!...

Шал енді шынтағына сүйеніп, қараған, жусан, құрай-қурайдың арасымен еңбектеп жылжиды. Қураған шөп тікенектей қадалып, денесін тырнап, киімін жыртып жүргізбейді. Шалдың тынысы тарылып, судан шыққан балықтай аузын ашып, пысылдап, жылжи алмаса да, әлектеніп алға қарай қонақтап ұмтылып бағады. Көзі жасаурап, торы атты анық көре алмай да қалады. Әлі де торы аттан үміт күтеді. Бар болғыр бір қарамайды Дәулет жаққа, не деген ашқарақ десеңші.

Күн сәске түс болды. Жел бұлтты қуып, тарқатып жіберді. Жарқырай шыққан күннің көзі көк жиекті сағымға бөлеп, айналаны мұнар басты.

Торы аты жақын, жанына келген тәрізді, қолын созса тізгініне қолы жеткендей. Дәулет енді қолын соза бергенде сол жағынан бір қала пайда бола кетті. Аспанмен тілдескен аппақ мұнаралары, дөңгелек көк күмбезі бар, кең де оқтай түзу көшелері толған ақ қайыңды, жасыл қарағайлы, биік теректі қалыпты, көрікті қала.

Қала шеті толған жылқы, бір үйір жылқы. Ақ, торы, шұбар аттар құйрығын сипандатып Дәулеттің алдынан кесе-көлденең өтіп жатыр, өтіп жатыр.

Бұл не, ойбай-ау, сағым ба? Ғасыр бойы дала халқының өзін алдап, тілегін қолдап, үмітін қошеметтеп келген сағымның өзі ме? Жоқ әлде ата-бабасы арман етіп, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған Жерұйықтың өзі ме?

Кім орнатты екен бұл қаланы? — Әлде біздің ауылдан аспанға ұшып, жұлдызға жетіп жүрген ұшқыш ерлердің салған қаласы ма екен?

Берік бол, шал! Қазір саған машина келіп, колхозға алып барады.

Күн шыжып қыза берді.

Дәулет Жерұйық қаланың үлкен қақпасынан кіріп, қойшыларға салған алтын сарайды іздеді.

Өткен жылы облыстық мәжілісте бір сыйлы бастық айтқаны қайда: «Ұзақ жылғы жемісті еңбегі үшін қойшыларға киіз үй түгіл алтыннан сарай салдырып беру керек?» деп. Сонда қой қотанда тұрып, жемді оған машинамен тасымақ па? Машина деген, әрине, жақсы ғой. Бірақ қойға даланың жазығы, көкорай шалғыны, тоғытатын суы болмаса жүдеп кетпей ма!... Шіркін, Ақтұяқ! Сол сарайдың төрінен орын алатынның бірі сен едің ғой. Жоқ, сенің басыңа Дәулет әкесінің басына орнатқандай, бейіт соғады да, ақ мәрмәр тасқа: «Екі қасқырды бірдей жеңген атақты Ақтұяқ бүркіт!» — деп жаздырып ескерткіш қояды.

Кешке жақын қотанды машинамен аралап жүріп, колхоз председателі Дәулетті тауып алды. Шал Ақтұяғын кеудесіне қысып, құшақтап жатып өліп қалған.

ӘКЕ БАЛАҒА СЫНШЫ

(Комедиялық фильмнің сценарийі)

Шексіз құла дүз. Кадрдың бір жақ бұрышынан қораштау келген шал селтиіп шыға келеді. Едірейген селдір мұрты кірпінің инесіндей. Күлімсіреп, сәл күрсінеді.

— Мен бүгін пенсияға шықтым. Кешегі жұмыскер Қазақбай бүгін пенсионер атанды деген осы. Амал не? Осы мен алпысқа келмедім бе деп күдіктенемін. Себеп: жер де, көк те өзгеріп, жаңарып жатқанда, мен қалай шал болып қалдым деп таңданамын! Шынында, қарашы даланың қалай құлпырғанын!

Құла дүздің бейнесі өзгеріп, бірінің артынан бірі тізбектеліп өтіп жатқан қалалар.

— Мынау Қарағанды... Балқаш... Жезқазған... Бұл қалалар ана бір жылдар жоқ еді, жастар оны білмейді, ал мен білемін. Өз қолыммен орнатқам... Әрине, жалғыз емес, қасымда достарым болды. Әйтеуір, қамшыны қазақтардың ішінен мынаған, бірінші мен айырбастадым. — Қалағын саптайды. — Ойлап қарасам: өмірдің асау атын қамшыдан гөрі мынамен тезірек жүргізуге болатын сияқты... Көп сөйлеп кеттім-ау деймін... Шалдар мылжың келмей ме... Бүгінгідей күнде серпілмеске де болмайды. Достарым алпысқа келгенімді тойлаймыз деп жиналып жатыр. Сіздерді де тойға шақырамын. Келіңіздер! Мен Теміртау қаласында тұрамын. Көшелері (Қазақбай сөзімен қатарласа, жаңа қаланың жаңа көшелері экранға түсіп жатады) Алматы көшелерінен кем емес. Біздің қалалық советтің бастығы солай дейді. Мүмкін рас та шығар, Астанада жиі болады ғой. Жүріңіздер, көріңіздер! Сол әдемі үйлердің бірі менің үйім... Мына бір көшеге бұрылсаңыздар дік ете түсесіздер...

Аппарат кең жарық проспектіден, тар, тастақ көшеге бұрылады. Қазақбай үйіне қонақтарын ертіп келеді.

— Ақырын-ақырын. Орға түсіп, аяқтарыңды сындырып алмаңдар. Екі жыл болды көшені қазып тастағалы, әлі де сайман, тұрбалар таба алмай жүрсе керек-ті. Құлаған жоқсыңдар

ма?... Бұл көшеде шам түнде сөніп қалады. Көрдіңіз ғой, қап-қараңғы...

Ал, аман-есен жетсеңдер, кіріңіздер. Құдайға шүкір, үйім ешқайсыңның үйіңнен кем емес... Екі ұлым бар... Бірақ немерелерім жоқ. Бола ма деген үміттемін... Ей, аш есікті, қонақ келді!

Есік ашылады, Қазақбай үйінде думан-шу, соғылған бокал, сақылдаған күлкі.

«Әке балаға сыншы» деген жазу түседі экранға.

Фильмнің атынан кейін басқадай титрлері жазылып жатқанда ар жағында Қазақбай үйіне жиналған қонақтар да улап-шулап, тост көтеріп жатады.

Ақсақалдар ортасында отырған Қазақбай, қаншама шешендердің сөзін мақұлдап, ықыласымен тыңдаса да, көз түбінде бір мұңлы сыр жатқан тәрізді.

— Не айтайын, — дейді құрылыс бастығы Орлов сөз таңдап.

— Бұл отырған адам, бүгін аспанмен тілдесетін үйді қалап, домна салып отыр. Мұның күрегі бүкіл республикаға әйгілі күрек!...

Қазақбайдың тұсында ілулі тұрған қалақты нұсқайды.

— Егер бұл шалдың көмек беріп, үйреткен шәкірттерін жинасақ, осы үйге сыймай кетер еді. Сондықтан солардың атынан сізді алпысқа келіп, ақыл иесі болған досымызды құттықтаймын!

Жылы сөзге елжіреген шал Орловты құшақтап, риза болады. Стол басында отырғандар бірімен-бірі бокал түйістіріп қағып салады. Ішпей қалған жалғыз ғана Қазақбай.

Домна цехы профсоюзының бастығы Есен Айғайбаев, қияқ мұрт, жалтыраған қасқа бас, семізше мосқал еркек атып тұрып, тост көтереді.

— Иә, біздің Қазақбай асау өмірді аттай мініп, бақыт шоқтығынан ұстады. Оған дәлел — осы үйде бәрі бар: телевизор, мұздатқыш, «Волга». Әйтседе, оның қол жетпейтін байлығы — екі ұлы, көзінің екі қарашығы. Әсіресе көкке көтере мақтайтынымыз — үлкен ұлы Болатбек! Атақты шойын құюшы, облыстық депутат!

Мақтау сүйетін Болатбек, екі құлағы екі езуінде, ыржиып, еңгезердей болып орнынан көтеріледі. Сәл қымсынамын деп қатты қысып қалып, шарт еткізіп бокалды сындырады.

— Шыны сынса, олжа келді ғой!

— Неткен күш, баяғы Қара Қыпшақ Қобыландының тап өзі! — дейді қонақтар.

Айғайбаев қол шапалақтап айғай салады.

— Мұның қолында болат та осы тәрізді сынады. Нағыз алтын қол!

Қазақбай ұнатпай, қасындағы шалдарға күбірлеп:

— Тфу-тфу, тілі тимесін де! Мақтаудан қорқамын, арақтан бетер есіртеді.

Айғайбаевты тоқтатуға қиынға түсетіндей. Шешенсіп әрі қарай созады.

— Кішісі ол бір жатқан қаршыға... Жоқ-жоқ, әлгі тоқылдақ, ағашқа жабысқан тоқылдақтай сонау бұлт астында электрмен темір пісіреді — электросварщик!

— Ұл болып тусаң, осылардай ту! — Саусақтарының ұшын сүйіп, басын шайқайды.

Қазақбайдың қасында суық өңді Тимофей бурыл мұртын жұлқылап, тыжырынып, шешен сөзіне тосқауыл қояды.

— Сенің өзің шіркеудегі поптар ұқсап, уағыз айтып тұрған жоқсың ба? Айтсаңшы сөзіңді, қолымыз талды.

Айғайбаев көзін жыпылықтатып, Қазақбай не дер екен дегендей, мойнын бұрып, шалға қараса бокалын әлі ішкен жоқ, сол қалпы.

— Ақсақал-ау, мұның не? — деп Қазақбайға шыпылдата толған бір бокал шарапты ұсынады.

— Қымбатты қонақтар, — деп Қазақбай қинала сөзін бастайды.

— Сенсеңіздер, осы құрғырдың өзінің дәмін татып көрмеген қазақ едім... Мына Тимофей менің көршім ғой, осыдан сұрандаршы... Балаларым, неге айтпайсындар-ей?!

— Қойсаңшы, әке — деп Болатбек тыжырынады. — Шариятты қайтесіз, жұрт сұраса, ішу керек!

Қазақбай «Ішпеймін» деп басын шайқайды.

Айғайбаев абыржып, қайтерін білмейді.

— Бұл өзі ойыншық па? Алпысқа келгенше дәмін татпадым дегенге кім сенеді? Осы мен жүздеген тойларға қатынасып-ақ жүрмін, бірақ, тап мұндайды көргенім жоқ... Ал, енді кіммен соғыстыр дейсіңдер? — Олқы дауыспен Айғайбаев жан-жағына жалтақтай қарайды. — Ура! Біздің даңқты... қаһарман үшін!

Қазақбай сасып, жан-жағына жалтақтай қарап:

«Әй, осындай сөздің керегі не?» дегендей қолын сілтейді.

Жұрттың бәрі бокал соғыстырып жатқан соң шал да амалсыздан соғыстырады. Соғыстырып жатып, бос қолымен стол үстін шарлап, тұздық құйған кесені тауып алып, екеуін бірдей қатар көтереді де, жұрт ішіп жатқанда шарапты тұздыққа құя салып, екеуін де жерге қояды.

Есіктің қоңырауын біреу ұзағырақ қағады. Қазақбайдың қарындасы Жайбала, толық келген, бүйрек бет кемпір, маймаңдай басып есікке қарай тұра жөнеледі.

Әкенің қулығын сезген Талғат, күлкіден булығып, қолымен аузын басамын деп, шынтағымен бокалды қағып қалып, шарапты төгеді. Болатбек алая қарап, жақтырмай қалады. Қазақбай кіші ұлына ым қағады, ол Айғайбаевтың алдындағы кесені сорпа құйылған кесемен ауыстыра қояды. Ол қағып салып, тамағын кенеп тамсанады.

— Мынау тұздық па өзі!... Дәмі қандай керемет!... Мен жүздеген тойда болып едім, тап мұндай тұздық татып көргенім жоқ.

— Әй, тұздықты қағып салдың ба? Уай, ерің-ай — дейді Орлов. Бәрі ду күледі.

Қолында пакеті бар Жайбала кіреді де, ағасына ұсынады. Қазақбай айнала аударыстыра қарайды. Отырғандардың екі көзі шалда. Орлов Қазақбайдың иығынан қағады.

«Алматы. Қазақстан жазушылар одағы. Жақанов».

— Жақанов... — деп Қазақбай күбірлейді. — Ермек... Таяқты аттай мініп, жалаң бұт жарысқан бір кездегі дос еді...

— Жақанов дейсіз бе? Әлгі атақты жазушы Жақанов па? — дейді бір жағынан кимелей Айғайбаев.

— Алпысқа келді деп құттықтап жатқан да, — дейді Орлов.

Қолы дірілдеген Қазақбай конверт ішінен бір бума қағазды алып шығып қараса — кітап. Қазақбай кітаптың атын оқимын деп оқи алмайды. Көзі көрмейді. Көзілдірігін іздеп, оны таба алмайды да үлкен баласына береді.

— Мә, оқышы, балам!

Болатбек түрлі түсті бояумен әшекейленген кітаптың тысын оқиды:

— «Алмас пен ақыл»... Әке-ау, бұл балаларға арналған кітапша ғой.

— Ауыстырып, басқа бір кітап салып жіберген жоқ па екен? — дейді Тимофей ой жүгіртіп. — Бүгін сенің алпысқа келген күнің, немерең жоқ екенін және біледі.

— Мүмкін, — дейді Орлов, — ондай-ондай болады. Жазушылар белгілі ғой, бірінің атын біріне қойып, мидай араластырады да жүреді. Жақында біреуі біздің домнаны...

— Немере... — дейді Қазақбай. — Менің жанды жерімді біледі, Ермек... Алпысқа келген шалға немереден басқа не керек?

— Қартайған адам бала сияқты деуші еді, — деп Айғайбаев қиқылдай күледі. — Пенсияға шыққан соң не істейсіз, ертегі оқымағанда.

— Мә, Талғат! — деп Болатбек кітапты ұсынады. — Біздің үйде ең кіші сен, тегі, Ермек ағаң саған жіберген болар.

Талғат жақтырмаған пішінде кітапты ағасының қолынан жұлып алып, жабырқау отырған әкесіне қарап: — Оқиын ба? — дейді

— Ермек ақылды адам. Ертегі жіберсе тегін емес, оқы, — дейді Қазақбай.

— Оқы, оқы! — деп жұрт дүрсе қоя береді.

Талғат оқиды:

«Ерте, ерте ертеде, ешкі құйрығы келтеде...»

Айғайбаев пен Болатбек қосылып қарқылдап мәз болады.

— Алжыған екен жазушы..

Талғат алакөздеп бір қарайды да әрі оқиды.

«Ертеде, ерте ертеде, ешкі құйрығы келтеде, Қарауылдың ойында, Қарасудың бойында Жыртық деген хан болыпты.

«Алпысқа толған шалдарды өлтіру керек. Олар арамтамақ!» депті.

— Оho! Хандығыңа сенің болайын! — деп Болатбек мәз болады.

— Ненің басын қатырып кетті-ей? — дейді Айғайбаев.

— Жазушыңнан садаға кетейін, мынадай сыйлық тартқан!

— Мазақтай ма өзі?

— Әке, мен мұндайды оқи алмаймын! — Талғат кітапты стол үстіне лақтырып тастайды.

— Асықпа, балам... Ақыл әрқашан да артта жүреді. Кітаптың ақырын күтейік. Ертегінің түйіні де ақырында болады. Оқи бер әрі қарай!

— Хан шалдарды өлтіре бер десе, бізде пенсия беріп, күтеді. Иә, иә бұл ертегінің мәні бар екен, — дейді Орлов. — Талғат, қарашы мұнда суреттері бар. Қызық екен!

— Қарағым келмейді, — дейді Талғат бүртиып.

— Қарашы, жас жігіт шалды жарға сүйреп барады. Шал жылаудың орнына күлгені несі екен?

Суреттер қуыршақ болып тіріліп, сөйлеп кетеді.

— Әке, бір аяғың көрде тұрғанда, неге күлесің? Қазір жардан құлатқалы әкеле жатқаным жоқ па!

Әкесі. Мен ханның ақылы шолақ екеніне күліп келемін. Ертең ол да алпысқа келмей ме?... Осыдан отыз жыл бұрын менде әкемді осы жардан құлатқанмын. Енді өз басыма келді — өз ұлым өзімді өлтірмек. Ал, мен баламды асыраймын деп көрмеген бейнетім жоқ. Сонда не үшін? Өзімді өлтірсін деп асырап па екем? Егер өмір ақиқатына көзін жеткізген, ақылы кемеліне келген адамды өлтіре берсе, өмірдің сәні қала ма! Олай болғанда бала тудырмай-ақ әркім өзі ішіп, өзі неге жемейді?

Баласы жылап, көзін сүртеді.

— Сізді мен өлтіре алмаймын! — дейді ол.

— Мынаны қара, мынаны қара, — дейді Тимофей, — мына бір суретте баласы әкесін сандыққа салып тығып жатыр. Талғат-ай, оқышы, не деген екен!

Талғат тағы оқиды:

«Үш күн өтпей хан жігітті шақырып алады!»

— Хан мынау ма? Нағыз хайуан-ау деймін, көрдің бе, әлде қандай болып, таңдануын...

Сурет тағы да тіріліп қуыршақ сияқты ойнап кетеді.

«Хан. Менің екі гауһарымды ұрлап кетті. Көрдң бе, әнеу көл түбінде жалтыраған солар. Алып берсең — қырық атанға дүние артып қалыңдық әперемін. Ала алмасаң — құл қыламын!

Жігіт күмп беріп суға түсіп кетеді, гауһар тасты таба алмайды да, жиекке қайта шығады. Алақанын жайып «жоқ» деген нышана білдіреді.

— Әй, сен де таба алмадың ба? — дейді хан ызаланып. — Мына шынжырлаулы кісілерді көрдің ғой? Егер ертеңге дейін гауһар тасты таба алмасаң, сенің де қол-аяғыңды шынжырлайды».

— Ойбай, қызық сурет мына бетінде екен! — дейді Талғат кітаптың тағы бір бетін аударып.

— «Жігіт үйіне жүгіріп келіп, әбдіраны тізерлей құшақтап жылайды. Шал әбдіраның қақпағын көтеріп, басын шығарады:

— Не болды, қарағым? — дейді.

«Сонда баласы әкесіне былай дейді», — Талғат әрі қарай оқиды. Суреттегі шал күледі.

— Алжыған шал да. Кісі күлетін жағдай ма? — дейді Болатбек мырс етіп.

Суреттегі шал: «Ай-жастық-ай! Гауһар тас көл түбінде жатса, сен судан көрмес едің. Ол суға түскен сәуле ғана... Жоғары қара! Бәйтеректің басында сауысқанның ұясы жоқ па екен?» дейді.

— Көрдіңіз бе, енді әлгі іздеп жатыр.

Суретте: «Жігіт бәйтеректің басына өрмелеп шығып, сауысқанның ұясынан екі гауһар тасты тауып алып ханға береді».

«Сонда барып жұрт: Жас шақтағы күш пен батылдыққа қосымша ақыл, қарияның тәжірибесі керек екенін білген».

Осы жазушы үшін бір көтерейік! — дейді Айғайбаев ұшып тұрып.

— Шіркін қазір ортамызда болып, бокал соғысып, бірге жұтысса...

— Жазушы деп осыны айт! — дейді Орлов. — Тегін жібермеген болар деп өзім де ойлап едім.

— Түсінбеймін: осыдан не мағына тапқандарыңды? — дейді Болатбек иығын қиқаңдатып... — Ерте, ерте ертеде, ешкі құйрығы келтеде... — әндетіп, сақ-сақ күледі.

— Жоқ, олай деме, Болатбек, — дейді Орлов жақтырмай, — ертегі деген халықтың ақылгөйі ғой. Көрдің бе, залым хан халық ақылы — дария, содан қорыққан. Ақымақтарды билеу оңайға түспей ме?

Қазақбай үндемей, шерменде болып отырып қалады. Біртіндеп шу азайып, жұрт аяғы басыла бастайды...

Қонақтардан кейін жайрап қалған стол басында жалғыз отырған Қазақбай бір кесе қымызды тастап жіберіп, ілулі тұрған домбырасын алады да верандаға шығады.

Сатымен төмен түсіп бара жатқан қонақтардың даусы, ұлдарының мәз болған күлкісі естіледі.

— Рахмет ақсақалдар, әкейге көрсеткен сыйлыққа біз де ортақпыз. Көңілді бір көтеріп тастадыңдар! — дейді Талғат.

«Осы сөзді кіші Талғат неге айтады екен? Жөн-жоба үлкендікі емес пе?»

— Ата, мынау сіздің калош па? Жарық жағайын ба? — дейді Болатбек.

Бұл сөзді естігенде, Қазақбайдың қабағы ашылып, сөйткенше болмайды тағы да Болатбек:

— Үйге дейін шығарып салайын, бір жерде жығылып қалып жүрерсің, — дейді.

— Рахмет, тым жеңілтек екенсің, қайтып үйіңді таба алмай қаларсың! — дейді Тимофей жақтырмаған дауыспен.

«Әй, алаңғасар-ай, бүлдірді-ау. Несі бар еді, шалдың кәрілігін есіне түсіріп?» — деп Қазақбай ұлын іштей зекиді.

Осы бір сәт Арқаның тұнық барқыт түнін қақ жарған жас балалардың даусы Қазақбай домбырасының сазына келіп қосылады.

Қазақбай веранданың жақтауына сүйеніп тұрып, қатардағы аулада немерелері қарсы алған Тимофейді көреді. Кішкентай ұл баланы иығына мінгізеді де, қыз баланы қолына алады.

— Ата! Атам келді! — деп олар қуанып айғай салады.

Қазақбай көрші ауласына тағы да бір көз жіберіп, әлденені есіне алғандай басын изейді. Аспан ашық. Жымыңдаған жұлдыздар. Көлден ескен қоңыр жел жібек шәлідей мойынға оралады. Қазақбайдың шоқша сақалымен ойнайды.

Қазақбай орнынан тұрады, қайта отырып, безілдетіп домбырасын тарта жөнеледі. Әлденені аңсаған жүрек, тап сол бір минут өмірден дәйек таба алмай, келешекті көксеп, көз жетпес қияға сермегендей.

— Естимісің? — дейді түсінбеген пішінде Талғат.

— Құлағым бар ғой, естімей, саңырау дейсің бе?

— Ән сазында бір шер бар сияқты.

— Әй, қойшы, шалдар өткенін көксеі береді. Аздап ішіп алып ауылын есіне түсіріп отыр да, — дейді Болатбек мұрнын тыжырып.

— Сөйтсе де өзінен сұрасақ қайтеді?

— Қайтеміз шалдың ойын бұзып... Домбырасын шерте берсін... Менің жұмысым бар... Мәжіліс, жиналыс деген көбейіп барады.

— Қой, кетуге болмас. Өміріндегі бір құрмет көрген күні ғой. Жүр, қасына барып сұрайық — дейді інісі.

— Жарайды, бармасқа болмас. Шалдардың шарият дей ме, әдет-ғұрып дей ме, кесекөлденең өткізбейтін бір кеселі бар, әйтеуір!

Екеуі сатымен көтеріліп үйге кіреді, алдарынан ас үйден Жайбала шығады.

Болатбек үнсіз веранда жақты нұсқап:

— Домбыра үні мұңлы ғой. Апай, сен не дейсің?

— Көңіліне бірдеме жақпады ма екен? — дейді Жайбала секем алып. — Тамақ соншама мол болды, жартысы қалып та қойды.

Енді екеуі верандаға әкесінің қасына барады.

— Әке, сізден бір сөз сұрасақ, ренжімейсіз бе? — Талғат әкесінің алдында әдепті де өтімді.

— Осы сөзді сен неге айтасың?... Мынау неге айтпайды? — Қазақбай үлкен ұлына қарайды.

Екі ұлы «ұтылдық-ау» дегендей біріне-бірі қарайды. Болатбек сақылдап күледі.

— Бейпіл ауыз... Жаман үйренген... Өзіңіз кенжем деп еркелетіп, жүгенсіз қоя бергенсіз!

— Рас-рас! — дейді Қазақбай мұңайып.

Талғат іштей Болатбек сөзін жақтырмайды.

— Әке, қайтесің, бұл үшін шырайыңды бұзып... Той жақсы өтті. Бәрі де риза болып кетті, — дейді Болатбек.

— Рахмет, шырақтарым, отыз жылдық еңбегімнің бір күндік рахаты ғой... Жаңағы кітапта не айтылған, ұқтыңдар ма?

— Әй, қойшы, әке, қандай жазушы тойыңызға баланың кітабын жіберіп жүрген... — дейді Болатбек.

— Әй, қарақтарым-ай, таяз ұғасыңдар-ау! Ол кітапта үлкен сыр бар: «Қазақбай алпысқа келдің, ақылың қайда?... Ағаш екеш ағаш та бұтақ-жапырағымен көрікті. Екі қолың бар, саусақтарың қайда?» — деп отыр ол жазушы.

Болатбек күліп әкесінің қолын алып: «Мынау не?» дегендей таңдана қарайды. Талғат әкесінің сөзіне түсінеді де, орнынан тұрады.

— Рұқсат берсең, әкетай, ертең-ақ тойға той ұласады!

— Әй, мынау не дейді-ей? — дейді Болатбек.

— Жаным!... Әкеңнің бүгінгі естімек сөзі осы ғой! — дейді Жайбала. — Немере сүйген кісіде арман жоқ демей ме?

Болатбек әке сөзінің мәніне енді түсінгендей:

— Ха-ха... Ондай өкпе болса әлдеқашан айтпай ма екен... Ә, Талғат?... Осы екеуіміз бір күнде үйленсек қайтеді.. Әке оған қалай қарайсыз?

— Одан артық жақсылық бола ма, қалқам! — дейді әкесі қуанып.

Гараждан машинасын шығарып алып, екеуі жүріп кетеді. Верандада отырған Қазақбайдың ойы машина соңынан қуып береді.

«... Осал кісіден мұндай ұлдар туа ма!... Әй өзім де құр жаяу емеспін-ау... Бұлардың қалыңдығы бар екенін кім білген, ә?... Әй, қу балалар-ай, үн-түн жоқ, қырғидай топшысын бір-ақ

қиған. Осы менің келіндерім кім екен?... Тоқта-тоқта! Бұлар қазір Абай көшесіне бұрылды. Онда жақсы қыз кімде бар еді?... Әй, көзіме түспеді-ау... Енді қайда бара жатыр екен? Абайдан Ленин көшесіне түсті. Сонда? Жоқ, ол көшеде толған мекемелер. Қалалық комсомол комитеті де сонда. Енді қайда бара жатыр, ә?

Кеңде жарық көше. Болатбек көңілді: бар дауыспен әндетіп, машинаны жүргізіп отырған Талғатты құшақтайды.

*«Апалы-сіңілі қарындас,
Ағайынды екі жас...
Қияңқы шешей аңдып тұр,
Аяғыңды байқап бас!» —*

гейгі ол күліп, Талғат қоштайды.

Жекелеу салынған бақшасы бар әдемі особняктің алдына келіп тоқтайды.

— Ал, сен өлдім-талдым дегенді қой, не ертең той, не біржола қой! Түсіндің бе?

— Мен жайыңда қайғы жеме!... Өзің Айшаға беріксің бе?

— О, не дегенің! — дейді тәкаппар Болатбек.

— Болатбек машинадан басын шығарып, қызға қол бұлғайды, Талғат өз қолын өзі сүйіп сәлем жолдайды.

— Алма, Айша үйде ме? — дейді Болатбек сыбырлаған болып.

— Горкомда!

Болатбек машинаны бұрып ызғытып бара жатып:

— Ой-бу, есімнен шығып кетіпті. Мені де шақырған еді. Есінде болсын: әй-түйге қарамай бас сал! — дейді ақыл үйретеді ол інісіне.

Болатбек кілем төселген сатымен жоғары көтеріліп, «Қалалық комсомол комитетінің хатшысы А. Асанова» деген жазуы бар есікті ашып, мәжіліс үстіне кіріп барады. Жұрт бұған таңдана қарайды. Оны елейтін Болатбек пе, «Ғафу етіңіздер, кешігіңкіреп қалдым!» деп Айшаның қасындағы орындыққа барып отырады да Айшаға тесіле қарайды.

Айша сәл қымсынып, қызарып, өзін-өзі зорға басқандай.

— Осы жеті жылдықта Теміртау шығыстағы қара металлургияның орталығына айналмақ! Біздің жоспардың... — деп, Айша сөзін аяқтай бергенде, Болатбек қалтасынан блокнотын алып: «Айша, оңаша сөйлесетін сыр бар!... Бітір, тезірек!» деп жазады да Айшаның алдына сырғытып тастайды. Айша Теміртау келешегі жайында сұрақ па деп әр сөзін нәштеп оқиды да, қапы ұрғандай, қағазды жыртып-жыртып тастайды. Сөзін аяқтайды:

— Біздің жастар, алдымен Ленин комсомолы, талмай, қажымай еңбек етуі керек. Бір жағынан еңбек етсе, екінші жағынан оқуы керек. Ертеңгі коммунистік қоғамға өзін-өзі дайындай бастағаны жөн. — Айша көз қиығын Болатбекке тастайды. Ол — жымыңдап, қыздың алдындағы қарындашты алып тағы жазады. Бірақ, оның батыр қолының күшіне шыдамай, бір қарындаштан кейін бір қарындаш сына береді. Айша сөз арасында ұнатпаған пиғыл білдіріп, қарап қояды. Болатбек зорға дегенде жазып Айшаның алдына тастайды. Айша сөзін тоқтатпай, үнсіз оқиды: «Бітір тезірек. Сен маған керексің. Есік алдында тосамын».

Айша қызараңдап, қолымен дәуітті қағып қалып, алдында жатқан қағазға сия төгіп алады да, сөзінен жаңылады, іле сөзін түзеп алып кетеді.

«Өздеріңе белгілі Қазақстан Магниткасын бүкіл Совет елінің жастары: орыс, қазақ, украин тағы басқа туысқан елдің жастары құрып жатыр...»

Мәжіліс біткен...

Болатбек Айшаны өз машинасының алдында тосып алады. Қыз ашулы. Сөйлеспей өтіп кетпекші болады. Бірақ Болатбек қиыла шақырып, аса бір ілтипат білдіреді. Айша ұйып қалады, әйтсе де қатал үнмен:

— Сенің мұның не? Өзің кеш келесің...

— Тс... — Болатбек аузын қағады. — Отыр. Түсіндірейін!

Машинаға отырғызып, есігін жабады.

— Бүгін әкейдің алпыс жылдығын тойладық... Әрине, өзін білесің...

— Ондайың болса, үйде-ақ отырмайсың ба!

— Үйде қалай отырамын, кел деген өзің...

Айшаның ашуы басылып, машинада жайлана отырды.

— Әй, қызық болды-ау! — дейді Болатбек қарқылдап күліп.

— Шалдар ішіп алған соң, аузына келгенін айтып. Қарап тұрсаң — күлкі... Бүгінгі өмірден түк түсінбейді. Мәжіліске барамын десем, «Әй, тоса тұрар!» дейді...

Айша әлі жөнді жіби қойған жоқ, алыстау отыр. Оны байқаған Болатбек жоқ. Өзімен өзі мәз.

— Бәрінен асып түскен біздің әкей болды. Талғат екеуің менің алдымда әлі борыштарсыңдар: немере сүйгізіңдер деп қарап тұр. Не істейік. Уәде бердік. Ертең сіздің үйге барып құда түспек.

Машина терезесінен қарап, доңғалақ астында тарқатылған даңғыл жолға көзін салып отырған Айша селк етіп, Болатбекке денесімен бұрылады.

— Құда түседі? Кімге?

— Кімгесі қалай? — Болатбек таңданған пішін білдіреді. — Саған. Алмашқаға... Ағайынды қоңыр қаз... Апалы-сіңілі. Үй ішінен үй тігіп... Қуанбайсың ба? — дейді, ол іс-міс жоқ.

— Мен бе? Сен менің келісімімді сұрадың ба? — дейді Айша шамданып.

— Сұрап қажеті қанша? ... Онсыз да білемін.

— Нені білесің? Мен риза дегенді қайдан шығардың?

— Қойсаңшы, Айша. Мен соқыр емеспін...

— Мүмкін, сен маған ұнамайтын шығарсың?

Болатбек аңырайып қарап қалады, сасқанынан машинаның рулін қоя береді.

— Бұл қалай?... Өзің емес пе едің жиналыстарда мені мақтаған?

— Мен жалғыз сені емес, басқаны да мақтағанмын... Ол жұмыс бабы... Бұның жөні бір бөлек. Маған бұрын сөз салып көрген жоқсың.

— Сөз салатын бейтаныс қызсың ба? Сүйетінің бесенеден-ақ белгілі.

— Солай деп шын ұғасың ба?... Жігітім, саған берер ақылым: бұдан былай біреу үшін тон пішпе!

Болатбек не дерін білмей, сасып қалды. Екеуінде де үн жоқ. Әрқайсысы өз ойымен әлек.

Ақмарал үйінің бақшасында Талғат пен Алма қызу әңгімелесіп отырады.

— Сонымен Алмажан, келісім бересің бе, жоқ па?

— Білмеймін...

— Енді кім біледі?... Сен өзің көнгенің қайда?... Біраздан бері сөз болып келеді...

— Мен бұлай оп-оңай қосыла қаламыз деп ойлағаным жоқ. Біраз сені қинағым келсе... — Алма оның шашын умаждайды.

— Жұбайым болған соң қинағаның да жетер... асықпа! — дейді ол қыздың қолын сипалап.

— Талғатжан, түсінсейші... Мен баланың кенжесімін... Шешем мені бұрын ұзата ма?

— Осы Айша Болатбекті сүйе ме екен?

— Білмеймін... Айтпайды... Ол тұйық, сырын жасырады... Әсіресе, хатшы боп сайланғаннан бері, маңына жуытпайды, паңданып...

— Сен оны сөкпе!... Қызмет жайы жібермейтін болар, жүрек сырын лақ еткізіп төге салуға...

— Кейде жаның ашиды бишараға.

Машина келіп үйдің алдына тоқтай қалады. Екеуі бұртиған, біріне-бірі күрең қабақ. Айша машинадан шыға беріп, салқындау «Рахмет!» деп жүре береді.

— А... сонымен не дейсің? — дейді Болатбек тағы да тақымдап.

— Ах, әлгі ме?... Ойланып көрейін! — жүгіріп кетіп қалады.

— Ойланып?... Онда не түседі екен?... Неткен назды ерке жан? Соны қуанғаннан әдейі айтып тұр, — деп Болатбек артынан қарап, мұртын ширатады, — Айттым ғой, үйленемін деп, айтқаным айтқан!

Осы кезде Талғат шарбақтан басын қалтитады.

— Қалайсың? — дейді кіші інісі.

Болатбек бас бармағын көрсетеді.

— Айттым ғой, олардың қамын жеме деп.

Қуанышты Талғат Алманың қасына оралады.

— Егер апам көнсе... — Алма Талғатты құшақтап сүйеді.

Болатбек бармағын көтерген қалпы машинаның қасына барып, біреу қарап тұр ма дегендей артына бұрылады. Бірақ, терезеден оған қараған ешкім көрінбейді.

Кеуде жағы жалаңаш, жаңа ғана жуынып болған Болатбек Жайбалаға басбармағын көрсетіп күлімдеп тұр. «Бәрі орнында. Қалыңдық, міне, мынадай!» — деген ишарасы.

— Құдай, тәуба!... Ол күнге де жеттік пе! — деп апасы немересіне сүйсіне қарайды.

Енді Болатбектің соңынан еріп, біз екінші бөлмеге кіреміз. Әкесі мен Талғат шай ішіп отырады. Талғат астан әлі ауыз тиген жоқ. Кеседегі шай алдында суып тұр. Кіріп келген Болатбекке қипақтап көз тастайды.

— Сағатқа қара! — дейді Болатбек оған. — Неғып отырсың ішпей?

— Әке, мен сіздің өсиетіңізді орындап үйленетін болдым!

— Талғат айтарын айтса да, қызарып сәл қымсынады.

— Ағасы тұрғанда інісі үйленгенді қайдан таптың? — дейді де шал: «Сен не дейсің?» дегендей үлкен ұлына қарайды.

Талғат сөзінен кейін қысылып қалған Болатбек, өңменінен өткен әке көзіне шыдай алмай, басын кенет көтереді.

— Мен де! — дейді ол. — Мен де кеше келісіп келдім! Енді тек шешесіне барып, құда түсу ғана қалды.

Шал қуанғаннан күлімдеп мұртын сипайды, іштей балаларына риза. Аз кідіріп, дауыстап.

— Не қылған балалар? Әке-шешелері бар ма? — дейді шал.

— Әкесі өлген. Шешесі жақында көшіп келді.

— Апалы-сіңілілі, — дейді кіші ұлы сөз қосып.

— Үлкенін сіз білуіңіз керек, — дейді Болатбек те қалыспай.

— Ол кім еді?

— Горком хатшысы, — дейді мақтанғандай Болатбек. Жақында сайлағанбыз.

Әуелі сасып қалған шал, артынан көңілі орнына түсіп, қуанғанынан ұшып тұрады.

— Комсомол хатшысы... Тегін адамды сайламайтын болар. О, тәңірім, шындыққа жаза гөр!... Қуанғанымнан төбем екі-ақ елі көкке тимеді-ау...

— О, құлындарым! — деп кідіріп келген Жайбала да екі немересін кезек-кезек сүйеді.

Шал ішіп отырған шайын қоя салып, қутыңдап өз бөлмесіне барып, киімдерін іздейді. Таба алмайды. Әлі де қуанышын баса алмай күбірлеп, өзінен өзі сөйлеп жүр. «О, көзімнің қарашықтары! Бәсе менен туған ұл, осылай болғай да! Өңім бе, түсім бе?... Жас кезінде Қазақбай жоқшылық, таршылық көріп қаймығып өсті. Болатжан неден жасиды?... Иә, Болатжан асқақта бүгін, өмір сенікі!... айтқандай, ол қыздардың шешесі де бір маңғаз болар, алдын ала ойламаса болмас! Мә, саған тойдың әкесін енді көрерсің!...»

Балалары отырған бөлмеге қайта оралады.

— Жайбала, менің жаңа шапанымды көрдің бе? — деп қарындасына айғай салады. Қатардағы үйден Жайбала шығады.

— Кіші аға, мені шақырдың ба? — дейді ол сыпайы.

— Құда түсуге барамын!

Не бар жақсы киімін киген Қазақбай ертемен келе жатады. Кең көшенің бойындағы қаз-қатар салынған магазиндер аузында немересін жетектеп, қыдырып жүрген Тимофей шалға кездеседі.

— Ого! Қазақбайға не болған, осынша әсем киініп?... Тотыдан аусайшы?... Тойға барасың ба-ей? — дейді Тимофей, таңданып.

— Құда түсуге барамын. Мына сияқты немерем болса... деймін! — Қазақбай бес жасар балаға қызыға қарайды... — Тфу, түкір тілің тимесін! Бақыт біздің үйге қонды! — Жан-жағына қарап: — Менің келінім қалалық комсомол комитетінің... (сыбырлап) хатшысы! — дейді ол.

— О, аузыңыздың салуы бар екен, ол бір тамаша қыз.

— Сен қайдан білесің?

— Оның шешесі Ақмаралды да білемін.

Шал таңданып, әлдекімді есіне түсіргендей: — Сен не дедің, Ақмарал дейсің бе?

— Иә, олар бұрын Қарағандыда тұрған... Үш-ақ ай болды Теміртауға көшіп келгелі. Мен сенің құдағиыңды білемін.

— Ата, адам аузында қасқырдың тісі бола ма? — дейді Тимофейдің кішкентай немересі.

Қазақбай мен Тимофей қарқ-қарқ күледі.

— Болады жаным, тістен де өткір тіл болады, өскесін көресің әлі, — дейді Тимофей.

— Өткір де, қауіпті! — дейді де Қазақбай күбірлеп жүріп кетеді. Біраз барып, кенет тұра қалып, қайта бұрылады. Бірдеме сұрайын дегендей Тимофейге қарайды. «Әй, соны қайтемін» деп түйін жасағандай, қолын бір-ақ сілтеп, күбірлеп кете барады.

— Ақмарал... Ақмаралатты әйел аз ба? Қарағандыда Ақмарал атты әйел толып жатқан болар. Жүздеген халық ішінде жалғыз Ақмарал дейсің бе? — Қазақбайдың ойы орнығып, жетіп барады. Бір-ақ, баруын барса да жүрексізденіп шегіншектеп, есігін қаға алмайды. Аздан соң ақырын ғана қағып байқайды. Жауап жоқ. Қаттырақ соғады.

— Бұл кім-ей, таң атпай?

Осы бір шайпау тілді, ызбарлы үнді естігенде, Қазақбай селк ете түсіп, сасып қалады да, қайтадан қайратын жинап:

— Е, жалғыз үйде отырсың ба, аш есігіңді, бақыт келіп тұр! — дейді.

— Әй, әкіреңдемей, табаныңды жалтырат... Әйтпегенде, милиция шақыртамын. Жерде жатқан оңай дүние жоқ.

— Ұрылардың тісі батып кеткен екен... Тапа-тал түсте үй тонайтын жүрегінің түгі бар дейсің бе?

— Әй, кімсің өзің тіл мен жағыңа сүйенген?

— Құдамын!

— Құда?! — Ақмарал сықырлатып есікті ашады. Есіктің сықыры Қазақбайдың есіне сықырлауық етікті түсіреді.

Жүріп бара жатқан сықырлауық етік Ақмаралға айналды. Сыры кетсе де, сыны кетпеген кербез Ақмарал қарсы алдынан шыға келеді.

— Қазақбай!... — деп Ақмарал кейін қарай шалқалап, құлап кете жаздайды. Жақтаудан ұстап аман қалады. Есік тағы да сықыр ете түседі.

Қазақбайдың алдында тұрған Ақмарал баяғы маралдай секірген, қос етек бұран бел қыз емес, қартайса да қартайғысы келмей, кербезденіп, жастықтың етегіне жармасып жүрген әйел көрінеді.

«Айпырмай, — жүрегін ұстап, іштей қинала айтады Қазақбай. — Мына сайтан тағы алдымнан шықты ма? Соңғы отыз жылда зорға біткен жарамның аузы қайта ашылды ма? Кешегі «сықырлауық әмірқан етіктің» соңынан кеткен Ақмаралдың қызын құдай әкеліп менің ұлдарыма құштар қылып қойғанын көрдің ба? Қарағанды сияқты үлкен қалада, басқа бір Ақмаралдың табылмауын қарашы! Теміртау да ауыл емес, басқадай қыздар жоқтай... Тәңірдің жазғаны осы де! Жоқ, қаш, Қазақбай, бұл үйден. Немере-семереде нең бар!»

Осы кезде Ақмарал да есін жинап, жақтаудан қолын алады. Есік тағы да сықырлап, жүрегіне шақ-шұқ тиеді. Қазақбай да ойынан сергіп, қарсы кіжініп тұрған Ақмаралға жымия қарайды.

Енді Ақмарал да есін жигандай:

— Адасып жүрсің бе, аусар?

— Қой, Ақмарал, ойқастама!... Сен баяғы арқаның маралы емессің де, мен баяғы бұйығы Қазақбай емеспін... Асау өмірден талай жығылдым да, талай жараландым. Бірақ, бір жерім сынып, мүгедек болып қалғаным жоқ, аттай мініп, өмірдің шоқтығынан ұстағанмын! Әлі жібермей жүрмін.

— Бәсе, баяғыдай. Ер Қазақбай дегенді естісем құлағым керең болсын. Қайта, әлі де жаман атың соңыңнан еріп жүргенін білесің бе?

— Керауызданба, Ақмарал!... Не жаман атымды естідің?

— Сонда неңмен мақтанасың?

— Құдайға шүкір, міне алпысқа келдім. Отыз жыл үй қаладым... Алғыстан басқа қарғыс естіп көрген емеспін. Қолақпандай екі ұлым бар, екеуі де ауыз толтырып айтуға тұрады.

— Ұлдарым? Е, әлгі менің қыздарыма жабысып, қалмай жүрген сенің ұлдарың де! — Ақмарал қарқылдап күледі. — Адырам қал, Ақмарал білмейтін сенде не бар? Осы Теміртауға келісімен-ақ естігенмін, сенің ұлдарыңды күнде көріп те жүрмін...

Тілің у, ішің тар, ішіңе шынтақ айналмайды... Өзіңнің бетің қисық, сонансоң жұрттың бәрін солай деп ұғасың-ау, ә?

— Қышытпа тілімді!... Не жақсы, не жаманды айыра алмайтын есер едің, кімнің қандай екенін қайдан білесің? Сен босқа томпиып жүрсің.

— Таяқ лақтырсам — қалыңдыққа тиеді. Байқа, қапы ұрып жүрме!

— Табатын кім? Сен бе?... — Ақмарал бетін жыртып күледі. — Қазақбай сен де тілмәр болып па едің? Сенің мұның әлгі сөредегі қазыға өрмелеп жете алмай, «сасып кеткен» деп қорлаған тышқанның қылығы.

Қазақбай енді бітім сөзге көшеді, даусы да жұмсарып, көзі күлімдей бастайды.

— Қиқар сөзді қойсаңшы, Ақмарал! Саған құда түскелі келіп отырғаным жоқ.

Ақмарал: — Тең-теңімен, тезек-қабымен, шал, босқа ауыз ауыртып қайтесің.

Қазақбай: — Ақмарал-ау, мені менсінбейтін сенде не қалды? Алам десем, құшақ жая жүгірер едің-ау! — қарқылдап күледі.

Ақмарал: — Пішту!... Сен неңмен бұлданасың?

Қазақбай: — Әлі күшім қайтқан жоқ. Ақмарал... Міне, байқап қойшы! — Ақмаралдың мықымынан ұстап, мытып жібереді. Ақмарал ыршып түседі.

— Ой, қайтеді-ей, мынау топас!... Уысыңнан бір шыққан соң, қайтып ұстай алмайсың, ескіні ұмыт!

— Менің айтып тұрғаным сол емес пе, ескіні ұмыт. Ендігі кезекті жастарға берейік. Егер бірін-бірі сүйсе, ұя салсын өмірге! Алдарын кеспейік!

— Ұяшылын!... Мен тірі тұрғанда, ол ойың іске аспас. Әйел тани білмеген әкенің баласы да қай жөңді дейсің. Мен өзім сенің үйіңе келін болып түскенім жоқ, қыздарым да түспейді.

— Ақмарал, тартына сөйле! Қайтып кірер есігіңді қатты серіппе!

— Кіретін мен бе? Жетеді енді! Қайтып кірмейтіндей болып осы үйдің есігін қаттырақ жап!

— Тарт қолыңды!... Тұра тұр, бәлем. Сол тойда сені босағамнан жоғары аттатпаспын-ау! — дейді Қазақбай үйден шығып бара жатып айғайлап.

Қазақбай қаланың орталық көшесімен жүріп келеді. Ерсілік қарсылы ағылып жатқан халық. Сәтсіз құдалық, Ақмаралдың ащы сөздері шал жүрегін бей-жай қылғандай.

«Жаңа қала... Зәулім үйлер! Осы бір үйлердің де өзінің Ақмаралы бар ма екен? Апырмай, осындайлар қайдан табыла береді, музейден қашып шыға ма, кім білсін... Әйел емес, нағыз балшық илейтін машина! Менің ұлдарым жайында не деді сол? Ай, тәйір, әйел халқының тілі ұзын болмай ма?... Соған сенім... жоқ! Сөйтсе де, тексеріп қараса деймін... Не істеп жүр екен, барып біліп қайту керек. Үлкен ұлына Қазакең сенеді... Мына кішісі... әлі жас еді. Кім біледі...»

Осы бір кез қыздары да түскі тамаққа келіп қалса керек.

Шешесі ашуға басып, үйдің мазасын кетіреді.

— Сол екеуі сендердің теңдерің бе? Кешегі аусар Қазақбайдың балалары күйеу болыпты деп бүкіл ел күледі-ау, жазған құдай!

Ақмарал стол үстіндегі тарелкаларды бірін-біріне соғады. Екі қызы үрпиіп диванда отыр шешесінің мінезіне түсінбей, аң-таң. Өжет Алма шешесінің сөзіне көне қояр емес.

— Е, немене, мұрны пұшық, көзі соқыр ма, сонша жұрт күлетін?

— О, адырам қал, шірік, өліп-талып қалдың ба? Әкесінің кім екенін білесің бе?

— Әкесі кім болса, о болсын, Талғатқа күйеуге шығамын! Басқаның маған керегі жоқ! — Орнынан ұшып тұрып, өз бөлмесіне кіріп кетеді.

Ақмарал әуелі аңырап тұрып қалады да, аңырай жылап, диванға отыра кетеді.

— Ой, жүрегім!... Менің түбіме жеттіңдер ме!... Сендер деп түн ұйқымды төрт бөліп, шашым ағарып еді!

Айша қасына барады:

— Апа, не болды сізге?... Сонша күйзелетіндей не жаздық?

— Не жаздық?... Алманың тиемін деп отырғаны кім, көрмейсің бе?

— Алма кәрі қыз атансын дейсің бе, апа? — Айша күлімдеп шешесін аймалайды.

— Оған тигенше, кәрі қыз атанғанының өзі жақсы... Сен де... Сенің де жайың белгілі... Жоқ, сенің ол теңің емес!... Сен тимейсің, мен тигізбеймін!

— Сонда мен қандай адамға тұрмысқа шығайын, өзің айтшы?

— Сендердің күйеулерің өз бастарыңды қадірлеп, сыйлап, алақанына салып жүретін болсын. Соған лайық басыңда үйің, астыңда машинаң тағы болсын.

— Жеке меншікті үйді қайтеміз, қазынанікі тұрғанда... Осы саған ұнамай ма?

— Ұнайды. Сөйтсе де, өзіндікі жақсы ғой...

— Еркек болғасын жұрт қызығатындай әсем келсін.

— Көркіне ас құйып ішесің бе? Әсем еркек опасыз келеді.

— Апа-ау, түрін айтпаймын, еркектің көркі жаны ғой... Әрине, түрі де керек... Әйтсе де.

— Жаны? Сен комсомол емессің бе, «жан» дегенді қайдан тауып алдың... Ең құрығанда сенің күйеуің инженер болсын. Өзің ұлықсың.

— Ойбай, апа-ай! Әйелге үйде ұлықтың керегі жоқ, дос керек... Тең отыратын дос.

Сөз таба алмаған Ақмарал:

— Ой, жүрегім! — деп шалқайып басын диванға соғады.

— Жоқ, апа, абыржыма, оған әлі күйеуге шығатын мен жоқ. Бірақ біз бой жеттік. Күйеу таңдау еркін бізге беріңіз! — Айша да екінші бөлмеге шығып кетеді.

... Қазақстан магниткасы. Құрылып жатқан үйлер. Ағылып жатқан машиналар. Машина үсті толған жұмысшы жастар әндетіп өтіп жатады. Әндері де әр тілде: қазақша басталған әнді орысша аяқтайды, немесе балғарша салынған ән, кенет киіп кетіп, әр тілдегі хорға айналады.

Қазақбай жаңа салынып жатқан домнаға жақын барады. Қызып жатқан еңбек. Аспанмен тілдескен алып домна! Алып домнаға ұя салған құстай жабысып жүрген жұмысшы жастар. Қазақбай басын шалқайта қараймын деп бөркін де түсіріп алады. Сөйтсе де Талғаты көзіне ілінбеді. Өне бір тоқылдақша жабысып, электротыментемірлерді пісіріп жатқан сол-ау? Оты жарқылдап, алтын ұшқан судай шашырайды. Қазақбайдың сол жағында комбинеzon киіп тұрған бірнеше қыздар сықылықтай күліп, өз қолдарын өздері сүйіп, жоғарыдағы Талғатқа сәлем жолдайды.

— Әй, Талғатик, маған бір уыс бұлт әперші, өне бір ақша бұлтқа көміп жібер қолыңды! — дейді біреуі.

— Тос етегіңді, әйтпесе, шашып аласың! — дейді ол.

Бәрі шаттана күледі.

Қазақбай басын шайқайды: «Әй, Талғатжанның өзі бөле-ау, көрдің бе қыздар қалай жақсы көретінін? Қандай сұлу қыздар. Әдемі киіндірсе Ақмаралдың қыздарынан артып кетеді...»

Биікте тұрған Талғат әкесін таниды.

— Әке! — дейді ол айғайлап, қол бұлғап.

Шал қызығып қарап тұрып, қасынан өтіп бара жатқан құрылыс начальнигін де байқамай қалады. Ол өзі танып, шалды қолтықтап кабинетіне алып кіреді.

— Бұл біздің екінші алып. Көрдіңіз бе? Қандай биік?! Бірінші домнадан зор болады әлі!

— Керемет екен!... Ал, адамдарың да осындай керемет пе?

— О, біздің адамдар тамаша ғой шіркін.

— Бәрі де сондайлық тамаша ма?
— Әрине, бәрі бірдей емес. — Орлов сезеді де, сөз түйінін бұра қояды. — Сіздің балаңыз...

— Иә, иә? Артта қалды ма? Өзі жақсы жігіт болмай тұр ма?
— Шал сұқтана сұрайды.

— Жоқ-жоқ!... Мінезі жақсы, жайдары, ақжарқын. Ерінбейді. Батыл. Бірақ, тәжірибесі аз, оның үстіне балалығы көп. Өз бетімен істеймін деп ұрынып қалады... Кеше домнаға шойын қорытушы ағасын жарысқа шақырып еді, ол алмады. Депутат, менсінбейді. «Мұрнын сүртіп алсын» депті. — Орлов күліп сөзін аяқтайды.

— Ай-ай, бұл жақсы қылық емес екен! — дейді шал басын шайқап.

— Не «жақсы» емес?

— Өз ағасын өзі жарысқа шақырғаны қалай?

— Неге? Шақыруға болмай ма?

— Ойбай-ау, үлкеннің аты үлкен. Ертең екеуінің арасына шоқ түседі. Таласады. Сөйтіп жұрт алдында масқара болмай ма?

— Үлкені жалқау да, теріс мінез болса, жұрт алдында масқараламай түзеле ме?

— Солай ма? — Шал ойланып қалады. — Әй, бірақ, мұның арты насырға шабады. Үлкенді кіші сыйлаудан қалады!

— Жоқ, ата, сыйлауға тұратынды сыйлайық. Зорлап сыйлауға болмайды, ата! Біздің заманда адал еңбегімен атақ алған адамды ғана сыйлап, құрмет көрсетеді.

Шал ойланып қалады: «Зорлап сыйлатуға болмайды! Көрдің бе? Сөзінің ілгешегі бар». Дауыстап Орловқа:

— Ұлым, Талғат жаман емес дейсің бе?

— Әлбетте. Жұрттың бәрі Талғаттай бола берсе, мұртын балта шаппас.

Болатбектің бригадасы шойын құйып жатады. Көз тартатын таңғажайып керемет сурет: лебедқадан аққан шойын, шашыраған ұшқын, бүкіл домнаның ішін алтын арайға бөлейді.

Қазақбай қызыға қарап, көңіліне демеу алғандай. «Шойын құйып жатқан өзінің Болатжаны емес пе?... Қайда екен өзі? «Бригада ішінде ұлы көрінбейді. Жаңа ғана қуанып, мәз болып тұрған шал енді түсі өзгеріп, қабағын түйеді. Жұмыскерлер шойынын құйып болып, терін сүртіп жекелеу тұрған шалды қоршап алады.

Шалдың еңсесі көтерілгендей.

— Бәсе, Қазақбай тақыр жерге тұқым екпеген болар. Талғат жақсы болса, Болатбек одан да жақсы. Оған сөз бар ма? Осы қала кезуді тастап, үйге қайтса деймін. Адамды азғыратын әзәзіл деуші еді... Жоқ, мүмкін Ақмарал шын айтқан шығар, Қазақбай оған көзін жеткізді де?.

Шалдың қасына бұрын барған жас жігіт Шербаков:

— Сәлематсыз ба, ата? Болатбекке келдіңіз бе? — дейді.

— Иә, қалай жұмыс істеп жатыр? Көргім келіп еді... Ол өзі қайда?

— Ә, ол кетіп қалған.

— Қайда? Лекцияға ма?

— Иә, біз жұмысты қалай істеп жүрміз, сол жайында ол лекция оқиды.

— Ойбай-ау, ол қалай болар екен?... Сонда ол үшін жұмысты кім істемек?

Бригада мүшелері күледі.

— Шойын құйылып жатыр, көріп тұрған жоқсыз ба? Терлеп-тепшіп қайтеді мұнда. Ол өзі депутат, лекциясын оқып, сессиясына барсын да жүрсін... Бірдеме қылып істерміз. Онсыз бригада деген нөлі жоқ единицамен бірдей.

Шал не дерін білмей, қысылып жан-жағына қарайды.

Алыста келе жатқан Айғайбаевты көреді. Ол қасына кеп, жылы жүзбен күлімдеп, амандасып қолын қысады.

— Таң қалып тұрсыз ба? Керемет емес пе, ә? Осының бәрін кереметке айналдырған сіздің ұлығыз. Соның алтын қолы... Бригада соның жаңа әдісімен істеп, табыстан табысқа жетіп жатыр. Онсыз бригада дегенің единицасы жоқ, нөлдің өзі!... Жақында бізге коммунистік еңбек цехы деген ат береді. Бүкіл іс тетігі соның қолында. Ол — өндіріс иесі. Ертеңгі герой!...

— Ол өзі қайда?
— Лекция оқуға кетті. Жаңа әдісін таратуы керек қой.
— Осылай жиі кете ме?
— Иә, болып тұрады...
— Жұмысты қашан істейді?
— Керек уақытында істейді. Таң қаласың! Айтқандай, сізден бір сұрайын деп жүргенім: әнеугі тұздықты қалай жасайды осы? Есіңізде ме, тойда мен байқамай қағып салдым ғой... Аузымнан дәмі әлі күнге кетпейді, тегі бір сыр бар-ау?

Қазақбайкөшеде жүріп келеді. «Тұздық. Тұздыққа қақалғыр. Жұрт жұмыс істеп жатса, сен тұздық деп қақсайсың... Болатбекті жұмысынан қалдырдың... Мүмкін, әлде лекция да керек шығар. Кім көрінген лекция оқи бермейді ғой».

Қара бұлт ойнақшып, қала үстіне шыға келеді. Көл беті толықсып, іле жаңбыр да құяды. Бөтен үйдің қақпасының алдына жаңбырдан тығылған бейтаныс адам өтіп бара жатқан Қазақбайға айғай салады.

— Немене-ей, шал, көптен моншаға барған жоқ па едің?... Жаңбыр суына шомылғың келді ме?... Кел бері!

Қазақбай енді есін жинағандай, қатардағы бір үйге қойып кетеді.

Дәлізде қалғып-мүлгіп отырған кемпір, Қазақбайды көріп, жыLANDAY ысқырады:

— Шылп-шылп еткізбей, көтере бас аяғыңды, маубас! Лекция оқып жатыр десе... Мұрныңа исі де кіріп шықпайды-ау.

— Бұл не, мектеп пе? — дейді қайда келгенін түсінбеген Қазақбай:

— Айттым ғой, маубас деп... Осы қалада тұрып, қай мектеп екенін де білмесеіші. Бұл ФЗУ емес пе? Мұнда лекция оқылады!

— Лекция дейсің бе? Оқып жатқан кім?

— Білмеймін. Бригадир дей ме?...

Қазақбай селк ете түседі. «Шынымен, Болатбек болмаса игі еді?»

— Әй, кемпір, нашар оқи ма екен?
— Мұндайдың талайын көргенмін. Сөйлейді кеп, сөйлейді кеп... Сөзінде бір тобықтай түйін болсашы!
— Неге түйіні болмасын! Балалар білім алып жүрген жоқ па! Тобықтай түйінді ұға алмаған өзің де, миғұла!
— Егер ондай зерек болсаң, бар тыңдай ғой. Кеудеңе құйып жіберсе, оқымысты болып кетерсің...
— Тыңдаймын, ерегестірсең!
— Кір, кір! Сығалама! — дейді кемпір.
Қазақбай есіктен сығалайды.

Болатбек мінбеде тұр. Екі қолы екі жақ қалтасында, аузында шылым, дәл Айғайбаевтың тұрысы.

— Өндіріс қожасы — бригадир. Бар естің тетігі сол бригадир қолында ғой. Сондықтан менің жаңа тапқан әдісім, яғни Болатбек жолдастың әдісі деп мынаны айтамыз... — Өз қолымен кеудесін қағады. Балалар қарқ-қарқ күледі.

Қазақбай ұялғанынан көзін жұмады. «Жұрт көзінше, «мен-мен» деп өзінің атын атап, кеудесін соғуын, ұятсыздың. Ай-ай... Мен оған мұндай қылықты үйреткен жоқ едім. Тегі Айғайбаевтан жұққан-ау... Бірінің-аузына бірі түкіріп қойғандай. Иә, сөзін Айғайбаев тауып берсе, жұмысын бригада істесе, сонда ұлы не бітіреді?»

Осы бір ойы аяқталмай, Қазақбай тағы да ұлының даусын естиді:

«Мен коммунистік еңбек цехының атын алуға күрес бастадым...» дегенде шал шыдап тұра алмайды, шығып кетеді.

«Піл көтермегенді, тіл көтереді. Сөйлеп бақ. Сонда сен үшін шойынды кім құяды?.. жастайынан әлпештеп, үміт артып өсірген балаң осы болса, күйсеген екенсің, Қазақбай! Кеше ғана бақытты қолыңа ұстап едің, енді міне алақаныңды бос жайып тіленіп тұрсың...».

Шал алақанын жайып үрлейді де басы ауған жаққа жүріп кетеді.

«Ақмаралдың сөзі шынға айналса?.. Жоқ-жоқ, атама, Қазақбай!..»

Қазақбайдың қарсы алдынан екі бала жүгіріп шығып, шалды құлатып кете жаздайды. Ер бала еңіреп, зытып барады да, сәл ересектеу қыз бала қуып жүр. Қыз бала қуып жетіп, ер баланы желкеден бір түйіп, қуыршағын тартып алады. Бала етпеттей құлап, «ойбай» салып жылайды.

Қазақбай баланың қасына келіп, басынан сипап уатады.

— Түрегел балам, сен жақсысың ғой! Жылама! Ер қазақ жылай ма екен? Қарсыласпай ма? Қызым, сен неге тиесің бұған? — дейді ол анадай үрпиіп тұрған қыз балаға.

— Ол өзі менің қуыршағымды алып қашқан! — дейді қыз бала маңдайынан сүзе қарап.

— Қызым, сен тиме, бұл ер бала емес пе!

— Ер бала болғанда менен артық па? Тимесін... — дейді қыз бала батыл.

Шал томсырайып баспалдақпен жоғары көтеріледі. Үйде қарындасы қарсы алады. Ағасының көңіл күйін сезе қояды.

— Апырай, ағатай сырқаттанып қалғанның қай жағындасыз? Өңіңіз қашқан? — дейді Жайбала.

Қазақбай үндемейді, өз бөлмесіне кіріп кетеді.

Қазақбай үстінен жүк басқандай мықшиып, тұқырайып кеткен, үй ішінде ерсілі-қарсылы жүре береді.

«Апырмай, шынымен Қазақбайдың көзін шел басқаны ма?»

Қазақбайдың көз алдынан Болатбектің жас күнгі қылықтары өтіп жатады.

... Болатбек әкесінің мойнына аттай мініп алған, қолында шыбық, шу-шулап әкесін қоса жерді ұрады. Қазақбай ат болып тоңқалаңдап үй ішінде шауып жүреді...

Енді бір сәт мойнында сумкасы бар кішкентай Болатбек үйге кіріп келіп әкесіне бес саусағын көрсетеді. Қазақбай бетінен сүйіп бес сом ақша береді. Бала азсынып, бұртиып лақтырып тастайды, әкесі он сом береді...

Енді бір сәтте, Қазақбай үйіне кіріп келеді, жарыса жүтірген екі баланың кішісі бұрын жетсе де, оны алмай, жерден үлкенін бұрын көтеріп алады. Қалтасынан екі алма алып, екеуіне

береді, бірақ Болатбек қолындағысын місе тұтпай, інісінің алмасын тартып алып, шетінен бір тістеп Талғатқа қайта береді...

Осы бір кезеңдер көз алдынан өтсе де Қазақбай басқаша түйін жасайды. Кадр сыртынан біз тағы Қазақбайдың даусын естиміз.

«Жасынан осылай әлпештеп, бар арман-тілегімді артқан үлкен ұлым отау иесі — Болатбек, өсе келе кім болғаны?»

Қатарғы бөлмеден ұлдарының қатты күлкісі естіледі. Жұмыстан қайтқан тәрізді.

Есік ашылып, әкесінің бөлмесіне кіріп келеді.

— Ал, әке, қалай құда түстіңіз бе? — дейді Болатбек.

— Не қылған құдалық? — Қазақбай қабағын түйіп, зекіп сөйлейді. — Қай заман екенін білесіңдер ме?

— Сіз барған жоқсыз ба? — дейді тақымдап қоймай Болатбек.

— Жоқ... Барып шықтым, — дейді шал күбірлеп.

— Немене, қуанып қалған болар...

— Кім?

— Шешесі.

— Ә, ол ма? Оны қойшы...

— «Қойы» қалай?

— Аздап сөйлескен болдық.

— Иә, сонансоң?

— «Иә... ия... «Иә» да басың қалғыр. Піскен асқа дайын болғың келеді-ау, ә?... Баяғы заман емес, үйде шіреніп отырып, қалыңмал беріп, қыз алатын. Бар да қыздың келісімін ал!

— Алманың шешесі келісім бермеді ме? — дейді үрейленген Талғат.

— Шешесі-шешесі. Қызын шешесі билеуші ме еді? Жоқ, шешесі келісім бермеді деп өмір бойы үйленбей бойдақ өтуші ме едіңдер?... Қәне, айтыңдар, мұндай жағдайда ер жігіт қалай істеуі керек? — дейді Қазақбай ұлдарын сынап.

— Мен айтайын ба, әке? — дейді Талғат.

Әкесі жақтырмай түйіле қарайды.

— Жоқ, үлкені тұрып кішісі сөйлегенді қайдан таптың? Әуелі мынау айтады! — Қазақбай иегімен Болатбекті нұсқайды.

— Бермеймін десе?... Бермей-ақ қойсын... Теміртауда қыздан көп нәрсе жоқ. Табылар біреу, сол да уайым болып па? Ең жақсы деген алтын басты қыздан, кім артық... Ей, Талғат, айтып жіберші. Ха-ха!

— Қалай дедің? — Қазақбай орнынан ұшып тұрады.

— Естіген жоқсыз ба? Алтын мен жез.

Қазақбай не дерін білмей сасып қалады. «Бұл Қазақбайдың өзінің сөзі. Өзі еккен егінін өзі орды деген осы!»

— Жоқ, мен бұлай демеймін! — дейді Талғат сөзге араласып.

— Алмадан басқа маған қыздың керегі жоқ. Біз бірімізді-біріміз сүйеміз. Егер шешесі қарсы болса, алып қашамын.

Талғаттың мысқылын сезбей қалған Болатбек қарқылдап күледі.

— Ақымақ! Ұстап алса, дедектетіп сотқа апарады.

— Өзі сүйіп келсе де ме?

— Әй, қой, саудың асын ішіп, аурудың сөзін сөйлемей. Әкетай, ренжіме, ең сұлу деген қыздың шешесі үлкен ұлыңа қызын өз қолынан беруге асық... Көңіліңіз қалағанын атаңыз!

— Адам сықылды келісіммен қыз беретін шеше жоқ, шамасы келсе, сендерді құбыжық қылып көрсетуде! Өз қамдарыңды өздерің жеңдер!... Құдалық деген не өзі? Баяғы заман бар ма? Мектепте не оқытқан осы сендерге! — Көңілі жабыңқы Қазақбай сылқ етіп отыра кетеді.

— Қыздары шешесін сыйлайтын шығар, алдынан өтуде... Көнбесе көріп алдық! — дейді Талғат үйден жұлқына шығып. Соңынан ере Болатбек те шығады.

Талғат сатыдан бір-ақ қарғып түсіп, гараждан машинасын шығарып алып, ызғыта жөнеледі. Мәдениет сарайының алдында тосып тұрған Алманың жанына келіп тоқтай қалады.

— Неше минут кешіктің, білесің бе?... Жұмыстан кеш қалдырдың!

Алма машинаға отырады. Жүріп келеді.

— Болатбекпен керісемін деп, уақыт өткізіп алдым...
— Әкең ештеңе деген жоқ па?... Мен бәрін естідім. Шешей қарсы.

— Қарсы? Енді қайттік, Алмашка?

Алма сақылдап шаттана күледі.

— Талғат, осы баяғыда қыздың әке-шешесі көнбесе, бір түнде қызды ұрлап алып қашады дейтіні қайда?. Болатбек екеуің бір түнде... Мен терезені ашып қояйын... Айшаны ұрлап кетіңдер.

Екеуі сақылдай, шек-сілесі қата күледі.

— Шешей келісім берер-бермес. Қайда барар дейсің... Болатбекті Айша сүймейді. Мәселе сонда!

— Болатбек сорлаған екен!

— Қыз саусағымен жігіттің шашын тарайды.

— Ренжіме!...

— Ол баланың үлкені ғой. Менің жолымды кесіп тұр ғой.

Машина емхананың алдына келіп тоқтайды. Алма атып түсіп, жүре бергенде Талғат соңынан айғай салады.

— Сумқаңды маған тастап кеттің бе?

— Ұмытып бара жатыр екем-ау...

— Мұның ішінде не бар, Алмашка?

— Апамның салып берген тамағы. Ұзақ түнде күзетте қарның ашады деп.

— Түнде тамақ ішпе, қартайып кетесің...

— Оны кім айтты?

— Дәрігерлер.

— Уай, пәле-ай, айта бер. Тілің өзіңдікі. — Екеуі қол бұлғасып айырылысады.

Талғат ызғыртып, домнаның алдына келіп тоқтайды. Оған қарсы Щербачков жолығады.

Үйдің сәні кеткен. Қазақбай күңіреніп жалғыз отыр. Ұлдары бет-бетімен кеткен. Жайбала да бүкшііп тақтада жатыр. Қайғылы музыканың ырғағымен Қазақбай ойы қатар жарысады.

«Айша шынымен Болатбекті сүйгені ме? Әлде Болатбек мақтанyp пайтa салды ма? Масқара-ай, көшеге шығудан қалдық-ау? Ал егер қыз Болатбекті шын сүйсе? Несіне қызығады? Өзі көрікті, өзі ақылды, ай мен күндей қыз мақтаншақ, өркөкірек жігітті сүйеді дегенге кім сенеді? Сайтан араласты деген осы да!..»

Әй, Қазақбай, артыңа бір қарашы, қызы шешесіне тартып көрсе қызар болып шықса? Баяғыда әмірқан етікпен шешесі кетіп қалған жоқ па? Қыздың өзін сынап, байқау керек еді...»

«Горком хатшысы А. Асанова» деген жазуы бар есік. Бір қол есікті ашады. Сонда барып Қазақбайды бір-ақ көреміз.

Хатшының ауызғы бөлмесінде бірнеше кісі отырады. Оларға назар аударған шал жоқ, таяғын тықылдатып, кабинетке кіріп барады.

Айшаның кабинетінде Болатбек пен Айғайбаев отыр екен. Шалды көріп Айша да, Болатбек те қымсынып қалады.

— Отырыңыз, ақсақал! — дейді Айша.

Ызбарлы шал қабағын түйіп, үнсіз отыра кетеді.

Бұлардың сөзін шылдыраған телефон бөліп жібереді.

— Иә? — дейді Айша телефон құлағын тыңдап, — Балаша қызығып, өңін айналдырып жүрмеңдер... «Коммунистік» деген сөз конфет, не шоколад емес. Ондай атаққа ие болатын адамның санасы да, тәртібі де жоғары болуы керек. Түсіндің бе?

Қазақбай ұлына қарайды. Қораздай күжірейген ұлы Айғайбаевқа бірдеңе деп сыбырлайды. Ол күлімдеп, ақсия күледі. Қазақбай енді көз қиығын Айшаға аударады.

«Осындай көрікті де ақылды қыз Болатбекті қалай жақсы көреді деп отырсың? Иә, халық тегін айтпаған-ау, сүйгенім шұнағым деп. Сүйген де. Жаңағы көз тастауы көрде жатқан адамды тірілтетін. Ал анау қоқай байқаған да жоқ... Иә, білмей қалмайды... Тегі аз кездескен болу керек. Әйтпесе, қоқайдың сырын білу қиынға түспес еді... Әйел халқы қу да, зерек. Иесін танып қояды. Қай жерде танысты десейші? Мәжілісте отырғанда танысып, көз арқылы сөйлесті-ау, әйтпегенде маңайына отырғыза ма!»

Айша телефон құлағын іліп қояды.

— Жарайды, дайындала беріңдер!... Мен қазір келемін! — дейді.

Болатбек орнынан тұра беріп, Айшаға жалынды көз тастайды. Ол қымсына түседі. Екеуі шығып кетеді.

Қазақбай сөзді бұрын бастайды.

— Бұл екеуі не қылмайсың деп шабылып жүр? — Шалдың дауысы алғашқыдай емес, ойнақы әзілдің ұшқыны сезіледі.

Айша: — Бұл екі азамат Коммунистік еңбек цехы деген атаққа ие болсақ дейді... Соны комсомол қолдаса екен дейді.

— Сен ше?... Сен қалай ойлайсың?

— Әлі ерте ме деймін...

— Неге олай дейсің?... Біздің баламен екеуің дос емес пе едің?

Айша қызараңдап не дерін білмейді. Қазақбай да қыздың дәл осы бір мінез құбылысын сезгендей.

— Қарағым, осы күнгінің шалы да бір сойқан, қысылма, айта бер!... Қайта сырлас болайық!

— Дос әділ, бетке айтпай ма?

— Ә, сөз тапқанға қолқа жоқ, бірақ, сол досыңды адал ма, жоқ арам ба, сынап білдің бе?

Айша: — Білдім... Дос асау тайдай қыңыр, езулеп өз бетімен шаба береді.

Қазақбай жымыып күледі.

Таптың, балам!... Әлі асау... Әрі досың, әрі замандасың, неге құрық салып үйретпейсің? Мен осы сөзді айтуға келіп отырмын.

Айша шал сөзінің астарын түсінгендей, күлімсіреп шалға тура қарайды.

— Менің әлімнен келсе...

— Неге келмесін, оған сенен күшті де, өтімді де адам жоқ... Менің қауімі: әлгі қасындағы қақпалап жүрген бар ғой, ноқталайтын сол болады, тегі...

Айша сәл кідіріп ойланып, сағатына қарайды.

— Ғафу етіңіз, мен бір жерге барушы едім. Барасыз ба, бірге барайық.

— Мені қайда шақырып тұрсың, қызым?
— Досыңды түзде де, үйінде де сына демей ме?... Жаңағы достарды өз үйінде сынайық!

Екеуі баспалдақтан түсіп келе жатады.

— Болатбекті үйлендіріп аяғына тұсау салайын деп едім...

Көз қиығын қызға аударады ол. Қазақбайдың сөз саптасына түсінді ме, сәл жымыып:

— Енді не бөгет болып жүр? — дейді.

— Қалыңдық таба алмай әуре, — дейді күлімсіреп шал.

Айша күледі.

— Қыз көп қой... Олақ өзі де.

Машина қала ішімен зырғытып келеді.

— Олақтық жаман ғой, балам! Менің жас кезімде бір момын жігіт еркелеу өскен біреудің жалғыз қызына ғашық болып, бірін-бірі сүйіп, уәде беріскен-ді. Бір түні жастар жиналып, ауыл сыртына сауық құрды...

Машинаның артқы әйнегіне түсіп келе жатқан қала суреттері жоғалып, ескі ауылдың кейбір кезеңдері көріне бастайды. Адамдардың жүріс-тұрысы, қимылын мазақтап, пародия қалпында көрінеді.

...Ай. Түн. Ауыл сыртында жиналған қыз бен жігіттер «Қарақұлақ» ойнайды. Алқақотан отырған жастар ән айтады, осы кезде «қасқыр» келіп, бір қызды ұрлап алып қашады.

— «Бұл ойын тәртібі. Бұған қарсыласуға болмайды!» — дейді Қазақбайдың даусы кадр сыртынан.

Өзен жиегіне тығылады. Күйеу жігіт іздеп таба алмайды. Жар жиегінде тұрса, қасқыр-жігіт пен қалыңдығының суға түскен көлеңкесін көреді. Бастары бір қосылып бір алшақтайды. Күйеу жігіт шыдай алмай, жүгіріп барса, қасқыр-жігіт қызды құшақтап жатыр.

— «Бұл әрине ойын тәртібі емес. Бейбастық!» — дейді тағы да Қазақбай даусы кадр сыртынан.

Қыз атып тұрады. Күйеу-жігіт ашумен жақтан қызды бір тартып кете барады...

— Сонымен сол қыз сықырлаған әмірқан етігі бар жігіттің соңынан еріп, қашып кеткен-ді.

— Қызық екен! Осы сияқты бір әңгімені естігенім бар еді. Кім атты екен? — Айша есіне түсіре алмай әлек.

— Мүмкін, балам, естіген де боларсың...

— Сонда кім кінәлі деп ойлайсыз: қыз ба, жоқ, жігіт пе, әлде күйеу ме?

— Әрине, қыз, — дейді Қазақбай. — Қыз емеурін білдірмесе, жігіт соңынан ермес еді!

Бірінші домна цехында жиналыс өтіп жатады. Коммунистер екі жақ. Тартыс шегіне жеткен.

Бір жақ шетте отырған Қазақбай мен кіші ұлы әрқайсысының сөз қимылын мысықтай аңдып отыр.

Айғайбай мінбеде сөйлеп тұр.

— Болатбек Қазақбаев тегін сөз айтпайды. «Цех. Коммунистік еңбек цехы» деген атаққа ие болады деді ме?... деді! Соның айтқаны болады да. Себебі: іс тетігінің қожасы да сол!... Солай шешеміз де ғой?

— Не дейсіз?... Қайта айтыңызшы? — дейді Айша сөзге араласып. Айғайбаев ұрлығының үстінен түскен баладай абыржып қалады.

— Иә... Жоқ... Сұрауға болады. Кәне, кім қарсы? — дейді Айғайбаев. Залдың қақ жартысынан көбі қол көтереді.

Айғайбаев сасып қалады.

— Ей, қарсысыңдар ма?

Петр Щербаков орнынан тұрып, алға таман барады.

— «Коммунистік еңбек цехы» деген атаққа ие болу бізге әлі ерте... Қолдамаймыз!

Болатбек оның сөзін бөліп жібереді:

— Ерте?..

— Түкке түсінбейсіңдер! Шынында сендерге әлі «ерте» екен... Айшаның келемеж күлкісі әзіл-сықаққа айналады:

— Меніңше, жолдас Қазақбаев асығыстау айтты... Мен-мендік, даңдайсып тасығандық. — Коммунистік қоғам адамының мінез-құлқына жатпайды. Керек десе, мен-менсіген жігітті қалыңдығы үйіне де кіргізбейді! Мұндай сырқаты бар

адам, ондай қоғамға кірмейді де, оны есіктен де сығалатпайды. Бұл — жұқпалы ауру. Тегі біздің жігітке де біреу жұққызған сияқты. Ал, ол тегін ауыртқан жоқ. Сырқат адамды қолтықтан демеп отыру қиынға түспеді!... Иә, мұндай есеп-қисаппен күн көріп жүргендерге өз орныңды тап деп айтпақпыз! (Қол шапалақтайды.) Бізге әдемі сөз емес, әдемі іс керек!

Айша Айғайбаевқа жиіркене көз тастайды. Қазақбай көзін жыпылықтатып, қысылғаннан терлеп қоя береді...

«Беу-беу... Енді өзің шеш: бақыр басты ұл артық па, жоқ алтын басты қыз артық па?»

Жиналыс бітіп, жұрт топырлап шығып жатады. Айша мен шал Талғаттың қасына оралады. Бұлардың қасынан өтіп бара жатқан Щербаковтың Талғат қолын қысып, «Көмек бердің, жарайсың!» дегендей ишарат білдіреді.

— Әне, біздің сал жігіт келе жатыр, қайтер екен, аялдай тұрайық! — дейді Талғат ағасын көрсетіп.

Айғайбаевпен қызу әңгімелесіп жатқан Болатбекке бәрі тесіле қарайды. Ол елемеген кісі болып өтіп бара жатқанда, Айғайбаев шынтағымен түртіп, ым қағады. Болатбек жалт бұрылып, қарқылдап күліп, Айшаға:

— Хатшы жолдас, кімді нысанаға алып, көздегеніңіз білініп қалды, бірақ, мерген емес екенсіз, — дейді.

— Қайдағы, Айғайбаев кигізген қоқай қалпағыңды бір атуға атып-ақ түсірді, — дейді інісі.

Айша күліп Қазақбайға қарайды. Әкесі жымыып:

— Байқа, бала, қалпақ жоғалтсаң оқасы жоқ, басыңды жоғалтып алмасаң! — дейді.

— Менің қамымды жеме, әке!... Бас түгіл бір түгім түспейді. Менің басымды көздейтін мерген әлі туған жоқ!

— Қиын нысанаға тигіземін деудің өзі ерлік. Байқап көрейін, — дейді Айша күліп. Болатбек мұндай батыл жауапты күтпеген болу керек, сасып қалады.

Айша күлімсіреп жақын барады:

— Сен, Болатбек, мені қисық түсіндің. Мәдениет сарайына кел, сонда өзіңе бәрін айтып беремін. Ертең мейрам екенін білесің ғой?

— Ә, солай ма?... Өзі шақырды, көрдің бе? Жақсы көрмейді дейсің? — Болатбек Айғайбаевтың арқасынан қағады.

Болатбек торға түскен арыстандай, ерсілі-қарсылы жүре береді.

Апасының:

— Болатжан, тамағың суып кетті ғой! — деген сөзіне үндемейді. Апасы ернін сылп еткізіп, аянышты көз тастайды.

— Апай, әлгі сұр костюмім өтектеулі ме? — дейді.

— Дайын, жаным!... Тағы жиналысқа шақырып жатыр ма? Дамыл көрсетпей қойды-ау!

— Жоқ, бүгін мейрам ғой. Құрылысшылар күні. Әлгі хатшының жанына от салып, нервiне ойнамасам, тұштаңдап кетіпті... Менімен бірге кім болатынын білесің бе, апа? Қаланың ең сұлу қыздары.

Қатардағы есіктен әңгіменің шет жағасын естіп отырған Қазақбай шыға келеді.

— Кімді дейсің-ей? — шал да ызғарлы көзін алмайды. — Айшаға тиіспей жөніңе жүр!

— Араға түспей-ақ қой, әке! Көрермін. Менің қасымда ұршықтай иірілмегенін...

— Қой, балам, сен Айшаны білмейсің?

— Білемін. Бәрін өзі билеп-төстегісі келеді. Оған жібермейміз!

— Садаға кет, сен Айшадан! Осы мінезіңмен Айшадан айырылып қаласың әлі... — Енді Қазақбай әліде не есіне түскендей кенет сөзін тоқтатады: «Ойбай-ау, бұл Қазақбайдың өзінің мінезі емес пе?... Жас күнде тап осындай тоңмойынды. Өгіз сияқты қасарысып тұрып алатыны қайда?»

— Көрермін, сол қызға үйленбесем, Болатбек атым құрысын! — деп ол шығып кетеді.

Болатбек мәдениет сарайына келеді. Жабық. Ешкім жоқ. Жалғыз ғана ұй сыпырушы әйел жүр, оның өзі Болатбекті мазақ қылады.

— Сен немене тобыңнан адасқан қаздай жалғыз жүргенің...
Тегі ол сені алдап кеткен-ау?

Ызыңдап мазасын алған масадай, Болатбек одан тұра қашады. Орта жолдан қайта қайтады.

— Асанова келді ме осында?

— Сені тосып отырады деген...

— А, немене?.. Мен одан кеммін бе?

— Кем бол, артық бол... Оның жұмысы өз басына жетеді...
Әсіресе бүгіндей күнде!

Болатбек телефонмен Айшаны шақырады.

— Аллоу? Горком ба? Маған жолдас Асанова керек! Бұл

— Болатбек қой... Депутат... Иә, күйеу! Кімді, кімді дейсің?
Паркке кетті? Кіммен? Бір жолаушы жігітпен?

Болатбек телефон құлағын тастай береді. Қызарып терісіне сыймайды. «Жолаушы жігітпін дейді?... Мені тоспағаны, ә? Ол менімен неге бармайды?»

Кадр сыртынан әкесінің даусы естіледі:

«Байқа, Болатбек! Сенің мұрныңнан шертіп, сені ерегестіріп тұр. Енді бір мінез білдірсең, қыздан айырылдың!»

Болатбек паркке барады. Парк іші көңілді де, қызық, музыка... түрлі ойын-сауық. Маска киген жастар. Болатбек түгел аралап шығып, Айшаны таба алмайды. Сөйтіп жүргенде Айғайбаевқа тап болады.

— Сен қайдан жүрсің?

— Сен өзің қайдан жүрсің?

Екеуі қоса күледі.

— Әй, дос, сен әлгі менің құдай қосқан қосағымды көрдің бе?

— Кімді?... Айшаны ма?... Ол қайда болушы еді, ана жақта...

— Айғайбаев бейнелеп көл жақты иегімен нұсқайды.

— Мұны қалай түсінуге болады, достым? — дейді Болатбек дірілдеп-қалшылдап.

— Қазір көресің...

Екеуі таксиге отырып, көлге тартып барады...

Көл жиегінде, яхта-клуб маңында шулаған халық. Қазір желқайықпен жарыс басталады. Иін тірескен халық арасы-

нан шынтақпен жол салып, Болатбек пен Айғайбаев Айшаны іздейді. Анадай жерде жас жігітпен қылмыңдасып тұрған Айшаны көреді.

— Қасыңдағы кім? — дейді Болатбек.

— Бұл облыстан келген журналист, — дейді ол.

— Е, менің күндесім осы де!

Жастардың қақ ортасында көңілді Талғат та жүр. Бірақ дәл осы бір шақта шет жақта көрінбей тұрған Қазақбайды бірі байқамады. Ол көзін балаларынан алмай, сырттай бақылап, әрқайсысына бір баға бергендей.

— Айшеке, мен Болатбекті жарысқа шақырайын ба? — дейді Талғат қасына келіп.

Айша сәл ойланып, күлімсірейді.

— Шақыр! — дейді.

Талғат Болатбектің қасына келіп, жұрттың көзінше:

— Мен сені жарысқа шақырамын! — дейді бетіне тура қарап.

Болатбек әуелі «не айтып тұрсың?» — дегендей осқыра қарайды да, түсінген соң қарқылдап күледі. Талғаттың иегінен көтеріп:

— Піл мен шыбын деген мысалды оқыдың ба?

Талғат ағасының қолын қағып, ызбармен:

— Бойына сеніп, құр қалған түйені де көргеміз! — дейді.

Қазақбай бұл екеуінің арасындағы қағысты тегіс естиді. Кіші баласының сөзіне риза: «Иә, Талғатжанның жауабы тұмсыққа ұрғанмен бірдей. Тайраңдаған тайлаққа, Қазақбай да тап осылай жауап қайырап еді!».

Талғаттың жолдастары ду күледі. Болатбектің бригадасы намыстанып:

— Шық, жекпе-жек!

— Кім түйе екен, танытайық біз бұған! — деп кеу-кеулейді. Болатбек тыжырынып:

— Қоймадың ба, балам!... Өз обалың өзіңе!... Жүріңдер!

— деп ол жолдастарын ертіп барып желқайыққа мінеді. Талғат та бригадасын ертіп, желқайықтың басын бұрып сапқа тұрғызады. Жиектен біреу бұйрық береді. Екеуі жарыса

жөнеледі. Жиналған халық қақ жарылады. Кейбіреуі ағасын, енді жартысы інісін қолдайды. Осы бір сәт Қазақбай да уайымын ұмытып, тамашалай қарайды. Айша да Болатбектен көзін алмайды.

— Талғат озады, сөзсіз! Талғат! — дейді Алма апасының қолтығына кіріп, бұзауша сүйкеніп.

— Оны қайдан білдің? — дейді күлімсіреп Айша.

— Сезіп тұрмын... сен ғой, Болатбектің озғанын тілейсің, ә?! — Алма сылқ-сылқ күледі.

— Маған бәрібір...

— Айта бер! Көз қарасыңнан-ақ білініп тұр!...

Айша теріс айналады.

Бір кезде Болатбек пен Талғат су бетінде жарысып бара жатқан-ды.

— Бәсе, атан жілік шыдата ма! — дейді Қазақбайдың қасындағы Тимофей шал.

— Уа, озды-озды Болатбек! — дейді шуылдап бірнеше дауыс.

Алма шыдай алмай, алақанымен аузын қалқалап айғай салады.

— Талғат, тездет!

Айтқандай Талғат озып шығады. Болатбек артта қала береді. Тағы да шуылдаған дауыс, әсіресе қолын шапалақтап, аса масайраған Алма.

— Тездет, жігітім!

Осы кезде қыз жанындағы жігіт бірдеме деп Айшаға сыбырайды. Екеуі кете барады. Мұны рульде тұрған Болатбек көреді де, қайықтың басын кейін бұрады. Қайық жарға келіп бір-ақ тіреледі.

Қуып жете алмайтынын сезген Болатбек кейін қайтады.

— Әй, неге қайтасың?

— Кейін қайтты...

— Қу!

— Е, бітті ғой шаруасы!

Болатбек қайта оралып, жиекке тоқтайды.

— Қайтеміз сол баламен бала болып... — дейді ол қолын бір-ақ сілтеп.

— Ә, мына жігіттің адымы осындай тар ма еді?

— Жеңілді деген осы!

— Анау, қалай еседі-ей!.. Уай, ер екен! — Жиналған халықтың осы бір келте даусы, мысқыл сөздері Болатбек бригадасының намысына тигендей. Жігіттер кеу-кеулеп өзара Болатбекті ортаға алады.

— Жетті, осы «құрметті бригадирді» мәпелегеніміз. Ашық, бетіне айту керек! — дейді Щербаков.

— Рас... бригада намысы дегенді ойламай ма бұл? Бізді қара бет қылып кеткенін көрдің бе? — дейді екінші татар жігіті.

Болатбек Щербаковқа төнеді.

— Немене, өткелден өте алмаған қойдай шулап тұрғандарың? — дейді кекете сөйлеп.

— Біз намыстанып тұрмыз, ұятқа қалдырдың бригаданы! — дейді Щербаков.

Болатбек қап-қара болып тұтанып, қабағын түйеді.

— Бригада менімен ғана бригада!... Жақсы да, жаман да атағы маған келеді. Сендер қам жемендер! — дейді ол.

— Ә, Болатбек, тасыма!

— Жарайды! Олай десең өз атағыңмен өзің қала ғой!

Бәрі көл жиегіне, яхтаға қарай кетеді. Болатбек орнында жалғыз тұрып қалады.

Шеткерек тұрған әке қартайып, кішірейіп қалған тәрізді, салы суға кетіп, «жұрт естіп қойды-ау, енді қайтейін?» — дегендей алақтап жан-жағына қарайды. Анадй жерде сүп-сүр болып тұрған Айшаны көзі шалады. Бір кезде ол да кетіп қалады.

Айғайбаев Болатбектің қасына барады.

— Мен айтқаным жоқ па, ол сені тастап кетеді деп?... ең болмаса саған бір ауыз сөз айтсайшы... әлгі жігітке ерді де жөнелді...

— Мен көрсетемін оған кім екенімді!

— Ол саған желкесін көрсетіп те үлгерді, достым. Оған сен түк істей алмайсың енді. Тағдырдың маңдайыңа жазып

қойғаны осы! Шыда... Аанада менің бір жолдасым айтқан еді: өзінің әйелің не бойы ұзын болса, не қызмет дәрежесі үлкен болса, не ақылды болса, дүниеде одан артық қорлық жоқ. Осы үш жағдайда өз қатыныңа өзің табан жалаған ит сияқты жалына қарайсың деп... Ха-ха!

Бұл күлкі Болатбекке біреу беттен қамшымен осып жібергендей тиді.

— Мен табан жалаған ит емес, шаптан алып, жұлып тастайтын қасқыр боламын! Оны ұмытпа!

— Даңдайсу — ауру, оны емдеу керек деген жоқ па?

— Осы ауру соның өз басында бар ма деймін, емдесе қайтеді? — дейді кенет Болатбек.

— Сондықтан...

— Сондықтан не істейміз?

— Обкомға барамыз... Мен сөйлеймін, сен мені қоштайсың. Келістік пе?

Қазақбай бәрінде естиді. Зәресі ұшып, айғай сап тоқтатқысы да келеді, бірақ, өзін-өзі басып, дел-сал болып тұрып қалады.

«Бал тамған тілден у тамар» деген осы. Ана бастықтың бал тілінен қорқып едім... Бәсе...

Шал қаттырақ басып аяңдап келеді. «Қазақбай дүниеге бүгін жаралған жоқ. Алдаркөсе айтпаппа еді: біреуге ор қазсаң, кеңірек қаз деп...»

Ақырын басып Қазақбай Айшаның үйіне барады. Кешке жақын үй алдында салқындап отырған Ақмарал Қазақбайды көріп, шошып селк ете түседі.

— Көкек!

— Е, не болды-ей саған?... Құбыжық көрдің бе, осынша шошып?

— Құбыжықтан нең артық?

— Жағыңа жылан жұмыртқаласын, Ақмарал!

Шал беттей алмай жүре береді, артынан бұрылып:

— Әй, қақбас, маған сен емес, Айша керек! — дейді.

— Бар-бар, Айша сенің не теңің!

— Жазаңды құдай берсін!

Қазақбай горкомнің алдына келе бергенде, Айғайбаев пен Болатбек қарсы алдынан машинамен ызғытып өте шығады. Қазақбай соңынан басын шайқап қарап қалады. Енді бір сәт шал еңтіге басып, горкомға кіреді, бірақ Айшаны таба алмайды.

— Хатшы жолдас құрылысқа кетті! — дейді көмекшісі.

Шал енді автобусқа мініп құрылысқа келеді. Бұл кешегі өзі істеп кеткен, құрылыс үйлері. Жоғары қранды басқарып отырған қыз Қазақбайды танып жұрттан бұрын қолын бұлғап айғай салады.

— Қазақбай ата!

Қазақбай да қол бұлғап сәлем жолдайды. Осы кезде бір топ қыз жаңа салынып жатқан үйден ата-ата шығады. Шулап Қазақбайды қоршап алады. Бұлардың ішінде Қазақбайдың жақсы көретін шәкірттері: қазақ қызы Алма, татар қызы Әсима, орыс қызы Наташа, болгар қызы Иванна бар.

— Ата, сағынып қалдық.

— Хош келдіңіз!

— Жұмысқа келдіңіз бе? — Бастырмалатып, Қазақбайдың есін шығарады.

Қазақбай бір жұмадан бері тас қаламай, сағынып қалған ба, жеңін сыбанып: «Міне, осылай қала!» — деп бір бала жігітті баулиды. Алма күліп, бала жігітпен жарысқа түседі. Бригада мүшелері тамашалап бақылайды. Қайда, Алма маңына жолатпайды, озып шыға келеді. Тұрғандар қол шапалақтап Алманы дәріштейді.

Қазақбай Алманы бауырына қысады.

— Нағыз іскер, озық шәкіртім осы! Бұл — үй емес, өмірді қалап жүр! Арқаның жаңа өмірін құрушы осы!

Қазақбай сөзін аяқтай бергенде, «ЗИМ» машинасы келіп, бұлардың қасына тоқтай қалады. Айша түседі. Үстінде аспан түстес көк көйлек, аяғында биік жаңа туфли. Қаздаңдай басып, топқа жақын барады.

Қазақбай іштей: «Болатбектің әйелі осы Айшадай болса, шалдың арманы жоқ! Ей, Болатжан-ай аусарсың-ау, осындай қыздың жанын түсінбей жүрген...» деп налиды ол.

— Иә, ата, сағынып қалғансыз ба, бір-ақ жұма өтті ғой... — дейді Айша күліп.

— Мына балалар кәрі бүркітті тыныш жатқыза ма? — деп Қазақбай әзілге қосады.

Шал мен Айша оңаша бөлініп, өзара кеңеседі.

— Мен, балам, сені іздеп шарқ ұрып жүрмін. Әлгі екі соққан обкомге арыз жазып, бүгін сонда кетті... — Бұлар сөзін аяқтамай, Алма қастарына жүгіріп келеді.

— Айша, атам маған риза... Мені ең жақсы шәкіртім деп мақтады!

— О, бұдан артық бағаның саған керегі жоқ, сіңілім!...

Қазақбай таң қалады.

«Сіңілім?... Бұл әлгі Талғатжанның иемденіп жүргені болмаса игі еді?... «Шал тесіле қарап, ұнатқан тәрізді: «Талғатжанның көзі қырағы-ау, таңдай білген...»

Айша Қазақбаймен қоштасып, машинасына мініп, жүріп кетеді. Алма мен шал оңаша қалады.

— Сен, Алмажан, Айшаның бірге туған сіңлісің бе?

— Иә, ата! Сіз білмеуші ме едіңіз?

— Талғатжан айтқан еді. Алма деген сұлу қызым бар деп, қай Алма екенін білемін бе?.. Сен оны білесің бе?

Қыз қызарып кетеді.

— Кімді дейсіз?

— Талғатты, балам!

— Қай Талғат? — қыз қулана ізін бастырмалайды.

— Қай Талғаты несі?

— Мен бірнеше Талғатты білемін.

— Бірнеше?

— Иә, бірнеше Талғат бар. Соның қайсы сіздікі екенін білмей тұрмын.

«Е, менің ұлым құрамай қапты де... Қой болып шықты де! Е, сеніп жүрген Талғат, сен болсаң... Есі жоқ шал келін түсіп тұр деп ұқты-ау?... Балаларың шалағай, ебі жоқ болса осы, азабын тартасың да жүресің... Иә, Алманың жақсы әйел боларына дау жоқ. Үйді де таза ұстап, немерені де қаптатып жіберер еді!... Сәтсіз қадам деген осы!»

... Иығы түскен Қазақбай, үйіне қайтады.

Осы бір кезде Болатбектің мойнына су кетіп, обком хатшысының кабинетінен келе жатады. Қасында Айғайбаев.

Айғайбаев қолын селтеңдетіп, айғай салып, тез-тез сөйлейді де, Болатбек қызарып, сүзеген бұқадай тұқырайып үнсіз тыңдайды.

— Мен саған айтқаным жоқ па, басыңды изей бер деп... Күрке тауық ұқсап, күжірейдің де отырдың! Түсінбеймін, осы саған! Көзіңше Айшаға телефон соғады, ол бұлбұлдай сайрап бақайшағына дейін шағады, сен бедірейіп жұмған аузыңды ашпайсың!

— Не айтқанын естідің бе?

— Жоқ.

— Мен де естігенім жоқ, не дейсің оған!

— Мәселе оның айтқанында емес, біздің айтқанымызда болып тұрған жоқ па!... Жоқ, мен қол көтеріп, беріле алмаймын. Москваға дейін тағы бір саты бар. Бағымды сынап қараймын.

— Жаз!... Мен де қол қоямын! — дейді Болатбек.

— Жазбаймын. Демалыс аламын да, Алматыға өзім барамын!

Соңғы сөздер басталғанда кіріп келген Айша бәрін естиді. Ол хатшының кабинетіне кіріп бара жатып:

— Жолдарың болсын... Бізден де сәлем! — дейді кекетіп.

Болатбек пен Айғайбаев аң-таң, не дерін білмей, біріне-бірі қарайды.

Енді осы Айшаны обком хатшысының алдында көреміз. Екеуі сыр шертісіп, шүйіркелесіп отырған адам сияқты. Айша қызара бөрткен.

— Сонда не деп айып тағады дейсіз? — Айша алғашқы сөзге қайта оралады.

— Хатшыға ұқсамайды-мыс.

— Несі?

— Жұрт көзінше ән салады, серуенге барады-мыс.

— Тағы да?

— Бір жігітті сүйіп еді, оны тастап екінші жігітті ертіп алды дегенді бықсытады.

— Кімді тастап кеткенін айтты ма?

— Осы сөзді айтқанда цех бастығы Қазақбаевқа қарап еді, ол тіл қатқан жоқ, басын тұқыртып отыра берді.

— Ол неге үндемеген?

— Үндемегені, тегі анау өтірікті судай сапырып отырған сияқты...

— Түсінікті. Сонда оларша, хатшы әйел қалайша өмір сүруі керек?

— Оларша — хатшы әйел өмірге ұя салмай жеке-дара қызмет істеп қана жүре берсе... сол жетеді-мыс.

Шал үйінің есігін зорға ашады. Талғат қарсы алып, шешіндіреді.

Болатбектің қаперінде жоқ, тағы да телевизордың алдында, өз суретін көріп мәз болып, күліп тұр.

Экранда Болатбек шойын құйып жатады. Ғажайып ерліктің кісі қызығатындай тамаша бір кезеңі. Сол Болатбектің ісімен қатарласа диктордың да даусын естиміз:

«Мынау атақты шойын құюшы Болатбек Қазақбаев. Бұл заводта бірінші рет коммунистік еңбек цехының атағы үшін күрес бастады!»

Ескі ерлігіңді көріп, өзіңе-өзің таңданып отырсың ба? — дейді Талғат мысқылдап.

— Не көрсетсе, соны қараймыз да!

— Ішің ашымайды ма?

— Неменеге?

— Өткен ерлігіңе!... Бүгінде сен өткен ерлігіңмен ғана күн көріп жүрсің ғой.

— Кеше мен бүгіннің маған айырмасы жоқ.

— Қой, достым, бар. Сенің бүгін істен гөрі сөзің көп.

— Қой, бала. Аттыға еремін деп, таңдығың айырылып жүрмесін... іс тетігінің кілті менде!

— Сөз Айғайбаевтікі де, уәде Болатбектікі! — дейді Талғат.

— Шырағым, сен осы кім болып бара жатырсың? — дейді әкесі мұңайып. — Қараймын-қараймын келіп, бірақ, танымаймын. Сен бе, жоқ, басқа біреу ме?

Болатбек мырс-мырс күледі.

— Қартайған соң көзіңіздің нұры кеткен ғой.

— Қарағым, әке балаға сыншы. Әлде мен саған жақсы әке болмадым ба? Әйтпесе, тап осы сөзді мен үйреткен жоқ едім саған.

Болатбек иығын қиқандатып:

— Мұндай сөзді табуға өз ақылым да жетеді, — дейді ол мысқылдап.

— Өркөкірек, менменшіл біздің тұқымда жоқ еді...

Болатбек тағы да мысқылдап:

— Нағашы жақтан ауысқан да! — дейді.

Әкесі аң-таң. Босағада сүйеніп тұрған кіші ұлына қарайды.

Талғат шыдай алмайды. Төніп қасына барады.

— Мына телевизорда тұрған сен емес. Сенің көлеңкең... Ендігі қалғаның сол көлеңкеңмен мақтану еді, мақтан!... Сенде ұят, әдеп деген қалған жоқ!... Не деп отырсың, папама?

— Қысқарт енді! Тарт тіліңді! — деп Болатбек те едірейіп ұшып тұрады.

Ашулы әке қайратына мініп, ақырып жібереді.

— Доғарыңдар! Талғат, былай тұр.

Қазақбай Болатбектің қасына барып, тақалып:

— Сен кімсің өзің?... Даңдайсыған бос қуыс күбі-шелек! Аш көзіңді! Мә, саған керек болса! — Жақтан шапалақпен тартып жібереді.

Әкесінен мұндай мінезді күтпеген Болатбек, жағын ұстап, ақылы есіне түскендей, кейін шегініп, өз бөлмесіне кіріп кетеді.

Жайбала аң-таң, әуелі ағасына қарайды, одан Талғатқа бұрылады. Талғат әкесінен көзін алмай, тамашалай қарап тұр екен.

Бұл кезде Болатбек экранда жұртқа қарап басын изей береді.

Ақмарал мен Айша үйінде телевизор көріп отырады. Экран да жұрт алдында басын изеп тұрған Болатбек.

«Атақты шойын құюшы Болатбектің ерлігі жайында хабар тыңдаңыздар!» дейді диктор.

— Қалай мақтаса да, мен тірі тұрғанда олар бұл үйдің босағасын аттай алмайды!

— Неге, апа?... Сіз осы сол үйдің ішін неге жек көресіз?

— Менің өзімнің себебім бар. Қазақбайдың бір ауыз сөзіне сенбеймін. Тоңмойын, топас, еш нәрсеге икемі жоқ. Ол мені баяғыда қорлап кеткен.

— Қорлап?

— Өмір бақи есімнен кетпейді.

— Ұлдарының жазығы қанша?

— Доғар! Ол шалда жақсы ұл бар дегенге мен сенбеймін.

— Соншама не болды, апа?

— Онда ендеше менің телевизорымды тыңда!

Экранда баяғы «Қарақұлақ» ойыны Ақмаралдың көзімен беріледі.

... Ауылда жастар көңіл көтеріп, «Қарақұлақ» ойнайды. Сықырлауық әмірқан етігі бар жігіт алқақотан тұрған жастардың ортасына кіреді де, Ақмаралдың қасына тұра қалады. Ол қыздың құлағына сыбырлап, әдемі сөздер айтады. Қыз қызарып, күле береді. Енді бір сәт — ол қасқыр қызды ұрлап, өзен жиегіне алып қашады. Жар астына келген соң барып, Ақмарал жігіт сырын бір-ақ түсінеді. Кетпек болып бұлқынады. Жігіт қатты қысып алған, жібермейді. Құшақтап сүйе бастайды. Екеуі алысады. Ақмарал айғай салып «Қазақбай!» деп шақырады. Қазақбай жетіп келіп, Ақмаралды жақтан бір салады. Жиналып қалған жастардың көзінше масқара болған қыз үйіне барып түні бойы жылайды.

— Жігітті ұрудың орнына Қазақбай мені ұрып, жұрт алдында масқара қылған. Сонансоң мен сықырлауық әмірқан етігі бар жігітке тұрмысқа ықтиярсыз шықтым. Ол маған не көрсетпеді...

— Жоқ, жоқ, апа, олай емес. Мен білемін...

Ақмарал атып тұрады.

— Түк те білмейсің. Оның атын естігім келмейді!

Талғат мәдениет сарайының алдына келіп автоматтан Ақмаралдың үйіне телефон соғады.

Телефонның қасында тұрған Ақмарал бұрын ұмтылады.

— Әй, бұл кім?... Алма?

Алманың аты аталған соң-ақ Ақмарал елең етіп, қабағын түйеді.

— Бұл кім өзі? Талғат? Е, сен болсаң, Алма жоқ! — деп телефонды тастай береді. Талғат дел-сал, қайтерін білмейді.

Жайбала мен Қазақбай стол басында отыр еді. Есік ашылып, әуелі Болатбектің аяғы кіреді. Үйдің ішіне бір көз тастайды. Жұмған аузын ашпайды. Қолына мылтық алып тысқа шыға жөнеледі.

Апасы соңынан жүгіреді.

— Болатжан, қайда барасың?

— Аралға барамын.

— Тамақ ішпейсің бе?

— Құлқым соқпайды...

Соңғы сөзді жүріп бара жатып баспалдақта айтады да жүгіріп түсіп кетеді.

Орнынан көтерілмеген Қазақбай шай ішіп отыра береді. Жайбала асып-сасып қайта кіреді.

— Аралда не істейді екен?... Мерген емес!... — дейді күбірлеп Жайбала, әлденеден сезіктенгендей. Бұл сөз шалға да үлкен әсер еткендей. — Айшамен татуластырса қайтеді осы, сол қыз ғана мұны жүгендемесе... — деп Жайбала Қазақбайға ой салғандай. Қазақбай шапанын асығыс киеді.

Талғат жүгіре басып Ақмаралдың үйінің алдына келіп, төргі терезеден сығалайды. Ештеңе көре алмайды. Мысық болып мияулайды... Жауап жоқ. Терезені тықылдатады.

Ваннадан жаңа ғана суға шомылып шыққан Алма, үстінде халат, шашы тарқатылған, терезені ашады. Талғатты көреді.

— Талғат!

— Алмашка, бері... — сыбырлап шақырады.

Алма қолымен аузын басып, аржағына жалтақтай қарайды да:

— Секір! — дейді. Жүгіріп барып екінші бөлмеге кіретін есіктің тиегін салады.

Талғат терезеден бір-ақ секіреді. Алманы құшағына қысып, екеуі дөңгелене билеп кетеді... қыздың су-су шашын оның мойнына орап, қылқындырады. Қыз күлімдеп тұншығып, кушеткаға құлайды. Талғат мәз.

— Сен неге мәзсің? — дейді Алма.

— Болатбекпен ұстасып қалдым.

— Соған кісі мәз болама екен?

— О, мұнда үлкен мән бар. Әкей бірінші рет маған болысты. Енді мен бірінші үйленуіме де болады! Болатбекті тосып қайтемін?

— Мен үйте алмаймын. Шешем рұқсат бермейді, — дейді күрсініп қыз.

— Айша не дейді?

— Менімше, Болатбекпен қосылып ән салатын Айша жоқ. Жеке де ән айтпайтын болды.

— Енді не істейміз?

— Екеуін татуластыру керек еді... Бірақ, сен өзің Болатбекпен араздасып қалған жоқсың ба?

— Е, ол уақа емес... Жол табамыз... мен таптым да. Ол былай...

Қатардағы Алманың бөлмесінен шу естіледі. Ақмарал елең етіп құлағын тігеді. Бірдеме сезгендей. Ақмарал ұшып тұрып, Алма бөлмесінің есігін итереді. Жабық. Қағады.

— Алма, аш, жаның барында!

Үн жоқ.

Бұл кезде Талғат терезеден секіріп түсіп, тығыла қалады. Алма есіктің тиегін ағытады. Ақмарал долдана кіреді, қызына

сұқтана көз тастап, терезеге жақын барып үңіле бергенде, мысық қарғып көшеден үйге кіреді. Ақмарал шошып, кейін қарай шалқаяды.

— Құрғыр-ай, мынасы не еді, тағы!

Алманың шек-сілесі қатқанша күліп, кереуетіне құлайды.

Бұл көріністі көшенің екінші жақ қатарында, ашық терезеден көрген Талғат мәз болады, үйіне қарай аяңдайды. Көңілді де сергек. Бақытты жастық Талғат жүрегіне шаттық нұрын төгіп, ән салдырады.

— *Жарқыраған өмірімнің жұлдызы,
Қолым созам... Саған қарап... қуанам!
Жымыңдайсың, кім біледі... Шын сүйсең,
Саған ғана, сен деп қана табынам...*

Ақмарал үйіне қарсы үйдің алдында тығылып тұрған Қазақбай да бәрін көрген сияқты. Балалардың Ақмаралды алдап кеткеніне мәз.

«Пай-пай, мына қыздың айласы қырық есекке жүк екен. Дауа жоқ. Талғатты білмеген кісі сияқты емеурін білдіріп, ұялған да болар. Қазақбай қайын атасы емес пе? Бәсе, солай. Әй, Қазақбай-ай, диуанасың ғой...»

Ақырын басып терезенің алдына келеді. «Айшаны қалай оңаша шақырып алады?» Терезеден сығалайды: «Талғат қалай шақырып алды екен?... Қазақбай жас кезінде мысық болып мияулап, бұқа болып өкіріп, үйге сүйкенуші еді... Жоқ, қазір бұл тәсілдер жарамай қалды... Құс болса ше?» Әтеш боп шақырады. Терезе ашылып, Ақмарал басын сұғады. Қазақбай тығыла қалады. Терезе қатты жабылады. Қазақбай енді Айшаның терезесін тауып алып, үш рет қағады. Айша басын сұғады. Қазақбай саусағын шошайтып шақырып алады.

Енді екеуінің бақшада отырғанын көреміз.

— Мылтық алып кетті дейсіз бе? — Айша қайталап үрейлене сұрайды.

— Иә, алды да аралға кетті.

— Енді қайттік?

— Қайткені несі?... Оны сен ғана сақтап қаласың! Бүгін жексенбі, уақытың бар...

Айшаның құлағына обком хатшысының даусы келеді: «Достың шын берілген жүрегі ғана жөнге салады».

Енді біз экранда аралда мұңайып ән салып келе жатқан Болатбекті көреміз. Иығында қос ауыз мылтық, өңі жүдеу... Әне ағаш түбіне отыра қалып, ұшып бара жатқан бір топ үйректі көздейді...

«Е, өмірде де осындай мерген болсайшы!... Сенің үйрегің оқ жетпес аспанда!... Қимылда!... Шабандай берсең ұтыласың!...» дейді іштей бір кекесін дауыс.

Болатбек үйректі жерден көтере бергенде, ол Айшаға айналып кетеді.

Қыз өз бөлмесінде толқып, қиналып отырады.

«Көл жиегі толған көз. Айшаны бәрі таниды. Не демек?... Горком комсомолдың хатшысы жеңілтек пе, қалай, жас жігіттермен қайық теуіп, мәз-мейрам... Іс қайда? Қала қайда демей ме?... Әнеу күні Айғайбаев не деді обкомда?... Бармаса ше? Болатбек жазым болып қалса... Жоқ-жоқ!

Ол әр көйлекті бір киіп тастап, таңдай алмайды. Бірі үстіне қонбайды. Есіктен кіріп:

— Жүр-жүр! — деген Алманың сөзі оның қытығына тигендей.

— Бармаймын, жүре бер! — деп жыламсырап отыра кетеді. Алма мойнынан құшақтап жалынады.

— Неге бармайсың?

— Бармаймын... Бүкіл қала таниды. Не дейді мені көргенде? Алма сақ-сақ күледі.

— Ой-бай-ау, горком хатшысы жұртпен қатар өмір бақшасын серуендеп араламай, тек өмірдің шарбағынан ғана сығалауы керек пе екен?... Қалай ұғасың өзің?

Айша үндемейді.

— Сен осы биыл аралда болдың ба? Ай-ай, қандай тамаша! Бармасаң кейін өзің өкінесің!

Күн бүгін ашық. Бірақ самал жел шашты дударлап, құлақ түбінен зу-зу етеді.

Көл ортасында қалқып бара жатқан иесіз қайықты Айша басқалардан бұрын көреді.

— Иесіз, бұл не қылған қайық? — дейді Айша қолымен нұсқап.

— Бос!.. Қәне? — Алма үрейлене қарайды.

Кімнің қайығы екенін сезген Талғат жалпақтап Алмаға қарай береді.

— Масқара-ай, әлгі суға кетіп жүрмесе игі еді? — дейді Алма.

— О, кім ол? — Айша Алманың бетіне үңіледі. Алма Талғатқа қарайды, ол «айтпа?» дегендей ым жасайды.

— Біреу де! — дейді Алма атын атамай.

Айша ештеңе түсінбейді, бірақ осы қайықта бір сыр бар екенін ол сезгендей... Жел қайық судың бетін иректеп, арал жиегіне жақын келгенде, қамыс арасынан Болатбектің басы қылтияды. Талғат ағасын жұрттан бұрын байқап қалып «Көрінбе, тығыл!» дегендей ым қағады. Ол ымды Айша сезіп қалып: «Мынау кімге ымдап тұр?» дегендей арал жаққа көз тігеді — ешкім көрінбейді.

Бұл үшеуі арал жиегіне шығып, әрі ішіне қарай ене бергенде, Болатбекке кез келеді. Ол — бұларға қарайды. Бұлар оған қарайды.

Талғат пен Алма ол екеуін жеке қалдырып, арал ішін аралап кетеді.

Болатбек пен Айша арал жиегін аралап келе жатады. Қала жақтан жүрек тербететін музыка естіліп тұрады.

— Келдің бе? — дейді Болатбек күлімсіреп.

— Саған келді деп отырсың ба?

— Құс атуға келген боларсың?

— Жоқ, мерген қалай атады екен, соны көргім келеді.

— Горкомның нұсқауынсыз ата алмайды деп ұқтың ба?

— Сен бүлдірдің, соны өзің білесің бе? — дейді Айша.

— Іс насырға шабатындай ештеңе сезе алмадым-ау...

Тегі Айшаның сөзі етінен өтіп, сүйегіне жеткен тәрізді. Болатбек тарылып қалады.

— Ә, таба алмадың ба? — Айша таңданғандай. — Олай болса басайын бетіңе: мақтаншақ, өркөкірек, даңдайсу, асып-тасу сияқты «қасиеттер» сенің басыңа үймелегенін сезінесің бе?

Болатбек қызараңдап, еріксіз ыржияды.

— Тым көп екен... Маған сол «қасиеттің» біреуін ғана қалдырсаң деймін...

— Біреуі ғана жетсе, таңдағаныңды ал!... Бірақ, осы «қасиетіңді» жоймасаң... екеуміздің арамызда татулық жоқ.

Көз қиығымен Болатбекке қарап қояды, ол басын кекейтіп, өз буына өзі пісіп келе жатады. «Орман ішіне өзі тіленіп келген қыз... Неден тайынады дейтін боларсың Болатбек? Байқа, теріс баспа!» деген әкесінің даусын естиді Болатбек.

Өзін-өзі көтеріп, дәріптеп ұстайтын Болатбек аяғының астына қарай ма, дәл көз алдындағы қазылған орды көрмейді. Айша бұрын көріп қалып, енді ұстамақ болып, ұмтыла бергенде, Болатбек күмп беріп, терең орға түсіп кетеді.

«Ай-ай! Айттым ғой, байқа, орға түсесің деп... Қызбен келе жатқан жігіт көз алдына қарамай ма? Ой, қоқай-ай..» — дейді тағы да әкесінің даусы. Айша әуелі шошып, көзі бақырайып, кейін шегінеді. Артынан ор ішінде түрегеп тұрған Болатбекті көріп шек-сілесі қата күледі. Ұяты бетіне шиедей басылған Болатбек томсырайып, жалпақтап, жан-жағына қарайды. Дағдарысқа ұшырағанын сезгендей.

— Сен аспанда қалықтаған бүркітсің ғой, біз сияқты аяқ астына қарайсың ба?

— Табалағаның ба?... — дейді Болатбек күбірлеп.

— Неге табаламайын?... Сеніңше бұл — артық қасиет, меніңше бұл — кемшілік.

Тағы да мазақтай күледі. Жігіт енді сөзден жеңілді ме, үндемейді: «Бұл қыздың тілі ұстарадай өткір, жеңу оңай болмас!»

— Жарайды, қолыңды соз! — дейді Болатбек татуласпақ болып аздан соң.

— Менің қолымды қайтесің? — дейді Айша түсінбеген болып.

— Тарт мені!

— Жоқ, жігітім, өзің шық!... Мен байқап қарайын қалай шығар екенсің!

Қыз отыра қалып, Болатбекке қадалады.

— Ә, көмектескің келмей ме?... Онда өзім бірдеме ғылып...

Жұлқынып, секіріп көреді. Бірақ одан ештеме шықпайды, терлеп-тепшіп қояды.

Қыз орнынан тұрады да кете барады. Болатбек қайда кетіп бара жатқанын сезген сықылды. «Асқақтаған Болатбек, сені біржола мазақтап, қорлады-ау... Тезірек, жалын, әйтпесе, бүкіл қала естіп қалып, ағаш аттың басына мінгізеді...» дейді әкесінің даусы кадр сыртынан.

Айша! — Болатбек айғай салып шақырады. — Айша!

Енді Болатбек Айшаның ән салған даусын естиді. Масқара-ай, мазақтап тұр.

*Несіне сен жігіт дейсің мадақтап,
Қысылғанда жол таппаған жігітті!
Алдындағы орды көрмей алақтап,
Түсін кеткен, шіркін о да жігіт пе?*

— Әлгі есуас Талғат қайда жүр? — Болатбек айғай салады.

— Талғат! Уай, Талғат! — Оның даусы бүкіл орман ішін жаңғыртады. Сол бір сәт орман ішінен жүтіріп Талғат пен Алма да шығады.

Айша оларды көріп: «Келме!» дегендей ым қағады.

Олар түсініп қайта жоқ болады.

— Әлгілер көрінбей ме?... Неғып қайтып кетті екен, ә? — дейді Болатбек.

— Тегі, олар бізді тастап кеткен сияқты. Орман ішінен сыбдыр естіледі. Қасқыр болмаса игі еді?

— Қасқыр?... Аралда қасқыр жүре ме! Мен тәрізді екі аяқты қасқыр болмаса...

— Болатбек, мен қорқамын... күн кешкіре бастайды. Қайыққа жетіп алайын.

— Кетпексің бе?

— Ең жақсысы — мен саған Айғайбаев досыңды жіберейін, сол құтқарар.

Болатбек күйіп-пісіп шамданады, бірақ, қолынан келер дәрмен жоқ.

— Тарт қолымнан, Айша!

— Сен үшін орға жығыларым жоқ.

— Екеуіміз отырсақ, көңілді болады.

— Сен көңілді тұрасың, білемін!...

Болатбек белбеуін шешіп, Айшаға береді. Айша белбеуін лақтырып жібереді.

— Өмірде саған бәрі де оп-оңай сияқты. Жоқ, достым. Бұл белбеумен екеуіміз де орға түсеміз...

— Енді не істейміз?

— Білмеймін. Ойлан тап! Сен еркек емессің бе?

— Белбеуді ағашқа байла да, өзің белбеуден ұстап, қолыңды маған соз!

— Белбеу жетпейді.

— Шұлығыңды шеш те, белбеуге жалға!

— Орға құлайтыныңды білгенде шұлық киіп шығушы едім... Қап...

— Енді қайтеміз?

— Шынында қалаға барып, Айғайбаевты шақыруға тура келеді.

— Тәңірдей табынайын, айтқаныңды бұлжытпайын, тек ешкімге айта көрме!

Айша сықылдап, масайрап күледі.

— Ой-ой, тәкаппар жігіттерді осылай үйретсе... Жарайды... мен сені құтқарайын... Есінде болсын: жеңген мен!

Айша талдан арқан еседі де, бір ұшын ағашқа байлап, бір ұшын Болатбекке тастайды.

— Ал, енді шық!

Болатбек атып шығады.

«Ал, шешен қыз, ендігі кезек менікі. Өшімді сенен алмасам ба?» — іштей кіжінеді де, «Ой-бай-ай, белім-ай» деп белін ұстап отыра қалады.

Айша оған сеніп, тұра ұмтылады.

— Не болды саған, Болатбек? Белінді мерткітіріп алғаннан саусың ба?

— Тегі солай сияқты. Белім шығып кеткен бе, жанымды көзіме көрсетіп әкетіп барады. — Болатбек үһлеп, домалап жатып алады.

— Қай жерің?... Белім дейсің бе?... Шатақ іс енді болды!

Енді екеуі біріне-бірі қарсы қарап үнсіз отыр, не істерін білмей, дағдарған сияқты.

— Қайыққа қалай жетемін?

— Білмеймін, қиын болды.

— Сен мені тастап кет...

— Жоқ! Жоқ!

Қыз орнынан қарғып тұрады.

— Кел, менің иығыма асыл! — Қолтығынан демеп тұрғызады. Болатбек бар салмағын қызға салып, асылып аяғын әрең басады. Қызға өте ауыр, қиналып зорға сүйрейді.

— Сол аяғым көтертпейді. Тегі мен жүре алатын емеспін.

— Бір-екі-үш, бас ептеп!

Екеуі қалт-құлт етіп келе жатады. Қыз қызарған, терлеп-тепшіген, зорға келеді. Болатбек өшін алып — көңілі жай тапқан тәрізді. Қыз денесі денесіне тиіп, жанын күйдіре бастады ма, көз қиығымен қызға телміре қарайды. Шыққан белді ұмытып, шап беріп, қысып сүюге дайын. Орман ішінен Талғат пен Алма жүгіріп шығады.

— Не болды сендерге? — деп Алма айғай салып жүгіріп келеді.

Ағатай-ау, бұл не қасірет! — деп Талғат та мазақтай бастады.

Айша демі құрып, шаршап отыра кетеді.

— Жығылып қалып... енді мынау жүруге жарамай қалғаным!

— деп Болатбек үһлейді де көзімен Айшаны нұсқап, ымдайды: «Мен оны алдадым» дегендей.

Алма мен Талғат түсіне қалып, Болатбекті жерге жығып салады. Домалатып, әр жерін бір ұстап, әурелейді.

— Шеш шалбарыңды! — дейді Талғат та айғайлап. Айша теріс айналады, Алма масайрап күледі.

— Өй, Талғат, сен не істейін деп жатырсың?

Болатбек итермелеп:

— Кет, әрі! — дейді.

— Шеш, шалбарыңды, мен зерттеп көрейін! — Шалбарын шешеді, Болатбек тулап, айғайлап, аяғын бауырына қысып иіріліп жатып алады.

Талғат белін басып, салмақты пішінде ойланып, қорытынды жасайды.

— Белің шыққан жоқ, аман!... Жай, әншейін нервің ғана ауырған.

— Нервің... — Болатбек Талғаттың даусына салып, мазақ қылады. — Жүре алмай жатсам, не дейді жасанды тәуіп!

— Мұндай сырқатты тез емдеуге болады!

— Қалай? — дейді Алма.

— Емдеу Айшаның ғана қолынан келеді!

— Мен бе?

— Иә. Үш рет: «Мен сүйемін!» десең жазылады да кетеді. Атып тұрады!

Айша Болатбектің қулығына енді ғана түсінгендей. Балаша алданып, күлкіге ұшырағанын сездірмей бағады.

— Мен дайын! — дейді Айша.

— «Қымбатты Болатжан, мен сүйемін! Сүйемін! Сүйемін!» — деп үш рет қайталайсың!

— Жарайды, «қымбатты» демей-ақ қояйын.

— О да болсын.

Айша үш рет қайталап айтады. Болатбек күлімсіреп атып тұрады. Бәрі ду күледі. Тек Айша ғана күлмейді.

— Бөпе жаңа ғана жүре бастағанда: «Тәй-тәй!» деп қолынан жетектеп үйрететін еді, жерді жаңа басып үйреніп келе жатқан Болатбекке, бұл да «тәй-тәй» болсын!..

Болатбек жеңілгенін сезіп, қызарып, сасқанынан:

— Сен мені арқалаған жоқсың ба? — дейді ол.

— Баланы да арқалайды. Сенің баладан нең артық?

Тағы да ду күлкі. Бұл жолы Болатбек күлмейді.

— Сен Болатбек, жеңілдім деп Айшаның қолын ал, жабулы қазан жабулы қалсын! Әйтпесе, бүкіл қала біледі, күлкіге ұшырайсың!

Болатбектің еңсесі түсіп, қайтерін білмей тұрып қалады.

Енді біз көл жиегінде балаларын асыға күтіп тұрған Қазақбайды көреміз.

Қазақбай қолын қалқалап аралға тесіле қарайды. Осы бір сәт әзілді бір музыка Қазақбайды мысқылдай күліп, шалдың ойымен қатар жарысып, жанын түртпектеп, мазасын алады.

«Егер сен жас болсаң... Болатбектің орнында өзің болсаң, Айшамен аралда жеке қалсаң, не істер едің? (Қазақбай өзін-өзі мысқылдап күледі.) Баяғыда осы Болатбектей кезінде Ақмаралға не істедің? Білесің бе?» Шалдың дауысы кенет тоқтайды. Жиектен түсіп келе жатқан Ақмаралды көреді. Ол да қыздарын тосып, арал жаққа көзін тігеді.

«Қайда жүрсе Ақмарал!... Пәле болды... тағы да балалардың арасына түсіп, бұлдірмесе игі еді?»

Қазақбай көзін сығырайтып, сәл ойланады. Ақмаралдан құтылудың айла-тәсілін іздейді. Жан-жағына қарайды. Көл жиегіне жағалай тұрған лапкелерді көзі шалады. Бірінде сыра, бірінде ойыншық, енді бірінде гүл сатып жатады... Қазақбай аралап шығады да, лапкеден бір шоқ гүл сатып алады. Ақмаралға қарсы жүреді. Білдірмей Ақмаралдың арт жағынан келіп, тамағын кенейді.

— Көкек, тағы сен бе едің?

Қазақбай ыржиып, үнсіз гүлін ұсынады.

— Иә, Ақмаралжан, сен менің құдай қосқан құдағиымсың ғой!... Жас кезімде гүл бере алмадым... Әрине бұдан отыз жыл бұрын істеу керек еді. — Ақмарал бақырайып, кейін қарай шегінеді.

— Құдай сені менің соңыма салып қойды ғой. Сенің гүлің әлдеқашан семген! — Ақмарал алды-артына қарамастан қаша жөнеледі. Қазақбай аң-таң орнында тұрып қалады. Қолындағы гүлі түсіп кетеді. «Міне, өмір бойы осы, түсінбейді Қазақбайды! Түсінбейді».

Әдетінше көтеріңкі дауыспен өктемдеп сөйлейді.

Шал ренжіп тұрғанда тайтаңдай басқан Айғайбаев пайда болады. Әдетінше көтеріңкі дауыспен өктемдеп сөйлейді.

— А, сәлем, ақсақал!... Мұнда неғып тұрсыз? — Гүлді көріп қалып: — Гүл? Бұл не қылған гүл? Гүл өмірдің сәні ғой!

— Иә, мені бір жас қыз арбап, торына түсірмекші болып... Әрине, ұлым, біздің заманда әртүрлі азғырушылар бар екен. Бұрын жігіт азғырса, енді қыз азғыратын болған. Жалғыз қыз емес, еркекті еркек азғыратын көрінеді.

Айғайбаев әуелі қарқ-қарқ күледі.

— Еркек еркекті дейсіз бе?

— Мысалы мына сен сияқтылары... Менің Болатбегім тәрізді бұғанасы қатпаған жастарды азғырып, басқа бір жолға салса керек-ті... Әкесі бері тартса, ол әрі тартады...

Айғайбаев енді түсінген сияқты.

— Әке, сіз теріс ұғып тұрсыз?

— Жоқ, мен шындықты айыра білемін. Өз жөніңе жүре бер! Менің ұлым саған ермейді. Оның беті басқа!

— Мен еркектің намысын қорғап жүрсем...

— Шалдар балаға дүре соқпай ма? Сол сияқты өмірдің өзі де сенсіз-ақ дүре соқты!

— Оның атағын шығарған мен. Менсіз ол бір қадам баса алмайды.

— Сенің осы адал сөзің үшін сыйға мына гүлді тартамын! Тайып тұр, шырағым!

— Маған оның жұмыс істейтін қолы керек. Гүлді қайтейін?

— Қол керек болса, өзің істе! Оның қолына сүйенетін жалғыз сен емес, әне, көр, кім сүйеніп келе жатқанын! — дейді Қазақбай қолымен көрсетіп.

Жастар қайықтан секіріп жерге түседі. Болатбек Айшаға қолын береді, бірақ оны секіртпей, Болатбек көтеріп алып, қабаққа алып түседі. Алма мен Талғат оларға қарап, күлімсіреп көздерін қысады.

Айғайбаев таңданғаннан қолындағы гүлін түсіріп алады. Өз бетімен кетіп қалады. Болатбек он қадам жүрмейді, жерде жатқан бір шоқ гүлді көріп, көтеріп алып, иіскейді де Айшаға қарайды: «Берсем бе, жоқ па» дегендей.

Анадай ағаш түбінде оның бәрін көріп Қазақбай, шыға келіп бұлардың тобына қосылады.

— Тайды жектің бе? — дейді Қазақбай Айшаға.

- Жектім. Жетектеп жүріп үйреніп келеді.
- Байқа, тізгініңді қатты ұста, осы қалпында жетекте, қалып қоймасын!
- Неге? Маған арғымақ керек қой!

Кеш. Қаланың электр шамдары аспандағы жұлдыздай жымыңдайды. Қаланың әдемі сәулеті су түбінде діріл қағады. Қиялмен жарысқан керемет әсем көрініс. Домна. Екінші домнаның құрылысы. Бәрі де осы бір сәтті қызықтай қарайды. Аздан соң шал жиекке малдас құрып отырады да, жастарды қасына шақырады.

— Анадағы жазушы айтқан ертегі естеріңде ме, балалар? «Алпысқа келгеннен ақыл сұра» деген осы. Сендер мені алпысқа келді, пенсияға шықты, енді керегі де жоқ, шалдың сөзін қайтеміз тыңдай беріп дейтін боларсыңдар... Әкесі баласын теріске үйретпейді... Ал, мен сендерге екі гауһарды тауып бердім!... Қадірлеп, сақтай біліңдер! Бір сауысқан ұрлап кетпесін!...

Қазақбай екеуінің де маңдайынан сүйеді.

— Болатбек, бұл қалай өзі? — дейді Талғат. — Менің қалыңдығымды менен бұрын әкем сүйді-ау!

— Бұл саған сабақ, балам! Мұның мәнісін мен енді түсіндім. Өмір маған көп нәрсені үйретті. Жасы кіші болса да, ақылына қарай үлкенге жол береді екен. Бақыр басты ұлдан, алтын басты қыз артық болады екен. Оны да түсіндім. Енді менің немерелерім болатынына көзім жетті!

Алыстан Ақмарал келе жатады.

— Барыңдар, балалар, жолдарың болсын! — дейді Қазақбай. — Әйелден гөрі еркекті көндіру оңай екен. Мына келе жатқанды көндіру маған қиынға түседі-ау, тегі. Комедия бітіп, енді драма басталады.

Қазақбай күлімсіреп, Ақмаралға қарсы жүреді.

ДӘРІГЕРДІҢ ҚАТЕСІ

Алма Арынова өзін кәрілікке қымайтын. Жұрттың «апай» деген атына құрмет ретінде қарайтын. Кейбір замандастар: «Жастықтың соңы, кәріліктің алды» деп әзілдегенде, ол қабағын шытып: «Осы біздің қазақ азаматтарының әйелді кеміте әзілдейтін әдеті несі?» дейтін.

Шынында Алма әрі кетіп, тозған әйел сықылды емес, толықша келген, үлкен қара көзді, аққұба, бет пернесіне әжім жиналмай тек күлгенде ғана жұқа еріндерінің жиегіне сызық түсетін. Оны өзі сезбейтін.

Бүгін таңертең айнаға қарап Алма өзіне таң қалды: өңі жүдеген, жүзі көмескі тартқан. Сапардың «кәрі дәрігерлер» дегенсөзі алдынан шыққан тәрізді. «Шынымен-ақ қартайғаным ба?» — деп, бірінші рет ол өзіне шек келтірді.

Осы ой жібін ширата созған қалпында Алма ауруханаға келді.

Ұзын коридорда қарсы жолыққан сестраларға самарқау амандасып, дәрігер бөгелмей өте шықты. Күндегі әдеті бойынша шаттық дауыспен сәлемдесіп, бір-екі ауыз әзіл айтып, көңілдерін де көтермеді. Бұл жағдайды аурухана қызметкерлері де аңғарғандай болды. Өйткені, соңғы бес жыл ішінде дәрігердің жүдегенін, жабығып жүрген күйін көрген ешкім жоқ-ты. Ол жігерлі, ашық мінезді болып саналатын. Анда-санда қызмет жөнімен қырын-қабақ болып кейіскенде де, Алманың өңі тап бүгіндей бұзылмайтын еді.

Әрине, әрқайсысы бұл жайды өзінше толғап, жарыса да себебін таба алмады. Ондай жұмбақты сырды кабинетінде халатын киіп жатып, Алманың өзі де ойлағанды. Кеше дәрігерлер конференциясында сөйлеген Сапар сөзі оның құлағында, кетер емес. Сапарда не жазығы бар, Алманың? Оқудан келісімен қасына алып, мол тәжірибесін аямай, білімімен бөлісіп, үйретті. Жарты жылда хирург етті. Кейде қиын операция жасауға да ерік берді. Енді міне Алманың өзіне ауыз салды. Рас, Алмаға сол керек, несі бар сонша мақтап, асыра жоғарылататын. Әне, соны көтере алды ма!... Жоқ,

нақты қатені айтса бір сәрі, онда адам қанша жақтырмаса да, дұрысына көнеді, ызаланып қапа да болмайды... «Біздің хирургия бөлімінде өзара сынға жол бермеушілер бар» деді-ау ол ұялмастан.

Алма халатының түймесін бір ағытып, бір салып, терезе алдында тұрып қалды. Кабинетіне кірген операциялық сестраны да ол елемеді. Стол үстіндегі науқастарың ауру тарихы жазылған делоны сестра қолынан алып ақтара бастады...

Алманың ой үстіндегі тұңғық қалпынан сестра да әлденені аңғарғандай. Сапар екеуінің арасында болған жайдың шет жағасын сол Сапардың өзі кеше кешке сездіргенді. «Алма апай өзінен басқа адамды жер басып жүрмесін дейді. Оған біз көне алмадық. Солай емес пе, Галя?» — деп Сапар Гүлсімді өз тобына қосып, күлімдеп, құшақтағанды. Сапардың бұл сөзі ауыр тиді оған. Ішінен қынжылды. Сапарға батып қатты сөз де айта алмады. Жалғыз-ақ ақырын ғана: «Қайдам?» — дей бергенде Сапар Гүлсімге сөз бермей, оны қапсыра құшақтап сүйе бастаған...

Алманы Сапардың ренжіткендігін енді түсінді. Сол сөзді неге айтты екен? Соңғы жылда дәрігердің қатты қынжылып, ренішке берілгенін Гүлсім бірінші рет көріп тұр. Салмақты, біркелкі жүретін дәрігер бүгін түймесін де сала алмайды..

Алма кенеттен жалт бұрылды. Тұнжыраған қара көздері Гүлсімнің өңменінен өтті. Бұл көзқарастан Гүлсімнің ұққаны: «Сен де сондаймысың?»

— Кешегі түскен шалдың ыстығы қанша? — деп сұрады салқын дауыспен дәрігер.

— 38, — деді Гүлсім қолындағы қағазға қарап.

Күндегісіндей, тұрақты, сенімді қозғалыспен Алма ұсынған паракты алды да, жылдам шолып өтіп:

— Обходқа! — деп тез-тез басып шыға жөнелді.

Дәрігердің жабыңқы көңілін аурулар ғана сезбеді. Палатаға кірісімен Алманың түсі өзгерді: күндегідей жүзі күлімдеп, бетіне қызыл шырай, даусына көтеріңкі әсер пайда болды.

Ол әр науқастың қасына тоқтап, халын сұрап, жылы айтып, көңілін көтерді. Өңі жүдеу, мосқал тракторшыға операция

жасағанына бір жұмадан аспаған еді. Сол жақ өкпеден бір қабырғаны кесіп, кеудесіне толған сарысуды ағызды. Содан бері оның тынысы кеңейіп, демалысы жөнделді. Науқас риза, дәрігерге қуанышты пішінмен қарайды. Дәрігер оған: «енді жазыласың!» — деп, сенім тудырады.

Әйелдер палатасында аққұба жас келіншекке кеше ғана операция жасап, баласын тірі алған. Бүгін ана қуанышты. Жанында жатқан нәрестенің дауысына мәз.

— Сізге, көп рахмет! — деді ол жанына келген дәрігердің қолын қысып.

Дәрігер оған:

— Сұлуым! — дейді. Бұл сөзді ол кекетіп, жоқ болмаса шын мағынасында айтпайды. Өзілдейді. Оны анау да солай түсінеді. Дәрігердің сөзіне бірге күліседі.

Ең соңғы палатада дәрігер ұзақ бөгелді.

Жүрегін тыңдап, ішін қайта-қайта басып, көбірек айналдырған науқасы ақ сақалды, жүдеу жүзді шал еді. Аудан орталығындағы колхоз күзетшісі. Алма ақырын ішін сипалап, оң жақ шабының үстін ала саусағын қадап батырып: «ауыра ма?» деп, көзін шалдың көзінен айырмай отырды да, саусағын кенет тартып алды.

— Ох! — деді шал.

Дәрігер ойланып қалды: «Ісінген соқырішек» деген диагноз дұрыс па? Әлі де байқау керек сияқты. Онымен қабат жүрегі де нашар көрінеді.

— Операцияға дайындайын ба? — деді Гүлсім шығып бара жатқан дәрігерге. Алма үндемеді. Кабинетіне келгесін ол:

— Науқастың көзінше ондайды сұраушы болма! — деді.

Гүлсім қысылып қалды. Бұрын мұндай сұрақтар сұралып та, тиісті жауап та алынатын, бүгін әйтеуір дәрігерге бәрі ерсі көрінді. Мұны Гүлсім ашулы жүргеніне жорыды.

— Лаборатория қанын алды ма?

— Жоқ.

— Неге? — Дәрігердің дауысы сәл қатаң шықты.

— Ешкім айтпаған болар...

— Кезекші дәрігер қайда? Ол не бітірді?

- Сапар Садыкович демалуға үйіне кетті.
- Шақырт!
- Үйінен бе?
- Ия!

Гүлсім шығып кеткен соң Алманың өңі тағы бұзылды.

Не істерін білмей дел-сал болып, терезіні ашып бақшасында шықылықтап ұшқан құстарға қарап тұра берді. Алма сынады деп ренжімейді. Істің кемістігін айқын көрсеткен әділ сынға көнбеуге бола ма? Сапар жалған айтты. Мәселе сонда! Алма кеше бұрын сезбеген мінезді тапты одан. Жалған айту — қылмысқа дайындық. Неге бұлай? Алма тағы да ойланып, тағы толғанды. Жауап іздеді, таба алмады.

Сапар кірді. Қара торы сымбатты жігіт: ақ халаты беліне қабысып, бойын тартып, жарасып тұр. Басын кекейтіп, шалқақтау жүретін ол, жалт қараған Алмаға бөтен көрінді: астамдық кернеген тәкаппар адам тәрізді Алма Арынова қабағын шытып:

— Кеше түскен шалдың диагнозын қойдыңыз ба? — деді.

— Сізге түсінікті емес пе? — деді Сапар нығызданып, тура жауап қайтармай.

— Жоқ.

— Асқынған соқырішек.

— Оны қалай білдіңіз?

— Кәдімгідей клиника жолымен.

— Мысалы?

— Менен экзамен алғыңыз келе ма? — деп Сапар күлді. Алма кейіп:

— Экзамен алуға тура келеді. Сізде мен-мендік бар да, іскерлік жоқ көрінеді...

— Ә, оны кешеден бері ғана білдіңіз бе?

— Кейде адамды уақ-түйектен жақсы түсінуге болады екен. Мысалы, кеше науқас қанын алып, диагноз қою орнына өз жобаңызға сенгенсіз.

— Мен дәл кеше асығыс қан алуды қажет деп таппадым... Лаборатория ісін аяқтап қалған кезде.

— Сізше солай. Меніңше ол науқастың диагнозы әлі белгісіз... Бұдан былай ауруға жеңіл қарасаңыз, сізден жақсы дәрігер шықпайды.

Сапар мысқылдап күлді:

— Кемшілігімді болжағаныңызға рахмет. Балгер таба алмай жүр едім.

— Жүре беріңіз! — деді Алма орнынан ұшып тұрып.

Сапар, тәртіп сақтады ма, жоқ, Алманың ызғарынан шошынды ма, үнсіз шығып кетті. Алма сол қалпында, оның соңынан ұзақ қарап, сілейіп қалды.

Алма мен Сапар арасындағы жанжал Гүлсімге де жеңіл тимеді. Ол зор ренішпен үйіне қайтты. Кімдікі дұрыс, кімдікі бұрыс, оны әзірге Гүлсім айырмады. Бірақ, Алма оған шешесіндей болып еді, тәрбиеледі, операциялық сестра ғылып шығарды, ақыл берді, қиын жағдайда көмектесті. Сол адамның қынжылып, қызметін жөндеп істей алмағанын көріп Гүлсім аяды, көңілі бұзылды. Сапарға не болды? Неге ренжітті?... Гүлсім ұнатады Сапарды. Керек десе оны сүйеді. Сондықтан Сапарға қатты сөз айтқысы келмейді, көңілін қалдырып аламын ба деп қаймығады. Ақыл салып, тоқтау айтқан күнде ол қарамақ: «Сен сестра, мен дәрігер, жұмысың болмасын» деп тастаса не демек Гүлсім? Кейде Сапардың аңдамай сөйлейтіні, тіке айтатыны да болатын. Гүлсімнің тағы да бір қаупі: осы әңгіменің зияны жаңа өрістеп келе жатқан махаббатына тие ме деп те ойлады.

Қазір шай үстінде Алманың бүгінгі кейпі есіне түскенде Гүлсім өзіне риза болмады. Бір-екі шынаяқ ішкесін төңкере салып, орнынан тұрды. Қасы мен қабағын аңдыған шешесіне ол «басым ауырды» деп, сылтауратты да киіне бастады.

Бақшадағы кешкі ойнаған музыка даусы ашық терезеден саңқылдап естіліп тұр. Бақшада жүріп қайту ниетімен Гүлсім көшеге шықты. Ойынан Сапар кетпеді: әдепті, сымбатты, қыз мінезді жігіт. Алма апай сияқты ақылды әйелді неге ренжітті екен? Алғашқы келген уақытта екеуінің арасынан қыл өтпейтін дос еді. Бір кезде Гүлсім: Сапар Алмаға ғашық болар деп те жорыған. Енді не шайтан түрткенін кім білсін...

Гүлсімнің Сапармен танысқанына аз уақыт болды: ұмыт-паса бірінші Май мейрамынан кейін-ді. «Гаяжан, жүрек қиымын сөзбен айтып түсіндіру қиын екен, сенен сұрайтыным: маған анықтап бір қарашы, өз ойыңды тап менің көзімнен оқисың! — деді-ау, әдемі сөз, «сені сүйемін», «саған ғашықпын» деген жоқ кейбір жігіттердей. Әлде дәрігерлердің ойы да, сөзі де өзгеше бола ма екен?

Гүлсімнің еске түсіруі мұң екен, көшенің мүйісінен тосып жүргендей, Сапар кездесті.

Сапар Гүлсімді өзінің үйіне алып кірді. Қала ортасында екі бөлмелі кең пәтері бар-ды. Қолында ері соғыста өлген апасынан басқа жақыны жоқ-ты. Бүгін үйде ол да көрінбейді.

Сапар Гүлсімді кушеткаға отырғызды. Гүлсімнің бұл екінші келуі: үй іші сол қалпында, бәрі өз орнында: бөлме ортасында дөңгелек стол, оң жақ бұрышта жазу столы, оның үстіне қаланған кітаптар... Бойдақ адамның өмірі.

Сапар стол тартпасынан коробка шоколад алып, Гүлсімге ұсынды.

— Рахмет, «Ғажап әңгімеңізді» айтыңызшы! — деді Гүлсім, сәл езу тартып.

— Жә, айтпақшы сөз бөлініп кетті... Алма апай мені бүгін кабинетінен қуып шықты, естімедің бе?

Гүлсім сенерін де, сенбесін де білмеді. Шоколадың аузына апара жатып, қолын тартып алды.

— Райздравта болдым. Ертең аупарткомге барамын, — деді Сапар нықтана сөйлеп.

— Тіпті түсінбеймін!

— Мен өзім де түсінбеймін. Бірақ бұл мәселенің түбіне жетпей тынбаймын. — Сапар басын кекшитіп, көзін сығырайтты. — Оның адамды түсінуі керек. Онсыз болмайды...

— Осы жанжал неден басталды?

— Мен бастағаным жоқ. Қарадан қарап жүріп, менімен араз болған өзі. Тегі күңдей ме, немене. Басқа себеп жоқ сықылды.

— Неге күңдейді?

— Жақсы хирург деген атаққа ортақ болар дейтін шығар.

Гүлсім күлді.

— Ол кісі олай ойлар ма екен?

— Енді не?

Гүлсім қабағын шыта терезеге қарап қойып, үн-түнсіз отырып қалды.

— Тағы бір себеп... оны қазір айтпаймын.

— О не? — деді Гүлсім жұлып алғандай.

— Кейін, Галяжан... Саусағың қандай нәзік?

Гүлсім ақырын қолын босатып алғысы келіп қымсынды.

Сапар босатпай, оның қолын жүрегіне басты.

— Міне, жүрегімнің сен деп соққанына жарты жыл.

— Аз.

— О, одан артық соқтырсаң ауру болып кетпей ме?

Екеуі де бірден күліп жіберді... Сапар Гүлсімді баурына тартып қысып, оның жұқа ерніне ернін тақап, құмарта үңілді. Гүлсім нәзік бұралып Сапардың құшағына еніп кетті.

Сол кеш Гүлсімді өз пәтеріне апарып салып қайтқан соң Сапар ұйықтайын деп, ұйқысы келмеді; күндізгі жанжал көз алдынан кетпеді. Гүлсімге әңгіменің тек шет-жағасын айтты ол, онда да келешекте керек болар деген жағдайды ғана Гүлсімнің құлағына салды. Анығында Сапар бүгін аурухана бастығының кабинетінде шу көтерді, «концерт» берді. «Алма — дәрігер. Оның бетіне ешкім қарсы келмеген, «өзім» деп жаман үйренген. Жас дәрігерлерді үйретудің орнына, шыдатпай қуып жіберіп әдеттенген. Кабинеттен қуып шығу деген сұмдық емес пе?» деген сияқты сөздерді төтей берді Сапар. Аурухана бастығы не дерін білмеді. Тек қана «тексереміз» деп Сапарды шығарып салды. «Алма апай орнын тартып алады деп, жаны шығуда. Ол ойды іске асыруыма болар» — деді Сапар көзі ілініп бара жатып күбірлеп.

Алма аупарткомнан шығысымен ауруханаға қарай аяңдады... Осы ауданда ол бес жыл істейді. Халықтан құрмет, алғыс алды. Бір адам бетіне қарап «сенсің» демеді. Қадірледі, сыйлады. Бұл қызметте Алма адал еңбегімен ие болды. Күн демей, түн демей-ақ ниетімен қызмет етті. Талай колхозшы, жұмыскерді өлімге бермей алып қалды. Шырт ұйқысын төрт

бөліп, кейде түнде де қиын операциялар жасады. Оны кім біледі? Оны халық біледі, халық сол үшін бағалады. Енді не болды?

Аупартком секретары алдында Алма өзін салмақты ұстай алмады. Ыза кернеп, Сапар туралы біраз қатты сөздер айтты. Керегі жоқ еді. Сапар көтерген мәселеге маңыз бермей сөйлеген дұрыс болушы еді.

Секретарь қандай пікірде қалды екен? Шынымен жеңілтек әйел деп ұғып қалды ма? Солай болған да шығар. Себебі, секретарь үнсіз тыңдады да: «Жарайды, дәрігер, алаңсыз жұмысыңызды істей беріңіз!» деді...

Әдетінше тезірек басып, Алма кабинетіне кірді. Халатын үстіне іле салып, күзетші шал жатқан палатаға барды. Осы әңгіменің үстінде шалға жөнді көңіл бөлінбей қалған секілді көрінді Алмаға. Шал қабағын шытып сұлық жатыр екен. Дәрігер оның жанына келіп отырды да, қолын алып, тамырын ұстады. Пульсы толық, қатты соғады. Кейде тоқтап қалады. Шал көзін ашты.

— Халіңіз қалай?

— Тәуір.

Дәрігер қалтасынан трубкасын алып жүрегін тыңдады: жүрегі кейде тоқтап қалып, ауысып соғып тұр екен. Шу пайда болыпты. Шалдың аяғын көрді. Тізесі ісіпті. Ол Гүлсімді шақырып алды. Жаңадан дәрілер жазды.

— Егерде, түнде шалдың іш ауруы үдесе мені шақыр.

Операция жасауға тура келер.

— Мен бүгін күзетпеймін.

— Онда кезекші дәрігердің есіне сал!...

Сол түні шал қайтыс болды. Алманы шақырмады. Ертеңінде ол қызметке келгенде, шалдың қайтыс болғанын бір-ақ естіді. Алманың өңі бұзылып, селк ете түсті. Бұл не сұмдық? Гүлсімді шақырды. Ол есіктен кірер-кірмес, Алма қатаң дауыспен шақ ете түсті.

— Кеше не дедім мен саған?

Гүлсімнің де түсі өзгерген, боп-боз болып қысылғанынан тұтығып, сөйлей алмады. Аузына жауап түспеді. Не айтады? Кінәнің бәрін өз мойнына алып, қандай жаза болса да көтермек.

Кінә Гүлсімнің өзінен, кеше қызмет ақырында кезекші сестраны іздеді, таба алмады. Ол қатты ауруларға тамақ әкелу үшін асханаға кетіп қалыпты. Коридорда Гүлсім Сапарға кездесіп, тапсырманы ұмытып, естен шығарды. Сапар екеуі аулаға шығып қалжыңдасты. Дәл кетерде ғана Гүлсімнің есіне әлгі тапсырма түсті. Оның «сестраға мен-ақ айта салайын» деген сөзіне Гүлсім сенді де кетіп қалды. Сапар да ұмытыпты. Енді не болғаны? Бұл оқиғаға Сапарды кірістірудің реті қанша?

— Қате менен! — деді Гүлсім Алмаға.

Сол күні өлікті жарды. Асқынған соқырішек іште жарылыпты.

— Мен сізге ескертіп едім: операция жасау керек деп, уақыт өтіп кеткен, — деді Сапар.

— Не дейсің? — деді Алма Арынова. — Есің дұрыс па?

— Дұрыс. Шынын айтамын.

— Жалған айтасың.

— Менің сөзімнің бәрі жалған сізге.

Кішкене морг толы дәрігерлер көзінше Алманың әңгімені өршіткісі келмеді, ала көзбен бір қарады да шығып кетті.

Сіркіреп жаңбыр жауды. Көше дымқылданып, балшық аяққа жабыса бастады.

... Кім жауапты? Шал ауруханаға түсісімен операция жасау керек пе еді? Жоқ. Шалдың осал жүрегінен сақтанды: дәрі-дәрмекпен емдеп байқағысы келді, асықпады. Бұл хирургтің өмірдегі бірінші рет операциядан бас тартқаны, батыл кіріспей, шегіншектегені... Осы ойлардың түйінін таба алмай мең-зең болып, ауруханадан өтіп бара жатқан дәрігерді алдынан кездескен санитарка есіне салып, кейін бұрды.

Бұл оқиғаның аяғы өрістеп, денсаулық сақтау министріне барып жетті.

Әуелі, Сапар аудандық ұйымдарды у-ду қылды. Үлкен мәселе көтерді. Аурухана бастығы батыл кірісіп, екі жағына да нақты, әділ пікір айтып, шеше алмай жалтақтық көрсетті. Барлық қолынан келгені Гүлсімді қызметтен шығарды.

Сапар мәселені аупартком алдына қойды. Секретарь комиссия шақырып, тексеріп, өрескел қате таппады. Солай қорытынды шығарды. Қате Гүлсімнен, оның қызметтен шығарылуы дұрыс делінді.

Бұл қорытындыға Сапар риза болмады. Денсаулық сақтау министріне жазды.

Бұл екі ортада едәуір уақыт өтті.

Гүлсім қызметсіз үйінде отырып қалды. Аз күннен кейін ол жабығып, үйренген ісін көксей бастады. Оның үстіне Сапар да келуін сирете бастады. Бұрынғыдай бір кешін толық бөлмей, тек кіріп шығуға айналды. Онда да баяғы: «Галяжан, сені көрмесем отыра алмаймын» жоқ, «халіңді білейін деп қана кірдім, өте тығыз шаруам бар» дегенді шығарды.

Осындай мазасыз кештің бірінде Сапар да келді. Үстінде ақ костюм, басында ақ шляпа, көңілі көтеріңкі, екі беті нарттай жанған. Оны көргенде Гүлсімнің өңі бұзылып сала берді. Өзіне өзі іштей жаны ашып, налығандық пішін көрсетті. Мынадай сымбатты, күн сайын гүлденген жігіт қасында ол өзін уқалаған гүлге ұқсатты, ешқайда шықпайды, жүзі солған, көңілі жабыңқы. Адам еңбекпен ғана гүлденеді деген рас екен... Гүлсім жылап жіберді. Сапар үйіріліп, сасыңқырап:

— Не болды? — деді.

— Жәй, әншейін!

— Айтшы, Галяжан, не болды?

Гүлсім үндемеді. Сапар қынжылған болды, әртүрлі жұбатынды сөз айтты.

— Азырақ шыда, бұл мәселенің түбіне жетемін. Сені қайта алдырамын. Министрге шейін жаздым! — деді ол әдетінше екілене.

— Алма Арынова кінәлі емес, мен өзім кінәлі. Ертең үйіне барып, кешірім сұраймын. Бәрін айтсам, түсінеді о кісі... — деп, Гүлсім көзінің жасын сүртті.

— Босқа барасың! Сөйлеспейді ол сенімен! — деді Сапар жақтырмаған түр көрсетіп.

— Неге?

— Күңдес!

— Күңдес? Кіммен?

— Сенімен!

Бастан біреу салып жібергендей, Гүлсім мең-зең болып, не дерін білмей қалшыып қалды.

— Мен оны жақында ғана білдім! — деді Сапар сөзін жалғай.

— Мүмкін емес! — Гүлсім дауысы ащырақ шықты.

— Түу, Галяжан, сен өзің қызық екенсің. Мен анығын айтып отырмын. ғой.

— Жоқ, жоқ. Егер де олай десең: сен менен бұрын оны сүйгенсің. Түсіндің бе?

Сапардың бір әдеті: ойламай айтып қалып, артынан өкінетін. Бұл жолы да қымсынып қалды.

— Оның өзі солай ойлауы мүмкін де...

— Олай деме! — Бірінші көрген кісідей Гүлсім таңданған пішінмен оның бетіне қарады. — Алманың тосып жүрген адамы бар. Ондайға ол кісі бармайды.

— Сенбедің бе? — деп, Сапар байсалдылық көрсеткенсіп, орнынан тұрды.

— Ия.

— Жарайды, осы айтқаным алдыңнан шықпаса, менің атымды өзге қой...

Гүлсім түні бой кірпік қақпады. Сенбейін десе барлық оқиғаның желісі сол мәселеге тірелген тәрізді. Бірақ, Гүлсім жақсы біледі Алманы. Көрсеқызар емес. Және Сапар сияқты өркөкірек, жеңілтек, сұлу жігітті ұнатпайды. Алмаға: байыпты, ойы терең еркек ұнайды.

Ертеңіне Гүлсім Алманың пәтеріне келді. Шын күңдей ме, білгісі келді. Алма ертеңгі тамағына отырған екен. Гүлсімді көріп ол орнынан тұрып қарсы алды: «О, Галяжан, қайдан жүрсің, таң атпай? Деп жылпылдай стол басына отырғызды. Гүлсім бұрын өз үйіндей келіп жүретінді. Бүгін жатырқап,

қымсынып стол шетіне таман отырды. Алманың өңі де көмескіленіп, жүдеу тартыпты: көзінің айналасы көгілдірленіп, әжім пайда болған тәрізді. Айтыс адамға оңай тимейді. Соның әсері ғой.

- Не істеп жатырсың, Галяжан? — деді шай үстінде Алма.
- Түк те. Сол туралы келіп едім.
- Кінә сенен, Галя!
- Жалғыз менен емес.
- Тағы кімнен?

Галя үндемеді, төмен қараған күйі отырып қалды. — Бұрын тиянақты, іске ұқыпты едің. Сені қара басты... Жалғыз мен емес дейсің. Сонда мен бе? Бұл Сапардың түртпегі.

— Жоқ-жоқ. Олай ұқпаңыз. Сіздің жазығыңыз жоқ, — деп Гүлсім жылап жіберді.

— Енді жылағанмен не түседі. Қатені келешекте қайталамайтындай болып түсіну қажет...

Алма қызметке жиналды. Гүлсім де орнынан тұрды.

Жолшыбай, Алма оған:

— Қазір мен сені қызметке аламын деп айта алмаймын. Басқа бір жерге орналаса бер, кейін көрерміз... — деді.

Гүлсім қоштасып жарты жолда қалып қойды. Сапар сөзіне сенерін де, сенбесін де білмеді. «Жоқ, Алма ондай емес!» деді оның артынан сәл қарап тұрып Гүлсім.

Осыдан бір жұма өткесін Алматыдан министр жіберген комиссия келді. Бүкіл аурухана қызметкерлері әбігер болды. Пыш-пыш әңгіме көбейді. «Алманы орнынан алатын болыпты», «Сапар бас хирург болады дейді. Жұлдызы ұшты». Кім таратты? Ол арасын әзірше білу қиын.

Комиссия әуелі аупарткомге барып, кейбір мәселелерін келісіп алып, барлық аурухана жұмысымен танысуға кірісті. Ауруханада жатқан әр аурудың диагнозын анықтады. Жеке-жеке шақырып дәрігерлермен танысты.

Сапар бұл күндері комиссия соңынан қалмады, олар қайда болса, бұл да сонда дедектеді де жүрді, шақырмаса да бірге болды.

Алма кабинеттен шықпады. Қызметін істеп отыра берді. Комиссия бастығы медицина институтының доценті — хирург Ткачев, ұзын бойлы, ақсары адам. Ол орнынан тұрып Алманы қарсы алып жеке қабылдады.

— Отырыңыз, коллега! — деп ол күлімдеді. — Менің сізге бір сұрақтарым бар еді, рұқсат етсеңіз?

— Сұрауыңызға болады.

Ткачев соңғы аурудың қалай қайтыс болғаны туралы Алманың пікірін тыңдады. Алма бастан-аяқ соңғы кездегі Сапармен екеуінің ортасындағы оқиғаға тоқтады.

— Қате сізде! — деді Ткачев Алманы тыңдап болғасын.

— Қалайша? — Алма сұп-сұр болып кетті.

— Сестраға сенбеу керек еді.

— Енді кімге сенемін?

— Сізде екінші хирург бар, оны ауру қасына күзеттіріп қою керек еді, ол ауру күтудің орнына өзін бастықпын деп санаған. Бос әңгімемен көбірек айналысқан.

— Ол маған бағынбаса қайтемін?

— Қуып жібер! Медицинада әскер тәртібі! Білесің ғой? Алма үндемеді: «рас-ау!»

— Сол сестра тапсырманы орындамауға не себеп болды?

Шынында сол мәселемен шұғылданып, Алма шын мәнісін, себебін Гүлсімнен сұраған емес. Гүлсімнің «Жалғыз мен кінәлі емес» деген сөзі есіне сап ете түсті. Гүлсімді шақырып алдырды.

Ткачев дауысын зілдеп:

— Біз өлген ауру туралы мына Алма Арынованы айыптаймыз. Осы дұрыс па? — деді.

— Жоқ, — деді Гүлсім жыламсырап.

— Енді кім?

— Мен.

— Қалайша?

— Кезекші сестраға айтпадым.

— Неге?

Гүлсімнің қып-қызыл беті бірден бозарып кетті. «Сапар кінәлі» деп айта жаздап бүгіп қалды. Неге екені белгісіз, кібіртіктеп төмен қарады. Екі бетін қолымен басып жылап жіберді де, Ткачевтың бетіне тесіле қарап тұрып:

— Мен сол күні екінші хирургті кездестіріп, соған айтқан едім. Ол да ұмытып кетіпті. Кінә менікі. Ешкімге сенбеу керек еді, — деді.

— Жақсы. Сіз шыға тұрыңыз. Ұзақ кетпеңіз.

Гүлсім шыққасын Ткачев Алмаға қарады:

— Бұған не дейсіз?

Алма аң-таң қалды. Сапарды шақырды. Далақтап жетіп келді ол.

— Ия, айтқаны шын. Мен де ұмытып кетіппін, — деді Сапар оны сәл нәрсеге айналдырып.

— Осы уақытқа дейін ол туралы неге айтпадыңыз?

— Ол операция жасау үшін Арынованы шақыру керек демеді: кезекші дәрігер болғасын мен оған маңыз бергенім жоқ.

Ткачев орнынан тұрды. Бет пішіні бұзылып, қабағы түйілді.

— Мен сені институттан білуші едім. Сонда да жанжалды көбейтіп «мен» деуші едің. Мінезіңді әлі қоймапсың. Осы өзің көтерген мәселеге біле білсең сен жауапты. Аурухананың қалыптағы жұмыс ырғағын бұзып, ретсіз шу көтердің. Бұл сіздің қатеңіз, — деді Ткачев Алмаға бұрылып. — Бірінші, адам баласы тағдырына байланысты мәселеде ешкімге сенбеу керек. Екінші, жас дәрігерді тізгіндей ұстаудың орнына, мақтап бетімен қоя бергенсіз.

Медицинаның қара жұмысын істеудің орнына оның бастық болғысы келген...

Алма үндемеді, төмен қарады, көзінен жас тамып-тамып кетті. Мұнысы шындықты мойындағаны ма, әлде өз қатесін түсінгендігі ме, кім білсін.

Бурабай, 1955 ж.

ДОС ОЙЫ

Көгілдір майса Бурабай. Көк бұғаз жиегінде, жартас үстінде аяқтарын суға малып, екі жас әйел отыр. Адам басты, хайуан денелі жұмбақ тастың су түбіндегі көлеңкесімен олардың бұлдыр-сағым бейнелері ұштасып, дір-дір етеді.

Дөңгелек бет, үлкен көзді, қара торы талдырмаш қыз шалдуар мінезбен ұсақ тастарды көлге лақтырып, су бетіне түскен дөңгелек-дөңгелек шеңберлерге таңырқаған жүзбен қарайды. Жіңішке қара қасы, бірде шошынғандай жоғары көтеріледі де, бірде қарлығаш қанатындай жазылып, таңданған кейіп сездіреді. Ол жанындағы құрбысының сұрағына ойланып қалыпты.

— Гүлсім, бір көргенде ғашық болу деген не? Соған сенесің бе? — деген еді құрбысы. Әрине, жеңіл-желпі жауап беріп, жалаң сөзбен сипақтатып, жүрдек аттай өте шығуға болмайды, ой жарыстырып, тереңнен болжау керек болды...

Сәске түс, айнала тым-тырыс. Тымық.

— Менімше, — деді Гүлсім ерке қозғалыспен тағы бір тасты суға лақтырып.

Көл беті жыбырлап, шеңберден шеңбер туып, кеңейіп, көмескіленіп көзден ғайып болып жатты.

...Сезім — жалған, су бетіндегі толқын тәрізді. Өмір желі соқса толқын жыбырлап, күніне бірнеше рет құбылады. Өзін ұстай алмаған жеңілтек жігіттерді еркін билеп, су түбіне батырады. Кейде олар: «Менің денем сезді» дейді. Гүлсім оған қосылмайды. Әсіресе, өмірлік дос таңдағанда сезімге сенуге болмайды. «Бір көргеннен ғашық болдым» деген жастар арасында мәтел де бар. Бір көргенде жүрек қақтырған махаббат түске ұқсайды. Ұйқы қанса, махаббат та жоғалады. Неге олай?

Гүлсім оған да жауап тапты: мысалы паркте, театрда, дос үйіндегі қонақта кездестіретін оны көрікті, әдемі киінген, өзін ұстай біледі, тілі де өткір. Көргеннен тартып, еліктіріп әкетеді. Салғаннан жүрегіңнен орын алады. Бұрын көрген дос, таныс тәрізді, жаныңды билеп әкетеді. Кейде ол түкке тұрмайтын

бірдемені айтса, оған қыздар ерекше мән беріп, ақылды жауап іздеп, әуре болады. Өзін өзі тежеп, қыспаққа салады. Сезімін бірден ашып жібереді, лық етіп сырын төге толықсып, мың құбылып, оның назарын аударуға құмартады.... Неге бұлай?

Әрбір қыздың ойында, қиялында жасаған, келешек досының бейнесі, тұлғасы болады. Оның түр-сипатын ұйқысыз жатқан ұзақ түнде, бақшада саяхат құрғанда, кинотеатрға барғанда басқалармен теңеп, өзінше тұлға жасайды. Қиялында киіндіреді де керек болса, костюмінің түсіне дейін ойлайды. Оның көпшілігі, әрине, ұзын бойлы, әдемі болып келеді. Ал көзі көкшіл ме, қара ма, тік жүре ме? Ол қыздың әсемділік талғамына байланысты көрінеді. Әрқайсысы өзінше жасайды.

Міне, жыл сайын біртіндеп құралған тұлға, кенеттен көз алдына пайда болғанда, қыз қымсынады, сасқалақтайды, сезімін көктемдегі гүлдей жайнатады. Оған сеніп, өмірде түзелмес қате жасауға бола ма? Ақылға салып өлшеп, байқау керек емес пе?

Жақында, Гүлсімнің өз басында да осындай бір оқиға болды. Тіптен апатқа ұшырай жаздады. Медицина институтын бітірісімен Гүлсімді Қарағандыға жіберді: қалалық ауруханада дәрігер болып істеді. Ол бар ынтасын салып шын ықыласымен қызмет етті. Институтта алты жыл оқу: батыл диагноз қоюға, ауруды тануға үлкен көмек берді. Кейбір дәрігерлер сияқты диагнозды жазылған конспектімен қойған жоқ, поликлиникада көрген тәжірибесі бойынша адам ауруын дәл танып білді. Ауруханада, дәрігерлерде, ауруды емдеу де, Гүлсімге өмірінің қызықты белесі секілді көрінді.

Бір күні жаңадан табылған селикоз ауруына арналған қалалық мәжілісте, Гүлсім алматылық танысы журналист Тұрар Тәшеновпен кездесті. Ол аққұба, жалпақ мұрын, денелі жас жігіт еді. Гүлсім салғаннан таныды. Әсіресе, оның ерні, бет пішіні күлімдеп тұрғанда, шегір көздері міз бақпай, бажырайған қалпында қалатын-ды. «Жас жігітке сүйкімді қылық емес қой бұл» дейтін Гүлсім ішінен. Әйтсе де журналистің даусы, әдептілігі, орнықты мінезі жағымды көрінген еді.

Мәжіліс артынан ол Гүлсімнің қасына келіп өткен-кеткенді әңгіме етіп, шүйіркелесіп қалды. Кіналасты: кім хат жазбады, кім бұрын ұмытты. Енді жүруге ыңғайлана бергенде, әңгімені үшінші біреу келіп бұзып кетті.

Ол Гүлсімнің сезімін оятып, «қиялдағы дос бейнесін» көз алдына елестетті. Аумаған сол. Соның өзі шығар? Бүркіт мұрын, ұзын бойлы сымбатты... Қоңыр көзін Гүлсімнен айырмай, ерекше мәнмен қолын қысты. Гүлсім именіп қалды. Оның сұрағына шатастыра жауап беріп, қызара берді. Ал, жігіт не болса соны айтып күлдіріп, бұларды машинасына отырғызды.

Гүлсімнің танысқандағы білгені: әдемі жігіт, жүйке ауруының дәрігері, аты — Әли. Алты ай ғылыми командировкада болып, жақында келіпті. Гүлсім оны бұрын көрмегенді.

Тақтайдай жолмен зырлап келеді. Алдағы машиналарды қуып жетіп, озады, тар қалтарыстан балықтай жалт беріп, бұрылып өте шығады.

Машина рулінде Әлидің өзі отыр. Ол қатты жүрісті әуес көреді екен. Гүлсімге мұнысы ұнамады: жарақаттанамын ба деп үрейленді.

Артында отырған Тұрар:

— Екіленбей, ақырын жүрсеңші! — дейді досына еңкейіп. Әли оны тыңдамады. Одан да гөрі машинаның педалін қатты басады. Ал, Гүлсім Тұрардан бірдеме сұраса, Әли сөзін қағып алып, өзі сөйлейді, оған кезек берер емес. Гүлсімнің назарын өзіне аударғысы келіп әлектенгені көрініп-ақ тұрды.

Шофер деген жолдың кедір-бұдырына қарап, аңдап бақылаушы еді, бұл қасындағы Гүлсімге бұрылып, көзін айырмай қадалады да отырады. Сол кезде үрейлі Тұрар:

— Әй, көз алдыңа қара! — дейді. Әли үндемейді, онан сайын ерегісіп, рульді қоя береді де, қалтасынан папирос алып тұтатады.

Гүлсімнің зәресі қалмады. Дірілдеп, көзін сырғытып Тұрарға аударады. Жалынғандай болады: «Айтсаңшы! Машина жол жағасындағы орға құлауы мүмкін ғой...».

Сөйткенше болмады, машина кенет бұрылып, ордан секіріп өтті.

— Ой! — шофер қолын Гүлсім қатты тартып қалды, қолымен бірге руль де тартылып, машина шыр көбелек айналды.

— Жынды! — деді Тұрар ашумен.

— Ештеңе етпейді, қорықпа?

— Сіз машинамен жүруге құмар екенсіз. Бір күні жазатайым...

— Болмаймыз. — Әли Тұрарға иегін қағып: — Мына ақын тап мендей машина жүргізе алмас деймін! — деп қарқылдап күлді.

— Мүмкін... — дей беріп еді Гүлсім, ол тағы сөзді бөліп, күлген қалпымен Тұрарға:

— Естідің бе, Гүлсім де қостап отыр сенің олақ екенінді, — деді үлкен күрек тістерін ақситып.

Гүлсім ернін тістеді. Қып-қызыл болды. Өз сөзінен ұсталғанын жаңа сезді. «Мүмкіннің» аржағында «үйрене келе» деген сөз тұр еді, оны айтып үлгеруге Әли мұрша бермеді.

Тұрардан ұят болды-ау! Енді ол не демек? Гүлсім көз қиығымен ақырын ғана қараса: Әли езу тартып, мысқылдаған тәрізді...

Міне, оқиға осылай шиеленісті. Содан бастап Гүлсім жүрегінен Әли берік орын алды. Гүлсім оны көп ойлады. Түн дүниесінде жалғыз қалғанда ол ыңғай Гүлсімнің көз алдында тұрды да қойды. Телефон шылдырласа, Әли соққандай, жүрегі лүпілдеп тұра ұмтылады. Оның көтеріңкі, кең даусын естігісі де келеді. Құмартады.

Бір күні Әли Гүлсімді ресторанға алып барды. Оның жолдасы үйленіп тойын ресторанда жасағанды. Гүлсімнің барғысы келмей, біраз қынжылып еді. Әли еркіне қоймады. Сонымен бұлар сәл кешігіп барды.

Ресторан іші лық толған адам. Екілене ойнаған музыка. Қызған би. Қалтақтап Тұрар да сонда жүр екен. Бұларды көріп, ол сасып қалды, бір қызарып, бір бозарып, не дерін білмеді. Ақсия берді. Гүлсім оның бет құбылысынан өкініш те, қызғаныш та тапты.

Тұрар Гүлсімнің пальтосына жармасып, шешіндіріп, ілуге апара бергенде, Әли Гүлсімді қолтықтап ала жөнелді. Гүлсім

Тұрарды тосайық деген ниет білдіріп еді, Әли оны елемеді. Қызбен еркіндеу билеп стол басына алып келді ол. Жиналған топ бұларды шулай қарсы алды «Сіздің жамағатыңыз ба? Қандай сұлу!» — деді Әлиге таныстары сыбырлап. Әли жұмбақ жүзбен үнсіз жымыды. Мұны Гүлсім естіп те, сезіп те қалды, ұнамсыз қылық. Шынын неге айтпады екен?...

Аздан соң Гүлсім жан-жағына көз салды — Тұрар шеттеу жеке отыр, өңі жүдеу. Тесірейіп Гүлсімге қарай қалған. Гүлсімнің дәті шыдамады, көзін аударып жіберді. Аяды, өзіне де ренжіді: неге томсарады? Әлиге ерік беруге бола ма?...

Оркестр тангоны ойнады. Әлиді қасындағы көрші, таныс әйел биге шақырып алып кетті. Гүлсім жалғыз қалды. Сол кезде мысықтай аңдып отырған Тұрар да Гүлсімнің қасына келіп, биге шақырды. Тұрар жеңіл билейді екен, денесін ширақ ұстап, әсем дөңгеленеді. Бұл арада Гүлсімге Әлиден гөрі Тұрар көбірек ұнады. Гүлсімнің сол ойын сезгендей, би аяқталысымен Әли сол биге қайта заказ берді де, Гүлсіммен өзі биледі.

Сол кештің аяғына қарамастан Әли Гүлсімді ертіп, кетіп қалды. Киініп жатқан бір жас дәрігер Әлиге күлімсірей сыбырлап: «Сен тағы да үйленгенсің бе?» — деді. Оны Гүлсім де естіп қойды.

Осы суық сөз екінші бір арнамен ертеңінде Гүлсімге тағы да келіп жетті. Гүлсім ойланды, таңданды. Шын ба? Өзі үндемейді. Мүмкін жалған болар. «Ащы тілдер не демейді?! Шын айтқанда, Гүлсім түсінбейді: Әли семьясы барын неге жасырады, қандай мақсаты бар? Егерде Әлидің әйелі болса, ол өзін тым еркін ұстамас еді де, Гүлсімге назарын аударып көңіл бөлмес, жиі қатынаспас еді. Тегі, өтірік болар. Әли батыл еркек емес пе? Ондай болса ашық айтады ғой...

Тұрар да қызығарлық жігіт. Бірақ, Әлидің жанында ол — қаршығамен теңдескен күйкентай тәрізді. Былай, сөйлесе келсең, Тұрар ақылды. Онымен әңгімелескенде, шаршамайсың, өзіңді кең ұстайсың, дегенмен ынтығып мәз де болмайсың... Өлеңін оқығанда ол қызықты да, сөйлескенде онша емес. Ол несі екен?...

Гүлсім Әлиді көп ұнатады, жарық іздеген гүлдей, соған қарай көңілі ұмтыла береді. Көргісі, сөйлескісі, сырласқысы келеді.

Бір күні Гүлсім ауруханада кешке дейін болды, енді қайтуға шыға бергенде, есік алдында Әли қарсы жолықты.

— Әли! — Гүлсім қымсынды да, бір жағынан қуанды. — Күтпеген жерден...

— Әдейі іздеп келдім!..

Бұл кеште екеуінің арасында келешек тағдырдың түйінін шешетін жағдай болды. Әли Гүлсімді үйінің есігі алдына әкеліп қоштасып, қолын босатпай:

— Ия, деші? — деді жалынған дауыспен.

Гүлсім не дерін білмей дегбірсіздене денесі дірілдеп, екі иығынан дем алды. «Семьяңды қайтесің?» деген сұрақ тілінің ұшына күрмелді. Осы кезде Әли құшырлана құшақтап, оның ернінен қатты сүйіп алды.

Гүлсім ұялды да, ыза да болды, үйге жүгіріп кетті.

Ернінен сүйдіргені, қыздың жауабы деп түсінген Әли де мәз болып үйіне қайтты.

Ертеңінде ренжіген бойымен Гүлсім қызметке келді. Ойы шатасып, тұрақтамай, әр арнаға түсе берді. Әлидің жалған мінезі, қарт адамның бұлыңғыр күнгі ескі ауруындай бойын құрыстатып, еңсесін көтертпеді. Рұқсатсыз сүю ұят емес пе? Бұл қандай қылық? Және ол әйелін неге жасырады?... Гүлсім сұрап білмек болды да, өзіне тоқтау салды. Неге керек? Өзі айтсын! Егер әйелі болса, кешегі қылығы — әурелеу, алдау!... Сөзге келместен, онысы қай басынғандық? «Менің өзімнен де болды, босқа састым. Қорғанбай, жақтан тартып жіберсем, не дер еді, жолдас дәрігер, ә?».

Гүлсімге ол ұнады бірақ солай деп жұртқа жар салған жоқ қой. Жүрек құпиясы. Бәрі ішінде — адам көзі түспейтін, сезім нұры араламайтын жан қатпарында жасырулы болды.

Ертеңінде ауруханаға журналист келді. Реңі қашқан, екі көзі қып-қызыл. «Басым қатты ауырып шыдатпайды» деді. Оның сөзіне Гүлсім жөнді маңыз бермей, ішінен реніш етті, түні бойы ішкен, көргісі келіп, сылтаумен келгені деп ұқты...

Гүлсім солғын қарсы алды. Көңіл бөлмеді, бас ауру дәрісіне рецептті жазып берді де, қайтарып қоя берді.

Арасында бір күн өткесін Тұрарды ауруханаға шалажансар әкелді... Гүлсім шошып кетті. Жаны тас төбесіне шықты. Дәрігер қатесі. Оған Гүлсімнің өзі ғана жауапты. О жолы ықыласпен қараса, мұндай халге жеткізбеуге болушы еді. Өттеген-ай!...

Осыдан бір ай бұрын Тұрар түнде басының ауыратынын айтқан еді Гүлсімге. Онда ол: темекіні аз тарт, форточканы аш, үй тазарт, — деп кеңес берген... Бұл да есіне түсті.

Ақырын жеңіл басып Гүлсім палатаға кірді, Тұрардың кереуетіне келіп төнді: «Аппақ құдай, сөл жөк. Бетінде дөңгелек қызыл теңбілдер. Көзін аша алмайды. Гүлсім оның қолын алып, тамырын ұстады, саусақтары құп-қу, суық. Тамыры толған, қатты соғады.

— Бұл, кім? — деді көзін ашпастан Тұрар.

— Аш, көзіңді! — дәрігер бұйрық етті.

— Гүлсім... Гуля! — деді қоңыр, жылы дауыспен Тұрар. Ерніндегі шым-шым күлкі де іле жоғалды. Басын ұстады. Қарақұсын шеңберге салып қысқандай ауруы үдеп, сөйлеттірмеді.

Гүлсім төнген бетінде қадалып, тұрып қалды. Тұрар өзін күштеп зорға дегенде:

— Мен көрмеймін!... — деді.

Бұл сөз Гүлсім жүрегіне найзадай тиді, шошынды. Қорқынышы электр тоғындай денесін соғып өтті. Тұрардың ұстап отырған қолын түсіріп алды. Осы кезде қасындағы медсестра бақылап тұр екен, Гүлсімді ақырын түртіп қалды. Сонда барып өзінің кім екенін есіне алып, ширап, тежеу салды. Дәрігер емес пе? Науқас үрейленуі қалай? Гүлсім қайратын шақырып, өзін жинақы ұстады. Тұрардың көңілін көтере сөйледі:

— Жазыласың! Мұның бәрі кетеді! — Бірақ, ішінен: «Қан миына құйылып жүрмесе» деп ойлады.

Сол күні дәрігерлердің консилиумі болды. Олар жиналып, ақыл қосып, емдеу әдісін іздеді. Аурудың түпкі зардабы неге соғады, емдеу жолы қайсы? Айтыс осы мәселе маңында

болды. Бірақ, дәрігерлер пікірлері біріне-бірі қайшы келіп, тірек боларлық бір ойға тоқталмады.

Әрине, гипертония ауруы: қанның тасып, көтерілуі. Жаңадан табылды, емдеу әдісі түгелдей әлі ашылған жоқ.

Осы мәжіліске жүйке ауруының маманы Әли де келді. Ол Гүлсім жаңа сөйлей бастағанда кірген. Есік жақтағы бос орнына отыра қалды. Гүлсім оны байқамады.

— Егерде науқасты мен емдесем, мынадай ем әдісін ұсынамын. Менің әріптестерім, мені дұрыс түсінер деп сенемін...

Гүлсім «Павлов» ғылымына сүйенген: ұзақ ұйқымен емдеу әдісін ұсынды. Науқасты көбірек ұйықтатса, соғұрлым қанның тасуы тезірек басылады деген өзінің жорамалын ортаға салды.

Араның ұясындай ызылдап отырған дәрігерлер жым-жырт бола қалды. Гүлсім сөзін аяқтамай, олар қабақтарын шытып, тұнжырай бастады. Кейбірінің өңінде ызғарлы кескін де байқалады. «Бұл ем Москваның өзінде де жаңа қолданылған жоқ па? Мынау кім өзі, тәңір, тыңнан жол салғысы келген?» деген сұрауға толы пішіндер Гүлсімнің көз алдында қаптап кетті.

Шіңкілдек дауысты, мұрттың сілемі бар, толық қара әйелден кейін, ұзын мұрын, көзілдірікті, салпы ерін дәрігер сөйледі.

— Бұл ем рұқсат етілмейді! — деді ол.

— Неге? — деді Гүлсім мысқылды дауыспен.

Ол да сықақпен жауап берді:

— Қызық! «Негесі!» болушы ма еді? Москвада қолданса — олар профессорлар. Ғылыми атағы бар. Ал Гүлсім кім? Кеше ғана институт бітірген сәби!...

— Олай емес. Жаңалық журналға жазылса — рұқсат етілген, ол емді осы жиналған дәрігерлердің бәрі де оқыды. Нәтижесі мол. Неге қолданбасқа?

Осы кезде қатуланып Әли орнынан тұрды. Гүлсім оны жаңа байқады. Жас жастың тілегі бір емес пе? Жақтар... Қуанышты көңілмен Гүлсім одан көзін айырмады.

Кешегі Әли емес: суық, байыпты, әрі сөзі салмақты, көмейінен зорға шығады. Сараң сөйледі. Ол әуелі Тұрар өзінің

досы екенін айтты. Одан Гүлсімге көшті. Гүлсімнің жаңалық туралы ойын қоштады.

Бұл арада Гүлсім де ырза болды: «бәсе!»

Сөйткенше болмады, Әли жаңағы сөзін жоққа шығарды. Дәлел келтірді: ұйықтау әлегімен жүргенде уақыт өтіп кетсе... Оның үстіне ұйқы дәрісі жүрекке әсер етпесіне кім кепіл?...

Қысқасы Әлидің ой жүйесі: Тұрар досы, оған тәжірибе жасауға рұқсат етуге көнбейдіге тірелді... Манағы «мұртты» мен салпы ерінді дәрігер «уһ» дегендей кейін шалқиып, кеңірек отырысты. Гүлсім ұялып, қаны бетіне шапты.

Сұмдық! Не дейді, мына шіркін? Гүлсім шыдай алмады. Әлидің ақырғы сөзі бітпестен, ұшып тұрып, өз бағытын дәлелдеуге кірісті. Адам қысылғанда шешен болады деген рас екен, тіптен аузына ақылды сөздер қайдан түскеніне Гүлсім осы уақытқа дейін таңданады. Әуелі ұйқының гипертонияға беретін әсеріне тоқтады: қан неге тасиды? Тамырдың ішінде қанды жүргізетін жүйкенің сабақтары бар. Солар кейде бұзылып, дұрыс істемейді, дірілдеп, қанды іркіп, біржайлы қалыпта ағуына бөгет жасайды.

Сол кезде көбірек ұйықтаса, жүйке қалпына келіп, түзеледі, нығаяды. Осыны Әли жолдас білмей ме? Жоқ, біледі. Ол жүйке ауруының маманы ғой. Ал, олай болса неге қарсы? Түсініксіз...

Гүлсім пікірін аурухананың бас дәрігері қоштады. Одан кейін бөлім бастығы да дұрыс деп тауып, ақыры Гүлсім сол емді қолданбақшы болды. Сонымен, тәуекел де, қорқыныш та қатар тайталасты...

Сол күні Гүлсім Тұрарды жеке палатаға жатқызды. Әуелі жүйкеге тиетін сыртқы әсерлерді — у-шуды, қатты дыбысты азайтты. Палатаны әшекейледі, терезені, үй төбесін көк бөзбен жапты. Науқас жататын койканың тұсынан жыбырлатып екі жарым вольттік электр лампасын ілді.

Дәрі ішіп, маужырап жатқан адамға дәл түн сияқты көрінді. Көгілдір аспан. Жалт-жұлт еткен жұлдыздар... Тұрар қатты ұйқыда. Тек тамақ ішуге ғана оятады. Қасындағы жүдеу отырған Гүлсім, науқастың дем алысын бағып, тамырын ұстайды. Санамайды. Кейде трубкасын қойып, жүрегін тыңдайды. «Жүрісінен танбай ма?» деген үрейге жауап іздейді.

Гүлсімнің қате жіберуге хақы жоқ. Қателік апарып өлімге соғады. Қате — байқамау, жете ойламау ғой. Адам өмірі үшін күрес бар жерде — сақтық, ұқыптылық, жылдамдық керек.

Сонымен, біріне-бірі ұқсас күндер өтіп жатты. Бір... екі... бес...

Гүлсім Әлиді де ұмытты. Бұл күндер Гүлсімге үлкен сын еді. Ол барлық білімін, күшін, ақылын жұмсады. Ынта сала кірісті. Бүкіл жан жүйесі домбыраның шегіндей, шірене тартылып, шиыршық атты. Жаны қыл үстінде, дегбірсізденіп те қояды. «Ұйықтап жатқанда — жүрек соқпай қалса қайтеді? Қиын... Қиын...»

... Түн еді. Гүлсім палатада жалғыз. Тұрар шырт ұйқыда. Түн дариясында қиял да шарықтайды. Палатаның қабырғасы ғайып болып, далаға айналды... Жетісудың көгілдір, барқыт түні... Жымың қаққан жұлдыздар... Гүлсім туған колхозына бара жатып, елге жете алмай жолшыбай тау ішінде түнейді. Жары қалжырап ұйықтап кеткен. Гүлсім оның ұйқысын күзетіп отырып, қоңыр сазды дауысымен баяу ән салады:

Маған сенің ерке қылығың керекті.

Құмартып жандыратын жүректі.

... Тұманда қиял серпіліп, Гүлсім шындық өмірге қайта көшті. Шындық — қатал, ызғарлы. Сөйтіп, науқас халі әлдене болады деп сескенген Гүлсім ойына жауап тәрізді ұйықтап жатқан Тұрар сөйлей жөнелді. Гүлсім селк етіп оған үңілді: Ояу ма? Қабағын сипады. Жоқ, шырт ұйқыда көрінеді:

Бет пернесін ұйқы көлеңкесі жапқан.

Тұрар сөзі жатық, ұғымды, құдды ояу адамдай.

«... Мен саған өмірімді әлдеқашан бағыштағанмын. Сенсіз менің күнім қараң. Ауырып, қалуыма себеп... Сүймейсің... Сүй деп зорлауға да болмайды, бірақ маған деген жылы сөзің аз болды».

Гүлсім абдырап, жүрегін ұстады. «Бұл сөзді кімге арнаған? Әлде, шынымен-ақ менің өзіме айтып жатыр ма?»

Тұрар аз кідіріп, ыңырсыды да тағы сөйледі:

«... Гүлсім, менің жүрегімді танымайсың. Талай-талай түн өрінде сенімен қиялымда кездесіп, сырласқанмын. Ең

құрметті, ең кіршіксіз таза ойымды саған тартқанмын. Мен түнде күбірлеп сөйлеген соң кейбіреулер мені жынданды деп те шығарды...»

Гүлсімнің көзінен мөлдір жас домалап-домалап кетті: осы сөзін өңінде неге айтпады екен? Мүмкін, анада ауырудан бір күн бұрын келгенде, айтпақшы болған шығар. Мына сөз іште зіл болып жатқан, жарыққа шыға алмаған қайғының зардабы... Қанды тасытқан да осы. «... Мен өлсем сен...» Тұрар аржағын айтпады, аунап түсті. Гүлсім ынтыға тыңдаса да ол қайтып сөйлемеді. «Тұрар не демек болды?... Сен кінәлі» демек пе?... Гүлсім ойға шомып ұзақ отырды. Тұрар сөзі өңменінен өтіп, көңіліне дақ салды. Гүлсімге Тұрар сырының тарихы ертеден басталған сияқты. Оқып жүргенде Тәшенов Гүлсімді театрға апаратын. Мейрамдарды бірге өткізетін. Бірақ оған Гүлсім маңыз берген еместі. Жас жігіттің ұнамды қылығы деп қарайтын.

Гүлсім ауыр күрсінді: «Бұл сол күндерде мені сүйгені ме?»

Тұманды қиял серпіліп, Гүлсім шындық өмірге қайта көшті. Шындық — қатал, ызғарлы. Сөйтіп, науқас халі әлдеқалай болады деп сескенген кезде Иван Петровичтың еңбегіне үңіледі, күш алады.

Ұйқы орталық жүйкені — миды әлсіретпейді, қажытпайды. Қайта нығайтады. Ұйқы — адам мүшесін, миды сақтаушы, қорғаушы күш. Адам көп ұйықтаса тынығады, мидың жақсы істейтіні сол екен!...

Бесінші күн науқастың өмірінде өзгеріс басталды. Көзі көре бастады. Бас ауруы азайды.

Бұл күн — Тұрардың да өміріндегі ең бір ұмытылмайтын кезең болды. Ертесімен Тұрар оянып, қасындағы Гүлсімді көрді, өңі қажыған сияқты: көзінің алды қазылып, көтерген, мұрны қусырылған.

Тұрар еппен Гүлсімнің қолын ұстап, қысты да баяу дауыспен:

— Гүлеке, мен сенің қамқорлығыңа тұрмаймын. Жүдеп кетіпсің. О қалай? — деді.

Гүлсімнің үлкен қара көздері жарқырап қуаныш сәулесін шашқан тәрізденді. Шұғыл сұрады ол:

— Көзің көре ме?

Тұрар күлімдеп:

— Көрмек тұрсын, бетінде жазылған ойды да оқимын — деді.

Гүлсім алқынып, екі иығынан демін алды қуанғаннан еңкейіп, маңдайынан сүйіп алды.

Сол күннен бастап аурудың кейпі қайта бұзылды. Тұрар нашар ұйықтай бастады. Оған Гүлсім ренжіп, үрейленіп, «Не болды?...» — деп себебін іздеді.

Дәрінің дозасын күшейтіп, жатарда оның үлкен жалпақ алақанын сипап:

— Сен қазір ұйықтайсың! — деп қайталап айтып, сөзіне ұйытып та бақты. Тұрар ұйықтау орнына Гүлсімнен көзін алмай, күлімдей берді. Дәрі тіптен әсер етпей қойды. Енді қайтты?

Гүлсім сипап отырған қолын тартып алды. Түсінді, мұнысы қате. Тұрар оны сүйеді. Гүлсімнің жүзі, қолы Тұрардың жүйке тамырын балбыратып, ұйқыға бейімдеу орнына, толқытып, әлек еткен. Сүйген жігітке дәрігер мінезі қызықтырып, ұйқысын ашқан.

Гүлсім аурухананың бас дәрігерімен ақылдасып көріп еді, ол да мұның қылығын теріс деп тапты. Содан кейін Гүлсім науқас қолын сипауды да, дәл ұйықтау алдында баруды тоқтатты.

Алғашқы күндеріндегідей Тұрар тағы да жақсы ұйықтай бастады.

Бірақ жүрегінде бір ақау пайда болды, ол жүрісінен жаңылуды шығарды. Гүлсімнің құты қалмады, енді не болды? Масқара? Жүгіріп бас дәрігерге келіп айтты. Ол жүрек, жүйке ауруының мамандарымен ақылдасып емдеуді ұйғарды. Әрине, олар енді келемеждеп күлмей ме? Табаламай ма? Әлін білмеген — әлек демей ме? Дел-сал болып, Гүлсім қайта палатаға келді. Тұрардың жүрегін тағы да тыңдады. Я, сол қалпы!... Қасында Әли болар ма еді? Ақыл сұрап, ой қорытатын... Әлиді шақырса қайтеді?... Анада қарсы болған жоқ па еді? Дегенмен Гүлсім

Әлиді қимады. Әлидің ол сөзіне өкпелеуге бола ма? Мүмкін оның Гүлсімге жаны ашыған шығар? Оның айтқаны дұрысқа шықса ше?... Міне, көрмейсің бе, Тұрар жүрегінің құбылуын?

Гүлсім орнынан ұшып тұрып, есікке жақын келгенде, коридордан Әлидің даусын естіп, сілейіп тұрып қалды.

— Тәжірибе нәтижелі болатын ба, қалай? — деді Әлидің даусы.

— Оны айтуға әлі ерте! — деді екінші бір еркек. Тегі әнеукүнгі жиында өзіне қарсы шыққан салпы ерінді, ұзын мұрынды дәрігер болуы керек. — Дұрыс сенікі.

— Ә, солай ма! Ха-ха! — Әли мәз болып күлді.

Гүлсім ернін тістеп, бір-екі қадам кейін шегінді: әңгіме кім туралы болып тұрғанын сезді. Белгілі, Гүлсімді келемеждейді.

Мен кіріп көрсем бе деймін, әлде...

Гүлсім әрі тыңдай алмады, секіріп орнына барды, жүрегі аузына тығылды. Өз құлағымен бәрін де естіді. Біреу айтса, сенбес еді. Не деген опасыздық. Жаңа ғана соған барып, ақыл сұрамақ болды-ау?!

Есік ашылды. Ақ халат киген сымбатты еркек кірді. Басын әсем изеп, қабағын кілбиткен қалпымен езу тартып, әсерлі мінезбен жақын келді. Гүлсім сұрланып, қатаң дауыспен:

— Мұнда сізге кіруге рұқсат етпеймін! — деп оның бетіне қарсы келді.

— Не дейсіз, Гуля? — деді, естімеген болып Әли, еркін жақындап, қолын ұстамақ болып.

Гүлсім кейін шегінді:

— Мұнда кіруге рұқсат етпеймін!

— Неге?

— Тәжірибе нәтижелі болатын емес! — деді Әлидің өз сөзімен мысқылдап.

— Өкінбейсіз ғой? Гүлсім шыдамады. Толқыды. «Жарайды, отырыңыз!» дей жаздады. Бір басып алға ұмтылды да, өзін-өзі тоқтатты. Мейлі, не болса, ол болсын! Шыдады.

Әли шығып кетті. Гүлсім үндемеді, палата ортасында ұзақ ойда тұрып қалды... Көзінен моншақ тәрізді жас домалай берді. Есік тағы ашылды. Бас дәрігер, қасында басқа да бірнеше

дәрігерлер бар, сау етіп кіріп келді. Науқастың жүрегін тыңдады, тамырының соғуын санады, бірауыздан жүректе қауіп жоқ деп тапты. Енді ұйқы дәрісін азайтып, жүрек қызметін жақсартатын дәрі беруге ұйғарды.

Олар кеткен соң барып, Гүлсім демін зорға алды. Өзінің жалғыз еместігін сезді...

Екі күн өткесін Әлиден хат алды Гүлсім: «Өлдім, талдым, ғашық едім» — деген. Ана жолғы суық қарсы алғанына түсінбеген сияқты. Ах, қандай жалған, әумесер жігіт! Гүлсім оған жауап қайтармады.

Жиыrmасыншы күні Тұрарды ауруханадан жазып шығарып, үйіне қайтарды. Ертеңінде болған дәрігерлер конференциясында ауруынан айығып, сауыққан Тұрар бүкіл жұрттың көзінше Гүлсімнің қолын қысты, рахмет айтты. Бұл жолы оның күлмейтін көзі де күлген тәрізденді.

— Шын жүрегіммен алғыс айтамын, бәріңізге! — деді ол жымыып.

Гүлсім оны қолтықтап, тысқа алып шықты. Қақпа алдында Әлиге тағы кездесті. Гүлсім сол Тұрарды құшақтаған қалпында жанынан өте берді, салқын жүзбен басын иіп, емеурінімен ғана амандасқан ниет білдірді. Тұрар да бөгелдірмеді.

Әли ұмтылып, бірдеме айтпақшы болып еді, олар тоқтамады.

Міне, осы жазғы демалыста Гүлсім Бурабайға, немере ағасына қонаққа келді. Ал Тұрар өлеңдер жинағын бастырмақ болып Алматыға кетті. Ол жинақта Гүлсімге арналған өлеңдері бар...

— Міне, құрбым, — деді Гүлсім сөзін аяқтап, — әрқашанда бір көргенде ғашық болып, өмірлік досым осы деуге болмайды. Сезім алдағыш. Мен Әлиді де, Тұрарды да ұқтым. Әрине, махаббаттың да қилы-қилы сыры, өзіне тән қыры бар. Бір көргендер ішінде де талай тұрақты байсалдысы табылар. Алайда ақылға ғана сену керек.

Олар көгілдір бұғаздың жар қабағымен жүріп келеді. Тура курортқа тартты. Күн сәулесі жарқырап, төгіліп тұр. Тау да, көл де, екі құрбының жүрегі де нұрға бөленген сияқты.

Әдебиет және искусство.

Алматы, 1956. — 26-34 б.

ӘКЕСІ (Әңгіме)

Ұзын бойлы, талдырмаш жігіт әдепті қылықпен иіліп, ақ шашты профессордың қолтығынан алды, кес-кестеп жібермеді.

— Сабыр Аханович, осы екі қабат үй... Астында. Кіріңіз!

— Жоқ-жоқ. Клиникада тосады ғой.

— Уақыт ерте. Үлгересіз әлі. — Профессордың қуарған, жүдеу жүзінен жігіт көзін айырмады: бет пернесінен шын ашудың толқынын байқағысы келді. Үлкен адамның мазасын алуға бола ма?!

Қылаулаған, түкті қабағын шытып, профессор:

— Қайдан кез келіп едің... Болмас, болмас, — деп басын шайқап, кішілеу, әлі де болса, икемді саусақтарымен әуені асықтай қағып қалып, үйге бет бұрды. Жігіт мұртынан күлді: дөңгелек қарақат көзіне ризалық сәулесі түсті, шырайы жадырап, ебелектеп есік ашты ол.

Аржағынан бурыл шашты, денелі, көк көз, мосқал әйел қарсы шықты. Қолында стакан.

— Мама, қонақ келді, қадірлі қонақ! — деп жігіт анасына профессорды таныстыра бастады. — Менің анам!

Анасының көзі шарасынан шығып, тесіле қарады. Жұқа ерні кемсеңдеп, қолындағы стаканы салдыр етіп еденге түсті. Күл-пәршасы шықты. Жүзінде бір өзгеріс: үрей ме? Таңдану ма?

Жігіт сасқалақтап, анасына ұмтылды.

— О, тәңірім!... Шынымен Сабыр Аханович пе? — деді ана күбірлеп, сенбеген пішінмен.

Профессордың да түсі өзгеріп, не дерін білмей қалбалақтап, кейін шегінді.

— Аннушка!

Сол-ақ екен, ананың көзі жасқа толды; тамып-тамып кетті. Үнсіз тұрып қалды. Ана мен қонақ тілсіз әңгімелесті. Бір-бірінің қимылынан, ымынан көп сырды ұққандай болды.

Жігіт аң-таң: бұл не құпия сыр? Атақты профессормен анасы таныс деп кім ойлаған? Адам баласының өмір жолы шалыс келіп, кездесе береді-ау!...

Сүйткенше болмады, ана сергіп, есін жинады.

— Маған не болған?... Шешініңіз. Сабыр Аханович!... Ұлым, шешіндір қонағыңды! — деп анасы кеукелектеп жан-жағынан ұлын іздеді.

— Мама, сіз басқа біреумен шатастырып алған жоқсыз ба, осы? Ұлы әзілдеп, сыпайы күлді.

— Жоқ, қалқам! Жастық шағын адам ұмыта ма? — деді. Ана сөзін баласы ұқпаса да, шешініп болып, диванға отыра берген профессор әбден түсінді.

— Бұл жалғанда, Анна Федоровна, сенімен кездесемін деп ойлаған емес едім. — Профессор жасаураған көзін орамалымен сүртті.

— Әрине... Жүрек ұмытса, ақыл зорлай алмайды ғой, — деді Анна Федоровна кінә қойған дауыспен, стол үстін жинап жатып. — Содан бері мен сені есімнен шығарғаным жоқ. Себеп: сенің жүрекке салған дағың өшпеді.

— Мама, мына бір кастрюля қайнап, төгіліп жатыр! — деді ұлы ауыз үйден басын сұғып.

Профессор үн-түн жоқ төмен қарап, тұқырып отырып қалды. Ана мен бала тамақ дайындап жүргенде, Сабыр Ахановичтің өмірде түзелмейтін, жастық жасаған бір қатесі есіне түсті. Көз алдына елестеді...

... Керекудің шеті — Көк жатағы... күн еңкейген, салқын түсе бастаған кез. Сабыр еңтіге басып, Ертістің жиегіндегі Аннаның үйіне келе жатыр. Әлі есінде: үстінде әшекейлі, кестелі көйлек. Жеңін сыбанған. Көңілі көтеріңкі. Көптен зар болған арман орындалған тәрізді. Округтік денсаулық сақтау бөлімі оны оқуға жіберіпті — Москваға, дәрігерлік институтқа. Жаңа ғана қалаға шақырып алып: «ертең жүр, әйтпесе кеш қаласың — алмайды», деген-ді. Медпунктті уақытша аптека меңгерушісі Аннаға тапсырмақ...

Аннаның қызметтен келгені сол еді. Терезеден Сабырды көріп атып шықты. Өңі қимылына, қылығына сәйкес, сондай сүйкімді. Қызыл шырайлы, селеу түстес үлбірек шашты, нәзікше келген Анна, мойнына асыла құшақтады, жүзінде

қуаныш ойнайды. Меруерттей тістерін жалтыратып, Анна масаттана күлді. Ойнақшып орында тұрмады.

Сабыр қолтықтап пәтеріне алып келді. Құшырлана сүйді. Бауырына қатты қысты... Сабыр жүрегі алып ұшады. Жастық — мастық. Бәрін айтты — бүкпеді, тіке бастады.

— Мен ертең жүремін, Аннушка! — Сабыр басын шалқайта, серілік мінезбен шылымын бүрқыратып отыр.

— Қайда? — деді Анна үрейленіп.

— Москваға, оқуға. Фельдшер едім, енді дәрігер боламын.

Аннаның жүрегі лүпілдеп, аузына тығылғандай болды. Не дерін білмеді. «Шын ба?» дегендей бетіне үңілді.

— Мен қайтемін? — деді әлден соң Анна.

— Сен бе? Сен артынан келесің де.

Анна сұрланып, көзіне мөлт-мөлт жас келді. Қиналды. Өксіп жылап жіберді.

— Не болды? — Сабыр түсінбеді, қасына жақын отырды.

— Неге жылайсың?

... Үн жоқ. Егіліп жылай береді. Сабыр өзінше ұғынды.

— Менің уәдем — уәде. Тос!

Анна өксігін баса алмады.

— Айтшы енді, не болды?

— Мен масқара болдым.

— Масқара!

— Я, айтуға ұялып жүр едім. Міне... — деп бетіне түскен теңбіл-теңбіл дақты көрсетті. Сабыр ішінен: «жүкті ме?! Э-э!...»

— Ту, соған жылай ма екен? Түсінбеймін.

— Әрине, сен түсінбейсің... Ақымақ — өзім.

Сабыр қарқылдап күлді: албырт жастық ақылға тұсау салды. Сөзі ойнақшып, терең ойлаттырмады. Аннаның жүрегіне дақ салған, өміріне шырмау келтірген тосын апатты Сабыр елемеді, немқұрайлы қарады.

Анна бетін басып, бүктүсіп диванға жатып алды. Көзінің жасы ағыл-тегіл.

— Мені алып кет.

— Ту, Анна, баламысың. Екеуміз қайда сиямыз! Әуелі мен орналасайын да...

— Ертең жұртқа қай бетіммен қараймын. Не істеймін?

— Түсіріп таста. Оқуға бөгет жасайды. Әлі талайы табылар...

Ақыры Анна көнді. Ертеңгісінде Сабыр жүгіріп, емханаға келді. Ешкім жоқ — күн жексенбі. Ол сестраны шақырып алды. Қажетті аспаптарды қайнатып, дайындатты. Анна да келді: өңі қашқан, көзі қып-қызыл, түні бойы жылаған көрінеді. Аннаның бұл қылығын Сабыр ұнатпады. Иығын көтеріп тыжырынды, қиыншылықта көмекшіге жарамайды екен ғой... Қасына келіп, сыбырлады:

— Оп-оңай — қорықпа!

Анна ернін тістеп, теріс айналды. Сабыр халатын киіп, қолын үш рет жылы сумен сабындап жуып, йодпен майлады. Көзінің қиығымен Аннаны байқап тұр: қайтер екен?

Анна бір қызарып, бір қуарып, дір-дір етеді. Сестраның күштеуімен, әйелдер креслосына ол зорға жатты. Қолымен бетін басып тістенеді.

Аннаның қасына келуі-ақ мұң екен, Сабыр шыдай алмады, бойы бұзылып, оның да қолы дірілдегендей болды. Ғажап! Бұрын кездеспеген сезім. Талай аборт жасады — мынадай толықсу, жүрексіздік болмаған еді. Мүмкін, екеуінің арасындағы жақындық бөгет жасай ма?

Сабыр алдында сұлап жатқан Аннаға назарын аударды: уылжыған аппақ дене. Ешбір дақ түспеген. Тығыршықтай топ-толық саны жұмырланып жатыр. Қазір ол дөрекі аспаптармен жас тәнге таңба салмақ. Сабыр аяды.

Уақыт зымырап өтіп жатты. Терезеден поездың айғайлаған даусы естілді. Ұзақ сапардың мерзімін есіне салды.

Сабыр өзін-өзі күштеп, еркін де жинақы ұстады. Айнаны апарып Аннаның денесіне тақады. Сол кезде сескенген Анна қатты шыңғырып, аспапты қолымен қағып жіберді. Айна жерге ұшып түсті. Сабыр аң-таң.

Терезеден поезд айғайы тағы естілді. Сабыр жалма-жан сағатына қарады: Үш. Жүруге бір-ақ сағат қалыпты.

Сабыр екінші айнаны ала бергенде, Анна шыдамады, атып тұрды. Ұяттың зардабы ма? Жоқ, сүйгеніне білдірген қарсылық па? Әлде жүрек бұйрығы ма? Кім білсін...

Аннаның екі беті дуылдап, көзінде ыза ұшқыны көрінді. Тез-тез бұлқына киініп:

— Ақымақ! — деді де, ол есікті сілке тастап, жүгіре шықты. Сабыр соңынан тұра ұмтылды: атын атап, дауыстап шақырды. Анна қайрылмады, Сабыр дел-дұл болып тұрып қалды...

Міне, содан кездесулері осы еді.

Шешесі мен баласы стол үстіне түрлі дәмді тамақтарды әкелді. Бокалдарға алтын түсті шараптар да құйылды.

— Мама, менің ұстазым, атақты профессор — Сабыр Ахановичтың денсаулығы үшін! — Борис бокалды көтерді.

— Я, я, — деді Сабыр Аханович, тұңғыық ойдан сүңгіп шығып: — Борис болмаса бүгін мені көрмеуші едің, Аннушка. Тура келген ажалдан алып қалған осы сенің ұлың, осының алтын қолы. Бұл нағыз хирург!

— Е... Әлгі жүрегіне операция жасап, өлімнен құтқарған профессоры сіз бе едіңіз? Газеттен оқығанмын.

Анна кекеген сияқты көрінді профессорға, жалт қарады. Анна түсінде ешбір құбылыс жоқ. Мызғымайды.

Бұлардың жан дүниесіндегі арбасуды сезбеген Борис тағы да килікті.

— Мен бұл операцияға бар күшімді, өнерімді жұмсадым.

Профессор оның сөзін бөліп:

— Білемін, саған атақ керек болды, — деді мысқыл күлкімен.

— Жоқ, Сабыр Аханович, мен сізге, мені оқытқан профессор деп қана қарағаным жоқ. Мен сізді әкемдей жақсы көруші едім... (Анна Федоровна селк ете түсті) — Москваға, Бакуловтың клиникасына аспирантураға жіберген сіз емес пе? Есіңізде ме? Қанша талас болды.

Бұл әңгіме ары қарай өршімеді, екінші бөлмеде шылдыраған телефон бөліп жіберді.

Борис кеткен соң:

— Анна, Борис осы нешеде? — деді профессор қасықпен шәйін бұлғап отырып. Сәл немқұрайды сұраса да, көзіндегі ынтызардың көлеңкесін Анна Федоровна айқын көрді. Сезіктенді.

— Биыл, 25-те ғой.

— М-м!... — профессор бір сырды ашқандай болды: содан бері қанша уақыт екен? Оған да 25 жыл-ау, ә? Мүмкін емес?!

— Неше балаңыз бар, ең үлкені нешеде? — деген Анна Федоровнаның сұрағы профессорға алыстан естілген сияқты болды. Оның қабағы түксиіп, маңдайына осыла қос сызық түсті.

— Аннушка, бұл жөнінде мен сәтсізбін. Адамның бірінші қадамы кейінгі өміріне үлкен әсер ете ме деймін... Жас болдық, түсінбедік... Әлгі, баяғы... — профессор тілінің ұшындағы сөзді айта алмай аз кідірді. Ойын бұрып жіберді. — Баяғыда, менің хатыма жауап та қайырмадың.

Анна Федоровна шәйін стаканға құйып жатып:

— Өткенді қайтесіз еске түсіріп, — деді.

Профессор қипықтап:

— Жоқ, Аннушка, менің жүрегімде бір арман жүр еді...

— Сіз сияқты ғалымда арман бола ма? Төрт түлігі сай: атақ, бақ... Сабыр Аханович аржағын тыңдамады:

— Жоқ, Анна профессор да адам емес пе? Армансыз пенде болмайды деген рас екен.

— Қандай арманыңыз бар? — Аннаның көкшіл көзі үңіліп өңменінен өткендей болды. Сабыр Ахановичтің беті қайтып, ойланып қалды: сұрағаны жөн бе? жоқ, әлде... тәуекел!

— Ана жылғы бала... — аржағын айта алмады, дауысы дірілдеп, өз құлағына жат естілді.

— Сізге керексіз емес пе еді?...

Борис кіріп келді. Ол көтеріңкі, жайдары дауыспен:

— Мама, енді мені өмірге әкелген сіз үшін ішейік!

Профессор бокалын Бориспен қағыстырады, сұқтана қарады: көзі қап-қара. Бетінде секпіл. Тап өзі секілді. «Шынымен сол ма?» деген сұрақ ойында нағажайдай жарқ ете түсті.

Сырттан біреу есік қақты. Борис ашуға кетті.

Профессор баланың жүрісінен де жас кезіндегі өзінің кескін-мінезін тапты. Жоқ, сол!

Коридорда екі еркектің дабырлаған дауысы естілді.

— Баланың әкесі келген шығар, соның дауысы.

— Әкесі? — деді күбірлеп, күдіктеніп профессор.

— Я, әкесі! ... Өмірде артық адам жоқ екен, Сабыр Аханович!

— деді Анна Федоровна салмақты, зілді дауыспен. — Сіз сол баланы өмірге қимасаңыз, ол бала сізді өлімге қимады, ажаддан алып қалды. Соны түсінесіз бе, профессор?

Әдебиет және искусство, 1956, июнь. — 10-13 б.

КӨГІЛДІР КӨКШЕ СҰЛУЫ

(Жазушы гәптерінен)

1956 жыл.

Поезд зымырап Бурабайға бет алды. Ендігі станция сол. Көкшенің көгілдір, мұнарлы шыңы кенеттен пайда болды.

Бір терезеден көзімді айырмай шөгіп жатқан бура сықылды тауға қарап тұрмыз.

— Әне, Бурабай! — деді қуанып жанымыздағы едірейген қара мұртты шал. Ол Алматыдан бізбен бірге шыққан. Баласына барып Бурабайға қайтып келеді.

Біз тағы терезеге қадалдық.

— Бұрын Бурабайда болып па едіңіздер? — деді шал көзін сығырайтып.

— Жылда демаламыз, — дедік.

— Ә, солай ма... — шал сәл кідірді де, бізге барлық денесімен бұрылып: — Осы сіздер Бурабайды жақсы білесіздер ме?

— О, не дегеніңіз. Бурабай жер сұлуы, еліміздің мақтанышы емес пе?

Шал жымыды.

— Одан басқа?

— Басқа...

Біз ойланып қалдық. Шынында: осы біз Бурабай туралы не білеміз? Бурабай тарихын, өсу жолын, халықтың денсаулығын нығайтуда қандай медицина жаңалықтарын қолданды? Толық білеміз бе?

Шалдың сөзі бізге осы сұрақтарды тудырды.

1849 жыл. Көкшетау етегінде Қотыркөл станциясы орнапты. Одан бір жылдан кейін Шортанды (Щучье) қаласының бірінші үйлерінің іргесі қаланады. Сол XIX ғасырдың 70-ші жылдарында Громовой өзенінің жиегінде Боровой поселкесі құрылыпты (Қазақтың «Бурабай» деген атынан алынса керек-

ті.) Ең бірінші рет Громовой өзеніне келіп Зубов деген қазақ-орыс диірмен салады.

Енді бір он жылда әдемі сұлу жердің атағы маңайдағы Ақмола, Омбы, Қызылжар сияқты қалаларға жайылады. Бұл жерге халық дем алуға келе бастайды. 80-ші жылдардың бас кезінде Пахомов деген отставкаға шыққан генерал екі үй салдырып, «қымызбен» емделуге келгендерді орналастырады.

1898 жыл Бурабай қазыналық жерге айналып, ағаштарын үкімет қорғап, беталды кесіп-сатуды тоқтатады.

1910 жыл Емельянов деген дәрігер баласының өкпе ауруын қымызбен емдеп жазып, сол Бурабайда бірінші рет санаторий орнатады. Содан бастап Оралдан, Батыс Сібірден жылына екі мыңға жуық аурулар келетін болыпты. Сол жылдары жол түзеліп, Шортанды мен Бурабай ортасындағы жыра, бұлақтарға көпір салынады.

Бурабайдың шын курорт мағынасында өсуі 1920 жылдан кейін, совет өкіметі орнағасын басталады. Сол жылы март айында курорт үкімет меншігіне көшеді де, апрель айында Көкшетау-Қызылжар темір жолы салына бастайды. Әуелі Қызылжардан Көкшетауға дейін 194 шақырым, сонан соң Көкшетаудан Бурабайға 68 шақырым жол салынады. Бұл жол Бурабайды бүкіл одақтық курортқа айналдырады.

1927 жыл Шортанды көлінің шығыс жиегінде теміржол қызметкерлері үшін Бармашино санаторийі, ал 1928 жыл Сарыбұлақ өзенінің жиегінде Воробьевка демалыс үйі ашылады.

1934 жылы Бурабай көлінің солтүстік жиегінде балалар санаториясы салынады.

1935 жылы Шортан көлінің оңтүстік жиегінде шахтерлер демалыс үйі («қазіргі Щучье») санаторийі ашылады.

1936 жылы Ақылбай дачасында мұғалімдер демалыс үйі және де әскери адамдар санаторийі, облыстық партия комитетінің демалыс үйлері орнайды.

1939 жылы Бурабай өз алдына поселок деген ат алады.

Ақмоладан жол ылғи жоғары көтеріле бастайды. Макинка станциясынан өткесін көп кешікпей кенеттен адырайып Көкшетау көрінеді. Совет Швейцариясы деп атақ алған Бурабай осы.

Поезд зымырап, жыландай иіріліп тау қойнына енді. Тау етегінде шашылған Шортанды қаласының үйлері алыстан дәл жартасқа салған қарлығаштың ұясына ұқсайды. Станцияда бізді тосқан машинамен қаланы қақ жарып Бурабай курортына бет алдық.

Бұл Бурабайдың бір өзгешелігі: Көкшенің өркеш таулары аттың тағасы сияқты, 40 мың гектар орманды қоршап алған. Әрбір таудың етегінде, орман ішінде шашылған күміс теңге сықылды мөлдір көлдер. Не бары (1928 жылдың есебі бойынша) 50 көл бар екен. Қазірде оның көбі құрғап, шалшық суға айналыпты.

Біз қаладан шықпай жатып жарқыраған Шортанды көліне кездестік. Жел жоқ тымық еді. Көлдің беті айнадай жарқырайды, тек тесіле қарағанда ғана көл бетінде ажым білінеді. Егерде жел соқса толқын көтеріліп, көл жиегінде ақ күміс көбік іркіліп жартасты соғады.

Бұл көлдің ұзындығы 7,5 шақырым, көлденеңі 3 шақырым, тереңдігі 10,5 метр. Көлдің жиегінде Бармашино, Шучье атты екі санаторий, мұғалімдер демалыс үйі бар. Көлдің қақ ортасында кішілеу арал. Демалушылар күндіз қайықпен өтіп, ән салып қымыз ішеді. Бір қызығып:

— Аралға барайық! — дедік.

Көл жиегінде бос тұрған желқайықпен есіп аралға келдік. «Махаббат» аталған жартас үстінде қара торы жас жігіт гармонь ойнап, қасындағы аққұба қыз қосылып ән салып отыр. Оларды бір топ демалушылар қоршалапты. Бізді көргесін сәл кідірді де, қайтадан шырқап ән салды. Біз олармен таныстық.

Гармоншы жігіт Қарағанды шахтері де, қасындағы қыз Павлодардан келген тың көтеруші. Бұлар Бармашино

санаторийінде дем алады екен. Топ ішінен Семейден келген журналист Ысқақов бізді санаторийдің хал-жайымен таныстырды.

Сол Шортан көлін жағалай отырып, ар жағына шықтық. Іш ауруларын, түрлі нерв ауруларын, шойырылма, қалтылдақ, шошын-пияздық, баладан қалған әйелдерді емдейтін Щучье санаторийіне келдік.

Бұл да ірі, жақсы санаторийдің бірі. Мұнда түрлі іш, өт, бауыр ауруларын майбалық суымен емдейді екен.

«Майбалық» суының қасиеті, химиялық составы 17-ші нөмірлі Есентукимен бірдей, жалғыз-ақ «майбалық» күштірек әсер ететін көрінеді. Бұл «майбалықтың суын» 1927 жылдарда тексеріп тапса да, осы күнге дейін «азаматтық құқық» ала алмай жүрген көрінеді. Тиісті орындар немқұрайлы қарайтын тәрізді. Газ қосып, бүкіл аптектерде сатуға болады ғой, алыстан Есентукиді, Нарзанды тасығанша. Әйтеуір сол ешкімнің есіне кірмепті. Тамақ қорыта алмайтын түрлі іш ауруларына, өт, бауыр ауруларына үлкен шипа көрінеді, нақты айығып, жазылған демалушылармен де кездестік.

Украинадан тың жерді игеруге келген Иван Захарович Байко былай деді:

Менің ішім ас қорыта алмай жүдеп келгенімде, қолмен жұлып алғандай жазды.

Біз бұл шипажайда әйелдер ауруын емдейтін хирург Чамаиспен сөйлестік. Ол:

— Қазақ халқы ертеде тұзға түсіп, кейбір сырқатты жаза алады екен. Сол дұрыс тәжірибеден шыққан көрінеді. Біз санаторийде көп ауруды тұзды балшықпен емдейміз, — деді.

Біз тұзды балшықпен қалай емдеуді көргіміз келді.

Емдейтін жерге келдік.

Үлкен кең үйде, ваннада тамағына дейін тұзды балшыққа көміліп жатқан адамдар. Кейбіреулердің буындарын ғана көміп қойыпты.

— Мұнысы несі? — дедік біз.

— Буын сырқатынан жазады. — Дәрігер бізге қарап жымиды.
— Біз осы шипалы тұзды қырық километр «Балпашсортан» машинамен тасып әкелеміз...

Сол күні Щучье санаторийіне шығып, Көкшенің ішінде шашылған күмістей жалтыр дөңгелек, кішкене көлдерді аралап, «Карасье», «Светлое», «Горное», «Лебяжье» көлдерін басып, Бурабай көліне бет алдық.

Біздің жанымыздағы шал мерген екен, үйрек көрсе машинадан жүгіріп түсіп, басып қалады. Көздегені құр кетпейді. Доптай қараша үйрек ұшып бара жатып топ етіп құлайды.

Бұл көлдерде қоңыр үйрек, шағала, қоңыр қаз топ-тобымен ұшып жүр. Шалдың айтуы бойынша бұдан елу жыл бұрын «Карасье», Үлкен, Кіші Шабакты көлдерін марал мен арқар жайлапты.

— Ана тұрған төбешік сондықтан «Марал төбе» деп аталған!
— деді шал қолымен нұсқап.

Ең ақырғы аюды 1915 жылы атып өлтірдік! Қасқыр, борсық әлі күнге дейін көп. Ана «Балпашсор» көлінің жиегіндегі Қасқа тауда қасқырлар күшіктеп, курорт малдарына шабуыл жасайды. Басқа аңнан: түлкі, қоян, қарсақ, кейде тау текесі де кездеседі. Үлкен Шабакты көлінің жанындағы көл «Теке көл» деп тегін аталмаған шығар. Сол көлді бұрын таутеке көп жайласа керекті. 1936 жылы бір ғалым осы жерді өздеріндей аралап жүріп, таутекенің суреті салынған пышақ тауып алады. Ертеде жасалған болса керекті.

Тал түсте біз Бурабай курортына келдік. Бурабай көлінің ұзындығы бес шақырым, көлденеңі төрт шақырым, тереңдігі төрт жарым метр. Бұл көлдің жиегіндегі төрт санаторий, бір демалыс үйі бар екен.

Бурабай курорты Қазақстандағы үлкен үкімет курортының бірі. Жазда 800-ге дейін адам, қыста 300-400 адам дем алады.

Қазақстан жағдайында Қырымдағы Ялта, Кавказдағы Сочи сияқты атақты маңызды курорт бұл. Бурабайға жалғыз

ғана Қарағанды шахтері, Өскемен алтын кенінің жұмыскері, Ембінің мұнай шығарушылары ғана емес, Оралдан, Батыс-Сібір, Қиыр Шығыстан келеді екен. Соңғы жылдарда Ақмола, Көкшетау, Қызылжар, Павлодар облыстары тың жерді көтерудің негізгі орталығы болса, Бурабай тап сол төрт облыстың түйіскен жерінде. Қазірде, сол тың көтерушілер де Бурабайға келіп дем алуда.

Курорт директоры Леонид Иванович Тиунов Бурабайдың ескі дәрігерінің бірі (1945 жылдан істейді), денелі толық келген, ақсары, мосқал адам. Сарғылт, ұзын кірпіктерін жоғары бір сілкіп тастап былай деді:

— Соңғы 20 жылда Бурабайдың курорттық маңызы өсіп, бүкіл дүниежүзіне жайылып, Совет одағындағы атақты курорттың біріне айналды.

Біз Бурабайдың бірінші, екінші санаторийін аралап, демалушылармен әңгімелестік. Паркте, қарағай түбінде Қазақ Ғылым Академиясының ғылыми қызметкері Төлеген кездесті. Қолында Ерзаковичтің жақында шыққан қазақ музыкасы туралы кітабы.

— Денсаулық қалай?

— Жақсы.

— Інім, сенің көзің тым күлімдеп кетіпті. Тегін жүрмейсің, — деп қалжыңдай отырып 10-шы корпуске жеттік.

10-шы корпуста хирургия бөлімшесі бар.

Ұзын коридорда төселген кілем, терезе алдында толған гүл, есікте жібек перде — бәрі де көз тартып, көңілді көтереді.

— Мынау Вася дейтін ерке жігіт. Орал тауының ортасынан келіпті, — деді әзілдей хирург Юрий Петрович Данилевский, ұзын бойлы жас жігіт, Алматы медицина институтын бітірген профессор Зюзиннің шәкірті. — Өкпесіне жел жіберіп үрлеп едік, көк етінің кейбір жері жабысып қалыпты. Соған кеше операция жасап, жабысқан етті электрмен күйдіріп тастадық.

Васяның екі көзі күлімдеп бізге қарайды.

— Халіңіз қалай?

— Өте жақсы. Енді мені жазылды деп есептеңіз. Ертең келісімен қайта қызметіме кіремін. Мен өзім слесарьмін! — деді ол жігіт.

Онымен хош айтысып біз ең жоғарыдағы Бөлектау иығындағы 11-шы корпуске келдік. Астылы-үстілі үш қабат, үй толы 4-5 адамдық бөлмелер. Әрқайсысында демалушылар. Бір бөлмеде екі жігіт шахмат ойнап отыр. Алдарында бөтелкеде қымыз. Екіншіде — бір шал көзілдірігін мұрнының ішіне киіп газет оқып отыр. Дем алатын бөлме де ұзын, жарық. Бір топ адам домино ойнап, бір жағынан әйелдің пианинода ойнаған музыкасын тыңдауда. Анда-санда қатты қойылған домино сүйегінің дауысы естіледі.

— Ешкі! — деді біреуі.

— Көрсетемін мен саған ешкіні! — деді екіншісі.

Толық келген аққұба әйел — сол корпустың дәрігері Рахима Шамкенова шеттегі едірек көз, таңқы мұрын жігітті қолға алды:

— Ана жерім, мына жерім ауырады дейсің, берген дәріні ішпей таң атса ойынмен боласың. Не істейін саған!

— Құлағын кес! — деді көршісі.

Бәрі ду күлді.

Ертеңінде жаяу аяңдап, әскери қызметкерлер шипажайынан өтіп, көлді жағалай отырып облыстық партия комитетінің демалыс үйіне келдік.

Бұл демалыс үйінің тұрған жері — Оқжетпеске таяу, көгілдір залив қасында, Бурабай көлінің ең көрікті мүйісі. Тау етегіндегі қарағай, ақ қайың аралас орман иісі кеуденді жарады. Екі қадам жоғары көтерілсең көл тап аяғыңның астында жатады — тұп-тұнық, көгілдір суға бейнең түседі.

Сол залив ортасында Перітастың (Сфинкс) көлеңкесі ұзарып Оқжетпес көлеңкесімен ұштасып жатыр. Біз қайыққа мініп, есіп Перітасқа жақындаған сайын, басы адамға, денесі хайуанға ұқсай берді. Әдейілеп, қолмен кесіп орнатқан тәрізді.

Енді перітасты айналып, кейін бұрылып Оқжетпеске қарағанда оның биіктігінен бас киіміміз суға түсті. Ғажап: көл ортасында баяғы сәукеле бөрік сияқты, етегі кең, басы қусырылып сорайған жеке тау су ішінде тұр.

Тап осы секілді өзгеше бір керемет сурет Зеренді көлінде де бар. Су ортасында жалғыз сүйір тау, жан-жағын қырлап, қолдан жонып, басын үшкірлеген сияқты.

Бұдан әрі ашық алаң бар: дәл таулар ортасындағы жазық алаң. Ешбір жел жоқ, қоршауда, тымық, көлден ескен самал жел ғана салқындатады. Қазірде бұл жерде жаңадан шипажай салынбақ. Өткен жылы қазақ Академиясы ғылыми қызметкерлері, медицина ғылымының кандидаты Бахия Атшабаров жолдастың (Бүгіндері Қазақстан ғылым академиясының мүше-корреспонденті, медицина ғылымдарының докторы, профессор. Ө.Ә.) басқаруымен осы ашық алаңның ауа-райын зерттеп, жаңадан шипажай салуды қабылдаған...

Бұдан әрі тау аралығында екі үлкен көл жатыр. Үлкен Шабакты, Кіші Шабакты. Үлкен Шабактының ұзындығы сегіз, көлденеңі төрт километр, тереңдігі отыз жеті метр. Бұл осы өңірдегі ең үлкен көл.

Осы Үлкен Шабакты мен Кіші Шабактының арасында «Майбалық» көлі бар. «Майбалық» атты жоғарыда айтқан шипалы дәрі су осы көлден алынады. Көл аса үлкен емес: ұзындығы екі жарым, көлденеңі жарты шақырым, тереңдігі сегіз метр көрінеді. Суын шыны бөтелкелерге құйып алып келіп, сол қалпында жарты стаканнан ас алдында ішкізеді екен. Суының дәмі аздап балық татиды...

Бұл күні Бурабайға қайтып келіп, кешінде «Биші тоғай» дейтін қиқы-шойқы ақ қайыңдар арасында дем алдық. Көл жиегіне қарасаң таң қаласың: ақ қайыңдар тізесін бүгіп, қолын иіп тұрған бишіге ұқсайды. Аумамайды. Ондай бірлі-жарым болса бір сәрі ғой, олай емес. Бір шақырымға созылған «биші ағаштар».

Біз қалың орман арасындағы аллеямен аяңдап би алаңына шықтық. Оркестр нәзік вальс ойнауда. Түсті көбелектей, қызылды-жасылды жастар шаттық бимен дөңгеленіп жүр.

— Әне, «Сиыр жартас»! — деді бізді ертіп жүрген әдемі қараторы — Қайыр деген фельдшер жігіт.

Бірінің үстіне бірі әдейі қаланған тәрізді жалпақ тастардың үстінде сиырға ұқсаған тас алыстан қарасаң аумады...

Бурабай шипалы ауасымен ғана емес, жазда қымызбен емдейді. Әрбір демалушыға дәрігердің жазуымен 1-2 литр қымыз береді. Бірақ шипалы қымыз баяғы қазақ қымызынан айырмасы бар — ашытқысы бөлек. Ғылыми тұрғыдан қарағанда науқасқа әсер ететін, ем болатын қасиет ашытқыда.

Бурабай қымызындағы үлкен кемшілік — пісілмейді екен. Сондықтан қымыз ірімшіктен, ыдыс жиегіне тұрып қалатын көрінеді. Бұл казеин — көп піспесе ерімейді. Іріген қымыз ішуге дәмсіз. Екінші бір кемшілік — қымызға көпіру үшін сода қосады-мыс. Бұл да қате. Сонда қымыздың өзіне лайықты дәмін өзгертеді.

Біз ішкен қымыз шипасы жағынан өте пайдалы да, дәм жағынан нашар. Қымызда түрлі витаминдер бар. Әсіресе өкпесі ауру адамдарға әл беріп, ұйқысын түзеп, тамақ іштіретін витамин «В» да мол.

Қымыздың қасиеті жалғыз ғана адам организміне керекті витаминнің көптігінде емес, асқазандағы түрлі ауруларды (тамақ қорыта алмаушылық, т.т.) емдеуінде. Қымызға көңіл бөліп, оның қасиетін дұрыс зерттеп, қыс бойы беретін ету керек деген ойға келдік.

Екі күн өткесін біз балалар санаторийіне бардық. Үш этажды үлкен ақ үй. Таза, жарық палаталар. Іс тігіп үйрететін, гимнастика жасайтын, музыка тартатын, емдейтін түрлі кабинеттер бар екен.

Бұл санаторийде әсіресе тамағының безі бар балалар. Оларды уақытында оятып, тамақ беріп, ойнатып, тиісті емін жасайтын көрінеді. Үлкен жетістік — екі жылдан бері дәрігер

В.И. Филимоновтың бастауымен безді рентген сәулесімен емдепті.

Біз қоштасып, Филимоновқа рахмет айтып «Воробьевка» демалыс үйіне бет алдық. «Воробьевка» жазық жерде, ағаш ішінде, Сарыбұлақ өзенінің жиегінде. Тып-тыныш. Табиғаттың өзі мүлгіп, дем алуға шақырып тұрған сықылды.

Бірақ демалушылардың саңқылдаған күлкісі, шартты дауысы бүкіл орман ішін жаңғырықтырады. Барлық ынтамен екі топ болып волейбол ойнап жатыр.

— Биыл бізде тың көтерушілер көп! — деді директор.

— Шынында солай екен. Біз әңгімелескен жастардың көбі Қызыл ту, Рузаев аудандарынан келіпті. Тракторист, бригадирлер. Егінді бітіріп, екі жұмаға демалуға келген...

Күн қызды. Ағаш ішімен, соқпақ жол бойымен Щучьеге қарай жүріп келеміз... Биыл жаңбыр аз. Жол шаң. Егінге жауын керек-ақ...

Ағаштардың жапырағы құрап, көгілдір сарғылт тартқан. Жүдеу.

Бұдан бірнеше жыл бұрын ит мұрны өтпес орман қолдың саласындай селдіреп қалыпты. Оған бірінші жау — ағаш құрты болса, екінші — ағаш ұрысы: үй салушылар, отын дайындаушылар. Бұл екі жау Бурабай ағашына дерт болып жабысқан көрінеді. Бұған біз өзіміз куә болдық. Бармашино санаторийінде түнгі сағат бірде парк ағашын (оқтай түзу қарағайды) кесіп, құлатып жатқанын көрдік.

Қазірде Щучье қаласы мен шыны заводы тұрған екі орта ашық алаңға айналған. Ағаштарды кесіп құртыпты. Бурабай мен қала жолындағы қалың ағаштар селдіреп қалыпты. Лесхоз бастықтары жаңадан ағаш отырғызу, ескіні қорғау мәселесімен шұғылданбайтын сияқты. Бұрын бұл Бурабай орманы бірінші категория бойынша заповедникке беріліп, ерекше қорғалатын. Қазір заповедникке лесхоз жөнді көңіл бөлмей, үй салушылардың ықпалына еріп кететін тәрізді.

Бурабайда ағаш жойылса ол Бурабай кімге керек? Оның сәні ғана емес, дертке шипалы жағы жоғалады.

Қарағайлы орман шипалы болатындығы белгілі. Қарағайлы жерде ауа таза, кислород көп болады. Таза кислород (озон) адам қанын тезірек жүргізіп, бойын жазып, тынысты кеңейтеді. Ақ қарағай иісі кеңірдекті тазалап, қақырықты азайтады.

Егерде Бурабайда ағаш азайса шипалық қасиеті бірге азаймақ.

Біз Бурабайды, жалпы жазық дала ортасындағы тау қоршаған көп көл мен ағаштарды бір жұмада түгел аралап шықтық.

*Қазақстан шипажайлары
мен шипалы бұлақ көздері. — Алматы, 2004. — 40-49 б.*



**ЗЕЙІН
ШАШКИННЫҢ
ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ МҰРАСЫ**



МОЛ ДӘУЛЕТ

(Жазушының гәптерінен)

— Біздің колхоз осы! — деді Ленин атындағы колхоздың председателі Жұмаділ Дүйсеков қолымен нұсқап.

Төмен, ойда, жыландай иірілген Шамалған өзенінің жиегінде терек пен карағаш арасына көмілген, көк, қызыл шатырлы үйлер. Шет жақтағы үйлердің мұржасынан будақтаған түтін аспандағы көкала бұлтпен ұштасады.

Өзен жиегіндегі көк шалғында жайылған бұзау, суда жүзген қаздар. Анда-санда «қаңқ» деген дауыс ұйып тұрған ауаны жаңғырықтырады. Біз машинаны қоя беріп, аяңдап жаяу жүрдік. Алатаудан соққан самал жел тынысты кеңейтіп, бойды сергітті. Көкжиекке төнген күннің қуаты кеткендей, қыздырмайды.

Жұмаділ еңгезердей қараторы кісі, жас өңді, сақал-мұртын көк тұтқылдап қырған. Ауыр денесін жеңіл козғап, адымдап келеді.

Колхоз көшелері оқтай түзу, үгілген майда топырақ борап, өкпені кабады. Жұмаділ осы колхозға партия жіберген отыз мыңшылар қатарында келіпті. Келгеніне екі-ақ жыл. Қаскелең ауданының көлемінде ең артта қалған колхоз екен. Себебі: егістен түсім аз, мал сапасы өте төмен болыпты. Колхозшылар еңбек күніне 1-2 сомнан ақша, бір килограмман астық қана алған. Құрылыс жоқтың қасы: мал қора, мәдениет үйлері салынбаған.

Енді ше?

Колхоз соңғы екі жылда ірі табысқа ие болған. Кешегі артта қалған колхоз бүгін аудан көлемінде миллионерлердің қатарына қосылып алған. Кәзірде ақша табысы осы жылда 4 миллион сомға жеткен.

Артель аудан көлемінде көшпелі Қызыл ту ұстап отыр — әлі ешкімге берер түрі жоқ. Егіс жоспарын 180 процент орындаған. Ал астық тапсыру жоспары 156 процент орындалды — яғни мемлекетке 32.000 центнер астық тапсырылған...

Біз жүріп келеміз. Әдемі ақ үйдің алдында жиналған жастар. Көтеріңкі күлкі, өткір сөздер. Жастар киноға келіпті.

Жұмыс біткесін, кешке — «№ 306 іс» деген фильмді көрмек.

Радиодан берілген нәзік ән, жастар сөзін бөліп, кейде естіртпейді.

— Андағы не кітап?

— Көрмей тұрсың ба? «Оянған өлке».

— Соны жаңа оқып жүрмісің?

— Оқымағанда. Қайта оқимын. Одан басқа біздің кітапханада кітап жоқ. Қазақ кітабын жаздырып алмайды. Кеше мен «Қошмамбетке» барсам — кітапханада жалғыз ғана «Социалистік Қазақстан» газеті бар. Онда басқа қазақша газет жоқ. «Коммунизм таңы», «Қазақ әдебиеті», «Лениншіл жас» газеттерінің бірін алдырмайды.

Менің тыңдап тұрғанымды байқап, кішкене сары қыз қымсынып «клубқа» кіріп кетті.

Мен председательден:

— Қошмамбеті не?

— Екінші бригада тұрған ауыл... Ауылдық Советтің жұмысы емес пе?... — деді Жұмаділ менің не сұрап тұрғанымды түсіне қалып, өзінен аулақтатып.

Клубтың залы — 200 кісілік. Кино күнде, кейде күн ара.

— Колхозға пайдалы болған соң кинодан зәру емеспіз, — деп жымыды, Жұмаділ екінші кітап, газет оқитын залға кіре беріп.

Қызыл барқытпен жабылған үлкен стол үстінде түрлі газет, журналдар. Бірақ солардың ішінен мен «Қазақ әдебиеті» газетін таба алмай-ақ қойдым. Шарқ ұрып іздеп-ақ едім, көзіме түспеді.

Мен ойымды клуб бастығына айттым, ол «жазылмаушы едік» деді. Біз клубтан шығып, көк шатырлы әдемі ақ үйге келдік — колхоз кеңсесі, клуб тәрізді бұл да биыл салыныпты — әлі бояуы да кепкен жоқ.

Кең, жарық бөлме. Жерде кілем. Жұмсақ былғары күшетке. Көк барқытпен жабылған ұзын стол — председатель столына қарсы тұр.

Жұмаділ сейфін ашып, ішінен стаканын алып, графиннен су құйып, қағып салды. Сусап келген біз де ұмтылдық. Мұздай құдық суы.

— Жанымыздағы құдықтан әкеледі. Биыл қаздырған едік. 6 мың сом сұрады ғой. Ақыры, дауласып екі-ақ мың төледім. Екі мыңға тұра ма?

— Тұрады. Құдығыңның суы бал, сусағанға ем екен! — деп біз қалжыңдадық.

— Үйде жаңа, құдық та жаңа. Бұл жерде бұрын не болған! — дедік біз таңданып.

— Бұл бұл ма, міне! — деді. Жұмаділ терезеден үлкен гаражды көрсетіп. — Осыны да биыл салдық.

Үлкен аулада қыбырлаған машина — он жетісін санадық. Бәрі колхоздың жүк таситын машиналары, қаз-қатар саппен тұр...

Ертеңінде Жұмаділ бізді сиыр фермасына алып жүрді. Бет пішіні: «Құрылысты мен саған көрсетейін!» деген тәрізді, көзін сығырайтып күлім қағады.

Машина зырлап келеді. Шаң будақтап, жолды көрсетпейді, қарсы машина соқтығуы мүмкін де. Көптен жауын жоқ, жер күйіп тұр. Жұмаділдің шофері Борис деген Азербайжан жігіті қызбалау, қатты жүрісті сүйеді екен. Үйдей ұрадан бас-көз демей өте шығады. Ағызып дөңнің үстіне шыға келсек, екі сайдың үстінде қолмен қазғандай дөңгелек көл — «Көлащы». Судың ортасы шұрқылдап қайнап жатыр — бұлақтың көзі. Су жай жықпылымен ағып, тау бөктерін қуалап, Шамалғанға құятын көрінеді. Біздің бұл әдемі көлді көргендегі ойымыз — көзін тазаласа, қандай ғажап көл. Председатель де соны ойлап тұр екен, ол бізге:

— Келесі жылы осы арадан колхоздың демалыс үйін саламыз, сәті түссе! — деді.

Шынында қандай жақсы ой: Жұмаділ бұл ойын іске асырса — колхоз табысқа жетуі мүмкін. Қатардағы колхоздар да кісі жібермей ме демалыс күні? Мәселе соны дұрыс ұйымдастыра білуде ғой...

Біз сиыр фермасына келсек — жаңадан салынған үлкен сиыр қора. Анадая жерде төбесі жабылған бұзау қора. —

Сиыр баяғыдай далада жайылмайды, жатып жейді. Төре! — деді Жұмаділ салмақпен.

Біз күлдік. Айтса айтқандай, асты-үсті тақтайланған биік, жарық қорада дөңкиіп, күйсеп жатқан сиырлар. Іші сап-салқын.

Бұрын жем жейтін астауды екі қатар етіп салушы еді, енді төрт қатар. Өзіміз кіргізген жаңалық. Көп сиыр сияды! — дейді ол. Дұрыс та болар — 50 шақты сиыр секцияда байлаулы тұр.

— Бұл көп сиырларды қаладан сатып әкелдік. Жеке адамдардың малы — кәзір колхозға сатып жатыр. Бізге жақсы болды, — Жұмаділ емшегі астаудай көк сиырдың жонынан сипап.

Қорасына қарай жемі де қамтамасыз етіліпті. Шөп сүрлейтін қамбаны екі жерден қазып бітіріпті. Бірін жауып бітіріпті де, сыртын балшықпен сылап тастапты — үлкен койма. Екінші қамбаны ұсақ-ұсақ туралған жүтерімен толтырып, жалпақ болып жатыр екен. Қамба басы толған жас балалар — құрылыс техникумының оқушылары. Қамбаны қазып бітірісімен, оқуына қайтпақ.

Председатель балаларға ырза: адал, таза еңбек сіңіріп, көп көмек беріпті. Бригадир — селебе мұрт, торсықтай қызыл бет мосқал адам, маң-маң басып бізге жақын келді. Көңді жәй: малдың қысқы тамағы бар — 1400 сиырды асырау оңай емес шығар.

— Кеше аупартком секретары келіп кетті. Ырза! — деді ол Дүйсековке.

Бригадир Сатыбаев колхоз орнағаннан бері еңбек сіңіруде. Бұрын өзі де колхоз председателі болыпты. Бірақ, Дүйсеков Жұмаділге ден қояды екен. Оның істі білетініне дау жоқ. Кеше секретарьға да соны айтты.

— Мына сауыншылар отырған үйді де биыл салдыңдар ма? — дедік біреуіміз.

— Өткен қыста. Сыртынан белгілі емес пе? Тап-таза, жарык бөлме. Бірақ бригадирге бөлек керек екен — ол тілегін де айтып үлгірді. Онысы дұрыс та. «Енбек еткен адамның жақсы тұрмысқа хақысы бар!» деп біз іштей қоштап, председателге қарадық.

Жұмаділ ойлана көзін бір төңкеріп:

— Береміз! — деді.

Тағы қандай құрылыс бар?

Біз кейін тарттық. Колхоз орталығын басып, «Қожайға» келдік.

Көкмайса. Дөңгелек көлдің жиегінде үлкен ақ үй, жаңа ғана бітіпті. Бұл — құс фермасы. Қораның іші айқыш-ұйқыш тауық өресі. Күндіз жоғары көтеріп, кеш төмен түсіретін тоспасы бар, олай, күндіз жинауға бөгет жасамас үшін жасалыпты. Жақында тауықтар жаңа мекеніне көшіп келмек. Кәзір көл бетінде қыбырлаған қаз. Олар құс қорасы салына бастағаннан бері осында екен. Кішкене аралда қаңкылдаған қаздар. Кәзірде екі мың құс бар. Келесі жылы — 5 мыңға бармақ.

— Мұнда ең ұтымды бағалы құс — күркетауық. Біз білмейді екенбіз. Сойсаң біреуінен бір пұтқа дейін ет түседі. Өздері дәл қой сияқты өрістен жайылады 8 шақырым жерге айдап жаюға болатын көрінеді! — деді Жұмаділ.

Бұл кезде күн төмен еңкейген еді. Тымық. Табиғат мүлгіп тұр. Алатау сағымға буалдырланып алыстап кетіпті. Өркеш-өркеш ақ бас шыңы аспанмен тілдеседі.

Жұмаділ қолымен көрсетіп:

— Анау сайдың бауырында асық атып, жалаңаяқ көбелек қуғанмын. Бұл менің туған жерім. Осы күнге дейін (қорамыздың орны да бар! — деді табиғаттың әдемі көрінісі жастығын еске түсіргендей.

Жөнді мектеп те көрмепті. Бірақ, өзі талаптанып бірнеше курстарда оқып, білімін толықтырып алса керекті, 10-класс аумағында білімі бар. Бұдан бұрын аудан көлемінде түрлі жауапты қызметтерде болыпты — аупартком секретары да болып істепті. Партия ең жақсы іскер коммунистерді колхозға аттандырғанда, өзі тіленіп, туған колхозына барыпты. Жұмаділді бала кезден білетін шалдар да бар — әлі де, баяғы қарадомалақ, жалаңаяқ Жұмаш көреді. Кейде көңілдеріне жақпаса кейіп те алатын сияқты.

Жұмаш олардың мінезін біледі — олар жек көріп, не болмаса басынып ұрыспайды — әдет, өзімсінеді. «Өй,

жүгермек келгір, жайып текеметті жайып, үстінен балшық аяғымен жүруін қарашы» — деп, таяғын лақтыратыны есіне түсетін де болар. Ол шалдар кәзір жұмыс істемейді. Оның бірі — Жауқашбайдың Атығайы, 70 жаста, бір кезде Тоқаш Бокинмен табақтас болған көрінеді.

— Осы бала келгеннен бері колхоз дұрысталды ғой, шырақтарым. Өмірі ұзақ болсын! — Атығай бурыл қаба сақалын қолымен қаусыра ұстап, салмақпен сөйледі. — Мен жұмыс істемеймін. Балаларымның істегені жетеді. Биыл әзірше әр еңбекке 4 килограммнан астық, 5 сом ақшалай алдық. Әлі есеп біткен жоқ. Жыл аяғында бұдан да арттырар. Кәзір бір жарым тонна астық үйдік... Я, шырақтарым, кәзір баяғы біздің қолмен тырбанатын заман емес қой — машинаның тілін білгесін еңбек те оңайланды.

Біз Атығай шалдан шыққасын кеңседегі Жұмаділді тауып алып, қош айтыстық.

— Екі жылда көп еңбек сіңіріпсің, жолың құтты болсын! — дедік, үлкен қара қолын қысып. — Құрылыс ісі ерекше көзге түседі... — Көзіміз көкжасыл бәйтерек, қарағаш арасынан көрінген көк, қызыл шатырлы ақ үйлерде. Бұлар колхозшылардың өздерінің салған үйлері — бәрі де соңғы екі жылғы еңбек.

Ғажап. Колхоз аулы баяғы жыбырлаған қараша үйлер, жерден қазған «баспана» емес. Жаңа ауыл — көше-көше болған шатырлы үйлер. Терезелерінен электр шамы жарқырайды.

— Бірақ, Жұмеке, сіз бір іске көңіл қоймай жүріпсіз: сіздің колхоз 5-6 ауыл. Соларға кітап тарататын бір шал бөліп, астына ана құтыла алмай жүрген есектің бірін беріп, қоржынға кітап толтырып, колхозшыларға қазақ кітабын таратсаң қайтер еді? Мол дәулет пен тоқ тұрмысқа сай — мәдениет те болу керек емес пе? — деді аттанарда.

Жұмаділ күлді.

— О да дұрыс! Мәдениетті де үй сияқты құрмаса болмайды ғой!...

Біз оның қолын қатты қыстық.

ТУҒАН ЖЕР ТОЛҒАНТАДЫ

ТАБИҒАТ дегеніңіз керемет суреткер ғой.

Қазақ халқы Арқа атайтын Орталық Қазақстанда шебер адам қатты ойланып отырып қолмен орнатқандай тамаша жерлер бар. Ұшы-қиырына көз жетпейтін түйе өркеш таулар, таудың тас төбесінде, тостағанға құйған зәмзәм суындай мөп-мөлдір көлдер, ит тұмсығы батпайтын қалың орман.... Бурабай, Қарқаралы, Баянауыл, Ереймен...

Олардың барлығына ортақ белгілері болғанмен, біріне-бірі мүлде ұқсамайды.

Баянауыл тауларының ішіндегі Найзатас шыңы аспанға атылғалы тұрған ракета сияқтанып көрінеді. Оның ұшар басында көл бар. Бұл маңайда көрген жанды таң қалдыратын көл бұл ғана емес — Сабындыкөл, Торайғыр көлі... бұлардың барлығы да тау-тастан жарып шыққан сансыз көп бұлақтан сусындайды. Бұлақтардың аттарын да ақын адам қойғандай: Айманбұлақ, Мойылбұлақ, Қайыңдыбұлақ, Егіндібұлақ...

Әсіресе, Керегетасты айтсаңызшы! Тау ішіне кірсеңіз, жан-жағыңыздан төніп тұрған жақпар тас: біреуі — аузын сізге қаратып қойған зеңбірек сияқты, енді біреуі атылайын деп тұрған арыстан... Осы арада туып өскен қарттардың сөзіне қарағанда, ертеде түнгі жолаушы тау ішіндегі жолмен жүруге қорқып, айналып өтеді екен.

Тау іші шынында да қауіпсіз емес, қабан дейсіз бе, арқар дейсіз бе, түлкі мен қасқыр, аю мен сілеусін дейсіз бе, күні бүгінге дейін жортып жүреді. Ержүрек жігіттер бұлармен талай рет шайқасқан.

Осы алдыңғы жылы Жұман дейтін шопан жігіт тұтқиылдан тап берген сілеусінмен алыса түсіпті. Жүрегі қобалжып сескенген шығар дейсіз бе? Жо-жоқ. Қынындағы қанжарын суырып алады да, сілеусінді «қақ жүректің басы деп, өлер жерің осы» деп періп қалып, жайратады да тастайды. Жұманның ерлігі «Социалистік Қазақстанға» жазылды.

Баянауыл ауданының жері ұшан-теңіз. Батысында: Қарағанды, Ақмола, оңтүстігі мен шығысынан Семей,

солтүстігінен Павлодар облысының төрт ауданымен шектесетін бұл ауданның жері бүкіл Франция жерімен бірдей.

Баянауыл маңы — нағыз мал өсіретін өңір. 1928 жылғы санақ бойынша осы ауданда жарты жылдан астам орай болған ауыл төңірегін зерттеп қайтқан экспедиция бұл өңірде астық егетін жер қадау-қадау ғана екен деп қорытынды жасапты.

Бірақ Қазақстанда тың жерлерді игеру басталған кезде, бұл сияқты игі жұмысты басқарған кей қызметкерлер ауданның осындай ерекшелігін ескермеді, шаруа көзімен қарамай, айғайы көп науқанға айналдырып жіберді. Сөйтіп егін шықпайтын тау-тасты, ащылы бұйратты жырта берді. Оның үстіне жерді өңдеу, химиямен тыңайту дегенді ешкім ескермеді. Осының салдарынан астық та алынбады, мал азығы да азайып кетті.

«Жазушы» баспасы осы жақын арада басып шығарған «Сенім» дейтін романимда мен осы жағдайды конфликт етіп алдым. Кейбір қызметкерлердің субъективтік басшылығына қарамастан, жас агрономның өзінің қызметін де, атағын да садақа қылып, жерді дұрыс пайдалану, оны эрозиядан сақтау жолындағы күресін көрсеттім.

Мұндай фактілер, шынында, болған. Баянауыл совхозының бұрынғы агрономы, қазіргі аспирант Зайрулла Дүйсенов Баянауыл тауларында егін егу туралы облыстың жоспарын орындамағаны үшін орнынан алынып, сотқа берілген. Ал, жоспар жергілікті жағдаймен санаспай, жоғарыда жасалыпты.

Ақырында аудан өзінің бұрынғы мал өсірушілік бағытынан айырылып, егін егетін болды да, гектарынан... 3-5 центнерден өнім алатын болды. Қой шаруашылығы сияқты аса маңызды саланы ұмытқандық сондай, 1961 жылы аудан бойынша әрбір жүз саулықтан 37 қозыдан алыпты.

КПСС Орталық Комитетінің март Пленумы бұл қателікті түзетуге жол ашты.

Ауданның өзінің бұрынғы мал шаруашылығы басым. Ауданда жайылым, әсіресе қой өсіруге қолайлы жерлер өте көп. Өмір бойы малмен көзін ашып келе жатқан, мал жайын жетік білетін адамдар да көп. Октябрдің 40-жылдығы

атындағы совхоз шопаны Кәмешев бүкіл облысқа әйгілі. Ол туралы мен 1963 жылы «Сельская жизнь» газетіне мақала жазған болатынмын. Ол жыл сайын жүз саулықтан 125-130 қозы алады.

«Ақшимаң» совхозындағы Азнабаев, «Жосалы» совхозындағы Басуов ата-бабасынан бері шопан адамдар. Олардың еңбегі орасан зор да қиын, бірақ осы күнге дейін сол адамдардың сөзін ешкім онша тыңдамайды, айтқандары орындалмайды. Олармен сөйлесе кетсең, ең алдымен қазақтың құйрықты қойының тұқымы дегенді айтады олар.

Міне, облыс пен республика басшыларының ойланатын мәселесі осы болса керек.

СОҢҒЫ алты жылда туып-өскен ауданымда үш рет болдым. Барған сайын мені қатты ойландыратын — аудан орталығы. Аудан, мейлі, мал өсіретін болсын, мейлі, егін салатын болсын — аудан орталықтарын қолға алу керек.

Бұл жалғыз Баянауыл емес, Орталық Қазақстанның көптеген аудан орталықтарына тән жағдай.

Аудан орталығы тың игерумен байланысты жаңадан орнаған болса, ол бір басқа — көшелері асфальт, жасыл желекке бөленген, үйлері зәулім — қазіргі заманғы шағын қала. Ал ертеден келе жатқан аудан орталықтары — атам заманғы қалпында, сол ескі үйлер, ойылып жатқан көшелер, бұрқыраған шаң, аяқ алғызбайтын батпақ...

Баянауыл станциясы XIX ғасырдағы алғашқы жартысында салынған. Ол кезде мұнда орыстар мен қазақтар мекендеген. Атақты сағатшы Сорокин деген орыс қазақтарға сағатты пайдалануды үйреткен, бұл туралы Мәшһүр-Жүсіп Көпеев Омбыда шығатын «Дала уалаяты» газетіне мақала жазып, қазақтарды Сорокиннен үлгі алуға шақырған.

Сөйткен аудан орталығында ешбір жаңару жоқ. Неге?

Неге десеңіз, аудан орталығының қамын ойлайтын адам аз. Аудан орталығында болған «Баянауыл» совхозының күшімен тұрғын үйді, мектепті көбейту керек еді. Бірақ не керек, аудан басшылары совхоз орталығын одан сайын далаға көшіріп жіберді. Сол араға апарып 2-3 қабат үйлер салып жатыр.

Онанда құрылысты көлдің жиегінде тұрған аудан орталығында күшейту керек еді ғой.

Аудан орталығында 20 шамалы «электр станциясы» бар бола тұрсада, селода жарық жоқ. Ал кейбіреулердің өз меншігінде «электр станциясы» бар.

Бәрінен де сүреңсізі — жолдары. Таст төсеудеген, асфальттау деген жоқ, шаң, тозаң, батпақ, аяқ алып жүргісіз. Жаңа салынған аудан орталықтары. Баянауылдан жеті километр жерде тағы бір керемет көркем жер бар. Ол — Жасыбай көлі. Асудан асып түсесіз, тау ішіндегі ирелендеген жол сізді Екібастұз бен Майқайыңның демалыс үйлеріне алып барады. «Жасыбай» көлінің суында родон бар. Ал, аудан орталығы мен демалыс үйлерінің арасындағы жол «қияметтің қыл көпірінен» қиын, аяқ алып жүре алмайсыз.

Бір кезде қазақ мәдениетінің әйгілі орталықтарының бірі болған Баянауыл қазір мүшкіл халде.

Сол әбден дұрыс. Таудың ағашын шауып құрту дегенді түбімен құрту керек. Ағашты құртып жатқан тағы бір себеп — өрт. Өрт тау кезген жалғыз-жарым туристерден кететін көрінеді... *(Осы араға келгенде Зейін марқұмның қаламы қолынан түсіп кетіпті).*

ДӘСТҮРДІҢ ТОЗЫҒЫ БАР, ОЗЫҒЫ БАР

(Ауыл интеллигенциясына хат)

Ардақты жолдастар! Өткен жылы мен Павлодар, Целиноград облыстарында болып, ұзақ уақыт қол үзіп кеткен елді араладым, ел арасындағы таңғажайып өзгерістерді көзбен көріп, ауылдың тұрмыс, мәдениетімен таныстым. Мыңнан астам километр жер жүріп, жаңа салынған қалаларға, жаңа құрылған совхоз орталықтарына қызыға, таңырқай қарап қуанған кезім аз болған жоқ. Павлодар — баяғы менің бала күнімдегі мұқыл ағаш үйді, құм көшелі, құлаққа ұрған танадай тыныш жататын Павлодарға ұқсамайды. Қала дамып өскен, үш төрт қабат ақ үйлер. Оқтай түзу зәулім көшелерге асфальт салынып, ағаш еккен, қыбырлаған халық, ерсілі-қарсылы ағылған машиналар...

Бұрын пароммен Ертістің арғы қабағына өтіп, жексенбі күндері ағаш арасында дем алатын алтыншы ауыл — Ермак (Қызылшырпы) бүгінде үлкен өндірістің орталығы. Ферросплав заводы, Ертіс — Қарағанды каналы, ГРЭС-далаға жаңа сән, рух әкелгендей, аз-кем тыныс алып, құлақ тіксең, тасқын судың лебіндей жаңа өмірдің екпінін сезінесің... Ермак сияқты жаңа қала Павлодар мен Целиноград арасындағы кең байтақ далада бірнешеу. Бұрынғы ағылшын салып кеткен «Ақ шахта», «Қара шахтасы» бар күйкі тірлікті Екібас емес, бүгінде Қарағанды алыбының егіз өндіріс орталығы — жаңа Екібастұз. Қаланың көлемі де, көркі де басқа. Сол сияқты, Баян тауының баурындағы Майқайың, Ереймен тауының етегіндегі — Ереймен қалалары бұрын мен көрмеген жаңа қалалар.

Ертіс — Қарағанды каналы қазылып жатқан құрылыс жолында Қалқаман дейтін ертеңгі қаланың іргесін де көрдім.

Ереймен тауынан ағып Ақкөлге құятын Өлеңті өзенінің бойы толған жаңа совхоздар, соның бірі — Сарқамыс, Өлеңті тәрізді совхоз орталықтарымен қатар Баянауыл сияқты ертеден келе жатқан мәдениет ошағында да болып, көп сырға қандым. Осынша көп жерді аралап, алуан түрлі өзгерісті көрсем де, әсіресе таң қалған бір жайым: ауыл интеллигенциясының

қалыптасып, алдыңғы саптағы топқа айналуы, жалпы халық санасының өсуі болды. Жаңа ұғымы, ой-қиялы, сөз саптасы бар жаңа адамдар әрбір ауылдан алдымнан шықты да отырды.

Цюрупа ауданы Абай атындағы колхоздың председателі Әйткен Қайырбаев толықша келген қара торы жігіт, баяғы «Темірқазық» повесіндегі Нұржанға ұқсамады, жаңа бір қырымен байқалды.

1953 жылдан председатель болса әлі де жүнін жықпаған іскер де, ойлы азамат. Мінезі де биязы, ақылына іскер тұлғасы, тұлғасына киімі сай, бүгінгі өмірдің биік өресіне тең адам. Адам — еңбекте сыналады. Әйткені, 1953 жылы бір машинасы болмаған кедей колхозды, қазір миллионер колхоздың қатарына жеткізген. Ермак ауданына қарайтын Сарқамыс совхозының директоры Мәжит Жамалов та сөйлесе сөз табатын, істесе қолынан келетін мәдениетті директордың бірі. Өткен жылы Ермак ауданында астықты көп те, жұрттан бұрын да тапсырған сол Сарқамыс совхозы.

Осыларға өкшелес өскен бір қыдыру жастармен және таныстым. Баянауыл совхозында бүкіл техника тетігін қолына ұстап, совхоз өндірісін басқарып жүргендер кеше ғана, Алматының ауылшаруашылық институтын бітірген жас мамандар екен. Ауылға жаңа мәдениет, жаңа леп әкелген осындай жастарды көріп сүйсіндім де. Бұлар 30-жылдан кейін туған жастар, бүгінгі ауыл интеллигенциясының ұйтқысы.

Бұл сияқты жастар Тың өлкесінде бір қыдыру, бүгінгі қазақ ауылында коммунизм құруда алдыңғы шепте жүргендер, ертеңгі коммунизмді көретін де осылар. Әр заманның өзінің өлшеуі де, кемелі де бар. Бүгінгі біздің замандастардың ісін тек еңбегімен бағалап, кемеліне жетті деуге болмайды. Бұл бір өлшеу. Бүгінгі жаңа өмір құрушылар еңбекқор болумен қатар мәдениеттің жоғары сатысында тұруға да міндетті. Ауылдағы жаңа өмір құруда үлгі болып, алға бастайтын да соңынан қалың бұқараны ертетін шамшырақтары да осылар. Осы тұрғыдан келіп мен олардың мәдениет, тұрмыс жағымен жете таныстым. Қайсысын алсаң да жақсы тұрмыс құрып алған. Жаңаша тұрады. Үйлерінің іші жасауға да толы. Жасау

болғанда бірінің үстіне бірін қалап қойған көрпе мен жастық емес, төсек-орын, стол, орындық, радио — міне, осы сияқты адам өміріне ең қажетті заттар. Қала тұрғындарының үй-тұрмысының ешбір айырмасы жоқ. Тамақты биік столда ішеді екен. Овощтан жасалатын түрлі салат, винегрет тәрізді сіңімді де жеңіл тағамдармен стол үстін толтырып қойған.

Бірақ осындай жетістік, өскендікпен қатар ел тұрмысында, мәдениетінде әлі де ерекше көзге түсетін талай жайсыздық, жиіркеніш қылықтар, баяғы атам-замандағы әдет-ғұрыптар әлі де бар екен. Ауылда әлі күнге асты қолмен жейді, қолды шая салып табақтың басына үймелеп отыра қалады. Әрқайсының қолындағы кірі езіліп, табаққа ағып жатады, ол тұздықпен араласып, ішке кетіп жатады. Қол сүртетін орамал — сулық, майлық, келін салақ болса, бес баттам кір қалпында алдыңа келеді. Табақты дөңгелек тапал столға қойса шай ішетін кесе, шайға құятын сүт төмен, жерде тұрады. Дастарқан басына шақырғандар үстіндегі шаң-тозаңын түсіре-мүсіре ыдыстан аттап, өтіп жатады.

Соңғы жылдары Қазақстанда, қазақтар арасында, туберкулез ауруы жиі білініп жүр. Оның басты себебі: тазалықтың кемістігінен, бұған ешбір дау айтудың қажеті де жоқ. Туберкулез ауруы айлакер, өте қауыпты жаудың бірі. Әсіресе, тазалық жоқ жерде аңдып тұрады, майлы күйедей жағады. Көпке дейін өзінің ауру екенін білмей жүретін де адамдар болады, «ежелгі көк жөтел ғой» деп жүріп, бір кісі бүкіл бір ауылды ауыртып, түгелдей жұқтыруы мүмкін. Қолда, тырнақтың астында миллиондаған туберкулездің құрты ұялауы айқын нәрсе. Осыны неге ұқпаймыз?

Ауылда осы күнге дейін жерде жатады, крауатқа ұйықтау, столға отыру дегенді елемейді. Әлде жерде жататын адамның тез ауыратынын білмей ме екен? Астынан сыз бір өтсе, қыста кіріп-шығып жүргенде есіктен саулаған суық салып отырып жерде отырған кісіге тиеді. Ауылдағы жандардың «шаншу қадалды, ой белім-айы» міне, көбіне, осыдан.

Жерде отырудың екінші зияндығы жағы тағы бар. Жерде тазалық аз болады. Үйге келген адам аяқ киімін шешпейді, сол

кір-кір етігімен кілем, алаша үстіне отыра кетеді. Аяқпен еріп келген түрлі микроб (құрт) кілемде қалады да, кешке жатқанда оны үй иесі, бала-шағасы ауамен бірге жұтады. Міне, аурудың жұғу жолы осылай!

Дүние жүзінің мәдениетті халықтары жерге отырып, қолмен ас ішпейді, сонда олардың әдет-ғұрпы басқа болғандықтан емес, жерде отырудың зиян екенін білген. Бір кезде олар да жерге отырып, қолмен тамақ жеген. Бірақ олар осы дәуірді басынан ертерек кешкен. Ауыл тұрмысындағы осы бір жұртқа мәлім, әркімнің көкейінде жүрген жиіркенішті қылықты бүгін ашық та қатты айтуға тура келеді. Ауылда қызмет істеп жүрген дәрігерлер, мұғалімдер, агрономдар ескі әдет-салтқа қарсы күрес ашады десек, солардың бірсыпырасы ауыл ықпалынан асалмай қалған көрінеді. Кейбірі өзінің үй тұрмысын да солардың салтына көшіріп, жерде отырып, қолымен тамақ ішеді. Мұның қалай? — деп сұрасам, «әдет қой!» деп күледі. Енді біреулері: «Шал мен кемпір отыра алмайды, қайтеміз оларды ренжітіп!» — дейді. Немесе, кейбіріміз елге шыққанда ақыл айтып түсіндірудің орнына, ұялтып бетіне басудың орнына сағынып келгендей жерге құлай кетіп, қолды салып жіберіп, рахаттана тамақ ішеміз. Бұл қалай жолдастар? Ауыл дәстүрі осы қалпымен кете бармақ па? Неге түзеуге атсалыспаймыз? Әсіресе, ауылдық жерде қызмет істеп жүрген дәрігерлер, мұғалімдер, агрономдар мен зоотехниктер, ескі салтпен күресетін сендер емес пе едіңдер!

Революциядан бұрын орыс деревнясында қызмет істеген «Земские врачи» дегендерді естулерің бар шығар. Солар не істеген еді: орыс деревнясын жағалай жаяу қыдырып, ауру-сырқауды ақысыз емдеуге болатын. Тазалық жайында түсінік беріп, қарапайым халықтың көзін аша білген, олардың да сондай бір жақсы істерін еске алған, тіпті үйренген жөн.

Мынадай бір мысал: Бала күнімде (ұмытпасам, 4-класта оқып жүрген кезім) Арын Сүлейменов дейтін дәрігермен кездесіп қалып, бір түн бірге түнедім. Осы кісі жанында жатқан маған көп ақыл үйретті.

«Сол жағыңмен жатпа, ол жақта адамның жүрегі бар, басып тастайсың». «Үстіңе қалың жамылма, бастығырылып, жаман ұйықтайсың!» «Астыңа мамық төсеме, бір келкі жерге ұйықта!» деген кеңесін әлі күнге ұмытпаймын. Бір көрген жолаушы балаға ерінбей, түні бойы ақыл айту қарлығаштай, бір тамшы болса да, себебі тие берсін деген үлкен жүректен, адал ниеттен туғаны сөзсіз! Осы Арын сияқты ауылға барып, адал еңбек ету, ескі әдет-салтпен күресу, жаңа өмір құрысу әр дәрігердің, мұғалімнің бірінші міндеті ғой. Ел аралап жүріп бір ойыма түйгенім: медицина институтын бітірген қазақ жастары елге барып, еңбек сіңірудің орнына, көбіне, қалалық жерде қалуға тырысатын сияқты.

Денсаулық сақтау министрлігі болсын, облыстық денсаулық сақтау бөлімдері болсын, қазақ ауылына дәрігерлер жіберіп, солардың жемісті еңбек істеуін қадағаламайтын көрінеді.

Ереймен ауданындағы Өлеңті совхозының бөлімшесі Ажыдада фельдшерлер бір тұрақтамай-ақ қойыпты, екі жылда 4 фельдшер ауысқан.

Осы Ажыдада тағы бір жүрек шошынатын сорақылықты айтты колхозшылар. Бегім Ақажановтың әйелі көзінен «ұшынып» молдаға барады. Ол «ұшықтаймын» деп бәкісін көзіне тығып алып, су қараңғы қылып шығарып жіберген. Ажыдадан 20 шақырым жерде Төртқұдық руднигі бар. Сол Төртқұдықтағы емхананың басты дәрігерлері – қазақ жігіттері. Осыны естігенде, солардың ары қалай шыдайды екен?

Кәне, жолдас дәрігерлер, осындай қараңғылыққа төзіп отыруға бола ма? Алматы, Қарағанды, Семей, Ақтөбенің медицина институттарын биылғы жылы бітіретін жастар не айтар екен бұл туралы? Ертең институтты бітірісімен қалада қалуға тырысар ма екен, ар-ұжданы не дер екен олардың?

Ауыл мәдениетін көркейту, ескі салтпен күресу жалғыз ғана дәрігерлердің ісі ме? Әрине, олай десек тар шеңберде түсініп, үстірт айтқан болар едік.

Ең алдымен, ауылдағы мәдени-ағарту орындарының өзекті де табанды ісі емес пе бұл? Клуб, кітапхана, ойын-сауық үйірмелері ат салыспаушы ма еді?

Көп жерлерде клубтар тек фильмдер көрсетумен ғана тынады. Клубта істейтін азаматтардың одан артыққа бейімі де шамалы. Жұртты тартып, еліктіріп, түрлі үйірмелер құру, сол арқылы сахнадан ескі салт-әдетпен күресуге дайын тұрған клуб меңгерушілерін көргеміз жоқ. Олар өзінің жан тыныштығын қадір тұтатын көрінеді. Баянауыл сияқты бұрыннан келе жатқан мәдениет ошағының аудандық клубында ойын-сауық үйірмесінің болмауы қынжыларлық жайт. Бұл туралы ақын Қалижан Бекхожин өткен жылы әдейі арнап мақалада жазып, реніште білдіргенді. Бірақ, не керек, оған құлақ аспаған сияқты аудан басшылары.

Кітапханаларды алсақ, оларда да мардымды іс көзге түсе қоймайды. Көп жерде кітапхана ашық, күніне бірлі-жарым адам газет қарап, кітап алады, болмаса ол да жоқ. Бір-екі сағат отырған соң кітапханашы қара құлыпты іле салып, өз жайымен кете барады. Халықты тарту, ұйымдастыру, кітап оқуға үйрету дегенге бара бермейді. Екібастұзға қарайтын Төртқұдық поселкесінде жап-жақсы кітапхана бар, бірақ кітап оқушы адамдар аз. Жұртты соған тарту, үйрету жағы көңілдегідей емес. Ал осы Төртқұдық жанындағы Ажыда кітапханасы бір жылдан аса жабық, Неге? — деп сұрасаң, кітапханашы Қайыржан Тұяқбаев баласының ауруына байланысты Алматыда жүретін көрінеді.

Осыған орай айта кету керек, елде кітап сату мәселесі өте нашар. Ауылдағы магазиндер кітап сатпайды, оны «өтпейтін зат» деп ұғады. Осы Ажыдада 1948 жылдан дүкенші болып Әшім Анафин істейді, сол 15 жылдың ішінде бір кітап сатпаған. Осы ауылдағы жас жігіттерден сұрасаң, бәрі бір ауыздан: «Сатып алар ек, әкелмейді!», — деп зар жылайды. Жылқышы Әш Байбосынов, тракторист Қанапия Әлдебеков, мұғалім Қалдыбай Бекешев: «Қазақ жазушыларының шығармалары, әттең, қолға түспейді, оқыр едік!... Анда-санда Павлодар, Целиноградқа барғандар әкеліп тұрады... Табыла қалса, қолдан-қолға түсірмей оқимыз», — дейді. Ал облыстық тұтынушылар одағы «қазақ ауылында кітап өтпейді» деген қисын тауып алып, көркем шығармаларға тираж бермейді.

Бұл, сөз жоқ ауыл өмірін білмегендік, кертартпалықтың бір түрі. Әрине, тың өлкесінің барлық жерінде мәдени-ағарту жұмысы ақсап жатыр деген ұғым тумасын, өнегелі де жемісті іс бастап, көзге түсіп жүрген аудан, колхоздар да аз емес.

Ермак ауданының орталығындағы клуб жанында халық театры, өзінің оркестрі бар. Бір келкі жас жұмыскерлер кешке жақын клубқа жиналып, концерт беріп, пьесалар қояды екен. Цюрупа ауданы, Абай атындағы колхоздың кітапханасында қазақ жазушыларының шығармаларын мұқабасы жыртылғанша оқығанын көзім көрді. Дегенмен, ауыл мәдениеті әлі де болса төмен, намысыңа тиетін, жүрек ауыртатын ескіліктің қалдықтары көп.

Мұғалімдер, ауыл мәдениетін көтеру сендердің де міндеттерің ғой. Бұл арада сендерге де қатал сын айту керек сияқты болады. Өйткені, өзгеге үлгі болу орнына, кейбір мұғалімдердің өздері сол ескіліктің шырмауынан шыға алмай қалған. Еркіншілік ауданында бір мұғалімнің үйін көріп, шошығаным бар: құжынаған шыбын, есіктен төрге дейін шашылған қиқым-сиқым, бір жағында былғанып, жылап жатқан жас бала, бір жағында улап-шулап, сепаратор тартып жатқан әйелдер. Дәл кіре беріс сенекте байлаулы тұрған бие мен құлын. Атын атамаймын, бірақ, ол мұғалім кейін ұялып, өз қатесін түзеді де. Әйтсе де, бұл сияқты артта қалған адамдардың әуеніне еріп кетушілік мұғалімдер арасында аз көрінбейді. Елде жаңалық бастайтын мұғалім емес пе еді? «Мұғалім — ауыл мәдениетінің революционері» деген ұғым менің басыма бала күнімнен сіңіскенді. Мұғалімге таңырқай, қызықтай, асқан құрметпен қараушы едік. Бұл, әрине, Ыбырай Алтынсарин, Спандияр Көбеев сияқты халқына еңбегін сіңірген мұғалімдердің тастап кеткен үлгісінен, үйреткен ақылынан, адал ниеттен, жақсы мінезінен туған ұғым.

Мұғалім деген қандай болушы еді, кәне, ойласайықшы, жолдастар! Ауылдағы ескіліктің шырмауынан қалай, қашан құтыламыз? Уақыт жеткен жоқ па? Өткен жылы, өздеріңе мәлім, украиннің диханшы әйелі Заглада, Ленинград жұмыскері Леонов егінші мен жұмысшының ар-намысы,

ұяты жайында хат жазған еді. Осы хат ауылдық жерде істеп жүрген дәрігер, мұғалім мамандарға ой салатын көп жайлы ұғындыратын хат еді. Ауыл интеллигенциясының ар-намысы, азаматтық борышы туралы біз де ойланайықшы, жолдастар!

Меніңше ауыл мәдениетін жоғары көтеру бір адамның қолынан келе қоймайды. Дәрігер, агрономдар, зоотехниктер, мұғалімдер, түрлі мәдени-ағарту саласында істейтін қызметкерлер болып бірігіп күш салса ғана еңбек жанады. Бұлармен қабат ауылдық жердегі комсомолецтер, пионерлер қол қанат болып, осы бастамаға бірге жұмылса, ескі салт қалай қарсы тұра алар екен? Совхоз директорлары өздері ғана мәдениетті тұрмай, қол астындағы колхозшы, жұмысшыларға ықпалын жүргізсе, ескі қалдықтардан тезірек арылар едік.

Алдымызда жарқырап коммунизм тұр. Коммунизмнің техникалық-материалдық негізін ойдағыдай құрып жатқанымызда, ауыл мәдениетінің кейбір жерде мұндай халде болуы лайықсыз-ақ көрініс.

Ойласайықшы, жолдастар.

РЕДАКЦИЯДАН:

Жазушы Зейін Шашкиннің ауыл интеллигенттеріне арналған бұл хатын жариялай отырып, «Қазақ әдебиеті» газетінің редакциясы бүгінгі қазақ ауылының осынау бір келелі мәселесі жөнінде дәрігерлер, мұғалімдер, мәдениет пен өнер адамдары, агрономдар мен зоотехниктер, партия, совет қызметкерлері үн қосар, пікірлері мен ұсыныстарын ортаға салар деп күтеді.

Қазақ әдебиеті, 1963 ж., 8 февраль

В ЗАЩИТУ КУРОРТА БОРОВОЕ

1965 г.

Курорт Боровое — щедрый дар природы, изумительно красивый уголок казахской земли — известен далеко за пределами нашей родины как первоклассная здравница, как одна из лучших кумысолечебниц.

Еще в 1939 году на всемирной выставке в Нью-Йорке, в составе советского павильона, он первым обратил на себя внимание знатоков и любителей природы как совершенство, как чудо красоты. Не зря курорт в обиходе называют «Советской Швейцарией». В самом деле, когда увидишь красоту природы Боровое, то невольно хочется воскликнуть: «Какая красота! Какая богатая фантазия у матери-природы!».

В просторе степей Центрального Казахстана на небольшом участке расположены подковообразные горы, а внутри — хвойный лес и изумрудно сверкающие озера, расположенные цепью: Щучье, Боровое, Чебачье, Карасье, Майбалык... И еще не изведенные, не названные горные озера, до которых трудно добраться.

Все эти горы, леса и озера созданы, выточены изумительным скульптором — природой, как, например, знаменитый «Ок-Жетпес» — гора на середине озера, загадочный каменный сфинкс, напоминающий то каменный силуэт коровы, то спящего богатыря со шлемом, то отдыхающего слона на вершине горы.

А воздух Борового чудесен и целебен. Известный профессор-курортолог П.И. Зарницын дал очень высокую оценку здешнему климату: «Воздух Борового умеренно разреженный и влажный, проносясь через пространства ковыльных степей, березовых и сосновых боров, над водными пространствами, фильтруется и насыщается ароматом трав и эфирными маслами хвои. Самые граниты, не давая пылевого распада, поддерживают чистоту воздуха. Такой воздух является залогом успешного врачевания легочных болезней».

Вот потому в 1910 году доктор медицины Емельянов открыл в Боровом первую санаторию. С тех пор прошло полвека. За это время Боровое стал одним из лучших курортов Советского Союза. На берегу озера Боровое расположены курорт Боровое с его санаториями, военный санаторий, дома отдыха и детский санаторий. На берегу озера Щучье — санаторий Бармашино, Щучинск и пионер-лагеря. На берегу чудесного озера Карасье построен дом отдыха Крайисполкома. В хвойном лесу на берегу реки Гремучей находится дом отдыха Воробьевка... Ежегодно тысячи и тысячи людей проходят через эти лечебницы.

В этих санаториях применяют не только климатические лечения, но и кумысолечения и грязелечения, лечения целебной водой, по своему химическому составу равняющейся «Есентуки 17», водой озера Май-Балык. «Май-Балык», как лечебная вода, благотворно влияет на работу желудочно-кишечного тракта, даже, по определению известного профессора бальнеолога М.Г. Курлова, «значительно сильнее проявляет свое лечебное действие, чем «Есентуки 17» на такие болезни, как гастрит, хронический холецистит». А из глауберовых озер «Ораз» и «Жарты сор» доставляются глауберовы соли для грязелечения, не уступающие по своему лечебному свойству грязелечению Саки.

Кумысолечебница в Боровом славится с давних пор по всему Советскому Союзу наравне с такими лечебницами, как Шафрановы, Аксаковы и Троицк. Целебное действие кумыса на легочных больных доказано работами известных советских ученых П.И. Зарницына, А.А. Лозинского, М.Г. Курлова.

В Боровом выросли и замечательные кадры врачей и специалистов по кумысолечению и грязевым ваннам. Больше десяти лет работают такие крупные специалисты по фтизиатрии, как Л.П. Ким, Ю.А. Даниловский, М.П. Киселев, Н.А. Колодзейчик, заслуженный изобретатель Казахской Республики Р.И. Иващенко, который очень много сделал для усовершенствования медицинского инструментария, мастер кумысодел А.Д. Вонаршенко. Это люди, отдающие все свои силы в дело лечения и развития курорта. Только в этом году

из Борового выписаны 140 вылечившихся туберкулезных больных. А сколько приезжающих на лечение и отдых, которые в течение сезона восстанавливают свои силы и работоспособность! Курорт Боровое — крупная здравница на территории Казахстана, незаменимое место для отдыха и лечения.

Я был в Боровом девять лет назад. Вот недавно еще раз побывал здесь, обстоятельно познакомился с состоянием курорта, которое, к сожалению, на этот раз произвело на меня удручающее впечатление. Никакого развития — все в том же положении, как и девять лет назад. За эти годы на целине выросли новые города, села, стали неузнаваемыми Алма-Ата, Караганда, Целиноград, даже районный городишко Щучинск. А в Боровом — никакого строительства. Лет восемь пытались возвести трехэтажный хирургический корпус, в итоге все строительные работы заморожены, корпус заброшен. Нет ни канализации, ни водопровода. Те же старые ветхие корпуса.

Когда-то при курорте были свои овощные хозяйства и кумысные косяки. Теперь их у курорта отобрали и передали в близлежащие совхозы. От этого курорт только проиграл. Совхоз стал по дорогим ценам продавать овощи, и то в недостаточном количестве и только в конце августа. А раньше, когда было свое хозяйство, курорт уже с весны мог обеспечить себя необходимыми овощами. Кумысный косяк находится далеко от кумысной лаборатории, и потому больные получают некачественный кумыс, ибо в лабораторию из совхоза молоко привозят через семь часов, как правило, уже окисленным. И переработать такое молоко в кумыс не удастся.

Все это делается с ведома Крайисполкома, в ведение которому был передан курорт в 1961 году. Крайисполком, в лице товарища Мацкевича, крайне отрицательно настроен против развития курорта. А иначе чем объяснить тот факт, что Крайисполком запретил финансировать строительство курорта и возбудил ходатайства о выселении легочных больных из территории курорта с тем, чтобы превратить Боровое лишь в место отдыха. Эта тяжба тянется уже больше

двух лет, а между тем развитие курорта приостановлено. В чем дело? Почему так стремится руководство края вытеснить легочных больных из Борового на территорию дома отдыха Воробьевки? Для нас это абсолютно непонятно. Другое дело — упорядочить и выделить для терапевтических больных территории, отделить их от легочных.

Микроклимат Борового совершенно отличен от Воробьевки, хотя они расположены почти рядом друг с другом. Водная поверхность озера Боровое смягчает и увлажняет воздух степи. А, как, известно, щадящий воздух необходим для легочных больных, для пораженных бронхов.

Я считаю, что оставить Боровое в таком состоянии ни в коем случае нельзя. В связи с этим хочется высказать некоторые конкретные предложения.

Во-первых, Боровое надо снова передать в ведение Минздрава и Курортного управления, тем самым превратив его по-прежнему в курорт союзно-республиканского значения, поскольку Край не заинтересован в его развитии.

Во-вторых, вернуть курорту подсобные хозяйства, кумысные косяки и приусадебные огороды.

В-третьих, легочных больных объединить вокруг озера Боровое, а санаторий Бармашино следует превратить в терапевтический санаторий.

В-четвертых, надо перевести туберкулезный институт или его хирургическую клинику из Алма-Аты в Боровое, и там развивать легочную хирургию в санаторных условиях.

В-пятых, необходимо вернуть старые кадры опытных медиков обратно на работу Боровое — таких, как, например, Д.К. Кудрявцев, который ушел на пенсию, но тем не менее жаждет деятельности и готов отдать все свои силы делу развития курорта. Надо вернуть бывшего главного врача Щучинского санатория Каладзейчика. Странную позицию занимают в этом вопросе Крайздрав, сняв его незаслуженно с работы. А ведь он десятки лет возглавлял большой санаторий. Разбрасываться кадрами не очень-то выгодно для курорта.

Положение курорта Боровое нетерпимое. Нельзя его оставлять в таком состоянии. Боровое — единственный большой курорт для легочных больных на территории Казахстана. Ведь ехать на южный берег Крыма или Кавказское побережье Черного моря не всем показано и не всем под силу.

*Қазақтың халық медицинасының
ғылыми көкжиектері. — Алматы, 2003.*

Қадырлі іні-дос Зейін!

«Әнеукүні Есеттен сенің «Теміртауынды» ала кетіп, жақсылап, баптап оқып шықтым.

Романың маған ұнады. Және сәл ғана бір сонау емес, бүгінгі жоғымыздың бірін ала келе жатқан елеулі, салмақты табыс-ау деп ұнаттым. Әсіресе қадырлісі: Жаңа адамдары, бүгінгі қасымыздағы жаңа буын осы кітапта дәл құлақтың түбіне келіп, өздерінің сөйлеген, сезінгендерімен білініп танылып тұр. Өздері рас, анық, толық өнерлі өндіріс адамдары.

Тағы бір қасиет: осы адамдар көбі қазақтың жаңа жас қауымы; елдің ұлттық жүгін енді мойындарына алған мығым буын.

Бүгінгікүн, өндіріс ортасы осылай, дәл бүгінгі қалыптарымен, көрсетіле бастау — біздің әдебиет үшін үлкен тың табысты келіс. Тіл, стиль де соған орай өз жаңалықтарымен айқын тұр. Адамдарың жаңа теңеулер тілімен, тапқыр жаңалықтар сездіре сөйлейді. Бір шақта газетада бір үлкен үзіндісін оқып, көп ұнатып, үміттеніп қалғанымды Есетке айтқаным бар еді, — мынау тұтас еңбек түгел бойымен көңілге тілеуестік қуаныш әкелді. Ал тіл жайын айтуда менің кейбір сыным, талабым да бар. Көп жерде орыстарың қазақшалап сөйлеп жіберетіндері бар екен. Ал қазақтардың кейдегі сөйлемдерін орысша құрады. Ол әдейі істесе бір сәрі, орынды да. Бірақ кейде сенің салақтығың тәрізді кететін жерлер де бар екен.

Бұлар оқта-текте келетін байқалатын жайлар. Ал жалпы сөздерінде көп-көп жерде белгілі сөздерді де қолданбай, меніңше, жаңсақ, олақ қолданатының бар тәрізді. Осы жақ — менің ең көбірек байқаған мінім. Сондай сөздердің бәрін мен Есет кітабының бетінде сызып отырдым. Кейін өзіңе көрсетейін деп, көшіріп алып едім, — екі бет болды. Кейінгі басылуда өзгертуді керек ететін, даусыз дерлік оғаштықтар бар... Жеке сөз..., сөздікте...

Кей тұсында романда мәжілістер көбірек кетіпті, оның да түзетуді немесе басқаша жазуды керек ететіні бар.

Жалпы, мен Мұхаметжан сынына әбден қосыламын. Тек тіл кемшіліктерін аз көргенін айтар едім. Ал, Сахариевтің

«Битва в путиге» ұқсайды дегені орынсыз... Дәмеш ешбір Тина емес. Қайыр — Бахиров та емес. Олай десе, «Битваның» өзінен «Ағайынды Ершовтарға» ұқсастық бар деп тімтілуге де болар. Мынада ең қымбаты қазақ образдары, өз психология, логикасымен, өз іштері, істерімен өзіндік ұлттық жаңа ортада қалыптанған шындықты танымау, тосырқау — кем қойғанда үстірттік болар еді...

Сенің өнімді еңбегіңе шын тілектес үміткермін. Ілгері аса, баса бер.

Бірақ қатарында өзіндей ендігі әдебиет болашағы деп өзім түсінетін: Әбдіжәміл, Тахауи, Зейнолла, Сафуандар, Хамза барын ұмытпа, тек бағала, тілектес, қанаттас дос деп бағалай біл дер едім.

Мен операция тосудамын, 27 күні болмақшы. Қазақстан мерекесіне, бәрлеріңе адал жүрек қуанышын қосамын, достарға сәлем!

25 / VI — 1961 жыл. (Москва).

Мұхтар Әуезов

Зейін!

Өзің көріп жүрген тымау, кейінгі күндерде жолға жиналу, кейбір жиылыстар романыңды оқуға мұрша бермей, саған ұятты болып отырмын.

Қадағалап оқыған алғашқы 24 бетіне қарағанда, роман өте қызық басталған. Дәмештің, Қайыздың, Ораздың, екі Москва-лықтың, Құрыштайдың бейнелері оқушыны шу дегеннен-ақ қызықтырып, «енді не болар екен?» дегізеді. Стилистика жағын әлі де қарайтын боларсың, ондаған ляскустар бар сияқты. Ісіңнің, романыңның жемісті болуына тілектеспін.

Сапардан оралғанша баспаға беріп қоймасаң, романыңның қолжазбасын түгел оқып шығамын.

Сәлеммен, Сәбит Мұқанов

1960 ж., 6 апрель

Зеин!

Рукописіңді Андреевскаяға, Москваға келісімен ертеңіне бергенмін. Бүгін әдейі барып жинағыңның жайын білдім. Рецензияға беріп алыпты. Отзыв жақсы дейді. Менен беріп жіберген шығармаңды да сол кісіге рецензияға беріпті. Бүгін-ертең әкеліп береді деп отыр Наталья Михайловна.

Алдағы жылдың планы апрельде қаралатын көрінеді. «Соған дейін өзім оқып шығамын. Планға кіргіземіз!» дейді Наташа. Тегі, байланысыңды үзбегенің жөн сияқты (Наташамен).

«Дружба» журналына әлі бара алғаным жоқ. Таяуда барамын. Москва суық. 3-4 күн ауырып та қалдым. Содан қорғалақтай беремін.

Кузьмин «Доктор Дархановыңды» аударуға ықыласты. Бірақ, «Новый мир» қазақшасын бір қазаққа рецензияға беріпті. Ақтанов емес пе екен? Бүлік шығарып жүрмесе сол бұзық? — деп Кузьмин де мазасызданып жүр!

«Новый мир» басамыз деген пікірге келсе-ақ, Кузьмин: «Аударуға кірісемін!» — дейді.

Саулығың қалай! Сәлем! Біздің үйді, телефонмен болса да, амандығын біліп тұрыңдар! Өз жұмысым, демалуым, бәрі жақсы жүріп барады! Алматыда не жаңалық бар? Хат жаз!

Аман көрісейік!

Дихан Әбілев
1966 ж., 9 февраль

Қымбатты Зейін!

Сізді жоғарғы үкімет сыйлығымен құттықтай, қуанышыңызға ортақтығымды білдіремін. Біздің өскелең әдебиетімізге әлі де көптеген бағалы үлес қосар деген үміттемін.

Деніңіз сау болып, қарттық өмір сүріңіз.

Сәлеммен Ілияс Омаров

Қымбатты Зейін!

Романыңызды хатыңыздан кейінірек алдым. Емхана жағдайына байланысты себептермен созыңқырап жақында ғана бітірдім. Роман уақиғалары қызғылықты, тартымды, бұлшық еттері мығым. Сол дәуірге арналған шығармаларда сурет көп болып, уақиға аздау болып, кейде қоюынан сұйығы басымдау болып жататын еді. Сіздің романыңыздың бір зор қасиеті сол уақиғалар уақыт ішіне әрең сиғандай тырсылдай тұр. Нақ сол тарихи уақиғаға бай мезгілдің бейнесін береді. Екінші қасиеті — роман кейіпкерлерінің тіршілік өмірі, күресі сол зор қимылдармен кіндіктес болып, кейіпкерлік нұсқаларының уақиғалар арқылы өз қимылымен ашылып, таңбалануы. Романда жаңалық іздеу талабы мол сияқты. Соның бірі — внутренний монолог. Әрине бұл өте керекті зат. Бір кезде психологизм деген бір құбыжық шығып әдебиетті жер бауырлатып қырып, жүдегіңкіретіп тастаған еді. Кейінгі кезде психологиясыз көркем шығарма бағалы болмайтынына жұрт сенген сияқты. Әрине бұл адам жанына үңіліп, оның ескі-құсқы, ірік-шірігін іздеу емес, шығармадағы кейіпіне лайықты ой, пікір, қиял іздеу.

Романда дәл осы әдісті қолдануыңыз бағалы, керекті жаңадан келешектегі еңбектеріңізде өрбіте түсетін нәрсе. Романда маған әсіресе ұнаған образдар Тоқаш пен Бикен. Әрине Тоқаштың істерінде көптеген кедір-бұдырлықтар бар, бірақ сол кедір-бұдырлықтар Тоқаш сияқты ел қамын ойлағанмен үлкен революциялық мектеп өтпеген қазақ түлектеріне табиғи зат. Тоқаштың мықты ұстаған бір ғана нысанасы бар — ол еңбекті халықтың бостандығы үшін күресу, бұл жолда ол басын тауға да, тасқа да ұруы мүмкін. Тоқаш қимылдың, жігердің адамы. Кейде оның өткір өжеттігі жалаң қылыштыққа да сүйрей жөнеледі.

Романда кейіпкерлердің қасиетін кесек бермей, шашыранды беру бар екен. Меніңше бұл сіздің қолданған әдісіңіз өзін-өзі ақтаған сияқты. Адамның сыр-сипатын бір ғана жерде қалай тырысса да ешкім толық бере алмайды. Сіздің геройлардың

қасиетін сыншы бірер беттен іздей таба алмайды, тек қана романды оқып шыққан жан кейін олардың толық образын еске алуға болады. Сіздің адамдарыңыздың әр кездескенде бірер қасиеті ашылып, бірін-бірі қайталамай, толықтырып отырады. Бұл жақсы өріс, себебі адам әр жағдайда бір қалыпта тұра алмайды, оның ішінде, тасы да өзгереді. Образды дұрыс беру меніңше оны қозғалыста (в движении) беру деген сөз.

Романның тілін әлі де сұрыптай түскеніңіз дұрыс. Жалпы алғанда романның сөз қоры бай сияқты, бірақ сол сөздерді қолдануда, сөйлем құруда ептеген асығыстық бар сияқты. Кейбір сөйлемдер орысша ойланып, қазақша жазылған тәрізді көрінеді. Мүмкін бұл сіздің орысша жазып үйреніп қалғаныңыздың ықпалы болар. Бұл жөнінде менің өз басымның олақтығы деген сұмдық. Әрине, бидай жағдай сізде жоқ, дегенмен осы тіл жөнінде жалпы жұртшылық болып әлі де көп ойлану керек. Бір кезде диалект деген бір пәлеге сүйене отырып, біздің біраз ғалымдарымыз тіліміздің тынысын тарылтып, баспа сөздің нарқын кетіріп еді. Соның зардабы тілден әлі кетпей жүр.

Сіздердің шығармаларыңыздан тілдің жатық, шымыр болып, сөз қорының маржандай жарқылдаған жаңа сөздерге болған жұртшылық зор үмітпен күтеді. Романыңыз жөнінде қысқаша айтайын дегенім осылар еді. Кеңірек разборға кейінірек оралуға болар. Қысқасы романыңыз өткен қаһарлы, қиын дәуірдің революциялық рухын беретін, қанды күресте кек деген нәрсені таяздау түсініп, террорға кетіп қалу (Малышевты ату), заңсыздыққа кетіп қалу (Кәкішті ату) сыналған революционердің қаракеті емес. Бір еске алатын зат — Тоқаш істерінің осы сияқты асыра сілтеулерінің себебі көрініпкіремейді. Романға қайта бір айналғанда осы жағын ескергеніңіз жөн болар еді. Бұл Тоқашты қайшылықтан артық деген сөз емес, сол табиғи қайшылықтарда шебер дәлелдеу деген сөз.

Әйелдер образындағы күшті шыққан образ Бикен. Біздің әдебиетімізде бұл сияқты образдар кемде-кем. Адамшылық қасиетте, махаббатта, мейірбандықта, зұлымдықта нақ осы

қыздың басынан нық орын алған сияқты. Тек-қана кейінде есінен айрылуы ескі классикаға еліктеу сияқты көрініп қалды.

Мен бұл хатымды романға разбор жасаудан аулақпын. Оған уақытта, жағдайда көтерер емес. Сол себепті басқа образдарға тоқталғым келмейді. Қысқасын айтқанда шыққан образдарда, кемістеу образдарда бар сияқты.

Романдағы уақиғалар жөнінде бір ескерте кетейін дегенім төмендегілер еді: Біріншіден, біздің Қазақстан жағдайында 1916 жылғы көтерілістің, 1917 жылдан бастап революциялық салаға кетуінде көптеген табиғи заттар бар еді, соның барлығы айнала келіп тап жігіне соғады. Бұл жөнінде сәт пен жұмысты тайғақтатуыңыз келісті-ақ, дегенмен осы жағын әлі де тәлпіштей түскен тәуір болар еді. Еңбекші халықтың таптық күшін артып, шыңдай түссе көптеген уақиғалар дәлелге байып, қонымды болар еді. Кей кезде әлеуметтік күрестен гөрі, қызды қызғану көбірек кижіндіретін сияқты көріністер кездесіп қалады. Жалпы уақиғалардың мол, жаңа келісті екенін ертеректе айттым ғой. Мынау тек кейін романға қайталағанда есте болсын деп жатқаным ғой. Романның көркемдік жағын талқылау маған қиындау, дегенмен бірер ауыз пікір айта кеткім келеді.

Қаза болған халқымыздың ғазиз ұлы Тоқаш Бокинның бейнесін елестететін қадірлі шығарма. Әрине, мұндай кесек еңбектен бүрге іздеуге де болады, бірақ онан да ептеген шөгірі болса, авторына соны суыруға жәрдемдескен дұрысырақ емес пе? Осы нысанадан қарағанда айрылған әлеуметтік пікірлерді ескерте отырып, тұңғыш кесек, елеулі еңбегіңізге тағы да ептеп үңілгеніңіз дұрыс болар. Келешектегі талабыңыздың қайырлы болып, талантыңыздың бұдан былайда дами беруін шын жүректен тілеймін.

Туысқандық сәлеммен Ілияс Омаров
1959 ж., 15 март

*Жатып атар, данышпан ағамызға,
Жауап хатты шалғайдан жазамыз да.
Тірлікте әрлі-берлі болсақтағы,
Арғыннан Сіздей аға табамыз ба!*

Меніңше, Зеке, жаман ініңізді жазықсыз жазғырасыз. «Советский писатель» тұсында ол қалыс қалайын деген жоқ еді. Бірақ жайшылықта қылшылдаған кездегі буынсыз жерге ұрынатын болды.

Әр істің мәуірті бар екен. Декада кезінде, жағдай бір басқа еді. Ал, енді, табаны күректтей төрт дөкей рецензия жіберсе — олмаған үлкен қуаныш. Шығарманың кем-кетігін толықтырып, мінін түзетіп жіберіңіз. Содан кейін құнттап соңына түсуді алыстағы арыстаныңа жүкте (әй, қайдан арыстан болсын ол, біз білерде сарқынды бір ит еді ғой. Ит иттігін тастайды дейсіз бе?!).

Сіздің бұндағы аудармашыңыз роман жайында маған ләммим деген емес. Және өзі көрінбейді. Қолжазбаны қайтарып жібер. Генін, міне, бірінші рет естіп отырмын. Бір есептен сол жерде, өз жайлауыңызда оңалғаны да жөн. Автордан артық ақылшы жоқ аударушыға.

«Темірқазықты» маған бермеген. Бірақ кейін жақауратып пікір өткізбек болғанымда өз кісілерінің оқып шыққаны мәлім болды. «Тың шындығы біз күткендей қалың емес екен. Асығыстау туған дүние сияқты-ау» десті. Бұған да Бекежан кінәлі ма?

Жар дегенде жалғыз ақылшысы, сырлас, қастерлісі сіз түгіл Бекежан исі қазаққа жамандық тілемейді. Тіпті, өзіне қастандық қылмақ болған кейбір ішкі тар мансаптарға да қысым келгенде қол ұшын берген. Өзі ішкі пысып, зерігуде. «Нәпсінің сынған қайғысы» жазу жағына ауып бара жатқан сияқты.

«Аз ақша жайын» және жазыпсыз. «Екі есе ғылып аларсың» депсіз. Әй, осы менің астарлы әзілге олағым-ай!.

Біздің ауылдың адамдары тышқақ лағы жоғалса, соны іздеймін деп бір қыздың атын зорықтырып өлтіруші еді. Сол сияқты болғым келмейді. Шүйгініңізге құмартып бір лақ

барған екен, сұрап баруға ерінеміз. Қаласаңыз, босағаңызға «бақ» еткізіп, байлай саламыз.

Бұл бір әзіл ғой. Ал, шындығында, қысылмаңыз. Қол келгенде қайыарсыз. Бәрі онымен менің халім оңалмайды да, кемсірмейді де.

Ал, Зеке, хош тұрыңыз. Ардакер жеңгемізге дұғай сәлем айтыңыз.

Ең бір нәрлі қуаныш — Теміртау туралы роман жазып жатқаныңыз болды. Шалқитын бір кезең осы ғой. Тұла бойда бір шөкім артық ет жоқ, зар бабындағы жалау жүйрік секілді сілтеңіз.

Менің өзім де баяғы бір повесті айналдырумен келе жатырмын. Иншалла, осы көктемге шейін өткізетін секілдімін. Қазір басқа тіршілік қалды. Қол қалт етсе қағаз шимайлаймын. Бір-екі айға төтенше демалыс алғандай да ойым бар.

*Ваш Тәкен Алимкулов
1959 ж., 19 декабрь*

Құрметті Зейін!

Амандығыңа алыстан қанып қуанып жатырмыз. Мұнда бізде аман-есен жүріп жатырмыз. Үй іші тегіс аман. Ал Зейін, мына хатты ұсынушы Төлеу деген бала біздің шешейдің жақыны. Маған нағашы. Осы баланың журфакқа (КазГУ) түсемін ба деген ниеті бар. Аудандық газетте екі жыл қызмет істеген. Сондықтан сенен қатты сұрайтыным: осы баланың сол журфакқа түсуіне көмектес. Ол жағы сенің қолыңнан келіп жатыр. Егер өзің курортқа кететіндей болсаң Қабуды: өзіңе таныс жақын, достарыңның бірімен кезіктіріп, қайтсең де қатты тапсырып кет.

Өзі өлең жазады. Таланты бар бала. Жазғандарының біразы «Сона» газетінде, «Балдырғанда» басылып жүр.

Өзім баруға жұмыстан қол босайтын емес. Бар сенерім сен. Сен енді осы баланың басын қалайда сол журфакқа батыр. Бір істеген үлкен жақсылығың болсын.

Айтпақшы романыңның бірер жазуын «С.Қ». дан оқып көрдім. Бұл тарауы маған қатты ұнады. Барлық тарауы осы уровеньда болса, үлкен успех. Сөйтіп жемісті еңбегіңмен сені алдын-ала поздравить етіп жатырмын. Өзіңе Катяға, Қарлығашқа үй ішінен көптік қой сәлем. Сол секілді менен ат көтергісіз сәлем.

Қош, сау бол, алла амандықпен көрісуге жазсын, сәлеммен жаман туысқаның.

*Аллажар Теміржанов
1960 ж., 27 июнь*

Қымбатты көретін Ләле!

Аман-сау денсаулығыңыз жақсы, жүріп жатырсыз ба? Қаракөз бен Клараның дендері сау, аман ба?

Бізде аман, орынша жүріп жатырмыз. Балалар оқып жүр. Сәбит аман.

Өзіңізде нендей өзгеріс бар, өзіңіз білетін мәселе тынышталдыма. Мен әруақытта ойға алып жүремін. Келешекте өзіңіз не ойлайсыз, күтім жағдайыңыз қалай болады. Егер ойланған адамыңыз болса, біз барып қайтамыз. Бұл арасын өз пікіріңіз біледі. Дегенмен жүдемеуіңіз керек қой.

Менің денсаулығым нашар, басқа бір жерден путевка сатып алдым. Июньде кетуім керек. Үй өз бағасына өтетін емес. Сондықтан осы жерде отыра беруге тура келіп отыр.

Мүмкін кейін қандай өзгеріс болады? Ал, сіз түнеу күні маған реніш білдірдіңіз, ол әрине дұрыс емес. Мен өсек тасып, сіздің беделіңізге кір келтіретін адам емеспін.

Қайта, Сіздің көңіліңізді көтеру үшін барып қайтқаным болмаса. Күні бүгінге дейін Сіздің сөзіңіз естен шықпай жүр. Сондықтан, Сіз ешбір өсекке құлақ салмаңыз. Сіздің аман жүргеніңіз сол маған тірек, үлкен көмек.

*Сәлеммен Ахметбек Хамидулла
1961 ж., 8 май*

Зеин!

Үміттеріңізбен бізден сағынған сәлем алыңыздар. Амандықтарыңызды Баян, Зенаттан естіп қуанып жатырмыз. Бізде аман. Ағайындар тегіс аман, жалғыз-ақ Темірқазықтағы Шауқар Темірғалидің шешесі, Бегімнің әйелі қайтыс болған. Өзге ағайын тегіс аман.

Баяннан жіберген кітабыңызды алдым бір оқып шықтым — аса дәмді, бірақ соның ішінде үш жері мені ойландырды. Бірінші. Кітаптың бір жерінде «сүйер» деген сөз енген. Оны несіне жаздың басқа бір сөзді жаза салмай. Сүйер деген өсектен жайда құтыла алмай жүргеніміз жоқ емеспе.

Екінші. Нияз бен Қайсар санаторияда кездескенде Дәмеш үшін неге төбелеспеді. Біз болсақ егісіп қалар едік. Дәмеште жазасын тартқан болар еді деген қатаң да ел арасында қатты талқылануда. Ескі тұрмысқа революция жасаудың алдыңғы сигналы шығар деушілер көп. Маңызы зор болған соң газеттен-газетке көшіріп жатқан шығар деп айтушыларда бар себеп: «Тың өлкесі», «Қызыл ту» газеттеріне көшіріліп басылған көрінеді.

Сондағы аты аталмай қалған мұғалім кім болды екен?

Қалдыбай: Менде бие болған жоқ дейді, ал Қаспақ біздің үйде маса болып көрген емес дейді. Сонымен сол мұғалімді іздеп жатырмыз. Бұл хат ауылда жүрген дүмше интеллигенцияларға әжептеуір ой салатын түрі бар. Сөздің төркінін түсінбеген, шешемнің сөзін жазды, үйде жалғыз ғана Халелдің аузынан комнатада Зағладаның жазған хаты сияқты талқыланып кетуі мүмкін. Толық хат. Мен қазір үйде отырмын. Пенсиядан хабар жоқ. Комиссия бастығы Шарипов болғаны ұқсайды. Қонаевқа жақсылап бір жолықсаң, түсіндіріп айтсаң, содан кейін Шариповқа бір кездессең менің пенсиямның сөзсіз сәті түскен болар еді. Мұны «Құдайсыз» айтуға болады. Менің жарты еңбегімдей ғана еңбегі барларда алып жатқан жоқ емеспе. Меніңше шын нәрсені жарыққа шығару, ұғындырып айту «Құдайдың» парызы сияқты.

Амал не өзінше келіп қалған жасқа, бойдағы қуатқа қарамай қызметке қайта оралуға тура келеді. Әзірше қош.

*Сыздықов Асқар
1963 ж., 27 февраль*

Қадірлі Зеке!

Аман-сау жүріп жатырсыз ба? Үй-іші аман ба? Сіздің «Қазақ әдебиетінде» жуырда жарияланған мақалаңызды оқыдым. Дұрыс жазған екенсіз. Пьесаңыздың халі қалай? Қойылатын болды ма? Басқа да нендей жаңалықтар бар? Менің повесім «Жұлдызда» баспада ешбір қозғаусыз жатыр. Егер уақытыңыз болса соның тағдырын біле салыңыз.

Басқа айтарлықтай жаңалық жоқ. Сәуле деген қызым бар: 6 ай болып қалды.

Целиноградтан кеткім келеді. Ол жақтағы қызметтің жағдайы қалай болады. Сол жайлы да құлақ-қағыс бола жүріңіз.

*Сәлеммен Амантай Сатаев
1964 ж., 2 декабрь*

Зеин! Біз бүгін Рахметулладан Катя қайтыс болды деген телеграмма алып нанар-нанбастай қайранда, өте көңілсіз реніште болдық.

Ендігі айтарымыз өткенге иман алдынан жарылқасын, топырағы торқа болсын, арты қайырлы болып өздеріңе ғұмыр бақыт жазылған болсын.

Өтіп кеткен адамды қанша жаның ашығанмен қайта келтіріп болмайды ғой, әйтседе мұндай ауырлық жағдайда туысқан адамдардың уақытында бірге болып, көңіл бөліп ауырлыққа ортақтас болғаны өте жарасымды іс қой. Солай болса да қайсы бір уақытта жөнді іске жол бермейтін тағдырдың зорлық өлшемі кездесетін жағдайда болады ғой. Жеңгеңнің ауырып жатқанына бір ай 20 күн болды, оның ауырып жатқан ауырлығы маған түсіп оны сондай жағдайда тастап, үйден ұзап шығуға болмайтын жағдай туғызып отыр. Осы себеппен барып ішінде бірге болуға мүмкіндік бермеді.

Ал енді шырағым келмеді ішінде бірге болып, көңіл бөлмеді деме, себепке үйлесіп көңілге реніш алмауыңды сұраймын.

Жүзі құтты болған адам еді, тек арты қайырлы болып, мұнан әрі де бақытың өсіп, өмір тілек жазылған бола берсін.

*Тілектес ағаң Даирбай
Жеңгең Теміржан
1964 ж., 9 февраль*

Зеин! Тілектестік жүрегімнен сәлем ал. Аман жақсы жүрсің бе? Денсаулығың қалай? Балалардың дендері сау, аман ба? Сәлем айтарсың, Анварды мен үшін сүйерсің.

Біз аман-есен бұрынғыша жүріп жатырмыз. Теміржанның денсаулығы шамалы, ауыра береді, үй ішінде ептеп жүріп тамақ істеп бергеннен басқа шаруаға жарамайды, серік болып көмектесіп, жұмсап отырған баласы Алик еді олда 11-ді биыл бітіреді, онан кейін оқуға Алма-Атаға бармақ, ол кенеттен кейін кімнің серік, көмекші болатынын шеше алмай отырмын, оның мұндай ауру жағдайы мені де шаршататын түрі бар. Басқаша жазатыным болмаса да осы жайтты саған амандық жағдайымызды білдіру үшін жазып отырмын.

Зеин мен әнеукүні барып қайттым ғой, ағалық жолымен жеңгеңмен екеуіміз барып қайтуымыз керек еді ғой, оған жеңгең ауру баралмайтын болғаннан кейін, мен өзім ғана құрғақ барып сені көріп қайтуға тұра келді.

Ағайдың мұнысы қалай деп мүмкін сен көңіліңе алып қалған боларсың, бір ретте көңіліңе алмағанда боларсың, өйткені, құран оқытып баталайтын жағдай басшы адамдар мен жаңа адамдар арасында қалыпты болып барады ғой.

Ол баруымда мен қырықына кездесемін деп ойламаймын, бар жүрегім өзінді көріп тыныштық жағдайың өз аузыңнан естіп-біліп қайту мақсатында болғанмын. Қырықына кездесіп тыныштық жағдайды біліп, көңілім дауалай өте жақсы болып қайтқанмын.

Ал енді шырағым сені соған зәру дегендіктен емес тілектес ағасының үйінің дәмін татсын деп жеңгең арнап сақтаған аз дәмін посылкамен жіберіп отыр. Аз да болса, көптей көріп

ықыласқа риза боларсың. Режимді мезгілдерінде, тамағын дәмдеп дайындап беріп отыратын әйел болмағандықтан денсаулығын бұзып алама деп сыртыңнан тілеуқорлықпен оныда ойлап уайымдаймыз.

Мезгіл-мезгіл режимді түрде тамақ дайындап беріп отырарлық жағдай болмаған күнде, жылқының етін пісіртіп, салқындатып қойып, керекті мезгілдерінде жеп отырсаң денсаулығыңа өте жақсы болатын болар.

Қазақтың нақыл сөзі бар ғой: «Бас екеу болмай, мал екеу болмайды» деген, ол уақыттың жағдайына қарай мал деген, ол сөзді қазірше алғанда: «Бас екеу болмай, шаруаға береке кірмейді» деген сөз.

Сондықтан асықпай қарастырып ретті адамнан жолдасты болғаның дұрыс қой. Денсаулық күтімін де дұрыс қой, алдағы мақсатта ойда болу керек.

*Ұзақ өмір, алдағы бақытыңа тілектес
Ағаң Дайырбай, жеңгең Теміржан*

Сағынышты сәлем хат!

Қымбатты көретін туысым Ағатай! Аман-есен жүріп жатырсыздар ма? Сіздің жазған хатыңызды алып, амандықтарыңызды естіп өте қуанып қалдық. Және де ауыр хабарды естіп мамам екеуіміз жылап алдық. Жылағанмен болама, ағатай! Көп ойлап жүдемеңіз, ауру боласыз, басыңызға не салды соған көнесіз. Өзімнен мысал алыңыз. 33 жасқа келіп не қызық көрдім. Өткендерді ойлап, денсаулығымнан айырылдым, қазір басым ауырады, одан не қасиет таптық, алланың не жазғанына көну керек, ойнап-күліп жадырап жүрген онды, ағатай! Жаңа үйге қоныстандыңыз қайырлы болсын, іші құтты болсын. Әйел алдыңыз қайырлы болсын. Қарлығашты ұзаттыңыз қайырлы болсын. Бізде аман-есен жүріп жатырмыз. Хамбет 1-ші ноябрьде Омскіге кеткен қонаққа әлі жоқ. Басқа айтар сөз жоқ. 7-ші празникпен құттықтаймыз. Хош аман сау болыңыздар. Шешемнен, балалардан сәлем жолдап отырмын.

Хәкім жылап, есімді шығарды хат жаман жазылды. Ағатай дәрігерге қаралып жүріңіз. Денсаулықты күтіңіз.

Аман болуыңызға тілектеспіз.

Сағымбай ағаңыздың қызы Нүрия Шашкина

Дорогой Зеин!

Прочел в газете радостное известие — поздравляю! Надеюсь, теперь никто не будет тебе мешать работать.

Несколько слов о московских делах. Твой рассказ о верблюдице многим понравился, в частности, на радио: его должны были передать 2 мая, он уже стоял в программе, но какой-то осел испугался, что твоя верблюдица может плюнуть слишком далеко. Рассказ сняли, но руководство литературной редакции возмутилось, и теперь рассказ должен идти в 20-х числах мая. Тебя известит об этом Цыганова или телеграмму пришлю я.

Что касается отрывков из «Дарханова» — радиостанция «Юность» передаст только несколько маленьких новелл. Большая же передача будет организована редакцией народов СССР. Там будет и автобиография. Надежда Сергеевна Цыганова обещала организовать это сразу после передачи рассказа.

Я получил твою телеграмму. Но продолжения не последовало. Вынужден заниматься второстепенной работой. Так может продолжаться очень долго, тем более что у Абдраманова будет всего один тираж.

Сразу же, по получению моего письма, телеграфируй что ты думаешь делать.

Наверно, ты читал «Литературную газету» от 12 мая. Очерк был напечатан в сокращенном виде. Он имеет для меня значение только как заявка.

Вот собственно и все новости.

Обнимаю.

*Семен Лучанинов
писатель-переводчик*

Дорогой Зеин

У тебя есть деньги на покупку целого коня, а вот на телеграмму не нашлось...

Письмо твое получил 6. X. передача же о Токаше прошла 4. X. Хуже всего то, что в издательстве рукопись оказалась прежде, чем я об этом узнал. Один экземпляр тут же отдали на рецензию Чагину — друг Есенина, серьезный и самостоятельный литератор. К счастью, твои рассказы ему нравятся, он говорит, что ты, брат, талантливый человек. Ему, в свою очередь, поведали о тебе. Разумеется, он представит положительную рецензию.

Второй экземпляр рукописи находится у члена редакционного совета издательства Лаптева.

Гулеке со мной советуется. В настоящее время материалы дела изучает московский адвокат.

Теперь о романе.

После того, как ты категорически отказался от вступления и подобных ему частей, а так же от перевода тех вставок, которые ты сам написал в Переделкино, продолжать работу над переводом бессмысленно. Тем более — как я недавно узнал — тебе чужд мой литературный стиль. В своем последнем письме ты счел нужным еще раз напомнить об этом, объявив, что я «загубил» роман. Все рукописные вставки верну тебе либо в Москве, либо отправлю их в Алма-Ату — как это будет для тебя удобнее.

О всем, что касается сборника рассказов, узнаешь из моего следующего письма. Возможно, буду звонить.

Желаю здоровья малютке и всей твоей семье.

Жму руку

Семен Виленский
1965 г., 13 октября

Дорогой Зеин!

Наконец-то Токаш возвращается домой. Надеюсь, что мы еще встретимся с ним — тогда Токаш еще шире расправит плечи...

Желаю всего самого хорошего, самого светлого.

Твой Семен Виленский
писатель

Мой дорогой Зеин!

Поздравляю тебя и всех твоих с Новым годом! Желаю крепкого здоровья и успехов во всех начинаниях. За роман не беспокойся. Наш «Доктор» нас не подведет.

Как только весь текст будет готов, вышлю его тебе и отвезу Юрию Осиповичу. С твоим хитрым Самсония разговаривал по телефону. Он уже готовит передачу о «Темир-Тау» для Цыгановой.

Обнимаю Семен Виленский
писатель

Дорогой Зеин, Здравствуй!

Отдыхал, ленился и, наконец вплотную сию над твоим стариком. К 1.VI. вероятно закончу. Хочу, чтобы он звучал как следует.

Мне думается, что в конце, когда умирающий Даулет видит тираж — все нужно дать несколько тактичнее. Не надо, например, прямого — в лоб — упоминания о коммунизме. Может лишь, и «Жер-уголка» не надо. Вся сцена умирания и предшествующие ей сцены поединка с волком особенно трудны для перевода. Сделать их надо тонко и грубо-зримо.

Да, ладно — справлюсь.

Вот только ты не будешь ли возрожать против крутых поправок?

Теперь о дальнейшей судьбе рассказа. Здесь нет машинистки. А машинистка-канцеляристка из дома творчества не в состоянии перепечатать грамотно и так, как положено редакционными законами.

На твой суд:

Либо я тебе высылаю перевод авиапочтой, а ты перепечатаешь его у Агрепины Артемьевны в «Просторе». Уж мой то почерк она знает. И затем отсылаешь сам в Москву.

Срочно отвечай, дорогой. Что я тебе могу еще написать.

Что море — отличное,

Что солнце — сияет с каждым днем,

Что вино «Букет абхазии» — неплохое вино, но рядом жена и я не перебарщиваю никак.

Стакан через день.

Что спокойнее чувствую себя чем в Алма-Ате.

И все же меня интересует:

А что там у нас?

Какие новости?

Хабар бар?

И я думаю, Зеин, что ты мне напишешь обо всем.

Жму крепко, крепко руку

Привет от Гали. Привет молодым.

Может быть, названия изменим Например. — «Белый коготь» (хотя это напоминает «Белый клык») или «Последняя схватка».

Или «Схватка в степи».

Или придумаю еще чего-нибудь.

«Человек в степи» или «Старик в степи» слишком пахнет Хэмингуэем.

Твой Алексей Мусатов

В 1956 году в детском санатории «Чимбулак» я работал с З. Шашкиным. Такого знающего, чуткого врача я не встречал. Он одним из первых в советской медицине занялся лечением туберкулеза легких и горла с помощью рентгеновских лучей. Публиковал статьи на эту тему. Уверен, что они и до

сегодняшнего дня не потеряли своей научной значимости. Зеин Шашкин добился значительных успехов, работая и в санатории «Бармашино» в Боровом (ныне пансионат «Светлый») где лечил больных туберкулезом чистым воздухом и кумысом. Но время культа личности не обошло и его, мы были вынуждены какое-то время не называть его имени, не пропагандировать его труды. После реабилитации З. Шашкин приехал в г.Алма-Ату, полностью отдался писательскому творчеству. Как человек верный своей специальности, взялся за создание романа из жизни врачей «Доктор Дарханов». В это время часто делился со мной своими мыслями. Мы вместе обсуждали те или иные эпизоды. Роман заслужил всеобщее признание.

Балмуханов Саин
Социалистік Қазақстан, 1988 г., 2 сентябрь

Дорогой Зеин Шашкинович!

Примите мое сочувствие в тяжелые для Вас дни. Такая утрата невозместима. Вспоминая, оказанное мне Вашей супругой гостеприимство, я сожалею, что судьба не позволила нам ответить ей тем же. Увы! Большинство добрых немерений не совершаем — вспоминая о них когда уже поздно. А ведь кажется, что все успеем! Я очень хотел выполнить Вашу просьбу, чтобы хоть в малой мере порадовать, в эти трудные для Вас дни.

Но, к сожалению, я вернулся в Москву и застал Ваше письмо (а был я в Душанбе и Ташкенте), когда гастроли уже завершились. Но, как я читал в «Сов. культуре» очень тепло приняли вашу пьесу. Константин Иванович Поздняев, попросил меня написать о Вашем романе для «Литер. России» к маю или июню, когда они будут печатать материалы о национальных романах, в связи с дискуссией на секретариате СП РСФСР о романе вообще. Я это обязательно сделаю.

Алексею Яковлевичу Очкину, Ваш адрес сообщил — он напишет.

Вот, к сожалению, то малое, что могу Вам написать, ибо завтра уезжаю в Армению и Грузию дней на 15 по поручению Цека.

Буду рад Вас видеть, когда выберетесь снова в Москву.

Зная Ваше мужество, проверенное многими испытаниями, уверен, что силы Вас не покинут и Вы скоро войдете в творческую форму.


Привет. И от меня и от моей семьи.

Уважающий Вас Н. Клаго.
1964 г., 1 март

Уважаемый Зеин Джунусбекович!

Рад поздравить Вас с выходом Вашей книги на русском языке. Одновременно с этим письмом мы высылаем Вам авторские экземпляры книги. От души желаю Вам здоровья и творческих успехов.

С уважением, Шевелев
1964 г., 11 ноябрь



Мұхтар Әуезовке

Менің осы күнге дейін жарық көрген еңбектерімнің кем-кетігін тағы да бір қарап, толықтырып, екі томдық шығармамды баспаға ұсынбақ ойым бар.

Қазір өз замандасыма арналған үлкен бір роман жазып жүрмін. Бұл романның кейіпкері — партияның берік солдаты, халықтың адал да таза ұлы, қандай қиындық көрсе де төзе біледі. Таяудағы мақсатым осы романды аяқтап оқушы жұртшылыққа ұсыну.

Енді Мұхаң жоқ, қайтып ол біздің арамызда болмайды дегенге сене алмай, қайғырам да, қиналам. Өзінің келісті тұлғасымен, баяу қоңыр даусымен кейде әзілдей күліп, кейде сынап ақыл айтып әлі де қасымызда отырған сияқты.

Еліміздің әдебиет туын қолына ұстап, алдыңғы сапта келе жатқан кемеңгер, ұстазымыз, ақылшы ағамыз кемеліне келіп, толған шағы еді. Өнер-білімнің, ақыл-ойдың сарқылмас бұлағы еді. Әдебиеттің қия жартас биігіне өрмелегенде қайсымыз сол бұлақтан нәр татып, қуат алмадық? Кімге Мұхаң қолын созбап еді? Бірде сынап қатты айтса, енді бірде маңдайдан сипап, қолтықтан демеген жоқ па еді? Кейде біз сол ақыл айтқан сын сөзіне өкпелеп, торсаңдап та жүрдік. Енді, міне, сол сөзіне зар болғандаймыз!...

Я, Мұхаң барда біз жас та едік. Кемеңгер ағамызға жүктің ауырын артып, көшті бастатып қойып, өзіміз жайбарақат жүр едік. Енді, міне, бір күнде сақайып, өзіміздің кім екеніміз еске түсті. Мұхаң ұстаған көркем әдебиеттің шеберлік туын қолдан кетірмей, мықты ұстау — бізге парыз, ұлы ұстаздың жақсы сөздерін жадымызда сақтап, соның еңбек сүйгіш мінезіне еліктеп, үйрену — біздің алдағы міндет.

Әрине, Мұхаңның қазасы үстінде талай жылы да жақсы сөздер айтылуы тиіс. Сол сөзді айта отырып, ұлы адамды ұзақ сапарға аттандыра отырып, біз әдебиетіміздің ертеңгі күнін де ойлай отырайық. Біз қаншама қабырғамыз қайысса, қайғырсақ та өзіміздің кім екенімізді ұмытпауымыз керек.

Ертеңгі күн — алда, партияның бізге артқан міндеті көп. Егіліп жасымайық! Ұстаздың жақсы нақыл сөздерін іске асырайық.

Қаламдас

**Зейін Шашкиннің Есмағамбет
Ысмайыловқа жазған хаты**

Еске!

Қолыңды қыстым. Жазған хатыңа көптен-көп рахмет, арнаулы сәлем.

Әрине, айтқан ақылың дұрыс.

«Сенің бір жаман әдетің бар, бір күніңді пайдасыз, бекер өткізбеймін деп жанталасасың» депсің. Осының ар жағында «есеппен жүресің» деген сөздің құлағы көрініп тұрған жоқ па? Көп жыл жолдас болып менің мінезімді ұқпағаныңа таңым бар. Сен тек әдебиет ғылымының маманы емессің, сен философ, сен психолог та, сен жазушы да емессің бе? Адамның мінез-құлқы, түрлі-түрлі ғой. Мысалы, мені ешбір ойын тартпайды, еліктірмейді. 1943 жылы бір жыл шахматпен айналысып тастап кеттім. Осы күнге дейін қарағым келмейді. Сол сияқты қартаны да жек көремін. Өзің білесің, бала күнімде талай ойнаушы едім ғой. Осы күні жек көремін. Сол сияқты толып жатқан ойынның біріне құлқым соқпайды. Енді не істеу керек? Әйелге қалжыңдау қалды. Оған да онша зауқым қалмады. Өнеукүні Мәскеуде 4 күн сұлу келіншектердің ортасында болып әбден көңілім қалып қойыпты. Мені өмірде жалықтырмайтын — еңбек. Еңбектен мен қалжырамаймын, рахат табамын. Соңғы жылдары менде тағы бір мінез пайда болды. Ол — оңаша жүріп, ойға шому, ішкі сарайға үңіліп, содан медет табу маған дағды сияқты болып барады. Сондықтан бір жерде көп отырып, уақыт өткізудің өзі де ешбір қызықтығы қалмай барады. Әрине, сен сияқты сырлас, замандас адам болмаса басқалармен құр өткен-кеткенді езгілеп отыра беруден, уақыт өлтіруден басқа қасиет жоқ.

Көп жылдар қолыма қалам тимей ашығып қалсам керек. Жазғым келе береді. Айтатын сөзім көп. Соларды айтып кетсем деген ой менің мойнымды ешқайда бұрғызбайды. Сен мені «тез жазасың» деп ұрсатын болып жүрсің. Ағызып шауып келе жатқан бәйге аты басқа ұрса не болмақ? Қазақ баласын білесің ғой. Сондықтан қарқынды тоқтатпау керек. Мен сол жазу үстінде өзімнің шеберлігімді табуым керек. Мұхтар «Абайға» дейін қанша повесть, әңгіме, пьеса жазды, білесің бе? Ол жазғандарының бәрі «Абаймен» тең түсіп жатқан жоқ қой. Сен шын солай деп ұқсаң, маған хат арқылы өзіңнің пікіріңді айт. Әрине, айтудың айтуы бар. Ілияс Омаров «Тоқаш Бокинді» оқып шығып 5 бетке өзінің пікірін жазып жіберіпті. Соның ішінде өзіне ұнамаған жерін де айтады. Бірақ қалай айтқан десеңізші! Бұдан маған сен «көмек бермеді» деген мағына тағы тумады. Менің жазғанымның бәріне де сен ортақсың. Бірақ сен кейінгі кезде өз пікіріңнен гөрі жұрт айтқан сөзді айтатын болып жүрсің. «Колхоз өндірісін толық білмейсің» деген сөз тап сенің өз сөзің емес. Құдды прогулкада жүргенде жаныңдағы біреулердің айтқан сөзі сияқты. Тап осы повесте колхоз өмірінен тыс тұрған ешбір көрініс, уақиға жоқ. Бәрі де өткен жылы өзім барып, жинап алып қайтқан фактілерім. Өз көзіммен көрген өмірім. Бұл повестен не нашарлық көріп қалғаныңа таңым бар. «Жұрттың сөзін айтатын болдың» дегенімнің тағы бір дәлелін келтірейін «Тоқаш Бокинді» алдымен өзің оқыдың. Тек ұсақ замечание жасап маған қайырып бердің. Ол замечаниенді алып отырып мен тағы бір қарап шықтым. Енді бауыздау, кеңірдекке келгенде Әбділдаға «иә, асығыстық жасады» депсің. Ол қалай? Түзетуде тұрған не бар? Дүние жүзіне аты шыққан «Тынық Донды» да Шолохов қайта түзетті. Түзету деген нәрсе таусылмайды. Осы күні Мәскеуден жылына жүздеген роман шығады. Соның бәрі Лениндік премияны алып жатқан жоқ қой. Олай болса, біреудің арам пиғылмен айтқанына көне қоймай, бетін қайтарып тастау керек. Әуелде жақсыладың ба, өлсең де сол сөзде қатып қалуың керек. Әркімнің өзінің пікірі, әркімнің өзінің өмірге, әдебиетке көзқарасы бар. Ол айтып тұрғандар

да сенен артық емес. Әрине, бұдан «маған ақыл айтпа» деген ұғым алып жүрме. Сенің неге айтып отырғаныңды білемін. Сен маған жақсы жазсын деген мақсатпен айтып отырсың. Оныңа рахмет. Оны ұғамын. Бірақ сөз жеткілікті болу үшін талдап, нақты айту керек.

Еске, біз бала емеспін. Жасымыз 45-ке келіп қалды. Бірімізді-біріміз сыйламасақ, жанымыз ашымаса, кейінгі жастар керек қыла ма? Бізге ойланатын да кезек келді. Орыстың ақбас ғалым шалдары бірін-бірі сүйемелдеп әкесінің атын атап отырып біріне-бірі ақыл айтып, кеңес беріп отырады. Бұл — достықтың мәңгі өшпес қасиеті. Біз ол ақылдан қашсақ, онда өсуден қашқан болып табыламыз.

Сондықтан мен сені түсіндім. Сенің айтқаныңды мойындаймын да. Бірақ бірімізге-біріміз өте сақ, өте ұқыпты болайық. «Дос қой, қатты айтсам көтере береді» деп артық айтуға болмас. Сенің қатты айтқан сөзің түгіл маңдайдан сипап отырып айтқан сөзің маған ауыр тиеді. Оның себебі, мен сені бағалаймын. Сенің сөзіңе сенемін. Сенің өткен жылғы маған қатты айтқан бір-екі сөзің әлі менің жүрегімде қара тастай зіл болып жатыр. Қазақтың «Дос жылата, дұшпан күлдіре айтады» деген мақалына мен қосылмаймын. Ол өз заманында, ру жігінің қатаң кездеріндегі құрал болар. Әйтпесе, «пәлен» деген сөзді ерініңнің емеуінен біліп-ақ тұрамын. Маған ар жағын айтпасаң да болады.

Адам өскен сайын, жас ұлғайған сайын дос азайтып, жапырағы түсіп қуара бастаған ағаш сияқты сорая бастай ма деймін. Мен өз басым қазір бірақ шын досым бар деп сенемін. Ол — сен. Басқа менде дос жоқ. Сіздің үйде, біздің үйде кездесіп жүргендер олар дос емес... Шайзаға, балаларға тегіс сәлем.

*Сағынған досың ЗЕЙІН.
13.05.1959 ж.*

Ардақты Қасым-жан! Қасым-жан!

Қолыңды қыстым.

Денсаулығың қалай?

Мен аман-есен келіп, қызметіме кірістім, бірақ сен менің ойымнан шықпайсың. Сенің алдында мен міндетті сияқтымын. Сенің өміріңді, туберкулезбен жекпе-жек күресіп алып қалсам арманым болмас еді. Анадағы профессордың айтқан кеңесін ұмытпай орындап, жазға дейін шыда. Содан кейін менің қолыма тисең, көрер едік. Ол саған келді ме, рентгенді көрді ме? Маған хабарла. Мен оған өз тұсымнан хат жазып тұрамын. Көңіліңді жақсы ұста! Әйеліңе сәлем.

Гүлсім, досың Зейін
Менің адресім: Көкшетау облысы, г. Щучинск
Санаторий Бармашино, 1954 ж., 21 октябрь

Ардақты Қасым-жан!

Сенің хатыңды оқып тәуір бола бастағаныңа, өте қуандым. Аз да болса саған тигізген пайдама көңілім көтерілді. Адамның ең қымбат байлығы — денсаулығы, тіршілігі. Сен ақын болмай-ақ жер басып тірі жүрсең — балаңды қызықтап, әйеліңді күтіп, қалыпты өмірге келгендердің бірі болсаң да сол қуаныш емес пе? Адам дүниеге келгесін, өмір сүріп тұру керек. Ол — заң.

Мен өз тұсымнан сені қалыпты өмірге келген адамның бірі деп қана қарамаймын, сенде асқан талант бар, сол халық үшін сөнбеуі қажет. Мен адам жауы, — аурумен күресетін маман болсам, сенен мүмкіндігімді аяй қалуым жөн бе?

Сенің талантың маған көбірек тілек қоятын көрінеді. 1933 жылы менің жақсы көретін ағам қайтыс болды. Туберкулезден. (Мүмкін сен білетін шығарсың). Осы күні үлкен ойға келемін: сол кісі тірі болса өлімге бермес едім, емдеп жазар едім деген сияқты.

Әрине, бұл өз күшімді жоғары бағалағандықтан туған пікір емес. Қазіргі медицинаға таныс адам олай деп ойламас та.

Дұрыс план жасап, ақылмен емдесе туберкулезден жазуға болады.

Саған беретін ақылым: профессордың айтқанын толық орындап, көңіліңді жақсы ұста. Өзіңді аурумын деп ойлай берме.

Мен ауырғалы он бес жыл болды. Талай ауыр халде де болдым. Қорлық көріп, азапты белшемнен шегіп жүргенде тірі қалдым. Неліктен?

Атақты Иван Петрович Павлов сол сұрағыма былай деп жауап береді: «Безотступная, всепоглощающая печаль, забота разрушают тело, открывая доступ к нему всяческим заболеваниям, радость же, делая вас чувствительным к каждому впечатлению бытия, безразлично, как к физическому, так и к моральному, развивает, укрепляет тело».

Осы сөз есінде болсын. Ешқашан ұмытпа.

Күндіз ауық-ауық кітап оқы. Жазатын поэмаларыңның сюжетін ойла. Оған қалжырамайсың, қайта көңілің бөлінеді, мозг қызмет істеуді ұмытпайтын болады, ерінбейді.

Екеуіміздің өмірдегі жолымыз басқа: сенің қызықты уақытың аурумен өтіп жатыр. Менікі азапта өтті. Енді өмір сүріп, жазуымыз керек. Арман — сол.

Хош, сені мен кездегі «жалпы досымыз» соның үшін бұдан да артық жақсы көремін! Әйеліңе, балаларыңа сәлем!

Зейінің 20. XI. 54

Маған, романимды редактировать етуге, Семенов деген жазушы келмек еді. Сол жоқ. Ахтановқа ол туралы хат жазып едім, жауап жоқ. Не болды екен?

Профессор Зюзинге хат жазып едім, сені тағы да тапсырдым. Өзің хат жазып тұр.

Зейін

Қойын гәптерінен

10.IV. 58 жыл.

Фадеевтың неге өзін-өзі өлтіргенін бүгін түсіндім. Жүректі құрт жей қойғанда, көкірек саңғырап бос қалған. Қалай дейсіз ғой? Ағаш жүрегінің дәні — идеал екен. Егерде сол идеал

қираса, жоғалса, өмірдің сәні жоқ. Ағаш өмірден жеркенеді, баласынан жеркенген малдай, безіп кетеді. Аржағында сонда бір-ақ жол қалады. Ол — өлім. Идеал деген — туған жеріңе, еліңе, анаңа, жарыңа, дос-жараныңа деген ыстық махаббат. Егерде сол махаббатқа кір түссе — жақсы адам, ит тәрізді, өлімін көрсетпейді. Менің де еліме, Отаныма деген махаббатым айдын көлдей мөп-мөлдір таза еді, соғанда аздап кір түсті. Ал, егер сол кір ұлғая берсе ше? Онда... Фадеевтің ізін қууға тура келер.

10.IV.21 сағат.

Мен ұлтшыл емеспін. Әр халықтың жақсылық жағын көре білемін. Мүмкін сондықтанда, орыс тілін силай, орысша жазған болармын. Жалғыз орыс емес, басқа ұлтты да, оның ішінде еврейді де, қадірледім.

Бірақ, бүгін мен кей сырға түсінгендей болдым. Еврейді жақсы көретін халық аз. Екі адамның бірі солар жайында мазақ-күлкі, ажуа қылады. Неге? — деген сұрақ, аңдып, шиқиятында тұратын. Мен сол сұрағымды бүгін мылтықпен атып жықтым, яғни, жауап таптым.

18.XI.62 ж.

Қысқа-қысқа әңгімелер цикілін жазса... Аз өмірімде талай адамдармен дос болдым. Солардың біразының портретін, мінез-құлқын жазып кету парыз сияқты. Әсіресе, өзімнің өмірде сүйген әйелдерім еске түскенде, іштей сүйсініп, сол бір ғажайып махаббаттың түндерін ғана еске алмай, ұзақ жыл өміріңе азық болған қорегін мадақтағың келеді. Қайсы бірін атайын? Міне, көздері мөлдірдей бәрі де алдыма төнеді. Шіркін, жастық десеңші — жүрек қартаймай ма деймін.

Я, бұл әңгімелер тоба өміріме жаққан гүлдердей көз тартып, әркімді де қызықтыруы керек.

19. XI.62 ж.

Алдар-Көсе... Алдар-Көсе ауыз әдебиетінің жасаған мәңгілік тұлғасы. Алдар-Көсені ойлағанда маған бір тебіреніс

пайда болады... Алдар-Көсе сияқты адам Сталин заманында лагерьде қалай күн көреді екен? Күліп жүріп тірі қалды-ау, тегі... Осы тұрғыдан күліп тұрып мәжілісті тоқтатса деймін.

«Иван Денисовтың өмірінің бір күні» атты повесті оқып шықтым. Повестің лагерь өмірін көрсетуі демесе, маған көркемдік суреттеудегі алған бағыты болсын ұнаған жоқ.

Сырттай фотограф келіп басып алған. Басқадай баға бере алмадым.

Бүгін маған таңнан бір ой келді — «Теміртау» романының үшінші кітабын тоқтата тұрып, 37-38 жылдардың өмірінен бір роман жазса ма деген?

Сол жылдарды жекелей алып суреттеу дұрыс болмас, бүгінгі өмірмен жалғасып жату керек қой.

Эврика, Алақай, таптым!

37-жылды көрсетуде романның жаңа бір формасын ойлап таптым. Сәті түссінде! Бұл жылдарда бүгінгі өмірден жеке алып, жазуға болмайды, ал, сол жылдардан бастап жазу үшін бірнеше кітап керек. Және де адамның қайғы-қасіретін тәппіштеп жаза беру — оқушыға қаншалықты тиімді екен?

Менің ойлап тапқаным: бүгінгі өмір мен өткен өмір аралас отырады.

Әуелі уақытқа бас геройды, алалық — Тұрардың (қысқа да, жарық есім) Москвадан оқу бітіріп Алматыға келуінен басталады. (Әйелі, баласы, ғашығы, қызметі).

Бұл бөлімде, кейін түрмеде кездесетін адамдарының көбімен танысып, үлгеруі керек.

Екінші планда — герой кім? Әке-шешесі бар ма? Қай жерден деген байланысты бір сала жүріп жатады. Бұл саланың тууына — Безер себеп болады. Ол өмір бойы үстінен арыз жазып келе жатқан сүмелек.

Екінші бөлімде: түрме көрсетіледі, допрос, Катковтардың ұрпағы.

Екінші планда бірге отырған адамдардың қалай түскені. (Осыған байланысты Сталин мінезі де берілуі керек).

Үшінші бөлімде: Лагерь. Ондағы өмір.

Екінші планда — геройлардың өткен өмірі. Дүниеге қалай келді?

Төртінші бөлімде: Бүгінгі өмір. Тұрар шықты. 20-съезд болып өтті. Енді ол — лагерьден кейінгі көрген азаптарын жазып отырады.

Екінші планда — Тұрардың бүгінгі өмірі. Күйіктің қалдығы.

«Дүниеде аз қымбат — уақыт екен» деп ағылшын да тегін айтпаған. 20 жылдан астам уақытым қуғында, азапта өтті... Әрине, ол — жылдар белгісіз өте шыққан жоқ, жүрекке, ең артық нервке өзінің дағын қалдырды.

Жүрек — қайғыны көтере алмай ауырып қалды да, нерв — тозды. Енді осының тағы бір өзгешелігі бар — сол көрген-білгеннің жиналып келіп, күш-қуатқа айналады екен де, адамның мінезіне, өміртануына әсер ететін көрінеді.

«Закон сохранения энергии» дейтін физиканың заңы осыдан туады ма?

Лагерьде жүргенде мен көп жаза алғаным жоқ. Не бары — екі роман, бір тетрадь өлең.

Романдар да — орыс тілінде. Бірақ соларды түзеп қайта өңдеуге мойным жар бермейді. Архивте жата берсін, бір керегі болар...

Ардақты Раха, Қалмұқан!

Сен екеуіңді етене жақын, соңымнан еріп жүрген інілерім деп осы хатты арнап жазып отырмын. Кәзір мен Москва түбінде Переделкинода жатырмын. Осында 21 январьға дейін боламын да, одан әрі Голыциноға кетемін. Елге сол марттың 25 кезінде қайтамын, сәті түссе.

«Теміртауды» аударып бітірді, енді соның өндіріске келуін күтіп жатырмын. Договор жасасып, ақша алып қайтсам деймін. Тағы да «Доктор Дарханов» аударылып бітіп, оны да бірге істетіп, жанталасып жатырмын. Басқадай жұмыстарым тағы көп. Тапсырайын дегенім: біздің үй іші ашығып қалмасын. Қалмұқан кітабың шығыпты, қайырлы болсын, біздің үйге 200 сом апарып бер, өзім келгеннен соң беремін. Ер мойнында қарыз кетпес.

Басқа жаңалықты өздерің жазыңдар. Мақжанға, барлық туыстарға сағынышты сәлем.

Сағынған Зейін
1963 ж., 21 январь

Ардақты Мәкеш, Раха!

Қолдарыңды қысып, ыстық сәлем жолдаймын. Өз қалдарың қалай? Әйтеуір, бой күтіп, өмір ұзартқаннан артығы жоқ қой. Осы соңғы екі айда жап-жақсы тынығып қалдым. Әбден шаршасам керек-ті. Осы жолы Дәкеңе соқсам ба деген ойым бар, кім біледі... Сәті түссе, көптен көрмеген ағам еді. Сағынып жүрмін.

Жолшыбай Бурабайға да соғып, жаз барып дем алатын жер ескерсем бе деймін. Романдардың аудармасы бітпей, қинап тұр. Біреуі — бітті, енді, біреуі — қалды. Соны қарайлай, өзімде еңбектеніп, алыста сендерді сағынып, ұшарға қанат жоқ, жатырмын. Сақаға және Шакижанға сәлем айт. Хат жаздым, өздері алар. Соны айта саларсыңдар. Қалмұқанға сәлем де. Басқа жаңалық жоқ. Хош сау болыңдар.

Сағынған Зейін
1964 ж., 2 февраль

Москва Г-59

Кутузовский проспект, 21

Корпус 4 А, кв 46

Серебряковой Галине Иосифовне

Ваше мужество, талант, титанический труд, достойны легенде зпт, Ваш жизненный путь выдающееся явление нашего века о котором еще будут петь песни тчк.

Поздравляю Вас дорогая Галина Иосифовна вашим юбилеем тчк. Желаю попрежнему вам молодость, работоспособность и оптимизм.

Секретарю ЦК КП Казахстана тов. Яковлеву И.Д.

В начале этого года, во-время обсуждения итогов XX съезда, я выступил на общем собрании работников литературы и искусства гор. Алма-Аты и ставил вопрос о пересмотре истории казахской литературы в связи с ликвидацией последствий культа личности, в том числе я говорил о казахском поэте Машур-Жусупе Копееве (1857-1931 гг.) которого постановлением ЦК партии Казахстана, когда еще руководил Шаяхметов, объявили реакционным поэтом, а также по этому же поводу мною была представлена докладная записка на ваше имя.

Считаю своим долгом, как коммунист, заявить, что поэт Машур-Жусуп Копеев является поэтом-демократом, творчество которого представляет интереснейшую историю казахского народа и постановление ЦК партии Казахстана продиктовано обстановкой, созданной культом личности.

В течение последних трех месяцев, я изучил творчество Машур-Жусупа Копеева и вынужден представить Вам следующие данные.

Машур-Жусуп Копеев родился в Баян-Аульском районе Павлодарской области, происходит из бедной крестьянской семьи. С малых лет проявляет интерес к фольклору и, будучи учеником у аульной муллы, увлекается поэзией: сочиняет стихи, участвует в импровизации акынов, учится у знаменитого акына Ахан-Сери. Машур об этом вспоминает

в своем дневнике: «в молодости, став сказителем-поэтом, получив всеобщее признание народа я был в Кокчетаве. Познакомиться с природой и увидеть Ахан-Сери было моим желанием и мечтой».

В 1894 году Копеев путешествует по Ташкенту, Туркестану и Сыр-Дарье, изучает классическое наследие Востока: ученого медика Абу-Али ибн-Сина, впервые задолго до англичанина Гирвея, открывшего систему кровообращения человеческого организма, астронома Улуг-бека, поэта Хусаина Байкара и пишет о них стихи.

В 1902 году Копеев пишет письмо Абаю и просит его выступить совместно с ним против колонизаторской политики царизма. В связи с этим и производится обыск жандармерией в доме Абая.

В 1903-1908 годах Копеев разъезжает по аулам и открыто призывает народ к просвещению и науке.

В 1907 году в г. Казани издает три сборника стихов: «Хал-ахуал» (Житье-бытье), «Сарыарқа кімдікі» (Чья земля Центральный Казахстан) «Тірліктен көп жасаған бір тамашамыз» (Красота нашего существования) — все эти книги изданы в г. Казани одна за другой.

В 1912 году Машур сдает в издательство еще четыре книги по фольклору, но издательство отказывает ему в виду того, что на книги Копеева наложен запрет цензурой.

В годы советизации Машур живет у себя в ауле, собирает сказки, пословицы и поговорки, былины и т.д., пишет свои философские размышления. Умер собственной смертью.

Содержание «Хал-ахуал» (первой книжки, изданной в г. Казани, в 1907): эта книга посвящена разоблачению духовенства, волостных управителей. Он открыто выступает против царского режима.

«...Этот мир стал адом и нельзя быть свободным.

Проклятый день в страданиях бесконечен...

Смыслом существования стал скот,

У кого скот у того и богатство и почет.

Без смеха, без вечеринки народ захирел,

Девушки превратились в старушек, аджигиты — в стариков.
В 1908 году он писал:

«...Подражая чиновникам,
Как волки нас раздирают:
«Почтенные» старшины, у которых власть в руках,
И шипят они, как змеи и сосут они кровь в стране.
И они как беркуты вонзают когти
Страдальцам и бедным.
И живем в темную длинную ночь,
Не видно ни просветления, ни зари...
Получают налоги от дохода,
И собирают частный сбор,
Бедняк не может найти денег и расплатиться,
А его бьют стражники по шее...».

Особенно в период первой русской революции, Копеев пишет гневные стихи, разъезжает по городам (Омск, Павлодар, Казань, Нижний Новгород) и участвует в митингах. В своей книжке «Сарыарка кімдікі» Копеев в одном месте упоминает, что он, будучи на ярмарке в Нижнем Новгороде, участвовал на собрании представителей малых народностей, где был поставлен вопрос о выделении депутата в государственную думу от инородцев.

В своей сатире «казахская беднота и начальники» он писал:

«...Старшины, раскрывают пасть как крокодилы,
Из белой кошмы торчит сумка, как кук у барана,
Пять копеек выдает за пять рублей
И от этого страдает всегда бедняк.
Из желтой меди надевает на шею ошейник,
Занимаясь бесконечной тяжбой.
Так ворона управляет народом, как хищник...»

Копеев обрушивает и на бесчесных бедняков и на его «благодетеля» бая.

«...Одни, ища поддержки у хозяина,
Повеселев, выпивает у них кумыс.
В это время хозяин с бедняка
Заочно вычитывает весь свой убыток...»

Содержание книги «Сарыарқа кімдікі»:

В этой книжке Копеев выступает со статьей против колонизаторской политики самодержавия. В начале книги описывает какой ценой досталась эта земля казахам. Он перечисляет подвиги богатырей и их борьбу с иноземными захватчиками: с калмыками, ойратами.

Вторая часть состоит из рассказов и девяти стихотворений, в том числе с 1905 года. Поэт полон радужных надежд, его Манифест 17 октября дает народу свободу. Но в 1905 году он разочарован и гневно обличает, что Манифестом обманут народ.

«...Услыхав об этом все были разочарованы,
Особенно мучительно, кто об этом знал.
Все кто говорил, что есть Манифест
Арестован и осуждены ни за что. (16 стр.)

Далее поэт прямо говорит: «В памяти казаха не осталось ничего. Никто в стране не скажет теперь слова, что милостью и льготами наделил нас царь».

В своем стихотворении «День и ночь» Копеев воспеваает аллегорически жизнь казахского народа. Луна, день — всегда счастье. Ночь темнота — несчастье.

«Спекуляция черта» — это большая сатирическая поэма, где поэт разоблачает общественно-политический строй казахской степи.

Однажды черт, нагрузив свое зло на пять ишаков, десять буйволов, отправился на базар. Навстречу ему попадается сам Иисус. Иисус: «Эй, проклятый, что ты хочешь купить на базаре?».

Черт — «Еду на базар торговать».

Иисус — «Чем ты будешь торговать, чем нагружен твой караван?».

Черт — «В каждом мешке зло. В одном ложь, в другом — хитрость, в третьем — зависть, в четвертом — несправедливость, в пятом. — воровство и т.д. — самые ходкие товары на базаре. Берут их нарасхват».

Разгорается спор между чертом и Иисусом. Иисус не верит, что народ может купить зло. Они вместе едут на базар и на глазах у Иисуса богатеи и муллы разобрали эти товары в мгновение. Иисус в ужасе.

Третья книга «Красота нашего существования», изданная в том же 1907 году философско-аллегорическая книга, в которой основными действующими лицами являются слепой, глухой и голый.

Слепой — мир, в котором мы живем.

Глухой — человек, его мечта.

Голый — страдание человека. Основная сущность сводится к следующему: «Человек пришел в мир голый и голым уходит в тот мир. (21 стр.). Не видеть свою ошибку, а замечать у другого — слепота. Не видеть свою — приводит и товарища к слепоте. Глухой считает, что он знает все потому, что он не слышит соседа.

Копеев, начиная с 1889 года, участвует в газете «Дала уалаяты» (Степная киргизская газета).

В номере 7 он призывает к просвещению и что знание нужно и мужчинам и женщинам. В Баян-Аульске русский Сорокин научил казахов чинить часы, столярному делу и сеять хлеб. Вот у кого учиться.

Все это гораздо полезнее, чем свотоводство.

В 1889 году в номере 46 он призывает казахский народ и к труду, и к промыслу, и сеять хлеб и заниматься земледелием.

В 1890 году в номере 28 он выступает против волостных управителей и против самой эпохи.

В 1889 году он выступает против Абая. Копеев недоволен тем, что Абай напечатал свои стихи «Лето» под именем акына Кокбаян. Разве писать стихи позор? Почему Абай сам не подписался под этим стихотворением? А также Копеев недоволен Абаем тем, что Абай не устроил поминки отцу. В 1890 году в газете напечатано письмо в редакцию некоего Какенова, который возмущен тем, что Машур критикует волостных управителей и старшин. И тут от редакции

напечатано сообщение о том, что Машур исключен из списка корреспондентов и что больше он не будет печататься. В Казанском архиве до сих пор хранится материал о запрещении книги Копеева «Хал-ахуал». Об этом сообщается в газете «Казах» от 1913 года: «У Машура-Жусупа Копеева была книжка в стихах, под названием «Хал-ахуал», изданная в 1905 году в Казани. Она изъята из обращения казанским окружным судом, поскольку она была написана противоправительственно».

Вот что он писал о себе:

«...Страсть моя с детства к знанию

Об этом знает вся степь...

Не поднялся я на высоту, как человек,

Но моим словам внимают все,

И все принимают мои советы.

Я ездил по Волге, Уралу, Иртышу, Чу и Сыр-Дарье

И хорошее я видел в этих краях.

С пяти лет я писал стихи.

Никому ничего не дарил, не поил и не промотал состояния

В этом фальшивом мире за это прозвали меня машуром (известным).

Машур-Жусуп Копеев был типичным демократом, в мировоззрении которого отражались противоречия эпохи.

Его отрицательные стороны:

1. Царь — справедлив и что казахские депутаты, направляемые в государственную думу убедит царя, чтобы он дал:

...расцвести религии, чтобы увидеть воочию величие ее,

Чтобы узда правления религии была в наших руках,

И чтобы была полная свобода,

И мечеть и медресе были в наших руках,

И наша отошедшая земля и вода

Были возвращены народу...»

1. В книжке «Чья земля Центральный Казахстан» Копеев восхваляет Кене-Сары, что, мол, он отстаивал независимость

казаха. А в другой книжке «Красота нашего существования» он ругает и проклинает Кене-Сары, наоборот, восхваляет волостного управителя Боштая, отказавшегося присоединяться к движению Кене. (стр. 22).

2. Копеев писал некролог, посвященный полковнику царской армии Мусе Чорманову. Но надо добавить, что Чорманов был противником Кене и один из тех, который призывал казахов учить своих детей в русской школе.

3. Машур писал в газете «Дала уалаяты», что в связи с приездом генерала-губернатора в степь, некоторые подлецы рыщут по степи с темной целью — затевать бесконечную тяжбу друг с другом и Машур надеется, что губернатор не попадает под их влияние.

Вот те основные материалы на чем основывались при вынесении постановления ЦК. Возникает законный вопрос: можно ли такого поэта причислять к разряду реакционных поэтов?

Прошу создать комиссию и пересмотреть постановление ЦК КП Казахстана.

Касымжан!

Крепко жму твою руку. Как твоё здоровье?

Я доехал удачно и приступил к работе. Но продолжаю все время думать о тебе. Мне кажется, что я в долгу перед тобой. Нет у меня иной мечты, как вступив в схватку с туберкулезом спасти твою жизнь. Потерпи до лета и следуй точно совету сказанному профессором. Затем окажись у меня в руках, посмотрим. Он приходил к тебе, смотрел рентген?

Сообщи мне. Я напишу ему письмо от своего имени. Держи себя бодро! Привет жене Гульсим.

Твой друг Зеин.

*Мой адрес: Кокчетавская область, г. Шучинск санаторий
«Бармашино» 1954 года, 21 октября*

Дорогой Касымжан!

Прочитал твое письмо, узнав, что ты поправляешься обрадовался очень. Воспрял духом ибо оказал тебе хоть какую-то помощь. Самое дорогое богатство у человека — это его здоровье и жизнь. И ведь радостно когда ты, даже не будучи поэтом, ходишь живым на земле, имеешь ребенка, ухаживаешь за женой и равноценно существуешь наряду со всеми. Раз человек явился на свет, то должен жить. Это — закон.

Со своей стороны я не смотрю на тебя как обычного представителя человеческого рода, так как ты владеешь большим талантом и должен быть сохранен для народа. Коль я как специалист веду борьбу с человеческим врагом — болезнью, то как могу пожалеть свои возможности по отношению к тебе?

Твой талант ставит предо мной большие требования. В 1933 году скончался мой любимый старший брат. От туберкулеза. (Возможно ты знаешь об этом). В эти дни мне приходится задумываться глубоко: был бы жив он, я б не уступил его смерти — вылечил бы.

Конечно, я пришел к такой мысли не от того, что высокого мнения о себе. Человек знакомый с современной медициной не стал бы думать подобным образом. Если разработать правильный план и лечить с умом, то можно вылечить от туберкулеза.

Мой совет тебе: выполняй полностью сказанное профессором и не теряй бодрость духа. Не думай, что болен.

С тех пор, как я болею, пятнадцать лет. Не раз оказывался в тяжелом состоянии. Испытав сполна муки и страдания остался живым. Почему?

На этот мой вопрос знаменитый медик Иван Петрович Павлов отвечает следующим образом: «безотступная, всепоглощающая печаль, забота разрушают тело, открывая доступ к нему всяческим заболеваниям, радость же делая Вас чувствительным к каждому впечатлению бытия, безразлично,

как к физическому, так и моральному, развивает, укрепляет тело». Запомни эти слова. Не забывай их никогда.

Днем часто читай книгу. Задумывайся над сюжетом предстоящей прозы. Не устанешь, наоборот, увлечешься другими мыслями, мозг твой включится в привычную работу.

У нас с тобой совершенно иные дороги в жизни: твоя самая интересная пора проходит в болезнях. А моя прошла в муках. Теперь мы должны жить и писать. Как раз это и есть мечта.

До свиданья. Я люблю тебя еще больше за нашего бывшего, несчастного «общего друга»! Привет жене, детям!

*Твой Зеин
20.XI.54 г.*

Для редактирования моего романа ко мне должен был приехать писатель Семенов. Нет его. Написал письмо Ахтанову о нем, нет ответа. Что могло случиться с ним?

Написал и профессору Зюзину, опять просил насчет тебя. Пиши мне и сам.

Зеин



АСҚАР ТАУЫМ ЕДІ



АСҚАР ТАУЫМ ЕДІ

Зейінекеуіміздің — Жүнісбек пен Әбіке бір әке, бір шешеден туған ағалы-інілі адамдар. Бабамыз Шәшке дәулетті болған екен, артында қалған балаларының да бір қыдыру жылға дейін ортадан гөрі жоғары шаруасы болды. Бірінші империалистік соғыстың да зардабы тиген шығар, әсіресе, патшаның 16-жылғы июнь жарлығы бойынша қазақ жастардың майданның қара жұмысына алудың өзі әлді шаруаларды біраз әлсіретіп, орташаларды титықтатып кеткен еді. Оның үстіне, 1918 жылдың жазында біздің жақта қуаңшылық болып шөп шықпады да, қысы қатты болды. Бұл атақты жылқы жылдың жұты еді. Енді көбі қыстан күйзеліп шықты. Бірақ біздің үш-төрт үй сонда да нық орта шаруалы еді.

Менің әкем ерте өліпті, мен Жүкен ағаның (біз бәріміз де Жүнісбекті солай атайтынбыз) қолында өстім. Ағаның шаңырағын жоғалтпаймын, деген болу керек, Жүкен аға мені ерте үйлендірді. Болыстар мен тілмаштардың, ауылнай, старшындардың көмейіне ат беріп, атан беріп толтырып, мені призывтан да алып қалыпты. Оны кейін айтып отыратын еді. Сонымен бірге, мені ауылда Баяндағы мектептерге жіберіп оқытып та жүрді. Совет өкіметінің алғашқы жылдарында мен кеңседе отырып қағаз жазуға, ұсақ-түйек қызмет атқаруға толық жарап қалдым. Қысқасы, мені адам қатарына қосқан сол Жүкен аға. Жүкен ағаның бала шағасы көп болды. Бір үйде сегіз қыз, үш ұл өсті. Зейін соның ең кенжесінен үлкен.

Біздің ата-мекеніміз қазіргі Баянауыл ауданының оңтүстік-шығысында әулиелі Қызылтау деген жер, қыстауымыз Жосалының іргесінде болатын.

Ел жаз жайлауға көшеді. Жайлауымыз сонау — Өлеңті, Шідерті бойы, алды Ерейменнің Қызылағашына дейін барып жетеді. Әр атаның, әр рудың өзі иемденіп алған жайлауы болады. Біздің ауылдар Жаңғабыл жазығы дейтін жерге жетіп, кереге жаятын да, жаз бойы сол арада айына бір рет жұрт жаңартып отыра беретін. Ол жер шөбі шүйгін, суы мол нағыз мал өсіретін өлке.

Жазы қоңыр салқын, жылқының жауырына қонатын бір шыбын болмайды десе өтірік емес шығар. Өне бір жылдары Олеңті бойындағы көптен көрмеген ағайындарды іздеп, амандасам, сәлемдесем деп бір барған едім. Сонда сол Жанғабыл жазығында Павлодар облысының Баянауыл, Краснокут, Целиноград (Ақмола) облысының Ерейментау ауданының он шақты совхозының он мыңға тарта жылқысы жатыр деп естіп едім. Бұл сөзді өтірік дей алмаймын, өйткені, мен көрген Жанғабыл жазығы мұнша жылқыға тар болмайды.

Сол үлкен жазықтың ортасында біздің ауылдардың үш жүзге тарта жылқысының қауға тартып суарғанда шөлін қандыратын суы мол бір құдық болды. Арғы кезде қалай аталғанын білмеймін, бертін келе Жүнісбек құдығы аталып етті. Өйткені, сол құдықты біздің бала кезімізде (тіпті біз тумамай тұрғандама) Жүкен аға қаздырса керек.

Біздің Зейін 1912 жылдың жазында, ел жайлауда, ауыл сол құдықтың басында отырғанда туып еді.

Қазақ әдетте кенжесін қадірлейді ғой, бала тым көп болса, оның қадірі болмайды. Зейін бір қора баланың ортасында өсті. Баланың болашағы қандай болатынын кім білген? Егер Зейіннің тарихта аты қалатын үлкен жазушы болатынын білсек, жасында-ақ барды соның аузына тосып, айналып-толғанып, алақанға салып өсірер едік қой. Жоқ, олай болмады. Бұл ес білгенде Жүкен ағаның шаруасы да шағындалып қалған. Басына тартса аяғына бірде жетіп, бірде жетпей отыратын үйдің көп баласының бірі. Оның қарны ашты-ау, аяғына сыз өтті-ау, суық тиіп ауырып қаларма екен деген шешесінен басқа кім бола қойды екен. Рас, біраз жылдан кейін қыздардың алды ұзатыла бастады.

Жүкен ағаның жүгі де жеңілдеп қалды, ол кезде қызға қалыңмал алмай, тегін бере салатын қазақ болған жоқ қой. Үйірлеп болмағанмен, бірен-саран бұзаулы сиыр, құлынды бие Жүкен ағаның қорасына келіп кіріп жататын еді.

Әңгіме Зейін туралы болып отыр ғой. Сондықтан мен осы арада оның балалық шағынан бір елес беріп кетейін. Зейін жасында көзі бақырайған, сирағы шидей арық қара

бала еді. Ағайлары болсын, жалғыз ағасы Сағымбай болсын кейде нұқып қалғанда, түйіп қалғанда Зейін дыбыс шығарып әкесіне немесе шешесіне мұң шаққанын бір көрген емеспін. Үн шығарып ұрысу, бақырып жылау онда болған емес. Әбден ызасы өткенде білдірмей барып, не тістеп, не шымшып алатын. Сөйтетін де былай шығып, кегімді алдым дегендей сақ-сақ күлетін. Кейде оған мен ара түсемін. Сендер үлкенсіңдер, бұл әлі жас, қалай ұялмайсыңдар деп апа, қарындастарыма (Жүкен ағаның қыздарынан менен үлкендері де болды), Сағымбайға ұрсамын. Онымды Зейін жақтырмайды. Не көрсем де өзім көремін деп, біреуге арқа сүйегенге намыстанатын еді. Бір қисайса ешкімге көнбейтін. Кейде бұзауды, қозыны жамыратып алдың деп шешесі ұрсады, ұратын да кезі болады. Ондайда Зейін дыбысында шығармайды, тістеніп алатын сияқты көрінуші еді. Бүгін таяқ жесе, ертеңінде бұзауды әдейі жамыратып жіберетіні әлі есімде. Сол қайсар мінез Зейіннің сүйегіне әбден сіңіп алғандай, ешкімге өмір бойы мойын ұсынбай өтті ғой.

Зейіннің бала кезіндегі тағы бір мінезі мынау еді. Жүкен аға әжептеуір сауатты адам болды, әрине арабша. Жазуы әдеміде болатын және де тез жазушы еді. Қолы бос болып қалса, ермегі қисса оқу болатын. Менің жас кезімде ол үйде үлкен бір сандық қисса болушы еді. Сал-сал, Зарқұм, Сейфұл-Мәлік, Бәдіғұл, Жамақ, Жүсіп-Зылиқа, Бозжігіт, Тахир-Зуһра, Шаһматан-Жамсап, бертін келе қырық мысал, Маса, Абай өлеңдері де болды. Қыстығүні Жүкен аға пештің түбіне отырады да, алдына жетілік шамды жағып қойып, қисса оқуға кіріседі. Қисса тыңдаймыз деп ауыл-үйдің шал-кемпірлері толып кетеді. Сонда Зейін әкесінің тізесіне шынтақтай, бір жамбастап жатады да, қиссадан құлағын алмайды. Кейде әкесіне жалтақтап қарап қояды. Бара ғой, қалқам, ұйқың келді, — дейді, әкесі анда-санда. Онда Зейін ұйқым келген жоқ, деп қиқаң ете түседі де отыра береді. Жиналған жұрт түгел тарап болған соң кешкі асқа қарамай барып жатады, бірақ көпке дейін ұйықтамай жаңағы тыңдаған қиссаны кейде күбірлеп, кейде ыңылдап айтып жатады. Сөйтіп жүріп, бұл сол

қиссалардың бірқатарын жаттап алды. Жүкен аға үйде жоқта әжейлер, атайлар сол үйге жиналып келіп, Зейінге қисса айттырып, мәз-мейрам болып отыратын.

— Сен осы баланың атын Зейін деп тауып қойғансың. Бұл өзі құйма құлақ зейінді болады, — дейтін еді олар, Жүкен ағаға.

Бір ғажабы, Зейін (алты жасында) молданың алдын көрмей-ақ арабша оқи да, жаза да алатын болды. Жұрт жағасын ұстап, таң қалушы еді. Оған кіші апам (Жүкен ағаның бәйбішесін мен солай атайтынмын), балама көз тиер деп тіл сұқтан сақтай гөр деп жаман қорқатын. Зейіннің жастай хат тануына ең алдымен Жүкен ағаның өзі себеп болды. Баласының бір көргеннен жаңылмайтын, бір естігенін ұмытпайтынын байқаған соң мұны оқытуға көңілі кетті де, әуелі өзі оқытты.

Менің де арабша сауатым ерте ашылған. Жүкен аға өзінің қолы тимей қалғанда, Зейінді сен де оқыт деп маған тапсырушы еді. Мінезі сүйкімді, өзі зерек, зейінді болған соң бұл бала, Жүкен аға мен кіші апам ғана емес, бәрімізге қадірлі болды, бәріміз жақсы көретін едік. Мен әкеден жастай қалдым едім ғой жоғарыда. Мені қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқытпай өсіріп, адам қатарына қосқан Жүкен аға. Үйлендірді, шаңырақ иесі болдым, сол ағаның арқасында оқып, сауатты адам болдым, өмір бойы орта қол қызмет атқардым. Егер Жүкен аға болмаса, ана заманда мен сияқты жетімді елдің қу аяқ ауылнайлары, болыс, билері талап жейді. Және, енді жасыратын ештеңе жоқ, менің әкемнен әжептәуір дәулет қалыпты.

Оған қызықпайтын болыс болмады ма ол кезде, ауылнай болмады ма. Жүкен аға ешкімге ақысын жібермейтін сөзшең, шешен әрі ағайын ортасында беделді, реті келсе қамшы мен сойыл да жұмсап жіберетін қайсар, қайратты адам болды. 1916 жылғы призыв кезінде елге шыққан урядниктер болыс, билерге, ауылнайларға ырық бермепті. Патшаға жігіт бермейміз деп қол жинапты.

Бұл үшін, әрине, әркімдер оның соңына түседі қой. Сөйтіп жүргенде, біздің Жүкен аға бастаған жігіттер болыстың

поштабайын ұстап алып, оңашада сырыңды айтпадың деп сабапты. Сол үшін Жүкен аға сол жылдың қысында бес жылғы ит жеккенге жер айдалды. Бірақ, көп жүрген жоқ, 1917 жылдың февралінде төңкеріс болып, патша тақтан құлаған соң, Кереку түрмесінде үш-төрт ай жатып қайтып келді.

Жүкен ағаның маған жасаған қамқорлығы үшін өзім ес білгенде оның алдында үлкен қарыздармын деп санадым. Ат жалын тартып мінген соң ағаның алдындағы борышымды қалай қайтарсам екен деген ойда жүрдім. Ол кезде мен Баянауылда біреуден ілгері, біреуден кейін қызмет атқарып жүргенмін. Сол жылдарда Жүкен ағаның Зейіннен үлкен ұлы Сағымбай ауылда ашылған совет мектебінде оқып, әбден сауатты болған. Ол да өткір тілді, зерек болып өсті.

Бір барғанда Жүкен аға мен кіші апам — Сағымбайды маған беріңіздер, мен оқытамын, — дедім.

— Е, жарайды, — деді Жүкен аға. Сенің қолыңнан алар дейсің бе және оқудың заманы туды. Бұл заманда оқымай қалғаннан өкінішті ештеңе жоқ. Кіші апам үндеген жоқ, байқаймын баласын қимай отыр. Жүкен ағаға бір, маған бір жаутаңдап қарай береді. Ол кезде Жүкен ағаның үйінде баланың басыда азайып қалған. Қыздардың бойжеткендері ұзатылып кеткен, қалғаны сол Сағымбай, Зейін, ең кенже қызы Мәрзия үшеуі ғана. Егер мен Сағымбайды алып кетсем, үйінің бір бұрышы үңірейіп бос қалатындай көрініп отыр оған. Туыстық жағынан кіші апам маған шеше ғой. Бірақ мен Жүкен ағаның інісіндей болып өскендіктен, кейде қайнысындай еркелей, қытығына тиіп қалжыңдап қоятынмын.

— Сағымбайды бір-екі жыл Баянда оқытамын да, содан кейін туу-туу Мәскеуге жіберемін, — дедім.

— Қойшы үйбай, сонша алысқа, — деп шыр ете түсті кіші апам. Жүкен аға қарқ-қарқ күледі.

Сөйтіп Сағымбайды мен алып кеттім. Менің қолымда алты-жеті жыл оқыды.

Әуелі Баянда, бірер жылдан кейін менің қызметім Павлодарға ауысып, көшіп келдік те, Сағымбай сонда орта мектепті бітірді. Оқу бітірісімен-ақ, қызметке тұрды. Әуелі комсомол

қызметіне алынды, одан көп ұзамай Павлодар округтік партия комитетінің үгіт-насихат бөлімінде қызмет атқарды.

— Енді Зейінді оқытуымыз керек, — деді, бір күні Сағымбай.

— Осы жаз елге барамын да, соны алып келемін.

— Әбден дұрыс, — дедім мен.

— Мені Жүкен аға оқытты, енді сен Зейінді оқыт.

— Зейін өскенде кімді оқытады? — деді ол.

Табылады ғой, — дедім мен. Бізде ол кезде оқу жасында жеткен бала жоқ.

Бала тумады емес, туды, бірақ алғашқылары көп тұрмай шетіней берді. Сағымбай қызмет істеп жүргенде осы Мәкіжаным (Мәкиза) бірге толмаған еді.

Сағымбай оны:

— Сені Зейін оқытады, иә, Мәкіжан, — деп жерден көтеріп алды да бауырына басып, бетінен сүйді. Сол жылдың күзі Зейінді Павлодарға алып келіп, орыс мектебіне оқуға түсірді. (Бұл ұмытпасам 1928 жыл болу керек).

Зейіннің зеректігін қараңыз. Ауылда алғаш ашылған совет мектебінде оқып, көп болса төрт, әйтпесе үш класты бітірген бала ғой.

Орыс мектебінде оқи алмас, — дедім мен.

Жоқ, біздің Зейін зерек, оқып кетеді, — деп болмады Сағымбай. Ол да өз айтқаны болмаса, басқаның сөзіне көне қоймайтын жігіт еді, айтқанындай Зейін қыс ортасына дейін қиналыққырап жүрді. Содан былай қарасақ Зейініміз орысша сөйлегенде мүдірмейді. Қысқасы сол жылы өзімен қатарлас оқыған орыс, қазақ балаларының үлгерім жағынан шаңына ерітпей, екінші класты үздік бітіріп шықты. Содан үзбей Павлодарда тоғыз жыл оқып, орта мектепті тәмамдады. Алтыншы, жетінші кластарда мектептің қабырға газетіне орысша сықақ әңгімелер, өлеңдер жазып жүріпті. Және қазақ, орыс тілдерін бірдей біледі.

— Айтпап па едім, мен сізге, біздің Зейін өнерлі болады деп, дейтін еді Сағымбай маған.

— Қойшы, қалқам. Кейін көрерміз, — дей салатынымын мен. Олай дейтінім, шынымды айтайын, мен де ерте туып, ескі

заманның тәрбиесін алған адаммын ғой, балаға көз тие ме деп сақтық ойлайтынмын.

Зейін орта мектепті бітірген жылы Сағымбайды Қазақстан өлкелік партия Комитеті қызметке шақырады. Сол жылдарда оның денсаулығы нашарлай бастап еді. Жөтел көбейіп, жүдеп кеткен. Алматыға келуіне мен ашықтан-ашық қарсы болдым.

— Маған салсаң Алматы түгіл осы Павлодарды да қой. Елге бар. Тіпті қызметсіз отыра алмаймын десең Баянға бар. Оның ауасы жақсы, әрі ел іші. Саған қымыз керек, — дедім. Ондайға көне қоятын Сағымбай ма:

— Түу, Дәке, — деді ол. Баянда бар ауа мен қызмет Алматыда да бар. Оған қоса Алматының дәрігері күшті. Бәрінен де Алматыға апарып Зейінді оқыту керек, — деп жолға қамданды.

1931 жылдың күзінде Алматыға келіп, өлкелік партия комитетіне қызметке орналасты. Зейінді жолдамамен Москваның редакциялық баспа институтына оқуға жібертті. Екі жылдан кейін әдебиет, философия, тарих институтына түсіп, ақырында соны бітіріп шықты ғой.

Москваға алғаш оқуға кеткен жылы Зейінге аздап болса да мен де көмектестім, Сағымбай да көмектесті. Қаражат жағынан таршылық көрген жоқ. Ал бірер жылдан кейін ол бізге көмектесетін болды. Сөйтсек ол оқып жүргенде-ақ, Москвада шығатын жастар газетіне, журналына орыс тілінде, Алматының, Павлодардың газет-журналдарына қазақша қысқа әңгімелерін бастырып ақша табатын болған екен.

Сағымбайдың сырқаты Алматыға келген соң ауырлай бастады. Бұл қаланың ауасы жақпады ма, жөтел де асқынды. Оның үстіне жүрек ауруына шалдықты, енгігіп, алқынып жүре алмай қалатын болды. Дәрігерлер оған солтүстік жаққа бар, сенің жүрегіңе сол жақтың ауасы дұрыс болар депті. 1932 жылы өлкелік партия комитеті Сағымбайды Қызылжардың округтік партия комитетіне қызметке жіберді. Оның Қызылжарға барғанын естіп, әлдеқандай күн туады, бірге болайық деген оймен Павлодардан мен де көшіп бардым үй-ішімен. Бірақ Сағымбайдың сырқаты меңдей берді. 1933 жылдың март-апрелінен былай қызметке жарамай, төсек тартып қалды.

Ақырында жаз шыға қадірлі Сағымбай бауырым 30 жасында туберкулезден қайтыс болды.

Сағымбайдың өлімі бәрімізге де батты, әрине. Әсіресе, Зейінжанға батты. Ас-судан да қалды, бұрынғыдай жарқылдап сөйлесу, қарқ-қарқ күлу де жоқ, қабағы ашылмайды, үнлей береді. Кейде жылап та алатын еді, онысын маған, жеңгесіне көрсетпеген болады, бірақ көзінен байқаймыз.

— Мұныңды қой, қалқам, — деп басу айттым мен оған. Өзімнің де құр жаным жүр. Сөйтсем де өзім мықты көрініп, Зейінге қайрат беремін.

— Өлген қайтып келмейді. Өлгенмен бірге өлмек жоқ, қолдан келетін тағы жоқ, қажымайық, қайратқа мінейік, — дедім.

Күзге қарай Зейінді Москваға оқуына аттандырдым. Содан кейін қыс болса Москвада оқиды, хат-хабарын үзбейді, оған қоса, Қазақстанда шығатын газет-журналдардан оның жазғандарын оқып, өлгенім тірілгендей, жанғандай қуанамын, шүкіршілік етемін. Әдебиет майданы (қазіргі «Жұлдыз») журналында мақалалары да басылып жүрді. Бетің-жүзің демей, адамның шымбайына бататын етіп жазады. Бала күніндегі қайсарлығы қалмаған екен деймін, мен ішімнен. Өстіп жүріп досын азайтып, жауын көбейтіп алады-ау деп қауіптенетінмін. 1937 жылдың күзінде Москвадан оқу бітіріп, Алматыға келді де, Коммунистік журналистика институтына сабақ берді. Бірақ, ол қызметі көпке бармады жаңа ғана ашыла бастаған гүлдің шалдығып семгеніндей, жаңа шарықтап аспанға көтеріле берген бидайықтың қанатына оқ тиіп құлап түскеніндей, жаңа ғана көзін ашып, дүниеге күле қараған сәбиді біреу төбеге ұрғандай болды. Зейін тұтқындалыпты деп естідім. Жазықсыздан-жазықсыз-ау. Оған көзім жетеді. Бірақ қолдан келері жоқ, дымыңды сыртына шығара алмайсың, тек жаным бар дегенім болмаса, өлгенмен бірдеймін. Екі інімнен бірдей айрылдым, енді маған не қалды. Аяматын нем бар, тіршіліктің не сәні бар. Өліп-ақ кетсем қайтеді, — деймін. Бірақ өлмедім. Өзімді қимағандықтан емес, зарлап қалған апа-қарындастарымды, сол кезде шашы жалпылдай бастаған,

мектепке оқуға барып жүрген Мәкіжанымды, тілі балдай тәтті, аяғын жаңа ғана апыл-тапыл басып жүрген Саханы қимадым.

Саха демекші, осы арада Саха туралы да айта кетейінші. Саха менің жалғыз ұлым. Зейін Москвадан оқу бітіріп, Қызылжарға келіп біздің үйде жатқанда туып еді. Балаға ат қоюға келгенде:

— Мен қоямын, — деді Зейін.

— Қой, дедік біз. Оған қарсы боламыз ба? — Кім деп қоясың?

Саха деп қоямын.

— Сахаң не, Зейінжан-ау, сондай ат бола ма екен, — дедім мен.

— Қойсын, солай-ақ болсын, қайтармашы бетін, — деді Теміржан (менің жұбайым).

— Әне, сіздің Темке ақылды, — деп қарқ-қарқ күлді де, жеңгесін барып құшақтады. Саханың кім болғанын қазір айтпаймын, кейін білесіз, — деді маған бұрылып.

— Жарайды, болсын.

Сонымен баланың аты Саха деп қойылды.

Кейін байқасам Зейін Жетісу өлкесінде Совет өкіметін орнату жолындағы күрес тарихын ерте зерттеген екен. Сонда Саха Сағатов дейтін күрескер болыпты. Ол кейін Зейін шығармаларында көрнекті орында екенін оқушы қауым біледі. Сол адамның бейнесі Зейінге сол кездің өзінде-ақ ұнаған екен.

Інісінің атын Саха қоюы содан екен. Осы арада тағы бір айта кететінім Саханы Зейін ұзақ сапардан қайтқан соң өз қолына алып оқытты, жоғары дәрежелі білім әперді, үйлендірді, қызметке тұрғызды. Саха қазір маман инженер, үйлі-баранды жігіт. Саха үй болып шыққан соң, — Сіздің алдыңыздан құтылдым-ау деймін, ә, Дәке, — деп қалжыңдайтын еді.

— Құтылдың, қалқам, — дейтін едім мен.

Сонымен, Зейін 1938 жылдың қаңтарында қамалып қалды. Сонда жиырма бестен жаңа ғана асқан еді. Екіден жаңа асқан Қаракөз бен жаңа туған Қарлығашты бауырына басып Жәмилә келін қалды екі көзі бұлаудай болып. Ол кезде оларды қамқорлығыма алып көмектесетін қауқар менде де шамалы,

ит көзі түтін танымас тұрмыс кешіп жүре берді екі жетім мен жесір әйел. Көпке дейін Зейіннен хабар жоқ. Өлі екені, тірі екені белгісіз. Біраз жылдан кейін күдер үзе бастадық. Жүкен ағаның шаңырағы біржола құлады деймін ішімнен. Оны ойласам, буын-буыным одан сайын босап, не болғанымды білмей кетемін. Сөйтіп жүргенде, Зейін тірі деген хабар жетті. Оған сенерімді де, сенбесімді де білмеймін. Тек тірі болғай деп тілеймін. Тірі болса тауды да тесіп шығады деп өзіме-өзім қайрат беремін, солай деймін де үй ішін, туысқандарды қуанытып қоямын. Айдауда он жыл жүріп Зейін қайтып оралды. Тірі көрдік, қуанышымызда шек жоқ. Отыз екінші жылы қайтыс болған Жүкен аға да, қайтыс болғанына он төрт жыл өткен Сағымбай да тірілгендей. Зейіннен айырылған соң олардың уайымы ұмытылып кеткен.

Зейін, әрине жүдеп келді. Денсаулығы да төмендеп кетіпті. Өзі әуелден жұқа еді, шығыстан келгенде бұрынғы қоңырқай жүзі сұп-сұр. Тек бақырайған көзі, үстіңгі ернінің су ағарына ғана қоятын бір шөкім мұрты. Жөтеледі, кейде демігіп қалады. Сүтке күйген аузым қаймаққа беттемейді дегендей, япырай ауруға шалдығып кетпесе, туберкулезге айналса енді не істеймін деймін ішімнен. Оны ойласам баяғы Сағымбай келіп алдыма тұра қалатындай болады, басын көтеруден қалған күндері елестейді. Тағы солай болар ма екен. Бұл неғылған тағдыр бізді аямайтындай деп налимін басқаларға білдірмей. Барды Зейіннің аузына тосамыз. Содан ба, өзінің өлімге де көнбейтін қайсарлығы ма, бірте-бірте оң кіріп, тәуір бола бастады.

Арада біраз уақыт өтті. Бір күні, — маған қаражат тауып беріңіз, Омбыға жүремін, — деді.

— Неге жаным-ау? Әбден көтеріліп, тынығып алсайшы, — деймін мен.

— Жоқ, болмайды. Уақыт өтіп кетеді.

Сөйтсем, бұл Иркутск маңында лагерде жүргенде бір үлкен дәрігердің қоластында қызмет істейді — медбрат болса керек. Ол дәрігер айдалып барған кісілігі зор, сонымен қоса асқан ғалым екен. Зейіннің зейінділігін байқады ма, оқытады, кітап

құралдарын түгел тауып береді. Зейін сол алты-жеті жылдың ішінде сырттан оқыған тәрізді. Фтизиатрлық туберкулезді емдейтін дәрігер мамандық алып шығады. Бірақ, дәрігерлік диплом беретін орын ол арада жоқ. Жолда келе жатып Омбының медициналық институтына соғып, жайын айтады, институт басшылары «экстренно» емтихан қабылдап, диплом бермек болады.

Зейіннің Омбыға барамын дегені сол екен. Сол арада менің баяғы тірі болса тауды да тесіп өтеді, дегені есіме түсті. Күлемін. Қуанып күлемін бе, таңданып күлемін бе білмеймін.

Барымызды жинап беріп, жетпегенін қарыз алып, Зейінді Омбыға жөнелтік, екі айдан кейін дипломын алып қайтып келеді. Қуаныш үстіне қуаныш, той үстіне той.

Жаз шыға Зейін Көкшетаудағы туберкулез ауруын емдейтін Боровой санаторийіне дәрігерлік қызметке орналасады, біраздан кейін Бармашино санаторийінің бас дәрігері болды. Осы қызметті ол бес-алты жылдай атқарды. Бір ғажабы ол өзінің мамандығы, білгірлігі жағынан осы ауруға қарсы ондаған жыл күрес жүргізіп келе жатқан байырғы дәрігерлерді таң қалдырыпты.

Зейіннің беделі де артты, тұрмысы да жақсарды, бастан өткен қилы оқиғалардың бәрі ұмытыла бастады. Дәрігерлік мамандықты қанша игергенмен, оның жолындағы еңбегі қаншалықты жемісті болғанмен, Зейіннің әуел баста әдебиет деп ашылған көкірегі соны аңсады да жүрді. Жазуды қайтадан қолға алды. Бармашинода болған жылдарда «Наступило утро», «Темірқазық» повестерін жазып, бастырды. «Тоқаш Бокин» романын сонда бастады.

Денсаулығы әбден түзелді деп білген болу керек, Зейін 1955 жылдың аяғында Алматыға көшті.

Келесі жылы амандықтарын білейін деп, әрі өздерін көргім келіп сағынып Алматыға келдім. Қуана қарсы алды, әрине. Таңертең мен танымайтын бір жігіт келді. Оны маған Дәулет Жиреншин деп таныстырды. Ол жігіт Жетісу өлкесіндегі азамат соғысының тарихын зерттейді екен. Зейінге Тоқаш Бокин романын жазуына керекті материал беріп тұрады екен.

Екеуінің әңгімесінен мен, Тоқаш Бокин Алматыдағы Фрунзе семинарияда оқығаны, патшаның 1916 жылғы июнь жарлығы кезінде Жетісу қазақтарынан соғыстың қара жұмысына жігіт бермеу жөнінде көтеріліс басқарғанын, Петербургта әлденеше рет болғанын, қаладағы офицерлер арасында оған теңдес биші болмағанын, елі үшін жанын аямаған күрескер екенін білдім.

— Ол қайда қазір? — деп сұрадым сөз арасында.

— Оны 1919 жылы жаулары азаптап өлтірді, — деді Зейін.

Олай болса кітап жазуға тұратын адам екен.

— Әрине, сол үшін ғой — біздің күн демей, түн демей отырғанымыз.

Тоқаш жөнінде роман жазу үшін Зейін Жетісу бойында бірқатар жерді аралапты. Жетісу Совдепі (Тоқаш сол Совдеп басшыларының бірі болған екен) тұрған үйлерде болыпты. Талай архивті де ақтарған көрінеді.

— Бұл адамның бір қызығы, оны мақтап жазған қағаздар да, жамандап жазғандар да толып жатыр. Осының өзі оның бейнесін аша түсуге, үлкен көмек, — деді Зейін.

— Бұл кітабың қашан бітеді?

— Жазу жұмысы аяқталып қалды. Осы бірер айда баспаға тапсырамын. Амандық болса, ендігі жылдың аяғында бір соқсаңыз Тоқаш ағаңыз алдыңыздан шығар, — деп жымиып күлді. Зейіннің маған ағаңыз деуінің жөні бар екен, байқап келгенде Тоқаш менен алты жас үлкен болып шықты.

Келесі 1957 жылдың аяғында Алматыға тағы келдім. Айтқандай, «Тоқаш Бокин» романы шығыпты, бірнеше данасы шкафында тұр. Қуанышында шек жоқ.

— Жақында ғана шықты. Әлі сырты да кепкен жоқ, — деп біреуін алды да, өз қолымен маған арнау сөз жазып берді. Мен орнымнан тұрдым. Кітаппен қоса өзін де құшақтадым, бетінен сүйдім. Қайырлы болсын, жаным. Тек денің сау болсыншы, — дедім. Көзімнен жас та шығып кетсе керек.

— Мұныңыз не? — деп Зейін қарқ-қарқ күліп қайта құшақтады, арқаға қақты.

— Қайтейін, қарғам. Қуанған да бір, қорыққан да бір демей ме қазақ. Баяғы он жыл есіме түсіп қорқып кеттім де, кітабыңды көріп қуанып кеттім, — дедім.

— Енді не жазып жүрсің? — дедім әбден жайғасқан соң.

— Енді «Теміртау» деген роман жазып жатырмын.

Былтыр келіп кеткеннен кейін Зейін Қарағандыда, Теміртауда бірнеше рет болыпты. Солар туралы бірдеңе жазып жүр деп естігенмін. Қарағандыда тұратын қарындасы да (Зейіннің туған апасы Олжабай, кейін оны Лиза атап кетік едік), Мейрам күйеуі де маған жазған хаттарында солай деген.

— Ол не туралы? — дедім мен.

— Ол қазақ даласында ірі өнеркәсіп орындарының құрылуы, қазақтың қара домалақ ұлдары мен қыздарынан сол өнеркәсіпті басқара алатын үлкен мамандар өсіп жетілгенін көрсететін шығарма болады.

— Өзіміздің Баянауыл маңынан ешкім бар ма? — дедім қалжыңдап. Менің ойым қалжың болғанмен ол шындап түсініпті және менің сұрағыма үлкен мән беріпті.

— Болады, — деді. — Болады. Осыған Асекеңді қоссам ба деп жүрмін. Ол да өзім сияқты өтірік жаланың азабын көрген адам ғой. Онысы — Асқар Сыздықов деген азамат. Қазақ жігіттерінен партизан отрядын құрып, Дутов бандаларымен қан төгісіп шайқасқан. (Асқар бертін, Зейіннен бұрын қайтыс болды). Көп ұзаған жоқ, «Теміртау» романы да шықты. Оны да оқыдық. Ол туралы газет бетінде әркімдердің мақаласы басылды. Бүгінде шығарманы қуана қарсы алғаны, мақұлдағаны көрініп тұр. Сын айтқандар да болды. Сондай кесек шығарма, жаңа тақырып туралы ала-құла пікір болмай ма. Мынасы дұрыс екен, келешекте түзетер деймін де қоямын ішімнен.

Мен сол жылдарда Алматыға жиі келетін болдым. Зейінді сағынып тұрамын. Катя (шын аты Мұғзима) келінім қандай еді. Ағажандап, күліп тұрған бір адам. Зейіннің ана жақтан жұқарып келген денсаулығының түзеліп кетуіне, творчестволық жұмысының өрге басуына өзінің де қажыр-қайраты себеп болған шығар. Екінші, ең негізгі себеп осы

Катя келіннің күтімі болды деп есептеймін. Адам қызметті үйде істесін мейлі, түзде істесін мейлі еңбегінің жемісті болуы көбінесе үй жағдайына байланысты болатыны кімге болса да белгілі ғой. Қашан келсем де стол басына кітап қарап, қағаз жазып отырған Зейінді көремін. Мен келгенде екеуі бірдей балаша қуанады. Зейін жазуында тоқтатады. Бірақ байқаймын, мен тек ұйықтап кетсем немесе тысқа шықсам столына барып отырады. Осы шіркінге бөгет жасап жүргенім жоқ па? — деймін ішімнен. Сұрастыра келсем, оның оңашадағы режим мүлде басқаша екен, одан таймайды екен. Ол жайында өзінен, келінімнен сұрап білгенім мынау: Таңертең сағат жетіде тұрады екен де, бір сағатқа таяу далада серуендеп жүріп қайтады екен. Үйге келіп, өзінің денсаулығына сәйкес жасап алған тәртібі бойынша (өзі дәрігер ғой) гимнастика жасайды екен. Содан кейін жуынып, денесін суық суға салып, сығып алған сүлгімен ысқылайды екен. Сүртініп, киініп жұмысқа отырады екен. Сағат онда келін таңертеңгі шайды дайындайды, оны ішіп, қайта отырады. Содан сағат бірге дейін қағаздан бас алмайды.

Сағат бірде далаға тағы шығып кетіп, екіге дейін серуендейді. Екіде үйге қайтып келгенде түскі тамақ әзір. Тамақтанып алады да жатады, сағат беске дейін ұйықтайды. Одан тұрып жеңіл-желпі тамақ ішіп, далаға қайта шығады.

Сағат жетіде қайтып келіп столға отырады, содан түнгі он бірге дейін. Есептеп келгенде, Зейін сол жылдарда күніне 12-13 сағат жұмыс істейтін еді.

— Қалқам-ау, осынша жұмыс не жаныңды қояды, өзіңнің денсаулығың әуелден нашар. Сақтану керек емес пе? — дедім бір отырғанда.

— Туу, Дәке-ай, сіз қызықсыз, — деп тағы қарқ-қарқ күлді, — денсаулығымның нашар екенін өзім де білемін. Сондықтан асығуым керек. Дені сау адамның асықпауына болады. Алдыма әлі көп жыл бар деп сенеді ол. Ал мен ше? Мен сізге көңіліңізге келсе де шынымды айтайын, сіз көзіңіз ашық, өмір танитын адамсыз, түсінесіз. Менің бір өкпем мүлдем жоқ, қысылып, құрысып қалған. Ал сау өкпем жүрегіме жел жеткізіп бере

алмайды, демігетін себебім сол. Ол бара-бара асқына бермесе қайтадан қалпына келіп жазылмайды...

Мен көзім бажырайып қадалып барамын.

— Неге қарадыңыз. Мен шын айтамын, — деп тағы күлді.

— Қойшы, қалқам, адамның зәресін алмай, — дедім мен.

— Маған тағдыр жүз жыл тіршілік бермейді. Жүз жыл түгіл...

— Қой деймін енді, — деп ренжіген рай білдірдім.

— Рас, Дәке, рас, оған құдайдай сеніңіз... Менің ызамды келтірейін дей ме, күледі. Әлде шындықты айтайын, бойы үйрене берсін дей ме екен, асыл бауырым, асқар тауым.

— Сондықтан мен әл-қуат барда жазып қалуым керек.

Жүрегім шошып кетті. Осы бір кетті өзі жан түршігерлік әңгімесі түскір қайдан туып кетті. Соның бетін бұрайыншы деп ойлады да, — енді не жазып жүрсің? — дедім.

— Енді дәрігерлер өмірінен, соның ішінде өз өмірімнен бір шығарма жазбақпын.

— Өз өмірің болғанда, анау он шақты жылды түгел көрсетесің бе?

— Жоқ. Оған соқпаймын. Қайтемін оны. Өтті-кетті. Өкінетін ғана бір шолақ кезең болды. Және ондай тағдырға жұрттың бәрі ұшырай берген жоқ қой, біз сияқты бірен-сарандар ғана. Оны бәрі де осылай болып еді деп (сообщение жасап дегені шығар) көрсетудің қажеті жоқ, — деді Зейін.

— Дұрыс айтасың. Кетсінші, сол бір жылдар, қарасы өшіп. Келешек ұрпақ көрмесін де, білмесін.

Екі жылдан кейін айналып тағы да бір келдім. Дәрігер туралы жазамын дегенін жазып бітіріпті, ол — «Доктор Дарханов» деген атпен басылып шығыпты.

— Шықты. Міне, — деп оның бір данасын берді. — Осы күнде жазушылардың көбінің аузында осы менің докторым. Біреу былай дейді, біреу былай дейді. Тіреп, сойып жүргендер де жоқ емес. Жұрттың бәрінің ойынан шыға беру қиын ғой. Екі жылда бір роман жазып шығарды деп, соны маған қимай, көпсініп жүргендер де болуы мүмкін. Бірақ көпшілік оқушыға кітап ұнаған сияқты. Телефон соғып, құттықтағандар да, шын

жүректен пікір айтқандар да көп. Әр жақтан хаттар да келіп түсе бастады. Кемшіліксіз дүние бола ма, бар шығар ондай мүлт кеткен жерлері. Ондайларды кейін түзетеміз ғой.

— Соныңдұрыс, қалқам, — дедім (Зейін ол кезде елуден асып кеткен адам, бірақ мен оны баяғы бала күніндей әдет бойынша өле-өлгенше қалқам деп кеткем). Жан ашыр досың шын жүректен мына жерің теріс десе, оны мойындағаннан артығы жоқ. Оған ренжімеуіміз керек. — Жасы үлкен адамның бәрі өзінен кішіден ақылдымын деп санайтын әдет бар ғой. Мен де өзімді Зейіннен ақылдымын деп санадым ба екен, әйтеуір оған ақыл айтып жатырмын. Ол маған ешуақытта қарсы келіп, көңілімді қалдырған жан емес қой. Ең болмаса сөзді қалжыңға бұрып жіберуші еді.

— Дұрыс қой әрине, Дәке, — деді бұл жолы.

Қызылжарға қайтып барған соң: — Зейіннің «Доктор Дархановы» жазушылардың жиналысында қатты сыналыпты. Сынның қайбірі сыңар жақ болса керек. Әділетсіз сынға көнбей, Зейін қатты ренжіп жүрген көрінеді — деп естідім.

Осы жөнінде газет-журналдардан да оқыдым. Осындай кикілжің пікірлер денсаулығына әсер етпесе жарар еді, деп жүрегіме түткіл алдым да қойдым.

Енді бір барғанда шатақтан аулақ бол дейінші. Айтқанымдай, Зейін әжептәуір сырқат екен деген хабар жетті. Бұл жаңылмасам, 1964 жылдың бас кезі. Содан көп ұзамай, Катя келін кенеттен қайтыс болды. Соған келіп енді қайтар кезде:

— Жазуды қойдың ба? — дедім.

— Пәлі, — деді Зейін. — Жазылайын деп тұрған жазуды кісі қоя ма екен. Оны айтасыз, тағы бір роман жазып бітірдім. Ол өзіміздің Баянауыл төңірегінің бүгінгісі туралы. Жазушы адам өзінің туып-өскен жерін бір шығармасымен есте қаларлықтай етіп көрсетіп кетпесе оны сол жердің аты мен суы кешер ме?

Япыр-ай, — дедім ішімнен, туып-өскен жерді кім сағынбайды. Оның алдында кім бас имейді. Оқып көрер ме еді.

Менің осы ойымды білгендей Зейін шкафынан бір үлкен папка алып берді. — Мінеки, оқимын десеңіз. Бәрі сізге таныс жер, таныс адамдар да кездесуі мүмкін, — деп тағы күлді. Ол

«Сенім», романы екен. Бұл Зейіннің ең соңғы шығармасы еді ғой. Одан кейінгісі әрі жерлесі, әрі жазушы досы Зейтін Ақышевқа ауруханада жатып орысша жазып қалдырып кеткен, туған жері туралы толғау, деген очеркі (мазмұнына қарағанда очерк бітпей қалған.)

Қолжазбаны екі күнде оқып шықтым. Бәрі таныс, бәрі рас. Бірақ шатақ жерлері бар.

— Осындай шатақта нең бар? Өне бір жерлерді алып тастасаң болмайтын ба еді, — дедім.

— Болмайды, — деді. Көнетін түрі жоқ. Өзің білесің, деп қоя салдым.

Мен ренжіп қалды деді ме екен. Қайтадан күлімсіреді.

— Таныс ешкім бар ма екен? — деді.

— Қайдан білейін, мен ол елден кеткелі не заман. Менімен тұстастардың көбі жоқ. Жастардың бірін де білмейтін шығармын.

— Баянда Сәрсенбек, Дүйсенбек дейтін екі ағайынды жігіт болыпты. Екеуі де балташы. Олар есіңізде ме?

— Есімізде, білемін.

— Білсеңіз осындағы агроном Нұрлан сол Дүйсенбектің баласы. Шынаты Зайролла. Қазір осындағы ауыл шаруашылық институтында доцент, ғылым кандидаты.

— А-а? — дедім мен тек. — Бірақ осы. «Сенімнің» де докторы сияқты басыңды әлекке салмас па екен?

— Шындық үшін әлекке түскен баста арман жоқ! — деді ол.

Шәшкенің әкесі Бекше Абылайхан тұсында қол бастаған батырлардың бірі болған екен. Ол кісінің сүйегі Түркістандағы Қожа-Ахмет Яссауидің мазарында деп естігенбіз.

— Әдейі барып бабамыздың басындағы құлпытасты көрдік. Аштырдым, тазарттырдым, жазуын жаңарттырдым, Тіршілік болса заманға бір оралып, бір үлкен шығарма жазсам деп жүрмін. Жинаған материалым жеткілікті, — деді.

— Мұның да бір керек нәрсе екен. Тілектеспін, қалқам, — дедім.

Келесі жылы. «Сенім» де шықты. Басуын басылса да, тарауын біраз тоқтатып тастады. Орталық Комитеттегі әдебиет

танитын әділ азаматтар араласқан соң ғана, шығармада бөтен ой жоғына көз жетті, кітап тарады.

Бірақ, осыдан кейін Зейінде титықтап қалды. Денсаулығы мүлде нашарлап, төсек тартып жатып алды. Ақырында 1966 жылдың 29-наурызы күні 54 жасқа толмай Зейін ауруханада дүниеден қайтты. Бұл хабар төбемнен жай түскендей болды, әрине. Асқар тауым құлады, шамшырағым сөнді Қызылжардан қалай келіп, кеткенімді білмеймін. Тек күңіренген, күйзелген жолдастарын, достарын көремін. Бұрын олардың көбімен талай рет аралассам да, қайсысы-қайсысы екенін білмеймін, көзіме жас толып кетсе керек, танымаймын. Тек әр жерде кезек-кезек шырылдап келіп Мәкіжан, Қаракөз, Қарлығаш, келінім Мәриям мені құшақтап көріседі, маған мұңдарын шаққандай болады. Менің есім шығып кеткен, оларға бір ауыз тіл қатпай, әрқайсысына жалтақ-жалтақ қарай беріппін.

Екі күннен кейін бүкіл Алматы болып Зейінді өзінің мәңгі қонысына қондырды. Қабыр басында біреулер сөз сөйлегені есімде, бірақ кім сөйледі, не айтты, оны аңғарғаным жоқ. Табытта беті ашық жатқан Зейіннің жырта қарыс маңдайынан, пышақ сыртындай мұртынан, құп-қу болған жүзінен көзімді алғаным жоқ, қадалып қарап тұрдым. Көзіңді ең болмаса бір рет ашшы дегім келеді, бірақ тілім икемге көнбейді, дыбысым шықпайды, сөйлей алмаймын.

Табытты жауып, біреулер қабырға түсіре бергенде, енді біреулер мені қолтықтап кейін шегіндіре берді, сол кезде көзімді жұмып қалдым-ау деймін, содан кейін не болғанымды білмеймін. Үй толған адам, бәрі де Зейіннің жолдастары, достары, туыстар, ағайындар.

— Дәке, есіңізді жинаңыз, тамақ ішіңіз, қалжырап қалдыңыз, қолдан келер жоқ, өлген қайтып келмейді болған іске болаттай берік бол деген. Зейін сізге ғана емес, бәрімізге қымбат еді. Зейіннің өліміне барлық халқымыз, Қазақстанның үкіметі мен партия орындары күйзеліп жатыр, міне көріңіз, Қонаев жолдас бастаған партия мен үкімет басшылары Сіздерге, ағайын туыстарына, балаларына, бәрімізге көңіл айтып, азалы хабар жариялапты. Міне, деп сол күндерде

шыққан газетті алдыма алып келді. Көзімді ашып қарадым, Зейінімнің суреті басылыпты, хабарға бірқыдыру адам қол қойыпты. Соны ғана көрдім, хабарда не делінгенін ол арада оқи алғаным жоқ. Дегенмен есімді жинай бастадым. Зейін бізге ғана емес, бүкіл халыққа, үкіметке керек екен. Бұған да шүкіршілік. Жүрекке тағы бір медет — өз кіндігінен үш бала қалды. Қаракөз бен Қарлығаш. Оларға Зейін оқу бітіртті, жоғары дәрежелі білім әперді, екеуі де қазір үйлі-баранды, тұрмыс құрды, бала сүйіп отыр. Ең кейінгі туған Гүлжан бір жаста еді. Ол да Зейіннің көзі емес пе, тұлпардың тұяғы, асылдың сынығы емес пе, біреу бұл кім? — деп сұраса Зейіннен қалған бала дегеннің өзі неге тұрады.

Келесі жылы Алматыға көшіп келдім. Мәкиза мен Саха да, Қаракөз бен Қарлығаш та, бәріне ақылшы болып отырған Рахметтула да (Мәкизаның жолдасы) белгілі жазушы Рахметулла Райымқұлов осында. Адамдар қаздай Қызылжарда жалғыз отыруымның реті келмеді осыларды ойлаймын да отырамын, күн батпайды. Бірақ, бір жылдан кейін қатты сырқат болдым. Жас келіп қалғандікі ме, өмірде көрген бейнет пен қайғы әсер етті ме, әйтеуір көз көруден, аяқ басудан қалды. Үш жылдай ауруханада жаттым, кереуетке арқамнан таңып тастағандай, қозғалу жоқ. Алматыда балаларым, бірлі-жарым ағайын-туыстар болмаса, тамыр-таныс жоқ болатын. Сөйтсе де күн құрғатпай халіңізді білейік деп едік деп ағылып жатқан адамдар, көбін танымаймын. Сөйтсем олар маған Зейіннің ағасы деп келеді екен. Жақсыдан шарапат деген осы.

«Көп тілеуі көл» деген бар ғой, ол да бар шығар, оған қоса, дәрігерлердің шеберлігі мен адамгершілігінің, қайтсе де осы адамды жазып шығарамыз деген қажырлы еңбегінің арқасында, ауруханаға зембілмен барған адам, одан өзаяғымен шықты. Оны айтасыз, бірер ай өткен соң Зейіннің алпыс жасқа толуын атап өтуге арналған салтанатты жиналысқа да қатыстым. Жиналыс М. Әуезов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының үйінде өтті. Зейіннің жасынан бірге өскен досы, әдебиет майданындағы қанаттас серігі, академик Мұхаметжан Қаратаев мерекелік комиссияның

бастығы болған екен, бәрін сол басқарды. Республикалық, облыстық газеттер Зейін туралы мақалалар басты. Олардың бәрін оқыдым. Жиналыста өзім сөз сөйледім. Жан бауырыма арнап жазған өлеңдерім бар еді, соларды оқып бердім.

Осының бәрі Зейін қайта тірілгендей әсер етті маған. Аздан кейін Қазақстан Жазушылар одағы, партия, үкімет орындарының келісімімен, Зейін шығармаларының толық жинағы алты том етіп шығару жөнінде қаулы шықты. Жазушы баспасы бірінші томын шығаруға дайындалып жатыр деген хабар келді. Зейіннің өлгені бекер екен, — дедім мен, өмірлік серігім Теміржанға, сүйінші сұрағандай күле қарап. Ол өлген жоқ екен. Жасы сексенге таяп, қарға адым жер мұң бола бастаған Теміржан да қуанды. Ол Зейінді өз ішінен шыққан баласынан артық көрмесе, кем көрмейтін. Зейін оған туған анасындай еркелейтін, жеңгесіндей қалжыңдайтын.

Маңдайы жарқырап, көзі күлімдеп, қоңыр даусымен есіктен сөйлеп кіріп келе жатқандай елестеп кетті. Сонда, халық құрметіне бөленген адам мәңгі өлмейді деген даналық сөздің растығына көзім жетті. Көп ұзамай Зейін шығармаларының бірінші томы да қолға тиді. Зейінім қайтып оралды.

Шашкин Дайырбай
ағасы

ӨМІР ҮШІН КҮРЕСКЕН

(Жазушы Зейін Шашкин туралы сыр)

Өнер өлкесіде көп, қатпар-қатпар. Ұшығына шығып, тұңғығынан сыр аулау да, сиқырлы өнер әлемінің тетіктерін тап басып тану да қиынның-қиыны, екінің-бірінің қолынан келер дүние емес. Әйтседе, өнер құдіретін меңгеріп, шыңырауларына қол арту өнерді мұрат еткен әркімнің-ақ асыл арманы екені кәміл. Арманға жеткендерден жетпегендер көп екеніне таласар кім бар?! Өнері танылып, дәріптелуі былай тұрсын жеңсіз мансұқталып, қара тізімге жазылып, шығармалары халық игілігіне жараудан ада-күде аласталғандар қаншама. Ұзақ жылдар бойы белең алған талай-талай әділетсіздік, озбыр өктемдік енді әйгіленіп, біртіндеп түзетіліп, жөңге келіп жатыр. Шәкәрім Құдайбердиев, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев және басқаларының қара тізімнен аласталып, халқымен қайта қауышуы, әдебиет мәселелері жөніндегі орталық партия комитетінің бірсыпыра қаулыларының теріске шығарылуы, басқа да жаңғырулар мен өзгерістер бүгінгі демократия мен еркіндік, егемендік дәуірінде мүмкін болып отыр. Ал архив құжаттарын ақтарыстырып отырсақ, жаужүрек Зейін Шашкин сонау елуінші жылдардың аяғында-ақ Мәшһүр Жүсіп Көпеев жөнінде, оның кітаптары, еңбектері орынсыз қараланып отырғаны жөнінде ара түсіп, үлкен мінбеден үн көтергеніне, Қазақстан орталық партия комитетінің әдебиет — мәселелері жөніндегі қаулыларында орын алған қиғаштыққа — қарсы шығып, ресми хат жазғанына көзіміз жетеді. Сол әрекеті үшін әмірші, сойыл соғар басшыларға ұнамай қалады, теперіш-қуғын көреді, сынға ұшырайды, шығармалары қақпайланады. Соған қарамастан, қайсар қаламгер моюды білмейді, жағаласа, арпалыса жүріп, ауруға да берілмей, үсті-үстіне жазудан тынбайды. Бірде жаңа повесімен, жаңа романымен жарқ етсе, бірде театр сахнасынан, бірде киноэкраннан атойлап, мен мұңдалап шыға келеді. Не деген қайсарлық, өршілдік! Кейде тіптен

қайран қалғандайсың. Кейбіреулер таусоғардай еңсегей қалпымен дәнге тындырмай шаршап жүреді, ұйықтап, қалғып қыруар жүреді. Ал ол, түрме мен айдаудан азып-тозып, ауру болып оралып, күркілдеп жүріп, соншалық қыруар іс тындырады, жарғақ құлағы жастыққа тимей, алыс жолдарға да шығып, ел аралай жүріп, өмір зерттейді. Өмірдің күнгейі мен көлеңкесіне үңіледі, елі жөнінде түйдек-түйдек шығармалар тудырудан жалықпайды. Ерлік демей не дерсіз бұны! «Сталинның зорлық-зомбылығынан жазықсыз жапа шеккен жолдастарыма арнаймын» деп айдар тағып, арнаулы пьеса, трагедия да жазады. «Кешегі қастық істегендер бүгін арамызда жүр. Асықпа, әрқайсысы өз сазайын тартады» деп эпиграф қояды. Осы пьесаның бас кейіпкері, өмірдің талай соққысын бастан кешкен репрессия құрбанының бірі — Аңғалбайдың аузымен мынадай сөз айтылады: «Сен бұларды жеңе алмайсың. Бірімен бірі ұштасып, байланысып қалған түйін, бірінің ұшынан тартсаң болды, ұршық жіптей тарқатыла бермек. Бірін-бірі қолдайды, бірін-бірі жақтайды. Партия бізді ақтап отырса да, жол бергісі келмейді... Осылар жазықсыз азап шегіп еді, қиын-қыстау тар жолдан келіп еді-ау, енді өмір сүрсін — деп қадірлеудің орнына, шынтағымен итереді. Сондықтан мен күрескім келмейді, күшім аз, өмірім аз, соны ақылмен пайдаланғым келеді».... Осы бір сөздер Зейіннің айдаудан келгеннен кейінгі, соңғы кезеңіндегі тірлік пайымы, жан әуезі секілді естіледі. Ол өмірінің аз екенін, сырқат болғандықтан күш-қуаты кемшілігін кәміл пайымдаған, сондықтан да қалған ғұмырын мейлінше ұтымды, ақылды пайдалануды, аз жылда көп жұмыс еңсеруді мұрат еткен. Сондықтан да, ол асыға жұмыс істеуге мәжбүр болды.

ЗЕРДЕЛЕЙ ҚАРАСАҚ, Зейін тағдыры, тәлейі күрделі, ойқышойқысы көп тағдыр. Қаршадайынан бастап, елудің ортасына да жетпеген қысқа ғұмырының ойпыл-тойпыл, алмағайып арпалыссыз, жағалассыз өткен кезеңі жоқтың қасы. Өмір үшін өлгенше күресумен өткен, егеске толы еңселі ғұмыр көз алдымызға келеді. Зейіннің жантайып жатып жіліктің майлы

басын мұжыған кезі жоқ десе болады. Тырмысу, тырбана еңбектену, арпалыс, жанталас, оның маңдайына жазылғаны міне, осы.

«Ащының дәмін татқан біледі», ой еңбегінің, оның ішінде күндіз-түні көз майын тауса оймен, тілмен өмір өрнектеген жазушы еңбегінің қаншалық азапты екенін, әсіресе, қаламгер қауым жақсы сезінері кәміл. Сондай азапты еңбек тауқыметін арқалай жүріп, қатпар-қатпар тау қопарғандай том-том кітаптар тудырған орасан еңбегінің кейде еленсе, кейде дауға киігуі де оны мұқалта алмаған. Ол өмірге өршіл көзбен қараудан әсте айнымаған, шайлықпаған, оның шынайы оптимистік қасиеті ұрпақтарға үлгі етерліктей.

Ол тудырған шығармалар, ол жазып қалдырған романдар, ол мүсіндеген образдар, ол тербеген ойлар мен армандар — өшпес мұра, инабатты ел-жұрты, ұрпақтар үшін өлмес, өшпес ескерткіш.

Әуелгі «Ұядан ұшқанда» повесі Зейін Шашкинның проза саласындағы көлемді тырнақалды туындысы еді. Бұл шығармада 1916 жылғы халық көтерілісінің қарсаңындағы оқиғалар беталысы, көтерілістің өрлеу, етек алу кезеңдері, патша өкіметінің көтерілісті басып, жаншу әрекеттері, азамат соғысының отты лебі, қырық мыңнан астам халықтың Қытай жеріне барып, азып-тозып, қырғынға ұшыраған ащы тағдыры, Жетісу өңірінің ғана емес, Бүкіл Орта Азия аймағындағы жай-жағдаят, жұрттың тіршілік-қалпы, жан дүниесі әр алуан қырымен көрініс беріп, оқушының көз алдынан өтеді. Мұндағы халық өмірінің аумалы-төкпелі, дүрбелең заманында ел тағдыры үшін қабырғасы қайысқан, бірақ тал жол, тайғақ кешу күндерінде тура жолды табалмай шарқ ұра жанталасқан, ақыры адасып теріс жолға түсіп, күндердің күнінде торға түскен мысықтай шерменде болған Жүніс образы, төл әдебиетімізде оқшау көзге түсетін тұлға деуге болады.

Зейін Шашкинның проза жанрындағы екінші көрнекті шығармасы — «Тоқаш Бокин» романы. Атынан да көрініп тұрғандай, бұл романның басты қаһарманы тарихта белгілі адам, Жетісудағы Кеңес өкіметін орнату жолында күрескен

көрнекті революционер Тоқаш Бокин. Әділін айтсақ, Зейін романы жарық көріп, пьесасы сахнаға шыққанға дейін Тоқаш Бокин есімі дәл мұндай көпке танымал емес еді. Көмескі тұстары әлі аршылып болмаған, даулы тұлға еді. Тоқаш Бокин есімінің ала бұлттан арылып, күнгейге шығуы, тарихта өзіне лайық мерейге бөленуі белгілі дәрежеде Жазушы Зейін Шашкин еңбегінің есесімен орны толған олқылық екенін айта кету артық болмайды.

Роман Тоқаш Бокин өмірінің қысқа мерзімін ғана қамтиды, жазушының өз сөзімен айтқанда 1917 жылғы февраль революциясының алдындағы күндерінен бастап, 1918 жылдың сентябрімен бітеді. Өмірінің күрделі кезеңдері шегініспен қысқа новелла есебінде беріледі.

Жазушының бұл әдісі шығарманың кемері ауа жайылмай, композициялық құрылымы жинақы, жұмыр да шымыр өрбуіне, қаһармандар характерінің баяндау тәсілімен емес, нақты оқиғалар, ірі қақтығыстар үстінде ашылуына себебін тигізген.

Зейін Шашкин роман қаһарманын айналасындағы адамдардан, төңірегін қоршаған ортадан бөліп алмайды, қайта қаһармандарды, қаһарман басындағы халі, оқиғаларды сол дәуірдегі әлеуметтік шындық, сол заманның өзіндік болмысын, тіршілік тынысын, рухын танытатын көріністер ауқымында көрсетеді. Тоқаш пен оның серіктері Сақа, Құрышбай, Сәт тұлғаларымен қоса, оқушы Жетісудың генерал-губернаторы Фольбаум, тілмаш Жайнақов болыс Сүгірбаев, тергеуші Загаруля, атаман Малышев секілді қилы-қилы кейіпкерлермен кездеседі.

Жазушы шығармалары өмір шындығына негізделеді, ол көбіне шығарма тінін өмірде болған оқиғалар арнасына, өмірде бар адамдар төңірегінде құрады. «Ұядан ұшқанда» повесі әкесі Жүнісбек тағдырымен астасып жатса, «Теміртау» романына Қазақстанның Магниткасында болған оқиғалар, сондағы инженерлер мен жұмысшылар өмірі арқау болады. Бірсыпыра жайлар сол жылдарда Теміртау зауытында қызмет істеген инженер Едіге Түркебаев басынан өткендігі мәлім.

ЖАЗУШЫ АРХИВІНДЕ ол сол жылдарда Қазақстан Магниткасында кездескен талай-талай белгілі азаматтарының есімдері кездеседі. Сол жылдары жазушы Теміртау зауыттарын аралап жүріп, ол кезде жас металлург, домна көрікші, бүгінгі Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевпен жолыққаны жайында жазбалар бар. Сонда қойын дәптеріне мынадай жазулар түскен: «Нұрсұлтан Назарбаев, 1940 жылы, Алматы облысы, Каскелең, Шамалған, 1958 жылы он жылдықты бітірген. Днепродзержинскіде зауыттың жанындағы тех. училищеде 1 ½ жыл оқыған. 60-жыл апрельде осында келген, құрылыста істеген. Зауытқа кірген. 1-домнада 2 горновой. 1960 ж. түскен политехн. 3 курс. Кешкі бөлімде 5-к. Домен пр-во 14 съезге қатысқан, кандидат в чл. ВЛКСМ. 1962. Хельсинкиде, өткен жылы сентябрьде үйленген. Күніне 1840 т. жоспардан тыс өнім береді (сверх плана).

Сол қойын дәптерде Адам Юсупов, Болат Каримов, Еламан Байгазиев, Үкен Тұрмағанбетов, инженер Ишмуратов, смена бастығы Досалиев, т.б. есімдер бар. Еңбек адамының образын жасау — бұл бүкіл совет әдебиетінің алдындағы орасан зор міндет шешілмеген түйін... Ертеде революциядан бұрын да бұл еңбек адамының образы жазылмаған, тіптен үлгісі жоқ жаңа дүние... Мен бұл жолда аз да болса біраз жылдан бері еңбек етіп келемін. Мүмкін, кей ісі сәтті, кей ісі сәтсіз де болар, бірақ мен іздену жолында келемін. «Теміртау» романында Ораз арқылы, Ораздың бригадасы арқылы еңбекқор, еңбек сүйгіш бір топ жастарды суреттедім... Мүмкін өмірде дәл Ораздай жастар көп те емес шығар, дегенмен олар ертең көбейеді» (250 б). деп ой тербейді Зейін қойын дәптерлерінің бірінде. Жазушының «Теміртау» романы қай жағынан алсақ та төл әдебиетімізде сындарлы шығарма, кенеулі дүние есебінде елеулі орны бар екені уақыт озған сайын екшелене түскені ақиқат. Жаңа роман салған беттен-ақ әдебиетші қауымының да, оқырман жұртшылықтың да назарына ілікті. Роман жайында әрқилы субъективті айтушылар болғанымен, негізінен алғанда әдеби қауым оны замандастар өмірін кестелеген тартымды шығарма деп бағалады. Қазақ әдебиеті заңғарларының бірі, академик-

жазушы Ғабит Мүсірепов Қазақстан шығармашылық ұйымдарының 1961 жылы өткен бірлескен пленумында жасаған баяндамасында мынадай келелі пікір білдіргенін еске алса да жеткілікті: «Жаңа шығармалардың ішінде Зейін Шашкиннің «Теміртау» романы барған сайын көпшілік сүйіспеншілігіне бөленіп барады. Оның кітабы өмірдің бұған дейін қазақ әдебиеті бармаған қиырларына қол артуымен қызғылықты З. Шашкин қазақ сахарасында ірі өнеркәсіп орталықтары пайда болуына байланысты жүзеге асқан өзгерістердің шынайы картинасын жасай білді.

Романның бас қаһарманы — инженер қыз Дәмеш Сағатова. Мұндағы Дәмеш образы жалпы қазақ әдебиетінің арғы-бергі тарихындағы Жібек, Баян Ботакөз, Раушан типтес есте қаларлық.

Жазушының соңғы романы «Сенім» суреткерлік шеберлік тұрғысынан алғанда едәуір жаңа қиялдарға, өрелі биіктерге көтерілген, айтар ұлағаты мен қаһарман тұлғасын асқақ арнада мүсіндеп, кескіндеуде келелі кезең сынды әсер туғызады.

«Сенім» романын оқығанда да З. Шашкиннің суреткер есебінде айрықша көзге түсетін бір ерекшелігі алдымыздан шығады. Оның шығармалары әдебиетте, қайдағы бір беймәлім қиырда, аты-заты белгісіз қала, яки ауданда болып жатпайды, нақты бір өңірде, Жетісуда, Верный қаласында, Қастек, Шамалған ауылында, Көкшетаудағы «Бармашы» санаторийінде, Қарағандыда, Баянауылда, Ащы тауында, Өлеңті өзені бойында дегендей нақты облысы, ауданы жер-су аты, совхозы, зауытының аты-жөніне дейін өмірде бар дәлме-дәл мекен-жайын көрсете жазады. Сол қаланың, ауылдың келбеті, табиғаты, ауа-райы да өмірдегідей қалпында суреттеледі.

Жазушының «Сенім» романы да солай. Мұндағы оқиға Павлодардың Баянауыл өңірінде өтеді. Табиғат құбылыстары да адамдар өміріндегі қақтығыстар мен шырғалаңдар да негізінен өмірде болған. Тіпті, романның бас қаһарманы Нұрлан Сембиннің өмірдегі прототипі болған сол кездегі «Баянауыл» совхозының агрономы Зайролла Дүйсенбеков

бүгінде ауыл шаруашылығы ғылымының докторы, профессор екенін сүйінішпен айта аламыз.

Зейін Шашкин әрдайым заманына үңілді. Ешнәрсеге бейтарап қарай алмады. Тың жерлерді игеру керек деп кезінде бүкіл еліміз, бәріміз дақпырта дәріптегеніміз белгілі. Сонымен бірге ел ішінде «Бұл қалай өзі? Мал жаятын өріс, шыбындықтар қалмады» дейтін күңкіл де болып жүрді. Бірақ Мәскеуде Хрущев, Алматы мен Целиноградта «ұр тоқпақтары» күркіреп тұрғанда ағымға қарсы келу былай тұрсын, қайшы пікір айтуға дәрмені келгендер жоқтың қасы болғаны құпия емес. Міне, сол тың игеру аттанысы арқырап тұрғанда эрозия дейтін апатқа қарсы үн көтеріп, Якупов секілді әпербақан басшыны келемеж етіп, әміршілдік-әкімшілдікке қарсы осыдан отыз жыл бұрын роман жазған жазушы батылдығына, көрегендігіне бүгінде тәнті болмасқа лаж жоқ.

Біріншіден, өмірдің тынымсыз ағымы мен дүрмек-дүрбелеңінде тіршілік күйбеңімен арпалыса жүріп, ондай қисық-қиғаштықты, қырсық өктемдікті көре білу үшін сұңғыла көз керек, екінші сол көргенді қыбын тауып, қиюын келтіріп әдебиет жолымен айта білу үшін әрі батылдық, әрі суреткерлік шеберлік керек. Біртуар даңғайыр азаматқа, кәнігі суреткерге ғана лайық осы үш бірдей бұл қасиеттің — Зейін Шашкин басынан табылғанын, еске алудың өзі мирасқор ұрпаққа әрі мәртебе, әрі сүйінішті.

КӨП ЖАҒДАЙЛАРДА бірер қалың роман жазу үшін жарыққа шығу үшін он шақты жыл сарыла жүріп те іс тындыру қиын. Ал бейнетқор қаламгер осындай қысқа ғана уақыт ішінде әрі қаншама қиырларда іс сапарда болып, ел аралауға да мүмкіндік таба жүріп, үсті-үстіне өндірітіп шығарма соңынан шығарма туындатып жатады. Өзгелер ойланып-толғанып үлгергенше ол жазып тастап, қасқайып қарап тұрады.

Расын айту керек «Сенім» романының әлгіндей дертке, өртке қарсы үн білдіргендей қасиетінен секем ала сескену ме, әлде автордың бұдан бұрынғы «Доктор Дарханов» романының орынсыз датталуынан айығып үлгермедік пе бұл соқталы роман кезінде лайықты бағаланбай жете еленбей қалғанын да

бүгін мойындауымызға тура келеді. Өмірде мұндай нәрселер құйқылжу, күмілжулер аз болмайды. «Сенім» романының тағдыры да соның бір мысалы дей аламыз.

Зейін Шашкин мұрасы қомақты мұра. Ол әдебиетке ерте келгенімен, өндірте құлашын жаза еңбектенген мерзімі, бас-аяғы он-ақ жыл. Осы қысқа мерзімнің өзінде өндірітіп жазды. Қалың-қалың төрт роман, бес повесть, он-он бес әңгіме, бірнеше пьеса, киносценарийлер мен мақалалар — қат-қат дүние, қыруар әлем. Әйтседе, оның шығармалары неге даулы болды? Неге дау-дамай туғызды?

Міне, осы сауалдарға жауап іздесек. Зейін шығармашылығының қайсыбір ерекшеліктеріне тап боламыз, алабөтен қасиеттерін ұғына түсеміз.

Ең алдымен, ол — өз заманына орай алғанда жаңашыл жазушы еді. Үнемі соны өрістерге, тың тақырыптарға қол салды. Айталық, металлургтер өмірі де, дәрігерлер тірлігі, сондай-ақ тың игеру проблемасы да ол кезде қазақ әдебиеті үшін әлі де игерілмеген күрделі тақырыптар еді. Зейін осы тақырыпқа әуелі кіріскен қаламгер болды. Оның жаңашылдығы — шығармаларының тақырыбында ғана емес, ой өрнегі, жазу мәнері, стилі, тіпті тіл өріміне дейін жаңашылдық қасиеттермен мұңдалап тұрады деуге болады.

Жаңа нәрсе қашанда қиын. Ескі сүрлеу емес, тыңнан жол салу ешкімге де оңайға соқпайды. Сүріну де, мүдіру де, мүлт мүкіс те аз болмайды. Зейін шығармаларының бойынан да іздеген адамға ілік пен мүкіс табуға болар еді. Бірақ, күнді алақанмен жаба алмайтының секілді, көрер көзге көзжұмбалық жасаған, кертқыс солақайлық болмаса, оның шығармаларында өмір шындығы, заман бедері, уақыт пен адам кескіні айқын өрнектелгенін, өмірдің өзекті де көкейтесті проблемалары жоталанып, соқталанып көрінетінін ешкім де жоққа шығара алмақ емес.

Оның пьесалары мен әңгімелері, мақалалары — бәрі де халқымыздың жоғын жоқтап, мұңын мұңдады, арманы мен үмітін кестеледі, өмірдің өзімен өзектесе жатты. Сондықтан да оларды ел-жұрты жылы қабылдады, ізденімпаз суреткерді,

талмас қайсар жазушыны сол үшін құрметтеді. Сондай ерен, қомақты еңбегімен ол төл әдебиетіміздің тарихынан өзіне лайықты орын алып отыр.

Әлгінде екі өмір жайлы ой ұштадық. Асылы өзі үшін емес ел үшін өмір сүрген біртуар саңлақтар өмірінің екі кезеңі болатыны дәлелденіп жүр. Оның шын өмірі, ұзақ мәңгілік ғұмыры, өзі өмірден өткен соң басталады. Ол туған халқымен бірге мәңгі жасайды. Елім деп еңіреген, ел үшін еселі еңбек сіңірген ерең тұлғалардың ғана еншісі — мұндай ғұмыр. Зейін Шашкиннің де шынайы, еңселі ғұмыры ол өмірден өткен соң басталады. Жылдар ұзаған сайын мерейі биіктеп барады деуге қисын бар. Алты томдық шығармалар жинағы жарыққа шықты. Оның творчествосы жайында диссертация қорғалып, кітаптар жарық көруде. Бурабай мен Баянауылда музейлер ашылуда. Туған жерінде совхоздың аты берілді, көше аттары берілуде. Екінші ғұмыр, мәңгілік ғұмыр, халқымен бірге жасау деп соны айтады.

Байжанов Сапар
Жазушы-публицист
Көзкөргендер айтады...

ПРОЗА БЕЛЕСІ

Зейін Шашкин де өзінің біраз туындыларын («Теміртау», «Доктор Дарханов» романдары, «Өмір тынысы» повесі) еңбек тақырыбына арнады. Бұл шығармалардың сюжетінің өзінен-ақ біздің заманымызға ғана тән біраз жайлар аңғарылады. Ұнамды қаһармандар тек ескінің қалдығымен ғана емес, дүмшелікпен, догматизммен, ойдың орамсыздығымен, қоғамдық өмірдің социалистік нормаларын бұзуға тырысушылармен де күреседі.

Зейін Шашкин өз шығармаларында творчестволық еңбектің адам үшін өмірдегі ең басты мәселе ғана емес, оның мінез-құлқын, психологиясын қалыптастыратын негізгі шарт екендігін көрсетуге, сөйтіп күрделі мәселелерді шешуге талпынды. Кейде автор еңбек пен мінез-құлықтың байланысын үстірт, әрі схемалы түрде бейнелейді. Алайда З. Шашкин айтылмыш проблеманы шешудің жолдарын көп іздестірді. Сондықтан, меніңше, елеулі кемшіліктеріне қарамастан (қаһармандарын табиғи қалыпта көрсетемін деп автор оларды кейде тым жайдақтатып жібереді) «Доктор Дарханов» романында еңбек пен моральдің арасындағы қатынас жеткілікті дәрежеде ашылған.

Кегрина З.

Москваның көрнекті сыншы-жазушысы

ЗЕРДЕЛІ ЗЕРГЕР

Иә, ол шын мағынасында зерделі еді, зергер еді. Аты Зейін болғандықтан емес, атына оның ақылы, адамгершілігі сай құйылғандықтан. Осы арада жас ұрпақ үшін айтар бір сыр бар. Адам жас келген сайын алды-артына, айналасына аңдап қарағыш болатын сияқты. Алдыңдағы аға буыннан арман межесін меңзейді екенсің, арттағы ізбасарларға өзің орындап үлгермеген үміт жүгін артады екенсің. Ал айналаңдағы құрбы-құрдасыңмен қатар ұшқан қаздай қанат қағысып жүреді екенсің. Сондай құрбымның бірі Зейін еді.

Зейін жиырманшы жылдардың комсомол түлегі болатын. Бұған менің айрықша мән беріп отырған себебім — жиырманшы жылдары — жаңа құрылған комсомол ұйымының Ленин есімімен аталып, Ленин рухымен қаруланған алғашқы он жылды алабөтен маңызы бар кезең деп білемін. Неге десеңіз кешегі алыс ауылдағы бес-алты жасар қазақ баласының көзін ашып, көңілін оятқан Совет өкіметі оның оқуына жол ашса, мектепте, интернатта тәрбиелеп, пионер, комсомол қатарына алса, одан артық арман бола ма?! Сол кездегі жас ұландарға дем беріп, қанат бітірген, талантын ашып талабын өсірген дәл осы жағдай, осы арман еді.

«Талапты ерге нұр жауар» дегендей, таудай талап пен талант Зейін Шашкин Павлодарда орта мектепті бітіріп, 1930 жылы алыстағы астанамыз Москвадан бір-ақ шығыпты. Және қандай оқуға түсірді дейсіз ғой?! Москваның тарих, философия және әдебиет институтына. Бұл кім болса соның қолынан келетін оп-оңай серпін емес. Әдебиет теңізін терең бойлап, зерттеген әрі ақын, әрі әдебиетші Зейін Шашкин 1934 жылы Абайдың ақындық шеберлігі жайлы зерттеуімен көзге түсті. Сондай-ақ, Саттар Ерубаев та Зейін секілді 1930 жылы Алматыдан Ленинградқа барып тарих, философия, лингвистика институтын үздік бітіріп, 1933 жылы Алматыға оралғаны белгілі. Менің Зейінмен де, Саттармен де алғаш

кездесіп, жүздесіп танысқан тұсым — осы 1933-1937 жылдар арасы.

Ал Зейінге енді кезек келді. Бұл қос сұңқар туралы тағы басқа ұмытылмас тұстарым туралы, азды-көп білгендерімді жазбасқа лажым жоқ. Оны бір өзімнің үлкен борышым деп білемін. Өйткені, қатарымның көбі қазір жоқ. Әзір тірі жүргендер де некен-саяқ қана екенбіз.

Әлі есімде Зейінді алғаш көруім — 1934 жыл, Красин көшесінің 51-үйінде «Қазақ әдебиеті» газетінің бірінші нөмерін дайындаған кез. Тың іске өзінің ыстық ықыласы мен қуанышын білдіре келген жас ақын, әрі оқымысты жігітпен тез-ақ достасып кеттік. Түймедей ғана дөңгелек кішкене мұрт қойған, қара қас, кең маңдайлы, аласа бойлы, аққұба жігіт әңгімеге қызу араласты. Әңгіме тақырыбы ұқсас, сол кездегі әдебиет жайлы, жаңа ұйымдасып жатқан совет Жазушылар одағы туралы болды. Көп ұзамай біз Хамза Есенжанов, Белгібай Шалабаев үшеуіміз Ленинградқа жөнелдік. Алайда жаз айларында Алматыға келгенде Зейінмен жиі көрісіп, сырласып, пікір алысып тұрдық. Әңгіме ылғи тек әдебиет туралы. Өзіміздің ұлт әдебиеті болсын, немесе шығысы бар, батысы бар, дүние жүзі әдебиеті болсын — барлық оқыған, білгенімізді, естігенімізді ортаға саламыз. Қалайда бір пікір жарыстыруға құштарлық бар еді. Мақсат пен нәтиже біреу-ақ, білімге білім қосу, білгенді қанағат тұтпау.

Қазақ әдебиеті мен өнерінің 1936 жылы Москвада өткен он күндігі, Жамбылдың шарықтаған ақындық даңқы, Сәкен Сейфуллин творчествосының 20 жылдығы, А. Пушкиннің қайтыс болуының 100 жылдығы, мәдениет ортасын дүр сілкіндірген маңызды оқиғалар болған еді. Бірақ, не керек, іле-шала сұрапыл 1937 жылдың ызғырығы басталып кетті. Бірінен кейін бірі: Сәкен, Бейімбет, Ілияс, Мәжит Дәулетбаев кетті, ақыры Өтебай Тұрманжанов, Сағыр Камалов, Құлмұрза Өтепов, Әлібек Қоңыратбаев кете берді, кете берді. Ең соңында Хамза Есенжанов пен Зейін Шашкин, сосын, олардың өкшесін басып мен де кеттім. Сәбит пен Ғабит партиядан шығып «әшкереленді», жұмыстан қуылды. Бұл —

1938 жылы. Кеше жұп жазбай жүрген жолдас-жоралар суға кеткендей жым-жылас болдық.

Сол кеткеннен хабар-ошарсыз араға 17 жыл салып, Алматыға 1955 жылы оралыппыз. Ілініп-салынып, біріміз қырдан дегендей, қайтып келіп, қайтадан көрісетін болдық, сырласатын, мұңдасатын болдық. Оған әлдеқандай сәт болғанда, қолайлы жағдай туды. Хамза Есенжанов, Зейін Шашкин, Өтебай Тұрманжанов, Хасен Үзденбаев — бесеуіміз қаланың КИЗ дейтін бұрышындағы бір корпусқа орналастық. Күнде көрісеміз, күнде мән-жай сұрасамыз. Түк жазықсыз қамалған түрмеде, сұрапыл тергеуде бастан кешкен қорлығымызды айтысамыз. Сібірде, айдауда көрген азабымыз бен азарымызды еске аламыз. Бірақ қайғырмаймыз да, қамықпаймыз. Қайта аңсаған астанамыз Алматыға аман келіп, бас қосқанымызға мәз болып, қанаттана, қайраттана сөйлейміз. Мұнда әсіресе Зейін ерекше көзге түсетін. Ол мәселеге көбіне философиялық мән бере сөйлейтін.

Зейіннің мынадай бір айтқаны әлі есімде:

— Қайрат, қажыр дейтін әсіресе қиындықта қажет. Ол болмаса, мен мына өкпе ауруымен азап жағдайдан тірі қалар ма едім? Сол жағдайдың өзінде тырысып, тырбанып адам емдеуді үйреніп жан сақтадым ғой.

Көрші болған соңғы 11 жылдың ішінде З. Шашкин өзінің үздіксіз ауруына қарамай творчествода ғажап қайсарлық танытты. Біздің көз алдымызда тынбай еңбек етіп, үш повесть, төрт роман жазып үлгерді, пьесалар қойды, аудармалар жасады, Абай поэзиясымен айналысты.

Бір күні «Тоқаш Бокин» романын жазып жатқан тұста Х. Есенжанов Зейінге былай деді:

— Мен өзім туып-өскен, бала кезімнен білетін Ақ Жайық уақиғаларын жазудамын. Арқа баласы сен Жетісуға қалай тарттың?

— Іздендім. Зерттедім. Архив ақтардым. Жетісудағы Азамат соғысын бастан өткерген адамдармен әңгімелестім, — деді Зейін Шашкин. Көп ұзамай, Х. Есенжановтың «Ақ Жайық» трилогиясының алғашқы екі кітабы мен

З.Шашкиннің «Тоқаш Бокин» романы жарық көрген тұста осы екі туынды туралы пікірімді төмендегідей түйіп айтқаным бар: Сәкен Сейфуллиннің алғашқы шығармаларының өзінде «Қызыл сұңқарлар», «Тар жол, тайғақ кешу», Д. Фурмановтың «Бүліншілік» кітабындағы сияқты сондай-ақ З.Шашкиннің «Тоқаш Бокин», Х. Есенжановтың «Ақ Жайық» романдарында және басқаларында Қазақстанда Совет өкіметін орнату, нығайту жолындағы халықтардың бірлескен күресінде орыс большевиктерінің басшылық рөлі көрсетілген. («Шеберлік шыңында», А.А. ҚҚӘБ, 1963, 22-бет).

Кітабымның осы жерін өзіме оқып беріп, Зейіннің айтқаны:

— Сәкенмен, Фурмановпен қатар қойғаның артығырақ емес пе? Ал, «халықтардың бірлескен күресінде орыс большевиктерінің басшылық рөлі көрсетілген» дегенің мен үшін өте жоғары баға.

Сондай-ақ, «Теміртау» романын жазарда да Зейін жаңа қалыптаса бастаған Қарағанды металлургия комбинатына барып, бірнеше ай өндірісшілермен бірге болғанын білеміз. Ол сапар денсаулығы жұқа Зейінге жеңіл тимегені де бізге белгілі еді. Алайда алдына қойған мақсаттан қайтпайтын қайсарлық мінез Зейіннің тұрақты қасиеті болатын. Оның үстіне талапкер жазушының тағы бір тәнті ететін қасиеті — тез жазатындығы және осы күнгі нағыз жанкүйді тақырыпқа жан салып, батыл баратындығы. Бірақ бұл жалаң батылдық емес, объектіні көріп, біліп, шындыққа көзі жеткен көркем суреткердің батылдығы дерлік қасиет еді. Осы ойымды мен «Теміртау» романы жарық көрісімен жарияланған арнайы мақаламда айтқан болдым.

Сөз болғалы отырған мақалам (1963 жылы Қазақтың Мемлекеттік көркем әдебиет баспасында шыққан «Шеберлік шыңына» дейтін кітабымның «Заман, еңбек, адам» делінген тараудағы) «Теміртаудан туған толғау» атты еңбегім. Ол былай басталған: Зейін Шашкиннің «Теміртау» романы біздің әдебиетімізге өз жаңалығымен, өз жүрегімен келді. Бұл оның ерекшелігі, ең елеулі, ескерерлік қасиеті...

Бұл негізінен сәтті шыққан туынды, осы заманды, осы күнгі белгілі «Теміртау металлургия заводының өмірін көрсетуді мақсат еткен, ескі және жаңаның күресіне құрылған роман, стиль жаңалығы геройларын ішкі монологпен де сөйлету, тіл жүйесінде афоризмге айналарлық жақсы шыққан сөйлем құрылыстарымен қатар кейбір шұбарлықтары да байқалады». Пікірімді іле-шала жазуыма себеп болған жәйт — осыдан бірер жыл бұрын бір топ жазушы Қарағандыға барып Теміртауды көргеніміз бар. Әйтпесе, көрмей, білмей тұрып туындыға сын жазу ағаттық болар еді. Айтайын дегенім — Зейін мақаламды оқи сала біздің үйге кіріп келіп:

— Мұқа, оқыдым мақалаңды. Түсініп жазғансың. Сынаған жерің де дұрыс. Романды жазуымда да, жариялауымда да асығыстық болды ғой. Өзің білесің, керемет романдарын әлденеше жөндейтін Л. Толстойдың, И.Тургеневтің мүмкіншілігі болды ма менде?! Олқылықты тез бітеу керек болып тұр ғой. Олқылық дегеннің не екені белгілі. Қамауда, қуғында босқа өткен уақытты қалай бітеу керек дегені де. Расында, екі жылда бір роман жазып үлгеру оңай ма екен?!

Аңсаған әдебиетімізге асығып-үсігіп кірісу бәріміздің басымызда болғаны аян. Сондықтан босқа өткен көп жылдардың есесін қайырамыз деп жұлқынған творчестволық іс-әрекеттімізде әлденеден ағаттық болуы ғажап емес. Және екі-үш жыл емес өткен он жеті жылды қуып жетуі мүмкін бе?

Міне содан «Теміртаумен» арасына екі жыл салмай, «Доктор Дарханов» романы қолға тиді. Кітабының алғашқы авторлық данасының бірін ұсынып тұрып Зейін:

— Саған, жұрттан бұрын сынасын деп беріп тұрмын, — деді күліп.

— Е, рахмет онда. Сынасын деп мойын ұсынған жазушыны көргенім осы, дедім мен де күліп.

Бірақ қалжыңымызда кек жоқ, күлдік те қойдық. Үйге келіп, қолтаңбасын оқысам:

«Асқар белім, ақылшым — Мұқаңа, ізгі ниетпен алдыңа тартамын. Зейін. 5.1. — 63. Алматы қ.» депті.

Кезінде онша мән бермеген досымның жылы сөзі бүгін айрықша толғантып, тебіренеді.

Сын демекші, Зейіннің «Теміртау», «Доктор Дарханов» романдары туралы автордың көзі тірісінде ауызша және жазбаша айтқан ой-пікірімді түйіп, 1969 жылғы «Эпостан эпопеяға» атты кітабымда жазғанмын. Онда: «Соңғы жылдары психологизм жаңа өріске бет алғандай. Ол әртүрлі бағдарда белең беруде. З. Шашкин романдарында («Теміртау», «Доктор Дарханов») ол ішкі монолог түрінде геройдың толқыған ой, сезімін суреттеу мақсатын көздеді» – деппін. Бұл ақиқатында З. Шашкин туындыларының үздік көзге түсетін ұтымды ерекшелігі еді ғой. Осы ерекшеліктің «Сенім» романында да тұрақты орын тепкенін дәлелдей келіп, «Зейін Шашкиннің «Сенім», Сәкен Жүнісовтың «Жапандағы жалғыз үй» атты романдарының тууы да жұбанарлық, сүйсінерлік жай» деппін.

З. Шашкин, Х. Есенжановтың романдары туралы әрқилы қайшылықты пікірлер айтылғаны белгілі. Дұрысын дұрыс деп қуаттап, бұрысына жаным төзбей, өзімнің шынайы ойымды айтқаным бар. Соңында «Осындай тым өрескел алшақтықты «Ақ Жайық» романының сыны мен «Теміртау», «Доктор Дарханов» сынынан да көрдіңіздер» деп тұжырымдаған едім. Мұны Х. Есенжанов оқып, ризалығын білдірді де, өкінішке орай Зейін оқып үлгермеді, дүние салды. Алайда жалпы халқының жылы қабылдағанын көзімен көріп, жүрегімен сезіп кетті.

Не дегенде де З. Шашкин творчестволық жағдайы болған аз жылдың ішінде керемет көп іс тындырды, еңбегінің санымен де, сапасымен де көзге түсті. Ең қиын сала осы заман тақырыбы десек, Октябрь социалистік революциясынан бастап «Тоқаш Бокин» романын жазса, жаңа өндіріс құрылысына қосылып «Теміртау» романын тудыруы, қазақ әдебиетінде ешқашан ешкім жуып көрмеген медицина тақырыбына барып, ірі біліктілікпен және суреткерлікпен «Доктор Дарханов» романын беруі, тіпті онымен тұрмай, Отанымыз тың игеру ғаламатына кіріскенде, бұл оқиғаның

үлкен маңызын көрсетумен қатар, эрозия сықылды қырсығын танып, «Сенім» романын жазуы шынында ешкімнің қолынан келмеген творчестволық ерлік еді. Мұндай ерлік әсіресе «Сенім» романындағы Нұрлан секілді, жаста болса, партияның пайымды, көреген қызметкерінің көркем образын жасай білуі, бұған дейін «Өскен өркен» романын үлгі еткен Мұхтар Әуезовтың ғана дәстүрі десе болады.

Осы күнгі З. Шашкиннің және сонымен қатар 1920-1930 жылдары жар етіп ұядан қатар ұшқан бір топ жастардың өмір жолын оймен өлшеп, санамен саралап отырсаң көп қиямет тағдыр көз алдыға келеді. Қандай тамаша талап, қандай алаулаған арман?! Бірақ не пайда: бетке ұстар талант та, талап та тұтқынға түсті, тұншықты. Тірі шыққаны жан-тәнімен халқына қызмет етті. Соның бірі Зейін еді. Ол ауырып, азап шеккен аз жылдың өзінде мол мұра қалдырды, бірақ бергенінен берері мол еді. Амал не, сұм тағдыр жазушының талант мүмкіншілігін толық жүзеге асыртпады. Ауырды, сырқады арамыздан тез кетті. Бір есептен бұған да шүкіршілік етуге тура келді. Себебі жазықсыз кеткендердің мүлдем қайтпай, қыршын кеткені қаншама?!

Жеке адамға табынушылық салдарынан босқа күйіп кеткен кінәсіз жандарға ара түсу түгіл, бір ауыз сөз ақтап айта алмайтын қысталаң тұс болғаны белгілі. Ол кезде азап шеккендер өзара сырласып, мұңдасқанмен сыртқа сөз таратпайтынбыз, партияға деген берік сенімімізді ешқашан жоғалтқан емеспіз. Ақыры әділдік жеңді, аңсаған арманға жеттік. Шындықты қорғайтын, әділдікті қолдайтын жаңа бетбұрыс дәуірі орнады. Енді қайтып зорлыққа, зұлымдыққа жол жоқ. Жариялылық, демократиялық, ақиқат — шыншылдық бүкіл социалистік қоғам өмірінің бұлжымас та, мызғымас тірегіне айналды.

Енді бүгін мына жаңа бетбұрыс жағдайында тағдырлас досым Зейін Шашкиннің өмір жолындағы өзім куәсі болған көріністерді еске ала отырып бір жағдайға жұбанамын, бір жағдайға өкінемін. Жұбанатыным: — Совет өкіметі мен комсомол тәрбиелеп жұлдызы жанған Зейіннің Ежов

түрмесінен әйтеуір тірі қалып, туған жеріне оралуы, сөйтіп аз жылдың ішінде туған әдебиетке орасан көп еңбек сіңіруі, ал енді өкінішім, оның бостандықта өткен он жылының өзі оны ауру-сырқаудан арылтпай, қазіргі жаңа жағдайға он жыл жеткізбей әкетуі.

Ақыры, қалай дегеннің өзінде зерделі Зейін тағдыр зобалаңына мойымай, сынбай азаматтық бейнесін сақтай біліп, халқына асыл мұра қалдырды.

*Мұхаметжан Қаратаев
1988 ж.
жазушы*

ШЕШУШІ САПАР

Қабылұлы оны ықылас қойып тыңдады. Екі күннен кейін өзіне шақыртты.

— Біз сіздің пайымыңыз жөнінде ойласып қордік. Сізді журналистика майданына жіберуді мүмкін деп тауып отырмыз. Және ең қайнаған жерге, алғы шепке жұмсамақ ойымыз бар, — деді жолдас Қабылұлы. Бүгін кешке бюрода «Қарағанды пролетариаты» газетінің жай-күйі талқыланады, келіңіз....

Өлкелік комитеттен Саттар ауыр ойға батып шықты. Бұл ұсыныстың арты астанамен қоштасуға тірелетінін сезіп, іштей өзіне бір сәт қынжылғандай болды. Іле-шала онысының большевиктік дәстүрге жуыспайтынын ойлады. Партия тапсырмасын қадірлеу керек. Оны партия жұмсамақ. Саттар еңсесін көтерді.

Өлкелік комитет оны 5 июль күні Қарағанды қалалық партия газетінің комсомол бетінде редактор етіп тағайындаған.

Шығар ауыздан Зейін тосып алды. Мән-жайға әбден қаныққанша, сауалын үсті-үстіне қойды. Үйіне ертіп барды. Үйінде оларды тамағын пісіріп Жәмилә күтіп отырған көрінеді.

— Құттықтаймын. Құттықтай тұрып өзіңе бір жаңалық айтқым келеді, — деді Зейін. — Сырлы жүзбен Саттарға көзін сығырайта қадап, сәл кідірді. — Қуанышыңызға қуаныш қоса түсетін хабар айтпақпын. — Ынтықтыра түсетін хабар айтпақпын. — Ынтықтыра түсейін дегендей тағы үндемей қалды.

— Білемісің, сенің мұның мені баяу жанған отқа асықпай қақтағанмен пара-пар болып тұр, — деп басын шайқады Саттар. — Жымың етіп келіншегіне әлдебір астыртын белгі бергенін аңдап қалады да, Саттар оған қара көздерімен шаншыла қарайды. Қарайды да, сақылдап күледі.

— Тани алмадым, не жұмбақтағаныңды айырар емеспін, — деді.

— Таппайсың, — сенімді сарынмен басын изейді. — Өзім-ақ айтайын. Меруерт Қарағандыға кетті. Меруерт ше, кәдуілгі

Меруерт! Ол бұдан былай Қарағандыда жұмыс істейтін болады. Түсінемісің? Сен бара жатқан Қарағандыда. Сен Меруерттің соңынан қуып барасың!

Зейін, шынында, күтпеген нәрсе айтты. Тұла бойы дуылдап кеткен Саттар жөппелдемеде қуанарын да, қуанбасын да білмей ақырын ғана:

— Қоңырша, білесің сен, мына қылжақбас не айтып кетті?

— дей берді. Бүйрек беті шұқырайып енді Зейін күліп берсін. Екі қолды кеудеге айқастырып қойған сасқалақтаған досын мәз бола бақылайды.

Дастарханға буын бұрқыратып тауық сорпасын әкеліп тұрып, Жәмилә күйеуінің айтқанын көңілді үнмен, әзіл аралас үстемеледі.

— Бүгін ғана хат алдым, — деді. Табақты ортаға қойып, шашын түзеді. — Қызметке кіріскенін жазыпты. Қарағандыға барысымен тауып ал. Өзіңді сонда тура біліп жіберіп отыр екен де...

— Енді қалай, айттық қой, ескеріңіздер деп....

— Пай, шіркін-ай, орайын келтіруін....

Олар қалжыңдасып отырып, Саттардың сапарының оң болуы үшін, сонау алыс өңірде де абыройлы болуы үшін және, әрине, ғашықтық үшін, таза, мөлдір, сүйіспеншіліктің жауапсыз қалмауы үшін, яғни қос жүрек қоса жүдеп, қоса түрлердей етіп, махаббаттың екі жақты да ыстық жалынымен орап тұруы үшін, тағысын-тағы тамаша ниеттер үшін-ақ тілектер айтысты. Қоңырша-Жәмилә сынды керемет келіншектің қолынан шыққан дәмді ас хақындағы мадақ сөздерін ара-тұра жариялап отыруды ұмытпай, жігіттер тауықтың етін де, сорпасын да терлеп-тепшіп, сүйсіне ішіп-жеп алды.

Кенет Саттардың көңілінде дүдәмал пайда болды. Сол-ақ мазасы кетті. Ақыры достарынан қысыла, сыр қылып сұрады. Меруерт неғып Астанадан кетіп қалды екен? Оқуын әзір бітіре қоятындай емес еді ғой? Осындай сұрақтың тууы мұң екен, Зейін де, әйелі де бір сәт сабырлы, салмақты кейіпке еніп, үндемей қалды. Сосын түсіндірді. Алматыдан кеткен себебі,

біржолата кеткен себебі мынау екен: оны оқудан шығарып жіберіпті. Зейін күрсінді. Солай болыпты.

— Неге? — деп Саттар тынышсыздана, шыдамсыздана, таусыла қарады екеуінің аузына.

— Жала жауыпты, — деді Жәмилә. Зейін басын шұлғыды.

— Байдың қызы депті, оқуға шыққан тегін жасырып түскен деп көрсетсе керек біреу-міреулер.

Кімдер? — Саттардың қабағы түйіліп кетті.

— Махметтер аз ба кәзір, — деп Зейін қолын жайды. — Реті келсе, шалып қалуға, күйе жағып жіберуге құмар болып тұр ғой мұндайлар. Бұл қыздың да оқығанын көре алмай, іші күйіп жүргендер табылыпты.

— Өтірік екенін, жалған айып екенін айтпай ма?!

— Тыңдамапты да....

— Ал сен өзің кінәсіздігіңді дәлелдей алып па ең? Саттар үндемей қалды.

— Сонда қалай өзі? — деді Жәмилә. — Шындықтың ашылмай қала беретін болғаны ма? Әділет деген қайда сонда?

— Шындық шықпай тұрмайды, әділет жеңбей қоймайды. Солай емеспе Саттар?

— Ия, өтіріктің өресі тар екенін халық айтқан.

Саттар Зейінді мақұлдады. Жәмилә таң қалды. Сонда қалай тағы. Басқаны былай қойғанда, өздері мен өздері жақын тұтатын кей адамдардың тап осы кілтипаннан — ақтығына тиісті орындардың көзін жеткізе алмаудан азап шеккенін қалай ұқсақ екен?! Меруертке біреу тасадан кір жұқтырды да, көздеген мақсатына жетті. Алайда, соның анық-қанығына кім барды? Жазалай салды жазықсыз жанды. Осы ма әділдіктің үстемдігі? Келіншегінің қызарақтаған қоңырқай жүзіне күле қараған Зейін байыппен басу айтты. Қаралаудың оп-оңай екені де, ақталудың соншалықты қиындыққа түсетіні де рас деді. Әсіресе, айып тағушы өзіңнен жоғарырақ тұрса. Мәселе, сол жоғарыда мейлінше адал, әділ адамдардың болуында. Жеке басының күйкі пендешілігін қызмет бабына араластырмайтын туғансыз турабилер басқару ісіне көптен тартылар болса, бұл пәлең ауылын аулақ қондырады ғой. Рас деді Саттар, бірақ

тураби болу да аз, ондайларға терең білім керек. Бастықтың қуыс кеуде, құр көкірек болуы сор ғой нағыз.

— Болашақ кеудесіне нан піскен Махметтердікі емес, елдік мүдделерді терең пайымдай алатын Ахметтердікі, — деді Зейін көтеріңкі үнмен. — Мен әлгінде ғана жолықтым оған, көзім әбден жетті.

— Нұралыұлын* айтамысың?

— Ия, мәжіліске шақыртқан ғой, кеше келіпті. Сен туралы шұқшия сұрады, өкініп жатыр. Саттар көңілденді.

— О, Ахметтің жөні бөлек, — деді. — Есінде ме « Достық жыры,» Зейін? Қоңырша, білемісің, біз ол өлеңді Зейінмен бірлесіп жазғанбыз...

Жәмилаға екеуі дастархан жинаса жүріп, өлең тарихын айтты. Сосын үшеуі тысқа сейілге шықты. Түнгі көшемен әрлі-бері серуен құрды. «Пионер» газетінің алғашқы редакторы болған, одан комсомолдың басшы қызметіне жоғарылатылған құрдастары туралы аз-кем пікір алмасты.

*Сен шөлгесең ішетұғын
Жүрек суы қаным бар,—
деп Саттар өлең бастады.
Жүрегімде сен деп соғар
Бір өзгеше тамыр бар,*

деп оны Зейін іліп әкетті.

Батыс Қазақстан комсомолына арналған, күзде ғана « Лениншіл жас» барша өлкеге жария қылған өлеңдерін екеуі жарыса, қызу қандылықпен оқыды.

— Есінде ме, — деді Саттар. — Сонда Батыс Қазақстан облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Ахмет тұрған жоқ па еді көз алдымызда, әсіресе мына шумақ ойға оралғанда ше:

Сен, мінеки, комсомолдың басшысының бірісің.

Ал мен дағы күрестемін жастықтың шындық жыры үшін.

— Әлбетте. Мен айтайын саған, комсомол қызметіне баспасөз майданынан баруы оның Махмет бойындағы «түймедейді түйедей» қылатын ұсақтық, «шаш ал десе, бас

алатын» шолақ белсенділік тәрізді міндерден ада болуына шешуші ықпалын тигізді. Ахмет ірі тұрғыдан ойлай біледі. Ол қалам ұстаған әрқайсысымыздың творчествомыз туралы пікір түйген. Қазіргі кезеңдегі ұлттық мүддемен сабақтастыра сипаттайды. Бүгін не айтқанын білемісің маған. Өзі жікшіл адам шұқылап, жақтырмағандарының ішінен жікшілдік іздеп жүреді деді. Жеке басының мансабы үшін ақты қара деуден тайынбайды деді. Махметтің дертін тамыршыдай дөп басып айтты. Арқа сүйеген мықтыларының арқасында бұл да осы көзге көрінбейтін жымысқы күрес тәсіліне бойлап барады деді.

— Байқаймын, тым ашыла сөйлесіпсіңдер...

**Ахмет Нұралын. «Пионер» газетінің бірінші редакторы, кейін басшы комсомол қызметінде болған.*

— Енді қалай, қазіргі жас қайраткерлерді салыстыра танып, келешек үмітімізге көзімізді аша қарауға тырыспаймыз ба. Білгенім мынау: сенгені зор болғандықтан, Махмет рухани бейшаралығын, жүдеулігін, осалдығын әкімшілік күшімен толықтыруға көз жұмып кіріскен екен. Оны әшкерелеуге тиіс жоғарыдағылар қайта оның жоғын жасырады.

Саттар күрсінді. Қатты ренжіп:

— Бар пәле таяздықта, білімсіздікте, мәдениетсіздікте жатыр,

— деді. — Айтшы өзің, мәдениетті халықтың қайсысында ру бар?

— Рас мұндай пәлені өскен елдің бірі білмейді...

— Бізді оңдырмай келген осы руға бөлінушілік.

Бұрын Россия патшалығы қазақ арасында ру тартысын әдейі қоздыратын. Олардың: «Бөлшектеп таста да, билей бер!» деген принципіне бұл жағдай қолайлы құрал болды. Енді не жоқ? Таңымыз атқан тамаша осынау дәуірде енді неге ел боларлық шаруалармен айналыспасқа?

— Сен осы бәрін жүрегіңе тым жақын қабылдайсың, Саттар, — деді Зейін. — Бес саусақ бірдей емес, негізінен ұлы көш ілгері кеткен жоқ па? Жәmilә, былтыр Саттардың бір қарияны састырғаны бар. Қатты-ақ абдыратты...

Күзде екеуі Көкшетауға командировкаға барғанда, руын сұраған бір қартты Саттар аяусыз келеке еткен еді. Соны еске алып біраз күлісті.

Сосын Саттар қайтадан көкейіндегісін қозғады:

— Білемісің, Зейін, есіме менің жетекшім айтқан бір әңгіме түсіп тұр. «Орыс символистері» жинағын талдау кезінде айтқан еді. Бальмонт эмиграциядан оралғанда, Петербургте үлкен әдеби кеш болыпты. Сөйлеушілер оның мақтауын асырып, орыс поэзиясының атасы десе керек. Сонда бұл егде тарта қоймаған жас «ата» иін тірескен жұртқа өзінің оларды ұрпағым деп танудан бас тартатынын мәлім етіпті. Өйткені, бекерге елеуреймін деп, терезе сыртына көз салмайсыңдар, қайнаған дүбірді, алуан мазмұнға толған тіршілікті көрмейсіңдер, жазатын нәрсені өздерің көзден таса қыласыңдар депті. Білесің бе, маған осы ойда бір нәрсе бар сияқты. Не керек, қайдағы бір саяз әкімдерге бола жүйке тауысып?

— Міне, осы ғой, менің де саған айтарым... Саттар оған көңіл аудармай, сөзін сабақтай берді.

— Бізге өмірді зерттеу керек, зерттей отырып жазу керек. Және, әрине, оқуға тиіспіз. Пушкинен екі есе көп оқуға тиіспіз, өйткені Пушкинге дейінгілерді оқудан, Пушкиннен бергі әдебиетті, әсіресе «алтын ғасыр» әдебиетін оқуға ересен мол уақыт қажет. Сондықтан, жатып та оқиық, тұрып та оқиық, — деп бір күліп қойды. — Сондайда әлдебір жікшіл жымысқыларды елегің де келмей қалады.

Әсем Алматының жұлдызды аспаны астында достарының иығына қолын салып тұрып, қазіргі көңіл-күйіне сай есіне түскен өлеңді оқыды.

— Неужели же я буду так зависеть от людей,
Что не весь отдамся чуду мысли пламенной моей?
Неужели же я буду колебаться по пути,
Если сердце мне велело в неизвестное идти?
Нет, не буду, нет, не буду я обманывать звезду
Чей огонь мне ярко светит и к которой я иду *

Саттар керемет сергіп кетті. Көшеде де, Зейіннің құрқылтайдың ұясындай пәтеріне оралған соң да, сүйікті өлеңдерін серпіле оқыды, қымбат арманын сыр қылып айтты, жоспарымен бөлісті.

Жәмилә күйеуі мен Саттарға дәліздің еденіне төсек салып берді де, ішкі бөлмеге кіріп жатып қалды. Достар оған қайырлы түн тіледі. Өздері әдебиет, өнер, өмір жайлы сырласамын деп, таң-қылаң бергенше ұйықтаған жоқ.

Ертеңіне Саттар жолға шықты.

Алып құрылысты, мол көлемде енді игеріліп жатқан көмір кенішін, болашағы зор Қарағандыны бетке алып шыққан. Бірақ бір түрлі пәс көңілмен аттанды.

Алматыны қимаған. Әдебиет майданының үлкен ордасынан алыстауы жанына батқан.

Өзін шығарып салып тұрған достарына вагон терезесінен қол бұлғай бере, көз жасы шып ете түсті. Жолым болмады деп қамыққаны. Алайда дәл осы сәтте нағыз жұлдызының оңынан туып келе жатқанын ол сезген жоқ.

** Ақын К. Бальмонттан*

Бұл сапарының түптің-түбінде мәңгілікке апарып, қазақ әдебиеті ордасындағы қастерлі орындардың біріне қадірлеп отырғызарын жиырмаға да тола қоймаған жас жігіт қайдан болжасын. Ақ бас Алатау қойнауында қалып бара жатқан астанадан көзін алмай, үнсіз егіліп тұра берді.

Паровоз түтінін шұбалта, буы бұрқ-бұрқ атқылап, жас республиканың ірі индустрия ұясына қарай жөнеліп барады. Ертеңгі күнінен бейхабар Саттардың мәңгілікпен қолдастыратын болашағына әкетіп барады.

1934 жылғы тоғызыншы июль күні ол «Қарағанды пролетариаты» газетінің жауапты редакторының орынбасары, әрі комсомол бетінің редакторы қызметіне кіріседі. Он ай істеді. Одан әрі тағдыр оған тағы екі жыл ғұмыр қияды. Барлығы үш жылға жетер-жетпес мерзім. Қамшының сабындай қысқа, қас қағымдай шектеулі уақыт. Сосын сұм ажал оны жиырма үш жасқа да жеткізбестен, бұл дүниеден алып кетеді...

... Кейбір сұңгуір тереңге ұзақ бойламайды. Тыныстап алу үшін, әлсін-әлсін су бетіне қалқып шығады. Мен де жылдар тұңғыығында көп жүзуге шыдамадым. Кері оралдым. Дамылдадым. Тапқанымды саралап, өздеріңізбен бөлісуге. Көмескі кезеңді ауыр толқынымен бүркеген тереңдікке тағы бір сұңгіп байқау үшін, күш жинауға....

Саттар Ерубәев

ЗЕРДЕЛІ ЕДІ ЖАСЫНАН

1929 жылдың қысы болса керек. Мен ол тұста өзімнің туған Керекуімде, П басқыш мектептің бірінші класында оқитынмын. Одан бұрын, діни оқуда үш-төрт жыл шырмалған мен кейін үш жыл совет мектебінде оқып келіп, П-басқыштың бесінші класына бара-бара осы сатыға әрең жеткен едім.

Тап сол күні, есімде, қар жапалақтап жауып тұрған еді. Сабақ арасындағы үзілісте шәкірт балалар далаға гүлесе шықты. Бұл П басқыш мектепте сабақ орыс тілінде оқылатын. Мұндағы қазақ балалары, орыс балаларына қарағанда көбінесе ересек келетін... Ересек дегенде — әрқилы оқуда айналып біраз жүріп қалған мен секілді он алты жасарлармен сабақтар он-он бір, он жеті, он сегіз жастағылар да бар еді бұл мектепте.

Ойын десе есім қалмай аласұратын әумесер басым жерге түскен жапалақ қарды жұмырлап алдым да, басқа бір салмақтылау баланың сөзін тыңдап тұрған Қабыштың, арқасынан сол қармен соғып жібердім. Момын, аңқау, Қабыш маған жалт қарады да, әдетінше сабырмен:

— Жыңдымысың. Зейіннің әңгімесін тыңдап тұрған жоқпын ба? Кел тыңдасайшы, — менің ойынымды жақтырмай қалды.

Сәл шалдуар болсам да, бала жасымнан біреудің аузынан соңы, қызық әңгіме естуге құмар едім. Біреу аунатты ма, әлде өзім аунадым ба, есімде жоқ, сенсең тоныма жабысқан қарды қағып тастадым да, Қабыштың (бұл екеуіміз сабақтас едік) қасына келіп тұра қалдым. Тағы үш-төрт бала Зейінге қарап тұр екен. Зейінді, сірә анықтап тұңғыш көргенім осы шығар. Орта бойлы, талдырмаш, сүйкімді бала жігіт, қоңырқай көздері ойлы сырмен ұшқындап үлкендерге лайық сабырмен сөйлеп тұр екен. Бұйралаң ұштары елтірі құлақшыннан шашырап шығып тұр, ықшам ішігі өзіне жарасып қалыпты, бұл пішінде ол маған менен ересектеу болып көрінді де біздің керекудегі жас «қаратаяқтардың», біріне ұқсап кетті. Бірақ сөйлеп тұрған сөзі мен көріп-біліп жүрген «қаратаяқтардың» әңгімесінен бөлек, тіпті мен сірә естімеген бір оқшау жайлар

секілді. Зейін тегі сөз төркінін әріден бастаған болу керек, бас жағын ұғынбадым да, есімде қалғаны да сол ғана:

— «Плехановтың искусство жайында жазған пікірлерін оқып жүрмін. Бұл кісі терең білімпаз. Оның пәлсәпасы мен кітаптарын Ленин өзі жоғары бағалаған. «Өнер туралы қисындар мол» — деп беріле, білгір мұғалімдерше еркін сөйлеп кетті. Сөзінің соңғы жағын ойнақы ой сарайына оншама берік орналаса қоймаса да, ынтамен тыңдадым. Плехановтың деген есім де сол сәтте менің құлағыма тосындау немесе алыстағы бір жат ағайынның есімдеріндей болып естілсе де, қиялыма өзіме мәлім, ұрық болысындағы қосшы ұйымының бастығы Білеханов елестей қалды да, Плехановтың атын есте жаңылмай сақтауға көмегін тигізді.

Зейінге Қабыш мені таныстырды ма — ол арасы есімде қалмапты. Бала шағымнан өзімнен көбірек білетінге ұйып ден қоятын әдетімше мен Зейінге ізетпен қол бердім.

Қоңырау қағылды да, үзіліс аяқталып сабақ қайта басталып кетті. Зейін менен екі класс ілгері оқиды екен. Ол өз класына кетті. Мен оқитын класта жас мұғалім Балашов қоғамтану сабағын өткізіп жатты. Сол кездегі оқытушылар қатарынан маған ұнайтыны, осы жас мұғалім Балашов болды. Білімді, албырт жігіт, өзі бұйра шашты, көрікті, — шалқып еркін және мендей дүмешілерге — тарихты жеткізе шежірелейтін. Балашов Пугачев көтерілісі жайында шешіле сөйлеп тұр. Бір сәтте А. С Пушкиннің «Капитан қызын» әңгімелеп кетті.

Бұл кітапты ол кезде оқымасам да «Капитан қызы» деген киносуретті ынтыға көрген едім. Сол бала шағымда өткен замандағы орыстардан бейнелері жүрегіме ұялаған Пушкин мен Пугачев болса керек. Балашов осы ардақты адамдар жайында біздерге шалқи айтып тұрған шақта — маған мұғалім Балашов жаңа ғана Плеханов туралы білгір сөйлеген Зейін сынды болып көрінді.

Бала шағымыздағы Зейін Шашкинге деген менің ыстық пейілім осылай басталды.

Бала болсам да Шашкин әулетінің есімдері менің құлағыма бұрыннан сіңіскен еді. Менің әкем Нұрғожа — Баянауыл атырабының Қызылтау аталатын бір шоқысында туып өссе керек. Зейіннің ата жұрты шағын Қозған ауылы да осы Қызылтау бөктерін мекендепті. Революциядан бұрын біздің руымыз — Тұлпар ата мен Шашкиндердің тұқымы — қозғандар — бір болыс ел болыпты. Мұны мен әкемнің ауызекі әңгімелерінен сөз арасында естіген едім. Ал, революция алдында сол Тұлпар — қозған болысына аз уақыт болыс болған, кейін Совет өкіметіне беріліп қызмет еткен адвокат Әбушақыман Нұржанов Керекудегі біздің үймен іргелес көрші болды. Бұл оқыған, инабатты кісі — Шашкиндермен аталас екен, адвокат Әбушақыманның үйіне Зейіннің Павлодар маңында жауапты партия, совет қызметтеріндегі ағалары Сағымбай мен Дайырбай Шашкиндердің кейде келіп жүретінін байқаған едім.

Дайрекең Кереку уезінің жерінен Семей жаққа қызметке ертерек ауысты да, Сағымбай менің туған қаламда көп жылдар көрнекті қызмет атқарды. Реті келген соң айта кетелік, Дайырбай да, Сағымбай да білімді, өнерлі кісілер еді, Дайрекең (кейін білдім) өлең де жазатын, әдебиетке құмар жан еді, ал Сағымбай ағайдың да уездік партия комитетінде жүрген кезінде сахна үйірмесін ұйымдастырғаны, Павлодардың жұмысшы клубында спектакль қойып өзі пьесадағы басты бейнеде ойнағаны әлі есімде. Ал *І/.Қабыш Сиранов - қазір өнертану ғылымының кандидаты, кино зерттеуші.*

"Қаратаяқ" — сол кездегі оқыған қызметкерлерді жұрт осылай атайтын

Дайрекең, белгілі ғалым Қаныш Сәтбаевпен бірге оқып, бірге өскен адамдар. Олар жастық шағын туған жері Баянауылда бірге өткізген. Көркемөнерпаздар үйірмесін алғашқы құрушылар. Бұлар «Арқалық батыр» пьесасын қоюшы және сол пьесада басты рөлдерін ойнаған адамдар.

Сонымен қатар, концерттер де ұйымдастырған. Өздері ән

салып, күй ойнаған. Домбыра, скрипка, гармон тартқан. Өлең, тақпақ, скетч, интермедиялар оқыған.

Сол кездерде әйелдерін де концертке қатыстырған. Әсіресе, Дайрекеңнің бәйбішесі атақты әнші, композитор Жарылғапбердінің қарындасы, Қозғанбайқызы Теміржан (Сағымбай мен Зейін еркелетіп «Темке» деп атаған) гармонмен ән салған. Темкең 13-14 жасында аулына (Шорман ауылына) әнші Майраның гармонымен ән салғанын талай рет көрген екен. Ол Майра жайлы әңгімелерінің бірінде шауып келе жатқан үш пар арғымақ жеккен әдемі, кілемдеген пәуескенің үстінде, ақ торғын шәлісі мен маңдайына үлкен алтын түйреуіш таққан, үстіндегі киімінің әдемі тігілгені, әдемі қонымдылығы сонша, осы күнгі театрдың сахнасындағы актрисалардан көрмедім дейді.

Сұлу Майра гармонмен ән шырқап келе жатқанда адам ба, аққу ма? — деп есіміз кетуші еді. Оны еліктеп қыздар жәрмеңкеден шәйі-жібек маталар, гармон сатып алдырып әдемі киініп ән салатын болдық. Майра ауылға жиі келетін болды. Жәрмеңкеде, ауылдас Жарағаммен (Жарылғапберді) кездесетін болды. Сол кезде Жарағам Майраға арнап («Гауһартас», «Шама», «Ардақ») т.б. өлең әндерін шығарған еді. Содан көрші ауылдар біздің ауылды «Әнші ауылы» деп атады дейтін, Темкең жеңгей.

Мен ес білген шақта, тап әлгі кездесуден бұрын Зейін Шашкин Керекуде болмаған секілді. Болса, осы бір зерлі баланы бұрын нағып көрмедім екен? Бертін дос болып біте қайнасып кеткен шағымызда мен досымның өзінен сұрамапшын, — сол кезден бері біле алмай, әлі қайранмын — Қызылорда ма, өзге бір ірі қала ма — оқып білімденіп қалған Зейінді — біздің жұпыны Керекуге қандай себеп қайырып келді екен.

Жас Зейін, өзінің білгірлігімен, өнер талабымен, сол шәкірт шағымда-ақ Павлодар жастарына белгілі, сүйкімді бола бастады.

Сағымбай бұл тұста қызмет жөнімен басқа ауданға ауысса керек, қаладағы ойын-сауық мәселесіне енді інісі Зейін белсене кірісті. Біздің мектептегі жоғарғы класс оқушыларынан педагогика техникумы студенттерінен бейімі барларын жинастырып ол драма үйірмесін ұйымдастырды. Оның білгіштігіне ден қойып, кейін мен де Зейінге үйір бола бастадым, ол сол үйірмеге мені де іліктірді. Ол кезеңдерде авторының кім екендігі есімде жоқ түрліше сарынмен жазылған ұсақ пьесалар біздің Кереку сахнасында дулы-шулы болып қойыла берді. Әдебиет қисындарынан сол жас бала шағында да әжептәуір хабардар Зейін, сірә, талғап іріктесе керек, алдымен жұмысшылар клубының сахнасына «Зарлық» атты пьесаны әзірледі. Бұл пьесаның авторы Өмірбек Оспанов екенін (қазір Қазақ ССР Академиясының корр. мүшесі, топырақтану ғылымының ғалымы) мен кейін білдім. Пьесаның сахналық режиссері де, мұндағы бас кейіпкер Зарлық рөлін атқарған да Зейіннің өзі болды. Маған Зейін сахнаға кіріп-шығып жүретін бір жылпостың рөлін жүктеді. Керекудің кең клубына (Луначарский мен Ленин көшелерінің түйісінде әлі тұр) қала жұртшылығы әсіресе жастар мол жиналды.

Артынан естіп білдім, пьесаның аты «Зарлық» дегенге жұрт мұны «Мұңлық-Зарлық» қиссасына байланысты уақиға шығар деп түсінсе керек. Анығында бұл пьеса революцияның бас кезінде қиыншылық жәйттерге байланысты туған ауылдағы тап тартыстары жайында еді. Пьесаның бас қаһарманы Зарлық рөлін атқарған Зейіннің сондағы қимыл-әрекеті, ашынған зарлы үндері әлі күнге дейін менің қатерімде сайрап тұр. Таршылықтан, байлардың сұмдық қылықтарынан, аштыққа душар болған ата-анасын сол алапаттан құтқару жолында Зарлық қиын-қиын азап шегеді. Мен Зейіннің сонда Зарлық болып, ашыға, ашыла-ашына жер тырмалап кішкене қоңырқай көздері шарасынан шатынап шығып, сай-сүйегін сырқырата тебірентенін бала зердеме мүсіркей сақтап қалыппын...

Зейін бұл тұста өлең де жазып жүрген еді, бір сәтте мен секілділерді жинап алып, дәптерге тізілген өлеңдерін оқығаны бар. Өлеңдерінің мәнісі есімде қалмапты...

Көктем шығысымен П-басқыш шәкірттері жан-жаққа ыдырай қалдық. «Зейін Шашкин Алматыға ма, әлде өзге жаққа ма, әйтеуір жүріп кетті»деп естідім. Ал мен сол жылы комсомолға мүшелікке енген едім, сол көктем айында аудандық комсомол комитеті маған Қостанай облысындағы механизаторлар әзірлейтін техникумға жолдама берді, мен сонда кеттім. (Тәлейіме тракторшы болу — әлмисақта жазылған шығар деп көндіге кеттім).

Біраз тұрлаусыз кәсіптерден ұйытқып өткен мен 1933 жылы бағым ашылып, Павлодарда шығатын «Колхоз» атты газеттің редакциясына келіп тұрақтадым.

Осы тұста газет беттерінде болымсыздау өлең, очерктерім де жариялана бастады. Менің осы шақтағы ерекше бір тәлімім — астанада шығатын газет-журналдарды, кітаптарды тінтіне қадағалап оқу болды. Сол тұста болса керек, көктемде «Социалистік Қазақстан» бетінен Зейін Шашкин жазған бір мақаланы көре қалдым. Бұл жерлесімнен ажырасқалы үш жылдан астам уақыт өтсе керек. Оған дейін қайда болғаны маған мәлімсіз, ал дәл 1932 ж. Көкшетауда аудандық комсомол комитетінің секретары болып қызметте жүргенін мен естіген едім.

Бұл тұста Зейін газет-журнал беттерінен бірлі жарым өлеңдерін көбіне мақалаларын оқып, дарыны ашыла бастаған туысыма сырттай сүйсініп жүр едім. Ал Зейіннің мына мақаласы мені ерекше таңданарлық ойға қалдырды. Япыр-ау, бір-екі жыл бұрын Керекуде қасымда жүрген шәкірт Зейіннің атақты ақын Сәкен Сейфуллиннің шығармасын сынауға қалай батылы барды екен. Жанкешті, өжет екен ғой біздің Зейін! — Алайда албырт жастың осынысы ағаттық емес пе екен? — деп те абыржыдым. Мәселен былай: Сол отызыншы жылдың басында қазақ әдебиет жазығында бәйгенің тұлпарындай дүбірлеген Сәкен Сейфуллин «Қызыл ат» поэмасы жайында нелер жауапты қызметтегі адамдар, белгілі сыншылар разылықпен мадақ сөздерді баспасөз беттерінде

жиеліте жазып жатты. Бұл мақтаудың мәнісі де бар. Сәкен публицистикалық поэмасын Қазақстанда сол тұста орын алған бұрмалаушылықтар мен ересен қателерді соны туғызуға себепкер болған кейбір «әсіре қызыл» белсенділерді өткір сынауға, әшкере мінеуге бағыттаған. Революционер ақынның бұл шығармасы кезінде айтарлықтай саяси-әлеуметтік резонанс тапты. Ал Жас Зейін — ұстаз ақын Сәкеннің поэмадағы терең астарлы мәнісін сынаған жоқ, зерделі сыншы Шашкин үлкен ақынның поэзиялық стиліне, кейбір олақ сөз құрамына мін тағуға батылдық жасаған. Мен өз басым ақындық өнерге талпыныс жасағанда Сәкен Сейфуллинді пір тұтқан адаммын. Кейін үлкейген шағымда Сәкеңе арнап «Сұңқар туралы аңыз» атты шағын дастан және «Аспанымда жұлдыздай жарқыраған» деген естелікті де елжірей жазғанмын. Сонымен бірге поэзиядағы өз белесіме көтерілген кезде бұл ұстазымның өлең, дастандарына кіді көз, зер салғанда, айтарлықтай соған орай, олақ сөздер сылбыр жасанды ұйқастар баршылығын да өкінішпен аңғардым. Бұрынғы-соңғылы сыншылардан бұрын ертеректе осы жайларды батылдықпен байқап қалған Зейінді мен кінәламас едім.

1934 жылы октябрь айында мен Алматыға келіп, ақыры өзім арман еткен КазПИ-дің әдебиет факультетіне оқуға түстім. Анығы есімде жоқ, Семейден бе, әлде Москвадан ба келген бұл кезде Алматыда екен, іздестіріп тауып алдым. Үйленіпті келіншегі Жәмиләмен таныстырды. Бұрыннан өнегелі, зиялы Зейін маған сағынышты туысымдай жылы жүзбен сәлемдесті. Мен оқуға келген жайымды білдірдім.

— Мұның міне ерлік, өлең жазып жүргеніңді естіп едім, дарының болса, өлең ешқайда да қашпайды. Мен сені оқи алмай Керекуде үй-кішік болып қалды ма деп едім. Енді оқи бер, біліміңді молайт — деп Зейін маған жанашырлық кеңес берді. Өзі бұрынғыдан да әсем, әдемі болып көрінді маған. Күз күні сонда да, ықшам, кербез киініпті. Оның сүйкімді жүзі, сірә көп оқығандықтан болар, сәл қуаң тартыпты. Екеуміз

Совет көшесін бойлап, паркке қарай аяңдап әңгімелесіп келе жатыр едік, Зейін қол сағатына қарады да:

— Қалижан жүр баққа барайық, — сол сәтте қоңырқай көздер күлімдей қалды — менің бір перизатпен кездесер сәтім болып қалды. Керекуде жүрген бала жігіт кезінде де байқаған едім, бұл жерлесім махаббат жарығына сырбаз да, сері де еді.

Бұл кездесуде Зейін маған өзін Москвада оқыған, көрген өнегелері мен әдебиет жайлы көп сырлар шертті. Бұл кезде ол Москваның философия және тарих институтында оқитын. Кешікпей Зейін Москваға қайта жүріп кетті, білемін...

1937 жылдың күз айы болса керек. Зейінмен Есмағамбет Смаиловтың үйінде кездестім. Белгілі әдебиетші Смаилов бұл тұста қазақ әдебиет тарихын зерттеу саласында, қазақ совет әдебиетінің сын мәселесінде ерекше белсенді еңбек етіп жүрген еді. Есмағамбет, әсіресе сол кезде әдебиет жотасына өрбіп шыға қалғанмен секілді жастарға қамқорлық жасап, оларды бауырына тартты. Қасым, Қапан, мен, тағы басқалар Есаған үйіне жиі жиналатынбыз, әңгімеміз — поэзия, Байрон, Пушкин, Лермонтов, Есенин, Абай, Махамбет ... Солар туралы талас ой жарастырып гу-гу ететінбіз...

Зейін біздің бұл ортада аз-ақ уақыт болды. Жасынан көкіп көп сөйлемейтін Зейін осы бір шақта маған тым бұйығы, тұңғыық ойлы болып көрінді. Сүйкімді жүзінде әлде нендей әбігер ой, абыржығандық сезілді.

Есмағамбет екеуі бірігіп, осы кезде қазақ тілінде «Әдебит теориясы» атты кітап жазып жүр екен. Семейден келген Зейін бұл сапарында сол кітаптың өзі жазған тарауларын ақтық рет қарап шығуға кіріскен екен. Бұл шақта Зейін көбінесе әдебиетші, сыншы ретінде белгілі болған еді. Есаған үйінде сол кездескенімде ол маған:

— Қалижан, саған сырттай разы болып жүрмін, мына Есаған сені оқуын үздік оқиды, Пушкин атындағы степендиат — деді. Газет, журналдар оқып жүрмін, тәп-тәуір өлең, мақалалар жазып жүрсің. Енді үдете бер, — деп маған ойлы көзбен қарап алды да, — мен жазған мына бір тарауды оқи отыршы, — деп маған бірнеше парақ баспалы қағаздарды ұсынды. Әдебиет

— қисындарын жетік білерін оқымысты адамның жағанына ұқсап тұр. Разы болып кеттім.

— Философсың! Мынауың керемет қой! — деп қалыппын. Ол бұл мадағыма мәз бола қоймады. Сәл жөтелді де, неге екені белгісіз ауыр күрсінді.

КазПИ-ді аяқтар жылым еді, дәріс тыңдау үшін кетуге асықтым. Соны сезген Зейін маған ой тоқтатып қарады да :

— Қош бол, Қалижан! — деп қолымды қатты қысты.

Ертеңінде Семейге жүріп кетіпті. Ол Семейден қайтып оралмады. Дарыны жаңа ғана жалындай бастаған шағында жас боздақ бері емес, жұмбақ жалалармен әрірек дүниеге, сырылып, ұзақ жылдар еріксіз шырмауда жүрді...

«Тірі адамның ісі — үміт» — рас екен, бұл нақыл, ұзақ жылдар бойы хабар ошарсыз жоғалған менің Зейінім тірі екен. Тіпті ол сонау Сібір түкпірінен Көкшетауға қайтып оралыпты. Тіпті ол Бурабайдың бір мекенді жерінде дәрігер екен...

Бұл хабарды мен 1950 жылы немесе 1951 жылы жаз айында, ертеректе өзіміздің ауылымыз жайлаған мойылды курортында емделіп жатқан кезімде естідім. Мұны маған жеткізген бізге ағайын Зейінге туған жезде Садық Ержанов деген кісі еді. Бұл ағай ол кезде Ертіс бойындағы Чернорецкі қалашығында шаруашылық мекемесінде бір қызмет атқаратын. Садық ағай Зейінді інісіндей жақсы көреді екен. Чернорецкідегі үйіне мені курорттан қонаққа шақырып, Зейіннің тебірене жазған хаттарын көрсетті. Мен ынтызар күйде оларды оқып шықтым. Сол хаттарда Зейіннің әдебиет әлемін сағынғандығы, творчестволық жұмысқа құштарлығы өте сезіліп тұрды.

— «Зейін сонау шалғайда жүріп, Жетісудың бір революционері туралы бір кітап жазыпты» — деді Садық ағай.

— Неткен төзім, неткен өжеттік! — деп меп қайран қалдым.

Ол қолжазбасы қайда? — деп сұрадым жалма-жан.

— Есмағамбет Смайлов деген досын Алматыға жіберіпті, қандай нәтиже тапқаны әлі мәлім емес, сен соған зер салшы, өзіне Алматыға баруға әлі рұқсат жоқ секілді, — деді Сәкен.

Мен әрі қуанышты, әрі күйінішті ойға қалдым. Қайтсем екен! Өзіме де соғып өткен сұрапылдың сілемі тимей қойған жоқ... 1937 жылы бітірер шақта оқудан да, комсомолдан да қуылдым. Осы тұста саяси сындар да үстіме себелеп жауып атыма түрліше айдар да тағылып жүрді.

— Әдебиетші Зейін қалайша дәрігер болып кетті екен? — деп таңдандым мен.

— «Таяқ аюға да намаз үйретеді» — деген сөз бар емес пе? Тұрмыс неге көндіктірмейді? Сол алыстағы шырмауда жүріп дәрігерлік училищені бітіріп алыпты. Парасатты, зейінді жігіт қой, біздің Зейін! — деп мақтаныш етті өнерпаз балдызын жездесі.

«Жеке адамға табыну» деген шырмау отанымыздың мүбарак жүзінен сырылған кезде, кешікпей Алматыға Зейініміз де, басқа әдебиетші достар да қайта оралды.

Мен Зейінмен Жазушылар Одағының (Пролетар көшесі) үйінде, ауласында кездестім. Қуанып та, абыржып та қалдым, құшақтай алдым. Аузыма түскен ыстық сөздерді айтып жұбатыпта, қуаныпта жатырмын.

Бір-екі күн өткен соң Зейінді үйіме қонаққа шақырдым. Ол кезде менің дача жақ деп аталатын бау-бақшалы орамда жеке бөлек сәнді үйім бар еді. Зейін жеміс бағымды аралап үйімді таңырқай қарады да:

— Қуатты болсын! Сәулетті тұрады екенсің. Нұрекеңе бітпеген салтанат саған бітіпті, — деп жүзін қулана, сәл күлкілі шыраймен сөйледі. Менің әлде нені көңіліме секем алып қалғанымды сезді де:

— Кейінгі кезде дифирамбадан арылып келесің, — деп ойланды да әдетінше жайраңдап, — сенің кейінірек жазған «Ақсақ құлан» мен «Мариям Жагорқызы» дастандарды оқып, рахаттанып қалдым, тамаша дүниелер! — деп шынымен разылық білгендердей болды.

Дастархан басында сырласып отырып, көңілімде дүдәмәл жүрген бір сұрақты қойып қалдым:

— Зеке, шыныңды, айтшы, Сібірге айдағанда не жазып едің? Зейін кенет тұнжырай қалды. Жаралы жүрегіне тиген бұл сұрағымды жақтырмады білемін.

— Өзім де білмеймін. Оны үстімнен арыз бергендерден сұра! — деді.

Мен ыңғайсызданып қалдым. Аз тымтырыстан кейін, Зейін бокалды қолына алып (бұл досым ішімдікке ынтызар емес еді) менің денсаулығымды, творчестволық өркендеуімді тілеп, тост көтерді, сөз арасында көптен сүрленген өкпесін де маған сездіре кетті.

— Сенің маған деген көңіліңді бала кезден-ақ сезгенмін. Бірақ мен сонау қиырда жүргенімде тұрағымды білмесең де, мен Көкшетауға оралғанымда бір хат жазбағаның, сәтін тауып бір келіп кетпегеніңе іштей өкпелі едім...

Мен ұялғаннан тұнжырап кеттім. Әдетімше шарап толы бокалды аузыма төңкере салдым.

— Кешір, бұл өкпе әбден орынды.. — деп күмілжідім.

Зейін кеткеннен кейін мен түнімен төсекте алабұртып аунақши бердім. Жыны ұстаған бақсыдай күбірлеп тұрып кеттім...

Сол тұста, әлгі «жеке басқа табынушылық» деп аталатын кезеңде жазықсыз жапа шеккендердің қиын-қыстау өмірлеріне арнап «Тұрлаулы тағдыр» (алғашқыда «Ақан Ақтаев» болып аталды) поэма жазып жүр едім. Бұл дастанда Зейін бастан кешірген қиындықтар да әсерлі саз берген еді. Досымның маған айтқан назды өкпесі менің тұла бойымды шымырлатып, мен Зейін досыма арнап, сол поэманың лейтмотиві іспетті мынау өлеңді тебірене жазған едім:

Арнау (Зейін Шашкинге)

Білемін өкпелісің өлеңіме,
Түскенде сен уақыттың елегіне,
Шадыман жырмен ғана шалқыдым мен,
Тағдырын тұстасымның еледім бе?

Түссе де теңбіл менің талайыма,
Шырмалсын өлең шіркін қалай мұңға?
Қызықтым зор өмірдің бәйгесіне,
Қосылмай дүбіріне қалайын ба?
Жас едім туған бірге таң нұрында,
Телімін бақытыңа, тағдырыңа.
Тосыннан құйын сені теңселткенде,
Менің де түспеді ме дақ жырыма?
Дәуірдің кінәлі ма сол бір кезі
Өсірді еркелетіп өмір өзі,
Ер сенім өткір ойды берді бізге,
Лениндік комсомолдың өр мінезі,
Баянның биігіне бойлап өстік .
Албырт жас, дулы топтың арасында
Екеуіміз жанған оттай жайнап өстік
Болмады бізде күйік, нала, қайғы.
Қалайша бізді қауіп жағалайды?
Түнде бір аспан кенет шатырласа
Қол созып қағамыз деп жағажайды
Заманның ішке тартып жалындарын
Сүйдік біз, не сүйсек те — жанып бәрі
Сонда біз аялаған қыз қайыңдар,
Жайып тұр әлі бізге жапырағын
Жүргенде махаббаттың назын қалап,
Қыз сүйген бетімізден әжім тарап
Қалайша түкті қара басымызды,
Басыңды ақ қыраулар әжуәлап
Бақытын бұзса кенет аяулымыз, —
Қандай зіл жай жүрген баяу үнсіз.
Дәуірдің шатқалаңын шарықтамай
Мәз көрдік бәйшешек пен бояуды біз
Жаңаша күйді тыңдап кең елімнен,
Жанымды жастық жырға бөледім мен.
Сол кезге кінәлімін, досым, саған,
Тысқалып өкінішің өлеңімнен
Жасырсаң көңілдің бір мүтедегін,

Калайша қайта жайнап түлер едің.
Өзіңдей өткел кеткен өрендерге,
Ақтарған адал сырым — бұл өлеңім.

Бұл арнау 1957 жылы «Ақан Ақтаев» аты поэмада басылып шықты. Менің осы сырымды оқып шыққан Зейіннің, мені үйіме әдейі іздеп келіп, көзіне жас алып құшақтап сүйгені есімде.

Зейіннің жігерлі, қажырлы азамат екенін әсіресе кейінгі жылдары әбден ұғындым. Қаншама жыл қиын-қыстауда жүріп қайтқан бұл талдырмаш денелі нәзік сырлы жан, денсаулығының әлжуаздығына қарамастан, творчестволық және қоғамдық жұмыстарға сонау комсомол шағындағыдай, жалындай кірісті. Жалғыз Зейін Шашкин емес, бұл тұста партиямыздың лениндік сара басшылығы мен ізгі мерейінің шарапатымен оқшау сапардан дарынды әдебиетшілеріміз — Мұқаметжан Қаратаев, Хамза Есенжанов, Өтебай Тұрманжановтар да әдебиетімізге қайта оралған еді.

Көреген Мұхтар (М. Әуезов) осынау жазушылардың қиядан оралғаннан кейінгі творчестволық серпіндеріне разы болып, «бұлар ашынған, ашыққан адамдар сынды ынтызар болып келді ғой, іске қомағай кірісуі де содан» деген еді сол тұста. Солардың бірі Зейін Шашкин болды. Ол творчестволық жұмысқа тереңге батқандай жанкештілікпен сүңгіп кетті. Бұл кезде үйді-үйімізде Жазушылар одағының залдарында жиі-жиі ұшырасып, ауық-ауық кеңесіп тұратынбыз. Оның тірлікке, харакетке деген разылықпен ұшқындаған көз нұрынан жүзінде толқыған арайлы шырайдан өмірге де, жұмысқа да терең берілгендікті дәйім сезінуші едім. Әдебиет, тарих мәселесін сөз еткенде ол білімділігін, көп оқығандығын аңғартушы еді. Осыған орай, кейде осы «Зейін сонау Сібір түкпірінде сірә, бір Академияны бітіріп қайтқан шығар» — деп те таңданушы едім. Сол елуінші жылдардың бастапқы жылдарында Зейін Шашкин қазақ әдебиетінің асыл қорына бірнеше тамаша туындылар қосты, — «Тоқаш Бокин»,

«Теміртау», «Доктор Дарханов», «Сенім» сияқты күрделі роман, повестер. Аз уақыттың ішінде осынша маңызды, үлкен шығармалар жазып үлгіруі ұзақ уақыт дарыны тұсалып келген мұңдар жанның таңғаларлық ерлігі еді, бұл бастауы бекітулі дарынның шұғыл, төтенше бұрқасыны еді.

Кейде бір кешен мезгілдерде үйіне сырласқалы бара қалғанда да, немесе түн ауа бейуақытта әлденеге телефон соққанымда да Зейін сарылып жұмыс бабында отырар еді. Ол өзі, тың алқабына трактор жүгірткен өрендер секілді. Романдарынан кейіпкерлері қандай-революционер, жас жұмысшы, жас инженер, дәрігер, агроном сияқты замандастар.

Оның шығармашылық қиялында нелер қызық мәнді тақырыптар барын да мен өз сөзінен талай аңдаған болатынмын.

Зейіннің тағы бір іскерлігі-әдебиет, ұйым жұмыстарына да жан сала, белсене кіріскенді. Ол «Жұлдыз» журналында редактор орынбасарлығы қызметін атқарғанда да, әсіресе, соңғы бір кезде, Жазушылар одағында партия ұйымының секретары болып жүрген шағында да іске берілгендікті, қоғамшылдықты көрсетті. Қоғамдық ой-санамен өз ортасында, әдебиет жолында қызмет етуді парыз көрген тынымсыз жазушы болды Зейін, сын-мақалалар жазып та әбігер болды романист Шашкин. Бір жылы мен оған Сәбит Мұқановтың «Мөлдір махаббаты» туралы өз пікірімді айтып едім, ол — кел екеуміз бұл туралы бірігіп сын-мақала жазайық — деді. Жаздық та.

Өмір өткелдері жүрегіне ұмытылмастай терең сөрелер қалдырған бұл дарынның мінезінде қилы сипаттар да бар еді. Жанысері болса да өз қасиетіне лайық жар сүйіп, баянды қызық та көре алмай өтті. Бірақ табиғатында семьяшыл, әйелқұмар, балажан Зейін сонау бұралаң сапардан оралғаннан кейін өзі кеткенде қара көздері жас ботадай жаутаңдап қалған екі қызы — Қаракөз бен Қарлығашты әлдеқайдан шақыртып алып өз аясында баулыды. Соңғы қосағы Мәриямнан нәресте көргенде — егде тартқан Зейіннің тасыған қуанышына сүйсінген мен ерекше абдырап қалдым. Сондай-ақ, өзінің жақсы көретін қарындастары — Мәкиза мен Зеннәтқа, інісі Сақаға жылы

мейірім білдіріп, олардың өсіп жетуіне көп назар аударғанын да білуші едім. Дос-жаран туыс тұтқан адамдарына сонша беріле, сене елжірейтін Зейін әрнеге, немесе кейбіреулерге тосыннан секем алғыш, күнәмшіл да болатын. Бәлкім, өмірінің мазасыз бір шақтары оны сондайлық бір беделділермен тез ұнасып кететін әдеті де сезілетін. Ал, сонымен бірге, өзімен пікірлес, ауқымдас достарын дулы, талас мәселелер туғанда жедел топтастыра қоюға да аз жігер жұмсамап еді. Мені өзіне шын дос санаған, маған сенген Зейін, бір жиындар өтер алдында мені жеті түнде телефон арқылы төсегімнен талай тұрғызып, жиында қандай бағытта сөйлеу жосығын маған аңғартып қояр еді. Әлбетте, мен де түйсіксіз емес едім, өз түйгенімді өзімше шеше білсем керек...

Бәлкім, оның бұл мінезі — өзі жақсы көрген досқа деген сенгендікте, мейір күткендіктен де туған болар. Өзінің жасаң өмірінде кездейсоқ зәбір-запаны басынан көбірек кешкен бұл шерменде қаламгер бертін де аяғына шөгір ілінбей, аттап кете қойған жоқ. Маңдай терін сыпырып, көз майы таусыла сарыла шұғыл жазып бітірген туындыларының біразы кедергіге ілгешекке ұшырағаны — оған зардабын тигізбей кеткен жоқ.

Зейіннің қабырғасын қайыстырған, көңіл-күйін айтарлықтай тебіrentкен — екі шығармаға жабылған жала, екіндер, қиян бұрыс пікірлер хақында менің еске алмауға хақым жоқ. Кітап болып басылып шыққаннан кейін «Доктор Дарханов» романы бір күні төтенше жиналысқа талқыға түсе қалды. Бейхабар үйінде өз жұмысымен шұғылданып отырған мені Зейін абыржыған үрейлі дауыспен (телефон арқылы) сол жиылысқа қайтсең де кел деп өтінді. Проза аулының сыртында жүргендіктен, мен ондай жиыннан тыс жүруші едім. Бара қалдым. Жиналысты ұйымдастырған және басқарған беделді ағай, неге екені белгісіз талқылауды ашарда романның авторына шұқшия сөйледі. Менің қытығыма тиген бір сөзі, ол — романның отыз бетін ғана оқыдым, маған ұнамады деп жиналғандарға өзінің секемал пікірін өткізуді көздеді. Көлемді романның отыз бетін айтып сондай қыңыр тұжырымға келе ме? Есіме түсіп кетті. Студент шағымда

данышпан Лев Толстойдың «Казаки» деген шығармасының жиырма бетіне жеткенше зерігіп кеткенім бар еді, өйткені сол шақтарға жеткенге шейін жарықтық кейіпкеріне қиудан көрінген Кавказ тауының әсем көріністерін суреттейді екен. Аптыға сірә түсінбесем керек, мынау ағай соныма ұқсайды.

«Доктор Дарханов» туралы баяндама жасаған Сейділ Талжановта романды іреп-сілкіп, мұқата мін тақты. Бұл әдебиетшіні мен жақсы білетінмін де, тіпті ізетпен сыйлағанмын да. Сонау 1936-37 жылдары Сейділ Талжанов аздап жазған мақалалары үстіне А.С. Пушкиннің атақты «Палтава» поэмасын аударып бізді, жас ақындарды тандандырғаны бар. Тағы да менің есімде қалғаны: Сейділ бір күні біздерге дуылдап тұрған жас ақындарға — «сендерді ақын етіп жүрген қазақтың етістігі ғой» — деп салды. Бұл сөзді көңілге кіді сақтаған мен кейінгі өлең-ұйқастарымда «Барған-салған» сияқты етістіктерге жоламауға тырыстым. Ал, қазір досымның игілікті еңбегіне, әділетсіз қайыр пікір айтқан бұл кісіге менің қыжырым қозып кетті. Әлі есімде, жақын жерде отырған Сейділге, зілдене сөйледім! Сіз сонау жақтан оншама зардап шегіп қайтпағансыз ба? Зейін сынды сіз де көресіңізді көрдіңіз ғой. Бірге болдыңыз ғой. Зейін «Дарханов» арқылы бастан кешкен өз әрекеттерін де бейнелеп отырған жоқ па?

Жиылыстан дуылдасып тарқадық. Екі-үш күн өткеннен кейін Сейділ ағайды көшеде кездестірдім. Ұшқыр сөзіме кінәлі адамдай ізетпен сәлемдестім. Ол кісі де сол сөзіне өзі де абыржыса керек. «Зейінді жақсы көріп аяушы едім. Ақыл айтамын деп, қисық тартқан шығармын. Зейіннің өзінен де кешірім сұрадым, сенікінің негізі дұрыс» — деп өкпе емес, жұбатарлық ымыра білдірді. Мен ол кісіге разы болып қалдым.

Зейін пәк жүрегімен доспын дегенге аса мейірімді ақ пейілді еді. Зейіннің үйінде бұрын өзімен мұңдас болған сол Сейділ Талжановты, Өтебай Тұрманжановты, әйгілі сыншымыз Мұқаметжан Қаратаевты және де белгілі ақын-жазушыларымыз Әбділдә Тәжібаевты, Рахматулла Райымқұловты, Сафуан Шаймерденовты, Қалмұқан Исабаевты, Әбдірашит Ахметовты тағы басқа достарын

дастархан басында сұхбаттасып отырған шақта бірнеше көрген едім.

Маған деген Зейіннің достық сезімін бұрыннан аңдасам да кейін менің бір басыма тосыннан бір қырсық уақиға (мұндай бұл өмір шіркінде мен аз шекпедім-ау) төнгенде, оның жанашырлық мейірімін әбден сездім. Сол тұста бір күні веранда да жападан-жалғыз жабырқап жатыр едім Зейін жетіп келді.

— Ту! Қалеке, сен немене тұнжырап жатырсың? Мен бұл фаниде жасымнан не көрмедім? Нені бастан кешпедім. Төздім де жеңіп шықтым. Сенікі уақыттың бір әлегі ғой. Жел оңынан шығар күніңе сен де жаза бер! Жүр тауға барып сейіл құрып қайтайық! — деп досым мені жебелеп алып кетті.

Творчестволық жұмысқа шабытпен жансала сүңгіген Зейінді талайғы зардаптары қосылып кейінгі шақта сырқатын асқындырып жіберді. Бұл ахуалға «Сенім» атты кейінгі повесінің әлдекімдердің уасуаса, бықсыма кедергілерімен — жарық көрмей кешендеуі де оның нәзік жанына шаншу болып қадалды.

Бұл повесті баспаға тапсырмай жатып қолжазба күйінде оқыған едім. Өзінің туған Баянауылы, оның жаңа адамдары жайлы жаздым деп сол туындысын мерей тұта айтқан еді маған Зейін. Кітаптың бастамасына эпиграф ретінде менің «Баян» туралы өлеңімнен бір шумақ келтіріпті.

Мен Зейіннің осы еңбегінің кедергі тапқанына іштей налып жүрдім, оның үстіне Зекең тап осы тұста сырқаты меңдеп, емханаға жатып қалған еді.

Көңіл сұрауға бір күні емханаға бара қалдым. Жаңылмасам көктем кезі болса керек, ауру палатасына енсем — Зекең кефир ішіп отыр, жүзі жайдары. Меніменен шүйіркелесе кетті.

— Шүйінші! — деді маған, сәл жымия күліп (жайшылықта шексілесі қата, балаша мәз боп күлетін), — Естідің бе, «Сенім» басылып шығайын деп жатыр. Өркені өскір Димекең (Д. Қонаев) өзі танысып, басылуға әбден лайықты кітап деп, баға беріпті. Кішкене қоңыр көздері бақыт сезімімен үшқындап тұрғандай болып көрініп еді маған.

Аз күн өтті ме, білмедім, кенет суық хабар сездірген телефон безілдей қалды. Мен ол кездегі үйімнен алыс емес туберкулез емханасына есім кете жүгірдім. Мәңгілік тыныш тапқандай балаша монтиып көз жұмып жатыр екен. Тұла бойым тітіркеніп кетті. Аздан соң бір достарыммен бірге, көзімнен жас сорғалап, жасымнан бір өскен аяулы досымның ауыр табытын арқаласып бара жаттым.

Қалижан Бекхожин
ақын

АРАМЫЗДАСЫҢ АСЫЛ ДОС

Телефон сылдыр етті.

— Аттанар кешіңізді біздікіне жасаймыз. Бүгінгі кешті бізде өткізейік! — деп қиылды Зейін маған. Бұл 1966 жылдың бірінші февралі күні болатын. Мен Москва түбіндегі «Переделкиноға» үш айға жүргелі жатқанмын.

— Бұл қалай? Дәстүрде жоқ нәрсе ғой? Өзің бірге кел, Зейін, — дедім.

Ол келіспеді. Келіспегені сол, қатты өкпелейтін болды. Сол тұста ол сырқаттанып жүретін, сол күнгі кеш, Зейіннің менімен бірге өткізген соңғы кеші екен. Содан кейін жүзбе-жүз көріспедік. Өйткені, мен табандатқан үш ай «Переделкинода» жатып, «Ақын арманы» романымның екінші кітабын жаздым. Зейін қайтыс болғанын Алматыдан телефонмен хабарлағанда, не болғанымды білмедім.

Сондағы соңғы кездесу кешіміз бүгін тағы көз алдымда келіп отыр. Кішкентай Гүлжанын қолына көтеріп қарсы алған еді бізді.

— Енді үш айда бір жасқа толады. Сіз оған дейін келесіз. Тойлаймыз! — деп баласын маңдайынан бір иіскеп қойып, күлімдеген Зейін.

Туған жер, өскен орта жәйін әңгіме етіп біраз отырдық. Зейін қымыз алдырып қойған екен, соны-ақ кергенге өзі сапырып беріп отырды. Әдебиет жайына көшкен әңгімеміздің үстіне мен «Жаяу Мұсаны» қайттың — дедім.

Зейін соңғы жылдарда Жаяу Мұса өмірінен көп жайларға қана түскісі кеп, сұрастырып, ол туралы роман жазбақ ойы барын маған айтып жүретін, сол жылы жазда Жаяу Мұсаның жалғыз баласы Салық, әкесінің мұралары туралы академияға келіп, бір жазушының үйіне түскен екен. Бір күні сағат 4-5-тің шамасында, Жазушылар одағының вестибюлінде Салық кездесіп, сәлемдесіп тұр едік, Зейін келді. Бірін-бірі сырттан естігені болмаса, көріспеген екен.

Таныстырдым.

Жаңағы менің: «Жаяуды қайттің?» деуімнің осындай негізі бар еді.

— Дәке-ай!, — деді сарынды үнмен. — Жаяу Мұса атамыздың аруағына мен де бас ием ғой. Ұлы тақырып қой ол. Қара түнде, қара бұлттар арасында, қайқия жарқылдаған жалқы найзағай тәрізді көркем. Сондай адамның бейнесін шала-пұла білгеніңнің басын құрап шығарма жазу шалағайлық қой. Жаяу Мұсаны өзі көтерілген биігінен, тұлғасын барлық шынайы шындығымен күрес-тартыс, азапты жолдарымен жан шымырлатар етіп көрген көрсетуім үшін төрт-бес жыл материал зерттеуім керек екен. Жоқ, Дәке! Менде ондай уақыт мүмкіндігі жоқ! — деп кідіріп, ойлы отырып қалды.

«Неге бұлай дейді?», «Уақыт мүмкіндігім жоғы қалай?». Тіксініп қалдым.

Сонымды сезді білем, Зейін тез серпіліп:

— Өз өмірім қанша кітап! Менің өмірім де замандастарымның өмірі емес пе? Өзім жақсы білетін өз заманымыз жайынен жаза бермекпін! Дұрыс емес пе, Дәке? — деді.

— Дұрыс!.. Әрбір суреткер ең алдымен өз заманының, замандастарының бейнесін жырлағанға не жетсін!

Зейін шығармалары туралы сол оңаша отырыс кешімізде еш әңгімеге бармадым. Бірақ, небары он-он бір жыл ішінде Зейін қаламынан туған шығармаларға іштей, қайта бір көңіл тоқтатсам, расында Зейін ескі өмір тақырыбына қалам тартпаған екен. Оның алғашқы романының өзі революциялық өміріміз еді-ау. «Жетісу таңы», содан бергі «Тоқаш Бокин», «Теміртау», «Доктор Дарханов», «Сенім» романдары, тағы бірнеше повесть, әңгімелері, пьесалары бәрі өз заманымыздың, совет дәуірінің үні екені есіме түсіп, мен енді оған «Жаяу Мұсаны» жазбағың қайда?» деп қайталамадым. Ол маған «Теміртау» романындағы Құрышпай бейнесін сондағы күйінде қалдыруға қимайтынын, өсіргісі, жетілдіргісі, әдебиеттік көркем толымды бейне жасағысы келетінін әңгіме етті. Солай болған күнде өндіріс тақырыбына — Теміртауға, таяу уақытта қайта оралмақ ойын айтты.

— Дәмеш те қалдырып кеткім келмейтін геройым! — деп күлді, — өз өмірім дейтінім, студенттік, интеллигенттік жәйлар ғой, Дәке! Өмір болса, осы тақырыпта шамырқана шеру тартпақпын!

Мұхтар Әуезов Зейін шығармаларын жоғары бағалаған ғой. Бұл жігіт орыс, батыс әдебиеті классиктерінің теңізіне мол жүзіп, асыл азық алғандығын әр шығармасында аңғартып отырады. Оқиға құруға шебер. Бос лағулары жоқ, таптұйнақы, тартымды жазады. Бірақ қазақтың мол, көркем байлығына сұлу сүңгітіп шығара алмай жүр-ау?! Кейбір жәйттері орысша ойлап, қазақша сөйлеген тәрізді-ау өзі, — дейтін.

Мұқаңның бұл сарапшыл, саңлақ пікірін Зейін өзі деп мойындап, соңғы «Теміртау», «Доктор Дарханов», «Сенім» романдарында тіл, көркемдік дүниесін түлете түсті.

«Зейін көркем әдебиетке кеш келді» деу бекер. Ол өте жас келген болатын. Мысалы, Павлодарда он жылдық орыс мектебінде оқып жүргенінің өзінде «Кеңес туы» газетінде өлеңдері жарияланғанды. Одан соң отызыншы жылдардың бас кезінде Москвада тарих, философия, әдебиет институтында оқып жүргенінде әдеби айтыстарға қатысып, ой-пікірлерін жиындарда ғана емес, баспасөз беттерінде де батыл жазған жас. Өзіне де, өзгеге де қатал талап қойып, ширыққан жас қаламгер болатын. Осыған орай, Зейіннің тіпті, сол шақтағы талап-талғамын айта кетейік.

Жиырмасыншы жылдардың аяғында, отызыншы жылдардың бас кезінде өлең жинақтары, кітаптары шығып жүретін ақын Ғалым Малдыбаев Баянауылда тұңғыш шықпақ «Ленин туы» газетіне редактор болып келді. Бұл 1931 жылы еді. Мен де өлең жариялай бастағанмын. Ғалым соны біледі екен. Мектеп директорлығынан мені босаттырып, газет қызметіне алды.

— Зейінді білесің бе? — деді Ғалым алғашқы бір күндердің өзінде-ақ: — сіздің осы Баянауылдікі. Жосалы деген жер бар ма? Сонда туған.

Мен Зейінді білмедім.

— Сағымбай Шашкиннің інісі, — деді Ғалым, — өлең жазады.

Зейін Ғалымның «Доңғалақ», «Балға-Орақ» деген өлең жинақтарын, «Қырым қызы» поэмасын оқып шыққан екен. Бір күні, Ғалым Зейіннің ағасы Сағымбайдікіне келіп қонақ болып отырғанда, өткір бала Зейін:

— Ғалым аға, — депті.

— О, не?

— Сіз ақынсыз, редакторсыз, — деп әуелі аз-маз қызараңдап тұрыпты да, «Доңғалағыңыз» бен «Балға-Орағыңыз» маусымшыл ұран ғой. «Қырым қызыңыз» бұл екеуінен көп жасайды. Көп жасаған жақсы ғой! — депті.

Ғалым ол сөзді ауырмалапты. Қайта Зейінді бауырына тартып, жастарыны шалғайлығына қарамай, дос болып кетіпті.

Зейінді мен сол жылдың көктемінде көрдім. Баянның жалғыз үлкен көшесімен, жайдақ арбада екі балаң жігіттің бірі: Семей ауылшаруашылық техникумында өзіммен бірге оқыған Атығай Шанин екен. Шұрқыраса кеттік. Ол қасындағы бала жігітті таныстырып:

— Зейін Шашкин — деді.

Содан былай біраз күн Баянда бірге болдық. Екеуі де біздің редакцияға келіп жүрді. Ғалымның инициативасы, ұйымдастыруы, басқаруы бойынша «Қызыл Баян» атты альманах шығарғалы жатқанбыз. Альманах теріліп бітіп, корректурасы қаралып жатқан кез еді. Ғалым Зейінге соны көрсетті.

Альманахта Ғалымның, менің, Рақыштың, басқа да талапкер жастардың өлеңдері барды. Зейін алып кетіп оқып, өзіне ұнамағанын батыл сызып, белгілер қойыпты.

— Мұның қалай? — деді Ғалым.

— Мұным сол, Ғалым аға. Ұнамайды. Альманахқа баруға шикі дүниелер көп екен.

— Сонда сеніңше, қалай?

— Жазса, Лермонтовша, Абайша жазу керек өлеңді болмаса әуре болып... Ұйқастырдым деп мәз болу не керек? — деді.

Ғалым Зейіннің басқа бір қырынан келіп:

— Зейін, жаңа қалам ұстай бастаған жастарға ондай талап қоюға болмайды, — деді. Аз, кідіріп. — Қане, өзің не бересің альманахқа? Нелерің бар? — деді.

— Жоқ, дәнеңем жоқ! Мен өзім «Кеңес туына» талай өлеңдеріңді басқаным қайда.

— Ғалым аға! Оларым, басылғанымен, өлең емес екен. Соны ұқтым. Мен тегі енді өлең жазбаспын. Әуелі әдеби мәдениетті болып алмай, өлең жазуды қойып, тұрмын, — деді Зейін. Үстің қалқығанмен, түр-тұрпатың ұқсатқанымен өлең болып па? Абай айтқандай, «Өлең — сөздің патшасы» ғой!

Арада үш-төрт жыл өтті. Алматыда журналистер институтында оқып жүргенмін. Бір күні, сабақ аралығында, директорымыз Үміт Балқашев кабинетіне мені шақырып алды. Барсам: — Зейін отыр. Орнынан атып тұрып, мені құшақтай алды.

— Оқығаның дұрыс болған екен! — деп Зейін шын қуанды.

Зейін біздің курска «20-ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінен» сабақ берді. Маған ұстаз болды. Сабақтан тыс уақытта бұрынғы дос, іні қалпын өзгертпеді.

Сол жылы ол Абай поэзиясымен қатты шұғылданды. Абай ақындығының ұлылығына, ұлттық-халықтық қасиеттеріне көп үңілді. Қазақ поэзиясына кіргізген он бестен астам жаңа үлгілерін, кестелеп, өрнектеп, қағазға түсіріп, терең-терең толғам, саралаулар жасап, «Әдебиет майданы» журналына бастырып шығарды.

Біздің курсымызға «19-ғасыр әдебиетінен» Сәкен сабақ беретін. Сәкеннің атағынан да, асқан келісті түр-тұрпатынан да қысылып, именіп жүретінбіз. Зейін Сәкенмен кездесуге арналған әдеби кеш ұйымдастырды. Сәкен, біз сырттай топшылағанымыздай емес, ішкері келді. Кішіпейілді, тазалық әулиесі тәрізді әсер қалдырды. Әдебиет жәйін сабақтағанда, әлдеқайда еркін сезіммен, ерке сезіммен ыстық сөз етті. Орыс әдебиетін, Маяковскийді, Горкийді, Вс. Ивановты, Асеевті, Сәбит, Бейімбет, Ілияс шығармаларын толымды айтты. Біз содан былай Сәкенағамен шүйіркелесіп кеткен еді. Зейін бұдан кейін Бейімбетпен, Сәбитпен кездесулер ұйымдастырды.

Зейін Семейдің пединституына сабақ беруге ауысты. Вокзалда шығарып салып, қиыспай айрылысып қала берген едік.

Содан... мен Зейінді 1954 жылы жазушылар съезінде бір-ақ көрдім ғой.

Зейін Отанды, туған елді, сұлу табиғатты, адал достықты, таза көңіл, ақ жүректі, жалтақсыз мінезді сүйетін. Совет адамдарының нұрлы өмірі оның жазушылық шабытының қайнар бұлағы, нұрлы шуағы болатын. Қаршыға денелі, қағылез Зейін әділдік-адамшылық ар семсері тәрізді еді. Өз наным-сеніміндегі дұрыстықтан тайқуды білмейтін еді.

Ол арамыздан ерте кетті. Бүкіл совет әдебиетіне әлі де бере түсер көп дүние көкірегінде кетті. Асқан талант, алғыр жазушы досымыз алпысыңды өзің тірі болып тойласып отырар ма ең бүгін! Алайда, — тірісің. Артыңа мұра етіп кеткен асыл зейнеттерің тірі. Жасай бермек!

Өміршең бауырым, серігім,
Өлді деп айтар сені кім?
Өзің боп тірі сыр шертпек,
«Теміртау», «Тоқаш», «Сенімің».

Әбілев Дихан
жазушы

БАУЫРЛАСТАР БАҚЫТЫ

Зейін Шашкин туғанына 80 жыл

Сексенінші жылдардың орта кезінде Көкшетау облыстық және Щучинск аудандық газеттерде Көкшетау курорттар аймағының «Светлый» пансионатында белгілі жазушы, дәрігер Зейін Жүнісбекұлы Шашкинге музей мұражайын ашу жөнінде мақалалар жарияланып, жан-жақтан хаттар түсе бастады. Соңғылардың бірі ерлі-зайыпты Николай Васильевич және Роза Ивановна Иващенколардан еді... 1989 жылдың қаңтарында аталмыш музей ашылып, соған байланысты жер-жерден құттықтау телеграммалар келіп жатты. Бұлардың бірі ерлі-зайыпты Иващенколардан болатын. Зейінге байланысты оқиғаларға құлақ түріп, дауыс қосып жүрген бұлар кімдер? Іздеу қиынға түскен жоқ — Алматының тұрғындары екен. Телефон арқылы жалғасып, Зейін жөнінде сөз қозғай бастағанымызда ар жақтағы әйел дауысы:

— Иә, біз оны жақсы білгенбіз. Сөйлеспек болсаңыз келіңіз, — деп мекен-жайын, жөн-жосығын айтты. — Қаракөз, Қарлығаш деген қыздары болушы еді?...

— Мен көргенде, екеуінің де тұлымдары желпілдеген қыздар еді, өскен шығар?

— Өскенде қандай!...

— Өзіңізбен бірге ала келер ме едіңіз?

— Әбден болады, — дедім мен.

Келісілген күні Зейінге мемориалды музей ашпақ болып зыр жүгіріп жүрген, Қазақстан Денсаулық сақтау министрлігінің медицина тарихы музейінің аға ғылыми қызметкері Өтеген Әбдіраманов, Зейіннің кіші қызы Қарлығаш және осы жолдар авторы Иващенколарға мейман бола қалдық. Үй иелері:

— Кіріңіздер, жоғарлатыңыздар! — деп қазақша сөйлеп бәйек болып қарсы алды.

Қарлығашты бірден құшақтап алып, шөлпілдетіп сүйе бастаған әйелді «дәу де болса, Роза Ивановна боларсың-ау» деп едім, қателеспеппін.

Иващенколар бізді дастархан жайып, мейірімді қонақ-жайлықпен қабылдады. Әсіресе, Роза Ивановна Қарлығашқа қарап:

Иә, Шашкиндердің Бурабайдан көшіп кеткеніне отыз жылдан асты. Басқалар өсіп жатқанда біздің Қарлығаш қала ма екен, — деп әзілдеп қояды.

Сол жолғы ұзақ отырыста Зейін мен Иващенколардың қарым-қатынастары жөнінде көп нәрсе білуге тура келді.

Роза Ивановнаның әңгімесі:

Мәскеу медицина институтын бітіргеннен кейін Қазақстанға бағыт алып, Көкшетау облысының Шаңғал санитарлық учаскесіне орналастым. Николай Васильевич те сонда істейді екен. Таныстық, табыстық дегендей... Ерлі-зайыпты өміріміз бастала бергенде, қатты ауырып қалдым. «Бүгін бар, ертең жоқ болатын уақытша сырқат емес-ау» деп қауіптенемін. Өзімді-өзім емдеп, басқаларға да көрініп жүрмін. Айығатын түрім жоқ. Бір күні Николай Васильевичпен ақылдасып, Бурабайға келе қалдық. Бізді шағын тұлғалы, жұқалтаң өңді, өзіне ғана жарасатын кішкентай мұртты адам қабылдады. Әрине, бұл өкпе, көмей туберкулезін емдеу маманы Зейін Жүнісбекұлы еді. Мені қарап, тексерді де:

— Бурабайда аз дегенде бес жыл тұруың керек. Әйтпесе, айықпайсың, — деді.

Зейін Жүнісбекұлының мына сөзінен кейін ауру аты қанша үрейлі болса да, мойындамасқа болмады. Соғыс жылдары фашистер басып алған жерде болғанмын. Аштық, жалаңаштық, суық, күтімсіз өмір келсін бе?

— Екеуіңе қызмет те, үй де табамыз, — деді Зейін аға.

Зейін Жүнісбекұлының күн тәртібі қызық болатын: ертеңгілік 8-ден ақ халатын киіп кабинетінде ауруларды қабылдай бастайды. Түсте бір сағат үзіліс. Содан кешкі 8-ге дейін тағы да ауруларға ем-дом жүргізу. Түнде терезесінен көрінген жарық сағат 2-3-ке дейін сөнбейді. Артынан білсек, бұл уақытта ол романын жазып жүреді екен... Бір кезде ол дәрігерлік кабинетінен түнде де шықпайтын болды. Сөйтсе, көмей туберкулезін рентген сәулесімен емдеу тәжірибесін

жасап, қорытындыларын Алматыға, Ғылыми кеңеске жолдап жүреді екен. Мынаны қараңыз, Ғылыми кеңес оның тәжірибе жұмысын жоғары бағалап, осы тәсілмен ем-дом жүргізе беруге сәт тілепті. Бұл өзі Кеңес Одағында өріс алмаған емдеу тәсілі. Тіпті, туберкулезді осылай емдеу Зейін Жүнісбекұлы тапқан тәсіл десе де болғандай. Дәрігеріміз мұндайда аса тасыраңдап қуану дегенді білмейді. Тек жымыиып қана, өз ісін біліп жүргені.

Зейіннің санаториядағы беделі өте жоғары болды. Басшылық алдында кез-келген мәселені, артық сөзсіз шешіп ала беретін. Бурабайда жүріп мен Мәскеу білім көтеру институтына барып қайттым, бөлім басқарып, бас дәрігердің орынбасарлығына дейін көтерілдім. Осының бәріне қолым Зейін Жүнісбекұлының арқасында жетті.

Сонымен бірге, ол курорт аймағының экологиясы жөнінде де күресіп жүрді. Бір кездері Шортан көлінің жағасына Шыны зауытын салу көзделді. Зекең бірден қарсы шықты. Зауыттың экологиялық зияндығын дәлелдеп газеттерге мақала, облыстық партия және атқару комитеттеріне хат жазды. Алайда, әміршіл жүйе айтқанын атқармай қойған ба, зауыт салынды. Ол жұмыс істей келе Зейін Жүнісбекұлы айтқан залалдардың бәрі келді. Бүгінде мөлдір көл бұзылған, балығы жоғалған. Табиғат сыйына құс келмейді, қамыс, қоғасы «өлген». Ал зауыт қалпында...

Николай Васильевич айтады:

Жұмыс істей жүріп Зейін Жүнісбековичтен көз алмаймын. Ауруларды емдеу тәсілі қарапайым да, қиын. Әуелі аурудың аузын ашқызып, көмейін мақта-матамен құрғатып алады да, содан кейін дәрі жағады. Ал көмейдің арғы шетіне дейін қол жетпейтіні белгілі. Бұл — сырқат толық жазылмады деген сөз ғой. Олай ойлап, былай ойлап, түр-тұлғасы пистолетке ұқсас аппарат жасадым. Бірін-бірі өкшелей екі рет «атылады». Бірінші «атқанда» көмейге ауа жіберіп, екінші рет атылғанда дәрі бүркеді. «Пистолетімді» іске қолдана бастағанда қуанғанын айтсаңызшы. Дәрігерге де, ауруға да жеңіл. Көмейдің арғы шетіне дейін құрғайды және дәрі де жетеді. Бір күні Зейін Жүнісбекович маған:

— Мынауың ғажап болды. Шебер екенсің. Қайдан үйрендің? — деді.

— Соғыс жылдарында әскери-техникалық училищені бітіргеннің бәрі сендей алтын болса, еліміз — шеберлер елі болып кетер еді. Сенде әріден тұқым қуалап келе жатқан бірдеңе бар-ау осы?

— Оныңыз рас, — деген Николай Васильевич бір кезде Зейінге, айтқан сөзін бізге де қайталады.

— Суворов бастаған бір соғыста Черниговтен шыққан Иван Евсеевич Иващенко деген солдат алысқа қайнаған смола ататын станок жасап, жеңіске елеулі үлес қосқан екен. Осы еңбегі үшін Екінші Екатеринаның жарлығымен оған екі деревня, барлық шаруаларымен басыбайлылыққа беріліпті. Иван Евсеевич дүние салғаннан кейін оның баласы Антон Иванович, өзі кешегі шаруа баласы, ана деревняларға иелік еткісі келмей, крестьяндарына ерік беріп, таратып жіберіпті. Бұл, әрине, заманның билеп-төстеушілеріне ұнамайды да, Антон Ивановичті соттап, қазақ даласына жер аударып жібереді. Бабамыз бен ұлы әжеміз аз уақыттың ішінде жергілікті халықтың әдет-ғұрпын игеріп, қазақша сөйлеп шыға келеді. Бұл қазақтарға да ұнайды. Бабамыз Ботай, Шұқыркөл, Шүкірлік, Қоскөл, Уықзар, Қаратал деген ауылдармен араласып жүреді екен. Ақансері осы Қоскөлде туған. Атамызбен екеуінің бірін-бірі білгенінде сөз жоқ. Өңірдегі жалғыз орыс және жалғыз ақын бірін-бірі көрмей қойсын ба? Атамыз сол ауылдардың бірінің ақсақалы Хамит деген кісіге жақын жүреді екен. Бір күні соған барып, Черниговтан ағайын-туыстарын осы жаққа шақыру ойы барын айтады. Еске алып отырсаңыз нағыз демократия сол кездегі қазақ өмірінде болған сияқты. Хамит «Бұл мәселені мен жалғыз шеше алмаймын» дейді де төңіректегі ауылдар ақсақалдарын жинап, ақылдасады.

— «Елге ел қосылса, құт» деген. Оның үстіне осы ағайындардан үйренетін ісіміз аз болмас. Арамызға алайық, — дейді.

Бұған басқа ақсақалдар да қосылады.

Жиырма шақты отбасы сонау Черниговтан осылай жетеді, арып-ашып өз көліктерімен. Алғашқы қыста, оларды қазақ ауылдары бөліп-бөліп алып, жылы ошақтары жанынан пана береді. Келесі жазда келген отбасылары жиналып, тағы да Хамитқа барады.

— Біз бір жерде отырып үйренген халықпыз. Мекен-жай салып егін өсірмек ойымыз бар. Қай жерді бізге лайықты көрер едіңіз?

Хамит, тағы да ақсақалдарды жинап, ақылдасқаннан кейін келушілер отбасына:

— Сендерге Шаңғал деген жерді лайық көрдік. Орман көл... Топырағы құнарлы. Салыңдар ағаш ауылдарыңда. Бірақ, жердің атын өзгертпеңдер!...

— Осылай Шаңғал елді мекені пайда болды, — деді Николай Васильевич. — Төңіректегі қазақ ауылдарына аз пайдасы тиген жоқ. Ауыс-түйіс жәрмеңкесі өтіп, халық үстін бүтіндеп, керек-жарағын тауып жүрді. Балалары осында ашылған мектепте оқыды...

...Жетпісінші жылдардың орта кезінде Николай Васильевичтің кейде өзін, кейде Роза Ивановнамен, кейде баласымен Көкшетауға сапар шегіп бара жатқанын жиі көруге болатын еді.

Сол жылы шаңғылдықтар Бақытжан Шалтықов деген азаматты о дүниеге аттандырып салды. Оны аттандыру қамымен жүргендер арасынан қайғылы қабағы қарс жабылған шүңірек көз, аққұба жігітті де көруге болатын еді. Ол — осы Николай Васильевич болатын.

1924 жылдың жазында шешесі Ирина аман-есен аяқ-қолын бауырына алғанда екі жағындағы жөргекте бірі сарыдомалақ, бірі қарадомалақ екі нәресте жатты. Сарыдомалағы осы Николай еді де, көрші ауылдасы Шалтықтың Ісләмінің әйелі толғақ үстінде жан тапсырған екен. Осыны естісімен Ирина Романовна күйеуін жіберіп, баланы алдырып, бауырына салған екен. Қарадомалақ — Бақытжан деп ат қойылған осы бала. Әлде ниетінен бе екен Ирина Романовна иіп берсін. Бір емшегі Николайдың, бір емшегі Бақытжанның аузында.

Ана екеуін бірге шомылдырады, қатар жатқызады. Сүтке тойып алған екеуі астары құрғақта қатар жатады марқайып, ал бірі жайсызданып, дауыс шығарса, оған екіншісі де қосыла бақырады... Келесі жылы Ісләмнің інісінің әйелі босанғаннан кейін, үйінен сүт табылып, Бақытжанды алып кетеді. Ирина Романовнаға азап осыдан кейін туады. Өз баласы бауырында, сонда да оған Бақытжан жетпейді. Қолы босап кетсе ауылға барып, Ісләмнің босағасына отырып алады екен.

— Құдай-тағаланың Бақытжанға деп берген үлесі менің бойымда. Әкел баламды. Өзім өсірейін. Бер, Ісләм.

Осылай Николай мен Бақытжан Иващенкоар үйі мен Ісләм ауылының арасында жүгіріп жүріп өседі. Бауырластар бақыты деген осы емес пе?

— Балалалық шағымыз қыс — біздің үйде, жаз ауылда өтеді... — дейді Николай.

Иващенкоарды күтпеген кезеңдерде, табан астында жолға шығарып тұрған да бейдауа сырқатына шалдығып қалған сол Бақытжан жағдайы екен.

Бақытжанды соңғы сапарына аттандырып салған күні ботадай боздап жүрген де сыңарынан айрылып қалған осы Николай болатын.

— Бүгінде біреулер отызыншы жылдардың басында қазақтар ғана аштан қырылған — дейді ғой. Бұл сөздің төркінінде «қазақтар өзін-өзі асырай алмағаннан кейін, дәрменсіздіктің салдарынан өлді» деген астар бар. Чепуха! Одан бұрынғы мыңдаған жылдар бойы өсіп-өніп келген халық өзін-өзі асырай алмапты деген сөз бе екен! Сол аштықта біздің үйден де әкем, інім Петр мен қарындасым Анна аштан өлген! — деп бір тоқтады Николай Васильевич. — Коллективтендіру — қай халыққа болсын ортақ келген қасірет болды.

— Зейін 1956 жылы ақталғаннан кейін Алматыға көшіп келді ғой. Одан кейін жолыққан ба едіңіздер?

— Зейін Жүнісбекович іздемеуге болмайтын адам. Бармашинода тұрғанымызда әдеби кеш, ойын-сауық, би кеші, әзіл-сықақ кеші ғылыми жаңалықтар кеші дегендер жиі болатын. Соның бәрін Зейін Жүнісбековичтің өзі

ұйымдастырып, басқарып өткізіп тұрған. Ол кісі көшіп кеткеннен кейін құлаққа ұрған танадай болдық та қалдық. Алматыға бір келген жолымда үйіне телефон соғып едім: «Кел де келдің» астына алып, бардым ғой. Құшақтап жатыр, сүйіп жатыр... Тіпті, өзім де босап кеттім. Дастарқан басында мен оны әдеби жетістіктерімен құттықтадым. Баяғыда Бурабайда тұрғанда ол түнделетіп терезесінен жарық сөнбегенде кітап жазып жүреді екен. Артынан ол «Наступило утро» деген атпен «Простор» журналына шыққанда, бүкіл санаторий жата қалып оқыдық қой. Содан кейін «Зейін Шашкин» деген авторы бар кітапты іздеп жүретін болдық. Ол кісі де біздің еңбегімізді ақтағандай «Халық жауы» деген атақтан құтылғаны мен қайтыс болар аралығындағы он жылда он кітап келтірді ғой дүниеге. Бұлар тек қана асқан жігер иесінен ғана туатын еңбек. Зейін Жүнісбекович сондай адам еді — деген Николай Васильевич маған сұрақ қойды: — «Светлый» пансионатындағы Шашкин музейі жұмыс істеп жатқан болар?

— Медицина тілімен айтқанда «реанимация» керек етіп жатыр.

— Әрі-беріден соң Көкшетау курорттар аймағы басшыларының өзі сіздерден «сондай музей жасап беріңдер» деп сұрайтын адамдар ғой. Жыл сайын 25 мыңдай адам демалуға келіп-кетіп жатады. Ал, жарты сағат ішінде көрсететін түгі жоқ.

— Толық еңбекақы беріп, бір адам ұстауға қаржы таба алмай, жабық жатыр ол музей. Оның үстіне біреулер «үш бөлмелі алып қойды» деп дабыл ұрып жатқан да көрінеді.

— Рухты ойламай, құлқынның ғана қамын жегендер басқаша іске бара алмайды...

— Мынау дәрменсіздік қой, — деді Николай Васильевич. — Ал, мен, сол музейге баяғы «пистолетімді» қайта жасап беремін бе», — деген ойда жүрмін. Сонан соң, Шәріпов Есемсейіт деген есімді естімедіңіз бе?

— Зейінге қатысы бар адам ба?

— Жо-жоқ, соғыстың алдындағы үш-төрт жылда балашағасымен біздің үйде тұрған етікші еді. Қалай дегенде де оның

Зина, Ақлима деген қыздары мен Боплан, Ақлан және Бағлан деген ұлдарымен бір үйде өскен, бірге жатқан жандармыз ғой. Соларды да іздеп жүрмін. Басымнан шықпайтын болған соң сұрап жатқаным ғой. Зейін Жүнісбековичтің қыздарымен де араласып тұруымыз керек еді, уақыт болса, мынау... — деп тоқтады Николай Васильевич.

Мен ішімнен «Шіркін-ай, әр Николайдың бір Бағланды, әр Бағланның бір Николайды іздеп жүргені қандай жақсы» деп ойлады.

Николай Васильевичке бұрынғы Кеңес Одағы мен Қазақ Республикасына еңбек сіңірген өнертапқыш атағы берілген екен кезінде. Оның екі жүзден астам жаңалығының жартысынан көбі өндіріске де еніпті.

*Исабаев Қалмұқан
жазушы*

ҮЛКЕН ТАҒЛЫМ

Зейін Шашкиннің туғанына 60 жыл

БАУЫРЫ қатты қара жердің қойнына оны біз тым ертерек беріп алдық. Берейік дедік пе екен, ұрланып келген ажалға араша түсе алмадық. Оның енді қапияда қара торқа топырақ, жамылып, мынау құбылмалы, құлпырмалы әр жылдың төрт мезгілін өзге жұрттың қалай қарсы алып, қалай ұзатып жатқандығынан мүлдем бейхабарлығын, тіпті дөңгелек шардың үстінде таңның қалай атып күннің қалай батқанымен де, иір-иір бұтақтарға қонақтаған күміс көмей құстардың қалай сайрайтындығымен де әсте ісі жоқ екендің бейітінің басындағы қара мәрмәрға қашалған қып-қысқа суық сөздер ұқтырып тұр. Иә, өмірінің соңғы бір он жылында хикая үстінде хикая туындатып, Атыраудан Алтайға дейінгі кеңістікті кең орап жатқан қазақ жұртының алыс-жақындағы әр үйінің төріне өзі шықпаса да, сөзі шыққан бұл суреткер — Зейін Шашкин өз өнерінің өзгелерге нағыз өнеге тұтылар шағына, қыруар еңбегінің жемісін өзі де, өзгелер де қызықтар шағына жетпей кетті. Оның бұл күндері көруі керек-ақ еді.

Өйткені, қапыда кеткен, қапамен өткен бір алуан мезгілінің қарымын қуанышқа қарық боп қайтаруға құқықты еді ол. Бәлкім соданда шығар, сезімтал жұрт оның бір кітабы жарыққа шыққанда, екінші бір қолжазбасы жазушылар қауымының сарабына салынып жатқанына және бір туындысы тәмамдала келгеніне куәгер бола тұрып, мұны әншейін жайдақ «жазғыштыққа» жорыған жоқ-ты, қайта үлкен жауапкершілік арқалаған адамның ел алдындағы парызын шұғыл өтеуге, адал өтеуге деген іңкәрлігі деп білген-ді. Әйтсе де, өз оқушысынан әсте кешірімпаздық күтпеген жазушы шын мәнісінде үш үлкен ауыр сынның алдында тұрды. Түп-тамыры сонау Толстой, Достоевский, Тургенев, Гогольдерден басталған тамаша дәстүрлерді дамыта кемелденген, әлемдік әдебиеттің алтын қорына азбас-тозбас қыруар қазына қосып отырған бүгінгі совет әдебиетінің алыптарын айтпағанда, жазу-сызу мәдениеті кенжелеу өркен жайған кіші халықтардың өзі

қаншама өрен жүйріктер өсірді?! Өзіміздің Мұхтар Әуезов, қырғыздың Шыңғыс Айтматовты, украинның Олесь Гончары, өзбектің Мұса Айбегі, түркменнің Берді Кербабаяевы, тіпті кішкентай чукчаның Рытхэуі, башқұрттың Мұстай Каримі, авардың Расул Ғамзатовы оңай асу болып па? Оның бірінші асуы осы еді. Бұлардан ауысатын жүк аз сияқты көрінгенді оған. Сонсоң оны замана ұлылығы, замандастарымыздың ұдайы жетілу, кемелдену үстіндегі жаңа диалектикасының тереңдігі, оларды көркемдікке тәрбиелеу парызының тым күрделілігі жүрексіндіргені хақ. Үшінші қорқа соққаны — өзі өмір сүрген дәуірдің шалқар шындығын таныту үшін, санқилы тағдырлар сырын шашыратып-пышыратпай, кесек-кесек қалпында кеңінен қамту үшін ең алдымен тіршіліктің барлық қыртыс, барлық астарын ақтара сыр түйер сарабалдық, кенен ойлылық, кең мағынадағы рухани қуаттылық керек. Жоқ, ол қайткенде де өзінің бар мүмкіндігін сарқа жұмсап, халқына қызмет көрсетпек талабынан ажыраған емес. Соның арқасында «Жетісу таңы», «Тоқаш Бокин», «Теміртау», «Доктор Дарханов», «Сенім», «Ұядан ұшқанда» сияқты роман-повестер дүниеге келді. Бұлардың қай-қайсысы да кезінде көпшіліктің күтіскен биігінен шыққан, өзіндік тіл-өрнек, көркемдік бояу жарасымын тартқан, кейіпкерлерінің өсу эволюциясы дәуірдің өзі тудырып отырған талаптармен іштей шебер өзектескен шығармалар еді.

Жалпы салыстыру атаулының бәрі-бәрі шартты түрдегі ғана нәрсе екенін еске алсақ, Зейін Шашкинді біреуден озық, біреуден қалық еді деп, қарабайыр пайымдайтын болсақ, бұл әдебиетке қосылған әрбір сұлулық кескін-пішінді дұрыс танып, дұрыс бағалай білмеушілікке ұрындырады. Сонда бұл қаламгердің өзіндік даралығы неде? Өзінен бұрынғы дайын, даңғайыр сүрлеулерге түспей, өз таным-талғамымен, өмір құбылыстарын сырттай бақылаушы ғана емес, іштей сезінуші ретіндегі өз көзқарастарының айқындылығымен, өзіндік соны көркем жинақтаушылық тәсіл таба білетіндігімен, ең бастысы жалпақ дүниенің тыныс-тіршілігін жан-тәнімен сезетін қаһарман жасауға ұмтылғандығымен өзгеше оқшау танылған

бұл қаламгердің суреткерлік шеберлігін кезінде сүйсіне сөз еткендер де аз емес.

Жазушы «Тоқаш Бокин» романында тарихи деректердің шеңберінен шыға алмаушылық дерттен өз бойын аулық салды, «Теміртауда» да жалаң өндірісшілдікке ұрынған жоқ, сондай-ақ «Доктор Дарханов» романында да адамдардың мінез-құлықтарында, қарым-қатынастарында, мақсат-мұраттарында тек жекебасылық міндет-парыздан ауытқымайтын томағатұйықтық, мамандығының аясында ғана қызмет қылатын, «техникалық эгоизм жоқ». Иә, біз білетін Тоқаш, Қайыр, Еремін, Құрышпай, Дәмештер шын мәнісінде тарих шежіресін жасаушылар, тұла бойлары адамгершілік жарқын қасиеттермен молыға, кенеле түскен, өздерінен бұрын өзгелердің бақыттылығы мен бақытсыздығын терең түсінуге жаралған, қысқасы, бұл өмірдің асу-асу белдері мен аса соққан желдерін бастан өткерген, үйренері де, үйретері де көп жандар. Олар, әрине, оқушыны өршілдікке тәрбиелеумен қатар, сындарлы сақтыққа, таза, салиқалы сыншылдыққа, елгезектікке, сергектікке, тіпті мәнді, пайдалы күдікшілдікке де бастаушы бола алатын қызу құлшыныстардың, кереғар һәм қамқор ойлардың, батыл түйін-толғамдардың шын иелері. Суреткер жолының өзгешелігі сол — ол үнемі өз қаһармандарын шиыршық атқан драмалық қақтығыстарға еркін енгізіп, сырбаз лиризммен көмкере білгендігінде еді. Оның металлург кейіпкері тек техниканың ғана тілін түсінетін микро адам емес-ті. Дәрігер де ақ халат киіп, ем-дом жасап, адамдардың өлген-тірілгеніне де еті өліп кеткен, күнкөрістің ғана құлы болмайтын. Агрономның да өз басынан асарлық біреуге жақсылық, не жамандық жасарлық қауқары бартын. Әйтеуір бұлардың бәрі — ең алдымен Адам, көктен түспеген, жерден шықпаған адам, барлық мақсаттарын да адам бақыты үшін жұмсайтын, барлық шаруаны адам игілігі үшін тындыратын тұлғалар еді. Алайда кеш басталып, ерте аяқталған Зейін творчествосында ойсыраған олқылық ұшыраспаса да, бүгін аренадан көрініп, бірақ ертең назар салуға тұрмайтын уақытша ғана проблемаларға үйірсектік кездеспесе де,

туған әдебиетіміздің ортақ кемшілігі — өз өре-өресі замана ұлылығымен тең түсетін «кең масштабты» қаһармандар, дәлірек айтқанда Чапаев, Кошевой, Корчагин, Марасьев, Соколов сияқтылармен иықтас тұратын ұлттық характерлер жасаудағы мін-мүлтіктерден Зейін де құр емес. Мұны кезінде Мұхтар Әуезов те дәп басып айтқан. Ол қаламдас інісінің ең қиын тақырыпқа — тарихи-революциялық тақырыпқа батыл баруын құптай отырып, бірер туындысында кейбір қазақтардың орысша ойлап, кей орыстардың тым қазақтанып кеткендігін ескерткені оқушыға мәлім. Жалпы жазушының тілі мен стиліндегі мін-мүлтіктер — бұл оның тілді жетік білмегендігінен емес немесе әлі стилі қалыптаспағандығынан емес, мезгілдің тығыздығынан, сол қысқа мерзім ішінде өзінің өмірден мол байқаған, мол сезінген сыр-хикаяларын тезірек және кем қамтып айтып үлгеруге ұмтылудан кетсе керек.

Басқа басқа, үйіңе бір қонып кеткен қонақ та тәрбиеші ғой. Зиялы қонақ — білік, зиясыз қонақ — бүлік қалдырады. Ал Зекең әдебиетке қонақ емес еді, оның жасау жиһазын өз қолымен жасасып, тарихына кірген жан еді. Ол ең алдымен үлкен тәрбиеші. Дәрігерлігімен де, қаламгерлігімен де баршамызды күллі адам баласын аялап, ардақтай білуге тәрбиелеп келеді.

Иә, ол енді біздің арамызда жоқ. Бірақ бұл күндері оның қадір-қасиеті туралы алуан сөздер сөйленіп жатыр. Және де мұның бәрі оны есіркеп-мүсіркегендіктен туған жөнеуке сөздер емес. Оған деген ыстық ықыластан туған, оның өнерін шын қадірлеп-қастерлеген мөлдір сезімдердің бұлақтарылысы тегін болмасқа керек. Өз дауысының күллі ашық естілген шағымен де, қазіргі естілмей кеткен шағымен де тағлым үйретіп жатқан талантқа тағзым етер аса зиялы ұрпақтың бары қандай ғанибет.

*Сатыбалдиев Меңдекеш
жазушы*

ҚАЗАҚТЫҢ ЗИЯЛЫ ЗЕЙІНІ

Қазақстан Жазушылар одағының «Әдебиетшілер үйінде» XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғаларының бірі, айтулы романист, әдеби сын-сардары, тар жолда тайғақ кешкен, тарлан, қазағының зерделі зиялы ұлы — Зейін Шашкиннің туғанына 90 жыл толуына арналған еске алу кеші өтті.

ҚазақхалқыныңасаталанттыжазушысыЗейінЖүнісбекұлы Шашкин әдебиетке XX ғасырдың 30-шы жылдары келді. Оның сол тұстағы баспа бетінде жарияланған әдеби мақалалары жұртшылықтың бірден назарын аударды. Оның қаламынан туған әдеби мақалалар қазақ әдебиетінің күрделі де өзекті мәселелерін тамыршыдай тап басатын. Нақтылап айтсақ, ол әдеби сынның келелі мәселелерін басты қозғады «Социалистік Қазақстан» 12.08.1932, «Ленинская смена» 30.05.1934 Ақын Асқар Тоқмағамбетов лирикаларын өзгешеліктерін саралады. «Лениншіл жас» 9.12.1933, Абайдың композициясы, «Қазақ әдебиеті» 29.11.1934, Абайдың поэтикасы «Әдебиет майданы», 1934, 11-11-12, «30 лет со Абая Кунанбаева» (Казахстанская правда) 6.10.1934 атты мақалаларында XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің асқар шыңы — Абай Құнанбаев шығармаларының көркемдік ерекшеліктерін саралай білді. «Изучаем казахский фольклор» атты мақаласында («Казахстанская правда» 2.10.1934) қазақ фольклорын зерттеуге байыпты көңіл бөлуге шақырды.

Әдебиет майданында белсенді араласа бастаған жас қаламгер Зейін 1937-1938 жылдарда қанды репрессияның қақпанына ілігіп бақытсыздыққа ұшырады. Ұзақ жылдар бойы әдебиет майданынан аластатылды. Нақақтан-нақақ айыпталған Зейін Шашкин кейін толық ақталып, өткен ғасырдың 50-жылдары әдебиет өлкесіне қайта оралып, он жыл бойы өндіре еңбек етті. Қазақ прозасының барлық саласына қомақты көркемдік үлес қосты. Зейін Шашкиннің «Ақбота», «Қойшы серігі», «Дәрігердің қатесі», «Сүйкімді дауыс», «Әкесі», «Ақтұяқ» туындылары әдебиеттегі әңгіме жанрын елеулі табыстар тұғырына жетеледі.

Жазушының «Ұядан ұшқанда», «Темірқазық», «Өмір тынысы» атты повестері қазақтың ұлттық әдебиетіндегі осы хикаяттық жанрдың көкжиегін кеңейте түсті.

Зейін Шашкин — роман жанрының айтулы шебері. Оның «Тоқаш Бокин» (1958), «Теміртау» (1960) «Доктор Дарханов» (1962), «Сенім» (1966) романдары XX ғасырдың 50-60 жылдарындағы қазақтың эпикалық прозасының ірі көркемдік жетістіктерінің қосылғаны баршаға аян.

Көркем әдебиет — айналадағы қоғамдық өмір шежіресі екеніне ешкім таласпас. Әрбір жазушының өзі өмір сүрген қоғамның тіршілігін, шындығын төл шығармасында суреттеуге ұмтылатыны да заңды құбылыс. Зейін шығармалары — әдебиеттегі осы бір заңдылықтар зер айнасы. Қазақстандағы Қазан төңкерісіне арналған қазақ әдебиетіндегі үлкенді-кішілі шығармалар аз емес. С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу», С. Мұқановтың «Ботагөз», Х. Есенжановтың «Ақ Жайық», сияқты романдарына қазақ азаматтарының төңкеріс тұсындағы әдеби бейнесі жасалғаны әдебиет тарихында жан-жақты баяндалды. Зейін Шашкиннің қазақ революционерлерінің әдеби бейнесін жасаған «Тоқаш Бокин» романы да жоғарыда аталған қазақ романдарының қатарындағы елеулі көркем туынды.

Кеңес дәуірінде Қазақстан жерінде көптеген өндіріс орындары ашылып, жұмысшы табының қалыптасқаны тарихи ақиқат.

Саттар Ерубаевтың «Менің құрдастарым», Әлжаппар Әбішевтің «Жас түлектер», Ғабдол Слановтың «Жанартау», Ғабиден Мұстафиннің «Қарағанды» романдарында кеңес дәуіріндегі қазақ жұмысшыларының әдеби бейнесі жинақты сомдалды. Зейін Шашкиннің «Теміртау» романында да Қазақстан металлургиясының алыбы — Теміртаудағы еңбек адамдарының сан қырлы өмірлері біліктілікпен бейнеледі. Сол ортадағы түрлі адамдардың өзара қарым-қатынасын, талас-тартысын, мұрат-мүдделерін жазушы өз романында реалистік тәсілдермен айқын суреттеді. Әдебиетке жаңа әдеби кейіпкер әкелді. Солардың

бірі — инженер Дәмеш. Қазақ қызының техникалық жоғары білім алып, өндіріс орнында сол білім іске асыруын оның еңбек майданындағы күрескерлік тұлғасын жазушы кемеліне келтіре кескіндеді. Металлургия зауытының директоры Қайыр образы да — жазушының көркемдік табысы болды. Қайыр, Дәмеш, Ораз, Ақмарал өміріндегі адами тіршілікті, мінездеріндегі әр қилы ерекшеліктерді паш етуде жазушы өзінің білгірлігін, суреткерлік шеберлігін таныта білді. Өз замандастарының шынайы келбетін келісті көрсеткенін әдебиет жұртшылығының кезінде де, кейін де мойындағаны мәлім. Зейін Шашкиннің 60-жылдары жарыққа шыққан «Доктор Дарханов» романы — қазақ әдебиетіндегі ерекше құбылыс болды. Дәрігерлер өмірін кәсіби сұңғыла суреткерлікпен баяндаған бұл роман әдебиеттегі сом, салмақты туынды екенін әр уақытта атап айтуымыз ләзім. Романның бас қаһарманы Нияз Дархановтың өмірі — шырғалаңға толы қым-қуыт тіршілік. Романда оның күрескерлігі, арман-мұраты, сезім дүниесі шебер де нанымды суреттелген. Нияздың Дәмешке деген махаббаты шығарманың романтикалық пафосы шырайы болып, жазушының көркемдік жетістігі болды.

1954 жылы басталып, кейін кең қанат жайған Қазақстан жеріндегі тың игеру — сол жылдардағы қазақ әдебиетінде де өз жарқын ізін қалдырды. Поэзияда да тың игеру тақырыбына арналған шұрайлы шығармалар көп болды. Прозаның да біраз шығармалардағы тың тақырыбымен тыңайғаны әдебиет тарихынан мәлім. Тыңды қарасөзбен жырлаған көлемді эпикалық туындылардың бірі — Зейін Шашкиннің «Сенім» (1966) романы.

Өзінің туған жері — Павлодар өңіріндегі Баянауыл аймағы. «Сенім» романында сол Баянауыл ауданындағы тың игеру жылдарының оқиғалары суреттелген. Романды жазар алдында жазушының тың игеруге тікелей қатысты көптеген деректер жинап, үлкен дайындық, жұмысын жүргізгені байқалады. Тың игерудің басы-қасында жүрген талай адамдармен жүздесіп, әңгімелерін тыңдағаны, тың игерген, жер емген азаматтардың

жақсылы-жаманды істерін, кескін-кейпін, мінез-құлықтарын зерттеп, өз көңіліне түйіп-тоқыған.

Адамдар арасындағы тартыстар сол кезеңнің ағымына сәйкес шиеленістірілген. Шығармада алуан түрлі кейіпкерлердің «Баянауыл» кеңшары партия комитетінің бірінші хатшысы Мәлік Асанов, аудандық атқару комитетінің төрағасы Ербол Бегимов, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы Якупов, т.б. әдеби бейнелері сүйекті, етжүректі сомдалған.

Негізгі тартыс бас кейіпкер Нұрлан төңірегінде өрбиді. Ал, Нұрлан — сол тұстағы өмірдегі келеңсіздіктерге қарсы шыққан күрескер тұлға. Мінезі тік, турашыл, ақ жүрек, төңірегіндегі жағдайға бейімделуді білмейтін оның әділдік үшін майдандасуы романда реалистік бояулармен беріледі. Әсіресе, тың игеру жылдарындағы науқаншылыққа асыра сілтеуге көзбояушылыққа қарсы Нұрланның күресі арқылы жазушы оны өз заманының үлгілі азаматы етіп көрсете алған. Жаппай егін егеміз деп, агрономиялық ережелерді бұзып-жарудың Қазақстан территориясында сол жылдары кең етек алғанының кесірінен Қазақстанның көптеген жері азып-тозып, эрозияға ұшырағаны да шындық. Тың игерудің өрескел бұрмалануынан біраз қазақ жерінің не егін егуге, не мал жайылымына жарамсыз болып қалғаны да рас. Осындай келеңсіздіктерге қарсы ерлікпен күрескен қазақ азаматтарының бірі Нұрлан Сембин бейнесін Зейін Шашкин әрі реалистік репетпен, әрі романтикалық сарынмен әдебиет сахнасына алып шығады.

Нұрланың адамгершілік тұлғасы асқақ, ішкі сезімі әдемі, өз замандастарынан мойыны озық, ізіне ілескен ұрпаққа тағылым боларлықтай сүйкімді кейіпте кезігіп отырады — жүрегі таза, адал адамгершілік биік моральдың ақ жолынан таймайтын халық перзенті.

Роман кейіпкерлерінің прототиптері өмірде болған. Кеңшар директоры Ковальчук, райком секретары Мәлік Асанов, облыстық қызметкер Якуповтар — өмірден алынған кейіпкерлер. Әсіресе, романның бас кейіпкері Нұрлан

Сембиннің прототипі туралы баспасөз бетінде айтылды. Нұрланның прототипі — оқиға болған тұстағы «Баянауыл» кеңшарының бас агрономы Зейнолла Дүйсенбеков. Өнегесі бір романға арқау болған зерделі Зейнолла кейін ғылым жолына түсіп, агрохимия саласында зор табыстарға ие болды, академик дәрежесіне жетті. Экономист Райхан, дәрігер Айжан, мал дәрігері Нұрқат, т. б. сияқты романда жазушының қиялынан туған кейіпкерлер де бар.

Өз уақытында өмір шындығының панорамасы болған «Сенім» романы — XX ғасырдың 60-жылдарындағы қазақ әдебиетінің қабырғалы жетістігі болып бағаланды.

Зейін Шашкин — қазақтың әдебиеттану ғылымына үлес қосқан білімді жазушы. 1940 жылы жарық көрген «Әдебиет теориясының мәселелері» атты жауапты редакторы — Мұхтар Әуезов Есмағамбет Ысмайыловпен бірігіп жазған талдамалы кітабы маңызын күні бүгінге дейін сақтап келді. Жоғары оқу орындарының студенттері мен мұғалімдері орта мектеп шәкірттері осы кезге дейін негізгі оқу құралдарының бірі ретінде пайдаланып жүр.

Қазақ халқының маңдайына біткен аса дарынды жазушы ана тілін әспетті ардақтағанымен қоса орыс тілін де еркін меңгерді. Шығармаларын қазақ-орыс тілдерінде қатар жазып, елге кеңінен танылған қос тілді жазушы.

Зейін Шашкин — артына құнды әдеби мұра қалдырған қазақ әдебиетінің көрнекті қайраткер, еңсесі биік тұлға. XX ғасырдағы қазақ әдебиетінен алатын орны өзгеше дарабоз. Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің өсіп-өркендеуіне үлкен үлес қосқан халқының аяулы перзенті, асыл азаматы.

*Нарымбетов Ә.
филология ғылымының докторы*

ЗЕРДЕ-ЗЕЙІНІ БӨЛЕК ҚАЛАМГЕР

(Жазушы Зейін Шашкиннің туғанына 100 жыл)

Қолы ұзақ жылдар бойғы сталиндік кісен-тұсаудан босасымен жазу-сызуына айрықша ашқарақтықпен кіріскендерден менің алғашқы танысқандарымның бірі — фамилиясы қажы атасы Шәшкенің атына жазылғанында замана ырқына сай орысшалау реңк алып кеткен Зейін Жүнісбекұлы Шашкин еді.

Мәскеу Академиясының Әдебиет теориясы кафедрасының аспиранты кезім. Неліктен екенін, кафедра маған диссертациялық зерттеу тақырыбын белгілеуді тым кешеуілдетіп жіберді. Бастауыш партия ұйымының жиналысында сөйлеп, үш жылдық оқудың екі жылын тауыстым, өзге аспиранттардың бәріне диссертация тақырыбы белгіленгелі қашан, ал маған күні бүгінге дейін зерттеп талдайтын ештеңе аталған жоқ деп реніш білдірдім.

Сын атаулының бағасы ұшып тұрған қадірлі кезі. Іле-шала қорытынды жасалды. Диссертацияны «Казахский роман и современность» деген тақырыпта жазатын болдым. Осының алдында ғана Алматыда Евгения Лизунованың «Современный казахский роман» атты кітабы жарық көргенді. Ғылыми жетекшім, КСРО Ғылым академиясының мүшесі, доктор, профессор, көп ұлтты совет әдебиетінің атақты білгірі, Максим Горький атындағы Дүниежүзі әдебиеті институтының бөлім меңгерушісі Георгий Иосифович Ломидземен ақылдаса келе, менің диссертациялық жұмысым Лизунова шығармасына қай жағынан да ұқсамауы тиіс деп ұйғарыстық. Аталмыш еңбек қазақ романының идеялық-эстетикалық мән-мазмұнын, әдеби процестегі орнын анықтаса, менің жұмысым тақырыбына сәйкес қазақ романын нақтылы әдеби-теориялық проблемасы тұрғысынан саралауға тиіс.

Заманауилық (современность) — жеке дара идеялық эстетикалық категория есепті. Роман — жеке өмір эпосы болғанда, өзі жазылып отырған уақыт тынысымен әрдайым етене. Мұнда батырлар жырларындай эпостық дистанция

сақталмайды. Тарихи тақырып па, кешегі Ұлы Отан соғысы туралы ма, жә болмаса бүгінгі дәуір жайынан ба, — қай тақырыпқа жазылса да роман XX съезден кейінгі дәуір талаптарына қалай жауап беріп отырғандығы тұрғысынан талдануы керек. Жарыққа шыққандары нендей толғақты проблемаларға назар тігеді, мазмұны мен формасында жаңалық өзгеріс бар ма, болса қандай, қорамсасындағы типтендіру құралдарын қалайша пайдаланып отыр? — диссертация міне, осы мәселелердің шешімін табуы ләзім.

Кандидаттық минимумды тапсыра жүре, қазақ әдебиеті шығармаларын құнттап оқуымды үзбегенмін. Диссертация жазуға даярлық үстінде еңбегімнің екі бірдей тарауына тікелей қатысты, Кеңес уақытындағы ең өтімді тақырып — революциялық және өндірістік роман жанрларында жазылған «Таң атты» (1956), «Тоқаш Бокин» (1958), «Теміртау» (1960), «Доктор Дарханов» (1962) сынды туындыларды талдап тексеруді бірден жоспарладым. Бұл шығармалардың авторы — Зейін Шашкинмен қалайда ақылдасу керек деген ойды да бір бүйіріме жазып қойдым. Оған қамшы болған және бір жәйт — әдебиет жанры жайындағы айтыс-тартыстарға ұдайы белсене араласып жүргендерден Зейін Шашкиннің алғырлығы, теориялық жағынан озықтығы басқаны қайдам, өзіме қатты әсер еткен. Жас шағында бес жыл бойы Мәскеу мектебінде оқығанында уақытын бос жібермегендігі сезіліп тұратын.

Диссертацияның алғашқы нұсқасын қалайда 1965 жылдың аяқ шеніне дейін 4-5 ай шамасында бітіруім керек деп мақсат қойғандықтан, Алматыдағы екі айлық демалыста бас алмайтын үздіксіз жұмыс үстінде өтті. Сол кезде ғой Зейін ағамен кездесудің сәті түскені.

Абай даңғылының ұзыннан созылған еңселі көп қабатты үйдің 25-пәтерінде тұратын Зекең, журнал столшасының қасында аласалау креслода жазу жазып отыр екен. Алдында жайылған парақ-парақ қағаздары қалың жұмыс үстіндегі қарбаласты айғақтайды. Шот маңдай, томпақтау, өткір көзді, қуқыл тартқан өңі суықтау адам. Бірақ мені көрген бойда жүзі

бірден жылыды. Ернінің суағарына қойған төрт текше мұртын сұқ саусағымен сипап қойып, сәл күлімсіреп, берген сәлемімді даусын көтере жылы қабылдады. Мені жақын тартатын дос-жарандар Шерияздан демей, Шекен деуші еді. Бұл кісі де сөйтті. Інісіндей жақын тартатынын білдіргісі келгені ме, қосалқы атыма «жан» деген жалғауды және қосты.

— Шекенжан! «Қазақ әдебиетіндегі роман жанры туралы айтысқа қатысқаның дұрыс болған. «Әңгімені сұйылтып алмайық» деген мақаланды оқыдым...

Мұндайды орыс ағайын «бери быка за рога» дейді. Әр минутым санаулы маған Зекеңнің қысыр әңгіме айтып отырып алмай, бірден іске көшкені қатты ұнады.

Кейін жазушы мен ізденуші диссертант хат жазыстық. Мен екі, ол кісі — үш дүркін. Менікі — жазуымды КазГУ-де оқып жүргенде оқыған дәрістерді қағазға бұлжытпай түсіремін деп бұзып алғандықтан машинкада басылады. Қолмен сүйкектетсем, кейде басқаны қойып, өз жазғанымды өзім танымай қаламын. Ал, Зекең бір сөзін сызбай тасқа басқандай етіп анықтап жазады екен. Әр қарпін мөлдіретіп түсіреді. Мұны еске алып отырғаным, үйіндегі әңгіме сол хаттарда жалғасын тапты. Келмеске кеткен қайран ағалардың әр сөзі біз үшін бүгіндер баға жетпес асыл мүлік, қазына ғой. Берген ақыл-кеңестерінің бірін қалдырмай, бұлжытпай түгел түсірсем бе деймін.

Әр ғылымның өз тілі, сөздік құрамы, лексикасы, қалыптасқан ойлау жүйесі болады. Бұған дейін очерк, фельетон, басқа да газет жанрларымен көп айналысқан мен, әдебиеттануға келгенде бас кезінде әр қадамды санап басқандай халде жүрдім. Ал Зекең, тіс қақты әдебиет танушы да. Не мәселе қозға, бірден сайрай жөнеледі. Және айтқанының бәрі көзі мөлиген диссертанттың «қышыған жерінен» тиеді. Әсіресе көркемдік форманы саралау жағына келгенде Мәскеудің талай қасқа жайсаң ғалымдарынан кем соқпайтыны қайран қалдырады.

Көкейде жүрген сұрағымның бірі «Тоқаш Бокин» романы туралы еді. Сауалымды жайыңқырап қойдым.

— Тоқаш бейнесі бояуы қанық шыққан. Оған дауым жоқ. Нағыз «жанып тұрған жалынды от». Бірақ сөйлеген сөздері тым қарапайым, келтелеу ме, қалай? Биік интеллектің адамы ауыр салмақты ой шытырманына берілмеуші ме еді? Осыдан барып, роман мен біздің заманымыздың үндестігі қандай дәрежеде? — деген сұрақ туады...

Уай дерсің, сонда ғой Зекеңнің өзді фонтанша атқылатқаны. Өз басым кейде аузыма түспей ойымды қожыратып аламын. Ал, Зекең ұшқыр тұлпардай бірден көсіле жөнеледі екен. Және артық сөз шығындамайды. Бәрі санаулы, шотқа қаққандай есептеулі.

— Шекенжан, бауырым! Жазушының ығын есетін сұрақ қоймағаныңды құп көремін деп, сын көтере білетінін сездірді. Сонан соңғы айтқаны: автормен — ақылдасқаның — жөн-жосықты білетіндігің. Көп нәрседе жәрдемім болуға тиіс. Іштен шыққан шұбар жылан, көп жайды басқадан артық білем. Ал, пікірімді қабылдау, қабылдамау, ол — өз ықтиярыңда деп, біраз тыныстанады.

Сонан соң романының жазылу мәнеріне көшті.

— «Тоқаш Бокин» атты романымның әр тарауын мен кейіпкерлердің бірінің әсері арқылы беруге тырыстым. Сондықтан, оның ой-сезімі еліміз басынан кешіп жатқан оқиғалармен айырғысыз жұптастықта берілетіні табиғи нәрсе. Бір тарауды үш-төрт геройдың көзімен баяндаудан оқырманның әсері ала-құла болатыны даусыз. Галина Николаеваның «Жолдағы шайқас» романы («Битва в пути») осы жағынан кемшін. Онда оқиға бір кейіпкердің көзімен суреттеліп отырады да, кенет оны қалдырып басқа геройдың аузына қаратады, сонан соң бастапқысына қайта оралады. Бұл тәсіл тым жиі қолданылады да, романның оқылуын ауырлатады.

Мен геройдың өзі ішін өзі ашуына көп мән беремін. Ішкі монологсыз образ қан-сөлсіз шығады. Тіпті қатып-семген қуыршық тәрізді болады, характері өзгеріп өспейді деп айтар едім. Бұл — бір. Екінші, жағымды бас кейіпкердің ішкі монологы авторлық шегіністі ауыстыра алады. Сонысы тиімді.

Авторды орынсыз уағазшылдықтан бой тартқызады. Ол шығарма оқиғаларына араласа берсе, оқушысының сенімінен айырылып қалуы мүмкін.

Осы тұста Зекең өз заманының әдет-ғұрпына сай Энгельске жүгінді.

Сөзін орысшасынан аудармай сол күйінде келтірді: «Чем больше скрыт взгляд автора, тем это лучше для произведения искусства».

— Ішкі монологты — деді жазушы одан әрі, — мен үшінші жақ арқылы жеткізуге ұмтылдым. Яки, герой өзі туралы үшінші жақтан сөйлейді. Кейде адам өзіне өзі: “Әй. Зейін, сенің бұл не еткенің?” — демеуші ме еді. Басқа амал — бірінші жақтан: «Мен мұнымен келіспеймін» деген тәрізді.

Стендаль бір кезде қысқа, анатомиялық жіліктеу стилінде жазатын қаламгерге сыйлық берер едім деп қиялданады екен. Қысқа жазу — қарапайымдылыққа жатпайды, — деп енді менің қойған сұрағымдағы сынға жауап қайтарды. — Қысқа сөйлемнің қары бұлшықты болады, деді. Сөз тастасы да ебдейлі, ширақ шығады. «В нашей прозе все еще занимает местовосточная витиеватость, иногда язык поэзии вырывается в строй речи прозаика» — деп орысшалады. Көзіме көзін қадап, сондайдан сақ бол дегендей сұқ саусағын көтерді:

— Кей-кейде, жас сыншылардың психологиялық талдаудың жөні солай екен деп көп сөзділікке, бастауышы мен баяндауышының аралығы көш жер, езіп көпіріп мылжыңдыққа салынатын жазушыны дәріптейтіні бар. Соған абай болуға керек. Замана ағынымен есептеспеске болмайды. Сол революцияны суреттеген романдарда, Шолоховтың «Тынық Донындағы» Григорийдің немесе «Көтерілген тыңдағы» Давыдов пен Нагульневтің сөзі қаншалықты «интеллектуально» шыққан? Жалаң социализмге ұрынбаудың өзіме тапқан амалын айтайын. Игорь Саввин екеуіміз «Бокин» бойынша киносценарий жаздық. Мәскеудің кино қайраткерлері талқылау үстінде біздің геройымыз Тоқаш Бокинді адамгершілігі үшін мақтаса, мұның өзі, сөзсіз, жоғарыда айтқанымды растайды...

Сонан соң күле отырып және ескерткені: шырағым, сынға сын айтты деп ренжіме. Жаңа әзірде «Сіздің геройларыңыздың ой көңілінде өз-өзімен екі жақ боп сөйлесуін, не басқа біреумен ойша сөз жарыстыруын ішкі монолог деуден гөрі ішкі диалог десе қалай болады?» — дедің. Бұл сенің өз тапқаның. Оныға келісемін...

Осы тұстарда Зекеңнің жөтелі күшейіп бара жатқан соң сұрағымды кілт доғардым. Бір өкпесін операция жасап алып тастаған деп естігенмін. Және шәй да келіп қалған еді.

Зекеңе ендігі сұрақтарымды Мәскеуге барғанда хат арқылы жазып жіберетінімді айттым. Қойған шарабының бір рюмкасын ғана іштім. Ішер алдындағы тостымды қысқа қайырдым.

— Қадірлі Зейін аға! Беті аршылған қайнардай, туған халқымыздың рухани сусынын әлі де талай қандырып, бойына қуат, кеудесіне жігер беретініңізге кәмілімін. Тек Алла жар болсын! Тозақтан жұқтырған дерттен сауығып кетіңіз. Жүз жасаңыз!

Зекең рахметін айта отырып басын шайқады. Мағжан ақын айдауда жүріп фельдшер мамандығын алыпты. Менің Итжеккенде тындырған шаруам — дәрігер дипломына ие болдым. Соның жақсы жағы — өзімді емдеу тәсіліне жетікпін. Жаманы — енді қалған сапарымның шолақ шақырымын шамалаймын. Әрине, тірі қалғанымның өзі олжа. Қолыма қаламымды қайтарысымен азын-аулақ бірдеңе істеген сияқтымын. Соған да шүкіршілік. Менімен бір камерада республика Жоғарғы сотының басшысы жатты. Сол аға ақыл қосты:

— Қарағым, жасың жас. Жиырма бестесің. Күш-қайратың дер шағында. Сондықтан ұзын етектілердің (НКВД жеңдеттері. — Ш.Е.) ұрып соғып шыбын жаныңды көзіңе көрсеткеніне қалайда шыдас бер. Айыптымын деп қол қойдың-ақ, шаруам бітті деп есепте.

Бір күні итше тепкілегеннен есімнен танып қалыппын. Камераға сүйреп әкеліп тастаған болу керек. Көзімді ашсам, ұсқыны жүрек суылдатар сайтан ба, жын ба, әлдене не, маған көзі шақырая қарап жатыр. Талып кетіппін. Есімді жиғанда

барып түсіндім. Бұл камераның бір қабырғасы айна екен. Әлгі зәремді ұшырған ұсқынсыз жалмауыз — өзім екем... Абай сөзін өзгертпекші болып айтқанда, сол қуғын-сүргіннің табаннан өтіп маңдайыңа жетіп құрыстыратын сызы бостанның рахатына белшеңнен батып жүрсең де қалмайды екен...

Қоштасарда Зекеңнен «Доктор Дарханов» романының орысшаға аударылған қолжазбасын сұрап едім, ол бұл шығарманың тәржімәсі жайында сәтсіздікке ұшырадым. Мәскеуде Семен деген аударамын деп екі жыл ұстап, түк істемеген соң өзім қайтып алып, Алматыда жерлес жазушымыз Кузьминге жасатып жатырмын. Ал, екінші данасы — жаңағы айтқан Семенде. Соған барып еркіне қоймай қайтарып ал. Маған жіберемін деп, жібермей алдап жүр, — деді. Кейін хатында әлгі аудармашының үйінің адресін, телефонын жазып жіберді. Тек ескерткені: бірақ, сен телефон соқсаң роман керек еді деп айтпа. Зейіннің сізге берген хаты бар еді де. Әйтпесе, таңертең сағат сегізге тура жетіп бар да орнынан бас... Не қылса да сол қолжазбаны алмай қойма. «Дархановты» Мәскеуде бір үлкен журнал басамыз деп отыр. Ендігі мәселе — аудармашыда.

Ағаның айтқанын екі еткенім жоқ. Бірақ, тапсырмасын орындаудың сәті түспеді. Ештеңе өндіре алмағанымды айтып хат жаздым. Және жазушының творчестволық шеберханасы хақында өзара ақыл қосу ретінде бірер пікір айтқан болдым.

«Ардақты Зейнеке!»

Айтқан Семеніңізге бардық. Апырай, неткен безер: тілін шайнап маңына жуытар емес. Менікі әшейін босқа далақтау болды. «Зейну я в письме все написал...», бәлен-бәштүген деп, мені қойып Сіздің өзіңізге де «Дархановтың» подстрочнигін бере алмайтынын айтты. Енді «Дружба народов» журналындағы жолдастардың өздерін салып көрмесем...

Зейнеке! Сізге бір қуанышты хабар айтқалы отырмын. Сүйіншісі өзімдікі. Кеше «Дружбаның» уақытша бас редакторы Салахьянмен жүздестім. Сіз туралы сұрастыра келе, редакция портфелінде жас жұмысшылардың өмірінен (сірә, «Өмір тынысы» болу керек) бір повесіңіз жатқанын, өздерінің жариялайтын ойы бар екенін айтты.

Содан әңгімеміз бірте-бірте Сіздің творчествоңызға ауысты. «Его краски слишком однообразны». Геройларын суреттегенде ақ пен қара бояуды ғана қолданады деді... Мен дауласып Қайырды қайтесіз? — дедім. Жалпы осы жөнінде өзіңіз не айтар едіңіз...?»

Көп кешіктірмей 1966 жылығы 2 қаңтар күні жазған жауап хаты келді. Содан үзінді:

«Шекенжан»!

Қолыңды қыстым.

... «Теміртау» жайында бір ауыз сөз. Бұл роман үлкен айтыс, талас тудырды. Соның өзі романның күштілік жағы ма деймін. Шығарма ой тудырады, алға жетелейді. Бірыңғай бояу дегені дұрыс емес, ол романда бір бояумен суреттелген бір-ақ адам бар. Ол — Мүсілім. Бірақ, іске келгенде ол — шебер, қауырт істейді. Жұмысқа берілген, ысылған инженер. Ол жұрттың бәрін Дәмеш ұқсатып қуғындай бермейді. Соңынан өзін жақтайтын топ та ертеді. Горком хатшысы да сенеді. Сондықтан бір бояу дегені менің әдебиетші противниктерімнің шығарып алып жүрген дәлелсымағы... Дәмештің мінезіне құлық салып, талдап қарашы: өткір де батыл, білімді де жаңашыл. Екінші жағынан тиісті жерінде әйелдік мінездің салдарынан толқып, ұялып шегініп те қалады. Көз жасына да ие бола алмай қалады. Өзің айтқан Қайыр ше?

Жақында Домбровскийдің переводы шығады. Соны өзің де, Ломидзеге де оқыт. Романның қазақша текстіне жақын».

Бұл үзіндіге біраз түсінік бере кетейін. А. Самсония жасаған «Теміртау» романының алғашқы аудармасы 1964 жылы БЛКЖО Орталық Комитетінің «Молодая гвардия» баспасынан жарық көрді. Аудармасындағы кінәраттарға қарамастан (орынсыз қысқартулар, ойды бұрмалау), 65 мың дана тиражбен шыққан тартымды оқылатын, жазушының өз тілімен айтқанда «ой тудыратын, алға жетелейтін», әрқилы пікір туғызатын кітап тез тарап кетті.

Кітапқа сөз салсаңыз, бүгінде ойға шомдырады. Кешегі алып держава — Кеңес Одағының ыдырауының түпкі себептеріне

қаныға түсесіз. Жас инженер Дәмештің хатында көтерілген техникалық прогресс мәселесі қазақ жазушысының сөз саптауында елдің былайғы тағдырын шешетін мәселе. Романдағы тартыс Дәмеш жеңісімен аяқталады. «Қазақстан Магниткасы» аталатын алып металлургиялық заводтың директоры Қайыр ғашығы Дәмешті сүйсе де, көп уақыт бойы бас инженер, кертартпа Мүсілімді қолдайды. Тек СОКП Орталық Комитетінің Пленумы техникалық прогресс мәселесін қараған жерде ғана жиырма шақты жыл бойы күні-түні істеп әбден тозығы шыққан завод техникасын жаңалауға кіріспек болып, бір жағы Дәмештің де көңілін табады. Роман соңында Дәмеш пен Қайырдың Теміртау етегіндегі көл жағасында қол ұстасып серуендеп жүргенін оқимыз.

Социалистік реализмнің шығармасы коммунистік рухтың жеңісімен аяқталатыны табиғи нәрсе. Ал, іс жүзінде социализм мен капитализмнің қырғиқабақ соғысында қайсысының жеңіп шыққаны енді баршаға аян. Мұнай тұрбасымен ғана күн көрген, техникасы артта қалған Кеңес Одағының іргесі қара алтынның бағасын бәсекелес дұшпан лагерь әдейі күрт арзандатқанда, шайқала бастады. Ақыры алып мемлекет жер шарын жаңғырықтырып гүрс етіп құлады. Бірақ, бұған қарап романды кемсітуге болмайды. Болмайтыны, — романның мәселе қойылысының зәрулігінде, уақыт сынынан өткен дұрыстығында. Оның бер жағында көркемдік тартысының тарихилық сипаты қандай. Характерлерінің сом болаттай құйылғандығы да — романға ерекше әр беріп тұр.

Романның әр тарауының оқиғасы, қайталаса артықтығы жоқ, белгілі бір кейіпкердің тұрғысынан, соның әсерімен беріле де, келесі тарауда басқа біреуінің сол оқиғаны өзінше қабылдауы суреттеледі. Бұл тәсіл оқырман назарын өзіне қаратуы үстіне кейіпкерлердің характерін бірте-бірте ашуға септеседі. Дәмеш — кімнің де атақ-даңқына жығылмайтын тәкаппар сұлу. Өзін құлай сүйетін Еңбек Ері Оразға деген сезімі бауырмалдықтан артылмайды. Сол уақыттың көрнекті тұлғасы Қайырдың бұлталақ мінезін Томирис, Әлия, Мәншүктей апаларына тартқан ер жүрек арудың

жақтыртпайтыны түсіну қиын емес. Есінде мықтап қалатыны замана геройы Дәмештің махаббат хикаясынан гөрі, сюжет тартысының астарындағы алысқа меңзейтін дәуірлік ой-парасаты. Өжет қыз хатында айтылған ұсынысты жобадан іске айналдыруға барын салады. Не қиындыққа қасқайып қарсы тұрады. Заводтағы аварияға өзін кінәлі санағанымен, жүнжіп жасымайтыны, болған апаттың өзі де заводтың техникалық арта қалуының салдарынан екеніне берік сенімділігінен еді.

Дәмеш типтік жағдайдағы нағыз типтік характер. Оның хатындағы шындық — тек Қазақстанның ғана емес, АҚШ, Англия, Жапония, басқа да капиталистік елдерден техникалық жағынан көш кейін қалып, тым құрса халқын асырауға қаражат таба алмай, 100 миллиард доллар қарызға батып, онысын өтей алмай өлусіреп бара жатқан сорлы жүйенің де шындығы болатын.

Дәмеш көзге ұрып тұрған шындықтан қорытынды шығарып, тиісті шарасын қолданбасаң тұралайсың. «Атом ғасырында коммунизмге есектің бүйірін тепкілеп жете алмайсың!» — дейді. Жазушы бұл үлкен ойдың ақиқаттығына кішкентай көркем детальдың күшімен де көз жеткізе білген. Цехта смена бастығы Дәмеш пен металлург Ораздың арасындағы әңгімеге құлақ түрелік.

Ораз: Біз болат қорытуды бес саусағымыздай білеміз. Мәселе онда емес. Уақыттан ұтсақ қой. Болаттың қорытылуына сегіз сағат кетеді. Соны жоқ дегенде бір сағатқа қысқартса. Міне, қайда мәселе.

Дәмеш: «Бір философ өмір өлшемі — уақыт» — депті.

Ораз көңілдене: еңдеше мен уақытты ауыздықтайтын басқа философпын, — дейді.

«Теміртау» романы көтерген *уақыттан ұту* проблемасы қазір де ескірген жоқ. Ол проблеманың ендігі аты — «инновация». Бүкіл ел шаруашылығына жаңа техника мен технология, еңбек ұйымдастыру мен басқарудың тың формаларын енгізуді қаражаттау болады. Қазір мемлекетіміз және екінші дәрежедегі банкілер шет елге 120 миллиард доллар борышты. Оны өтеудің, жалпы Тәуелсіз Қазақстанның

жаһанның алдыңғы қатарлы 50 елінің қатарына қосылуының басты шарты — мұнай құбырына телміріп иек сүйеу емес, сол инновацияны уақыт талабына сай құрып, қарқынды жүргізу.

«Теміртау» романының ең соңғы беттерінен Қазақстан Магниткасына комсомол жолдауымен 500 қазақ жастары келе жатыр, олар болат пен шойын қорытушыларының жаңа ұрпағын құрамақ деген қуанышты хабар оқимыз. Сол жастар жасағының арасынан суырылып Нұрсұлтан Назарбаевтай қайраткер өсіп тәрбиеленетінін жазушы Зейін Шашкин білмесе де білді деуге хақымыз бар. Өйткені аузы дуалы ағаның жаңағы бес жүз жас ұланға берген ақ батасының ішінде болашақ Президентіміз де болғаны күмән туғызбасқа керек.

... Зейін ағаның дәрігер есебінде ғұмырының аз қалғанын айтып шағынғаны да, өкінішке қарай, тегін болмады. Мен Мәскеудегі оқуымды тәмамдағанмын, 1966 жылы ол өмірмен қоштасты. Жолыққанымда көзіме жасамыс көрінуші еді. Енді бақсам, небары 54 жасында, жігіт ағасы кезінде көз жұмыпты-ау...

«Дружба народов» журналының сол 1966 жылғы мамыр айында (№5) «Открытие современности» деген мақалам жарық көрді. Сонда Зейін Шашкиннің «Теміртауы» мен «Доктор Дархановы» әдебиетіміздің соңғы жылдарғы даусыз табысы екендігі дәлелденді. Жазушының қараңғы үйден шыға салысымен өскелең өмірдің өркендерін, жас қазақ инженер-техникалық кадрларын қалай тез танып игерді деген сөз тікелей айтылмағанымен, аты затына сай, зейіні, зердесі бөлек қаламгердің творчестволық табысын атап өтуге аянып қалғаным жоқ. Кейінде республика баспа жүйесінде істеп жүргенімде Зейін Шашкиннің артына қалдырған мұрасын жинап жариялауға атсалыстым. 1974-1976 жылдары алты томдық шығармалар жинағы жарық көріп, туған елінің игілігіне айналды.

Шериазган Елеуенов
профессор

ЗЕРДЕЛІ ОЙДЫҢ ЗЕРГЕРІ

(Зейін Шашкиннің туғанына — 90 жыл)

Зейін марқұмды еске алғанда, Керекуде бірге өскен қызықты балалық, жастық шақтарымыз сағынышпен еске оралады. Біз Зейін, кейін қазақтың кесек тұлғалы тарлан ақыны атанған Қалижан Бекхожин бәріміздің балалық шағымыз осы Керекудің киелі қиыршық құмын басып, тай-құлындай тебісіп, Ертістің ақ бұйра толқынына төсімізді төсеп, айдынында жүзіп, сумен ойнап, асыр салып, қатар түзеп, бірге балалық жастық шақты өткіздік.

Зейіннің балалық шағы көбінде Керекуде өтті. Кереку шаһары ол кезде ән-өнер бесігіндей еді. Бұл атырап ежелден өзінің сауық-сайранымен, өнерімен бүкіл үш жүзге мәлім. Осы атырапта қазақ ән, жыр өнерінің саңылақтары Жарылғапберді, Жаяу Мұса, Бүркітбай, Естай, Майра секілді әнші-композиторлар, Бұқар, Мәшһүр Жүсіп, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Жүсіпбек Аймауытов, Құдайберген, Иса сияқты ақын-жыраулар, жазушылар дүниеге келген. Керекудің ойын-сауық кештерінің қақ ортасында ойын-сауық көркі. Жайнаған гүлі Ақеділ мен Майра асқақтай көрінетінді. Ақеділ — әрі домбырашы, әрі сырнайшы, әрі әнші. Ол-қазақ, татар, орыс әндерін шебер орындаушы. Сол өнерпаз әншілік өнерге талаптанған жастарды бауырына тартып, ән-сарай өнеріне баулитын өнер шебері еді. Соның бірі — әйгілі керекулік Майра.

Майраның әнге, сырнайға әуестігін танып, қаршадай қызды өзімен бірге алып жүріп, ән өнеріне баулыды. Құдай берген талант-дарыны, шебер ұстаздың шарапатымен кейін Майра үш жүзге мәшһүр әнші-композитор, халық еркесі, сүйіктісі болып қызықты дәурен кешті.

Майраны мен кішкентай кезімде көрдім, әніне, сырнайшылығына қызықтап өстім. Оған себеп болған менің ағам Сүлеймен мен туыстас ағамыз Айтжан болды. Біреуі домбырашы, ал екіншісі әнші еді. Олар қаланың ойын-сауығынан қалмайтын, Ақеділ, Майралармен думанды-

қызықты кештерді өткізетін. Сол ағаларым мені де кейде ойын-сауыққа ертіп баратынды. Өйткені, мен 5 жасымнан бастап, домбыра тартып, ән салатынымын. Содан болар, олар мені Ақеділ, Майра қатысатын ойын-сауықтарға ертіп жүретін. Тек мен ғана емес, көптеген балалар мен жасөспірімдер де сондай кештерге құмартып, барып жүретінді. Солардың ішінде Зейін, Қалижан, тағы басқа да бірге өскен балалар болатын. Зейін әдебиет, өнерге әуестенуіне әкесінің де шарапаты тиді.

Зейін алғаш Баянауылда орыс мектебінде оқыды да, кейін ағалары Дайырбай, Сағымбай оны Керекуге алдырып, екінші басқыш орыс мектебіне (ол бұрын гимназия) оқуға түсірді. Сауатты, көзі ашық, қадірлі ағалары Зейінді аялап, мәпелеп өсірді. Оның болашағына көп үміт артты. Зейін ол мектепте қазақтың белгілі ғалымы, қазақ журналистика ғылымының негізін салған ғылым докторы, профессор Қалижан Бекхожинмен оқыды. Мектепті Зейін ойдағыдай бітірді. Оқу бітіргеннен кейін әрқайсымыз әр жаққа кетсек те достығымыз Зейінмен әсте үзілген емес. Сол достықтың белгісіндей, Қалижан Зейін досына арнап, өлең жолдарын арнады. Зейінді Өлкелік партия комитетінде істейтін ағасы Сағымбай Алматыға алдырып, оқуын әрі қарай жалғастыру үшін жолдамамен Мәскеуге оқуға аттандырды. Ал, біз Қалижан екеуміз әр түрлі қызмет істеп, кейін Алматыға оқуға келіп түстік.

Жаратылысында зерек әрі қазақ, орыс тілдерін жете меңгерген ол институтты ойдағыдай бітіріп, Алматыға оралды. Журналистика институтында әдебиеттен дәріс оқыды. Зейін Мәскеуде оқып жүрген кездерінде қазақ, орыс тілдерінде шағын көркем әңгіме, мақалалар жазып, олары Мәскеу баспаларында, республикамыздың газет-журналдарында жарық көріп жүрді. Бала жасынан өр, қайсар өскен Зейін әрі ақиқатты, шындықты пір тұтқан. Ол өз мақалаларында қайсыбір ақиқатты бүкпей, мәймөңкелемей батыра жазып, өзіне дұшпан тауып алды. Мұнысы өзіне кейін қасірет болып тиді.

Зейін Шашкин әдебиетке ерте араласты. Ол көркем әңгімелері мен мақалаларынан басқа әдебиет теориясымен де айналысты. Белгілі ғалым, республика Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, филология ғылымының докторы, профессор Есмағамбет Ысмайловпен бірге әдебиет теориясын жазды. Әттең, сол еңбегінің жарық көру қуанышын көре алмай кетті. Ал, оның риясыз адал досы Есағаң есімімен кейін баспадан жарық көрді. Бұл ғылыми-зерттеу осы ғылым саласындағы алғашқы байсалды ғылыми еңбек еді.

Сондай қыршын жас, болашағынан зор үміт күттірген абзал азамат 1938 ж. тоталитарлық заманның топалаңына ілігіп, қуғын-сүргінге душар болып, соның сойқанына ұшырап, қапасқа алынып, ит жеккенге жер аударылды. Артында асыл жары Жәмилә (кейін Республиканың Халық әртісі) екі қарғасымен — Қаракөзі мен Қарлығашы зар еңіреп, құдалауға ұшырап, талай азап тартып, өмір кешті. Жәмилә сүйген жары Зейіннің, оның өзіндей, көзіндей екі қарғасының әкесінің қандай қиын-қыстау азапты өмір кешсе де фамилиясын сақтап қалды. Міне, мұның өзі асыл жарына деген сүйіспеншіліктің шынайы белгісі емес пе?

Қажымас қайрат иесі, талапты да талантты, әр жақты білімді, жаны сергек Зейін қуғын-сүргін көріп жүріп, михнат шегіп, мылтық дүмбісінің астында жүргенде де өмірмен, тағдырдың талайымен тартысып, арпалысып, өзіндей азап шегушілердің шарапатымен, Алла тағаланың демеуімен жаңа бір мамандық алып, өмір азабын жеңілдеткендей болады. Айдауда талай жаңдар болғаны мәлім. Солардың ішінде медик-ғалымдар, дәрігерлер де болған. Зейіннің білімін, адамгершілік бітімін танып, олар Зейінді медбрат етіп алады. Алғыр Зекең сонда жүріп, бұл мамандықтың қыр-сырын танып, терең біліп алады. Зейінге бұл мамандықтың көп шарапаты тиді.

Қуғын-сүргін көргендерге ол кезде астанада тұруға рұқсат етілмеді. Зейін амалсыздан өзінің жаңа мамандығы бойынша Көкшетаудағы туберкулез санаториясына дәрігер болып орналасады. Өзінің Алла тағала бойына дарытқан дарын таланты осы тұста бой көрсетті. Ол мұнда дәрігерлік

қызметімен қоса қаламын қолынан түсірмеді. Әдебиетке деген құштарлық оны өнер биігіне жетектей берді. Туберкулез ауруының бүге-шүгесіне дейін қанық Зекең осы тақырыпқа қалам тартып, «Доктор Дарханов» романын жазды. Бұл осы тақырыпқа арналған қазақ топырағындағы тұңғыш кесек туынды еді. Доктор Дарханов бейнесінен жазушының өз тұлғасын көреміз. Жазушының бұл романы қазақ көркем әдебиетіне қосылған айтулы туынды болды.

Жазушы кейіпкерлерін өмірдің өзінен алған. «Теміртау» романында алып өндірісте еңбек етіп жүрген қажырлы да қайратты Сұлтан сияқты қазақтың жас маман жұмысының бейнесін өрнектеген. Ал «Сенім» шығармасында Нұрлан арқылы ауыл шаруашылығы саласында белгілі ғалым бейнесі көрініс тапқан. «Тоқаш Бокин» романында 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының басшысы Тоқаш Бокин бейнесі сомдалған. Жазушы осы роман негізінде кинофильм сценариясын және драмалық шығарма жазған.

Зейін үлкен әріппен айтарлық абзал азамат еді. Өкініші сол, ол өмірден ерте өтіп кетті. Творчестволық талай ойларын жүзеге асыра алмай, арманда өтті. «Өлді деуге болама айтыңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған» — деп ұлы Абай айтқандай, Зейін Шашкин артына өшпес, өлмес мұра қалдырып кетті. Ол қазір де біздің тәуелсіз елінің, қазақ деген халқының жүрегінде.

Ол халқының кейінгі ұрпағымен бірге мәңгілікке шеру тарта береді. Қазақ халқы зерделі ойдың зергері, өзінің өнерлі перзенті Зейін Шашкин 90 жылдық мерей тойын кең көлемде атап, марқұмның аруағына тағзым етіп жатыр. Елі барда ер өлмек емес.

*Төлеутай Ақшولاқов
профессор, тәуелсіз «Тарлан»
сыйлығының лауреаты*

АЗАЛЫ КЕЗЕҢ

— Сол кездегі менің жағдайымды жақсы түсінген сыңайлысыз. Толы көңілім ортайып қалды. Көңілімнің тау тұлғасы асқақтаудың орнына теңселіп кеткендей болды. Бірақ тағдыр маған оны аз санағандай. Көп ұзамай Зеннат екеуіміздің қол ұстасуымызға дәнекер болған Зейін Шашкин ағай дүние салды. Ол кісінің қандай адам екенін мен бұдан бұрынырақ та айттым ғой. Бірақ қанша айтса да, Зекеңнің шынайы нар тұлғасын «сомдап» шыға алмаспын. Мен ол кісімен студенттік өмірдің соңғы жылдарында таныстым. Бұл кезде өз басым жоспарлы пәндер мен орыс тіліне ден қойып жүрген едім. Басқаға қарауға уақыт мүлде жоқ. Қазақ әдебиеті, қазақ халқының философиялық әлемі дегеннен білетінім орта мектеп бағдарламасы көлемінде оқығандарым ғана. Онда ауыл балаларының қолына қажетті кітап түсе бермейді. Ауыл кітапханасы мейлінше жұтаң. Оның үстіне данышпан Абайдың мұрасынан жарық көргендері НКВД-ның «соқыр екшеуінен» өткендері ғана. Демек, 70-шы жылдардың басына дейін, ауыл балалары орта мектеп бағдарламасы бойынша Абайды толық танып шықты дей алмаспын. Оның үстіне Мұхтар Әуезов 1952-1953 жылдар тағы «қашып жүрді». Ал оны құдалағандар Абайға, Абай эпопеясына кір жаға бастаған. Міне, осындай шақта кездескен Зейін аға маған Абайды толық түсіндірді-ау деймін. Ол былай дейтін:

«Абай қазақ ұлтының шамшырағы, Абай бүкіл адамзат ақыл ойы деңгейінде ой толғаған тұңғыш қазақ. Оның кейбір айтқандары Сократ, Аристотельдердікінен де дәл, нақты». Мысалы, Сократ: «Демократия басқарудың жақсы жүйесі емес, бірақ адамзат одан артық ештеңе ойлап таба алмай келеді» деген. Міне, осыны пайдаланып большевиктік партия өзінің жарғасына «демократический централизм» дегенді енгізе отырып идеяны түбірінен бұзып жіберді. «Азшылық көпшілікке бағынады» дегенмен «жоғарының нұсқауы төменгі жақ үшін орындалуға міндетті» деп тұқыртады. Яғни, бұл халықтың айтқанымен санаспау, оның мұң-мұқтажын

тыңдамау деген сөз болып шығады. Ал Абай осының бәрін «көп айтса көнді, жұрт айтса болды, әдеті надан адамның» дей келіп басқару надандық шеңберінде қалмай ғылыми негізді болуы тиіс дегенді көрсетіп тұр. Білесің бе, дәл осылай Абайша тауып айтқан адам бүгінге дейінгі адамзат тарихында болған жоқ. Міне, сол Абай — қазақ. Сол Абайды қазақ болғаны үшін «менсінбей», «ағаш атқа мінгізіп жүрміз». Сократ, Аристотельдерді пір тұтамыз. Бұл барып тұрған қиянат қой. Сен Еділ, айналайын өз ұлтыңа шын қызмет етемін десең, қуған ғылымыңнан шын жеміс теремін десең, онда Абайды оқы. Абай саған қалай жұмыс істеу керектігін тегіс түсіндіріп береді. Ал Абайсыз қараңғы бөлмеде ине іздеген адаммен бірдейсің. «Көкірегің соқыр болса көзден пайда жоқ».

Зейін аға қанша кездесек те Абай туралы жаңа бір сырды ашып беретін. Мен мектеп бағдарламасы бойынша өтетін Абай өлеңдеріндегі «ұстарасыз ауызыңа түсті-ау мұртың» деген жолдардың мағынасын Зейін Шашкин ағайдан түсініп алғандаймын. Мектеп мұғалімі бізге бұл өлең «білімге, ғылымды меңгеруге уағыздайтын шығарма» деумен шектелетін. Одан әріге бара алмайтын. Ал Зейін ағай осы бір жолды былай түсіндірді:

«Бүгінгі Қазақстан Абайдың XIX ғасырда көрсетіп, айтып бергенін әлі жасай алмай тұр. Мәселен «ұстарасыз ауызына түсті-ау мұртың» деген жерінде сол кездегі қазақ болмысының ақиқаты дәл бейнеленген.

Қазақтар ол кезде индустриясы жоқ мемлекет болатын. Керек-жарақтың бәрін де сырттан сатып алатын. Қол жеткендер ұстара пайдаланған. Қалғандарының сақал-мұрты өсіп жүре берген. Яғни, ұстараның өзі қол жетпейтін аса зәру дүние болған. Егер соны Қазақстанда жасап шығаратын болса, онда елдің бәрі пайдаланар еді-ау. Амал не ондай мүмкіндік жоқ. Демек, Абай «ең болмаса ұстара жасап алатын индустрияң болсыншы» деп тұр. Яғни, жай ғана іргелі білім мен ғылымды меңгер деу емес, бұл сол «ғылым арқылы өндіріс құр, ол ұлттың сұранысын өтейтін болсын» дегенді айтады. Абайдың бұл өлеңінде нақты мысал ретінде ұстара алынған, ал оның

тұстасы Ыбырай Алтынсарин «Айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызған» дей отырып индустрияның дамыған түрінің өндірісі қайда жеткізетінін меңзейді. Өз ұлтына дәл осындай жол сілтеген данышпан адамзат тарихында жоқ. Ия, фантастар бірдеңе жазған, бірақ Абайша философиялық ойын нақты өмір болмысына лайықтап айтқан тұлғалар сирек. Міне, сен химия ғылымын қуа бастадың. Бұл адамзатқа беретіні мол ғылым. Осы ізденіс жолында талай жаңалықтарды ашарсың. Бірақ олар өндірістен шығып ел игілігіне жарап жатпаса одан не пайда? Демек, Абай ғылым мен өндіріс тікелей байланыста болғанда ғана алға басамыз деп тұрған жоқ па? Ендеше Абайдың осы айтқандарын түсініп жұмыс істейтін бол.

Ұлтымыздың данышпан ұстазын дәл осы Зейін Шашкин ағайдай түсіндірген адамды өз басым әлі күнге дейін кездестірген жоқпын. Кейіннен талай «Абай танушылар» шықты. Олардың арасында ғылыми атақ-даңқтары бір басына жетіп артылатындары қаншама. Бірақ, солардың бәрі де Абайдың айтқандарын «сөз сұлулығымен» байланыстырып жұртты қызықтырғысы келеді. Ал Зейін ағай Абайды «өмірмен, тұрмыспен, ғылымның даму қажеттілігімен байланыстырмай оқыған адам данышпанның ойын түсінбейді» деуші еді. Кейіннен химик-ғалым болсам да, филолог студенттермен кездесіп қалатын күндер болды. Сондайда Зейін Шашкин ағайдың өзіме студент кезімде айтқандарын қайталап берсем болды жастарым біліміме риза болады. Кейбіреулер «ағай, сіз Абайды мүлде басқа қырынан таныттыңыз-ау» деп мақтап қояды. Мен Абайды мақтанайын деп емес, Зейін ағайдың таныған Абайын жұрт та танысын деп сол кісіден үйренген нұсқам бойынша түсіндіремін.

Мінеки, өзіме осылайша ұлт мақтанышын мүлде басқа қырынан түсіндіріп берген, сөйтіп, ой-өрісімді кеңейткен асыл ағайды да жер қойнына бердік. Оның өзіндік таланты бір бөлек, өзгеге көзқарасы және үйренерлік бір керім бейнесі көз алдымнан мәңгі кетпек емес. Қоғам жайлы, билік жайлы ауыр сыни пікірлерді қорықпай айтып отыратын. Менің жоғарыда бірнеше рет айтып кеткен ұлағатты ұстазым

Батырбек Ахметұлы жайлы пікірі де ерекше еді. Бәлкім мені Батырбек Ахметұлы жақсы көріп кеткен соң соны естіп, біліп ол кісі де солай істеген шығар. Ол жағын дөп басып айту қиын, бірақ менің осынау екі қимасым бір-бірімен қатты сыйласушы еді. Олардың сондай сыйластығы біздің Зеннат екеуіміздің өмірден қол ұстасып өтуімізге дәнекер болды дей аламын. Амал не ұлтына берері көп, өйткені оқыған, білгені, соған орай түйгені көп тамаша адам өмірден ерте озды. Қазақ әдебиеті ғана орыны толмас қазаға ұшыраған жоқ, Зекеңмен бірге «Алаш» партиясы, «Алаш арыстары» жайлы мақтанышпен айта алатын дәуір өшті. Зекең дүние салған соң, мұндай сөз ұзақ уақыт мүлде айтылмайтын болды.

Мінеки, осындай үлкен жүректі ағадан айырылу да маған аса қиын соқты. Оның үстіне ол, Зенаттың нағашы ағасы болатын. Мұндайда қайғы еселене түспей ме? Қабырға қайысты, бірақ көтердік. Қиналдық, бірақ мүжілмедік.

Өстіп қам-көңіл жүрген күндердің бірінде Тәттібала апайым дүниеден озды. Ол менің екінші анам еді. Ұлы Отан соғысында екі ұлы мен жарынан айырылған Тәттібала апам мені бауырына басып, мауқын басып қайғысын ұмытқан екен. Сол мені бауырына басқан кезінен біз ажырасқан жоқпыз. Ертегіге жүйрік, шежірені бір кісідей білетін Тәттібала апай маған дәл Абайдың әжесі Зередей көрінуші еді. Зере ұлы Құнанбайдың дөң мінезін мысымен басып, ағайын арасындағы ауызбірлікті дәнекердей ұстап немересі Абайды жақсылыққа баулудан жалықпаған бір жан еді. Мінеки, менің өз өмірімдегі Зере әжем осы Тәттібала апай болды. Өзімнің анам Тәтім маған қанша ертегі айтты, мені қанша рет әдилеп ұйықтатты оны білмеймін. Ал мына Тәттібала апайдың мейірімі мен қамқорлығы, ертегі айтқандығы, әдемі дауысы, әлі күнге санамнан кетпейді. Сондай жаны жайсаң ана, екі бірдей бауыр тартқан ағадан айырылған кезде дүние салып қабырғамды онан сайын қайыстырды. Тәттібала апайдың бақиға аттануы екінші дүниежүзілік соғыстың мен көрген ең соңғы сұмдығы болды. Шаңырақтың ойрандалуы деген сөз. Шіркін, өмір! Ешкімді аямай, тау суындай жолындағысын қопарып алға

жылжи береді. Мен Тәттібала апайдың бақилық болуы арқылы тағдырдың әділетсіз және қатал екенін түсіндім. Ол ол ма, тағдыр өзінің тоңмойындығымен де танылғандай болды. Яғни, адам сыйлайтын, қимайтын тірлік емес. Бірақ өмір осындай тоңмойындықтардың қайталанбауы үшін де күреседі ғой.

— Сізге сол бір жылдар аса ауыр соққыдай тиген екен. Бұл есенгіреуден қалай арылдыңыз?

— Білмеймін, әлде өзімнің жаратылысым солай ма, әлде біздер соғыс жылдарының зобалаң кезінде туғандар тағдырдың талай құқайын көріп шындалып, шымырланып өстік пе, әйтеуір, қатты қайғырсам да мүжіле қоймадым. Айтқандай, Алматы тас қаптаған жер ғой. Ол кезде дәл қазіргідей биік үйлер көп емес еді. Далаға шықсаң тауды көресің. Сондай күйзеліп жүрген күндерімнің бірінде асқақтаған Алатауға көзім түсті. Басында көзге шалынатын жерінде мұз, одан биігіректе түйенің шудасындай қою қара бұлт, ал етектен шың басына дейін өрмелеп өскен ағаштар. Алатаудың тек қана тастардан тұратынын білемін. Кейде таныстарым «тау деген мықты ғой басындағы мұздақтар мен бұлттарды көтере береді. Ал бұлттар мен мұздақтардың салмағы миллиондаған тонна болады» деп білгішсінетін. Осы сөз тағыда есіме түскендей болды. Мені бұл жолы таудың мықтылығы емес, онда өсіп тұрған ағаштардың мықтылығы таң қалдырды. Ғалым болғандықтан да тастардың жан жаратылыс екенін білемін. Ал ағаш тіршілік иесі. Ол адамдай қиналады. Бір қызығы сол адамдай қиналатын ағаштардың тамыры тастардың қойнауында жатыр. Діңгегі сол тасты жарып өсіп шыққан. Ғажап құбылыс. Таудың тасында өскен сол ағаштар маған «мықты бол, Еділ, бізді көрмейсің бе, тасты да жарып шығып тіршілік үшін күресті жалғастырып тұрмыз. Оның жанында сенікі не? Өлгеннің соңынан өлмек жоқ. Тірі тіршілігін істеуі керек. Көтер еңсеңді, кіріс жұмысыңа» деп тұрғандай әсер етті. Тіпті осы уақытқа дейін санамды сарсытқан қазаның қара бұлты зымғайым жоғалғандай болды. «Қой, мұным не?», — деді іштей — мен бүйтіп мүжіле берсем үйдегілердің күні не болмақ?! Анау тау бөктеріндегі ағаштың өзін көрмейсің бе,

тасты жарып шығып тіршілік етуде. Тіршілік үшін ағаш солай күрескенде менің бордай үгітілуіме не жорық?! Әріберідесін мұныма Нұрмолда, Зейін ағайларым да риза бола қоймас. Тәттібала апайым да «мұның не, балам» дері хақ. Өйткені, бұлардың қай-қайсының да айтқаны ғылым жолындағы еңбегімді тоқтамай жалғастырып, нәтижелерді молайту емес пе еді?! Олардың менен күткені өздерінің қазасына қайғыру емес, ғылымның қара нары болуым еді ғой. Ендеше менің бұлайша күйзеліске түсуім бақиға аттанған ардақтыларым құптайтын іс емес. Жұмысқа шығайын, бәрін ұмытайын. Ғылыми ізденіс үстінде ашқан жаңалықтарым солардың өсиеттерін орындағаным болады ғой. Ендеше ардақтылар өсиеттеріне адалдық қамына кірісейін».

Осылайша еңсемді көтерген сыңайлымын. Бірақ біренен-соң бірі келген екі қаза қатты күйзелтті. Дегенмен, олардың тірлігінде айтқан сөздері құлағымнан бұйрықтай естіліп мені қайта «тірілтті». Сөйтіп, қарбалас өмірдің құшағына қайтадан ендім.

Ерғожин Егіл

ЖОМАРТ ДАРЫН

(Жазушы Зейін Шашкиннің туғанына 60 жыл)

МЕН оны бұрын көргенім жоқты. Бірақ атына ертеден қанықпын. Ол жылдары (1933-1936) Баянауылдағы жеті жылдық мектепте мұғалім болатынмын. «Әдебиет майданы» (қазіргі «Жұлдыз») журналында М.Қаратаев, Е. Ысмайылов, З. Шашкин үшеуінің аттары жиі көрінетін. Бұлардың жазғандарын іздеп жүріп оқитынбыз, өйткені бұрын айтылмаған соны да батыл пікірді осылардан табатын сияқты едік. Соның ішінде әсіресе Зейіннің пікірлері, бізге қатты әсер ететін, мұғалімдер арасында талас тудыратын. Оған біріншіден, Зейіннің өзімізбен жерлестігі де себеп болған шығар. (Оның туып өскен жерін, ағайын туыстарын білеміз ғой), екіншіден, бетің бар, жүзің демей айтып салатын, тайсалмайтын бір бетті жігіт болып көрінетін бізге.

1938 жылы Зейін ұзақ сапарға ұшып кетті де, көпке дейін қайтпай қойды. «Хабарсыз кеткен көптің бірі шығар» деп қоя салғанмын. Сөйтіп жүргенде орыс тілінде «Утро Семиречья» повесті шықты. «Е, азамат-ай, бар екен ғой, қайтып оралған» дедім ішімнен қуанып.

Содан, Зейінді алғаш рет Алматыда 1956 жылы көрдім.

Көшеде жанында үш-төрт жігіт бар сөйлесіп келе жатты. Бізекеуіміз, соңдарынан жүріп келеміз. Құлағым сонда, қарап қоямын. Бұрын көрген адамым емес, танымаймын, дөңгелек бет, үлкен көз, маңдайы жырта қарыс, орта бойлыдан гөрі де аласалау тәрізді көрінді, су ағарына ғана пышақтың сыртындай мұрт қойған, ақ-сұр жігіт екен. Жанындағылар тыңдай бергісі келгендей, айта берсін дегендей ынтыға түседі. Сөйлегенде тамағында бірдеңе тұрғандай дауысы күңгірт шығады екен, демігетіні де бар ма деп қалдым, озып та, бұрылып та кеткеніміз жоқ, біраз жерге дейін еріп отырдық.

— Әлгің кім? — дедім жанымдағы жолдасыма (оның дәл кім екенін ұмыттым), өз жөнімізге бет алған соң;

— Ол Зейін Шашкин, — деді.

— Аһ! — деп артыма жалт қараппын. — Қап! Біраз бірге жүре түспей... Жарайды кездесермін.

Шынында да кездестік, талай кездесіп жүрдік. Бір рет әдейі заказ беріп «Қазақстан мұғалімі» газетіне мақала жаздырдым (онда сол газеттің редакторы едім). Бір күні жазушы Қалмұқан Исабаев үйіне шақырды. Бардық. «Адам сөйлескенше» деген ғой, білісе келе ол сабырмен сөйлейтін терең ойлы адам екен деп түсіндім.

Мұғалімді құрметтемейтін жан жоқ қой жер үстінде. Менің көп жыл мұғалім болғанымды білгенде қолымды қатты-қатты қысты да, «Әкем мен шешемнен кейін жақсы көретін адамым мұғалім» деді. Сөйтті де шығып кетті. Әлгідей болған жоқ, қайтып келді. (Үйі жақын екен). Қолында баспадан соның алдында ғана шыққан «Тоқаш Бокин» романының бір данасы бар. Орнына қайта отырып, омырау қалтасынан автоқаламын алды. Кітаптың мұқабасын ашып, бес-алты ауыз сөз жазды да маған ұсынды. Қарасам: «Жерлес туысым, қадірлі тәрбиеші Зекеңе, адал ниетпен. Зейін Шашкин 19. II — 59 ж. Алматы қ.» деп жазған екен. Осыдан кейін онымен аралас, ниеттес, сырлас болып кеттік.

Менің отызыншы жылдардың басында там-тұмдап жазып жүріп, кейін қызмет бабына байланысты тастап кеткенімді білгенде қатты қынжылды.

— Жазу керек, — дейтін еді Зейін. — Күніне бір рет жазсаң, жылына кішігірім бір кітап шығады. Мүмкіндік бар (газеттің редакторы екенімді, одан бұрын екі-үш кітап аударғанымды айтып ол). Сол жылдары жазуды қайта қолға алуыма Зейіннің сөзі себеп болған сияқты көрінеді маған осы күнде. Ол жолыққан сайын «Не жаздың» — деп сұрайтын. «Ештеңе жазғаным жоқ» десем, «Туу, жалқау екенсің ғой» деп теріс айналатын.

«Жаяу Мұса» пьесасының әуелі телевизиялық нұсқасы жазылды да, 1961 жылдың күзінде телевизордан көрсетілді. Спектакль бітісімен телефон соқты Зейін.

— Мынаны қолға ал. Шығайын деп тұр. Көмектесемін. Ұялма, керек болса үйге кел. — Шынында да солай болды.

«Келіндерімнің» (бұл менің пьесам) алғашқы нұсқасын Зейін ұнатпады, оқып шыққан екен. Көңіліме келер деген жоқ, кіріп барғанымда өзіме қарай лақтырып жіберді.

— Бұрынғы бар дүниені қайталап кетіпсің. Мұны драматургия тілінде повтор дейді. Қайта жаз, — деді де неден бастап немен аяқтау керек екенін айтты. Қайта жаздым. Бұрынғымның басы аяғына қарап, аунап түскендей көрінді өзіме. Қайта апардым. Бір жұмадан кейін телефон соқты. Бардым.

— Бала болған екен, — деді күліп, — әлі де біраз шайқау керек («ұлы сөзде ұяттық жоқ» ол дәл осылай деді).

Біраздан кейін көшеде жолықтым.

— «Келіндер» не болды?

— Бітіріп қалдым.

— Әкеліп бер.

Әлі есімде, 1966 жылдың 28 февралі күні пьесамның соңғы нұсқасын апарып бердім. Төсекте жатыр екен.

— Немене, сырқаттанып қалғансың ба?

— Жазға салым ескі достың бір соғып кететіні болады ғой, денем қызыңқырап...

Зейін Москвадағы әдебиет, философия, тарих институтын 1937 жылы бітірген ғой, оған қоса Омбының медицина институтын экстренно бітіріп, фтизиатр мамандығын алған дәрігер болатын. Бурабайдағы, Бармашыдағы туберкулезге ұшырағандар емделетін санаторийда бас дәрігер болып істеген. Ол майталман жазушылығымен қатар, туберкулез ауруының майталман маманы еді. Өзі туберкулезге ертеде шалдыққан, соңғы кезде жиі-жиі жатып қалатын «ескі дос» деп жатқаны сол.

Оның сау жүрген күні аз еді. Әсіресе алпыс үшінші жылдың көктемінен былай қарай, әсіресе «Доктор Дархановтың» талқысынан кейін жөтелі көбейіп, ендік күшейіп, жатып қала беретін.

Қысқасы, осыдан былай оның науқасы меңдей берді. 21-март күні көңілін сұрауға бардым. Ауырлап қалған екен.

— Ертең тубинститутқа барып жатайын деп отырмын, — деді ол.

Біраз отырып шығуға ыңғайландым.

— «Келіндеріңнің» оншақты бетін оқыдым. Тәп-тәуір сияқты. Ауруханаға ала кетіп оқимын ғой, ыңғайлап қойдым, — жастығының астындағы папканы көрсетті.

— Ойбай, қой, ауруханада жатып қолжазба оқисың ба? Қызықсыңау, сен бері әкел, қайтып келген соң оқырсың, — дедім.

— Кет әрі, сонда мен бірдеме таянып қалғандай, ыңқылдап, күрсілдеп жатады деппе едің, — деп сау күндегідей қарқ-қарқ күлді.

— Түу, саған дауа болмас. Жарайды, кейін сөйлесерміз, — деп шығып кеттім.

Бірақ кейін бізді тағдыр сөйлестірмеді. Марттың 25-күні Айтбай Әбішев (Қазір қазақтың ауылшаруашылық институтының доценті) екеуміз көңілін сұрауға бардық.

«Қалада тұмау бар» деп бізді кіргізбеді, қағаз жазып бердік.

«Тәуірмін, көп ұзамай шығамын ғой, кездесерміз. Рахмет», — деп жауап қайырыпты.

Екі-үш күн өтті. Кеңседе отырып едім, Мәриям (Зейіннің әйелі) телефон соқты.

— Зейінде бір қағазыңыз бар екен, беріп жіберіп еді, алып кетсеңіз...

Бардым, Мәриямның жүзі сынық.

— Қалай екен?

— Нашар, — деп жылады.

Ертеңінде сағат 11 шамасында Айтбай телефон соқты.

— Зейін қайтыс болыпты ғой, естідің бе?

Трубкины тастай беріп ұшып тұрдым. Жүгіре басып тысқа шықтым...

Зейінді мәңгі мекеніне орналастырдық. Бір ай өткен соң әкеліп столдың тартпасына тастай салған қолжазбамды қарадым. Арасынан өз қолымен орысша жазылған он бет шықты. Бұл оның ауруханада жатып жазған (әлде ауруханаға барарда үйінде жатып па) ең соңғы жазуы. Өзі өлерден бір ай бұрын бір қыдыру сергелдеңге түсіп «Сенім» романы шыққан. Бұл жазылған соның резюмесі екен, қазақшаға аударып,

«Туған жер туралы толғау» деген ат қойып «Қазақ әдебиеті» газетіне бердім. Онда 1966 жылдың 14 июнь күнгі нөмірінде басылды.

Зейіндей еңбекқор, ондай қажымас қайраткер адам ілуде біреу-ақ шығар деймін. Қашан барсаң денсаулығының нашарлығына қарамастан, стол басында қағаз жазып отырғанын көретінмін.

— Сенде бір шаршау деген бола ма осы?

— Жанды қастерлегенде мың жасармын дейсің бе? Қуат барда жазып қалу керек, — дейтін еді. Сондай еңбеккерлік пен табандылық болмаса, он жылда (1956-66 ж.). газет, журналдарда басылған әңгімелерін, очерктерін, мақалаларын былай қойғанда, төрт роман («Тоқаш Бокин», 1958, «Теміртау», 1960, «Доктор Дарханов», 1962, «Сенім» 1966, (екі пьеса) «Замана осылай басталды», 1960, «Ақын жүрегі», 1965) жазды ғой.

Зейін шығармаларының арқауы бүгінгі өмір ғой. Ол тарихты жазған жоқ, ол өзінің замандастарының революция ардагері Тоқаш Бокиннің, бүгінгі социалистік өнеркәсіптің жас командирі Қайырдың, жаны сұлу, адамгершілігі зор Дәмештің, адам үшін өз жанын пида етуге бар Дархановтың, дүниеге комсомол көзімен қарайтын, жасқаншақтық пен жалыну дегенді білмейтін өжет агроном Нұрланның, партия қызметкерлерінің қай-қайсысы да осындай болсам деп үлгі тұтатын Мәліктің... толып жатқан совет адамдарының бейнесін жасап кетті. Зейін жасаған кейбір әдеби бейнелер бір реттерде талас-тартыс та тудырып жүрді. Бірақ барлық істің тетігін шешетін жеке адамдардың субъективтік, тіпті кейде сыңар езу тартатын пікірі емес — оқырман қауым халық екені ақиқат. Жазушы өзі қайтыс болған соң шығармаларының толық жинағы том-том болып шығып жатуын осыдан деп білу керек. Бұл шығармалар Зейіннің атын мәңгі өшірмейді, ұмыттырмайды. Жоқ ол қайтыс болмайды.

*Зейтін Ақышев
жазушы*

ІНІНІ ЕСКЕ АЛУ

(Естелік)

(Жазушы Зейін Шашкиннің туғанына — 60 жыл)

Өзің туралы жазудан қиыны жоқ, — деп отыратын Зейін. Ол сияқты жазушы, сөз зергері болып тумағандықтан ба, әлде басқа бір себептері бар ма, әйтеуір, інім туралы — кеше ғана арамызда өмір сүріп, еңбек еткен жазушы Зейін Шашкин туралы азын-аулақ әңгіме айтайын деп ойлағаным қашан еді. Бірақ қолыма қалам алсам-ақ, айтам деген сөздерімнің бәрі бытырап, не істерімді білмей отырып қаламын. Өйткені адам өзі, жақын туысы туралы жазғанда абайсызда артық айтып қоямын ба деп тартына береді екен.

Өмірде бірге тумақ болғанмен, бірге тұрмақ жоқ. Зейін екеуіміз де сондай болдық. Тым болмаса туған жерде, әйтпесе бір қалада тұра алмадық. Мен одан бұрын есейіп өз бетіммен кеттім де, Зейін тым кейін жетілді. Әрине оқуға түсіріп, жол ашып беріп отыру ағалық міндет қой. Мен ініме ол жақсылығымды аяған емеспін. Есейген соң Зейін алысқа кетті. Жоғары білімді Москва, Ленинград қалаларында жүріп алды. Өзі жасынан әдебиетші, тіпті жазушы болсам деп арман ететін. Ақыры сол мақсатына жетті, — жазушы болды.

Жалпы Зейіннің мінезі қызық еді. Оның жай-күйі кездескен секундта-ақ сыр беріп қоятын. Егер ол әлденеден көңілсіз болса, адаммен сөйлеспей, кішкене қара мұртын сипап теріс айнала беретін. Ал көңілді болса, есігін ашқан шақта-ақ, «а-а, кел, кір, жоғарыла» деп даусын көтере шығарып, келушіні құрметтеуін босағада-ақ бастайтын. 1956 жылғы жаз айының бір күні Зейіннің сондай кезіне тап болдым. Көңілінің әлденеден хош екенін сезе қойдым. Ішкі бөлмеде тарих ғылымының кандидаты Дәулет Жиреншин екеуі отыр еді. Олардың үстіне әдебиетте бірер шығармасымен көріне бастаған жас жазушы кіріп келді. Зейін оны тіпті қуана қарсы алды.

— Сен Тоқаш Бокин дегенді естуің бар ма? — деп сұрады әлгі жігіттен.

Жас жазушы азырақ бөгеліп қалды.

Зейін оған қарап жымия күлді де, сөзін бастап кетті.

— Осындағы, — деді ол. — Алматыдағы, Фрунзе оқыған семинариядан сабақ алған. 1916 жылғы Жетісу қазақтарының патшаға әскер бермеу жөніндегі көтерілісін басқарған. Сол кезде революциялық істермен шұғылданған. Петербургта әлденеше рет болған. Алматы облысында Совет өкіметін орнату үшін күрескен. Қалада тұратын, қызмет істейтін офицерлер арасында маңдай алды биші деген атақ алған... Ол, қандай адам, — деп тоқтады. Сәлден кейін ол Тоқаш Бокиннің сол кезде арқа сүйеген орыс революционерлері жөнінде де айтып кетті.

— Ол кісі қазір қайда? — деп сұрады әлгі жас жігіт. Мен де елең ете қалдым. Зейін сәл ойланып қалды да:

— 1919 жылы Совет өкіметі жауларының қолынан қаза тапқан, — деп тағы да тоқтады.

— Бұл адамның өміріндегі бір қызық жағы, оны қаншама мақтап жазған қағаз бен соншама жамандай жазған қағаздар, хаттар жатыр ғой!

Сол кезде менің көзім үшеуінің алдында жатқан көп қағазға түсті. Қызыға қарадым.

Зейін қуанышының сырына көзім енді жетті. Республиканың саяси кітаптар баспасы, (қазіргі «Қазақстан» баспасы) Дәулет Жиреншин екеуіне «Тоқаш Бокин» атты документальды кітап жазуды тапсырған екен. Ендігі сөз сол туралы болып кетті.

Кітаптың қалай жазылатынын олар үшеу болып әңгіме етті. Кейін ол кітаптың өзін де көрдім. Басылып шықты.

Жол түсіп Зейіннің үйіне қайта бір келдім. Екеуіміз туысқандық сезіммен әрқилы мәселе жайлы сөйлесіп отырдық. Мен одан әдебиет майданындағы бітіріп жүрген жұмыстарында сұрадым.

— Мен Бокин жөнінде повесть жазбақпын, — деп жауап берді.

«Бұл ойың жақсы екен», — деп мен де қуанып қалдым. Соңынан ол Қырымға курортқа кетті. Бір айдың шамасында

одан хат алдым. Хатында повестін бітіргенін хабарлапты. Мен оның курортта қалай дем алғанын ойша болжадым да қойдым. Повесті бітірген соң жолдастарға оқуға бердім, олардың жақсы пікірін тыңдаймын дегеніне қуандым. Повесть 1916 жыл түрмеде отырған Бокиннің өмірін көрсететінін де хатында айтыпты.

Зейін осыдан кейін Тоқаштың туған жеріне барып қайтты, бұрын оның қатысы болған мекемелер тұрған үйлерге бас сұқты. Рахмәлі Байжарасов, Телтай сияқты Жетісудың байырғы партия, совет қызметкерлерімен сөйлесіп, бір айдай жүріп, келесі кездескенде, Зейін:

— Тоқаш қызық характерлі адам екен, — деді. Оны жамандай жазған документтердің сырына түсіндім. Аты бір жола өшсін деген жаулардың ісін ұқтым. Бұған оның образы қомақтала түспесе, әлсіремейді. Түсіндіңіз бе? Осыдан оның Совет өкіметінің жауларына қаншама қайырымсыз болғаны байқалады. Егер солардың пасық істері болмаса, Тоқаш бүгінге дейін арамызда жүрер еді. Біздің мақтанышымыз болар еді.

Иә, сол кезде Зейіннің бар өмірі, тынысы Тоқашта болған еді. Онсыз бір ауыз сөз айтпайтын.

Сөйтіп ол романға кірісіп кетті.

Зейін Алматыға 1955 жылы көшіп келді. «Ұядан ұшқандасын» Бурабайда жүріп бітірген еді. Зейіннің жазушылық сырымен «Тоқаш Бокин» романын жазу үстінде осылай танысып едім. Ол алдымен өзіне қатаң күн тәртібін жасап алатын да, содан аумай жұмыс істейтін еді.

Пәтері екі бөлмеден ғана тұратын, шағын жазу столы төсегінің қатарында. Таңғы жетіде тұратын да столына отыратын. Тоғыз жарымға дейін жазады. Ертеңгілік тамаққа жарты сағаттан артық уақыт бөлмейді. Содан екіге дейін стол басында. Түскі тамаққа да жарты сағат. Бір жарым сағат жатып дем алу. Төрттен жетіге дейін тағы жұмыс. Жеті мен тоғыз арасында сейіл құрып қайтады. Түнгі оннан бір, яки екіге дейін тағы отыру. Сөйтіп күніне 12-13 сағат жұмыс істеуші еді. Зайыбы Мұғзима марқұм (біз Катя деп атайтынбыз) Зейіннің күн тәртібін толық сақтап жұмыс істеуіне жақсы

жағдай жасап еді. Сол кісінің қызметі арқасында, Зейін жазудан басқаны білмеді.

Әдебиетші, жазушы болғысы келетін жастар Зейіннің үйіне көп келетін. Олар Зейіннен ақыл алумен қатар, шығарма жазамын деген адам соншалық төзімді болу керек екенін үйреніп те кететін. Стол үстінде ұзақ уақыт отыра алмайтын адам, оған шыдамы жетпейтін адам үлкен шығарма жаза да алмайды. Өйткені таланттың тоқсан тоғыз проценті еңбекпен көрінеді. Ол үшін ерінбей отыра алатын шыдам керек.

Зейіннің денсаулығы онша мықты емес еді. Бір күні осыны есіне салып, бұлай жұмыс істеуге болмайтынын айттым. Зейін басын шайқайды.

— Істемеске және болмайды. Сырқатымды өзім де білемін. Оның бер жағында, мен жәй адамнан гөрі екі есе қаттырақ ауырамын. Жәй адам ауырып жүргенін сезеді де қояды, оны мен де сеземін. Оның үстіне мен сол сырқаттың процесін де біліп отырамын. (Зейін дәрігер болатын). Бұл ауруды екі есе қиындатады. Соған қарамай мен жұмысты дені саулардан гөрі екі есе көп істеуім керек. Он жылым не өзіме, не мемлекетке пайда бермей текке өтті. Сол қуысты толтыруым керек, — деді.

«Тоқаш Бокин» романы дүниеге осылай келіп еді. Оны оқырман жұртшылық жылы қабылдады. Қазақ әдебиетінің маңдайалды романдарының біріне айналды.

Ол «Доктор Дарханов» романын Бурабай курортында жатып жазды. Сол кезде Петропавл қаласынан әдейі барып жолығып қайттым. Осы күнгі өз дәуірі туралы шығарма жазып жатқанын айтты. «Шынында, — деді ол, — осы шығарманың кейіпкері, оның басынан кешіретін оқиғалары өз өміріме жақын еді», — деді сонда. Кейін жарық көрген «Доктор Дарханов» романын оқығанымда, сол сөзінің шындығына көзім жеткендей болды. Автордың басынан өткізгендері аз емес еді. Дәл романдағыдай болмағанымен әйтеуір ұқсас болатын.

Зейіннің ең соңғы романы «Сенім» еді ғой. Бұл шығарманы Зейін тым тез жазды. Романда суреттелетін кейбір жерлер түп-тура алынған. Көпшілік адам аттары да сәл ған өзгертілгені болмаса дәл келіп тұр.

Зейін туралы ойласам, еске түсе беретін жайттар көп. Осы бір кішкене ғана мақала-естелікке оның бәрін айтып жеткізу қиын. Әттең, жас кетті. Ол әлі көп шығарма да жазар еді. Тек өмірден ерте өтті ғой, аяулым!

Дайырбай Шашкин
ағасы

«Итжеккенге айдаған — кер заманның әлегі...». Кеше ғана дәурені жүріп тұрғанда бетіне тура қарауға жүрексінетін жамандардың күні туып, жендеттерге ұстатып жіберген кезде Қапездің айтқан әні екен бұл. Сол заманда осы ән қанша азаматтың көкірегінде өксіп бара жатты екен. Қанша от осы ән айтылғанда соңғы рет лап етіп, мәңгіге өшті екен. Сібірге айдалған көп боздақтың ішінде болашақ жазушы Зейін Шашкин де бар еді. Қаламын сияға енді суара бергенде ұсталып кеткен сол Зекеңнің туғанына биыл 100 жыл. Осы орайда қаламгердің қарындасы Мәкиза Райымқұлова-Шашкинамен әңгімелескен едік.

ЖАЗЫЛМАҒАН ЖАЗУЛАР

Шәшке деген тамыз заманында «Қасиетті қажы» атанған екен. Меккеге мұсылмандық парызын өтеуге барғанда дүниеден өтіп, сол жаққа жерленіпті. Сол Шәшкеден Әбіке, Жүсіпбек деген ұлдар қалған. Әбікеден менің әкем Дайырбай туады да, Жүсіпбектен Сағымбай, Зейін ағаларым тарайды. Жүсіпбек атамыз он алтыншы ұлт-азаттық көтеріліске қатысып, сонысы үшін сотталған. Өзі арабша сауатты, сөзге шешен, абыройлы адам болған екен. Кеңес үкіметі орнаған соң түрмеден босатылған.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің кітаптарына мынадай бір дерек кездеседі: «Абылай ханның заманында қазақ жұртынан шыққан батырлар Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Қаздауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек, Көкжарлы көкжал Барақ... Шанышқылы Бердіқожа, Сырым Малайсары... Балтакерей Тұрсынбай, Тарақты Байғозы, он сан Орта жүзге ұран болған Олжабай, Малай Жәдігерден Жауғаш, Биғаш, бөрі тонды, бөрте атты, бөрі Бас орманшы Ақсары, Шотана, Қозған Бекше мерген, қарауылшы Әлтеке Жидебай, Уақ Сары Баян... Бұл айтылған батырлардың бәрі де Ербекейше бұзау жарып батыр атанған емес, жалғыз жүріп қалмақтың қамалын бұзған батырлар...». Осындағы Қозған Бекше батыр деп отырғаны Зейін ағамның алтыншы атасы.

Бекше, Бекшеден Қотан, Қотаннан Қабыл, Қабылдан Шәшке туады. Қозған дегені біздің руымыз. Ежелгі атажұртымыз Баянауыл атырабындағы Қызылтаудың бөктеріндегі Қозған ауылы, сол руымыздың атымен аталған.

Ақын Қалижан Бекхожин Зейін ағаммен бала кезден бірге өскен. Сол кісі: «Біз Шашкиндерге қызығып өстік. Дайырбай, Сағымбай ағалар саптама етіктерін жалт-жұлт еткізіп көшеден өтіп бара жатқанда, қашан осылардай боламыз деп армандаушы едік», — деп әңгімелеп отыратын. Сөйтетін де: «Бұлар оригинальный тұқым ғой», — дейтін әзіл-шынын араластыра. Қалекеннің осы сөзі шындық екенін Зейін ағам арпалыспен өткен азапты өмірінде дәлелдеп кетті. Өйткені, ағамның маңдайына жазылған тағдыр ешкімдікіне ұқсамайтын тағдыр болды. Және сол тағдырға шыдас берген жігер де ешкімде кездеспейтін, тек Зейін ағама ғана тән жігер еді.

Зейін ағамның өмірін жиырма бес жасына дейінгі және кейінгі деп екіге бөлуге болатындай. Өмірінің осы бірінші бөлігі мамыражай күйде өтеді. Керекуде өткен балалық кезі, Москва мен Алматыда қалған жастық шағы...

Мектеп қабырғасында оқып жүргенде Зейін ағам өзі режиссерлік етіп, өзі басты рөлде ойнап, Өмірбек Оспанов деген кісінің «Зарлық» атты қойылымын сахналайды. Бұл шығарма «Мұңлық-Зарлықтан» бөлек, сол заманды бейнелейтін, Зарлық есімді қыз туралы екен. Қанша орыс көп, солтүстік жатыр дегенмен, керекуліктер сол кездің өзінде шариятқа берік екен, ешбір қыз театрда ойнауға келіспепті. Әке-шешелері жібермейтін көрінеді. Сөйтіп, Зейін ағам басына орамал тартып, қыз бейнесінде өзі шығыпты. Дауысын құбылтып, жылайтын жерінде жылап, беріле ойнағаны сонша, жиналған халық қосылып жылаған екен. Зейін ағам талдырмаш денелі, аққұба, сұлу өңді еді. Қыз киімін киген соң тіптен құлпырып кеткен болуы керек, жігіттер жағы әртіс қызды тани алмай, «жоқ жерден пайда болған бұл сұлу кім?», — деп көпке дейін бас қатырыпты.

Керекуде мектепті бітірген соң, Алматыға келіп біршама уақыт қызмет етеді. Москвада оқып жүрген кезінде үйленеді. Жұбайы Жәмиләдан екі қыз сүйіп, тып-тыныш ғұмыр кешіп жатады. Өзінің досы болған Есмағамбет аға Ысмайыловпен бірігіп Абайдың ақындық шеберлігі жайында еңбек жазады. «Қазақ әдебиеті теориясы» деген оқулығын да тәмамдайды. Осындай бір бейбіт те берекелі ғұмыр өз ағысымен жылжып жатады. Зейін ағамның жасы жиырма беске шығады. Күші кемірене келіп, нағыз еңбек ететін шағына жетеді. Бірақ бұл отыз жетінші жыл еді. Жалындаған жиырма бесті де, кемелденген қырықты да жалмап өткен отыз жетінші жыл еді бұл. Семейге іс-сапармен барып, аудиторияда лекция оқып тұрған жерінен Зейін ағамды ұстап әкетеді. Сол сәттен бастап ағамның өміріндегі екінші азапты кезең басталған еді.

Екі жыл Алматыдағы қазіргі Наурызбай мен Қабанбай батыр көшелерінің қиылысындағы сұр үйде ұстайды. «Халық жауымын» деп өз бетіңмен қол қой дейді. Зейін ағам өте бірбеткей мінезді еді. Қол қоймай қойыпты. Сонысынан әбден қорлық көрген. Ұрып-соғып қараңғы бөлмеге қамап тастайды екен. «Бір есімді жиып, басымды көтерсем, алдымда беті-аузында сау жері жоқ бір адам жатыр», — деп еске алатын ағам, — «Әлгінің түрін көрген кезде шошығаным сонша, есімнен қайтадан айырылып қалыппын. Қанша уақыт өткені белгісіз, оянып, орнымнан тұрып, жан-жағыма үңілсем, бөлмеде менен басқа ешкім жоқ. Сөйтсем, бөлменің бір қабырғасы тұтастай айна екен. «Өзін-өзі көрсін» деп, жендеттердің істеп қойғаны болып шықты. Мазақтың түр-түрі сол жерде еді ғой. Көргенімнің бәрін айтып, жүректеріңді ауыртып неғылайын. Тек тісімді түгелімен қағып алғандағы әңгімені ғана айтып отырғаным ғой».

Алматыдағы екі жылдық азаптан соң Зейін ағамды он жылға соттап, Сібірге жібереді. Итжеккендегі ызғарлы күндер басталады. Бір күні дәрігер болған орыстың шалы өзінің жарақатына өзі дәке орап отыр екен. Зейін аға ол кісіге көмектесіп, жарасын таңып береді. Зейін ағамның қолының ептілігін байқаған қарт дәрігер жоғары жаққа айтып, ағамды

оқуға алдыртады. Сондағы ағамның еңбекқорлығы ғой, қақаған суықта қалтырап жүріп, дәрігердің оқуын толық бітіріп шығады. Жаздың күндері емдік шөптерді жинап, айдауда жүрген науқастарды емдейді екен. Сөйтіп, айдауда жүргеннің өзінде тынбай, ертеңнен кешке дейін жұмыс істейді. Сібірдің аязына бірге тоңып, абақтының бөлмесінде бірге отырған Мұхаметжан Қаратаев аға сол уақыттарды еске алып, дастархан басында ағама: «Дәрігер жолдас, мынаны жеңіз», — деп қалжыңдап отыратын. Мұхаметжан аға айдауда жүргенде сотталғандарға тамақ тарататын жұмысқа алынған екен. Сөйтіп, күн сайын кешкі асты таратқан кезде тамақтың тәуірі дегенін ағама алып қалатын көрінеді. Кешке жұмыстан шаршап келгенде ас-суын үстелге қойып: «Дәрігер жолдас, мынау сізге», — деп әзілдей сөйлеп қызмет көрсетеді екен.

Он жылға уақыт өткен соң ағам елге оралды. Денсаулығы нашарлаған. Абақтыдан босатқанымен, толық бостандық берілмеген екен. Алматыға келуге тыйым салыпты. Сөйтіп, Көкшетауға орналасып, дәрігерлік қызметін жалғастырды. «Өкпе ауруларын емдеуде рентген сәулесін қолдану» деген тақырыпта ғылыми жұмыс жазады. Онысымен қоймай, орыс тілінде «Наступило утро» дейтін шығармасын да сол уақытта жазған «Қазақ әдебиеті теориясы» атты еңбегін Есмағамбет аға Ысмайыловпен бірігіп қайта шығартады. (Осы кітаптың кімге тиесілі екендігі туралы пікірлер әрқилы. Өз алдына бөлек зерттейтін жайт).

1954 жылы Зейін ағам Алматыға біржола көшіп келді. Келе сала жиырма жылға жуық зая кеткен шығармашылық ғұмырын қалпына келтіруге тырысқандай, өңдіріп жаза бастады. Мұхтар Әуезовтің сол кезде айтқан сөзі ғой, «Бұлар сусап, ашығып келді, бар жағдайды жасауымыз керек», — деп. Мұханның осы сөзі түрткі болды ма, кім білсін, әйтеуір сол уақыттарда қуғын көріп келген жазушыларға жақсы жағдай жасалды. Үй беріліп, кітаптары шығарылды. Бұл кісілер де бірін-бірі қонаққа шақырып, жастық шақтан бері ұстатпай кеткен қуаныштың ұмытыла бастаған дәмін сезіп, жадырап жүрді.

Зейін ағам айналасы он жылдай уақыттың ішінде «Тоқаш Бокин», «Теміртау», «Доктор Дарханов» сияқты романдарын, «Өміртынысы», «Таң атты» повестерін, «Дала шапағы», «Ақын жүрегі» пьесаларын жазады. «Әлі де қаншама нәрсе жазуым керек», — деп отыратын. Бірақ сырғып өткен уақыт оның сыр берген денсаулығын тіптен тұқыртып жіберді. Жасы елу төртке шыққанда аурухана төсегінде көз жұмды.

Райымқұлова-Шашкина Мәкиза

НИЯЗ – ЗЕЙІН, ДАРХАНОВ – ШАШКИН

50-60 жылдары ел аузына ілігіп, ықылас-ілтүпатқа бөленген жазушы Зейін Шашкин — кейінгі кезде қосақ арасында қоса айтылып кеткені болмаса, бұл есімге және оның шығармашылығына арнайы тоқталып, сөз қозғап жүрген ешкім жоқ.

Осы орайда, азын-аулақ әңгіменің шетін шығарып, оқырмандарға түрткі болсақ деген ниетпен Шашкинге ат басын бұрған егік.

1. Ақ халат пен қалам

Зейін Шашкин кім? Ол — дәрігер, әрі қаламгер. Яки, еңбек жолын дәрігерліктен бастап, жазушылықпен аяқтаған талант.

54 жылдық ғұмырының 8 жылында — дәрігер, 10 жылында — айдауда (Сібірде, нақты себебі белгісіз. Десек те, көпшілікке мәлім жәйт: сол жылдардағы жазықсыз айыптаулардың бірі болса керек. — К.Ж.) 10 жылында — таза шығармашылық жұмыста болған.

Баспасөз беттерінде 30-жылдары өлең, мақалаларымен көрінген. Содан ізін суытып, араға 17 жылдай уақыт салып, әдебиетке қайтадан оралады.

«Наступило утро» — 1955 жылы жарық көрген (орыс тілінде) тұңғыш повесі. Бурабайдағы «Бармашы» санаторийінде дәрігер болып жүрген уағында жазған.

«Ұядан ұшқанда» — қазақ тілінде шыққан (1957) тырнақалды туындысы. Шашкин дарыны мен жазушылық қабілеті айқын көрінген шығарма ретінде бағаланып жүр. Ерекшелігі — революция тақырыбында жазылған. Қиын заманның бет-бейнесі тап сол күйінде берілген деуге әбден болады. Повестегі Жүніс — жазушының өз әкесі Жүнісбек өмірінен алынған образ, тіпті сол кісінің басынан өткізген жағдаяты деген де сөз бар. Мұндағы кейіпкерлер — жәй адамдар емес, әділет үшін күресушілер, ел мен жер намысын қорғаушылар.

«Тоқаш Бокин» — тақырыптық жағынан алғанда, тарихи-революциялық роман. Кәдімгі Бокин өмірінің белгілі бір кезеңі ғана алынған. Және сол тұсқа тән Тоқаш Бокин бейнесі сомдалған.

Көркемдік сапасы мен идеялық ерекшелігі көпшілікті тәнті еткен елеулі шығарма. Тосын, оқыс оқиғаларды беру арқылы кейіпкерлер характерін барынша ашуға тырысқан. Сол мүддеден шыққан да. Әлеуметтік діттеген шындықты айта алған.

«*Теміртау*» — 1960 жылы жарық көрісімен, көпшілік көңілінен шығып, мойындалған. Біріншіден, металлургтер өміріне, өндіріс саласына арналған, бұрын-соңды туған әдебиетімізде көп жазушы бара алмаған тақырып.

Екіншіден, баспасөзде, әдеби ортада үлкен талқылауға түсіп, қызу айтыстар туғызған. Бас кейіпкер, инженер қыз Дәмеш образы арқылы көп жайға қанығамыз.

«*Доктор Дарханов*» — сөз өнеріндегі аты да, заты да бөлек роман. Дәрігерлер өміріне арналған тұңғыш еңбек. Шашкин жаңалығы, жетістігі.

Роман оқиғасы Көкшетаудағы «Бармашы» санаторийінде өтеді.

Ең өзекті образ — дәрігер Нияз Дарханов. Нияз және оның іс-әрекеті, қызметі, өмірі арқылы дәрігерлер тірлігін сан алуан қырынан көреміз. Және мұндағы Дарханов образының нанымдылығы Шашкинді одан сайын мойындата түседі.

Үрдіс-үлгісі, ой түзілістері бөлек, оқшау. Суреткерлік сезімталдық — дәрігерліктің көлеңкелі мезеттерін ашуда өте жақсы реңк береді.

Жалпы, Зейін шығармаларының қай-қайсысында болсын оның өз бейнесі көрініп отырады. Әсіресе, «*Доктор Дарханов*» — *доктор Шашкин өміріне тым ұқсас, жақын.*

«*Сенім*» — «Теміртау» мен «Доктор Дарханов» орынсыз сынға ұшырағаннан кейін жарық көрді. Сондықтан ба, бұл шығарма елеусіздеу қалған сыңайлы. Негізінен, мұнда да өміршілдікке қарсы үн көтерген. Тың жерлерді игеру керек деген уақытта эрозия апатына қарсы тұрды. Зейін шығармашылығының соңғы нүктесі.

Роман әлі де болса лайықты бағасын күтеді...

Жалпы, Шашкин бірінен соң-бірін тоғыта жазған қарымды қаламгер. Тез жазғыштығы, батылдығы — ірі, соқталы

романдарды әкелді. Қай уақытта болсын, турасын айтты. Өмір бойы егесте жүрді. Айдауда да болды. Сонда да алған бетінен қайтпаған жазушы. Шындықты айтамын деді, айтты. Көкейіндегі ыза-кек, арман-мұңын шығармалары арқылы ақтарды. Заманына үңіле білді, оның былығын ашуға, әділдігіне араша болуға тырысты.

Сол үшін де таяқ жеді, теперіш көрді. Бірақ, мойыған жоқ. Айдаудан кейінгі 10 жыл өндіріп жазуға, құлшына еңбек етуге арналды. Соның нәтижесіндегі 4 роман, 5 повесть, 10-15 әңгіме, бірнеше пьеса, киносценарий, мақалалар — әдебиетімізге қосылған үлкен үлес.

Шығармалары желісінде «Дүбірлі таң» кинофильмі түсіріліп, экранға шықты.

«Заман осылай басталды», «Ақын жүрегі», «Тоқаш Бокин» пьесалары қазақ театр сахналарында қойылды. «Ақын жүрегі» — ақын Жұмағали Саин өмірінен алынған.

Зейін тағдыры қилы-қилы кедір-бұдырлардан тұрады. Ол — тілі де, стилі де, айтары да бөлек, сол тұстағы жаңашыл жазушы. Біздің мақсат — Шашкин шығармашылығын үн-түнсіз қалдырмау.

Кезіндегі шулатқан, дуылдатқан, біраздың қытығына тиген уытты дүниелер бүгінгіні де бей-жай алдырмас деген сенімдеміз.

1. Зиялылықты игеру: Зейін Шашкин

— Қарагөз Зейінқызы, биылғы жылы, бір жағынан — әкеңіз Зейін Шашкиннің туғанына 85 жыл толатын мерейтой уағы, екінші жағынан — көп уақыт болды, ол кісі жайында ештеңе айтылмай жатыр, әдеби процесстен, рухани жаңарудан, мәдени өркендеуден Шашкин шығармашылығы түсіп қалғандай көрінеді де тұрады.

— Айтқандарыңызға қосыламын. 1988 жылы тек «Жалын» журналы ғана сіңілім Қарлығашпен сұхбат жүргізді, ал, 1994 жылы шешеміз, халық әртісі Жәмилә Шашкина 80 жасқа толғанда Қарағанды қаласындағы С.Сейфуллин атындағы драмтеатр мерейтойын өткізуді өз мойнына алды. Содан кейін Шашкин есімі қалың көпшіліктің, елгезек оқырманның назарынан тыс қалды.

— Егер қиын болмаса, әкеңіздің ғұмырбаяны жайлы айтып берсеңіз. Әсіресе, шығармашылық тәжірибесіне кеңірек тоқталсаңыз.

— 1936-37 жылдары Зейін әкеміз Алматы қаласындағы «Лениншіл жас» газетінде қызмет істеген. 1938 жылы наурыз айында ол Семей қаласына жұмыс бабымен барады да, сондағы досының үйіне тоқтайды. Тап сол түскен түні оны досымен қоса НКВД тұтқындап алып кетеді. Неге екені белгісіз. Тірі кезінде өзі ашып ештеңе сұрай алмадық. 1938 жылы мен үш жаста едім, Қарлығаш емшектегі бала еді. Шешем Жәмила жаңа ғана Мәскеудегі театр училищесін Барсова класы бойынша тәмәмдап, Алматыдағы опера театрына жұмысқа тұрған. Ол Күләш Бәйсейітованың дублері болатын. Әкемізді алып кеткен соң, біз одан хабар-ошарсыз қалдық, өзімізді Алматыдағы үйімізден қуып шығып, баспанасыз қаңғытып жіберді. Туысқандарымыз бізді паналатуға қорықты. Бәрі түгел теріс бұрылды. Сол кезде көмектескен адам Ғабит Мүсірепов болды. Бізбен қоса ол Сәкен Сейфуллиннің әйелін де салып жіберді. Оның қолында үш жастағы ұл баласы болатын. Қарағанды қаласында шешеміздің әпкесі — Қайкен әпкеміздің, Қарлығашты Олжабай әпкеміздің қолына қалдырып кетіп, өзі әртістік дарынын ұштай берді. 1943 жылы шешеміз қайта тұрмыс құрды. Әкеміз тек 1948 жылы оралды. Ол Иркутск жақта айдауда болып қайтыпты. Сонда жүріп, медицина мамандығы бойынша білім алыпты. Оны атудан аман алып қалған да сол дәрігерлік мамандығын игергені ғой деймін. Әйтпесе, әкемізді ешқашан көрмес те едік. Айдаудан қайтып келе жатып ол әуелі Керекудегі туыстарына соғыпты. Олар оның жанына жаңа шешемізді ертіп жіберіпті. Қарағандыға келіп, Олжабай тәтеміздің шаңырағына ат басын бұрыпты. Бір күні ойнап отырсам, Қайкен әпкем: «Жүр, жинал, туысқандарыңа барамыз», — дейді. Мен: «Шешеме ме?» деп сұраппын. Ол: «Әкеңе», — деп жауап берген. Мен ешқашан әкем барын білген емеспін, көзім бақырайып, таңданғанымнан қатып қалыппын. Олжабай тәтеміздің үйіне кіріп барсақ, әкем бөлме ішінде мазасызданып ерсілі-қарсылы сенделіп жүр екен.

Сірә, бізді көрер алдында толқыса керек. Мені аңғарып, тез-тез басып келді де, құшақтай алды, сосын сығымдап қысып-қысып қойды. Өзім де толқып кеттім. Сол түні ол Керекуден ертіп әкелген әйелін ұмытып кетіп, біз ұйықтағанша іргемізде ертегі айтып жатты. Шешемізден бізді сұрап алды, енді екі кішкентай қызымды өзім асыраймын, — деді. Қарлығаш екеуімізді алып, Бурабайдағы «Бармашы» санаторийіне жүріп кетті. Мұнда ол дәрігер-фтизиатр болып қызмет атқарды. Осы кезде оның шығармашылық ғұмыры басталды. Орыс тілінде «Наступило утро» деген кітабын жазуға көшті. Соңына оны қайта қазақша жазды. Бурабайда 1955 жылға дейін тұрды. Достары шақырып қоймаған соң, Алматыға қарай көшті бұрды. Жазушы достары оның медицинаны тастап, әдебиетке біржолата ауысқанын қалады. Ол солай істеді де. Таңертең ерте оянып, жазу үстеліне отыратын. Түскі астан кейін сәл демалады да, қайта қаламына жабысады. Содан кешке дейін жазады. Қызыл іңірде бір сағат тысқа шығып, таныс жазушыларымен серуендеп қайтатын. Үйге келе сала тағы жазу үстеліне бет алушы еді. Ол бәрін бітіріп, тауысып кетуге асықты. Өзі, сірә, үлгермей қаламын ба деп ойласа керек. 1966 жылы 29 наурыз күні фәниден өтті.

— *Зейін аға қандай кісі егі?*

— Мен көп жазушылардың отбасын жақсы білемін. Кейбір дарақы мінезді, дөрекі сөйлейтін қаламгерлерді де кездестіріп жүрдік. Бірақ әкеміз сондай жаны жайсаң, мейірімді, нәзік, пейілі кең адам еді. Таныстары сырқаттана қалса, емханаға жатқызып, курортқа жолдама алып беріп, жанұшырып, көмектесуден шаршамайтын. Ауылдағы туысқандарын қалаға аудартып, қалаға оқуға түсуге жәрдемін тигізіп, білім алудың маңыздылығын жиі сөз қылатын.

— *Зейін Шашкин 1912 жылы желтоқсан айында туған. Биыл — туғанына 85 жыл. Ол «Тоқаш Бокин», «Теміртау», «Доктор Дарханов» романдарын гүниеге әкелді, тағдыры қилы зиялы азамат болды. Осы мерейтойына байланысты Жазушылар одағынан, немесе басқа мемлекеттік, не қоғамдық ұйымдардан ұсыныстар, тілектер, өтініштер түсті ме, сіздерге телефон шалған, хат жіберген, іздеу салған жан бар ма?*

- Жоқ. Ешқандай хабар келген жоқ.
- Әңгімеңізге рахмет. Бұл сұхбат болашақ марафонның тұтқасы болсын, көңілге түрткі болсын, кім біледі, осыдан соң естеліктер, сын мақалалар, зерттеулер легі ағыла бастар. Сең бұзылды деп, ойлаймыз.

*Күлпара Жұмағали,
Дигар Амантай
(Қызы Қаракөз
Шашкинамен сұхбат)*

ШЫНДЫҚ ДЕП ӨТКЕН ЖАН ЕДІ

Әкемді еске алсам болғаны көз алдыма осыдан 40 жылдай бұрынғы бір сурет қайта-қайта оралады. Сол бір кездесу санамда мәңгі бақи өшпестей жатталып қалыпты.

1948 жылдың шуақты таңы еді. Дәл қай ай екені есімде жоқ. Ол кезде папамның әпкесі Лиза апайдың қолында едім (кішкентайымнан бағып-қаққан, тәрбиелеп өсірген сол кісі болатын).

Таңғы тәтті ұйқының құшағында жатқан мені Лиза апай жұлқылап оятты!

— Оянышы қызым, әкең келді, әкең!.. — дейді қуаныштан есі шығып, асып-сасқан ол.

— Қайдағы әке?.. Ол ана бөлмеде ұйықтап жатқан жоқ па? — деймін ұйқылы-ояу, ешнәрсе ұқпаған күйі. Шынында да көрші бөлмеде Лиза апайдың күйеуі Мейрам ақсақал демалып жатыр еді. (Ол кісіні папа дейтінмін). Көзімді ашып жан-жағыма қарадым. Анадай жерде, әбден жүдеп-жадап, қажыған, бұрын-соңды мен көрмеген бейтаныс адам тұр. Жағы суалған, шүңірейген көздерінде әлдебір айтып жеткізгісіз мұң бар. Мен оған тосырқай қараған күйі орнымнан қозғала қоймадым. Бейтаныс жан мұнан ары тұра беруге шыдамады білемін, емірене ұмтылып, құшақтаған күйі мені тік көтеріп алды.

— Кездестік-ау, ақыры, балам! Мен кеткенде сен кішкене нәресте ең! — дейді ол мені бауырына қысып. Әкелі-балалы екеуіміз осылай ұзақ тұрдық. Мен ол кезде әлі көп жайдан бейхабар бала болсам да осы бір жүдеу, шаршаңқы жүзді бейтаныс адамның маған дүниедегі ең жақын, ең қымбат кісі екенін іштей сездім. Бұл менің бағыма, бақытыма соншама азаптан аман қалып, тірі келген аяулы жан — әкем еді.

Міне, ұзақ үзілістен соң әке мен бала осылай табыстық. Әкем түрмеден оралған соң-ақ мен үшін өзгеше өмір, басқа тірлік басталғандай болды. Артында асқар таудай тірегің әкең бар болғанға не жетеді дейсің. Әкем болса мені көріп, мауқын басқан соң үлкен қызы Қаракөзді іздеп барғысы келіп, мазасыздана бастады. Қаракөз шешеміздің үлкен

апасының қолында тұрып жатқан. Бірақ біз бір-бірімізден мүлде хабарсыз едік. Тағдырымыз солай болды. Апалы-сіңлілі екеуміз 1939 жылдан 1948 жылға дейін екі жерде, екі үйде тәрбиелендік. Бірде шешемнен: «Сенің бізді бір-бірімізден бөлгенің қалай?» — деп сұрағаным бар. «Қайтейін, заман мәжбүр етті ғой... Әкелерің түрмеде. Ешкімнен көмек көрмей жападан-жалғыз қалдым. Қолымда титтей тек екеуің ғана... Пәтерден қуып шықты...қызметке қабылдамады. Ақыры сендерді өлтіріп аламын ба деп қорқып, туған-туыстарыма таратып бердім!» — деп еді шешем ақталғандай болып. Шынында, қайтсін енді. Шешемді де түсінуге болады...

Денсаулығына байланысты әкем Қарағандыда ұзақ болмады, Көкшетау облысындағы Бармашино санаторийіне жұмысқа ауысты, қазір бұл пансионат «Шуақты» деп аталады. Сол кездің өзінде-ақ мұнда өкпе ауруына шалдыққандар емделіп, демалатын. Әкеміздің негізгі творчестволық қызметі осы Бармашино санаторийінде басталды. Өзінің тұңғыш кітабын жазуға кірісті, медицина тақырыбына көптеген мақалалар жазып, олар «Советская медицина» журналының бетінде жарияланды.

Алғашқы кітабының қалай туғаны да әлі есімде. Москвадан машинка алдырды, жазғанын бастырып беріп жүрдік. Өзінің тұңғыш кітабын әкем орыс тілінде жазып шықты. Бұл кітаптың тууына байланысты бір оқиға есімде қалыпты.

Щучье қалашығынан біздің үйге қонаққа ақ сақалды, ақ шашты, ақылына білімі сай, адамгершілігі мол қарт, орыс шалы жиі келіп жүрді. Аты есімде жоқ, фамилиясы Мишенко болатын. Әкемнің айтуынша ол отыз жетінші жылдың зобалаңына тап болғандардың бірі. Қуғынға ұшыраған, бұрынғы әдебиет пәнінің мұғалімі, институт профессоры. Міне, осы кісі біздің үйдің сүйікті қонағына айналып, жиі келетін. Әкем екеуі болашақ кітаптың жаңа жазылған әрбір бетіне шүйлігіп, дабырласып, айтысып қалатын. Профессор сынды үсті-үстіне жаудырса, әкем оған қарама-қарсы пікір таластырып, ақыры екеуі ренжісіп тарқасатын. Профессор жалма-жан апыл-ғұпыл жиналып, енді бұл үйдің табалдырығын аттамаспын дейді.

Әкем болса осынау қарапайым, кез-келген адамға сенгіш, ақ көңіл кісіні өкпелетіп алғаны үшін қайғырады. Сөйтіп бәрі осылай тәмамдалды делік. Бірақ, бір ғажабы арасына екі-үш күн салмай-ақ, ештеңе болмағандай таныс шал күлім қағып жетіп келеді. Ал әкей мәз-мейрам, бақытты. Жұбын жазбай екеулеп кітапты қайта талқылай жөнеледі. Егер де шал ұзақ келмей кетсе әкей қатты мазасызданатын. «Сырқаттанып қалды ма?» — деп, жедел оның үйіне аттанатын. Соңынан Алматыға көшкенде, профессор бізді жолға шығарып салып тұрып солқылдап, тоқтамастан ұзақ жылады. Әкейді қайта-қайта айналаған ол өксігін баса алмады. Бізді енді қайтып көрмесін іштей сезді білемін. Содан көп ұзамай қайтыс болды.

Бұл әкемнің жолдас-жораларына қатысты келтірілген бір ғана мысал. Ал оның күнделікті өмірінде, қызметінде, творчестволық өрлеу жолында шын достары мен оны түсіне білетін адамдар аз болған жоқ. Жазушыларды айтатын болсақ, есімде қалғандары Н. Анов, Ж. Саин, И. Шухов, суретшілерден А. Ысмайылов және тағы басқалар.

Олардың қай-қайсысын болмасын зор құрметпен, нәзік сезімталдықпен қарсы алатын. Әсіресе жазушы Николай Ановты қатты құрметтейтін... Оған арнайы жеке бөлме босатқан әкем күніне ертемен бір шыны жаңа сауылған сүттің бал қаймағынан ішкізіп отырды. Ол кезде Бармашино санаторийіндегі біздің үй сиыр ұстайтын. Сөйтіп сауылған сүттің балқаймағын Н. Анов үшін әдейі бөліп алатынбыз. Бұндай қонақжайлық құрметке әркім бөленіп жүрді. Бізбен араласқандар әкемнің адамгершілік қасиетімен бірге оның дәрігерлік қабілетін де жоғары бағалайтын. Дәрігер ретінде оның есімі алысқа тарады. Онымен тәжірибе алмасу үшін алыс аудандардың түкпір-түкпірінен, сонау шалғайдағы Сібірден сан-алуан мамандығы бар адамдар келіп-кетіп жататын. Олардың бәрінің көңілін тауып, оң бағытқа сілтейтін.

Әкем аурулармен тез тіл табысушы еді. Қызметтес жолдастарына қамқорлық жасап, қолынан келгенше көмектесуге тырысатын. Бұл орайда бізбен көрші тұрған Иващенколар семьясын атағым келеді. Ерлі-зайыпты

Иван Васильевич пен Роза Ивановна бүгінде медицина ғылымдарының кандидаты.

Ұзақ жылғы үзілістен соң, әкей әдеби өмірге құлшына, қызу араласты. 1955 жылы Алматыға көшіп келдік. Алғашқыда тіптен қиын болды. Бізге берілген пәтер қаланың шетінде еді. Бір қызығы сол үйде жеке басқа табыну зардабынан жазықсыз отырып келгендер көп тұратын. Мұхаметжан, Өтебай ағалармен көрші болдық. Пәтеріміз өте тар еді. Әкейдің қысылып-қымтырылып жұмыс істеуіне тура келді. Осы орайда ол кісінің жеке архивінде сақталған мына хатты толық келтіре кету жөн шығар.

«Қазақ ССР Министрлер Советі председателінің орынбасары А. Закарин жолдасқа!

Мен 17 жылға созылған үзілістен соң 1955 жылы әдебиет майданына қайта оралдым. Осы төрт жыл ішінде қазақ, орыс тілдерінде «Таң атты» повесін, «Тоқаш Бокин» романын, тың тақырыбына арнап «Темірқазық» повесін жаздым. Осы жылдарда жазған «Дала шұғыласы» атты пьесам орыс драма театрында қойылды.

Бірақ өкінішке орай, менің өте ауыр жағдайда істеуіме тура келді. Маған бөлінген пәтер қараңғы, тар, әрі суық болып шықты. Көлеңке жақ бетке орналасқан бұл пәтерге күн сәулесі тіпті түспейді. Бөлменің жылылығы қыста 12-13 градус деңгейінде. Осындай суық бөлмеде жұмыс істегендіктен мен қыс бойы тұмаумен ауырып, ақыры өкпеме суық тигізіп алдым.

Пәтердің тарлығы соншалық бір қалыпты творчестволық жұмыс істеу мүмкін емес. (Ұйықтайтын бөлмеде жұмыс істеуге және сонда тамақтануға тура келеді).

Сондай-ақ қатерлі дертпен (өкпе туберкулезі) ауыратындықтан балаларды сақтауға, олармен қарым-қатынасты шектеуге мәжбүрмін. Ал бұл бар-жоғы 20 шаршы метрлік пәтерде тұратын 4 мүшесі бар семья үшін қиын-ақ.

Бұған пәтердің қала шетінде екенін, көлік өте сирек жүретіндіктен театрға бару қиыншылығын қосыңыз. Театрға бара қалған күнде де түнгі сағат 2-сіз үйге қайта

жете алмайсыз. Сондай-ақ бұл ауданға әлі телефон желісі тартылмаған.

Кезінде Министрлер Советі менің пәтерімді қала орталығына 3 немесе 4 бөлмелік пәтерге ауыстыру жөнінде қалалық Советке нұсқау берген болатын. Содан бері үш жыл өтсе де ол нұсқау әлі орындалған жоқ.

Сізден осы мәселені қайта қарап менің творчестволық жұмыс істеуіме жағдай жасауыңызды сұраймын.

Зейін Шашкин

(Қазақ ССР Орталық Мем. архиві. 1725-қор. I-тізбе. 208-іс.)

Өз әкесін жақсы көрмейтін перзент болмайды ғой. Дегенмен біз әкемізді әділдігі, тазалығы, шындықтың бетіне қаймықпай тура қарайтын қайсар мінезі үшін сүйетінбіз. Ол кісі осынысынан өмір бойы таяқ жеп жүрсе де айнымайтын. Тіпті түрмеде, қуғын-сүргінде өткен 17 жыл мерзім де оның осы бір туа бітті қасиетін өзгерте, айныта алған жоқ. Атамыз да осындай тік, тура кісі болыпты. 1965 жылы Коммунистік партия қатарына қайта өту үшін толтырылған өмірбаянында, әкей атамыз туралы былай деп жазыпты: «...Менің әкем Жүнісбек Нұрпейісов революциядан бұрын да, кейін де диқаншылықпен айналысқан. Революцияға дейін патша өкіметіне қарсы сөз сөйлегені үшін жауапқа тартылып 3 жылға Сібірге жер аударылған. Кесімді мерзімін 1912-1915 жылдары Тобыл қаласында өтеген. Ол кісі 1930 жылы қайтыс болды». Міне, осы бір кішкене деректің өзі талай жайдан хабар берсе керек.

Әкем шындықты, туралықты айтамын деп жүріп өзіне жау көбейтіп, жазушылықпен айналысқан санаулы ғұмыры айтыс-тартыспен өтті. Жеке басқа табынушылық дәуірінде талай жазықсыз азаматтардың обалына қалған екі жүзді, сұрқияларды әшкерелеп, жазалауды талап еткен әкемізді орынсыз қудалағандар аз болған жоқ. Бұл жерде мен біреулерді кінәлап, біреулерді жазғырудан аулақпын. Тек әкесіз өскен, шешесіз өткен балалық шағымды, денсаулығын түрме жеп, қуғын-сүргін көрген әкемді, оның орындалмай қалған армандарын, жасамаған ғұмырын ойлағанда сол бір

жылдарға қарғыс айтқым келеді. Келер ұрпақ сол бір қателікті қайталамаса, сол бір қайғы-мұңды көрмесе екен, сол бір қаралы күндер қайта оралмаса екен деген тілек қана бәрін айтуға, жазуға итермелейді.

1956 жылы апрель айында Алматы қалалық партия активінде әкей жеке басқа табыну дәуірінде көптеген жазықсыз жандарды ұстап берген, қудалаған сол кезде республикамыздың, партия, совет органдарында басшы қызметте отырған бірнеше адамдарды әшкерелеп, айыптап сөз сөйледі. Оның осы өткір сөзі кейбіреулерге ұнамай қалып «есеп айырысу» басталды. Сол-ақ екен әкейдің жазушылық еңбегіне байланысты әртүрлі әділетсіздіктер белең алды. 50 жылдық юбилейін өткізу жөніндегі Қазақстан Жазушылар одағының шешіміне жоғарыдан қысым жасалынды. Пьесалары театрлардың репертуарларынан алынып тасталды. Әрбір жаңа романы принципсіз, шалағай сынға ұшырады. Міне, осылардың бәрі ол кісінің творчествосына, денсаулығына аз әсерін тигізген жоқ. Бірақ ол бұған мойымады, жасымады.

Көп уақыт туған жерден, ағайын-туыс, дос-жарандарынан алыста жүріп, жалғыздық зарын көп шеккендіктен бе, әкеміз өте бауырмал болатын. Өзінің апаларын жанындай жақсы көруші еді. Оның алты апасы болды. «Бармашино» санаторийінде тұрған кезде жаз шығысымен әкем оларды қайта-қайта қонаққа шақыратын. Апалы-сіңлілілер арасында 15-20 жыл бойы кездеспегендері де бар-тұғын. Ұзақ уақыттан соң жолығысып, жыласып-сықтасқан олар сырласып, әңгімелесіп, шер тарқатысып, мәре-сәре болатынды. Ара-тұра: «Зейінжан болмағанда осылай кездесер ме едік...» десіп інілеріне шексіз алғыс сезімдерін де білдіріп қоятын.

Уақытының аздығына қарамастан әкем апаларының балаларына да көңіл бөлуге мүмкіндік табатын. «Балаларды үйде ұстамаңдар, әсіресе бұл қыздарға қатысты, оқысын, білім алсын, өмірде өз жолын тапсын!» — деп қайта-қайта ескертіп отыратын. Әсіресе, ағасы Сағымбайдың қызына қамқорлық етті. Өйткені, 1935 жылы қайтыс болған Сағымбайдан қалған жалғыз ұрпақ осы қыз еді, әкем оны өз баласындай көріп, өз

қолымен тәрбиелемекші, оқытпақшы да болды. Бірақ әкемді тыңдамаған ол еліне қайтып кетті. Сонысынан қатты өкініп, арман етеді.

Әкейдің немерелеріне деген махаббаты да шексіз еді. Олар сөз арасында еркелеп «Аташка» десе кәдімгідей ашуланып, ренжіп қалатын. «Қайдағы «Аташка», мен сендерге Аташка емеспін, біле-білсеңіздер нағыз «Үлкен папамын», — дейтін маңғазданып. Ақыры немерелері оны осылай атап кетті.

Әлгінде достары көп еді дедім. Иә, олар әр ұлттың өкілдері: орыс, татар, неміс, шешен, қазақтар болатын. Әкем солардың бәріне хат жазып, үзбей хабарласып тұрды. Орыс жазушыларымен өте-мөте жақын, жиі араласатын. Әсіресе, А. Мусатовты жанына жақын тұтып, үнемі жылы сөздермен еске алушы еді. Оның бұл қасиеті жастайынан классикалық орыс және дүние жүзі әдебиетінің негізінде алған тәлім-тәрбиесінің әсерінен қалыптасқан асыл сезім болса керек. Мұнысын ол біздің бойымызға да сіңіруге тырысатын. Сөйте тұра: «Туған ел, жер тарихын жақсы білмей азамат болу мүмкін емес. Сондықтан орыс әдебиеті, орыс тілімен қатар өз ана тілдеріңді, өз әдебиеттеріңді де оқуға, ұғуға тырысыңдар. Мұнсыз болмайды», — дегенді жиі айтушы еді. Соңғы кездері әкеміздің қолжазбаларын баспаға әзірлеу үстінде оның көптеген қағаздарын қайта қарап шығуға тура келді. Болашақ шығармаларына жасаған жоспарларының арасынан қолыма іліккені — кішкене қойын дәптері ғана. Таныс қолтаңба көзіме оттай басылды. «Егер уақыт мұрсат берсе 1937 жыл туралы роман жазбақ ойым бар, онда негізгі, басты кейіпкердің қатысуымен уақыт тынысын көрсетпекпін (бұл өзі туралы — Қ. Ш.), сөйтіп ол арқылы бүгінгі өмір мәселелерін де қамтимын...» — деп жазған екен. Дәптердің келесі парақтарында болашақ романның кеңейтілген жоспары беріліпті. Өкінішке орай әкеміздің бұл арманы орындалмады. Сібірде өткізген ауыр жылдар өз дегенін істеді... Көп ойы, талай жоспары, армандары жүзеге аспай қалды. Сұм ажал арамыздан ертерек жұлып әкетті.

Бірақ әкеміз сол аз ғұмырының өзінде, қыруар іс тындырып, артында мол мұра қалдырды. Біздерге, балаларына, жаңа буын, жас ұрпаққа өнеге болардай өмір сүруі, қандай да бір қиын-қыстау кез болса да мойымай, жасымай қарсы тұра білу керектігін үйретті. Отанына, халқына, достарына деген адалдықтың, беріктіктің шын үлгісін танытты.

Шашкина Қарлығаш

БІЗ БІЛМЕЙТІН «ДАРХАНОВ»

(Жазушы Зейін Шашкиннің туғанына 100 жыл)

Қазақ прозасының классигі Мұтар Әуезов кезінде өзінің өкшесін басып келе жатқан жас жазушылар туралы «Екінші бір өнімді топ — Мұхаметжан, Хамза, Зейін. Бұларды сендер көбірек түсіне ойлаңдар, әділ болады. Олар жастай кетіп, ұзақ заман тұсалып қалған жігерлі талант. Өмірге қомағайлық (жақсы мағынада) ала келген. Шығармашылық шабытқа да сондай қомағайлар. Өнімді еңбек етіседі» деп жылы лебіз білдірген. Күрмеуге келмейтін он жыл жазушылық ғұмырында әр сәтін тиімді пайдаланған сол үшеудің біреуі — Зейін Шашкиннің туғанына биыл жүз жыл толады. Тағдыры сан тарау тұлғаның өмір-хаятына сарғайған суреттерді, тұтынған дүниелерін, қолжазбаларын қарап отырып, қаныға түсесің.

Жиырма алты жасар Зейінгі 1938 жылы Семей педагогикалық институтында, студенттердің алдында дәріс оқып тұрған жерінен қолына кісен салып ұстап алып кеткен. Екі жылдай Алматыдағы абақтыда жатады, 1941 жылы Сібірге он жылға айдалды. Одан келгеннен соң советтік кезінде азаматтық құқығы болған жоқ. Соғыс уақыты, дәрігерлер жетіспей жатқасын, көзі ашық, талабы барларды Иркутск медициналық институтына апарып оқытқан. Ялта денсаулық сақтау және климатология ғылыми-зерттеу институтының бұрынғы директоры, профессор М.С. Бинштокпен («Доктор Дарханов» романындағы профессор Штокин) сол жерде танысқан. Кейбір деректерге қарағанда, Зейін сол кісінің қасында дәрігердің көмекшісі болып істейді. Институтта диплом бермеген. «Дипломсыз дәрігер» деген куәлік алып, ақталып, Қарағандының Киров ауданындағы ауруханаға орналасады. Бірақ Сібірде жамаған өкпе ауруы маза бермеген соң, сауығу үшін Бурабайдағы «Бармашино» шипажайында фтизиолоринголог дәрігер болып келеді. Қазақ әдебиетіндегі медицина тақырыбына арналған тұңғыш роман «Доктор Дарханов» осы жерде жазыла бастады. Бурабайда тұрғанда артынан НКВД қарап жүрген. «Түнде машинаның дауысын

естісе, мені алып кетуге келді деп ұйқыдан оянып, ұшып тұрып киіне бастайтын», — дейді қызы Қарлығаш.

Бозбала Зейін Шашкин. Ол 1912 жылы қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданында Бозшакөл дейтін жерде дүниеге келген. Ата-анасы, туған-туысқандары 1913 жылы Бозшакөлден Жаймаға, қазіргі Шашкин атындағы шаруашылық орналасқан ауылға көшіп барып тұрақтап қалған. Балалық шағы осы Қызылтау-Жайма өңірінде өтеді. Зейін 1920-1930 жылдарда Павлодар қаласында орта мектепте тәрбиеленді.

Жазушы Зейін Шашкиннің әңгіме-естеліктеріне көбіре құлақ қойған күйеу баласы, академик Еділ Ерғожин былай дейді:

— ҚазМУ-дың химия факультетінің төртінші курсында оқып жүргенде мен Зейін ағаның туған апасының қызы — Зеннат Мәмбетқызымен таныстым. Сөйтсе, нағашы ағасы Зекеңнің үйінде жатып оқиды екен. Калинин мен Карл Маркс көшелерінің қиылысындағы үйде тұратын. Телефон шалғанда, ылғи Зейін аға көтереді. Бір күні Зеннатқа:

— Әлгі саған хабарласып жүретін жігіт сөзі сақа, қашан да сәлемі түзу екен. Шақырсаңшы, танысайық, — депті. Сөйтіп таныстығымыз туыстыққа ұласты. Ұсақ-түйек шаруаларына қолғабыс қылып жүрдім. Кей кезде ашылып сыр айтатын. Мәскеудегі философия, тарих және әдебиет институтына Павлодарда өлкелік партия комитетінде қызмет істеген үлкен ағасы Сағымбайдың ақылымен кеткен. Зейін Шашкин әдебиетші Есмағамбет Ысмайыловпен бірге жоғары оқу орындарына арнап «Әдебиет теориясын» жазысқан. Абай шығармашылығына байшыл, феодализмнің көрінісі деген көрінеу қара күйе жағылып жатқан тұста, ерлікті көрмейсіз бе, «Әдебиет майданы» журналына Есмағамбет Ысмайылов екеуінің «Абайдың поэтикасы» деген мақаласы жарияланады. Өзінің айтысына қарағанда, айдалып кетуіне таныстарының айтақ арызы ілік болыпты. Құдай оңдап, Ресейдің белгілі академигімен бір бараққа түседі. Сол академиктің шәкірті Иркутск медицина институтына ректор боп келгенде, амалын

тауып оқуға түсірткізген. Тіпті ішінара ақталып, туған жерге арып-аршып келгенде ауылдастарының пыш-пышының кесірінен тағы айдалып кете жаздаған ғой. Тергеуге келген НКВД офицері «Оу Зейін, сен қайдан жүрсің?» деп тани кетіпті. Сөйтсе, кезінде туған ағасы Сағымбайдың қасында көмекші болып істеген екен. Сол ізін жасырып, Қарағандыға қарай ойысады.

Шекесіне қолын таянып, ойланған ағамның қалпында суретке түскенді жақсы көретін.

Жазушының жары Мәриям Нұрланқызы.

Алматыда Абай мен Бейбітшілік көшесінің қиылысындағы үйде тұрдық. «Ряское гнездо» деп атайтын. Тіршілігінің соңғы жылдары жазудан бас алмады. Өте мәдениетті, мінезі жұмсақ еді. Біреуге даусын шығарып, сөйлеген емес. Барлығымен тіл табысады. Тіпті кейбір таныстары бастарына дау туып, мәмілеге келе алмағанда, Зекеңнің алдына, төрелігіне келетін. Сонда бұл кісі «ә» демей, «Вы что, товарищи, между двух заблудились» деп сөзін орысша аяңдап бастаушы еді. Орысша өте жақсы сөйледі. Тоқаш Бокин туралы «Наступило утро» («Таң алдында») романын орыс тілінде жазған.

Алматыға Зейін Шашкин 1955 жылы қоныс аударды. Әдебиетке шөліркеп келген ол жазуға бас алмай отырды. Әр минутын тиімді пайдаланды. «Тоқаш Бокин», «Доктор Дарханов», «Теміртау», «Сенім» және бірнеше повесте, пьеса, киносценарий жазды. Дәрігерлікті доғарып, жазуға отырған кезде де «Үлкен медициналық энциклопедиясын» тастамайтын. Пластинкасын қойып, тыңдап отырады. Менімен отасқан жылдары «Сенім» романы, бірнеше әңгімелер, «Ақын жүрегі» драмасын жазды. Ол, пьеса М.Әуезов атындағы Ұлттық академиялық драма театрында сахналанды. «Жазатыным көп», «Жағдай жаса» дейтін. Ол кісі жазуға отырғанда үйде шыбын ызыңы білінбейді. Телефонды ажыратып тастаймыз. Таныстары да соны біліп, артық мазаламайды. Түстен кейін телефон шалады. Чайковский көшесі жағындағы гүлзарда серуендеп жүргенде жолығысатын жұртпен, — дейді жазушының жары Мәриям Нұрланқызы.

— *Жазушылармен, соның ішінде Николай Ановпен* (шын фамилиясы Иванов — ред.) достығы берік-тұғын. Николай Ивановичпен баяғыдан таныс болуы керек. Өйткені Мәскеу әдебиет институтын бітіріп, Семей педагогикалық институтында кафедра меңгерушісі болып істеді. Ал Николай Анов Санкт-Петербургте туылып, тағдырдың айдауымен қазақтың ортасына, Семей өңіріне келіп қалған жазушы. Шығармашылығына қазақ тұрмысын, дала мәдениетін арқау етті. Соның ішінде Иса Байзақов, Қажымұқан туралы «Крылья песни» деген романын қызығып оқығам, — дейді Мәриям Шашкина.

Мен ол кісінің үшінші әйелімін. Бірінші зайыбы Жәмила Шашкина — белгілі халық әртісі. Өмірбақи Қарағанды драма театрының труппасында еңбек етті. 1936 жылы Мәскеудегі Қазақстан мәдениетінің онкүндігіне қатысқан, Еңлік, Қыз Жібек, Ақтоқты сияқты қазақ әйелдерінің образын сомдаған. 2009 жылы дүниеден озды. Қыздары Қаракөз бен Қарлығаш Алматыда. Араласып тұрамыз. Ал Бұрабайда бас қосқан екінші әйелі Мұғзима дүние базарынан ерте кеткесін, бұл кісі әйел іздеді. Таныстырғандардан ешкімді ұната қоймапты. Жазуы солай болды ма, кім білсін, менімен аттас Мәриям деген жиен қарындасы: «Төрт баласы бар әйел бар еді» деп айтып көрген екен. «Ой, қойшы, төрт баласымен шұбыртып қайтемін!» деп әуелі ыңғай танытпапты. Кісі салып, Қалижан Бекхожинді, Шойынбаев деген дәрігерді жіберді. Бәрінің сынынан өтіп кеттім. Кейін өзі танысуға келгенде, мені көріп табалдырықта аңтарылып тұрып қалды. «Мәриям, енді мені ешкіммен таныстырма» деді. Бір көргеннен ұнаған болуым керек. Қаракөз бен Қарлығашты шақырып таныстырды. Олар әке шешімін мақұлдады. Айттыра келгенде, амалсыз көне бердім. Өйткені, өзім төрт ұлды асыраймын деп зорға ілініп-салынып жүрген жанмын. Жасым отыз алтыға келді. Ер адамның сүйеніші керек-ақ еді. Өзінің кіші қызы Қарлығашты жас ақын Төлеу Шахановқа ұзатқалы жатқан. Сол тойға менің туысқандарымды қоса шақырды. Менде көп туыс жоқ. Апа-жезделерім бар. Қай-қайсысымен де жақын араласты.

Қолы босай қалса, менің туыстарыма барып келейін дейтін. Мен Семейденмін. Әкем — арғын, шешем — найман. Әкемді көрмегенмін. Есіргепов Нұрлан Бисекұлы — көзі ашық, инженер, байдың баласы. Әуезовтың романындағы киізші Бисеке менің атам. Киіз басатын зауыты болған.

Ол сағаттың хикаясын Мәриям Шашкина былай әңгімелейді:

— Бірде біз тұрған үйдің үстіңгі қабатында тұратын Орталық Комитеттегі мәдениет бөлімінің жетекшісі Серікбай Бейсенбаевтың үйіне қонаққа бардық. Кенет Секеңнің қолындағы жарқ-жұрқ еткен сағатқа көзім түсіп кетіп, қатты қызықтым. Бауы алтын, қақпағында ноқаттай лағыл (рубин) тастары бар. Байлықты көрмеген, ылғи қиыншылықпен өскен жанмын. Үйге келгеннен кейін: «Маған сондай сағат алып берші, Зеке» деп қиылдым. Ол кісі ешқашан маған өз қолымен бір нәрсе сатып алып, сыйлаған емес. «Жарайды. Мен бір-екі күндікте Мәскеудегі шығармашылық үйіне жол жүріп бара жатырмын. Бірнеше жерге кепілхат тастап кетейін. Солардан менің атыма ақша жаздыртып ал да, қалаған сағатыңды ала ғой» деді. Бұрқыратып жазып жүрген кісі. Қаламақыны көп алады. Достары: «Мынау тұрған Зейін Шашке, қалтасындағы ақша пәшке-пәшке» деп қалжыңдайтын. Әйтеуір, әр жерден әжептәуір ақша алып, зергерлік дүкенге бардым. Таныс әйелге көрген бұйымымды сипаттап едім: «Бізге ол сағат түспейді. Ол тек 70-разъезде болуы мүмкін. Ол жақтан тек бірінші басшылар алады. Орнына мына сағатты қарап көрші» деп, «Чайка» деген бриллианты бар сағатты ұстатты. Олай бір, бұлай бір қарап ұнатпадым. Ол кезде гауһартасты танымаймыз. Әлгі әйел маған жатып келіп мақтағасын, сатып алдым. Алтын бауы, бриллиантты сол сағат 220 сомға түсті. Сауда техникумында сабақ бердім. Сол саудагерлердің гауһартастың қандай екенін ажырата алмайтын. Әбден зейнетке шығып, техникумнан кетіп бара жатқан кезде директордың орынбасары қолымнан ұстай алып: «Мариям Нурлановна, что у вас часы с бриллиантами?» деп таңғалды. Ішімнен «Эх, вы!» дедім де кете бардым. Гауһардың не екенін біздің халық «Бриллиантовая рука» фильмі шыққаннан кейін түсіне бастады ғой.

Зекең негізі ұл болғанын қалады, — дейді жазушының жары. — Соңында бір атұстары қалу керек қой. Гүлжан 1965 жылы, 4-сәуірде талтүсте дүниеге келді. «Қыз» дегенде көзімнен жас ытқып кетті.

Үйге шыққаннан кейін, баласының үстіне түсіп бәйек болып, туыстарға, балаларға: «Басына бармаңдар, микроб жұқтырасыңдар, аяғынан сүйіңдер» деп қорғаштайтын еді. Зейін дүниеден озғанда, Гүлжан бірге жетпей қалған еді. Соңғы романы «Сенімнің» эпиграфында «Өмірімнің күзінде шыққан гүліме арнаймын» деп жазды. «Сенімнің» бас кейіпкері Нұрлан Сембиннің прототипі — ауылшаруашылық ғылымдарының докторы, сол кездегі Баянауыл кеңшарының бас агрономы Зайролла Дүйсенбеков.

*Жапақ Әгілбек
(Мариям Шашкинамен сұхбат)*

АҒАМНЫҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫН КӨП КӨРДІК

Биыл нағашы ағам — Зейін Жүнісбекұлы Шашкиннің туғанына 100 жыл толып отыр. Халқымызда «үйдің жақсысы ағашынан, баланың жақсысы нағашысынан» деген сөз тегін айтылмаса керек. Себебі, нағашы жақтан берілетін қасиет қайткен күнде баланың ой-талғамына әсер етпей қоймайды. Менің өмір жолымдағы жеткен жетістігім, бойымдағы адамгершілік нәрім, білім мен ғылымға деген талабымның бір парасы Зейін Жүнісбекұлы ағамнан деп білемін. Экономика ғылымдарының кандидаты, доцент болып, 1993 жылдан нарық экономикасына сай менеджер, экономистер дайындайтын институт ашып елімнің егемдігін нығайтуға, білімді азаматтар дайындауға үлес қосқанымның негізінде Зейін ағамнан алған тәрбиемнің ұшқыны бардай сезіледі. Ол қандай қиын замандар да, жазықсыз айыпталып, 1937 жылдың таңында 10 жыл абақтыға айдалып, кейін ақталып келіп 6 томдық роман, пьеса, киносценарий, спектакль, әңгіме-повестер жазғаны, ұшан теңіз еңбек еткені біздер үшін үлгі-өнеге болды.

Ол кісінің алты апайы, бір ағасы болды. Ағасы Сағымбай Шашкин 1930-1934 жылдары Солтүстік Қазақстанның ГУБКОМ атқарушысы болып қызмет істеді. Менің шешем Ұмсынған — үлкен апайы. Әкем Мәмбет Шотбаев 1953 жылы Ерейментау аудандық советінің депутаты, жылқы фермасының бастығы болды. 1932 жылдың қиын-қыстау кезінде соқамен егін егіп ауылшаруашылық бригадасының бастығы болып, халықтың тұрмысын, әл-ауқатын жақсартуға көп көмегін тигізген жездесін Зейін аға іштей қатты сыйлайтын, әкем де балдызым деп, жеңіл-желпі қарамай өте бір ілтипатпен, баласындай адал жүрегімен қарсы алатын.

Зейін ағам Павлодар қаласында мектепте оқып жүріп, жаз айларында ауылға келгенде оны ел болып, жұрт болып қарсы алып, үйлеріне шақырып, дәм беріп шығарып салады екен. Сол кезде-ақ үлкен азамат болатынын сезгендей, елдің артқан үмітін ақтауға тырысқан Зейін ағам, өмірінің соңына дейін (54 жасында өмірден өтті) ізденіп, көптеген ғылыми еңбек жазып,

қазақ халқының болмысын, салт-дәстүрін, тілі мен мәдениетін дәріптеді. Тіпті сол кезде, 1960 жылдарда «Теміртау» романын жазып жүріп, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Теміртау қаласында жұмыс істеп жүргенінде, инженер-металлургтермен кездесіп, Нұрекеңе ерекше тоқталып, жалынды жас жігітке ол туралы роман жазатынын айтып, қолжазба кітапшасына Нұрекеңнің туған жылын, алдыңғы қатардағы комсомол екенін, күніне 1150 тонна болат балқытатыны жөнінде жазып алғаны Н. Назарбаевтың болашағына деген зор сеніммен қарай білгендігін байқатса керек. (Бұл қолжазба мемлекет мұрағатында сақтаулы).

Зейін аға Сібірдегі айдаудан аман-есен елге оралуына байланысты бала-шағасымен 1959 жылы Алматыдан туған жеріне келе жатып, жолай Қарағанды, Ерейментау, Баянауыл, Павлодардағы ағайын-туыстарына соғып, сағынышын басып қайтқан. Мен 1960 жылы 10-шы сыныпты бітіргелі жүр едім, Зейін ағам мені Алматыға оқуға жіберіңдер деп әкешешеме айтыпты. Содан 1960 жылы Алматыға оқуға келдім. Нағашымның үйіне түстім. Сол жылы Қарағандыдағы Лиза апайының қызы Тоқташ та онжылдықты бітірді. Әкесі Мейрам Ибраев атақты шахтер болатын. Сөйтіп, Тоқташ та Алматыға келді. Сол кездегі жұбайы Мағзума-Катя әйелінің бөле сіңлісі Ұмсұндық-Валя Қуатова-Халикова да оқуға келді. Үйдегі кіші қызы Қарлығаш КазГУ-дың журналистика факультетінің бірінші курс студенті еді. Не керек, бір жазда Зейін ағамның Алматыдағы үш бөлмелі үйінде, бірден төрт қыз болып шыға келдік. Өзі күні-түні бас алмай кабинетінде жазумен отырып, бізге де уақыт тауып ақыл-кеңесін айтатын. Зейін аға «Жазушы — адам жанының инженері» деп отыратын. Ол қазақтың белгілі ақын-жазушыларымен араласып тұрды. Зейін ағамның үйінде М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мұстафин, Ғ. Мүсірепов, Қ. Сәтбаев, Қ. Бекхожин, С. Мәуленов, Н. Анов, И. Шухов, Ю. Домбровский, Х. Есенжанов, Д. Әбілов, Ш. Есенберлин, Б. Бекмаханов сынды шоқтығы биік тұлғаларды көп көруші едік. Қазақша айтқанда, «қолдарына су құйып» қызмет көрсетіп өсіп едік. Олар Жазушылар одағында

да жиі бас қосатын. Сондай кездесулерге студенттер қауымы, жазушылардың шығармашылығын бағалайтын жастар көп жиналатын.

Қай кезде болмасын, біз Зейін ағамның жақсылығын көп көрдік. Ол бізге: «Ал, қыздар, не ойларың бар?» деп әрқайсымыздың келешек өмірімізді болжағандай, қайсымыз қай оқуға түсетінімізді ақылдасатын. Сонымен мен КазГУ-дың экономика факультетіне түсіп, кейіннен Халық шаруашылығы болып құрылғанда 1964 жылы бітіріп шықтым. Бүгінде «Дәулет-Бақ» менеджмент-маркетинг зертханасының директорымын. Тоқташ Қарағанды дәрігерлік университетіне түсіп бітіріп, 1965 жылы туберкулез ауруын емдейтін дәрігер болып шықты. Валя КазГУ-дың химия факультетін бітіріп, химия ғылымдарының кандидаты, Қарлығаш КазГУ-дың журналистика факультетін бітірді. Төртеуміз де тұрмыс құрып, үйлі-баранды болдық.

Зейін аға Мәскеуге жиі барып, сол жерде де жазу-сызумен айналысып жүрді. Қазір байқап қарасам, оның Мәскеудің мұрағатындағы ізденістері, жазған еңбектерінің нақты дерекке құралатынын аңғартады. Біз ағаның Мәскеуден аман-есен оралуын асыға күтетін едік. Зейін аға Мәскеуге әр барған сайын бізге бір-бір кәшше (капроновый шарф) әкелетін.

Күнделікті өмір барысында бізге: «Шәкия, Мәкиза нағашы апайларыңның жағдайын біліп, барып қайтыңдар» деп отыратын. Бұл ағаның туысқа деген ерекше қарым-қатынасын байқатады. Нағашымның үлкен қызы Қаракөз біз оқып жүргенде тұрмыста болатын. Қаракөздің Әнуар, Айгүл есімді екі баласы — нағашымның көзі көрген немерелері. Олар үйге келгенде ағамыздың қуанышында шек болмайтын. Әнуардың әкесі Еділ, марқұм, Түркебаевтың баласы. Анасы Әмина апай Дінмұхамед Қонаевтың үлкен апасынан туған. Әнуар 5-6 жасында «Мой Еділ, Зеннаткин Еділ» деп менің жолдасымды Еділ Ерғожинді айтатын. Бізде үш қыз, бір ұл (Сәуле, Дәметкен, Гауһар, Дәулет), он немереміз бар. Қаракөздің қызы Айгүл бұл күнде экономика ғылымдарының кандидаты, кафедра меңгерушісі. Одан екі немересі бар. Қарлығашты нағашым

өз қолынан жас ақын — Төлеу Шахановқа ұзатқан, одан екі бала, бес немере бар. Айжан КазГУ-дың ағылшын тілінде тарих факультетін бітіріп, тұрмыс құрды, қазір АҚШ-та тұрып жатыр. Марқұм, ақын Төлеу Шаханов аққан жұлдыздай екі тілде (орыс, қазақ) мектептен бастап өлең жазған еді. Көптеген қазақ жазушылардың еңбектерін сол кезде орыс тіліне аударған, Бөгенбай батырдың тұқымдары. Нағашымның кейінгі жұбайы Мәриям, одан көрген қызы Гүлжан филология ғылымдарының кандидаты, Білім және ғылым министрлігінде қызмет атқарады. Бұл күнде енді осының бәрі тарих болды. Зейін ағаның төл еңбектері еліміздің алтын қорына енді. Өнегелі ісі, жазып қалдырған мұрасы кейінгі ұрпаққа үлгі болып қалары сөзсіз. Тумысы дара, азаматтығы бөлек, ойы оқшау ағамыздың күллі өмірі — халқына қызмет етумен өтті. Біз сол үшін де оны мақтан етеміз.

Ерғожина-Шотбаева Зеннат
экономика ғылымының кандидаты,
доцент

МАМАНДЫҒЫНА АДАЛ ЖАН БОЛҒАН

Мен, Зейін Шашкинмен 1956 жылы «Шымбұлақ» балалар санаторийінде қызметтес болдым. Ондай алғыр, білгір дәрігерді сирек кездестірдім. Ол өкпе, көмей туберкулезін рентген сәулесімен емдеу жөнінде совет медицина тарихында алғашқылардың бірі болып ғылыми зерттеу жұмысын жүргізді, мақалалар жариялады. Ол мақалалардың әлі күнге дейін ғылыми маңызы бар. Ол бұрын Көкшетаудағы «Бармашы» санаторийінде қызмет істеген кездерінде де туберкулез ауруын таза ауа, шипалы қымыз, табиғат әсері арқылы емдеуге бірсыпыра нәтижелі жұмыстар жүргізген болатын. Кезінде жеке адамға табыну зардабына ұшырағандықтан біз оның атын атап, еңбектерін насихаттауда дәрменсіз болып келдік. Кейін ақталды. Ақталған соң Алматыға келіп жазушылық қызметке біржолата ден қойды. Мамандығына арнап «Доктор Дарханов» романын жаза бастады. Аталған шығарманы жазу барысында тізе қосып, ақылдасып, шығарманы бірге оқып талқылаған кездер әлі жадымда. Бұл романда қазақ дәрігері тұңғыш рет әлеуметтік белсенділік танытып, үлкен қоғамдық ой биігінен көрінетіні дәрігерлер қауымын қуантты.

*Балмұханов Сайын
Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым
академиясының академигі, медицина
ғылымдарының докторы, профессор*

ЖАЗУШЫ-ДӘРІГЕР

ӨМІР ҚАШАНДА бұлың-бұлың жықпылы көп, тұңғиық әлем. Қашқан түлкідей бұлаң құйрықтанбайтын кезі шамалы. Кермиықтана, ырсия қылмиып тұрып, сан соқтырып, аңқау жұртты тақырға шөкелене отырғызып кетер кездері әп-сәтте. Құйтырқы қылығын әуел бастан аңдап, аурудың алдын алу үшін көреген көз, зерек зерде, заман беталысын тамыршыдай тап басатын сұңғыла сергектік керек. Халқының жан тынысын, жай-күйін, мұң-шерін көкірегімен зерделей білер өрелі де, өркенді сара ойлы, өткір тілді бірегей ұл-қыздардың еншісі бұл.

Алақұйын аумалы-төкпелі шақтарда былайғы жұрт сарсаңға түсіп, ұйқы-тұйқы күй кешеді, абдырайды. Үйде отырып кіжінетіндері де аз емес. Қалың елдің басы қатып, балтыры сыздаған шағында ес беріп, еңсе көтермек былай тұрсын, бас бұғып, жан сауғалауды, әліптің артын бағуды жөн көретіндер екі үйдің бірінен шығатынына таңданбаймыз. Әншейінде, жайшылықта, тоқшылықта не көп — мықты көп. Кімнің кім екені, кімнің батыр, кімнің жасық екені әлгіндей қытымыр, қиқулы кезеңдерде, тұңғиық кешулер мен тайғақ асуларда білінбек. Елім деп еңіреген, ойшыл да өршіл, ақеділ де, жансебіл марқасқалар мұндайда өз жайын, өз басының не боларын ойлап жатпайды. Елі мен жеріне төне келген тауқымет арқасына аяздай батып бұлқынады, бас көтере шырқайды. Өлер-тірілеріне қарамай, нартәуекелге мінеді, арпалыс ойранға килігеді...

Алысқа бармай, таяудағы, бергі тарихқа, күні кешегі, тіпті, сан құбылған бүгінгі ойнамалы оқиғаларға ой жіберсек те, тілге тиек болар мысалдар шаш етектен.

Біздің алдымызда осыдан аттай отыз жылға жуық бұрын шыққан кітап жатыр. Әжептәуір қалың туындының әр тұсынан сыздықтай ой тартқан мынадай жолдарды оқимыз:

«Жер! Шіркін, Жер-ананың қадірін кім біледі... Адам келеді, тұрады, өледі. Адамды адам қылған да, асыраған да, ертең өлсе бауырына алатын да осы жер... Жер қадірін анау далада қой бағып жүрген қойшы көбірек біледі. Қазіргі

Баянауыл ауданындағы жердің халі... суалып кеткен ананың емшегіндей. Соңғы сегіз жылда тың-тың деп айғыздап, жыртып-жыртып, не астық ала алмай, не малға жайылым қалдырмай бүкіл аудан аумағындағы жер қыртысын эрозия басқан, ауырған, тозған... Адам күнделікті тірлігіне ғана мәз болып өмір сүрсе, хайуанның азақ алдында дер едік, бірақ адам баласының бақыттылығы сонда — болашағы, ұрпағы үшін өмір сүріп, соған еңбек ететіні анық... Жері кедей елдің — халқы да кедей... Қазақ даласын бос жатқан, қаңбақ ойран салған құладүз, жапан деп қисық ұқпа...

Ойланатын кез туды, ағайын. Әр гектар жер — халық мәдениетінің, жігер-күшінің, талабының айнасы, табанының терісі. Сол бір гектар жер — халық бейнесі айқын көрінеді...

— Кеше соғыста кімнің жері деп қорғадық осы?

— Өзімнің жерім деп...

— Ендеше, біреудікі сияқты неге салақ қараймыз? Неге жанымыз ашымайды?...»

Осынау жолдарда дәл бүгінде елеңеткізіп, еміренген жүректі бір тырнап, сығымдап өтері күмәнсіз. Тіпті, дәл бүгін өте-мөте деп айтылғандай көрінері де ғажап емес. Ал нақ осы жолдар, осынау намысыңды қытықтап, ет жүрегіңді сілкілегендей ордалы ойлар мен уытты сөздер Совет Одағы әлемдегі екі алыптың біріндей арын мен айбыны жер-жаһанды тітіретіп тұрған, ақ патшадай әмірші Хрущев «тың-тың» деп аттандап, қаһар шашып тұрған алпысыншы жылдарда дабыл қағып, үн көтере шыққанын ескерсеңіз, ел мен жер мүддесі жолында бас тіккен қаламгер тегеуріні мен тәуекеліне, құдіретіне тәнті етпей қоймайды. Үзік-үзік ой жалқындары келтіріліп отырған кітаптың алғашқы тиражы кезінде баспадан шықпай жатып, әлдекімдердің байбаламына тап болып, дереу туралғаны да мәлім. Қазір айтса, көңіл сенбестей, күлкі шақырарлықтай ерсі, өрескел әрекетке бас шайқамасқа лаж жоқ.

Бұл кітап азапты да соқпақты ғұмыр кешіп, дүниеден ертерек өткен, биылғы желтоқсан айында ғана сексенге толар даңғайыр жазушы Зейін Жүнісбекұлы Шашкиннің өмірінің соңғы жылдарында жазған «Сенім» атты әйгілі романы еді.

Роман беттерін бүгін аударыстырсаңыз, ондағы көптеген көріністер мен әрекеттер езу тартқызуы, әсіресе жастарға сондайлық ерсі, күлкі шақырарлықтай, өрескел көрінуі қақ. Жазушы қаламы заман кейпін, таныс-бейтаныс адамдар кәсібі мен мінез-қалпын қапысыз, дәл кескіндейді. «Заманға бақпай ер оңбайды» демекші, облыстық дәрежедегі лауазымды басшы Якупов, аутком төрағасы Ерболов, совхоз директоры Ковальчук, облыстық басқарманың беделді қызметкері Медетов, агроном Мадест Петрович Сорокин қай-қайсысы да өмірге көзқарасы, сөз мәнері, мінез-қалпына дейін заман ырқына бой ұрған жанды бейнелер: Олардың бүкіл жүріс-тұрысынан, қимыл-әрекеттерінен бүгінде әкімшіл-әміршіл тоқырау заманы аталып жүрген кезеңнің кердең де монтаны, кереғар кеспірі айна-қатесіз көз алдыңа келеді. Орталық жоғары жақ айтты — бітті, ешкімнің де қия басуға, қың деуге қақы жоқ дегенге бәрінің де еті үйреніп, көндігіп кеткен. Сөйтсе — жаны тыныш, жұртқа да, әсіресе, жоғары жаққа жағымды, жақсы боларын біледі. Титтей бас шайқап, қайшы келдің бе — қисық, асау атанғаның. Киіз қазықты жерге кіргізетін ұртоқпақтар әлі-ақауыздықтап, партиядан шығарып, тезге салуы оп-оңай. Романның бас қаһарманы, «Баянауыл» совхозының агрономы Нұрлан Сембин дәл осы күйді бастан кешеді. Кезінде бірегей бағасын ала қоймаған Нұрлан Сембин образы алпысыншы жылдардағы қазақ прозасының ең бір шоқтықты, кесек табыстарының санатына қосылатынын, «Сенім» романы төл әдебиетіміздегі елеулі құбылыс екенін неғұрлым уақыт ұзаған сайын бек сөзіне мойындауымызға тура келеді.

БАЙСАЛДЫЛЫҚ пен әділдік емес, әпербақан өктемдік белең алған заман дертін дер кезінде тап басып, таңбалаған жазушы көрегендігі мен білгірлігіне, тіпті алабөтен батылдығына қайран қалғандайсыз. «Қаламгер зердесі өзгелер көре қоймағанда қалай жіті көрген, өзгелер айта алмағанды қалай қадап айтқан?» — деген де сұрақ тууы заңды. Осындай кеткен өрелі жазушымыздың екі бірдей ерекше қасиетін ауыз толтыра еске алуымызға тура келер еді. Оның бірі — жазушы

Зейін Шашкиннің жаратылысынан алғырлығына қоса, тынымсыз ізденімпаздығы, сергек еңбек сүйгіштігі болса, екіншісі — қиында, өркендіістің жалына жармасатын өршілдігі, аманда нартәуекелге бел буатын батылдығы, қайсарлығы дер едік. Шынын айтсақ, әдебиетімізге елуінші жылдардың орта тұсында дүбірлете келген Зейін Шашкин бас-аяғы он шақты жылда «Ұядан ұшқанда», «Тоқаш Бокин», «Теміртау», «Доктор Дарханов», «Темірқазық» секілді романдар мен әңгімелерді, арналы да, адуынды ондаған мақалаларды бірінен соң бірін қардай боратып, нөсерлете дүркіреп, найзағайдай жарқылдап өте шықты. Келелі де өнікті, тегеурінді шығармашылдығы тұрғысынан алғанда әдебиетіміздің арғы-бергі тарихынан да онымен иықтасар, тайталасар нақ осындай екінші тұлғаны таба қоюымыз екіталай. Ешбір шығарма оңайлықпен тумайтынын, роман сынды соқталы бірер шығарманың өзі ондаған жыл азаппен әзер-әзер келетінін ескерсек, Шашкин бойына тән алғырлық пен тындырымдылық, ерлік қасиетке табынбасқа лажың қалмайды. Дархан дарынға ғана тән бұл қасиет демей не дерсің бұны?!

Сәл ғана зерделей пайымдар болсақ, 3. Шашкин шығармаларының басым көпшілігінің жолы жайдақ болмағаны құпия емес. Кезінде «Теміртау» романы төңірегінде әдеби айтыс да әрқилы қабылданғанын бекер деуге болмайды. Мұның да әжептәуір қисынды себептері мен сырлары жоқ емес. Басты себебі — бұл екі шығарманың да жаңашылдық сипатында болса керек. Бірінен соң-бірі едел-жедел дүниеге келген аталмыш екі романның екеуі де бұрын әдебиетімізді соқа түрені тимеген соны өрістерге жол салуымен ғана емес, шығармашылдық формасы мен стилі жағынан да қыруар ізденістер, жаңа тәсілдер бой көрсеткен туындылар еді. 3. Шашкин төл әдебиетіміздің өзіне дейінгі таптаурын болған сүрлеулерімен емес, бірсыпыратұстарда соны соқпақтарға жол тартқаны мәлім. Әсіресе қызыл ділмарлықтан, көп сөзділіктен бой тарту, төте де ықшам телеграфтық стиль, ішкі монологпен қоса, ішкі диалогты астастыра қолдану, оқиға қоюлығы мен сюжет ширақтығы секілді 3. Шашкин романдарында бірден

көзге ұратын іденістер мен талпыныстардың бәрі бірдей көңілге қонымды, сәтті болмағанына таңданудың да реті жоқ. Үйреншікті емес, жаңа атаулының бәрі аманда бой тітіркендіре секемшіл жолмен сіңісетіні де заңды.

Шығармадан шығармаға шүйілге құлшынған қарымды суреткер қаламы соңғы «Сенім» романының тұсында қай жағынан болсын анағұрлым ширыға, екпіндете жол тартқанын сүйінішпен ауызға алу ләзім. Жазушы З.Шашкин бойына тән және бір ерекше қасиетті осы шығармасына байланысты тарқата айтудың қисыны бар. Асылы, ол қай шығармасын болсын өмірден ойып алғандай шындық оқиғалар арнасына құруды дағды еткен. «Ұядан ұшқанда» повесі негізінен әкесі Жүнісбек тағдыры төңірегіне, «Тоқаш Бокин» романы осы аттас тарихи тұлға, Жетісудағы төңкеріс жетекшілерінің айналасына құрылған. «Теміртау», «Доктор Дарханов» романдары да осы тақылеттес. Алғашқы роман кезінде Теміртау металлургия, комбинатында қызмет істеген инженер Едіге Түркебаев басынан өткен оқиғалар желісіне арна тартса, соңғы романға жазушының өз басынан өткен тағдыр кешушілері арқау болған. Ал Қазақстанда тың игерудің қиғылықты қиқуы мен тағдырын айқара көрсетуді мұрат еткен. «Сенім» романына арқау болған ақиқат арпалыс — кезінде Баянауыл ауданының «Баянауыл» совхозында орын алған дүрбелең. Шынайы суреткер жазушы өз шығармасына өмірде болған шындық оқиға желісін арқау етіп алғанымен, ол ешқашан өмірді тікелей, жадағай көшірмейді. Жекелеген оқиғалар, текетірес, тартыс-тайталастар арнасы сақталғанымен жазушы қиялы мен қаламы шығарма архитектуроникасы мен қатысушы қаһармандар, кейіпкерлер ауқымын түзу, олардың арасындағы байланыс пен қарым-қатынас, сезім әлемі дегендей мәселелерге келгенде нақты болмыс пен ақиқат төңірегінде тұсалып, маталмай, еркін көсіліп, шығандай шырқап, қатпарлы шырғалаңдармен кейде аспандап, кейде құлдилап, нағыз көркемдік шындық аясында қалықтайды. Жазушының суреткерлік тәсілінен сәл хабардар болу үшін осы арада жоғарыда сөз болған «Сенім»

романындағы бас қаһарман Нұрлан Сембин бейнесіне прототип болған «Баянауыл» совхозының сол кездегі бас агрономы, қазір республикаға аты танымал ғалым, ауыл шаруашылығы ғылымының докторы, профессор Зайролла Дүйсенбековтың естелік пікірін келтіре кетудің реті бар.

Әлі есімде, 1961-1962 жылдары Қазақстан өңірінде тағы да бас миллион гектар көлемінде тың жерлер игеру жөнінде нұсқау түсіп, өлкенің басшылары құнары аз қырат, құмдақ, сортаң жерлерге дейін жыртып, егін егуге күш салды. Мамандар, ғалымдар бұл шешімнің дұрыс болмайтыны жөнінде мәселе көтерді... Өмір құбылыстарына сергек қарайтын жазушы Зейін Шашкин осынау дүрбелең тартыстың шет жағасын көріп, естіп жүрді. Қатарынан екі жыл бойы облысқа келіп, аудандарды аралап, сол кезде тың игеріп жатқан «Бірлік», «Торайғыр», «Баянауыл», «Жосалы» совхоздарының егіс далаларын, жайлауларын көріп, Өлеңті, Шідерті өңірінен Баянауылға дейін созылған айналасы 250-270 шақырым келетін Ерейментау, Екібастұз, Баянауыл атырабын түгелдей шарлап шықты. Романның негізгі арнасы, ондағы тартыс — шындық. Бас қаһарман, агроном жігіт Нұрлан Сембиннің басындағы оқиғалардың бәрі дерлік менің басымнан өткен жайлардың төңірегіне құрылған. Тек махаббатқа байланысты нәрселердің бәрін жазушы өз қиялымен өрнектеп жіберген көрінеді. Өмір шындығы мен көркемдік шындық деген шіркіндер осылай қойындасып, ажырамастай кірігіп кететініне сонда көзім жетті... Суреткер өнеріне не дау, қайран қалғаннан өзге амал жоқ...

ЖАЗУШЫ ЕНШІСІ — қашанда елі мен жерінің мұңын мұңдап, жоғын жоқтау екені аян. Өйткені, ол заман тамыршысы, халқының ары мен намысы сынды. Халқының ойшыл қаламгер, нар тәуекелшіл қайраткер ұлы болу — әркімнің еншісіне жазбаған, бақ-талайы аумалы-төкпелі, қиыны көп, күрделі тағдыр. Қалың қазақты қынадай қырған жалмауыз Голощекин жайында қан жылап жазған романын көзі тірісінде жарыққа шығара алмай, мезгілсіз опат болған кешегі Хамза Есенжанов, «Сенім» романы шықпай жатып туралған Зейін Шашкин де халқымыздың осындай бірегей,

